633.3(5Қаз)
Қ33

СҮЛЕЙМЕН ДЕМИРЕЛ
АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ



UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

XX - ғасырдағы

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Оқу құралы

Н.У. ШАЯХМЕТОВ,
М.А. ҚҰСАЙЫНОВА

СУЛЕЙМЕН ДЕМИРЕЛ АТЫНДАҒЫ
УНИВЕРСИТЕТ

Н.У. ШАЯХМЕТОВ, М.Ә. ҚҰСАЙЫНОВА



UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

XX - ғасырдағы

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Оқу құралы

Оқу залы
Reading hall

The university of
Suleyman Demirel
Library
№ 19677

АЛМАТЫ
2009

УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)
Ш 33

Сүлейман Демирел атындағы университеттің
Ғылыми Кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:
тарих ғылымдарының докторы, профессор Құдайбергенов Ә.Н.
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ысқақ А.

Ш 33. Шаяхметов Н.У., Құсайынова М.Ә. XX-ғасырдағы Қазақстан тарихы. Оқу құралы.- Алматы, 2009.- 235 б.

ISBN 9965–792–04–6

Оқу құралы XX ғасырдағы Қазақстан тарихына арналған. Бұл кезең үш дәуірдің тоғысында: Ресей империясы тұсында, кеңестік жүйедегі және тәуелсіздік жағдайында өрбіген тарихи оқиғаларды қамтиды.

Бұл оқу құралы Отан тарихы бойынша білім берудің қазіргі талаптарына сәйкес жасалған. Оқу құралы мектеп оқушыларына, студенттерге арналған. Сонымен бірге, мұғалімдер мен Отан тарихына қызығушылық танытатын көпшілік оқырман қауым үшін де пайдалы

Ш 05030020905
00(05) - 09

ISBN 9965–792–04–6

© Шаяхметов Н.У, Құсайынова М.Ә

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Кіріспе

Құрметті оқушылар! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған оқу құралы XX ғасырдағы Қазақстан тарихына арналған. Бұл Отанымыздың тарихындағы өте күрделі кезең. Өйткені, бұл кезең Қазақстан тарихындағы үш дәуірдің тоғысындағы тарихи оқиғаларды қамтиды. Ол патшалық Ресей отарлығы кезіндегі, кеңестік тоталитарлық жүйе дәуіріндегі және тәуелсіздік жағдайындағы тарихи оқиғалар мен құбылыстар. Дәл осы кезеңдерде жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың тағдыры қасиетті Қазақ жерінде тоғысты. Қазақ жері басқа халықтардың да Отанына айналды. Бұл кезеңдердің ағы мен қарасы да, жетістіктері мен қасіреті де жетерлік. Біз оның жаманын жасырып, жақсысын асырып беруге құқымыз жоқ. Өйткені, ол - ТАРИХ!!! Сондықтанда, әрбір азамат біріншіден, *тарихи шындықты құрметтеуі тиіс*; екіншіден, *оның сыни көзқарасы мен өзіндік пікірі болуы керек.*

XX ғасыр XXI ғасырлар ақпараттар ағынының ғасыры. Бұл кезеңдерге қатысты көптеген тарихи деректер жүйеленіп, ғылыми талдауға түсті. Сондай-ақ, бұл кезең өзіміздің ата-аналарымыз бен аға-апаларымыз куә болған тарихи дәуір. Соның ішінде тәуелсіз Қазақ елінің бүгінгі тарихына өздеріннің де тікелей қатыстарың бар.

Тарих - қоғамдық ғылым саласы ретінде дәлдікті, жүйелілікті, бірізділікті талап етеді. Сол себепті халықтың өткен тарихы туралы дәйексіз пікір айта салуға болмайды. Әр бір адам қандайда бір тарихи оқиғаға қатысты өз пікірін дәлелді түрде жеткізе білу үшін оған білім керек.

Тарих, біздің ойымызша, бірінші кезекте өткеннен сабақ алу үшін қажет. Қазақ халқы тағдырының күрделі кезеңдерінде тәуелсіздігінен айырылып қалған ел. Сол тәуелсіздіктен неге айырылып қалды? деген сұрақтарды саралау үшін де біз *тарихи танымға* жүгінеміз. Тарихи таным болашақта қандай қателіктерге жол бермеуіміз қажет деген мәселені айқындау үшін өте маңызды.

Қазақ елі тәуелсіздікке ғасырлар бойы үздіксіз жүргізілген азаттық күрестің нәтижесінде қол жеткізді. Сіздер мен біздер ең бақытты ұрпақтармыз. Өйткені, ата-бабаларымыз

армандап өткен, соның жолында күресіп өткен тәуелсіздіктің жемісін біз көріп отырмыз. Қазіргі кезде қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігі қайта жаңғыру үстінде. Қазақстан жас тәуелсіз ел ретінде қоғам өмірінің барлық саласын жүйелі дамытып келеді. Мұның бәрі еліміздің болашағы үшін жасалып жатқан шаралар. Ал, сіздер мен біздердің басты міндетіміз - тәуелсіз елімізге адал қызмет ету, оны нығайта беру және өркениетті, дамыған елдердің қатарына енуіне үлесімізді қосу.

Бұл оқу құралы Қазақстан тарихына қатысты ғылыми-зерттеу еңбектеріне, мұның алдында шыққан оқулықтар мен оқу құралдарына, «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясына және тағы да басқа анықтамалық материалдарға сүйене отырып жазылды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

I-бөлім
XX - ғасыр басындағы Қазақстан. Қазақстандағы ұлттық автономия құру жолындағы күрес (1900-1920 жж)

I-тарау. XX – ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жағдайы.

1.1 XX – ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жағдайы. Қоныс аудару саясатының күшеюі.

XX ғ. басында отарлық саясаттың күшеюі. Столыпиннің аграрлық реформасы және оның мәні. Қазақстанда демографиялық ахуалдың өзгеруі.

XX ғасырдың басы Ресей империясында әлеуметтік қайшылықтардың шиеленісуімен, Қазақстанда отарлық саясаттың күшеюімен ерекшеленді. Отарлық саясат, әсіресе аграрлық салада пәрменді жүргізілді. Өйткені, аграрлық мәселе қоныстандыру саясатына тығыз байланысты еді. Қазақ өлкесі бірнеше қоныстандыру аудандарына бөлінді: Торғай – Орал, Семей, Сырдария, Жетісу. Патша үкіметі «Қоныс аудыру қорын» (Переселенческий фонд) құру үшін Қазақ өлкесіндегі «артық» жерлерді анықтайтын қоныстандыру басқармаларын құрды. Қоныстандыру басқармалары әрбір қазақ отбасы 15 десятина жер үлесін алуға құқылы деген ереже енгізіп, ал қалған жердің барлығы Мемлекеттік меншік министрлігі басқаратын қоғамдық жер қорына берілетін болды. Әрине, мұндай тәртіптер қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне әкеп соқтырды. Агроном А.Кауфманның есебі бойынша, мал шаруашылығының қалыпты өмір сүруі үшін, әрбір көшпелі шаруашылыққа мысалы, Сырдария ауданында 145 деятина жер, ал Жетісуда — 110 десятина жер қажет еді.

«Қоныс аудару қорына» қазақтардың жайылым, суат, мал айдау жолдарын, қыстақтарын тартып ала бастады. Сонымен бірге, Қазақ өлкесінде: Орынбор, Орал, Сібір, Жетісу казак әскерлері де орналасқан болатын. XX ғасырдың басына қарай казактардың саны 1 миллион он бір мың адамға жетті және олар 15,6 миллион гектар ең құнарлы

деген жерлерге иелік етті.

XX ғасырдың басында патшалық Ресейдің Қазақстандағы отарлық саясаты шарықтау шегіне жетті. 1907-1912 жылдары Ресейден Қазақстанға 2 млн 400 мың адам келіп қоныстанды. Әсіресе, қазақ жерлерін тартып алу кең ауқымда жүргізілді. Отарлық езгі Столыпиннің аграрлық реформасы кезінде күшейді (1906-1912). Ресей үкіметін басқарған П.Столыпин аграрлық реформаны жүзеге асыруда мынандай мақсатты көздеді: *біріншіден,* Ресейдегі жерге мұқтаж орыс шаруаларының наразылығын Қазақ жеріндегі шұрайлы жерлерге қоныс аудару арқылы бәсеңдету; *екіншіден,* отар елдерде үкіметке тіреу болатын әлеуметтік топты қалыптастыру; *үшіншіден,* Қазақ өлкесінде орыстандыру саясатын күшейту.

Патша өкіметі орыс шаруаларын қоныстандыру үшін қазақтардан ең шұрайлы жерлерді тартып алды. Ал, жергілікті халық шөлді аймақтарға ығысуға мәжбүр болды. Бұл жерлерде не су, не мал жаятын жайылым, не жеткілікті шабындық болмады. Столыпиннің аграрлық реформасы Қазақ жеріндегі демографиялық ахуалды күрт өзгертіп жіберді. Мысалы: сол кездегі Торғай облысында қазақтардың саны 61,1% дан 36,6% дейін кемісе, орыстардың саны 56,7% құрады. Ал, Жетісу облысында қазақтардың саны 80,4% дан 60,5% төмендеді. Мұндай жағдай Қазақстанның барлық облыстарында қалыптасты. Орыс шаруаларын жаппай қоныс аудару барысында Түркістан аймағында мыңға жуық селолар пайда болды. Сол себепті, Қазақ жеріндегі елді-мекен атаулары да орысша атала бастады. Мысалы, Жетісу облысында: «Антоновка», «Андреевка», «Дмитриевка», «Николаевка» т.б.; Семей облысында: «Большая Владимировка», «Семеновка», «Канонерка», «Ново Николаевка» сияқты т.б. елді-мекен атаулары осы кезеңде қалыптасты.

1893–1905 жылдары қазақтардан 4 млн десятина жер тартып алынса, ал 1906–1912 жылдары ол — 17 млн десятинаға, 1916 жылы 40 млн десятинаға, 1917 жылы 45 млн десятинаға жетті. Тартып алынған жерлер негізінен Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстарында болды. Бұл облыстардан 40,5 млн десятина, Жетісудан 4 млн десятина,

Сырдария облысынан 500 мың десятина ең құнарлы жер алынды. Жерді күшпен тартып алу жергілікті халық пен қоныстанушылар арасындағы қайшылықтарды көбейтті. А.Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда бұл кезеңде *«Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды».*

XX ғасырдың басында Қазақ өлкесінде тау-кен өнеркәсібі даму үстінде болды. Өйткені, қазақ жерінің қазба байлығын игеруде жақсы жолға қойыла бастаған еді. 1902 жылы барлығы 18.695 жұмысшы еңбек ететін 197 өндіріс орыны жұмыс істеген. Тау кен өндірісімен бірге, өнім өңдейтін шағын кәсіпорындар жүйесі де қалыптаса бастады. Бұл кезеңде өлкеде 690 кәсіпорын болса, ал онда 7.297 адам жұмыс істеген. XX ғасырдың ең ірі деген өндіріс орындарына Қарағанды көмір шахталары, Қазақ өлкесінің шығыс және орталық аудандарындағы түсті металлургия, Орал–Ембі мұнай өңдеу кәсіпорындары кірді. Іс жүзінде бұл өндіріс орындары шет ел кәсіпкерлерінің, негізінен ағылшын, француз, американдықтардың қолында болды. «Спасск мыс кеніші» акционерлік қоғамының төрағасы ағылшын парламентінің мүшесі Артур Фелл, ал төрағаның орынбасары Франция президентінің жиені Эрнест Жан Карно болды. Риддер мен Екібастұз кеніштері Орыстық—Азиялық деп аталатын корпорацияның ағылшын компаниясының иелігіне беріліп, оған болашақ АҚШ президенті Герберт Гувер мен ағылшын қаржыгері Уркварт қаржы салды.

Қазақ жері арқылы өтетін темір жолдарды салу нәтижесінде темір жол жұмысшыларының саны өсе бастады. Мысалы, Орынбор—Ташкент темір жолының ұзындығы 1.656 км құраса, ал онда істейтін жұмысшылардың саны 30 мыңға жетті. Бұл темір жол 1901—1905 жылдары салынып, Қазақ өлкесіндегі ең негізгі магистральге айналды. Жол бойында Шалқар, Қазалы, Перовск, Түркістан сияқты ірі бекеттер жұмыс істеді.

XX ғасыр басында Ресейде болсын, Қазақ өлкесінде болсын жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы өте ауыр еді. Әсіресе, қазақ жұмысшыларының әлеуметтік жағдайы ешбір сын көтермейтін дәрежеде болды. Олар жұмыстың ең ауыр түрлерін және жалақы аз төленетін бөліктерінде істеді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Өйткені, қазақ жұмысшыларының кәсіби мамандықтары болмады, көпшілігі маусымдық жұмыстарға жалданды. Өндіріс басшылары мен жергілікті патша әкімшілігі қазақ жұмысшыларының орыс тілінде еркін өйлей алмайтындықтарын пайдаланып, үнемі олардың азаматтық әрі әлеуметтік құқықтарын бұзып отырды. Сонымен бірге, кәсіпорындар техникалық қауіпсіздік талаптарын орындамады, құрал жабдықтармен қамтылмаған күйде жұмыс істеді. Оның үстіне еңбекші халыққа шет ел мамандары да астамшылық көрсетіп отырды. Мұның бәрі жұмысшылардың өз жағдайларын жақсарту үшін күреске шығуға итермеледі.

Түсіндірме сөздік

Өкімет - мемлекеттегі билік

Үкімет - саяси билікті жүзеге асыратын атқарушы орган

Аграрлық реформа (лат. тілінде) - жер және жерге қатысты жүргізілетін өзгерістер мен іс- шараларды айтады.

Демография (гр. тілінде) - халықтың құрамы мен қозғалысын зерттеу деген мағынаны білдіреді.

Десятина – ертедегі Ресейдің [illegible] 1,6га .

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. XX ғ. басында Қазақстандағы экономикалық жағдайы қандай дәрежеде болды?
2. Столыпин реформасының негізгі мақсаты неде болды?
3. XXғ. басында Қазақстанның демографиялық ахуалы қалай өзгеріске ұшырады?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Тек қана XX ғ. басындағы негізгі оқиғаларынан құрылып, «Қазақстан» сөзі шығатын сөзжұмбақ жаса.

Ә) А.Байтұрсыновтың *«Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды»* деген сөзінің мәнін ашып беріңдер

Б) Қазақ жеріндегі негізгі қоныс аудару аймақтары туралы карта бойынша баянда.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

1.2 1905 - 1907 жылдардағы I -орыс революциясы және оның Қазақ өлкесіне әсері

Қазақстанда революциялық ахуалдың қалыптасуы. Қарқаралы петициясы. I және II Мемлекеттік Думаға сайланған қазақ депутаттары және олардың қызметі.

XX ғ. басында Қазақстанға Ресейдегі революциялық көңіл-күй де келіп жетті. Ресейдің орталық аудандарындағы патша үкіметіне деген наразылықтардың өрістеуі Қазақстан халқына да күшті әсер етті. Ірі кәсіпорындар орналасқан жерлер революциялық ахуалдың ошағына айналды. Үкіметтің саясатына наразы жұмысшылар ереуілдер мен демонстрациялар ұйымдастыра бастады. Ресейде I-орыс революциясының басталуына түрткі болған 1905 жылы 9-қаңтарда Петербургтегі «Қанды жексенбі» оқиғасы туралы хабар Қазақ өлкесіне де тез тарады.

1905 жылы ақпанда патшаның бейбіт демонстрацияға қару қолдануына қарсы Түркістан, Перовск, Жусалы, Шалқар сияқты Қазақ өлкесінің бірқатар елді-мекендерінде де т.б. еңбекшілердің наразылықтары ұйымдастырылды. Петербург, Москва сияқты орталық қалаларда болған жұмысшы қозғалысының әсерінен Қазақ өлкесіндегі жұмысшылардың революциялық белсенділігі артып, ол қазақ ауылдары мен орыс деревняларына да күшті әсер етті. 1905 жылы мамыр айында Қостанай мен Верныйда жұмысшылардың ереуілдері болып өтті.

1905 жылы жазда қазақ халқының наразылықтары ұйымдасқан және саяси сипатқа ие болды. Сол кезеңдегі революциялық оқиғалар барысын қазақ халқының мүддесі жолындағы күресте ұлттық интелегенция саяси белсенділігімен таныла бастады. Ұлттық зиялы қауым өкілдері өз ойлары мен көзқарастарын түрлі баспасөз беттерінде жариялай бастады. XX ғасыр басында ұлттық интеллигенция көш басшысы ретінде Әлихан Бөкейханов танылды. 1905 жылы жазда қазақ зиялылары патша үкіметіне қазақ халқының мұң мұқтажын жеткізген петиция ұйымдастырды. Бұл тарихта Қарқаралы петициясы деген атпен белгілі оқиға болатын. Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесіне жиналған халық Ә.Бөкейханов,

А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды азаматтардың ұйымдастыруымен патша үкіметіне петиция қабылдады. Оған 14,5 мың адам қол қойған. Петицияда қазақ халқының өмірлік маңызды мәселелерін тез арада шешу талап етілді. Ең алдымен, қазақтардан тартып алынған жерлерді қайтару, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аудару саясатын тоқтату мәселелерін көтерді. Сондай ақ, бұл құжатта қазақ халқына дербес мүфтилік ашу және сайлау құқығын беру туралы саяси талап та қойылған еді.

Қазақ өлкесінің жұмысшылары қазан айында болған жалпыресейлік ереуілге де қолдау білдірді. Ереуіл комитеттері Успен кенішінде, Орал, Қостанай, Перовск, Верный қалаларында құрылды. 18-19 қазанда Орынборда жаппай саяси ереуіл, 25 қазанда Омбыда саяси демонстрация болып, ал 16-18 қарашада Семейдегі почта-телеграф қызметкерлері көтеріліске шықты. Жұмысшылар мен шаруалардың революциялық бастамаларына солдаттар да қолдау көрсетті. 6-7 қазанда патша үкіметінің халыққа қарсы қарулы күш қолдануына қарсылық ретінде Батыс сібір полкінің солдаттары назарлық акциясын өткізді. 21- қазанда оларды Жаркент гарнизонының солдаттары қолдады. Қазақ және орыс жұмысшыларының біріккен ірі бас көтеру Успен кенішінде болып өтті. Оған 300 астам жұмысшылар қатысты, оның 265 қазақ жұмысшылары болған еді. Ереуілді «Капиталға қарсы орыс–қазақ одағы» ұйымдастырды. Оларға Қарағанды жұмысшылары қолдау көрсетті. Қарағанды кеншілерінен ереуілге 360 адам қатысты. 1905 жылы 6 желтоқсанда жұмысшылар жалақыны арттыру, тұрмыс пен еңбек жағдайын жақсарту, зорлық көрсеткен қызметкерлерді қуу туралы талаптар қойылған петация қабылдады. 10-желтоқсанда осы талаптардың бірқатары орындалып, ереуіл бәсеңдей бастады. Ереуіл тек 12 күннен кейін ғана басылып, бірақ оны ұйымдастырушылар тұтқынға алды.

Бүкіл империяны қамтыған наразылықтардың күшеюіне байланысты патша үкіметі халыққа бірқатар жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. 1905 жылы 17 қазанда II Николай патша «азаматтық бостандықтардың мызғымас негіздерін» енгізу манифесі мен Мемлекеттік думаға сайлау

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

өткізу туралы шешім қабылдады. Әлихан Бөкейхановтың бастамасымен патша Манифесінің мәтіні қазақ тіліне аударылып, қазақ ауылдарына он мың данасы таратылды. Сол кезде Ә.Бөкейханов былай деп жазды: «Қазақтардың жүріп тұруы арқасында манифест қысқа уақытта бүкіл даланың қолына тиді. Жер–жерлерде қазақтар үлкенді–кішілі съездерге жиналды... манифесті оқыды, оны түсіндірді, болашақтағы Мемлекеттік Дума сайлауы туралы мәселелерді талқылады. Облыстың ең алыс түкпірлерінен қазақтар топ топ болып қалаларға барды, онда қала тұрғындары ұйымдастырған қалалық митингілерге қатысты. Орыстар, татарлар, сарттар мен қазақтар бір туысқан отбасына қосылып кетті.»

1905 жылғы 15 қарашада Қарқаралы қаласында болған митингі өлкенің саяси өмірінде маңызды орын алды. Оған 400 жуық адам қатысқан. Мұнда сөйлеген шешендер қатарында құқық магистрі Ж.Ақбаев, мұғалімдер Аяғанов және Чемоданов, дін қызметкері Иванов, дәрігер Богусловский, тергеуші Михайлевич, бітістіруші сот [illegible] Асқейін бітістіруші соттың хатшысы К.Төлеңгітов сынды зиялы қауым өкілдері болды. Ж.Ақбаев өз сөзінде: «бостандықты манифест бойынша патша өз еркімен беріп отырған жоқ, одан күшпен тартып алынды» деп, атап көрсетті. Кейіннен Қарқаралы митингісін ұйымдастырушылар патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырап, Ж.Ақбаев Якутияға жер аударылды.

Полиция басқармасы үйінің алдында болған митинг үлкен шерумен аяқталды. Шерудің басында қызыл ту ұстаған жас қазақ кетіп бара жатты. Ол бітістіруші соттың хатшысы Көлбай Төгісов болатын. 1905 жылы желтоқсан айында бірнеше қалалар мен елді-мекендерде, оның ішінде Өскеменде, Павлодарда шерулер болып өтті. Революциялық қозғалысқа қатысушылардың талаптары бірте-бірте саяси сипат ала бастады. Жалақыны көтеру және еңбек жағдайын жақсарту сияқты әлеуметтік экономикалық талаптардан басқа, патшаны құлатып, өмір сүріп тұрған жүйені өзгерту туралы үндеулер көтеріле бастады.

1906 жылы ақпанда Семейде қазақтардың съезі өтіп, онда өлкеге шаруаларды қоныс аударуды тоқтату, жердің

қазақ халқының меншігі екенін тану, дін еркіндігі, тіл теңдігі мен білім беруді ана тілінде дамыту талаптары қойылды.

Ресей империясындағы, соның ішінде Қазақ өлкесіндегі революциялық ахуал екі жарым жылдан астам уақытқа созылды. 1905 жылғы 17 қазан Манифесі бойынша Мемлекеттік Дума құрылатын болды және онда *«Мемлекеттік Дума мақұлдамайынша ешбір заң күшіне ене алмайды»* делінді.

I Мемлекеттік Дума өзінің құрамы жағынан кадеттік-либералдық болды. Ол 1906 жылдың 27 сәуірінен 8 шілдеге дейін ғана қызмет етті. Қазақ өлкесінен Думаға тоғыз депутат: төртеуі – қазақ халқының атынан, бесеуі – орыс халқының атынан сайланды. I Думаға сайланған қазақ халқының өкілдері жоғары білімді, зиялы азаматтар болды. Мысалы, Торғай облысынан сайланған Ахмет Бірімжанов Қазан университетінің заң факультетін бітірген; Семей обдысынан сайланған Әлихан Бөкейханов Санкт-Петербург орман шаруашылығы институтының экономика факультетінде білім алған; Алпысбай Қалменов пен Бақыткерей Құлманов Санкт-Петербург императорлық университетінің шығыстану факультетін бітірген. Орыс халқы атынан Н.Коншин [illegible] Н.Недоносков («Уралец» газетінің редакторы), И.Лаптев (салық инспекторы), В.Ищерский (дәрігер), Н.Дыхнич (шаруа) сияқты азаматтар сайланған.

Думада аграрлық мәселе өткір талас тудырды. Ол заңды да еді. Және де Думаның таратылуына да осы аса күрделі мәселе себепші болған еді. Дума жұмысында аграрлық мәселе бойынша А.Қалменов пен А.Бірімжанов белсенділік танытты. Заңгер ретінде А.Бірімжанов бірқатар ескертпелер мен ұсыныстар айтып сөз сөйледі.

Жер мәселесі бойынша заң жобасын дайындау барысында Дума жеке меншік жерлерді күшпен алып, оны жері аз шаруаларға беру туралы шешім қабылдады. Ал, үкімет помещиктер жерінің мемлекет меншігіне өтуіне қарсы болды. Нәтижесінде 1906 жылы 9 шілдеде II Николай Думаны тарату туралы жарлық шығарды. Бұған қарсылық ретінде I Мемлекеттік Дума депутаттары «Халыққа халық өкілдерінен» атты үндеу қабылдады. Үндеуде патша

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

үкіметінің саясатына наразылық ретінде халықты салық төлемеуге, әскери міндеткерлікті өтемеуге шақырды. Ол тарихта «Выборг үндеуі» деген атпен қалды. Оған Ә.Бөкейханов та қол қойған еді.

II Мемлекеттік Дума 1907 жылы 20-ақпанда өз жұмысын бастады. I Думадағы сияқты мұнда да негізінен жер мәселесіне көп көңіл бөлінді. Өзінің құрамы жағынан бұл II Дума да либерал–кадеттерден құралды. Ал, Қазақ өлкесінен 14 депутат, оның ішінде алтауы қазақ халқының өкілдері болды. II Мемлекеттік Думаның мүшелері болып Ақмола облысынан молда Шәймерден Қосшығұлов, Семей облысынан би Темірғали Нұрекенов, Орал облысынан адвокат Бақытжан Қаратаев, Торғай облысынан заңгер Ахмет Бірімжанов, Жетісу облысынан инженер Мұхаметжан Тынышпаев, Сырдария облысынан Т.Аллабергенов сайланды.

II Мемлекеттік Думаның 1907 жылы 16 мамырда өткен мәжілісінде Б.Қаратаев қазақ халқының атынан сөз сөйлеген. Оның Дума мінбесінен сөйлеген сөзінің мәтінімен таныстырғанды жөн көріп отырмыз. (мәтіндегі «қырғыз-қайсақ» немесе «[illegible]» деген ауауларды «қазақ» деп ауыстырдық - авт.) Онда:

«Б.Қаратаев (Орал облысы).

Қазақ халқының атынан бұл мінбеден ешкім сөйлеген жоқ; біздің мемлекетімізде аграрлық мәселенің шиеленісін далалық облыстарға шаруаларды қоныстандыру арқылы шешпекші, нақты айтатын болсақ, ол Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу облыстарының аумағы. Орта Азияға шаруаларды қоныстандырып, жер дағдарысын шешуді қалайтындар біздің оң жағымызда отырған (мәжіліс залындағы-авт.) ағайындар. Олардың көзқарасын осы парламентте Егіншілік және жерге орналастыру бас басқармасы князь Васильчиков пен Министрлер Кеңесінің төрағасы Столыпин өткізіп отыр. Дәл қазіргі кезде Мемелекеттік Думаның бірде-бір депутаты азиялық облыстарда шаруаларды қоныстандыру үшін жер бар ма? деп сұраған жоқ. Бұл аймақтарға бас ауыртпай-ақ шаруаларды қоныс аудара беруге тәуекел ететіндей солтүстік облыстардың барлық аймақтары табиғи-тарихи, шаруашылық-статистикалық, топырақтану тұрғысында және климаттық ерекшелігі жан-жақты зерттелді ме? деген сұраулар болмады.

Қоныс аудару арқылы біз орыс шаруаларына да, қазақтарға

да қысым көрсетпейміз бе, бұл қоныс аудару арқылы көшпелі қазақтардың шаруашылығын күйзелтіп, тоқырауға ұшыратпаймыз ба? деп сұраған да ешкім болмады.

Жергілікті халықтың мүддесімен санаспай жүзеге асырылған қоныс аудару әділ іс болып есептелмейді. Онда ол әрдайым күштінің әлсізге күш көрсетуі болып табылады. Біз дауласпайақ қоялық, қазақтар өте әлсіз халық, олар дамудың төменгі сатысында тұр; сондықтан да олармен тіл табысуға болады, сондай-ақ, бұл қазақтарға күш қолдануға болады дегенді де білдіреді. Біз, қазақтар, Ресейдегі жер мәселесінің кезек күттірмей шешілуі керек екенін жақсы түсінеміз. Біз шаруалардың- ағайындарымыздың жерге деген сұраныстарын терең ұғамыз, егер бізде артық жер болса, онда біз қуана-қуана ығысқан болар едік, бірақ, біз оң жақтағы отырған жолдастарға тіпті ұқсағымыз келмейді. Өйткені, олар шаруалардың жерге деген сұранысын өздерінің жер иемдену және жерді пайдалану құқықтарын шектеу арқылы шешкілері келмейді. Оған себеп, Далалық облыстардағы аумақтың көпшілік бөлігі әлі зерттелмеген, ал оның тарихи-табиғи және шаруашылық-статистикалық жағдайы әлі анықталған жоқ. Бүгін, біздің депутатымыз Тетепевенков, Азияда ұлан-ғайыр жер бар, сонда шаруаларды қоныстандыру керек, [illegible] сұранысты қанағаттандыруға болады, деп сөйледі.

Ал, белгілі ғалым Щербина Далалық облыстардың тек солтүстік уездерін, тек құнарлы Торғай, Ақмола және Семей уездерін ғана зерттеді, бірақ Щербинаға оңтүстік уездерді зерттеудің мүмкіншілігі болмады. Егер ауа райы мен жер құнарлылығының жағдайы түгел зерттелінген болса, онда артық жердің жоқтығына көз жеткізген болар едік, себебі Далалық облыстардың оңтүстік уездеріндегі жер қыртысы — сортаң, құмды, шөлді, сусыз-шөлейтті аймақ. Міне, осындай аймаққа қоныстандыру мүмкін емес.

Дәл қазіргі Ресейдегі жер мәселесі ушығып тұрған жағдайда егіншілік және жерге қоныстандыру мекемесі тек шаруаларды қоныстандырып, Далалық облыстарға шақырып қана қойған жоқ, сонымен қатар қазақтарды топ-тобымен тұрған жерлерінен, үйлерінен қуып шығаруда, тіпті олардың көпшілік жағдайда ауыл, село болып отырықшылыққа үйреніп, егін салып отырған жерлерін тартып алып, қазақ халқының отырықшылыққа үйренген құнарлы жерлерінен ығыстырып тастады. Бұны мен ресми құжаттармен дәлелдей аламын. Әлі күнге дейін көпшіліктеріңізде қазақтар тек көшіп-қонып жүреді деген ұғым қалыптасқан. Жоқ мырзалар, олай емес, көшіп жүретін қазақтар

да, отырықшы қазақтарда да бар. Ол Далалық облыстардың солтүстік уездеріндегі құнарлы жерлердегі қазақтар ондаған жылдар бойы отырықшылыққа үйреніп, егін егумен айналысады. Олардың бірі ағаштан үй салса, екіншісі — саман кірпіштен салған, үшіншісі — күйген кірпіштен, төртіншісі — қарағайдан үй салған; бір сөзбен айтқанда, өз тұрмыс деңгейіне қарай әрбірінің тұрғын және шаруашылық үйлері бар. Егін егу - бұл отырықшы қазақтар тұрмысының негізгі көзі. Ал, мал бағумен айналысу егіншілікке қарағанда еңбекті аз талап етеді, ол қосымша шаруашылық түрі болып табылды. Сондықтанда, қазақтар отырықшылыққа үйренген соң, ондаған жылдар бұрын олар ең жақсы жерлерге орналасқан болатын: тұщы сулы көлдер мен суы тұщы өзендердің жағаларына қоныстанды. Жер мекемесі немесе жер бөлуші және жерге орналастырушы басқарма өкілдері шаруаларды Далалық облыстарға қоныстандырып, қазақтарды өздерінің жайлы орындарынан ығыстырып қуып шығумен айналысуда.»

Төраға: шешен мырза, 10 минут өтті.

Қаратаев: Мырзалар, Далалық облыстарға қоныстандыру туралы бізде әлі ешкім сөйлеген жоқ. Мүмкін, Мемлекеттік Дума кешірім жасап, мені соңына дейін тыңдар.

Төраға: [illegible].

Қаратаев: Мырзалар, мен шаруаларды Далалық облыстарға көшірудің сипаты туралы өз баяндамамды аяқтауға мүмкіншілігім жоқ, бірақ мен мынаны айтамын — Мемлекеттік Дума әрқашан да есінде ұстасын, қазақтарды ығыстырып, олардың орнына Ресейдің ішкі жағындағы помещиктердің, 130 мың помещиктің мүддесі үшін шаруаларды қоныс аударуда. Қазақтар шаруалардың жерге деген сұранысын жеке меншіктегі жерлерді жою арқылы шешкісі келген оппозициялық фракцияларға әрдайым қолдау білдіретінін Дума түсінсін. Сіздер мынаны түсініңіздер, дәл қазіргі жағдайда қазақтарды жерінен қуып отырған жоқ, оларды тұрып жатқан үйлерінен қуып шығып, олардың орнын шаруаларға босатып беріп помещиктерді қорғап қалуда.

Орыс халқының еңбекші бұқарасы мен орыс интеллигенциясы бишара қазақтардың жерлерін тартып алып қана қоймай, олардың тұрғын үйлерін, шаруашылық құрылыстарын тастап кетуге мәжбүр етуін тоқтатуға үн қосады деп сенемін. Осының барлығын дәлелдейтін менде көптеген статистикалық мәліметтер бар, бірақ, өкінішке орай, оны аяқтауға мүмкіндік жоқ.»

Төраға: Комиссияға ол мәліметтеріңізді беріңіз. Жарыс

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

сөзді тоқтату жөнінде 36 адам қол қойған ұсыныс келіп түсті».

II Мемлекеттік Думада депутаттар Т.Седельников (Орынбор облысынан), Н.Бородин және басқалар қазақ халқының мүдделерін қорғап сөз сөйледі.

Алайда, елдегі революциялық қозғалыстың құлдырауы патшаға 1907 жылы 3–маусымда II Мемлекеттік Думаны да таратуға мүмкіндік берді. Бұл революцияның жеңілуі еді*

1905-1907 жылдардағы революция басылғаннан кейін Столыпиннің аграрлық реформасына сәйкес Қазақстанға қоныс аудару күшейіп, ол жер мәселесінің шиеленісуіне және отаршылдықтың өсуіне алып келді. Мұның бәрі ұлттық және әлеуметтік езгіге қарсы халықтың бас көтеруіне негіз жасап берді.

1911жылы мамырда «Атбасар мыс кеніштері» Акционерлік қоғамы жұмысшыларының, 1912 жылы жазда Ембі мен Доссор мұнайшыларының ереуілдері болды. Сол жылы қазанда Байқоңыр көмір кенішінің жұмысшылары ереуіл ұйымдастырды. Ереуілдерде негізінен экономикалық талаптар қойылды: жалақыны көтеру, әлеуметтік жағдайды жақсарту, еңбек [illegible] демократиялық ұйымдар ұйымдастырған ереуілдерде «Монархия жойылсын!» деген саяси талап қойылған. Бұл ереуілдерге орыс жұмысшыларымен бірге қазақтар да белсене араласты.

Қазақ өлкесін мекендеген халықтардың 1905-1907 жылдардағы революциялық қозғалысқа қатысуы, олар үшін ұлттық және әлеуметтік мүдделер жолындағы күрестегі үлкен мектеп әрі саяси тәжірибе болды.

Түсіндірме сөздік

Монархия (гр. тілінде) - жеке дара билік деген ұғымды білдіреді. Ол мемлекеттегі шексіз билік ретінде әкеден балаға мұраға беріліп отырады.

Революция (фр. тілінде) - түбегейлі сапалық өзгеріс, секірмелі жедел даму деген мағынада айтылады. Ал, мемлекет пен қоғам өмірінде түбегейлі, күрт өзгерісті білдіреді.

Империя (лат. тілінде) - үстемдік, билік деген мағынаны білдіреді. Яғни, бір мемлекеттің басқа халықтарды жаулап

алып, оларға үстемдік жүргізуі.

Революцияға дейінгі Ресейде мемлекеттік дума төрт рет шақырылды. III мемлекеттік дума 1907 жылдың 1 қарашасынан 1912 жылдың 9 –шы маусымына дейін. IV Дума 1912 жыл 15 қазаннан 1917 жылдың ақпанына дейін жұмыс істеді. Өзінің өмірінің соңғы күндеріне дейін Ресей императоры II Николай Мемлекеттік думаның уақытша комитетін құрған болатын, ол кейіннен императордың биліктен бас тартуы жөніндегі манифесті дайындады. Дума формалауы түрде 1917 жылдың 6 –шы қазанына дейін өмір сүрді.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. I-орыс революциясының басталуына қандай алғышарттар қалыптасты?
2. Қарқаралы петициясында қандай талаптар қойылды?
3. I және II мемлекеттік думаға қазақ халқының атынан кімдер сайланды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Мемлекеттік Думаның атқаратын қызметі туралы анықтамалық мәлімет бер.

Ә) Б[illegible] Мемлекеттік Думада сөйлеген сөзіне талдау жасандар

Тарихи тұлғалар

Бөкейханов Әлихан *(25.03.1866, бұрынғы Семей обл. Қарқаралы уезі – 27.09.1937, Мәскеу) – қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, ғалым, аудармашы. Омбыда техникалық училищеде, 1890-94ж. Петербург Орман шаруашылығы институтының экономика факультетінде білім алған. Ә.Бөкейхановтың ең басты мақсаты ұлттық автономия құру болды. Оның бастамасымен қазақтың тұңғыш саяси «Алаш» партиясы құрылды. 1917ж. 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен II жалпықазақ съезінде Алаш автономиясы құрылып, оны басқаратын Алашорда Ұлт Кеңесінің төрағасы болып көпшілік дауыспен Ә.Бөкейханов сайланды. Ол 1920-27 ж. Қазақ АКСР Егіншілік халық коммиссариаты коллегиясының мүшесі, Ұлттар ісі жөніндегі Халық коммиссариаты (Мәскеу) жанындағы Орталық баспаның ғылыми қызметкері, Ресей Ғылым Академиясының ғылыми*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS
The University of Scranton Library
№ 19677

қызметкері болды.

Ә.Бөкейханов қазақ халқының тарихын, мәдениетін, экономикасын жан-жақты зерттеген ғалым. Ол «Қазақ» газетіндегі мақалаларын «Қыр баласы» деген атпен жариялаған. Оның «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты алғашқы еңбегі 1903 ж. «Россия. Полное географическое описание нашего Отечества» деген көп томдыққа енді. «Киргизы» атты еңбегі «Формы национального движения в современных государствах» атты жинақта 1910ж. Петербургте шықты. Бұл еңбекте қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген қөзқарасын, ұлт-азаттық күрестің бағытын ашып көрсеткен. Оның Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы 1923ж. Ташкентте "Материалы к истории султана Кенесары Қасымова" атты еңбегі шыққан. Ә.Бөкейханов абайтанудың негізін қалаған адам. Абай өлеңдері мен қарасөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, 1909 ж. Петербургте басылып шығуын ұйымдастырған. Өкінішке орай, Ә.Бөкейханов 1937ж. 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының кезекті отырысында ату жазасына кесілді. Ал, 1989 ж. 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысымен әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан ақталды.

Қаратаев Бақытжан *(10.5.1863, Орал обл. - 26.08.1934, Ақтөбе қ.) - көрнекті заңгер, мемлекет және қоғам қайраткері. Орынбор гимназиясын үздік бітіріп, 1890 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен тамамдаған. Оқу бітірген соң оны Әділет министрлігі өз құзырына алады. 1891 ж. сот тергеушісі лауазымына тағайындалып, Кутаисиге жіберіледі. Грузиядан еліне 1897ж. оралып, Орал облысында адвокат болып қызмет атқарады. 1907-16 ж. ағартушылық жұмыстармен айналысқан. Б.Қаратаев «Қазақстан» газетін, «Айқап» журналын шығаруға атсалысқан.*

ХХғ басында Б.Қаратаев конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) бағдарламасына қолдау білдірген. Б.Қаратаев өзінің белсенді қоғамдық

қызметінің нәтижесінде 1907 ж. Орал облысынан II Мемлекеттік Дума депутаты болып сайланады. Ол Дума мүшесі ретінде патша үкіметінің қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныс аудару саясатына қарсы сөз сөйлеген. Б.Қаратаев «Айқап» журналының авторларының бірі ретінде қазақ халқының даму болашағы жөнінде өз көзқарасын ортаға салды.

Ресей патшасының 1916ж. 25 маусым жарлығынан кейін Жанша Сейдалиннмен бірге Б.Қаратаев «Қазақтар жайындағы естелік жазба» атты құжат әзірлеп Петроградқа барады. IV-Мемлекеттік Дума төрағасы мен Соғыс министріне тапсырылған бұл хатты жарлық шығару мен оны жариялауда заң тәртібінің бұзылғаны, сондай-ақ, жергілікті шенеуніктердің оның мәнісін халыққа өз мағынасында дұрыс жеткізе алмағаны дәлелденген. Соның салдарынан бой көрсеткен қайғылы оқиғалар, сотсыз жазалаулар деректері келтіріледі. Монархия құлағаннан кейін Б.Қаратаев большевиктер партиясына кіріп, Орал облысында Кеңес өкіметін орнатуға атсалысты.

1927ж. Компартия қатарынан шығып, өмірінің соңына дейін ғылыми-зерттеу жұмыстармен шұғылданған. Кейін Ақтөбеде қалып, алғашқы [illegible] Қазақ өлкелік партия комитетінің І-хатшысы Ф.Голощекинге қарсы шығып, қазақ халқын аштыққа ұрындырған қылмысын әшкерелеп сөйлеген. Сол нәубеттен көп ұзамай, өзі де дүние салады.

Бірімжанов Ахмет *(1871-1927) Бұрынғы Торғай облысы Торғай уезінде дүниеге келген. Қоғам қайраткері, заңгер, Алашорда үкіметінің мүшесі. Орынбор гимназиясын (1891), Қазан университетінің заң факультетін (1899) алтын медальмен бітірген. Оқу бітіргеннен кейін Орынбор және Троицк округтік, Ақтөбе, Торғай, Бұзылық уездік соттарында қызмет еткен. 1906-07 жылдары Ресейдің I және II Мемлекеттік Думасына Торғай облысынан депутат болып сайланды. Думада ол мұсылман фракциясының белсенді мүшесі болды. Фракция төрағасының орынбасары болған А.Бірімжанов ұлт аймақтары мен қазақ халқының мүдделерін қорғады. 1917 ж. көктемнен Уақытша үкіметтің Қостанай уездік комиссары болды. II жалпықазақ съезінде А.Бірімжанов Алашорда Ұлт Кеңесінің*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

құрамына сайланады. Сол жылғы желтоқсанда «Алаш» партиясының Торғай облыстық комитетінің мүшесі болды. 1918-1920 ж. Семейде заң кеңесшісі, 1920-1926 ж. Орынбор мен Қызылордада Қазақ АКСР Ішкі істер және Заң халық комиссариаттарында, Жоғарғы Сот Төралқасында кеңесші, алқа мүшесі, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1927 жылы 5 қаңтарда Ленинградта (Санкт-Петербург) қайтыс болған.

1.3 Қазақ халқының азаттық қозғалысындағы ұлттық зиялы қауымның қызметі

Алаш қозғалысының басталуы. Ұлттық зиялы қауымның қоғамдық-саяси қызметі. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің қазақ қоғамындағы ролі.

XX ғасырдың басында Қазақстанда ұлттық сана өрлеу үстінде болды. Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс бүкіл халықтық сипат ала бастады. Ұлттық қозғалыстың әр түрлі ағымдары қалыптасып, оның негізгі күші ұлттық интелигенция болды.

XX ғ. басынан бастап Ресей патшалығының отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық *Алаш қозғалысы* халықтық сипатқа ие бола бастаған еді. Алаш қозғалысының жетекшісі Әлихан Бөкейханов болды. Алаш қозғалысы 1905 жылғы «Қарқаралы петициясы» оқиғасымен басталды. Алаш қозғалысы қазақ халқының тәуелсіздігі үшін үздіксіз жүргізген күресіндегі өте маңызды кезең болды. Өйткені, қазақ халқы қарулы күреске қарағанда тиімдірек болатын жаңа жолдарын іздестіре бастады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов бастаған қазақ зиялылары Қарқаралы петициясын ұйымдастырғаннан бері саяси күресте біршама тәжірибе жинақтаған болатын. Олар ұлт-азаттық күресті бейбіт түрде жүргізудің саяси әдістерін ұсынды. Ондай әдістерге: газет журналдар шығару арқылы халықтың саяси санасын жетілдіру, саяси күреске үндеген кітаптар тарату, партия құру және т.б. кірді. Бұл бағытта біршама жұмыстар да атқарылды. Ә.Бөкейханов Ресейдегі баспасөз беттерінде қазақ халқының сайлау құқы, дін, бостандық мәселелерін көтерді. "Қазақ" газетін

ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтеруде зор еңбек сіңірді. Ал, А.Байтұрсыновтың «Қырық мысал» атты өлеңдер жинағы 1909 ж. жарық көрді. Бұл жинақта патша үкіметінің зорлық–зомбылығын, елдің ауыр халін баяндаған еді. Ол мысал өлеңдері арқылы халықты өз құқықтары үшін күресуге шақырды. 1911 жылы осы бағытта А.Байтұрсыновтың «Маса» деген өлеңдер жинағы жарық көрді. «Масаның» негізгі идеясы — қазақ халқын оқуға, өнер-білімге, еңбек етуге үндеу болатын. Онда халықты қараңғылық пен енжарлықтан арылуға шақыра отырып: *«Қазағым, елім, Қайқайып белің, Сынуға тұр таянып, Талауда малың, Қамауда жаның, Аш көзіңді оянып, Қанған жоқ па әлі ұйқың, ұйықтайтын бар не сиқың!»* деп, күйзеледі. Қазақ халқы үшін ең ауыр қасірет — отаршылық езгіге қарсы күрес А.Байтұрсыновтың саяси қызметінің басты мақсатына айналды.

Бұл кезеңде қазақ қоғамында қазақ зиялыларының белсенді шоғыры қалыптасты. Феодалдық мешеулікте жатқан қазақ халқының ұлттық санасын оятуда қазақ зиялыларына бірігіп жұмыс істеу мүмкіндігі туды. Ол үшін баспасөзді пайдалану әдісі ең тиімді жол болып табылды. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынов атап көрсеткендей: *«Газетаға халықтың өзі, өзінің қалауы және тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйлеліп жатқанын есту жоқ, өз пікірін есту жоқ. ... Дүниеде болып жатқан істер, сөйлеліп жатқан сөздер кімге пайдалы, кімге залалды екендігін күні бұрын біліп, пайдалы болса шаттанып, залалдысынан сақтанып тұрады.»*

Ұлттық зиялы қауым үшін патша үкіметінің цензуралық саясатқа ерекше қолдау білдіріп отырған кезінде газет журнал ашып, оны халық арасына тарату өте қиын іс болатын. Соған қарамастан қазақ зиялылары ұлт үшін осынау аса қажетті істі жолға қоюда табандылық көрсетті. 1907 жылы II Мемлекеттік Дума депутаты болған Шаймерден Қосшығұлов «Серке» газетін шығаруға әрекет жасаған. Оның алғашқы үш төрт саны шыққаннан кейін, патша цензурасы газетті саяси тұрғыда зиянды деп жауып тастаған. Ал, 1911-1913 жылдары Орал қаласында

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

«Қазақстан» газеті шығып тұрды. Елеусін Бұйриннің редакторлығымен шығарылған бұл газеттің 16 саны ғана жарық көрген. Бірақ та, ұлан ғайыр қазақ даласы үшін теңізге тамған тамшыдай еді.

Бұл газеттерден кейін қазақ халқының тұңғыш журналы «Айқап» (1911-1915) жарық көре бастады. Журналды ұйымдастырушы әрі редакторы Мұхаметжан Сералин (1856-1929) болды. Ол Қазан университетінің заң факультетін қазақтар арасынан бітірген алғашқы түлектерінің бірі. Оның кәсіби еңбек жолы ішкі істер министірлігінің жер бөлімінде басталған-ды. Кейін Уфа округінің Златоуст уезінде тергеуші болып жұмыс істеді. Оның қызмет тәжірибесі 1908 жылы Тройцкіге округтік сот мүшелігіне ауысқан кезде үлкен көмек берді.

Журналдың «Айқап» деп аталу себебін М.Сералин былай түсіндіреді: *«...Біздің қазақтың неше жерден «қап» деп қапы қалған істері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге ылайық «Айқап» болды.»* Журналда көтерілген негізгі мәселелер: жер мәселесі, оқу-ағарту, мәдениет, қазақ қоғамының болашағы [illegible] Журнал төңірегіне редактордың ой-пікірі мен көзқарасын жақтаушы зиялылар тобы қалыптасты. Олардың қатарында Жаһанша Сейдалин, Бақытжан Қаратаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин және т.б. бар еді.

1913 жылы 5 қаңтарда Далалық өлке генерал-губернаторы Сухомлинов Орал әскери губернаторына А.Байтұрсыновқа Орынборда қырғыз (қазақ) тілінде «Қазақ» апталық газетін басуға рұқсат беру жөнінде хабарлаған. Газеттің редакторы – Ахмет Байтұрсынов, ал оның саяси бағытын айқындаушы Ә.Бөкейханов болды.

Газет өзінің алғашқы сандарынан бастап қазақ халқының тарихи санасын қайта жаңғырту, ұлттың өзіндік «Менін» нығайту мен саяси санасын ояту, халық арасында мәдени-ағарту шараларын жүзеге асыру сияқты қазақ қоғамы аса зәру мәселелерді міндет етіп қойды. Қазақ зиялылары халықтың еркіндігін сақтау үшін, ең алдымен білім мен мәдениетті дамыту қажет деп санады.

Сонымен бірге, «Қазақ» газетінің бетінде үкіметтің

нұсқаулары мен үкімдері, Мемлекеттік Дума жұмысы, ішкі және сыртқы хабарлар, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, мәдениеті, экономикасы, білім беру, ағарту, медицина, гигиена, ветеринария мәселелері бойынша материалдар жарияланып отырды. сонымен қатар бағдарламада корреспенденциялар, жеделхаттар жергілікті хроника жариялау туралы айтылды. Газет шығарушылары өз алдына кең көлемдегі мәдени-ағарту міндеттерін қоя отырып, қазақ халқы болашақта дамудың қандай жолына түспек деген аса күрделі саяси мәселеге ерекше мән берді.

Газет шығарушыларының табанды шығармашылық және ұйымдастырушылық жұмыстарының нәтижесінде аз уақыттың ішінде «Қазақ» газеті жалпыұлттық басылымға айналды. Алғашқы жылы басылым таралымы 3 мың данаға жетсе, 1914 жылы – 8 мың, 1917 жылдың соңына қарай 18 мыңға данаға дейін өсті. Газет Қазақ өлкесінің барлық елді-мекендері мен одан тыс Ферғана, Самарқанд, Закаспий облыстары, Уфа, Қазан, Томск, сондай-ақ Мәскеу мен Санкт-Петербург қалаларына да таралды. «Қазақ» газеті 1918 жылға дейін шығып тұрды.Кейін Қазақ өлкесінде [illegible] тастады. Өйткені, «Қазақ» газетінің платформасы большевиктердің идеяларына сәйкес келмейтін еді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

«Қазақ» газетінің төңірегіне де алдыңғы қатарлы қазақ зиялылары топтасты. Олардың ішінде әлеумет істерінде халыққа танымал Шәкәрім Құдайбердіұлы, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Халел Ғаббасов сынды көптеген азаматтар болды. Қазақ зиялы қауымының үркердей шоғырындағы бірегей тұлға – Міржақып Дулатұлы (1885-1935) болатын. Ол ұлт көсемдері Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтың сенімді серігі еді. Бұл азаматтар азаттық күрестің ұлттық идеологиясын жасаушы болса, Міржақып Дулатұлы оны үйлестіруші іскер азамат болды. Міржақып Дулатұлының 1909 жылы Қазанда «Оян, қазақ!» деген өлеңдер жинағы жарық көрді. Қазақ халқы үшін бұл жинақтың әсері үлкен болды. Ауыл арасында қолдан қолға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның есімі танымал болды. Ресей әкімшілігі бұл кітапты оқуға тыйым салып, қолға түскен даналары

тәркіленіп алынды.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің жарыққа шығуы отарлық езгіге қарсы күрестің мазмұнына сапалық өзгеріс енгізуде және қоғамдық саяси ойдың дамуына үлкен серпін берді. «Айқап» пен «Қазақ» әлеумет істеріне бұрыннан араласып жүрген азаматтардың ой пікірлерін ғана жариялап қоймай, сонымен бірге, жас қаламгерлердің де қаламын ұштап, саяси ой жүйесінің, көзқарасының қалыптасуына мүмкіндіктерін кеңейтті. Кейінгі тарих толқынындағы саяси істерде белсенділіктерімен көзге түскен М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Ж.Тлеулин, Қ.Кемеңгеров, Б.Малдыбаев және т.б. өлеңдері мен ой пікірлері осы газет пен журнал арқылы елге таныла бастады. Осыған орай, «Айқап» журналының маңызы туралы оның шығарушысы М.Сералин: «Айқап» жұрттың біразырағын оқуға үйір қылды. Қазақша ойлауға, ойлаған ойын қазақша жазуға бірсыпыра адамды адамды үйретті. Заманымыздың халық басында тұрған ең керекті болған мәселеміз жер әңгімесі хұсысында (турасында) азды, көпті жұрттың ойын қозғауға себеп болды.» деп, атап көрсетеді. Ал, «Қазақ» газетінің ұлт азаттық күрестегі алатын орны турасында сол замана ағымы кезеңінде-ақ М.Дулат Е.С.Б.М. 12-ші «Қазақ» күнінің №11 санында: *«...көбінесе ес кіргізіп оятуға, ұлтты танытуға себеп болған «Қазақ» газеті. Онан бұрын ұлт дегенді кім білген»* дейді.

М.Сералин атап көрсеткен «Жер әңгімесі» идеялық күреске себепші болып, «Айқап» пен «Қазақ» арасында қызу пікірталас туғызды. Бұл баспасөз бетіндегі пікірталастың басты мәселесі, яғни жер мәселесі негізінде қазақ қоғамын болашаққа қандай жолмен апару қажеттілігіне байланысты пікірталас қазақ зиялылары арасында екі саяси-идеялық ағымның қалыптасуына әкеліп соқтырды. Ал, жер мәселесінде маңызды пікірталас тудырған - отырықшылық мәселесі екі ағымның да саяси-идеялық көзқарастарының тереңдігінің деңгейіне үлкен сын артты. Қазақ қоғамын ілгері бастырудың бірден бір жолы - әрбір қазақ 15 десятинадан жер алып, отырықшылық өмір салтына көшу арқылы отарлық езгіні жеңілдетуді көздеген және оны «Айқап» журналы насихаттаған М.Сералин, Ж.Сейдалин,

Б.Қаратаевтар негізін салған ағым болды. Ал, «Қазақ» газетінің төңірегіне біріккен Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Р.Мәрсековтар отырықшы мәдениеттің көшпелілік өмір салтынан артықшылығын ұғына отыра, отырықшылыққа бірден емес, эволюциялық жолмен жетуді уағыздап, патша үкіметінің отырықшылық саясатының отарлық саясатпен астасып жатқандығына халықтың көзін жеткізуге тырысты. «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан зиялылардың отырықшы нормаға, отырықшылық саясатқа қарсы шығуының себебі қазақ жері мен ұлтының болашақта болу-болмауы мәселесінің, яғни мемлекеттілік мәселесінің жерге байлаулы екендігін терең зерделей білді. Сол тарихи кезеңдегі отарлық жүйеде қазақ мемлекеттілігінің жұрнағын сақтап қалудың бірден бір жолы көшпенділік өмір салтын сақтап қалу болатын және де бұл идеялық күресте «Қазақ» газеті қалыптастырған қоғамдық пікір мен тұтынған жолы отарлық саясатқа қарсы тұрудағы бұл ойдың тереңдігін кейінгі большевиктік отырықшыландыру саясатының қазақ халқы үшін орны толмас трагедияға әкеп соққандығы көрсетіп берген еді.

«Айқап» пен «Қазақ» арасындағы пікірталастар тек жер мәселесінің отырықшылық мәселесі төңірегінде ғана болған жоқ, сонымен бірге, жалпықазақ съезін шақыру, дін, қазақ арасындағы сот, қазақ халқы дамудың дамудың қандай бағытын таңдау мәселелері бойынша да жүргізілгені белгілі.

Қазақ халқы дамудың қандай бағытын таңдауы керек, қандай жолмен жүруі қажет деген мәселе бойынша: «Айқап» газеті исламдық бағыттағы шығыстық үлгіні ұсынса, «Қазақ» газетінің төңірегіне топтасқан зиялылар ұлттық ерекшеліктерді сақтай отыра батыстық өркениет даму жолының бағытын ұсынды.

Сонымен бірге, қазақ халқының арасында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті отарлық саясаттың қыр-сырын әшкерелеуде маңызды роль атқарды.

«Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы қазақ халқының саяси және рухани өмірінде терең із қалдырды. Бұл жалпыұлттың деңгейге көтерілген басылымдар халықтың саяси санасын жандандыруда маңызды рөл атқарды. Ал, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Сералин,

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Б.Қаратаев сынды зиялы қауымның алдыңғы қатарлы өкілдері қазақ халқының ғасырлар бойы отарлық езгіге қарсы азаттық күресін жаңа сапалық деңгейге көтерді. Ол бұрынғы қарулы көтерілістерден енді саяси-интеллектуалдық сипат алды. Осылайша, Алаш қозғалысының идеологиясы қалыптасып, қазақ зиялыларының ұлттық автономия жолындағы күресіне темірқазық болды.

Түсіндірме сөздік

Алаш (ежелгі түрік сөзі - туыстар, бауырластар, қандастар) - Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңдегі ежелгі тайпалардың ортақ атауы; кейін қазақ атауының баламасы ретінде қолданылған.

Автономия (гр.сөзі) – өзін өзі басқару, дербестік ұғымын береді.

Дипломатия - мемлекеттің сыртқы саясатын бейбіт түрде жүзеге асыру ісі.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Алаш қозғалысы қай кезеңнен бастау алады және бұл қозғалыстың жетекшілері кімдер болды?
2. Қазақ зиялылары халықтың саяси санасын жетілдіруде қандай әдістерге сүйенді?
3. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің қазақ қоғамы үшін қандай маңызы болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Баспасөздің қоғам өмірінде алатын орны мен ролі туралы эссе жазыңдар.

Ә) А.Байтұрсыновтың «Маса» және *М.Дулатовтың «Оян, қазақ»* өлеңдерінің идеялық мәнінің бүгінгі күндегі өзектілігін ашып беріңдер

Тарихи тұлғалар

Ахмет Байтұрсынов *(28.01.1873, қазіргі Қостанай обл. – 8.12.1938, Алматы) – қазақ халқының XX ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі. Мемлекет қайраткері, ақын, қазақ тілі білімі мен әдебиеттанудың негізін салушы ғалым. Ұлттық жазудың реформаторы. Ол Торғайдағы 2 сыныптық орыс–қазақ мектебінде, Орынбордағы 4 жылдық мектепте білім алған. 1895-1909ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы училищесінің*

меңгерушісі қызметін атқарады. А.Байтұрсыновтың саяси қызметі XX ғ. басында басталды. 1905ж. Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Сол кезеңнен бастап патша үкіметінің бақылауына алынған ол 1909 жылы Семей түрмесіне жабылады. Оған тағылған айыпта халық арасында автономия идеясын таратты деп көрсетілген. 1910 жылдан бастап А.Байтұрсыновты қазақ облыстарынан тысқары жер аудару жөнінде шешім қабылданды. Осы шешімге сәйкес ол 1910-1917ж. Орынборда тұрды. Онда 1913-18 ж. жалпы ұлттық «Қазақ» газетін шығарды.

А.Байтұрсынов Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған топтың құрамында болды. II-жалпықазақ съезі оны Оқу-ағарту комиссиясының төрағасы етіп бекітті. Ол 1919 ж. наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізді. 1920 ж. В.Ленинге Кеңес үкіметінің Қазақ өлкесін басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазақ жерінің шекарасының белгілеу ісіне белсенді араласты. Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Ресейдің Челябі облысына қосу туралы шешімін Орал АОБ-ның комиссиясының келтірген тарихи дәлелдері бұл уезді Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. КСРО БСМБ үштігі 1930 ж. А.Байтұрсыновқа қазақ даласында қарулы көтеріліс дайрлау әрекетіне қатысты деген айыптар тағылып, ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931ж. 10 жылға концлагерге ауыстырылса, 1932ж. 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп үйғарылды. 1934ж. М. Горкийдың жұбайы Е.Пешкованың көмегімен А.Байтұрсынов отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарды. 1937 ж. қазанда тағы да қамауға алынып, желтоқсанда атылған.

Міржақып Дулатов *(21.11.1885, Қостанай обл. - 5.10.1935, Ресей, Карелия, Беломор-Балтық каналы, Словецк бекеті) Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист. Торғайдағы Ы.Алтынсарин ашқан 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алған. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов сынды қоғам*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

қайраткерлерімен пікірлесу оның саяси көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Ол 1905ж. Ресей үкіметіне қазақ халқының атынан жолданған Қарқаралы петициясын дайындауға қатысады. Оның мақалалары «Айқап» журналында үзбей жарияланып тұрды. 1913-18ж. «Қазақ» газетінің жауапты хатшысы болды. Сол кезеңде «Азамат», «Терме» кітаптары жарық көрген. 1917ж. Ә.Бөкейхановтың тапсырмасымен М.Дулатов пен дәрігер Ә. Алдияров Минск маңында тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға жетекшілік етуге жібереді. Ол 1916ж. оқығаның зардабынан босқынға айналған елге көмектесу мақсатында Семейде «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырған. М.Дулатов Алаш қозғалысының жетекшісінің бірі ретінде 1917ж. Орынборда өткен I және II жалпықазақ съезіне делегат болды. «Алаш» партиясының бағдарламасын даярлауға қатысып, Алашорда үкіметінде белсенді қызмет атқарды. 1922-26ж. Орынборда Қазақ халық ағарту институтында оқытушы, Қызылжар мен Семейдегі сот мекемелерінде, Қызылордада баспасөз орындарында қызмет істеген. М.Дулатов өлеңдерімен қатар «Абай», «Хан Абылай», «Қазақ ақыны», «Қазірет Сұлтан», «Ахмет Байтұрсынов», «Қазақ, қырғыздардың ата тегі» сияқты зерттеу еңбектерін жариялаған. Ал, Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық еткен жылдары оқулықтар жазған: «Есеп құралы. Бастауыш мектеп оқушыларына», «Қырағат кітабы».

М.Дулатов 1928 ж. қамауға алынып, 1930ж. ату жазасына кесіледі. Кейін бұл үкім 10 жыл мерзімге абақтыға ауыстырылып, Беломор-Балтық каналының құрылысына жіберіледі. Алайда, 1935 ж. осы лагерьде ауыр науқастан қайтыс болған. Сүйегі 1992ж. Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайта жерленді.

II-тарау. I - дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жылдарындағы Қазақстан

2.1 *I - дүние жүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан*

I - дүние жүзілік соғыстың Қазақстанға әсері. Соғыс ауыртпалығы.

Бүкіл Ресей империясындағы саяси тұрақсыздық, революциялық жағдайға енді I-дүниежүзілік соғыс қасіреті қосылды. Соғыс ең алдымен қарапайым халықтың жағдайын қиындатып жіберді.

Соғыстар дипломатиялық мүмкіндіктерді толық пайдаланбаудан туындайды. Бірақ тарихта талай соғыстардың болғанын білеміз. Солардың ішіндегі қатыгездігімен ерекшеленген соғыстардың бірі I дүниежүзілік соғыс болды. 1914 жылы 1-тамызда Ресей империясы I-дүниежүзілік соғысқа кірді. Империалистік *сипат* алған соғыс Германия, Англия, Франция, АҚШ, Ресей сияқты әлемдік державалардың арасында жүргізілді. Бұл елдер әлемдік саясатта жетекші орын алуға ұмтылды. Соның нәтижесінде әлсіз елдерді отарлау мен жаңа шикізат көздерін иелену көзделді. Бірақ соғыс қимылдары негізінен Ресей мен Герман әскері арасында жүрді. Ресей соғысқа дайындықсыз, әскери-өнеркәсіп деңгейі төмен күйінде кірісті. Армия әскери-техникалық жағынан нашар жабдықталған болды.

Ресей империясының құрамында болғандықтан Қазақстанға да соғыстың зардаптары өте ауыр болды. Соғыс басталысымен халыққа арнайы әскери салық енгізілді. Оның мөлшері әр шаңырақ үшін 3 сом 84 тиынды құрады. Салық мөлшері 3-4 есе, кейбір жағдайларда 15 есеге дейін өсірілді. Патша әкімшілігі қазақтарды әскер қатарына мобилизацияланған орыс шаруаларының шаруашылықтарында жұмыс істеуге мәжбүрледі. Соғыс қажетіне алынған ауыл шаруашылық өнімдерінің көлемі артты. Мысалы: *соғыстың үш жылы ішінде Түркістан өлкесінен майдан қажеті үшін 70 мың жылқы, 300 мың пұт(1 пұт = 16 кг) ет, 474 мың пұт балық, 12,7 мың түйе, 13441 киіз үй күштеп алынған.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Соғыс жағдайы туралы сол уақытта кең таралған «Қазақ» газеті үнемі халыққа хабар таратып отырды. Газет бетінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтар соғыстың әділетсіздігін, оның ең алдымен қарапайым халыққа қасірет әкелетінін әшкереді. Ә.Бөкейханов соғыс жәйлі: «*Бұл соғыстан жалпы жұртқа ешбір пайда жоқ. Нарлар алысар, ал шаруасын бұзып қанын төгетін сорлы халық болар*» деп, өз ойын ашық білдірді. Соғыс ауыртпалығы басқа халықтардың да күйзелуіне алып келді. Қалалар мен кен орындарындағы жұмысшылардың жағдайы ауырлады. Жұмыс уақыты 12-14 сағатқа дейін созылды. Оған қоса азық-түліктің қымбаттауы жағдайды қиындатып жіберді.

Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Қазақстанда төтенше әскери жағдай енгізілді. Соған сәйкес жиындар мен ереуілдерге тиым салынды. Цензура мен полицейлік бақылау күшейтілді. Бірақ бұндай шектеулерге қарамастан 1915 жылы маусымда Қарағанды, Екібастұз, Спасск заводы жұмысшыларының ереуілдері болды. Олар жалақыны көтеруді әрі еңбек жағдайын жақсартуды талап етті. 1916 жылы жазда Риддер, Байқоңыр, Ембі, Қарсақпай кен орындары мен Орынбор-Ташкент және Сібір темір жолының жұмысшылары ереуілдерін ұйымдастырды. Соғысқа және етек алып келе жатқан аштыққа қарсы майданға кеткен солдаттардың әйелдері де ереуілге шықты. 1916 жылы қаңтар айында мұндай толқулар Верный, Семей қалаларында болды. Орынбор облысы Ақбұлақ поселкесінде, Жетісу облысы Лепсі уезінде майданға кеткен солдаттардың әйелдері жергілікті саудагерлердің дүкендерін талқандады.

Сондай-ақ, үкімет қазақ жерін әскери тұтқындарды ұстайтын аймаққа айналдырды. Соғыстың алғашқы жылдары Қазақстанға әкелінген тұтқындардың саны 20 мыңға жетті. Олар негізінен Солтүстік аймақ пен Түркістан әскери округінде орналасты. Соғыс елде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дағдарысына алып келді. Егістік көлемі қысқарды, мал басы азайды. Жергілікті жерлерде патша әкімшілігінің халықтан күшпен алым-салық жинауы көбейді. Мұның бәрі халық жағдайының күрт төмендеуіне алып келді.

Соғыс ауыртпалығымен қоса қазақ халқы үшін отарлық және ұлттық езгі қабаттаса жүрді. Соғыс жылдарында патша өкіметі казақтардан жерді тартып алуын тоқтатпады. 1916 жылы қазақ халқынан 40 млн десятина жер тартып алынса, оның көлемі 1917 жылы 45 млн десятинаға жетті. Соғыстағы Ресей Армиясының сәтсіздіктері халықтың наразылығын одан сайын күшейтіп жіберді. Бұндай ауыр жағдайлар халықтың жаппай наразылығын тудырмай қоймайтын еді. Осының бәрі Ресейдегі монархиялық билік елді басқаруда өзінің дәрменсіз екенін көрсетті.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Соғыс қандай елдердің арасында жүргізілді және сипаты қандай болды?
2. Соғыс Қазақстан халқына қандай ауыртпалықтар әкелді?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Мәтінде берілген статистикалық мәліметтер бойынша кесте жасаңдар.

Ә) Карта бойынша соғысушы елдер туралы баяндап беріңдер

2.2 *1916 жылғы ұлт - азаттық көтеріліс*

Көтерілістің себептері және жаппыұлттық сипаты. Көтеріліс барысында құрылған хандықтар. Көтеріліске қазақ зиялыларының көзқарасы. Қазақ зиялыларының тыл жұмысына алынған жігіттер арасындағы қызметі.

1916 жылғы 25 маусымда қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патша үкіметінің жарлығы шықты. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен тыл жұмыстарына 500 мың адам жіберу көзделді. Тыл жұмысына 19 бен 43 жас аралығындағы азаматтар алынатын болды. Әскердің қара жұмыстарына мәжбүрлеп алатыны туралы хабар халыққа «ашық күнде жай түскендей» әсер етті. Өйткені, қазақтар Ресейдің қол астына кіргеннен бері әскери қызмет атқарып көрмеген еді. Ол соғыстан күйзеліп отырған халықтың шыдамын тауысып, көтеріліске шығуға *сылтау* болды. Бірақ *көтерілістің басты себептері* тереңде жатқан еді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS



Қазақтарда тууы туралы куәліктің болмауы тізім жасауда үлкен қиындықтар әкелді. Болыстық басқармалар жасының асқандығына қарамастан кедей жігіттерді майдан жұмысына алынатын тізімге қосты. Ал патша әкімшілігіне пара бергендер балаларын әскери қызметтен немесе екінші рет қара жұмысқа жібермеудің амалын жасады.

Жарлық бойынша халықтың кейбір топтары тыл жұмысынан босатылды. Олардың қатарына: мемлекеттік қызметтегілер, болыстық басқарма жетекшілері, молдалар мен имамдар, дворяндық атақ пен құрметті азамат құқығын иеленген адамдар, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері кірді. Мұны да халық әділетсіздік деп қабылдады.

Сонымен бірге жарлықтың *қасиетті рамазан айында* шығуы да халықтың наразылығын күшейтіп жіберді. Халық оны патшаның мұсылмандардың діни сезіміне жасаған қорлығы деп түсінді.

Осы жағдайлар елде болыстық басқармаларды талқандау, құжаттарды, тізімдерді жойып жіберу әрекеттеріне жол ашып берді. Мысалы: Қостанай уезінің Қарабалық болысы мен Орал уезінің Шыңғырлау болысының басшылары тізім жасауда пара алғаны үшін халықтың қолынан қаза тапқан. Сойыл, кетпен, қылышпен қаруланған ел адамдары

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

болыстардың ауылдарын өртеп, малдарын әкетуі жиілей түсті. Пошта бекеттері мен темір жол тораптарын бұза бастады. Осыған сәйкес елге жазалаушы отрядтар енгізілді.

Әуелде стихиялы түрде басталған бас көтерулер бірте-бірте ұйымдасқан түрде өте бастады. Халық наразылығынан сескенген патша үкіметі 1916 ж. 20 шілдеде тыл жұмысына алуды егін орағы аяқталғанға дейін, ал 30 шілдеде 1916ж. 15 қыркүйегіне дейін шегере тұру туралы шешім қабылдауға мәжбүр болды. Алайда, бұл шешім де халықтың ашу ызасын баса алмады. Барлық жерде шілде-тамыз айларында патша жарлығына қатысты съездер өткізіле бастады. Онда жарлыққа көну немесе қарсы шығу мәселесі талқыланды. Көпшілігінде халық қарсы тұру керек деген шешім қабылдады. Бұл көтерілістер қозғалысқа ұласып, *ұлт-азаттық сипатқа* ие болды. Себебі, біріншіден, көтеріліс қазақ жерін ғана емес, *бүкіл Орта Азия халықтарын* да қамтыды. Тыл жұмыстарына қазақтармен бірге қырғыздар, өзбектер, тәжіктер, түркмендер, ұйғырлар, дүнгендер де алынатын болған еді. Сол себепті халық үкіметтің саясатына ашық наразылығын білдірді; екіншіден, көтерілісшілер [illegible] талаптар қойды. Бұл талаптар патша өкіметі жойылсын, соғыс тоқтатылсын, патша билігі мойындалмасын деген мағынада қойылды; үшіншіден, Қазақ жеріндегі көтеріліс ошақтарында *хандықтар* құрылды. Құрылған хандықтардың билік жүйесі қалыптасып, хандар сайланды.

Көтерілісшілердің *негізгі мақсаты:* қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттігін қайта қалпына келтіру еді. Мысалы: Торғай аймағында көтерілісшілер хандық құрып, дәстүрлі билік жүйесін қалпына келтіреді. Онда халық арасында танымал Нияз бидің ұрпағы Әбдіғаппар Жанбосынұлын хан деп жариялады. Жетісуда Верный уезінің Жайымтал болысында Бекболат Әшекеұлы хан сайланған. Сондай-ақ, Ақмола облысының Ерексай, Бағаналы болыстарында және Ырғыз уезінде хандар сайланып, хандық жүйені қайта жаңғырта бастады. Бірақ та, аталған хандықтар арасында байланыс болмады. Бұл хандықтар стихиялы түрде құрылды және мемлекеттік дәрежеге көтеріле алмады. Дегенмен ол қазақ халқының азаттықты қаншалықты аңсап отырғанын

көрсетті. Қандай жағдайда болмасын тәуелсіздік үшін күресуге даяр екенін білдірді. Дербес хандық құрылмай қазақ халқы отарлық езгіден құтыла алмайтынын түсінді. Көтеріліс патша өкіметіне, отаршылдыққа және жергілікті жерлердегі шенеуніктерге қарсы бағытталды. Бұл қозғалыстың негізгі *қозғаушы күші* халық бұхарасы болды. Көтеріліске шаруалармен бірге кен орындарының жұмысшылары, зиялы азаматтар, билер, моллалар де белсене қатысты. Торғай даласында қазақ жастарын *Әлібі Жангелдин* мен *Амангелді Иманов*, Орал облысы мен Бөкей ордасында *Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әйтиев*, Маңғыстауда - *Жалау Мыңбаев*, Атбасарда - *Әділбек Майкөтов*, Жетісуда - *Тоқаш Бокин, Ұзақ Саурықов*, Сырдария облысында *Санжар Асфандияров, Тұрар Рысқұлов* басқарды.

Қазақтың демократиялық зиялы қауымы халықтың патша үкіметіне қарсы қарулы көтеріліске шығуын қолдамады. Бұндай пікірді Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ш.Құдайбердиев, М.Тынышбаев сынды қайраткерлер насихаттады. Олар «Қазақ» газеті арқылы халыққа күштің тек қана өкіметтің қатыгездігін тәгі істетіп, ескертіп 1916 ж. 11-шілдеде «Алаштың азаматтарына!» деген Үндеу жариялады. Онда: *«... Көнгенде шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру сырқаудан болған қазаны айтамыз, әйтпесе солдат қылып алмайды). Көнбегенде көретін ауырлық бағынбай үкіметтің жарлығынан бас тарсақ, жау жағадан алғанда, бас қорғап үйде қаламыз деп мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, үкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті закоге сүйеніп істер.*» (Қазақ, 1916, №192) Бұл азаматтар халықтың тағы да зорлық-зомбылық көретінін дәледеп бақты. Патша жарлығына ауыр да болса көнуге шақырды. Қазақ жастарының тыл жұмыстарына барып әскери тәртіпке үйреніп, тәжірибе жинақтап келуін қалады. "Қазақ" газетінің сөзімен айтқанда *«бұлар арғы түбінен қарап, бер жағымен халық көңілін ауламай, асылында халыққа қайсысы жеңіл болар деп салыстырып, жеңіл дегенін алып отыр»* еді.

Ә.Бөкейханов бастаған зиялылар патша үкіметіне жарлық шыққанға дейін нақты ұсыныстарын білдірген болатын. Олардың мазмұны мынадай болды:

- әскер қатарына шақырмас бұрын халық арасында дайындық жұмыстарын жүргізу;
- солдатқа алудан бұрын қазақтар арасында тууы туралы куәлік пен паспорт жүйесін ретке келтіру. Ол үшін мүфтилік ашу;
- әскер қатарына шақырылса жаяу әскер емес атты әскер қатарына алу;
- қазақтарды әскер қатарына алған жағдайда барлық жағдайда казак-орыс солдаттарымен құқықтары тең дәрежеде болу.

Алайда, Ресейдің әскери басшылығы бұл талаптарды қабылдамады. Себебі: егер қазақтар әскери өнерді игеретін болса кейін өзімізге қарсы шығып, бағынбай кетеді деп қауіптенді. Сондықтанда қазақтар мен басқа да халықтар тек тыл жұмыстарына ғана шақырылған еді.

Зиялылардың қазақтарда куәлік құжаттарының болмауы халыққа зор қиыншылықтар әкелетіні туралы айтқан болжамдары дәл келді. Ол патша жарлығын орындау барысында анық көрінген болатын.

Қазақ зиялыларының екінші тобы: Әлібі Жангелдин, Амангелді Иманов, Сәкен Сейфуллин, Сейітқали Мендешев, Әбдірахман Әйтиев, Жалау Мыңбаев, Әділбек Майкөтов, Тоқаш Бокин, Ұзақ Саурықов, Тұрар Рысқұлов т.б. азаматтар халықты қарулы көтеріліске шақырды. Патша жарлығына қарсы тұруды насихаттады. Олар да халқының адал ұлдары ретінде көзсіз ерлікке барды. Бірақ мәселенің әлдеқайда күрделі екенін түсіне алмады. Бұл топтың үлкен қателігі мынада еді: өзара тең емес күшпен соғысып қан төгіс пен зорлық-зомбылыққа жол ашып берді.

М.Тынышбаев*: «... мен қазақтар мен қырғыздардың патша үкіметіне қарсы көтерілісін қолдамадым. Оның себебі менің патша билігін жақсы көруімнен емес, көтерілістен қазақтар мен қырғыздар зардап шегеді деп қорыққан едім»* деген. Ал, Ж. Ақбаев: *«Басқа жерлерде қан төгілген, асылған, атылғаны көп, Қарқаралы қазағы бұл пәледен оқығандарының арқасында аман болды»* деп жазған.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Көтеріліс барысында қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді. Қарсылық білдіргеніне қарамай қазақ жігіттерін майданға окоп қазуға жібере бастады. Сол киын кезде Әлихан Бөкейханов жетекшілік еткен қазақ зиялылары (оқытушылар, заңгерлер, дәрігерлер, студенттер) өздерінің пайдалы істерімен танылды. Бұл азаматтар халыққа жеткізген ойларын тек сөз жүзінде ғана емес, оны нақты істерімен ұштастырып отырды. Олар тыл жұмысына алынғандармен бірге майданға аттанды. *Мақсаты:* орыс тілін білмейтіндерге тілмаштық қызмет көрсету, елге хат жазуға көмек беру, ас ауқаттың, дәргерлік көмектің дұрыс берілуін, тұрғын жайларының жылы болуын қадағалау, олардың ортасында мәдени-ағарту шараларын ұйымдастыру сияқты т.б. істерге қолұшын берді. Бұндай қызметтері арқылы олар нағыз ұлтжандылықтың биік үлгісін көрсетті. Олай болмаған жағдайда орыс тілі мен әскери тәртіпті жақсы білмейтін қазақ жігіттерінің елге аман-есен оралуы екіталай еді.

Майданға жақын орналасқан Мәскеу, Киев, Минск қалаларында бұратана бөлімдері ашылып, жігіттерге көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырды. Әлихан Бөкейханов пен бірге Мұстафа Шоқай, М.Дулатов тыл жұмысындағы қазақ жастарының жағдайымен танысып отырды. Дәрігерлік көмек көрсету мақсатымен Том қаласынан дәрігер Әбубәкір Алдияров Минскіге келіп көп еңбек сіңірген. Минскідегі бұратана бөліміне Асфандияр Кенжин, ал Киевтегі бөлімге Мырзағазы Есполов жетекшілік жасады. «Қазақ» газеті майдандағы жігіттердің жай-күйі туралы халықты үнемі хабардар етіп отырды. Майдан шебінде Қазан студенттері: *А.Қисықов, Ш.Бекмұхамедов, М.Шотаев;* Мәскеу студенттері: *Н.Төреқұлов, М.Сейдалин, Х.Бекентаев;* Петроград студенті: *Ш.Қапсаламов* және т.б. белсенді жұмыс істеген.

Сол кезеңде Нәзір Төреқұлов, Тел Жаманмұрынов сынды студенттердің ұйымдастыруымен тыл жұмысына алынған жігіттердің *«Еркін дала»* атты саяси ұйымы құрылған. Бұл ұйымның мақсаты: қазақ халқының саяси санасын жетілдіріп, өнер-білімі мен мәдениетін дамыту болды.

Зиялылар мен студент жастар тылдағы жігіттермен 1916 ж.

қазан айынан 1917 ж. мамыр айында елге қайтуға жарлық шыққанға дейін болды.

Бұл көтерілістің барысы қазақ халқына ұлт-азаттық күресте тек қана бейбіт, саяси әдістерді ұстанудың ең тиімді жол екенін тағы бір дәлелдеп берді.

Сол кездегі оқиғалар «Қазақ» газетінің төңірегіне біріккен зиялылардың пікірі, болжамы дұрыс екендігін көрсетті.

Түсіндірме сөздік

Жарлық - мемлекет басшысының орындалуға тиісті бұйрығы ретіндегі құқықтық құжат.

Далалық өлке – Қазақстанның далалық белдеуінде орналасқан Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары енген аймақ.

Түркістан – 1) түркі тілдес тайпалар мекендеген Орталық Азия мен қазіргі Қытайдың солтүстік батыс аймағы; 2) патшалық Ресей тұсындағы Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік бөлігі енген әкімшілік бірлік (генерал губернаторлық).

Үндеу – халыққа мәлімдеме жасау, белгілі бір іс әрекетке шақыру, көпшілікке арналған ресми құжат.

Дворян - ақсүйек, патшалық Ресейдегі ірі жер иелері мен жоғарғы шенді лауазымды адамдардың қауымы.

Зиялы азамат, зиялылық - ақыл ойы мен парасаты биік, мемлекет пен ұлтының мүддесін жоғары қоятын тұлға.

Мүфтилік(Мүфтият) – мұсылман қауымдары бар аймақтарда шариат жолын ұстауға басшылық жасайтын мекеме (діни басқарма).

Бұратана халықтар – мәдени дамуы жағынан артта қалған деген мағынаны білдіреді. Патша әкімшілігі бұл халықтарды кемісіту үшін қолданған. Оларға қазақтар, орта азия және сібір халықтары жатқызылған.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себептерін атап беріңдер.
2. Патша жарлығының отаршылдық мәнін ашып көрсетіңдер.
3. Көтерілістің сипаты мен бағыты қандай болды?
4. Көтерілістің жетекшілері мен қозғаушы күші кімдер еді?

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

5. 1916 жылғы қарулы көтеріліске қазақ зиялыларының бір бөлігі неге қарсы болды?
6. «Қазақ» газеті көтеріліс барысында қандай роль атқарды және оның төңірегіне біріккен зиялылар кімдер еді?
7. Қазақ зиялылары майдан шебіне неліктен барды және қандай қызметтер атқарды?

Дамытушылық тапсырмалар:

1. Көтеріліс барысында хандықтардың құрылу себептерін ашып беріңдер.
2. Екі бағытты ұстанған қазақ зиялыларының көзқарасына салыстырмалы талдау жасап, қай бағыттың дұрыс екенін дәлелдеп беріңдер.

Тарихи тұлғалар

Әбдіғаппар Жанбосынов *(1870ж. бұрынғы Торғай облысы – 1919 ж. Торғай обл.) – қазақ халқының 1916ж. ұлт–азаттық қозғалыстың Торғай ошағының басшысы. Арғы атасы Нияз би – Абылай ханның сенімді серігі, әкесі Жанбосын көп жылдар болыстық қызмет атқарған. Ә.Жанбосынов өз ауылында мектеп ашқан.*

1916 ж. жазда бүкіл Торғай көтерілісшілерін ол өз маңына топтастырады. Сол жылы қарашада 12 болыс өкілдерінің құрылтайы Ә.Жанбосыновты хан сайлады. Өзі басқарған Торғай елін бүкіл қазқтың тәуелсіз мемлекеті құрылғанға дейін патша билігін мойындамайтын, жаугершілік заманда уақытша өмір сүруге құқылы автономиялық аймақ деп санады. Ә.Жанбосынов көтерісшілерді 20 адамнан тұратын Кеңес арқылы басқарды. Бұл Кеңес әскери, әкімшілік, шаруашылық мәселелерін шешетін орталық болды. Жергілікті жерлерде Ә.Жанбосыновтың жарлығымен елбегілер сайланды. Көтерілісті қолдаған болыстар өз қызметінде қалдырылды. Ә.Жанбосынов жасақтаған әскери құрылым патша үкіметінің қарулы күштеріне аса тегеурінді қарсылық көрсетті. Оның қол астына Қазақ елінің басқа да аймақтарынан көтерілісші жасақтары келіп қосылды. Сөйтіп, Торғай даласы Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ең ірі орталығына айналды. Ә.Жанбосынов Кеңестердің 1918 жылы наурызда Орынборда өткен Торғай облыстық I съезіне қатысқан. Бірақ, кейін кеңес өкіметін мойындаудан

бас тартады. Азамат соғысы кезінде Ә.Жанбосынов қызыл әскерлердің қолынан Зәуре қопасында қаза тапты. Ал, ұрпақтары хан тұқымы ретінде аяусыз қуғынға ұшырады.

Амангелді Иманов *(1873ж. бұр. Торғай обл. – 1919ж. Торғай қ.) - халық батыры, қазақ халқының 1916ж. ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі. А.Иманов әуелі ауыл молдасынан оқып, кейін медреседе білімін жалғастырған. А.Имановтың қолбасшылық таланты патшаның 1916 жылғы маусым жарлығына наразылық ретінде Торғайдағы көтеріліс барысында айқын көрінді. Ә.Жанбосынов пен А.Имановтың ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде көтеріліс саяси әрі ұлт азаттық сипат алды. Әскери ұйымдық жағынан нығайып, көтерілісшілер саны 50 мың адамға жетті. Көтеріліс барысында А.Иманов сарбаздары Торғай қаласын 27 күн бойы қоршауға алды. Амангелді батыр көтерілісшілердің Шошқалы, Күйік елді мекендері үшін болған шайқастарына, 1917ж. 21-23 ақпандағы Құмкешу-Доғал-Үрпектегі соңғы айқасына дейін тікелей басшылық жасаған. Жазалаушы отрядтар Торғайдағы көтерілісті тұншықтырғы [illegible]. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан революциясына жалғасып кетті.*

А.Иманов 1918ж. 21 наурыз–2 сәуірде Орынборда өткен Торғай Кеңестерінің I съезіне делегат болды. Кеңес өкіметін орнату барысында Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды. 1919ж. 20 сәуірде Торғайда Кеңес өкіметі құлатылғаннан кейін А.Иманов тұтқынға алынып, кейін қаза тапты. Батырлар әулетінің дәстүрін А.Имановтың баласы Рамазан Амангелдиев жалғастырды. Ол Ұлы Отан соғысында батыр атанды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

2. 3 ***Көтерілістің барысы, нәтижелері мен тарихи маңызы***

Көтерілістің Жетісу мен Торғай даласындағы ошағы. Көтерілісшілерді жазалау шаралары. Көтерілістің нәтижелері мен тарихи маңызы

1916 жылғы көтерілістің басты ошақтары – Жетісу мен Торғай аймағында қалыптасты. Оның өзіндік себептері бар еді. Біріншіден, бұл аймақтардағы көтерілісті ұйымдастырушылар бұрыннан халық арасында аса беделді адамдар болды; екіншіден, көтеріліс барысында хандықтар осы аймақтарда құрылды; үшіншіден, революциялық пиғылдағы Ә.Жангелдин, Т.Бокин, А.Иманов сынды азаматтар осы аймақтарда патша жарлығына қарсы белсенді үгіт насихат жұмыстарын жүргізді. Міне, осындай жағдайлардың Торғай мен Жетісудың көтеріліс ошағына айналуына шешуші ықпал етті.

Жетісудағы көтеріліс 1916 жылы шілденің басында Жаркент аймағында тыл жұмысына алынатындардың тізімін жасауға қарсылықпен басталды. 7-8 шілдеде Верный маңындағы Үшқоңыр деген жерде сол төңіректегі қазақтардың съезі өтеді. Онда жиналған әскерге жіберілмесін, жұрт таудан түспесін, телеграф бұзылсын, тізімдер жойылсын деген сияқты шешімдер қабылданды. 10 шілдеде Ұзынағаш түбіндегі Үлкенсаз деген жерде де съезд болды. Оған Жетісудың 11 болысынан бес мыңдай адам қатысты. Жиынға қатысушылар "оқтың астына барғанша, елде өлген артық!" деген шешімге тоқталды. Бұл кезде Верный, Жаркент, Лепсі, Қапал уездерінде жаппай толқулар басталды. 7 тамызда Верный уезі Самсы станицасы маңында қазақтардың біріккен бас көтеруі басталды. Көтеріліс бұл жерден Тоқмақ маңына қарай ауысты. Көтерілісті бастаған қазақтарға ұйғырлар, дүнгендер, қырғыздар да қосылды. Олар Верный-Қордай жолы бойындағы барлық пошта бекеттерін өртеп жіберді. Ташкент, Пішпек сияқты қалалармен телеграф байланысы үзілді. Тамыздың ортасында көтеріліс Жетісу облысының барлық аумағын қамтыды.

Жетісудағы көтеріліске Бекболат Әшекеұлы (Верный уезі), Жәменке Мәмбетұлы, Ұзақ Саурықұлы (Қарқара аймағы),

Аққөз Қосанұлы (Меркі аймағы) басшылық жасады. Ал, Тоқаш Бокин кейбір болыстардың сатқындық әрекеттерін әшкерелеп, халықты патша жарлығын орындамауға шақырды. 1916 жылы тамыздың бас кезінде осындай үгіт насихаты үшін ол қамауға алынады.

Көтерілістің Түркістан өлкесінде бүкілхалықтық сипат алуы патша әкімшілігін қатты алаңдата бастады. Соған сәйкес Түркістан өлкесіне соғыс жағдайы енгізілді. Түркістан генерал-губернаторы А.Куропаткин *"ешқандай амалдардан тартынбай, көтерілісшілерді дереу тыныштандыруды"* талап етті. Тиімді амалдардың бірі ретінде жергілікті халық арасында ру аралық араздықты қоздыруды ұсынды. Көпірлер мен темір жолдарды күзету күшейтілді. Көтерілісшілерді жазалау үшін әскери-далалық соттар құрылды. Жетісуға 7 атқыштар ротасы, қазақтардың бес жүздігі,14 зеңбірек жеткізілді. Майдандағы армиядан батарея мен пулемет командасы бар екі казак полкі әкелінді. Алайда, күшті қаруланған әскер мен әскери-далалық соттардың көтеріліс басшыларын өлім жазасына кескен үкімдері көтерілісшілердің жауынгерлік рухын жасыта алмады. Көтерілісшілер қорғанысқа қана қоймай, кейбір жерлерде шабуылға да шығып отырған. Мысалы: Ұзынағаш маңында Жайымтал болысының көтерілісшілері мен жазалаушы отряд арасында кекілескен шайқастар болды. Тамыз айында 5 мыңнан астам жасағы бар көтерілісшілер жазалаушы отрядты талқандап, Қарқара жәрмеңкесін басып алды.

Жазалаушы отрядтармен соңғы ұрыстар қыркүйектің аяғында Қапал уезінде жүрді. Алайда, көтерілісшілер қару-жарағы күшті патша әскерлерін жеңе алмады. Көтерілісшілердің жасақтары жеңіліске ұшырап, қалғандары тауға қашып кетті. Жетісудағы көтеріліс 1916 жылы қазанда басып-жаншылды.

Жазалаушылар көтерілісшілерді ғана емес, бейбіт халықты да жазалады. Көптеген қазақ ауылдары қиратылды. Олардың малын айдап әкетті, мүлкін талан-таражға салды. *Патша әскерлері құдалаған 300 мыңнан астам қазақ-қырғыздар Қытайға қоныс аударуға мәжбүр болды.* Көтеріліс жетекшілерінің бірі Бекболат Әшекеұлы дарға асылды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Сотсыз-тергеусіз атылғандар мен жазалаушылардың қолынан қаза тапқандарды есептеу мүмкін емес еді. Ал, генерал А.Куропаткин бекіткен сот үкімдері бойынша ғана Түркістан өлкесінде 1917 жылдың 1 ақпанына дейін 347 адам өлім жазасына кесілді, 168 адам жер аударылды, 129 адам түрмеге жабылды.

Көтерілістің мейлінше кең құлаш жайған орталығы Торғай даласы болды. Мұндағы көтеріліс басқаларға қарағанда ұзаққа созылды. Ұйымдасуы жағынан де жоғары болды. Көтеріліс Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Қостанай уездерінің барлығын қамтыды. Торғай көтерілісшілері Әбдіғапар Жанбосынұлын хан етіп сайлады. Ал, әскери жасақтарға бас сардарбек болып Амангелді Иманов тағайындалды. Ол қазаққа белгілі Иман батырдың немересі болатын. Иман батыр Кенесары хан бастаған көтеріліске қатысып, 1869 жылы Торғай қазақтарының отарлық саясатқа қарсы көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі болған.

А. Имановтың серіктері арасында мерген Кейкі Көкімбайұлы мен Оспан Шолақұлы сынды батырлар болды. Көтеріліс ісіне білімді азамат Әліби Жангелдин де белсене араласты. А.Иманов пен Ә.Жангелдин көтеріліс алғашқы күндерінен бастап айқын көрінді. Торғай даласының барлық аймағында жасақтар құрылды. Сондай-ақ, оларға Байқоңыр, Шоқпаркөл кеніштері мен Орынбор-Ташкент темір жолының жұмысшылары қосылды. Әбдіғаппар ханды қолдаушылардың қатары күннен-күнге өсе берді. Торғай даласына Сырдария, Ақмола, Семей облыстарынан да көтерілісшілер ағылып келіп жатты. Егер қазан айының бас кезінде Әбдіғаппар ханның жасағында 5 мыңдай адам болса, сол айдың аяғында олардың қатары 50 мыңға жетті. Көтеріліс басшылары Әскери Кеңес құрды. Кеңес жанынан әскери істер хатшылығы, пошта, салық жүйесін қалыптастырды. Орталығы (штаб) Торғай даласындағы Батпаққара деген жерде орналасты. А.Иманов көтерілісшілер арасында қатаң тәртіп орнатып, әскери жаттығуларға көп көңіл бөлген. Жасақтарын ондық, жүздік, мыңдықтарға топтастырды. Соған сәйкес онбасы, жүзбасы, мыңбасы тағайындалды. Сонымен бірге, *мергендер жасағы* мен *жедел қимылдайтын атты әскер* құрылады. Мысалы:

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

1916 жылы күзде Торғай және Ырғыз уездерінде 20-ға тарта осындай жасақтар құрылған.

Әскер жасақталып, мүмкіндігінше олар қару-жарақпен қамтамасыз етілді. Ал, қазан айының соңында көтерілісшілер алғашқы әскери қимылдарын бастады. Ең алдымен Ырғыздан Торғайға дейінгі барлық пошта бекеттері мен телеграф желісін қолдарына алды. 23 қазанда А. Иманов бастаған 15 мың әскер Торғай қаласын қоршап алды. Бірақ қалаға жасалған тіке шабуыл сәтсіз аяқталды. Қоршау он күнге созылды. Торғай көтерілісін басу үшін патша үкіметі генерал А. Лаврентьев басқарған 10 мың әскер жіберді. Оған 17 жаяу әскер ротасы, 18 казак жүздігі, 18 зеңбірек пен 10 пулеметі бар 4 әскер эскадроны кірді. Жазалаушы әскер жақындаған соң көтерілісшілер Торғайды қоршауын тоқтатып, оған қарсы аттанады. Амангелді батырдың 12 мыңдық жасағы Түнқойма пошта бекеті маңында оларға шабуыл жасайды. Бұл шайқаста жазалаушылар көп шығынға ұшырап, 16 қарашада Торғай қаласына әрең дегенде келіп кіреді.

Бірақ қыстың ерте түсуі көтерілісшілердің әскери қимылдарын қиындатып жіберді. Қарашаның ортасында көтерілісшілердің негізгі күші Торғайдан шегініп, Батпаққара төңірегіне жиналды. Мұнда алдағы іс-қимылдарын жоспарлау үшін Әскери Кеңес жиындары өткізіледі. Әбдіғаппар хан енді жазалаушыларға қарсы партизандық күрес әдісіне көшті. Әскери қимылдар негізінен қарашаның соңында Ырғыз бен Торғай арасындағы пошта жолдарында жүргізіледі. 1917 жылдың басында Қостанайдан Батпаққараға қарай беттеген жазалаушы әскердің жолын А.Иманов бастаған 2 мыңдай жасақ бөгеді. 13 қаңтарда Күйікқопа деген жерде болған ұрыстардан кейін жазалаушы отряд шегінуге мәжбүр болды. 18-19 ақпанда 4 зеңбірегі, 6 пулеметі бар патша әскері мен қазақ сарбаздары арасында шайқас жүрді. Ақпан айының соңында Әбдіғаппар хан сарбаздары Доғалүрпек маңында патша әскерлеріне қарсы соңғы рет шайқасты. Бірақ онда да жеңіліске ұшырады. Көтерілісшілердің аман қалған бөлігі қырға қарай шегінуге мәжбүр болды. Дегенмен, көтерілісшілер соғыс қимылдарын 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін де жалғастыра

берді. Бірақ олар стихиялы түрде жүрді. Себебі халық патшаның тақтан түскенін естіп, елдеріне тарай бастаған еді.

Көтерілістің нәтижелері мен тарихи маңызы.

1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің маңызды белестерінің бірі болды. Бұл азаттық қозғалыс, ең алдымен отарлық саясатқа қарсы бағытталды. Стихиялы бас көтерулерден ұлт-азаттық қозғалыс деңгейіне жетті. Бір аймақтағы оқиғалар басқа аудандарға ықпал етіп, өзара сабақтасып кетті. Алайда, қозғалыс жеңіліс тапты. Жеңілістің бірқатар себептері болды. Көтеріліс арнайы дайындықсыз басталған еді. Тұрақты әрі біріккен басшылық болмады. Көтерілістің негізгі ошақтары арасында байланыс әлсіз болды. Сарбаздар өте қарапайым қару-жарақпен: қылыш, найза, садақ, ішнара мылтықпен қамтамасыз етілді. Мұндай қарумен жарақталған әскердің зеңбірек пен пулеметке қарсы тұруы да мүмкін емес еді. Бірақ көтерілісшілер күшті қаруланған әскерге қарсы ерлікпен шайқасты. Бұл шайқастарда қазақ халқы қайсарлық пен жауынгерліктің биік үлгісін көрсетті.

Көтеріліс барысында қазақ зиялылары азаттық жолындағы күрестің қарулы көтерілістен басқа да нысандары болуы керектігі туралы пікірлер айтты. Олар бейбіт әрі саяси әдістер арқылы күрес жүргізу керек деген пікірлерін дәлелдеді. Ол дамуы жағынан артта қалған қазақ халқы үшін бірден бір тиімді жол еді. Сол кезеңдегі оқиғалар демократиялық зиялы қауым өкілдерінің көзқарастары дұрыс болғанын көрсетіп берді. Бірақ бұл жерде Ә.Бөкейхановтар ұсынған жолды халық мүлде қабылдай алмады деген пікір тумауы керек. Халық патшаға қарсы шығудың неге әкеп соғатынын түсінді. Алайда, отарлық езгіден көрген қорлық, ашу-ыза оларды тоқтата алмады.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі – Ресей империясындағы дағдарыстың одан әрі тереңдеуіне себепші болды. Монархиялық басқару жүйесінің іргесін шайқалтты. Бұл көтеріліс Ресейдегі монархиялық билікке қарсы күреске жалғасып кетті.

Түсіндірме сөздік

Сардарбек - әскер басшысы, қолбасшы.

Станица – казак шаруаларының елді мекені, әкімшілік орталығы.

Стихиялы – жоспарсыз, ұйымдаспаған.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің негізгі ошақтары неліктен Торғай мен Жетісуда қалыптасты?
2. Торғайдағы көтерілістің жетекшілері кімдер болды?
3. Жетісудағы соғыс қимылдарының басты оқиғаларына тоқтал.
4. Торғайдағы көтерілісшілердің әскери құрылымы қандай болды?
5. Жетісудағы көтеріліс қалай жазаланды?
6. Көтерілістің нәтижесі мен салдары қандай болды?
7. Көтерілістің тарихи маңызын ашып көрсетіңдер.

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Жетісу мен Торғай даласындағы көтерілістің ортақ белгілері мен ерекшеліктерін айқындайтын кесте сызыңдар.

Ә) Картадан көтерілістің негізгі ошақтарын көрсетіп, ұлт азаттық көтерілістің барысы туралы баяндап беріңдер.

Б) Қ.Аймауытовтың «Қартқожа», М.Әуезовтың «Қилы заман», С.Мұқановтың «Ботагөз» романдарында сол кезеңнің оқиғалары бейнеленген. Осы романдардың бірі бойынша қысқаша баяндап беріңдер

Тарихи тұлғалар

Бокин Тоқаш *(1890, бұр. Жетісу обл. – 1918, Алматы) – Жетісудағы 1916ж. ұлт–азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі. 1898–1906ж. Верныйда ер балалар гимназиясында оқыған. 1914ж. дейін Верный уезінің сот органдары мен қоныс аудару басқармасында тілмәштық қызметте болады. 1914–16ж. Санкт–Петербург қаласында сот палатасында жұмыс істеген. Патша үкіметіне қарсы түрлі саяси ұйымдардың бағдарламаларымен танысады. 1916ж. елге оралған Т.Бокин қазақ халқының ұлт–азаттық көтерілісінің Жетісу ошағы жетекшілерінің бірі болды. 1917ж. большевиктерге қолдау білдіріп, Жетісу облысында Кеңес өкіметін орнатуға атсалысты. Ол 1918ж. Жетісу әскери–революциялық комитетінің мүшесі болып сайланды. Жетісуда Кеңес*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

үкіметін орнату мен ұлттық әскери жасақтарды жасақтау ісіне белсене араласты. Т.Бокин Азамат соғысы кезіндегі саяси күрестің құрбаны болды.

Бекболат Әшекеев *(1848 ж. бұр. Жетісу обл. туған - 1916 ж. Алматы маңы).*

1916ж. ұлт–азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі. 1916ж. шілдеде Б.Әшекеев Верный уезінің болыстарының басын қосып, патшаның маусым жарлығын талқылау үшін жиын шақырған. Жиында оның ұсынысымен тыл жұмысына адам бермеу жөнінде шешім қабылданады. Тамыз айында Б.Әшекеев бастаған көтерілісшілер жазалаушы отрядпен шайқасқа түседі. Күші басым отрядқа төтеп бере алмаған көтерілісшілер Құмбел асуы арқылы Қырғыз жеріне шегініп, одан әрі Қытайға өтпек болады. Бірақ ел-жұртын қорғансыз қалдырмауға бел байлап, барлық жауапкершілікті өз мойнына алған Б.Әшекеев көтерілісшілерді тараты п, өз еркімен патша әкімшілігіне беріледі. 1916ж. 7 қыркүйекте Верный қалалық әскери соты Б.Әшекеевті дарға асуға үкім шығарады. Б.Әшекеевтің 20 астам жақын серіктері де сотқа тартылып, олардың 12 өлім жазасына кесіледі.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

III-тарау. Қазақстан Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі тұсында

3.1 *Қазақстанның 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейінгі қоғамдық-саяси өмірі*

Ресейдегі Ақпан революциясы және патша үкіметінің құлауы. Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық-саяси ахуал. Уақытша үкіметтің саяси бағыты. Қазақ зиялыларының қызметі. Қазақстанда үш өкімет билігінің қалыптасуы.

1917 жылдың басында Ресейде революциялық ахуал қалыптасты. Өйткені I-дүниежүзілік соғыс созылып кетті. Ал соғыс күн сайын қосымша қаржыны қажет еткен еді. Ол қаржы халықтан жиналып отырды. Соған сәйкес елде аштық, жоқшылық етек алды. Халық күйзелді. Ресей әскерінің майдандағы сәтсіздіктері жиілей бастады. Оған шет аймақтардағы көтерілістер қосылды. Міне, осының бәрі патша үкіметінің елді басқаруға дәрменсіз екенін көрсетті. Монархиялық билікке деген наразылық күннен күнге арта түсті. Бүкіл Ресейде *«Соғыс жойылсын!», «Самодержавие жойылсын!»* деген ұрандармен халық ереуілдерге шықты. Бұл ереуілдер кейін қарулы көтеріліске ұласты.

Нәтижесінде 1917 жылы 27 ақпанда Петроградта буржуазиялық-демократиялық революция болды. Бұл революцияны алдыңғы қатарлы зиялы қауым, буржуазия өкілдері, жұмысшылар жасады. Олар жеңіске жетіп, патша тақтан түсірілді. Патша билігінің орнына Уақытша үкімет құрылды. Мемлекеттік Дума мүшелері бұл үкіметтің құрамын бекітті: Министрлер Кеңесінің төрағасы және Ішкі істер министрі - князь Г.Е.Львов, Сыртқы істер министрі - П.Милюков, Әділет министрі - А.Керенский т.б. Үкіметтің уақытша болып құрылуының себебі: болашақта Ресей мен оның құрамындағы халықтардың саяси, экономикалық, мәдени дамуын түпкілікті айқындайтын *Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысы* болатынын мәлімдеді. Кейін, Уақытша үкімет Құрылтай Жиналысына сайлау өткізуді 1917 жылдың күзіне белгіледі.

Патша өкіметінің құлағанын қазақ халқы да зор

қуанышпен қарсы алды. Қазақ халқы еркіндік аламыз, жерімізді қайтарып аламыз деп үміттенді. Сол кезде Минскіде тыл жұмысындағы жігіттерге көмек көрсетіп жүрген Ә.Бөкейханов, М.Дулатовтар бастаған бір топ қазақ зиялылары қазақ халқына Үндеу жолдады. Ол «Қазақ» газетінде жарияланады. Үндеуде: *«Ресейдегі барша халыққа Ағайындық, Теңдік, Бостандық күні туды... Енді араздық, өштік, дау, жанжал, талас, партиялық сиыспауларды тастау керек.Көксерлік жұмыстарың-бірлік, адалдық болсын! Жер мәселесін де қозғап, тезірек қолға ала беріңдер. Біз қалайтын патшалық түрі - демократическая республика...*

Құдайдан басқа ешкімнен қорықпаңдар! Түзулікпен іс етіңдер, жаңа үкіметті сүйеңдер... өзіміздің майдандағы жұмысшыларымызға болысыңдар!» деген сөздер жазылды. Олар таяу болашақта ұлттық автономияға қол жеткізу мүмкін болады деп сенді. Ондай сенімнің негізі де бар еді. Өйткені, Уақытша үкімет бірден ұлттардың теңдігі мен бостандығын мойындаймыз деп мәлімдеді. Елдегі демократиялық өзгерістерге жол ашамыз деген уәде берді. 1917ж. 7 наурызда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқандарға кешірім жасау туралы, 20 наурызда Ресейде ұлттық және діни тұрғыдағы шектеулердің жойылатыны туралы Жарлықтар шығарды. Сол жылы 24 сәуірде тыл жұмысына алынған қазақтарды босату жөнінде үкімет шешімі қабылданды. Міне, осындай оң шешімдер қазақ халқының ертеңгі күнге деген сенімін нығайтты. Сондықтан да Уақытша үкіметке қолдау көрсетті.

Қазақстанда наурыздан бастап Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдары құрыла бастады. Билік органдары алғашқыда Азаматтық немесе Коалициялық комитет деп аталды. Себебі, Қазақстан халқының құрамы сол кезден-ақ көп ұлтты еді және әрбір әлеуметтік топтардың мүдделері ескерілді. Бірінші кезекте патша үкіметі кезінде көптеген артықшылықтарға ие болған басқа ұлт өкілдері ұйымдаса бастады. Олардың ішінде жұмысшылар, казактар, солдаттар, қызметкерлер, дәрігерлер, мұғалімдер өз ұйымдарын құрып, саяси құқықтарын жүзеге асыра бастады. Уақытша үкімет

органдарына өз өкілдерін енгізді. Бұрын еркін іс-әрекет жүргізе алмаған саяси партиялар да қызметке кірісті. Қазақстан қалаларында бөлімдері бар партиялардың қатарында эсер, РСДЖП және оның ішіндегі меньшевик және большевиктік бөлімдері, кадет партиялары қоғамдық өмірге белсене араласты. Олардың өкілдері негізінен Қазақстанда құрылған Кеңестердің құрамында қызмет атқарды. Бірақ, бұл ұйымдардың көпшілігінде шовинистік пиғылдары басым болды. Мысалы: 1917ж. 9- наурызда Ақмола облысы Уақытша үкіметтің Коалициялық комитетінің құрамына Омбы уезінің қазақтары атынан келген А.Тұрлыбаев пен А.Шонаевты шешуші дауыс құқығында емес, кеңесші дауыс құқығында енгізген. Ал Семей облысындағы Уақытша үкіметтің Атқарушы комитеті алғашқы отырыстарына бұрын саяси ұйымдары болмаған деген сылтаумен қазақ халқының өкілдерін мүлде кіргізбей қойған.

Бірақ, қазақ зиялылары өз құқықтары үшін күресін тоқтатқан жоқ. Кейін барлық жерде жергілікті мемлекеттік билік органдарына өз өкілдерін енгізе бастады. Патша үкіметі кезінде сондай құқық алмаған еді. *Уақытша үкіметтің Торғай облыстық комиссары болып Ә.Бөкейханов, ал Жетісу облыстық комиссарлығына М.Тынышбаев тағайындалды. Екеуі де Түркістан комитетінің мүшесі ретінде енгізілді. Сонымен бірге М.Шоқаев, А.Кенесарин, А.Бірімжанов сынды азаматтар да жауапты мемлекеттік қызметтерге ие болды.*

1917ж. мамырда жаңа билік органдары ауылдарға да жетті. Осындай өзгерістер барысында Қазақ комитеттері құрылды. Олар: ауылдық – болыстық – уездік – облыстық деңгейде қызмет атқарды. Уақытша үкіметтің билік орындарында қазақ халқының мүддесін қорғайтын осы Қазақ комитеттері болды. Қазақ комитеттері барлық облыстарда қазақ съездерін өткізуді ұйымдастырды. Бұл съездерде қоғамның барлық саласының өзекті мәселелері талқыланды. Автономия, мемлекеттік құрылыс, жер, білім беру, азық түлік, денсаулық сақтау, әйел теңдігі және т.б. көптеген шешімін таппаған мәселелер бойынша арнайы қаулылар қабылданды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Бүкіл Ресейдегі сияқты Қазақстанда да Уақытша үкімет органдарымен қатар жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңестері құрылды. Кеңестер 1917 жылы наурыз-мамыр айларында Қазақстанның барлық қалаларында ұйымдастырылды. Кеңестер жұмысшылар мен шаруалардың таптық мүддесін қорғау үшін күрес жүргізді. Жұмысшыларға сегіз сағаттық жұмыс күнін, әлеуметтік тұрғыда қорғалуын, еңбек жағдайын жақсартуын талап етті. Ал шаруалардың жермен тегін қамтамасыз етілуін қолдады. Сөйтіп, олар да бірте бірте халықтың қолдауына ие бола бастады.

Революциядан кейінгі оқиғалар Уақытша үкіметке қарсы саяси күштердің бар екенін айқындап берді. Ол күш жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі еді. Сөйтіп, жазға қарай бүкіл Ресейде *қос өкімет* билігі орнады. Бірі Уақытша үкімет болса, екіншісі жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңестері болды. Ал *Қазақстанда үш өкімет билігі*: Уақытша үкімет – Кеңестер – Қазақ комитеттері қалыптасты. Себебі, Қазақ комитеттері халықтың жаппай қолдауына ие болды. 1917 жылы көктемде өткізілген облыстық съездер Қазақ комитеттерін қайта заңды түрде бекітті. Олардың құрамына бұрынды азаматтар енгізілді. Мысалы: Ақмола облысында заңгер Ережеп Итбаев, Оралда заңгер Ғабдолла Әлібеков, Семейде заңгер Райымжан Мәрсеков төрағалық қызмет атқарды. Қазақ халқы барлық жерлерде арыз шағымдарымен тек қана Қазақ комитеттеріне келетін болды. Сондықтан да, Қазақ комитеттері қазақ халқының құқықтарын қорғаушы есебінде қабылданды. Ал, басқа саяси күштер олармен санаса бастады.

Қазақ зиялыларының ұлттық автономияны жүзеге асыра алатын билік органын құруға ұмтылу заңды еді. Олар жер мәселесін, білім беру, сот, дін және т.б. маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуге қатысуды көздеді. Бұл ғасырлар бойы отарлық езгіде болып келген қазақ халқының мемлекеттік билікке алғаш рет қатыстырылуы болатын.

Уақытша үкімет органдары мен Қазақ комитеттерінің өзара қатынасы екі жақты сипатта өрбіді. Қазақ комитеттері ұлттық мүддені қорғауда маңызды саяси қызмет атқарды.

Олар қазақ халқының мүдделеріне қайшы келмеген Уақытша үкіметтің іс-шараларына ғана қолдау білдірді. Бұл елде тыныштық пен тәртіпті сақтау, милиция құру сияқты мемлекеттік істер еді. Қазақ комитеттері мен Уақытша үкімет арасында қайшылықтар да орын алды. Ол қоныстандыру басқармасының сақталынып қалуы мен жер мәселесінде қазақ халқының талап-тілектерінің ескерілмеуінен туындап отырды. Қазақ комитеттері қоныстандыру басқармасының қызметін тоқтатуды, жерді тартып алуға тиым салып, қазақтардың жерді пайдалану құқығын кеңейтуді талап етті.

Қазақ комитеттері, сонымен қатар басқа да саяси ұйымдармен байланыс орнатты. Мысалы, Семей облыстық Қазақ комитеті жұмысшы және солдат депуттары кеңесімен, шаруа және казак кеңесімен, облыстық атқару комитетімен коалициялық келісімге келді.

Сонымен, *Қазақ комитеттерінің қызметі Уақытша үкіметтің мемлекеттік унитаризм идеясына қарсы ұлттық автономия құруға жасалған алғашқы саяси қадамы болды.*

Ресейде қос өкіметтің Қазақстанда үш өкіметтің орнау себебі мынау еді. *Біріншіден,* патша үкіметі құлағанымен елдің әлеуметтік экономикалық жағдайы өте ауыр күйінде қала берді. Ел ішінде азық түліктің жетіспеуі анық байқалды. Қалаларды азық түлікпен қамтамасыз ету қиындап кетті. Сол себепті де, барлық ұйымдардың съездерінде күн тәртібіне азық түлік мәселесі қойылып отырды. I дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылғы көтеріліс салдарынан шаруашылықтар бүліншілікке ұшырады. Әсіресе, егіншілік зор шығын көрді. Соғыс қимылдарынан қазақтармен бірге орыс шаруаларының да шаруашылықтары зор шығынға ұшырады. Сондықтанда қандайда бір саяси ұйым елдің әл ауқатын жақсартамыз деген ұран көтерсе, халық сол ұйымның соңынан еруге даяр көңіл күйде болды болды.

Екіншіден, Уақытша үкіметтің билік органдары оның құрамына енген саяси ұйымдардың пікір таластыратын орынға айналып кетті. Бірқатар демократиялық өзгерістер жасағанымен ұлт саясатында патша үкіметінің саясатын жалғастырды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Тиншіден, Халықтың көкейіндегі ең басты мәселе - жер мәселесін шешуді кейінге қалдыра берді. Қазақтардан тартып алынған жерлер өз иелеріне қайтарылмады. Қоныс аудару саясаты өз жалғасын тапты. Езілген халықтардың өзін өзі билеу құқын беру, яғни, автономия мәселесін Құрылтай жиылысына ысыра берді. Соғысты жеңіске жеткенше жүргіземіз деген саясат ұстану арқылы халықтың наразылығын туғызды. Осындай екіұдай саясат ұстану арқылы Уақытша үкімет халықтың сенімінен шыға бастады.

Түсіндірме сөздік

Демократия(гр. тілінде) - халық билігі деген мағынаны береді.

Буржуазия (фр. сөзі) – қаржылық және өндірістік капиталға иелік ететін әлеуметтік топ.

Коалиция – өзара ымыраласу арқылы одақ құру деген мағынаны білдіреді.

Кадет партиясы – конституциялық-демократиялық қоғам орнатуды көздейтін XIX XX ғ. басындағы Ресейдегі партия.

Эсер – социал-революционерлер, революция арқылы қоғамда әлеуметтік теңдік орнатуды көздейтін партия.

РСДЖП – Ресейдің социал-демократиялық жұмысшылар партиясы. *большевиктер* – РСДЖП ішіндегі саяси ағым, мемлекеттік билікке төңкеріс арқылы жетуді жақтаушылар. Жетекшісі В.Ленин. Төңкеріс жолына қарсылар азшылық болғандықтан олар *меньшевиктер* деген атауға ие болған. Меньшевиктердің жетекшісі Г.Плеханов.

Құрылтай Жиналысы - мемлекеттің саяси құрылымын, даму бағытын айқындайтын халық өкілдерінің сайланбалы құзырлы органы.

Шовинизм – бір ұлттың екінші ұлттан артықшылығын дәріптейтін теріс саясат.

Унитарлық – мемлекеттің тұтастығы, автономиялық құрылымдарға бөлінбейтіндігі.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының пісіп жетілуіне қандай алғышарттар қалыптасты?

2. Революция жеңісінен кейін қазақ зиялылары қандай саяси шараларды жүзеге асырды?
3. Қазақстанның саяси өмірінде неліктен үш өкімет жүйесі қалыптасты?
4. 1917 жылғы Ақпан революциясы қоғамға қандай бостандықтар мен еркіндіктер берді?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Уақытша үкіметтің Қазақстанға қатысты қабылдаған құжаттарына қысқаша сипаттама беріңдер.

Ә) Қазақстанда Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан үш үкіметтің: «Уақытша үкімет – Кеңестер – Қазақ комитеттері» мақсаты мен өзара қатынасына талдау жасаңдар

Тарихи тұлғалар

Мұхаметжан Тынышбаев *(1879-1838) – Алаш қозғалысының қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби инженер. 1900 ж. Верный гимназиясын алтын медальға бітірген. Ал, 1906ж. Петербургте Жол қатынастары институтын тамамдады. М.Тынышбаев Жетісу облысынан II Мемлекеттік Дума депутаты болып сайланған. Оның саяси қызметінің шарықтау шегі Ақпан революциясының жеңісінен кейінгі демократиялық өзгерістерге тұспа тұс келді. Ол Уақытша үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары, Түркістан комитетінің мүшесі болып тағайындалды. Бұл қызметте жүріп қазақ комитеттерін ұйымдастыруға, қазақ съездерін өткізуге атсалысты. Ол «Алаш» партиясының ағынан Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының депутаты болып сайланды. 1917ж. қарашада Қоқанда өткен төтенше IY-бүкілмұсылмандық съезде Түркістан автономиясы құрылып, оның алғашқы төрағасы болып М.Тынышбаев сайланады. 1917ж. желтоқсанда өткен II-жалпықазақ съезінде Алаш автономиясын басқаратын Алашорда үкіметінің құрамына сайланады. Азамат соғысы барысында ол қазақ зиялыларымен бірге Кеңес өкіметі жағына шығуға мәжбүр болды. 1920ж. бастап Кеңестік үлгідегі Қазақ автономиялық республикасын қалыптастыруға араласты. Жол қатынастары инженері ретінде Түркісіб темір жол құрылысының бас инженері болды. Сонымен бірге, ол*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

сылыми жұмыспен де айналысты. М.Тынышбаев «Қазақ халқының тарихы» атты зерттеу еңбегін жариялады. Оның туған халқына әлі де берері мол еді. Өкінішке орай, ол да сталиндік қуғын-сүргіннің құрығынан құтыла алмады. 1938ж. ату жазасына кесілді. 1958ж. ақталғанымен М.Тынышбаевтың игілікті істері мен шығармашылық мұралары Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халыққа насихаттала бастады.

Ақпаев Жақып *(1876-1934) – қоғам қайраткері, заңгер. Қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген.*

1903 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітірген.Қазақтан шыққан тұңғыш заң магистрі. 1903-05 жылдары Омбы, 1907-27ж. Семей, Сырдария округтық, губерниялық соттарында қызмет атқарды. 1907 жылдан Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімінің мүшесі, 1917 жылы "Шора-и исламдағы" қазақ өкілі болды, «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметін құруға белсене қатысты. Алашорда Ұлт Кеңесінің мүшесі болып сайланды. Ұлтына сіңірген еңбегін қоғам [illegible] Қарқаралы уезі 1917 жылы Қарқаралы уезінің Қазақ комитеті Ж.Ақпаевтың құрметіне тегін оқытатын «Якуб медресесін» (Медресе Якубия) ашты. Ж.Ақпаев қазақ халқының тәуелсіз ел болуы үшін күресті. Сондықтан да Ресейдегі төрт өкімет: Патша үкіметі (1905-17), Уақытша үкімет (1917), Колчак (1918-19) және Кеңес үкіметі (1920-34) тарапынан үздіксіз қуғын-сүргін көрді. 1919ж. шілдеде Колчак үкіметінің далалық соты оны атуға үкім шығарды. Қарқаралы, Кереку, Семей, Омбы, Алматы түрмелеріне қамалып, әлденеше рет (1908, 1910, 1929) жер аударылды. Қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы күрескер азамат 1934 жылы қызыл террордың құрбаны болды. Ж.Ақпаев 28 апқпан 1958 жылы Қазақ КСР Жоғары Сотының шешімімен ақталды.

3.2 Қоғамдық ұйымдар мен партиялардың құрылуы. Алаш партиясы: мақсаты мен қызметі

Қазақстанда Ақпан революциясынан кейін құрылған ұйымдар мен партиялар. Жастар қозғалысы. Қазақстан мен Түркістандағы мұсылмандық қозғалыс. І жалпықазақ съезі және оның шешімдері. Алаш партиясы және оның бағдарламасының жобасы.

Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі Ақпан революциясынан кейін үлкен өзгерістерге ұшырады. Қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялар құруға еркіндік берілді. Бұл демократиялық өзгерістерге жол ашу еді. Осы мүмкіндіктерді ұлттық демократияшыл зиялылар қазақ халқының игілігіне пайдалануға тырысты. Олар халықты автономия алу жолындағы күреске біріктіру идеясын насихаттады. Ұлттық сананы ояту үшін қызмет етті. Жастарды саяси күреске тәрбиеледі. Сол кездегі жастар қозғалысының белсенділерінің бірі Мұхтар Әуезов *«Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі»* ретінде А.Байтұрсынұлы атаған қолынын.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Уақытша үкіметтің қоғамға демократиялық еркіндіктер беруіне байланысты ең алдымен қазақ жастарының мәдени-ағарту ұйымдары құрыла бастады. Орынборда "Еркін дала" ұйымы құрылды. Оған тыл жұмыстарында болған жігіттердің басын қосып ұйымдастырған Нәзір Төреқұлов болды. Омбыдағы *«Бірлік»*ұйымында С.Садуақасов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгеров сияқты т.б. жастар белсенді роль атқарды. Олар *«Балапан»* деген журнал шығарды. Редакторы М.Жұмабаев болды. Семейдегі *«Жанар»* ұйымында М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ж.Аймауытовтар мәдени-ағарту жұмыстарымен айналысты. Олар *«Абай»* журналын ұйымдастырды. Ақмолада *«Жас қазақ»* ұйымын С.Сейфуллин мен Б.Серікбаев ұйымдастырды. Бұл ұйымның да өз баспасөз органы болды. Ол *«Тіршілік»* деп аталды. Қызылжарда Б.Малдыбаев, Ғ.Қуанышевтар *«Талап»* ұйымын ашып, оның атынан *«Жаңа заман»* журналын шығарды. Меркіде Т.Рысқұлов *«Қазақ жастарының революциялық одағы»* деп аталатын ұйым құрды. Сол сияқты Оралда *«Жас қазақ»*, Троицкіде *«Үміт»*, Көкшетауда *«Жас ұран»*, Омбыда

демократиялық оқушы жастардың кеңесі» сияқты жаст
ұйымдары құрылды.

1918ж. 5-13 мамыр аралығында Омбыда I жалпықазақ
жастар съезі болып өтті. Бұл жиынның нәтижесінде барлық
жастар ұйымдарын біріктірген *«Жас Азамат»* ұйымы
дүниеге келді. Төрағасы болып Ғазиз Мурзин, хатшылыққа
Смағұл Садуақасов сайланды. Баспасөз органы ретінде *«Жас
Азамат»* газеті ұйымдастырылды.

Бұл ұйымдардың қызметі мына бағыттар бойынша
жүргізілді:

- *Қазақ халқын алдыңғы қатарлы мәдениетті елдердің
көшіне ілестіру. Оны жүзеге асыру жолы: оқу білім
тарату, газет журналдар ашу, кітапхана, музей ісін
ұйымдастыру, театр өнері мен әдебиетті дамыту.*
- *Халықтың ұлттық санасын, саяси ойын дамыту және
құқықтық тәрбие беру;*
- *Қазақ халқының азаттығы мен теңдігі жолында күрес
жүргізу.*

Бұл ұйымдардың ішінде С.Сефуллин ұйымдастырған «Жас
қазақ» пен Т.Рысқұловтың "Қазақ жастарының
революциялық одағы" және С.Торғайұлы оқушы
жастардың кеңесі» революциялық жолға түсті. Алайда,
жастар ұйымдарының барлығы дерлік Азамат соғысы
кезінде жабылып, жұмыстары тоқтап қалды. Ал оларды
ұйымдастырушы белсенді жастар кейін ірі мемлекет
қайраткерлеріне айналды.

Қоғамдық өмірге тыл жұмысынан елге оралған жігіттердің
де ықпалы өте күшті болды. Өйткені, тыл жұмысы кезінде
олармен қазақ зиялыларының бірге жүруі және солдаттармен
қарым қатынаста болуы ізсіз кеткен жоқ. Олардың саяси
көзқарастары қалыптасты. Тыл жұмысында болғандардың
кейбіреуі түрлі партия мүшесі болып оралды. Елге оралған
соң олардың көпшілігі қалаларда жұмысқа орналасты.
Жұмысшылардың ереуілдеріне белсене араласты. Барлық
жерде тыл жұмысында болғандар мен майданнан оралған
солдаттармен одағы құрыла бастады. Мысалы: тыл
жұмысшылары 1917 жылы шілдеде Верныйда "Қара
жұмысшылар одағын" ұйымдастырды. Аягөзде майданнан
оралған солдаттар мен тыл жұмысында болған қазақтар

"Солдаттардың орыс-мұсылман ұйымын" құрды. Ал
Петропавлда тыл жұмыстарынан келген азаматтар "Жас
арбакештер одағын" ашқан. Оларда осындай белсенді
әрекеттерімен елеулі саяси күшке айналды.

Ақпан революциясынан кейін Қазақстан мен
Түркістанда мұсылмандық қозғалыс та жандана бастады. Ол
заңды да еді. Өйткені, патшалық заманда қысымшылық
көрген мұсылмандар өз құқықтарын қайта қалпына келтіруге
ұмтылды. 1917 жылы наурызда Ташкентте «Шура Ислами»
(Ислам Кеңесі) партиясы құрылды. Ол Түркістандағы
ықпалды саяси күштердің біріне айналды. Партия
басшылығына М.Абдурашидханов сайланды. Оның
жұмысына М.Шоқай да белсене араласты. Бұл ұйымның
алдына қойған негізгі мақсаты: түркі тілдес мұсылман
халықтарын біріктіру, діни тұтастығын қалыптастыру және
автономияға қол жеткізу болды. Партия өз идеяларын
«Шура Ислами» газеті арқылы таратып отырды. Бірақ,
1918ж. басында бұл партияны Кеңес үкіметі таратып
жіберді. 1917 жылы жазда Мәскеуде Бүкілресей
мұсылмандарының съезі болып өтті. Бұл съезд өзінің
демократиялық шешімдерімен ерекшеленді. Съезд қоғамның
барлық өзекті мәселелері бойынша нақты көзқарасын
білдірді. Мысалы: соғыс мәселесі бойынша ол ешбір
аннексиясыз және контрибуциясыз бітім арқылы
тоқтатылуы қажет деп мәлімдеді. Ал Ресей қандай мемлекет
болып құрылу керек деген мәселеде *«федеративті
демократиялық республика»* болуы қажет деген ұсынысын
білдірді. Съезде даулы болған мәселе әйел теңдігі мәселесі
еді. Мұсылман әйелдері еркектермен саяси және азаматтық
құқықтары бойынша тең болу керек деген шешім
қабылданды. Сондай ақ, съезд қалың мал мен көп әйел
алуды да айыптады.

Сол тарихи кезеңде Түркістанның саяси өмірінде діни бағыт
басты орын алса, Алаш қайраткерлері *зайырлы қоғам* құру
идеясын жоғары қойды.

Қазақстанның барлық облыстары мен уездерінде қазақ
съездері өткеннен кейін *1917 жылы 21-26 шілдеде I
жалпықазақ съезі* болды. Ол Орынборда өткізілді. Съезге
Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Ферғана

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

облыстары мен Бөкей ордасынан өкілдер қатысты. Халел Досұхамедовтың төрағалығымен өтті. Онда он мәселе талқыланды. Олардың негізгілері мыналар: мем билеу түрі, қазақ автономиясы, халық милициясы, Құры жиылысының сайлауына даярлану һәм қазақ облыстар депутаттар, қазақ саяси партиясы, жер, оқу, дін, әйел мәселелері және т.б. Бұл мәселелердің бәрі облыс съездерде қаралып келген болатын. Ал жалпықазақ съезі аталған мәселелер жан жақты талқыланып, арнайы қаулы қабылданды. Мысалы: съезд қаулысында *«қазақ облысто ұлттық территориялық автономия алуы»* керек деліні Сот мәселесі бойынша *«қазақ тұрмысына лайық айрық сот құрылуы»* тиіс болды. Әйел мәселесінде *«әйелдер сая құқықта ерлермен тең», «қалың мал жоғалу»* керек жа *«жеті атаға келмеген жерден қазақ қыз алмасын»* делінд Ал оқу мәселесінде *«міндетті түрде бастауыш оқу енгізу «бастапқы екі жылда оқу баланың ана тілінде»* беріл және білім алу тегін болуы тиіс деген шешім қабылданды Сонымен бірге, Құрылтай Жиылысына қазақ халқының атынан сайлауға түсетін депутаттардың тізімі жасалды. Съездегі аса маңызды шешімдердің бірі "Алаш партиясының құрылуы болып табылды. Партия төрағасы болып Ә.Бөкейханов сайланды. «Қазақ» газеті партияның баспасөз органына айналды. Сонымен бірге, 1917 жылдан ашылған «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент), «Ұран» (Орал) газеттері де «Алаш» партиясының идеяларын насихаттады. «Алаш» ұлттық саяси партиясының негізгі мақсаты: 1. *халықты отарлық езгіден азат ету;*

2. халықты ұлттық идея төңірегіне біріктіру;

3. автономия үшін саяси күрес жүргізу;

Партия қатарына Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлері, зиялы азаматтар, мұғалімдер, ақын жазушылар, студенттер т.б. кірді. Олардың қатарында А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Ермеков, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтер, Ж.Ақбаев, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Х.Ғаббасов, Ш.Құдайбердіұлы, С.Сабатаев, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, М.Әуезов және басқа да танымал азаматтар болды.

Барлық аймақтарда партияның жергілікті бөлімдері ашыла

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

тады. "Алаш" партиясының бағдарламасы жасалып, шіліктің талқысына ұсынылды. Бағдарлама жобасы 17ж. 21-қарашада «Қазақ» газетінде жарияланды. Ол он лімнен тұрды. «Алаш» партиясының бағдарламасының жобасы: *I бөлім - «Мемлекет қалпы»:* «Россия демократическая, федеративная республика болу. (Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі. Федеративтік республикада һәр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Һәр қайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді.) Үкімет басында учредительное собрание мен Г.Дума қалауынша келісімді жылға сайланатын президент болу. ... Депутаттар тегіс, тең, төте һәм хұфия сайлаумен болады. Сайлау хақында қан, дін, еркек әйел талғаусыз болады. Законды жалғыз ғана Г.Дума шығаруы һәм. ...»

II бөлім - «Жергілікті бостандық»: «Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып Россия республикасының федерациялық бір ағзасы болуы. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттар мен әзірге бірлесе болуы, реті келмесе, бірден ақ өз алдына жеке болуға ... жолдас, жебірлерге жау болады. ...»

III бөлім - «Негізгі хұқық»: «Россия республикасында дінге, қанға қарамай, еркек әйел демей адам баласы тең болу. Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға еркіншілік; хүкімет қызметшілері иесінен рұқсатсыз еш кім табалдырығын аттаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық;...»

IV бөлім - «Дін ісі»: «Дін ісі мемлекет ісінен айырылулы болуы. Дін біткенге тең хұқық. Дін жоюға ерік. Кіру шығу жағына бостандық. Мүфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болуы, жесір дауы сотта қаралуы.»

V бөлім - «Билік және сот»: «Һәр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болуы. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. ... Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралуы. Қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болуы. Присяжныйлар қазақтан алынуы. Қырдағы ауыл, болыс ішінде билік пен сот жұрт ұйғарған ереже жолымен

атқарылуы.»

VI бөлім - «Ел қорғау»: «Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмауы. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету. Әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқаруы.»

VII бөлім - «Салық»: «Салық мал ауқат, табысқа қарай байға байша, кедейге кедейше ғаділ жолмен таратылу.»

VIII бөлім - «Жұмысшылар»: «Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде завод фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. «Алаш» партиясы жұмысшылар турасында социал демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды.)

IX бөлім - «Ғылым білім үйрету»: «Оқу ордаларының есігі кімге болса да ашық һәм ақысыз болуы; жұртқа жалпы оқу жайылуы. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқуы; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашуы; оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хүкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер профессорлар өзара сайлаумен қойылуы; ел ішінде кітапханалар ашылуы.»

X бөлім - «Жер мәселесі»: «Учредительное собрание негізгі закон жасағанда жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеуі; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайтуы; ... Жер законінде жер сату деген болмау һәр кім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астығы, байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу. Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу.» *Жоба жасаушылар:* Ғалихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғабдулхамид Жүндібаев, Ғазымбек Бірімжанов.» («Қазақ», 1917, 21 қараша)

Жоба мазмұнына қарағанда, оның демократиялық құндылықтарға негізделіп даярланғаны айқын аңғарылады. Сондай-ақ, бұл бағдарлама «Алаш» партиясының 1917 жылы күзде өткізілген Құрылтай Жиылысына сайлауда жеңіске жетуге мүмкіндік жасады. Сайлау нәтижесінде «Алаш»

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

партиясы Торғай мен Орал облысында сайлаушылардың 75%, Жетісу облысында 57,5% дауысын жинаған. Ал кейбір уездерде «Алаш» партиясы айқын басымдықпен жеңген: Семей уезінде 85,6%, Көкшетау уезінде 44%, эсерлер 20%, большевиктер 6% дауысқа ие болған.

Уақытша үкімет Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысына сайланған депутаттарды шақыруды 1918 жылдың 5 қаңтарына белгілеген еді.Құрылтай Жиылысына сайлау қарсаңында Қазақстанда *«Үш Жүз»* атты саяси партия құрылады. Өздерінің бағытын социалистік партия боламыз деп жариялады. Оны ұйымдастырушылар Көлбай Төгісов, Шәймерден Әлжанов, Мұқан Әйтпенов сияқты азаматтар еді. Алғашқыда төрағасы М.Әйтпенов, кейін К.Төгісов болды. Партияның органы ретінде «Үш жүз» газетін шығарды. Алайда, бұл партияның нақты бағдарламасы болмады. Сондықтан да халықтың қолдауына ие бола алмады. Құрылтай сайлауында да өте аз дауыс жинады. Кейін большевиктерді жақтап, «Алаш» партиясына қарсы саяси күрес жүргізді. Азамат соғысы кезінде жетекшілерінің өлтірілуіне байланысты «Үш Жүз» партиясы тарап кетті. Бұл оқиғалардың бәрі қазақ халқының негізгі бөлігі «Алаш» идеясының төңірегіне біріккенін көрсетті.

Түсіндірме сөздік

Ұлттық идея – ұлтты бір мақсатқа жұмылдыратын құндылықтар жиынтығы.

Социал-демократия – әлеуметтік теңдік пен демократиялық қоғам орнатуды мақсат ететін саяси ұйым

Шуро ислами – ислам кеңесі.

Иттифок – и – муслимин – мұсылмандар одағы.

Аннексия – бір елдің жерін күшпен тартып алу

Контрибуция – соғыста жеңілген елдің жеңген елге соғыс шығынын төлеуі

Федеративті – құрамына бір немесе бірнеше автономиялы елдер кіретін мемлекет.

Зайырлы қоғам – дін мемлекеттен бөлінген, саясат пен мемлекеттік істерге араласпайтын, бірақ діни сенімге бостандық берілетін қоғам

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан Қазақстандағы жастар ұйымдары қызметінің негізгі бағыттары қандай болды?
2. І-жалпы қазақ съезі қашан өтті және қандай маңызды шешімдер қабылдады?
3. «Алаш» партиясының жетекшісі кім және көздеген негізгі мақсаты қандай болды?
4. Қазақстанның саяси өмірінде мұсылмандық қозғалыстың орны қандай болды?
5. «Үш жүз» партиясы қалай дүниеге келді және қандай бағыты ұстанды?
6. Ақпан революциясынан кейін Қазақстанда қандай газет-журналдар шығып тұрды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Ақпан революциясынан кейін Қазақстанда құрылған саяси партиялар мен жастар ұйымдарының тізімін жасап, олардың жетекшілері мен көздеген бағыттары жөнінде кесте жасаңдар.

Ә) «Алаш» партиясы бағдарламасының [illegible] күнмен байланыстыра отырып талдау жасаңдар.

Арнайы тапсырма: Өзің тұратын өлкеде Алаш партиясына мүше болған азаматтар туралы мәліметтер жинаңдар.

Тарихи тұлғалар

Мәрсеков Райымжан *(1879ж. бұр.Семей обл. – дүниеден өткен жылы белгісіз) – Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. Омбы гимназиясында білім алған. Петербург университетінің заң факультетін 1902ж. адвокатура мамандығы бойынша тәмамдаған.*

Р.Мәрсеков 1902-12ж. Семейдің округтық сотында, Омбының сот палатасында қызмет атқарады. Орыс Географиялық Қоғамы Батыс Сібір бөлімінің мүшесі болған. 1912ж. Омбыдан Семейге оралып, адвокаттық қызмет атқарады. Осы кезеңде «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қоғамның өзекті мәселелері бойынша көзқарасын жариялап тұрды. 1917ж. Ақпан революциясынан кейін Р.Мәрсеков Семей облыстық Қазақ комитетінің төрағасы және Уақытша үкіметтің облыстық атқару комитетінің

мүшесі болып сайланады. Ол 1917-19ж. Семейде жарыққа шығып тұрған «Сарыарқа» газетін ұйымдастырушылардың бірі болды. Алаш партиясы атынан Бүкілресейлік Құрылтай Жиылысына депутат болып сайланды. 1917ж. желтоқсанда II-Жалпықазақ съезінде Алаш автономиясы жарияланып, Р.Мәрсеков Алашорда үкіметінің Семей облысындағы белсенді мүшелерінің біріне айналды. 1918-19ж. Семей облыстық Земство басқармасының төрағасы қызметін атқарды. Ол қазақ соттарын ұйымдастыру, Алаш әскерін жасақтау, жер дауын қазақтардың пайдасына шешу, қазақ жастарын оқыту сияқты маңызды мәселелерді ел мүддесіне сай шешуге қажыр-қайратын жұмсаған.

1918ж. көктемде Семейде Кеңес билігін құлату мақсатында құрылған жасырын ұйымның әскери бөліміне Р.Мәрсеков (Х.Тоқтамышевпен бірге) енгізіледі. 1918ж. 26-мамырда Алашорда үкіметінің атынан А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Аманжоловтармен бірге Шәуешек қаласындағы Ресей консулы арқылы большевиктерге қарсы күрес ұйымдастыру үшін Қытай үкіметінен қару-жарақ алу туралы келіссөз жүргізуге қатысқан. 1920ж. Алашорда үкіметі таратылып, Кеңестік үлгіде Қазақ автономиясы жарияланған соң Р.Мәрсеков 1922ж. маусым айына дейін Семей губерниялық атқару комитетінде қызмет атқарған. Бірақ осы кезден бастап кеңес өкіметі тарапынан құғын-сүргінге ұшырады. Кеңес өкіметін мүлде мойындамаған Р.Мәрсеков 1922ж. жазда Қытайға көшуге мәжбүр болған.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

3.3 *Қазақстан 1917 жылғы Қазан төңкерісі мен Кеңес өкіметінің орнауы кезеңінде*

Қазан төңкерісі және Кеңес өкіметінің орнауы. Кеңес үкіметінің алғашқы декреттері. Алаш зиялыларының Қазан төңкерісіне көзқарасы. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауының ерекшеліктері. Қазақстандық большевиктер.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін орнаған Уақытша үкімет елдегі ұлттық езгіні жою, жер мәселесін, соғыстан шығу сияқты мәселелерді шеше алмады. Қазақ халқының автономияға деген саяси құқықтары ескерусіз қалды. Өлкедегі қазақтардың жер иеліктері мен әлеуметтік артықшылықтары толығымен сақталды. Қазақтардың ең шұрайлы жерлерін орыс шаруаларына тартып алып берген Қоныс аудару басқармасы өз жұмысын жалғастыра берді. Осындай жағдайлар қазақ халқының наразылығын туғызса да, келер күннен үмітін үзбеді. Өйткені, Уақытша үкімет патша билігімен салыстырғанда біршама қолайлы болды. Алғашқы кезде бірқатар [illegible] қабылданды. Сонымен бірге, Уақытша үкіметке қарсы күресетіндей Қазақстандағы күштердің саяси және экономикалық мүмкіндіктері төмен еді. Сондықтанда, қазақ халқы Уақытша үкіметке деген сенімін жоғалтпады.

Ал Ресейдегі ахуал мүлде басқаша болды. Онда революциялық жағдай қалыптасты. Уақытша үкіметтің елді дағдарыстан алып шығатынына халық күмән келтірді. Халықтың осындай көңіл күйін большевиктер жақсы пайдаланып кетті. Жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының Кеңесіне В.И.Ленин бастаған большевиктер партиясы жетекшілік жасады. Олар *"Бүкіл өкімет Кеңестерге берілсін!"*-деген ұран көтерді. В.Ленинді халықтың жаппай қолдай бастауының сыры мынада еді. Біріншіден, олар халыққа соғысты тоқтатамыз; екіншіден, бүкіл жер шаруаларға беріледі, жерге жеке меншікті жоямыз; үшіншіден, завод фабрикалар мен кен орындарын жұмысшылар өз иелігіне алады, қанаушыларды жоямыз деген уәделерін берді. Сонымен бірге, езілген халықтарға бостандық береміз деген ұран тастады. Бір сөзбен айтқанда,

қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік (социализм) идеясын ұсынды. Бұл күйзелген халықтың санасына бірден жетті. Өйткені, ол адамдардың әділеттілікке деген сеніміне негізделген идея еді.

Сөйтіп, В.Ленин мен оның большевиктер партиясы осы идеяларды насихаттай отырып, оны билікке жетудің басты құралына айналдырды. Нәтижесінде 1917 жылы 25 қазанда Петроградта большевиктер мемлекеттік төңкеріс жасап, Уақытша үкіметті құлатты. Төңкеріске жұмысшылар, солдаттар мен матростар белсене қатысты. Бірінші кезекте пошта телеграф, вокзал сияқты маңызды нысандар басып алынды. Бұл оқиғаны большевиктер Ұлы Қазан социалистік революциясы деген атпен тарихқа енгізді. Бірақ ол қарулы көтеріліс арқылы жүзеге асқан мемлекеттік төңкеріс еді. Жаңа үкіметті басқару Халық Комиссарлар Кеңесіне (ХКК) жүктелді. Төрағасы болып В.Ленин сайланды. Биліктің атқарушы органы ретінде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті (БОАК) құрылды. Кеңес үкіметінің жауапты билік орындарына И.Сталин, Л.Троцкий, Ф.Дзержинский сияқты [illegible] тағайындалды.

Кеңес үкіметі Уақытша үкіметтің саяси қателіктерін қайталамау мақсатында халыққа берген уәделерін орындауға кірісті. Төңкерістен кейін бірден Кеңестердің II бүкілресейлік съезін өткізеді. Бұл съезде маңызды үш құжат қабылданды: *Бітім туралы Декрет, Жер туралы Декрет және Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы.* Бітім туралы декретте майдандағы соғыс қимылдары дереу тоқтатылып, соғысып жатқан елдерді бітім жасау үшін келіссөздер бастауға шақырды. Ресейдің соғыстан шығатынын мәлімдеді. Жер туралы декретте бүкіл жер мемлекеттік меншікке алынып, жерге жеке меншік жойылады деп жазылды. Ал Ресей халықтары құқықтарының Декларациясы бойынша Ресейдің құрамындағы халықтардың теңдігі мен өзін өзі билеу құқығын танитынын жариялады.

Ресейде мемлекет билігі толығымен Кеңестерге көшуі үшін Ленин елде *пролетариат диктатурасы* орнау керек деп есептеді. Ол қоғамның дамуы таптар арсындағы күрес арқылы жүзеге асырылады деп есептеді. Тап күресінде

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

жұмысшы табы жетекші рольге ие болу керек деді. Бұл оқиға бүкіл елде, оның шет аймақтарында кеңес өкіметін орнатумен жалғасты. Ол көп жерлерде бейбіт жолмен де, қарулы күшпен де іске аса бастады.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы: барысы және ерекшеліктері

Қазақстан халқы Қазан төңкерісін әр қилы қабылдады. Ал қазақ халқының басым бөлігі оны түсіне алмады. Ұлт көсемдерінің бірі А.Байтұрсынов: «*Ақпан революциясы қазақтарға қаншалықты түсінікті болса, ал Қазан революциясы соншалықты түсініксіз көрінді. Біріншісін олар қандай қуанышпен қарсы алса, екіншісін соншалықты үреймен қабылдады.*» деп жазды. Ақпан революциясының ғасырлар бойы қазақ халқын езіп келген патшаны құлатқанына қуанды. Енді еркіндік аламыз деп үміттенді. Ал Қазан революциясын үреймен қабылдау себебі қазақ қоғамында тапқа бөліну терең жүрген жоқ еді. Оны қазақ қоғамына жат құбылыс деп есептеді. Сонымен бірге, Кеңес үкіметін орнату шет аймақтарда зорлық зомбылық көрсету, тонау арқылы жүзеге асырылды. Ол революция емес, нағыз анархия түрінде көрініс берді деп жазды.

Кеңес үкіметі мен оның [illegible] В.Ленинның идеяларына алаш қайраткерлері күмәнмен қарады. Олар социализм идеяларының халыққа өте қажет екенін мойындады. Алайда, бұл идеяның нақты өмірге сәйкес келмейтінін атап көрсетті. Социализм *«түптің түбінде іске асса асар, бірақ осы күнде емес. Ол өмірдің ағысына лайықты заңдарға тіреліп, ресімге айналып барып, бірте бірте жақындамақ»* деп есептеді. (Алашшыл зиялылардың айтқан ойларының дұрыстығын тарих дәлелдеп берді.) Бұдан қазақ халқы большевиктерді мүлде қолдамады деген пікір тумауы керек. Қазақ халқының аздаған тобы большевиктерге қолдау білдірді. Олардың қатарында негізінен қазақ жұмысшылары мен Ә.Жангелдин, А.Иманов, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Меңдешов, Н.Нұрмақов, Т.Бокин сынды т.б. білімді азаматтар да болды. Осы азаматтар Ленин идеяларының қазақ ауылдарында таралуы мен Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауына көп үлестерін қосты. Кейін олар кеңестік мемлекет қайраткерлері дәрежесіне дейін көтерілді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

1917 ж. 20 қарашада Кеңес үкіметі мұсылмандардың қолдауына ие болу мақсатында «Ресей және Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне!» деген Үндеу жариялады. Онда Ресей құрамындағы барлық ұлттарға өзін өзі билеу құқығы, діни және мәдени еркіндіктер берілетінін тағы да мәлімдеді.

Қазақстанда Кеңес билігін орнатуда большевиктік ұйымдармен бірге жұмысшылар, майданнан келген солдаттар және шаруалар шешуші роль атқарды. Ал қазақтар болса Кеңес үкіметіне үзілді кесілді қарсы шықты. Өйткені, егер Кеңес өкіметі орнаса, қазақтардың жерге байланысты артықшылықтары мен басқа да құқықтары жойылатын еді. Жалпы, *қазақ жерінде Кеңес үкіметінің орнауы 1917 жылдың қазан айының соңынан 1918 жылдың наурыз айына дейін созылды.* Жаңа биліктің орнауы өте күрделі жағдайда өрбіді. Кеңес билігі ең бірінші 1917 жылы 30- қазанда Перовск қаласында бейбіт жолмен орнады. Себебі, бұл аймақта Уақытша үкімет тұсынан бері жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі белсенді жұмыс жүргізген болатын. Сондай-ақ, осы аймақтың теміржолшылары большевиктерге үлкен қолдау білдірді. 1-қарашада Кеңес үкіметі қарулы көтеріліс арқылы Ташкентте орнады. Қараша-желтоқсан айларында Кеңес өкіметі Черняевта (Шымкент), Әулиеатада, Түркістанда, Қазалыда бейбіт жолмен орнады.

1917 ж. қараша айынан бастап жергілікті халықтың қолдауымен Кеңес өкіметі Ақмола және Семей облыстарында орнатыла бастады. Петропавлда жұмысшы және шаруа депутаттары Кеңесі 1917 жылы 22 қарашада революциялық уақытша комитет құрды. Бұл комитет сол жылғы 27 желтоқсанда Ақмолада еңбекшілердің жиналысында биліктің Кеңестерге көшетіні туралы қаулы қабылдады. Бірақта Көкшетау, Павлодар, Атбасар, Семей, Өскемен уездерінде Кеңес өкіметіне казактар күшті қарсылық көрсетті. Семейде өкімет билігі жергілікті Кеңестің қолына 1918 ж. 17-ақпанда көшті.

1917 жылғы желтоқсан - 1918 жылғы наурыз аралығында Кеңес өкіметі Торғай облысында орнатылды. Торғай облысында Кеңес өкіметінің орнауына А. Иманов, К.

Қойдасов, В. Чекмарев, В. Зинченко және т. б. азаматтар елеулі үлес қосты.

Жетісу облысындағы казак офицерлері 1917жылғы 1 қарашада Кеңес үкіметіне қарсы әскери үкімет құрды. Дәл осындай жағдай Орал облысында да орын алды. Мұндағы Кеңес өкіметіне қарсы күштерді атаман А.Дутов басқарды. Олар 1917 жылғы 15 қарашада Орынбор Кеңесі мүшелерін тұтқынға алып, өздерінің билігін орнатты. Орынборда кеңес билігін орнатуға Кеңес үкіметі ерекше назар аударды. Өйткені, Орталық Ресей мен Орта Азияны байланыстыруда Орынбордың стратегиялық маңызы өте зор еді. Сондықтан атаман Дутовтың әскерін талқандау үшін төтенше комиссар П.Кобозевтің басшылығымен үлкен әскери күш жіберілді. Шайқастардың барысында 1918 жылы 18 қаңтарда Орынбор қаласында Кеңес өкіметі орнады. Ал Орал облысында Кеңес өкіметі 1918 жылы 15-16 қаңтарда казак әскері қуылғаннан кейін ғана орнатылды.

Жетісуда Кеңес өкіметін орнату жолындағы күрес 1918 жылдың көктеміне дейін созылды. Мұнда майданнан келген солдаттар большевиктік идеяға үлкен қолдау білдірді. Олармен бірге Т. Бокин, Т. Өтегов, Ж. Габбасов, Розыбакиев сияқты жергілікті халықтың өкілдері де болған еді. Верный жұмысшылары қызыл гвардия жасақтарын ұйымдастып, әскери-революциялық комитет құрды. 1918 жылы 2-наурызда Верныйда Әскери-революциялық Комитет басқарған жұмысшылар мен солдаттар казақтардың әскери үкіметінің қару-жарақ қоймасын, почта-телеграф мекемелерін басып алды. Нәтижесінде Верный қаласында Кеңес өкіметін орнатты. Кеңес өкіметі наурыз айында Жаркентте, Аягөзде, сәуірде Лепсіде орнады.

Семей, Орал, Торғай, Жетісу облыстарында Кеңес үкіметі қарулы көтеріліспен орнатылды. Себебі, біріншіден, аталған облыстарда казак әскерлерінің негізгі күштері шоғырланды; екіншіден, Уақытша үкіметтің саясатын қолдаушылар көп болды; үшіншіден, бұл облыстарда Алаш қайраткерлерінің саяси ықпалы күшті болған еді. Ал, Ақмола мен Сырдария облысында, Бөкей ордасында большевиктік ұйымдардың ықпалы басым болғандықтан бұл аймақтарда Кеңес үкіметі бейбіт жолмен орнады.

Сөйтіп, Қазан төңкерісі бүкіл елді эволюциялық даму жолынан революциялық жолға бұрып жіберді. Бұл өзгерістерден, әсіресе, бейбіт халық көп азап шекті. Ал, отарлық езгіден енді еңсесін көтеріп келе жатқан қазақ халқы екі оттың ортасында қалды. Ол Кеңес өкіметін жақтаушылар мен оған қарсы күштердің билікке таласы еді. Осының бәрі елді Азамат соғысына алып келді. Қазақ халқы да еріксіз осы азамат соғысына тартылды.

Түсіндірме сөздік

Социализм – қоғамда әлеуметтік әділеттілікті орнату идеясы. (Т.Компонелла, Т.Мор, К.Маркс, Ф.Энгельстер қалыптастырып, дамытушы ойшылдар, ал В.Ленин іс жүзіне асыру мақсатында тәжірибе жасаушы)

Кеңес билігі – жұмысшы,шаруа және солдат депутаттарынан құралған құзырлы өкілетті билік органы.

Халық Комиссарлар Кеңесі – Ресейде Кеңестік билік орнағаннан кейінгі 1917-1946 жылдар аралығында қызмет еткен жоғары атқарушы және жарлық шығарушы мемлекеттік орган. 1946 жылдан Министрлер Кеңесі.

Пролетариат – жалдамалы жұмысшылар табының саяси биліктегі өктемдікке ие болуы.

Анархия – өкімет билігінің әлсіздігі немесе жоқтығы; әркім өз білгенін істеу.

Мемлекеттік төңкеріс – белгілі бір саяси күштердің мемлекеттік билікті қарулы күш арқылы басып алуы.

Декрет – заңдық күші бар құжат.

Декларация (лат. тілінде) - жариялау деген мағынаны білдіреді. Мемлекеттің даму бағытын немесе партиялар мен халықаралық ұйымдардың ұстанымын айқындайтын ресми құжат.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1917 жылғы Қазан төңкерісі қалай жүзеге асырылды?
2. Қазан төңкерісінен кейін орнаған Кеңес үкіметі алғаш қандай заңдық құжаттар қабылдады ?
3. Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында қандай мәселелер көтерілді?
4. Қазақ халқы Қазан төңкерісін қалай қабылдады?
5. Кеңестік биліктің Қазақстанда орнатылуы қандай жолдар

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

арқылы жүзеге асырылды?

6. Орал, Семей, Жетісу аймақтарында Кеңес үкіметі неліктен қарулы көтеріліс арқылы орнатылды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісіне салыстырмалы талдау жасап, олардың қайсысы Қазақстан үшін тиімді болғанының дәлелдеп беріңдер

Ә) Алаш азаматтары неліктен социализм идеяларын қабылдай алмағанын ашып көрсетіңдер

Б) Қазақстанның саяси картасы бойынша Кеңес билігі алғаш орнаған қалаларды және Кеңес үкіметіне қарсы күштер шоғырланған аймақтарды көрсетіңдер

Тарихи тұлғалар

Владимир Ленин *(Ульянов) (1870, Ульяновск - 1924, Мәскеу) - саяси қайраткер, Кеңес өкіметі мен Коммунистік (большевиктік) партияның негізін қалаушы. В.Ленин 1887 ж. Қазан университетіне түсіп, революциялық қызметі үшін оқудан шығарылады. 1888ж. Қазан мен Самарадағы революциялық үйірмелерге қатысып, маркстік әдебиетпен жан-жақты танысады. 1891 ж. Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген. 1895ж. маркстік үйірмелердің негізінде «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастырды. Патша үкіметінің құдалауынан кейін 1900ж. шет елге кетті. Онда Г.Плехановпен бірігіп «Искра» газетін шығарады. 1903ж. В.Ленин солшыл бағыттағы Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясын (РСДЖП) құрады. ВЛенинның ұйымдастыруымен 1917 ж. 25 қазанда Ресейде мемлекеттік төңкеріс жүзеге асты. Бұл оқиға әлемдік тарихи дамуға елеулі әсер етіп, XX ғ. басты оқиғалардың қатарынан орын алды. Кеңестердің Бүкілресейлік I-съезінде (1917ж. қазан) В.Ленин жаңадан құрылған Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып сайланады. Азамат соғысы (1918-20) кезеңінде Кеңес өкіметін сақтап қалу жолында күрес жүргізді. I дүниежүзілік соғысты аяқтауда маңызды роль атқарды. Ленин контрреволюцияға қарсы Бүкілресейлік Төтенше Комиссия (ВЧК) құрып, саяси терроға кеңінен жол ашып берді. Елде Компартия диктатурасын орнатып, басқа партияларға тыйым салды.*

Жаңа өкіметпен көзқарастары үйлеспейтін зиялы қауым өкілдері құдаланды. Дінге тиым салынып, атеизмді насихаттауға жағдай жасады. В.Ленин Ресейде пролетариат диктатурасын орнатып, сол арқылы дүниежүзілік социалистік революцияны жүзеге асыруды мақсат етті. 1920 ж. 26 тамызда Ленин қол қойған декрет бойынша Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылды. Осылайша, Ленин қазақ жерлерінің шекараларын айқындап, бекітуге мүмкіндік берді. Ленинның басшылығымен 1922ж. 30 желтоқсанда көп ұлтты мемлекет - КСРО құрылды. В.Ленинның соңынан ғылыми мол мұра қалды. Оның еңбектерінің 55 томдық жинағы шыққан және олар қазақ тіліне аударылған. Бүгінгі күні Ленинның ілімі жөнінде қайшылықты пікірлер қалыптасқан.

3.4 *Түркістан (Қоқан) автономиясы мен Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы*

Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы. Автономия жөніндегі [illegible] саясы. Кеңес үкіметінің Түркістан автономиясына көзқарасы. Түркістан (Қоқан) автономиясының таратылуы. Түркістан АКСР құрылуы. Түркістан АКСР ін қалыптастыру мен нығайтудағы қазақ зиялыларының ролі.

Қазан төңкерісі қоғамға түбегейлі өзгерістер енгізді. Ол қазақ қоғамының алдына да жаңа міндеттер қойды. Қалыптасқан саяси жағдайға орай алдағы уақытта не істеу керек деген сауал туындады. Міне, дәл осы кезде ұлт жетекшілері тарихи шешімдер қабылдады. Бұл шешімдер нәтижесінде ұлт-азаттық күрестегі маңызды белес - *Түркістан(Қоқан)* мен *Алаш* автономиялары және Түркістан АКСР-і дүниеге келді.

Түркістан (Қоқан) автономиясы

Қазан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесінде кеңестік билік орнай бастады. Өлкеде қалыптасқан жағдайды талқылау үшін 1917 ж. 26 қарашада Түркістан мұсылмандарының IV-төтенше съезі шақырылды. Ол Қоқан қаласында өтті. Съезге екі жүзден астам делегат қатысты.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Бұл съезге қазақ өкілдері де белсене араласты. Съезді кіріспе сөзбен Мұстафа Шоқай ашты. Үш күнге созылған съездің нәтижесінде 28 қараша күні Түркістан автономиясы (Қоқан автономиясы) жарияланды. Оны басқаратын Түркістан Ұлттық Кеңесі құрылды. Ұлттық Кеңес Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітті. Оның төрағасы және ішкі істер министрі болып М.Тынышбаев, сыртқы істер министрі ретінде М.Шоқай тағайындалды. Көп ұзамай М.Тынышбаевтың бас тартуына байланысты үкімет төрағасы болып Мұстафа Шоқай сайланады. Астанасы Қоқан қаласында орналасты. 1 желтоқсанда Түркістан Уақытша үкіметі өлке халқына арнап үндеу жариялады. Үндеуде: *«Бұғаудан босаған түркістандықтардың өз жерінің толық қожайындары ретінде өз тарихын өздері жасайтын сәт туды. Біз алдымызда тұрған міндеттердің ауқымды екендігін, біздің ісіміздің дұрыстығын сезініп, Алланың ризашылығымен өз жұмысымызға кірістік»* деп, халықты автономияны қолдауға шақырды. Түркістан ұлттық автономиясын жергілікті мұсылман халықтарымен бірге, басқа да саяси ұйымдар қолдайтындықтарын білдірді. Мысалы, Қоқан қаласындағы социал революционерлер (эсерлер) партиясы, еврейлердің Ташкенттегі «Бунд» пен Қоқандағы «Вайнер» қоғамы Түркістан автономиясына қолдау білдіретінін мәлімдеді.

Үкімет ең алдымен Түркістанның территориялық автономиясын нығайтуға күш салды. Бұл жұмыс оларға оңай болмады. Өйткені, өлкенің экономикалық жағдайы өте ауыр еді. Халық аштықтың аз ақ алдында болды. Білімді адамдар жетіспеді. Өз ішінде билікке талас жүргізілді. Сонымен бірге, Түркістан үкіметімен қатар онда Кеңес үкіметі де қызмет атқарған болатын. Сондықтан да өлкедегі қос өкімет жағдайында жұмыс жүргізуге мәжбүр болды. Кеңестер Түркістан автономиясына қарсы болған бірден бір саяси күш еді. Сол кезеңде Түркістан өлкесіне қазақтардың Жетісу және Сырдария облыстары енген болатын. Бұл облыстардың Түркістан автономиясы құрамында қалуы керек пе, әлде Алаш автономиясына қосылу керек пе деген мәселе де қызу талқыланды. Осы маңызды мәселе бойынша Түркістан автономиясы мен Алаш автономиясының жетекшілері ортақ

шешімге келді. Аталған облыстар Алаш автономиясының құрамына қосылатын болды. Бұл мәселе жөнінде М.Шоқай мен Ә.Бөкейханов біріккен мәлімдеге қол қойды. Мәлімдеме 1917 жылы 18 желтоқсанда «Қазақ» газетінің 255 санында жарияланды. Ұлт көсемдерінің бұл шешімі қазақ жері мен қазақ халқының тұтастығын сақтап қалу бағытындағы маңызды саяси қадам еді. Осы мәлімдемеге сәйкес 1918 жылы 6-9 қаңтар аралығында Түркістан қаласында Сырдария облыстық қазақ съезі өткізілген. Съезге Алашорда үкіметінің атынан М.Дулатов, Т.Құнанбаев, Б.Құлманов қатысқан. Съезд бірқатар пікір таластардан кейін Сырдария облысының қазақтары Алаш автономиясының құрамына қосылсын деген қаулы қабылдайды.

Бірақ та, Түркістан автономиясының тарих сахнасындағы өмірі қысқа болды. Түркістан Кеңестерінің 1918 жылы 20-26 қаңтарда өткен IV съезінде Түркістан (Қоқан) автономиясын заңнан тыс деп жариялады. Съезде оны күшпен тарату туралы шешім қабылданды. Кеңестердің осы шешіміне байланысты Түркістан автономиясының Уақытша үкіметі қорғану шараларын ұйымдастыруға шұғыл кіріскен еді. Түркістан автономиясының әскери жасақтары құрылды. Бұған жауап ретінде Қоқандағы жұмысшы солдат депутаттарының Кеңесі 1918 жылы 28 қаңтардағы мәжілісінде Түркістан автономиясының әскери ұйымдарын қарусыздандырып, тарату жөнінде шешім қабылдады. Оны жүзеге асыру үшін арнайы әскери топ құрылды. 29 қаңтарда Қоқанда жұмысшы-солдат Кеңесі қалада революциялық комитет құрды. Орталықтағы Кеңес өкіметі Қоқан революциялық комитетіне көмекке 11 әскери эшелон, австро-венгрлік соғыс тұтқындарынан құралған әскери бөлім мен армян (дашнак) әскери құрамасын жібереді. Сол жылы 6 ақпанда бұл әскери бөлімдерден құралған кеңестік әскери күш Қоқан қаласын зеңбірекпен атқылап, қаланы өртке орады. Кеңес үкіметінің әскери қимылдары нәтижесінде Түркістан автономиясы Ұлттық Кеңесінің мүшелерінің көбі тұтқындалып, жазаланды. Ал, аман қалған жетекшілері қуғын сүргінге түсті. Осылайша, 1918 жылы ақпанда Кеңес үкіметі әскери күшпен Түркістан автономиясын таратып жіберді. Кеңес әскері үш күн бойы Қоқан қаласын тонап,

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

халқын аяусыз қырды. Қалада 150 мың тұрғынның 60 мыңнан астамы ғана қалды. Көпшілігі басқа елдерге кетуге мәжбүр болды. Дерек көздеріне қарағанда тек қана 4-7 ақпан аралығында 10 мыңнан астам адам өлтірілген. Ал, оның жетекшілерінің бірі М.Шоқай эммиграцияға (Түркияға, кейін Францияға) кетуге мәжбүр болды. Міне, осы оқиғалар ұлттық автономияға деген халықтың табиғи ұмтылысына Кеңес үкіметінің көзқарасы қандай екенін көрсетіп берді. Ленин жариялаған *«Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында»* айтылған ұлттардың өзін өзі билеу құқығы сөз жүзінде ғана қалғанын дәлелдеді.

Мұстафа Шоқай Түркістанның нағыз отансүйгіш азаматы болатын. Ол Ресей құрамындағы түркі халықтарын тәуелсіздікке жеткізудің бір жолы ретінде *Тұтас Түркістан идеясын* ұсынды. Яғни, түркі тілдес халықтар (қазақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт т.б.) біртұтас Түркістан мемлекетіне біріккенде ғана Ресейдің отарлық саясатына қарсы тұра алады деп түсінді. Бұл идеяға берік болған М.Шоқай оны шет елде жүргенде де өмірінің соңына дейін насихаттап өтті.

Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының (Түркістан АКСР) құрылуы

Жергілікті халықтың мүддесіне сай құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясы күшпен таратылғаннан кейін большевиктер Түркістан өлкесінде кеңестік автономия құруды қолға алды. 1918 жылы 20 сәуір мен 1 мамыр аралығында Ташкентте большевиктер Түркістан өлкесі Кеңестерінің V съезін өткізді. Съездің күн тәртібіне Түркістанда кеңестік автономиялық республика құру мәселесі белгіленді. Съезде большевиктер ұсынысы бойынша Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының (РКФСР) құрамында болатын Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы шешім қабылданды. Ташкент қаласы оның астанасы болып белгіленді. Түркістан АКСР құрамына Қазақстанның Жетісу, Сырдария облыстары мен Закаспий өңірінің бір бөлігі енді. Автономияны басқаратын атқарушы билік Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК) болды. Ал, заң шығарушы органы жұмысшы, шаруа және мұсылман диқаншылары депутаттары Кеңесінің съезі болды. Оның тұрақты органы

Орталық Атқару Комитеті (ОАК) болды. Бұл басқару органдарының бәрі РКФСР үкіметінің нұсқаулары бойынша жұмыс істеді. ОАК төрағасы болып П.Кобозев, ХКК төрағалығына Ф.Колесов сайланды. ОАК мүшесі болып сайланған 27 адамның 7 ғана жергілікті ұлт өкілі болды. Бұл съезд Түркістан өлкесін жергілікті халық өкілдерінің емес, басқа ұлт өкілдерінің басқаруын бекітіп берді. Ол В.Ленин ұсынған кеңестік автономияның ұлттық автономия идеясына мүлде қайшы екенін көрсетті.

Осылайша, Түркістанда кеңестік билік орнатылғаннан кейін, 1918 жылы маусымда Түркістан Коммунистік партиясы құрылды. Сол жылы қазан айында Түркістан өлкелік Кеңестерінің төтенше VI съезі өткізіліп, онда Түркістан АКСР Конституциясы қабылданды. Бұл Конституция Кеңес өкіметінің талаптарына сәйкес таптық ұстаным негізінде жазылды. Оған дәлел Конституция бойынша дін басылары мен жалдамалы еңбекті пайдаланушы ауқатты адамдарға сайлау құқының берілмеуі еді. Сонымен бірге, Конституцияда Түркістан АКСР нің қарым [illegible] сыртқы істері РКФСР құзырында болатыны негізделді. Ал, жергілікті халықтың әлеуметтік мәдени ерекшеліктері ескерусіз қалды. VI съезде ОАК құрамы қайта сайланды. Оған сайланған 75 мүшенің 20 ғана жергілікті ұлт өкілдерінен болған.

Түркістандағы Кеңестік биліктің мұндай әділетсіздіктері мен шовинистік пиғылы жергілікті ұлт өкілдерінің заңды наразылығын туғызды. Сол себепті де Түркістанда Кеңес билігіне қарсы басмашылар қозғалысы кең етек ала бастады. Бұл басмашылар қозғалысы Түркістан жерінде 1930 жылдардың ортасына дейін жалғасқан еді.

Саяси өзгерістер бүкіл елге әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарын да ала келді. I дүниежүзілік соғыс ауыртпалығы аяқталғанымен, енді Азамат соғысы басталды. Соғыстардан күйзелген халық аштыққа ұшырап, елді оба, сүзек сияқты жұқпалы аурулар жайлап алды. Осындай өте күрделі кезеңде Түркістан халқын аштықтан құтқару жолында қазақ зиялылары да ерекше белсенділік танытты. Олардың қатарында Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Санжар Асфандияров, Нәзір Төреқұлов сынды азаматтар

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

болды. Бұл азаматтар Түркістан АКСР қалыптасып нығаюына да өлшеусіз үлес қосты. Осы кезеңде Түркістан АКСР нің Денсаулық сақтау халық комиссары болып Т.Рысқұлов тағайындалды. Оның белсенді қызметінің нәтижесінде аштықпен күресетін орталық комиссия құрылды. Бұл комиссияны ол өзі басқарды. Комиссия өлкедегі аштыққа ұшыраған халыққа жедел көмек ұйымдастыру, қоғамдық тамақтандыру орындарын ашу, жетім балалар үйін ашу, азық түлік бөлімдерін құру сияқты жұмыстарға басшылық жасады. Ал, темір жол бойындағы аштардың арасында жұқпалы аурулардың таралуына байланысты С.Асфандияров басшылық еткен арнайы дәрігерлік пойыз жабдықталды. Сонымен бірге, аштықпен күресті ұйымдастыруға жауапты адам ретінде С.Қожанов та белсенділік танытқан. Аштықпен күрестің Орталық Комиссия мүшесі ретінде 1918 жылы қарашадан бастап Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Қызылқұм, Шиелі өңірлерінде ашыққан адамдарды арнайы тамақтандыратын орындарды ашуды ұйымдастырды. Өкінішке орай, осындай белсенді әрекеттерге қарамасқан Түркістанда 2 млн жуық адам аштық пен жұқпалы аурулардың құрбаны болды. Оның ең басты себебі өлкенің экономикалық жағдайының өте ауыр күйде болуы еді.

1919 жылы наурызда Түркістан Кеңестерінің VII съезі өткізілді. Бұл съезде Т.Рысқұлов Түркістан халқының 95% мұсылмандар бола тұра, билік басында басқа ұлт өкілдерінің ғана отырғанын қатаң сынға алды. Съезде Түркістан АКСР ОАК төрағалығына А.Казаков, ал оның орынбасары болып Т.Рысқұлов сайланады. Т.Рысқұлов Түркістан Коммунистік партиясы жанынан құрылған Мұсылман Бюросының жұмысын жандандырды. 1920 жылы қаңтарда Түркістан АКСР ОАК төрағасы болып Т.Рысқұлов сайланады. Ол бірінші кезекте жергілікті ұлт өкілдерін мемлекеттік билік органдарына тарту ісін белсенді түрде жүргізді. Бірақ та, бұл кезде автономиялық республикалардың басшылары орталықтың қатаң бақылауында болатын. Ресей Компартиясы, әсіресе, жергілікті халық мүддесі үшін күрес жүргізген жетекшілердің қызметін шектеп отырды. Солай бола тұрса да, Т.Рысқұловтың шақыруымен С.Асфендияров

Түркістан АКСР Денсаулық сақтау халық комиссары, Түркістан Компартиясы ОК хатшысы қызметтерін атқарды. Ал, Н.Төреқұлов 1920ж. Халық ағарту комиссары қызметін атқарып, мектептерді кеңестендіру, сауатсыздықты жою ісін жолға қойған. Ол 1920-21ж. Түркістан КП ОК жауапты хатшысы, ал 1921–22ж. Түркістан Республикасы ОАК төрағасы болды. Ол осындай кеңестік лауазымды қызметте жүріп дін мәселесіне көп көңіл бөліп отырған. Н.Төреқұлов Түркістан Республикасы ОАК төрағасы ретінде барлық мекемелерде демалыс күнін жексенбіден жұмаға ауыстыру және құрбан айттың үш күнін демалыс күндері деп жариялау туралы қаулыларға қол қойған. С.Қожанов 1920-21 жылдары Түркістан АКСР Ішкі істер халық комиссары, кейін Халық ағарту халық комиссары болды.

Т.Рысқұлов Түркістан АКСР-ін «Түрік Кеңес Республикасы» деп, ал Түркістан Компартиясын «Түрік Коммунистік партиясы» деп өзгертуді ұсынды. Алайда, орталық Т.Рысқұловтың бұл ұсыныстарын қабылдамай тастады. Өйткені, оны «түрікшілдік» [illegible] ретінде бағалаған еді.

Бұл азаматтардың белсенді саяси қызметтерінің нәтижесінде Түркістан АКСР-де мәдени-ағарту бағытында көптеген маңызды істер де жүзеге асырылды. Ташкент қазақ зиялыларының рухани орталығына айналды. Мысалы, 1918-1924 жылдары Түркістан Республикасында ағарту институты, педагогикалық және ауыл шаруашылық училищелері, музыка мектептері және т.б. ағарту мекемелері ашылған. 1918 жылы Ташкентте Шығыс институты, 1920 жылы Түркістан мемлекеттік университеті ашылып, ол 1923 жылы Орта Азия мемлекеттік университеті болып қайта құрылды. Ташкентте С.Қожановтың бастамасымен «Ақ жол» газеті ұйымдастырылды. Онда қазақ зиялыларының ой пікірлері мен шығармалары жарияланып отырды.

Түркістан АКСР і 1924 жылы 27 қазанда Кеңес үкіметінің Орта Азияда аумақтық межелеу саясатына байланысты таратылды. Бұл саясатқа сәйкес Орта Азияда Өзбек КСР-і, Тәжік АКСР-і, Түркмен АКСР-і, Қырғыз және Қарақалпақ автономиялық облыстары құрылды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Түсіндірме сөздік

Тұтас Түркістан идеясы – Ақпан революциясынан кейін Мұстафа Шоқай ұсынған саяси идея. Оның негізгі мәні түркі тілдес халықтардың басын қосып, конфедерация түріндегі мемлекет құру. Сол арқылы Ресей отаршылығына қарсы тұру, саяси, экономикалық және мәдени дағдарыстан шығу жолы ретінде ұсынған. М.Шоқай бұл идеясын эммиграцияда жүрген кезінде де насихаттады.

Эммиграция – әр түрлі себептерге байланысты шет елге кетуге мәжбүр болу.

Конфедерация – сыртқы саясат пен әскери саясатты бірлесіп жүргізу үшін құрылатын тәуелсіз мемлекеттердің тең құқықты одағы.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1917 жылы қарашада неліктен Бүкілтүркістандық төтенше IV-съезі шақырылды?
2. Түркістан автономиясының құрылу алғышарттары қандай болды?
3. Түркістан автономиясын құрудағы М.Шоқайдың ролі қандай болды?
4. Түркістан АКСР нің құрылуы қандай саяси оқиғалыңы байланысты болды?
5. Түркістан АКСР нің қалыптасуына Т.Рысқұловтың қосқан үлесі қандай еді?
6. Кеңес үкіметі неліктен ұлттық автономияларға қарсы болды?
7. Түркістан АКСР і неліктен таратылды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Түркістан (Қоқан) автономиясы мен Түркістан АКСР-нің ортақ және ерекше белгілері бойынша салыстырмалы талдау жасаңдар.

Ә) Мұстафа Шоқайдың «Тұтас Түркістан идеясының» негізгі мәнін ашып беріңдер.

Б) Егер Түркістан (Қоқан) автономиясы орнап, іске кіріскен жағдайда оның даму болашағы қандай болар еді? Осы мәселе бойынша ой пікірлеріңді ортаға салыңдар.

В) Картадан Түркістан (Қоқан) автономиясының территориясын және Түркістан АКСР-ы таратылғаннан кейін құрылған республикаларды көрсетіңдер.

Тарихи тұлғалар

Мұстафа Шоқай *(1886—1941) – қоғам қайраткері, заңгер. Еуропада түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалаушы. Туған жері- бұрынғы Ақмешіт уезі. Әкесі Шоқай елге беделді би болған. Отарлық саясаттың өктемдігімен М.Шоқай Ташкентте «өте жақсы» деген бағамен гимназияны аяқтаған кезде бетпе-бет кездеседі. Гимназияда оған берілмекші болған алтын медальді генерал Самсонов бергізбей, одан үлгерімі төмен орыс шәкіртіне жазады. Бұған күміс медальді ұсынады. Бірақ Мұстафа медаль алудан бас тартады. М.Шоқай 1916ж. Петербург университетінің заң факультетін бітірді. М.Шоқай 1914ж. Ә.Бөкейхановтың ұсынысымен IY-Мемлекеттік Думадағы Мұсылман Фракциясының хатшысы қызметін атқарады. Бұл қызметте жүріп Ресейдің алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерімен, Дума депутаттарымен етене араласуы оның саяси көзқарасының шыңдалуына ықпал етті. Іс жүзінде жалпы Түркістандық идеяларды қолдауына негіз қаланды. Азаттық алу үшін езілген халықтардың бірігуі қажет екенін М.Шоқай сол кезде анық түсінір мірінің соңына дейін бұл саяси бағытынан айныған жоқ.*

1917ж. Ақпан революциясынан кейін М.Шоқай Ә.Бөкейханов сынды қайраткерлермен ұлттық қозғалыс жетекшілерінің біріне айналады.«Алаш» партиясына мүше болды. М.Шоқай 1917ж. қарашада Түркістан (Қоқан) автономиясын құрудың бастауында тұрды. Бұл автономияны басқаратын Уақытша үкіметінің сыртқы істер министрі, кейін бас министрі қызметін атқарады. Қоқандағы болшевиктер қырғынынан зорға қашып құтылған М.Шоқай шет елге кетуге мәжбүр болды. Әуелі Түркияда, кейін Францияда эмиграцияда болды. Оның эмигациядағы өмірі де қиыншылыққа толы еді. Шетелде қаражатсыз жүргеніне қарамай тынымсыз ғылыми және баспагерлік жұмыстармен айналысады. «Жас Түркістан» журналын ұйымдастырды. Ол 1941ж. тамыз-қараша аралығында Германиядағы бірқатар тұтқындар лагерін аралап, ондағы мыңдаған түркістандықтармен кездеседі. Лагерьдегі адамдардың жағдайын көріп жаны күйзелген

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

М.Шоқай Германияның билік орнына жолдаған хатында: «Сіздер, немістер өздеріңізді Еуропадағы ең мәдениетті халықпыз деп санайсыздар. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргендерім болса, онда мен сіздерге тұтқындардың шеккен азабын тілеймін. Сіздер XX-ғасырда өмір сүре отырып, XIII-ғасырда Шыңғыс ханның жасаған зұлымдығынан асып түстіңіздер. Мәдениетті халық екендеріңізді айтуға хақыларыңыз жоқ» деп жазған. Осы хатты тапсырған неміс офицері: «Пікіріңді тым тура айтыпсың, мұның артықтау емес пе?» дегенде М.Шоқай: «Егер сіздер осыған байланысты маған ату не асу жазасын берсеңіздер - қарсылығым жоқ. Мұндай мәдени қоғамда өмір сүргеннен гөрі өлгенім артық» деп жауап берген. *М.Шоқай 1941ж. Берлиндегі «Виктория» ауруханасында құпияға толы жағадайда қайтыс болды. Сүйегі Берлинде мұсылмандар бейітінде жерленген.*

Рысқұлов Тұрар *(1894 - 1938) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстан мен Орта Азияда, Ресейде социалистік қоғам орнату ісіне белсене қатысты. Әкесі Рысқұл 1904ж. патша үкіметінің [illegible] шыққаны үшін 10 жылға Сахалинге жер аудырылған. Т.Рысқұлов Әулиеатада бастауыш мектепте, Пішпекте ауыл шаруашылық мектебінде, Ташкент мұғалімдер институтында оқып білім алған.*

1916ж. Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде Әулиеата уезіндегі көтеріліс басшыларының бірі болды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Т.Рысқұлов 1917-18ж. Әулиеата уездік Кеңес атқару комитетінің төрағасы, 1918-20ж. Түркістан Республикасы Денсаулық сақтау халкомы, ОАК төрағасының орынбасары, РК(б)П Мұсылман бюросының төрағасы, 1920ж. Түркістан Республикасы ОАК төрағасы болды. Ал, 1921-25ж. Ұлт істері Халық Комиссариатының Азербайжан Республикасындағы уәкілі, Мәскеуде РКФСР Ұлт істері жөніндегі комиссариат төрағасының орынбасары, Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Коминтерннің Монғолиядағы уәкілі қызметтерін атқарған. 1926ж. БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитеті баспасөз бөлімінің меңгерушісі және

«Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, 1926-37ж. РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары болған. Т.Рысқұлов саяси қызметі барысында Қазақстан мен Түркстан Республикасының өсіп өркендеуіне ерекше мән беріп, түркі халықтарының бірлігі идеясын насихаттаған. Ол қоғамдық-саяси қызметпен қатар шығармашылықпен шұғылданды. Ол бірқатар кітаптардың, тарих пен экономикалық тақырыптарға арналған көптеген мақалалардың авторы. Т.Рысқұлов 1938ж. сталиндік қуғын сүргіннің құрбаны болды. 1958ж. ақталды.

Қожанов Сұлтанбек *(1894, Оңт. Қазақстан обл. – 1938, Мәскеу) – мемлекет және қоғам қайраткері. Ғалым, публицист. Ташкент мұғалімдер семинариясын тәмамдаған. Мәскеуде БК(б)П ОК Марксизм-ленинизм курсында білімін жетілдірген (1927). 1917ж. М.Шоқай сияқты азаматтармен бірге "Бірлік туы" газетін шығаруға атсалысады. Түркістан (Қоқан) автономиясына қызу қолдау білдіріп, оны кеңес өкіметінің әскер күшімен құлатуын жергілікті халықтың өзін-өзі билеу құқығымен сапаслау [illegible] Түркістан қалалық атқару комитетінің, Сырдария облыстық ревком төрағасы, Түркістан АКСР Ішкі істер халық комиссары, Халық ағарту халық комиссары болған. Оқу–ағарту саласында білім беруді жергілікті халықтар тілінде жүргізу мәселесін көтеріп, Мәскеу, Петроград сияқты ірі қалалардағы оқу орындарында білім алып жатқан түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуге ерекше мән берген. "Ақ жол" газетін ұйымдастырып, алғашқы редакторы болды. 1922 жылы Түркістан Республикасы Жер шаруашылығы халық комиссары ретінде өлкедегі жер-су реформасын жүзеге асыру барысында қазақ халқының жерін қайтаруға зор үлес қосты. 1922-24 жылдары Түркістан КП ОК хатшысы болған кезде Орта Азиядағы ұлттық–аумақтық межелеуде ерекше танылды. 1924ж. РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің II хатшысы қызметіне ауыстырылады. 1925ж. БК(б)П ОК–іне шақырылып, ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы ретінде Кавказға, 1928ж. Ташкентке Орта Азия Бюросына қызметке жіберілді. 1929ж. Орта Азия мақта-*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

ирригациялық политехникалық институтын ұйымдастыру ісіне басшылық жасап, оның алғашқы директоры болды. 1931-32ж. БК(б)П ОК аппаратында істеді. С.Қожанов жауапты мемлекеттік қызметін ғылыми-шығармашылық жұмыстармен ұштастырып отырған. Мектепке арналған «Есептану құралы» атты оқулығы, «Түркістан Кеңестік автономиясының он жылдығына» атты орыс тіліндегі еңбегі жарияланған. 1927ж. С.Қожанов И.Сталинге екі рет хат жазған. Онда ұлт мүддесіне негізделген саяси көзқарасы баяндалған. Ол 1937ж. саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1957 жылы ақталды.

Асфендияров Санжар *(1889, Ташкент - 1938, Алматы) – мемлекет қайраткері, ғалым, педагог. Санкт-Петербург әскери медицина академиясын (1912) бітірген. 1914-1915ж. I-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1917ж. қарашада Түркістан (Қоқан) автономиясын жариялаған бүкілмұсылмандық IV-төтенше съезіне делегат болған. 1919ж. бастап Түркістан АКСР Денсаулық сақтау халық комиссары, Түркістан Компартиясы ОК хатшысы қызметтерін атқарған. Қазақстан мен Орта Азияны ұлттық-аумақтық [illegible] ортаазиялық федерация құру идеясын ұстанды. 1924-25ж. Қазақ АКСР-нің Өзбек КСР-і үкіметі жанындағы өкілетті өкілі, 1925-28ж. Мәскеуде БОАК Төралқа мүшесі, Мәскеу Мемлекеттік Университетінің профессоры, Н.Нариманов ат. Шығыстану институтының директоры қызметтерін атқарған. 1928 жылдан бастап ол Қазақстанда еңбек етті. Қазақ педагогикалық институтының алғашқы ректоры (1928-31), Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халық комиссары, Алматы медицина институтын ұйымдастырушы әрі тұңғыш ректоры (1931-33) болды. Ол жұқпалы аурулармен күреске, індеттердің алдын алу шараларына, халыққа ақысыз дәрігерлік көмек көрсету жұмыстарын жолға қоюға көп еңбек сіңірді. Орта дәрежелі оқу орындары мен қысқа мерзімді арнаулы курстарда медицина мамандарын даярлауға ерекше мән берді.*

Сонымен бірге, С.Асфендияров Қазақстан тарихының күрделі мәселелерін зерттеген белгілі ғалым. Қазақ ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтының тарих

секторының меңгерушісі, КСРО ҒА-ның Қазақстандық филиалының төрағасының орынбасары (1933-37) қызметтерін атқарды. Кейін оның Ресейдің Қазақ жерін жаулап алуы жөніндегі ашық айтылған, отаршылдықты әшкерелеген тарихи еңбектерін оқуға тыйым салынды. Ол жалған жаламен1938ж. ату жазасына кесілді. Жұбайы Рабиға да КарЛАГ-та 5 жыл айдауда болған. С.Асфендияров 1958ж. ақталды. Қазақ ұлттық медицина университетіне С.Асфендияров есімі берілген.

3.5 *Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметі: құрылуы мен қызметі*

II жалпықазақ съезі және оның шешімдері. Алаш автономиясы мен Алашорда Ұлт Кеңесінің құрылуы. Алашорда жетекшілерінің Кеңес үкіметімен келіссөздері. Алаш әскерін жасақтау ісі. Алашорда үкіметінің таратылуы.

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда II-жалпықазақ съезі болды. Съезд күн тәртібіндегі негізгі мәселелер Қазақ автономиясын [illegible] ұлт әскерін жасау, әскер құру т.б. болды. Ұзақ пікірталастардан кейін съезд 12-желтоқсанда Қазақ автономиясын жариялады. Оған "Алаш" деген ат берді. Орталығы Семейде орналасатын болды. Алаш облыстарын бүліншіліктен қорғау үшін Уақытша Ұлт Кеңесі құрылды. Оның аты "Алашорда" деп аталды. Алашорда құрамына 25 адам енетін болды. 10 орын қазақтар арасындағы басқа халықтарға берілді.

Алашорда Ұлт Кеңесінің құрамына 15 адам сайланды. Олар: Айдархан Тұрлыбаев (Ақмола облысы), Ахмет Бірімжанов (Торғай облысы), Уәлитхан Танашев (Бөкей ордасы), Халел Досмұхамедов (Орал облысы), Халел Ғаббасов (Семей облысы), Садық Аманжолов (Жетісу облысы), Мұстафа Шоқай (Сырдария облысы), облыстардан тыс: Әлихан Бөкейханов, Жаһанша Досмұхамедов, Әлімхан Ермеков, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақытқерей Құлманов, Жақып Ақбаев, Базарбай Мамытов, Отыншы Әлжанов. Алашорда үкіметінің төрағасы болып баламалы негізде Ә.Бөкейханов сайланды. Орынбасары болып Х.Ғаббасов

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

сайланды.

Алашорда үкіметі ең алдымен сол жылы желтоқсанда Сырдария мен Жетісу облыстарын Түркістан өлкесінен Алаш автономиясының құрамына қосып алды. Бірақ, 1918 жылы 5 қаңтарда Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысын Кеңес үкіметі күшпен таратуы саяси жағдайды қиындатып жіберді. Сондықтан да Алашорда жетекшілері Алаш автономиясын мойындату үшін Кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізе бастады. 1918 жылы Ә.Бөкейхановтың тапсырмасымен Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтар Москвада В.Ленинмен келіссөз жүргізді. Большевиктер Алашорда үкіметінен Кеңес үкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды талап етті. Ал, Алашорда жетекшілері автономиялық билік беруді (заң шығару, атқарушы билік, сот жүргізу, өз әскері болу), қазақ жерлерін түгел қазақтарға қайтаруды, кеңес органдарының алаш қайраткерлерін қудалауын тоқтатуды өткір қоя білді. Ал Семейден телеграф арқылы Х.Ғаббасов И.Сталинмен Алаш автономиясы мен Кеңес үкіметінің арақатынасы туралы келіссөз жүргізді. Сол кезде И.Сталин Кеңес үкіметінің ұлт ісдері кеңінде комиссары қызметінде болған еді. Алайда, Кеңес үкіметі Алаш автономиясын мойындаудан бас тартты. В.Ленин Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында жариялаған ұлттардың өзін өзі билеу құқығын беру туралы уәдесін орындамады. Кеңес үкіметі пролетариат диктатурасына негізделген автономия ұсынды. Ол қазақ қоғамына мүлде сәйкес келмейтін еді. Сондада болса Алашорда басшылары Кеңес үкіметінің жергілікті органдарымен *ымыраға келуге* ұмтылды. Олардың құрамына өз адамдарын да енгізді. Мысалы, *1918ж. көктемде Семейде Кеңес билігін құлату мақсатында құрылған жасырын ұйымның әскери бөліміне Р.Мәрсеков пен Хамит Тоқтамышев енгізіледі.* Соның нәтижесінде большевиктердің ұлттық автономия беруге қарсы екендеріне толық көздері жетті. Енді Алаш жетекшілері ұлттық автономия береміз деген Кеңес үкіметіне қарсы күштермен біріге бастады. Алдымен Омбыдағы Уақытша Сібір үкіметімен одақтасты. 1918 жылы мамырдың соңында барлық аймақтарда Алашорда үкіметі Алаш автономиясын

іс жүзінде орнатуға кірісті. Ең бірінші Алашорданың облыстық, уездік Кеңестері құрылды. Алашорда Кеңес үкіметі декреттерінің Алаш автономиясы аумағында күшін жоятынын жариялады. Сондай ақ, қазақтан шыққан большевиктерді қатаң жазалау шаралары ұйымдастырылды. Екінші кезекте Алаш әскерін жасақтауды қолға алды. Оны милиция деп атады. Алаш әскерін жасақтау туралы II жалпықазақ съезінде шешім қабылданған болатын. Облыстар бойынша жалпы саны 13500 адам шақыру және оған 68 млн 960 мың сом қаржы бөлу көзделді. Бұл қаржыны Ұлттық қорға халықтан салық жинау арқылы алуды белгіледі. Ал 1918ж. маусымнан бастап Алаш әскери бөлімдерін жасақтау ісі басталды. Ұлттық әскери бөлімдерді жасақтау туралы Алашорда Ұлт Кеңесі арнайы нұсқау берген. Мысалы, 1918 жылы 12 маусымда *«Бек тығыз. Семей уезінің Земство Управосының бастығы Ахметжан Қозыбағарұғлына.*

Семей уезінен болыс басына 30 милиционер алуға қарлы қылынды. Осы жігіттерді тоқтаусыз жиясыз. Жеткілікті атымен. Жиылған азамат атымен Семейге келеді. Алашорда бастығы Ғалихан.»* деген Алашорда үкіметінің қатынас қағазы жолданған. Осындай нұсқауларға сәйкес Алаш атты әскер полктері құрыла бастады. Бұл іс Семей, Торғай, Орал облыстарында жақсы жүргізілсе, Ақмола, Жетісу облыстарында баяу жүзеге асырылды. Алаш әскеріне, ең алдымен еріктілерді, ал егер ерікті азаматтар табылмаған жағдайда міндеттеу негізінде алу көзделген. Алаш әскерінің командирі болып *капитан Хамит Тоқтамышев* тағайындалды. Алашорда Ұлт Кеңесі үйленбеген бойдақ милиционерге айына 60 сом, ал отбасылы милиционерге 160 сом жалақы белгілеген. Олар Уақытша Сібір үкіметі Армиясының құрамына кірді. Бұл үкімет Алаш әскерін қару-жарақпен, офицер-нұсқаушылармен қамтамасыз ететін болды. Ал, Уақытша Сібір үкіметі Армиясының Семейдегі Әскери Штабында Алашорданың өкілі А.Байтұрсынов болған. Кейін оны Әбікей Сәтбаев ауыстырды. Алаш атты әскерлері Азамат соғысы кезінде майдандағы соғыс қимылдарына қатысты. Мысалы: сол кезде «Сибирский Вестник» газеті Жетісу майданындағы I

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Алаш полкінің әскери қимылдарына жоғары баға берген. Әсіресе, олардың барлау қызметіндегі пайдасын ерекше атап көрсеткен.

1918ж. 18-21 мамырда Жымпитыда өткен Орал қазақтарының 4-съезінде Қазақ жерінің батыс өңіріне ықпал етерлік ұлттық-аумақтық құрылым – «Ойыл уәлаяты уақытша үкіметін» жарияланды. Алашорда үкіметі бұл құрылымды қолдап, 1918 жылы қыркүйекте *Алашорданың Батыс бөлімі* ретінде таныды. Оған Қазақстандағы байланыс жүйесінің нашар дамуы себеп болды. Батыс Алашорда Орал облысындағы Жымпиты қаласында орналасты. *Төрағасы - Жаһанша Досмұхаметов болды.* Алайда, 1918 жылы қарашада Уақытша Сібір үкіметінің басшылығына Адмирал Колчактың келуі Алашорда үкіметінің жағдайын қиындатып жіберді. Ол Алаш автономиясын мойындаудан бас тартты. Бұл аймақтарда ол әскери диктатурасын орнатты. Қазақ ауылдары тонала бастады. Алашорда жетекшілерін қуғын сүргінге түсірді.

---

*Шығыс Қазақстан облысы жаңа тарих құжаттар орталығы 37-қор, 1-тізбе, 126-іс, 87-парақ.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Сөйтіп, Колчак диктатурасы қазақ халқының ұлттық автономияға деген үмітін біржола жойды. Алаш автономиясы большевиктер мен Колчак үкіметінің екі жақты қыспағында қалды. Енді қазақ халқын қырғыннан аман алып қалу үшін Алашорда басшылары басқа жолды іздей бастады. Ол жол қайтадан Кеңес үкіметімен келісімге келу еді. Өйткені, салыстырмалы түрде Колчак диктатурасынан гөрі Кеңес билігі тиімдірек болды. Осылайша кеңестік үлгідегі автономияны қабылдауға мәжбүр болды. Сөйтіп, Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі А.Байтұрсынов 1919 жылы 25 шілдеде Кеңес үкіметі жағына өтті.

1919 ж. соңы мен 1920 ж. басында Алашорда жетекшілері мен Кеңес үкіметі арасында *келіссөздер* жүргізілді. Соның нәтижесінде Қазақстандағы Кеңес үкіметінің органы- Қазақ революциялық комитеті 1920 ж. 9-наурызда Алашорда үкіметін тарату туралы қаулы шығарды.

Алаш автономиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы қазақ мемлекетін қайта қалпына келтіру жолындағы

күрестегі маңызды кезең болды. Қазақ зиялылары әлсіз болса да мемлекеттік құрылым ретінде Алаш автономиясын тарих сахнасына алып шықты. Оны мойындату жолында аянбай күрес жүргізді. Қазіргі тәуелсіздігіміз Алаш зиялыларының халқын еркіндікке жеткізу жолындағы күресінің заңды жалғасы болды. Алайда, Алаш қайраткерлерінің тағдыры қайғылы аяқталды. Кеңес билігі орнағаннан кейін Алаш қайраткерлерін Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластату саясатын қолданды. Оларға қарсы қуғын-сүргін ұйымдастырылды. 1919 және 1920 жылдары Кеңес өкіметі Алаш қозғалысына қатысқандарға амнистия жариялағанына қарамастан Алаш қайраткерлері түгелге дерлік атылды. Жалған жаламен "халық жауы" аталды. Өздері ғана емес, олардың жанұя мүшелері де сталиндік жүйенің құрбандары болды. Ал олардың ғылыми-әдеби мұрасын жойып жіберді. Аман қалғаны бүгінгі күні ғана халықтың игілігіне айналды.

Түсіндірме сөздік

Ымырағa келу – өзара келісімге келу, саяси күштердің күні қолданыңа жол бермеуі.

Амнистия – кешірім жасау (құқықтық тұрғыда: түрмеден босату, қуғын сүргінді тоқтату)

Либерализм – парламентаризмді, демократия мен экономикалық бостандықты қолдайтын саяси және идеологиялық ағым.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1917 жылғы II Жалпықазақ съезінің негізгі шешімдерін атап беріңдер.
2. Алаш автономиясының құрылу алғышарттары қандай болды?
3. Алаш автономиясын құрудағы Ә.Бөкейхановтың ролі қандай болды?
4. Алашорда үкіметінің азамат соғысы кезінде ұстанған тактикасына талдау жасаңдар.
5. Ә.Бөкейханов қандай себептерге байланысты Түркістан автономиясынан дербес Алаш автономиясын құруды көздеді?
6. Кеңес үкіметі неліктен ұлттық автономияларға қарсы

болды?

7. Алаш зиялылары не себепті Кеңес үкіметі жағына шыға бастады?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Түркістан және Алаш автономияларының ортақ және ерекше белгілері бойынша салыстырмалы талдау жасаңдар.

Ә) Егер Алаш автономиясы орнап, іске кіріскен жағдайда оның даму болашағы қандай болар еді? Осы мәселе бойынша ой пікірлеріңді ортаға салыңдар.

Тарихи тұлғалар

Ғаббасов Халел *(1888ж. бұр. Семей обл. - 1931ж. Мәскеу) - Алаш қозғалысының қайраткері. 1898-1909ж. Семейде приход, орыс-қазақ мектептерінде, гимназияда оқыған. 1910ж. дейін ауылда мұғалім болып қызмет еткен. 1910ж. Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, 1911ж. студенттер ереуіліне қатысқаны үшін оқудан шығарылған. Осы жылы сол университеттің физика-математика факультетіне қайта оқуға түсіп, оны 1915ж. алтын медальмен бітірген. 1915-17ж. Орынбор [illegible] кредит басқармасының Семейдегі бөлімшесінде есепші, Мемлекеттік Банктың Семей бөлімшесінде инспектор болып қызмет атқарған. 1917ж. Семей облыстық Қазақ комитеті төрағасының орынбасары, «Сарыарқа» газетінің редакторы (1917-19) болды. І-жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа үміткер ретінде ұсынылған. 1917ж. қазан айынан бастап Алаш партиясы Семей облыстық комитетінің төрағасы қызметін атқарды. ІІ-жалпықазақ съезінде Алаш әскерін құру жайында баяндама жасады. Алашорда үкіметі төрағасының орынбасары болып сайланды. 1918ж. қаңтардан Семей облыстық Земство басқармасы төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 1918ж. 20 наурызда Алашорда үкіметінің атынан телеграф арқылы И.Сталинмен келіссөз жүргізіп, ұлттарға өзін-өзі билеу құқығын беруді талап етті. Кеңес үкіметі тұсында білімі мен қайрат-жігерін қазақ халқының мүддесіне бағыттады. 1920ж. Қазревкомның мүшесі, 1921-23ж. Қазақ АКСР ОАК жанындағы Ақмола және Семей облыстарын қабылдап алу*

үшін құрылған төтенше комиссияның мүшесі, губерниялық атқару комитеті жер бөлімінің меңгерушісі болды. 1924-25ж. Алаш (Жаңа Семей) ауданы ауыл шаруашылық одағында қызмет атқара жүріп, қоғамдық-мәдени шараларға белсене араласты. 1924ж. 29 желтоқсанда география қоғамының ұйымдастыруымен өткен Абайды еске алу кешінде «Абайдың өмірбаяны» деген тақырыпта баяндама жасады. 1926ж. Қазақ АКСР Жоспарлау комиссариатына қызметке шақырылады. Онда Төралқа мүшесі, сектор меңгерушісі, ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарды. 1930ж. «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқынға алынып, БМСБ «үштігінің» 1931 жылғы сәуірдегі шешіммен өлім жазасына кесілді. Тек 1988 жылы ғана ақталды.

Досмұхамедов Халел *(1883, қазіргі Атырау обл - 1939, Алматы) – Алаш қайраткері, дәрігер, ғалым. Орал әскери-реалдық училещесін, 1909ж. Санкт-Петербург Императорлық әскери-медициналық академиясын үздік бітіріп, офицер дәрігер ретінде әскери міндетін өтеуге жіберілген. Содан кейін Түркістан, 2-Орал казак-орыс атқыштар батальонында әскери дәрігер қызметін атқарған. 1913ж. әскери борышын өтеуден босап, Орал облысы Темір уезіне дәрігер болып орналасады. 1913-18ж. «Қазақ» газетінде «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік-сүзек», «Жұқпалы ауру хақында» атты т.б. мақалаларын жариялаған. «Как бороться с чумой среди киргизского народа» (1916) деген кітабы оба індетіне қарсы күрестің тәсілдерін насихаттаған еңбек болды. 1917ж. Ақпан революциясынан кейін облыстық және жалпықазақ съездерін ұйымдастыруға атсалысты. 1917ж. мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысты. І-жалпықазақ съезі оны Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа үміткер ретінде ұсынды. 1917ж. Алашорда Ұлт Кеңесі құрамына сайланды. Х. Досмұхамедов Алашорданың атты әскерін ұйымдастыруға, Ұлттық қор ашуға, «Еркін қазақ» газетін шығаруға көп еңбек сіңірді. Кеңес өкіметі орнаған соң Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы Білім комиссиясының төрағасы болды. 1920-*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

24ж. Ташкент Физикалық әдіспен емдеу институтында, Орта Азия университеті медицина факультетінің хирургуялық емханасында дәрігер, Түркістан Денсаулық сақтау халық комиссариаты емдеу-санитарлық бөлімінің меңгерушісі болды. Жауапты қызметтер атқара жүріп, ғылымның дамуына да мол үлес қосты. 1922-28ж. арасында «Табиғаттану», «Жануарлар», «Адамның тән тірлігі», «Оқушылардың саулығын сақтау», «Дене бітімі және оның жұмысы туралы әңгімелер» деген оқулықтар жазды. Қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты: «Қазақ–қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы», «Шернияз шешен», «Алаш не сөз», «Кенесарының соңғы күндері», «Қазақ әдебиетінің тарихы» т.б. ғылыми еңбектерін, «Мұрат ақын сөзі», «Исатай– Махамбет», «Аламан» жинақтарын шығарды. 1927ж. Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы, 1929ж. Қазақ педагогикалық институтының проректоры болды. 1930ж. сталиндік құғын-сүргін саясаты кезінде тұтқындалып, 1932ж. Воронеж қаласына 5 жылға жер аударылды. Оңтүстік Денсаулық сақтау және гигиена институтында, Балаларды емдеу сақтандыру амбулаториясында, Оңтүстік–Шығыс теміржол санитарлық бөлімшесінде дәрігерлік қызмет атқарды. 1938ж. жалған айыппен екінші рет тұтқынға алынып, 1939ж. әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді. Тек 1958ж. ғана ақталды. Бүгінгі күні Атырау университетіне Х.Досмұхамедовтың аты берілген.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

3.6 Қазақстанның Ресейдегі азамат соғысына тартылуы

Ресейдегі азамат соғысының себептері. Азамат соғысына Қазақстанның тартылуы. Қазақ жеріндегі «ақ» және «қызыл» террор. Қазақстанда майдандардың ашылуы және партизандық қозғалыс. «Әскери коммунизм» саясаты. Азамат соғысының нәтижелері.

1917 жылғы Қазан төңкерісі бүкіл Ресей империясын қамтыған Азамат соғысына алып келді. Большевиктердің саясатына наразы саяси күштер Кеңес үкіметіне қарсы қарулы қарсылық көрсете бастады. *Азамат соғысы дегеніміз бір елдің ішінде болатын соғыс. Ол билікке талас нәтижесінде туындайды.* Соғыс 1918 жылы көктемде басталып 1920 жылдың аяғына дейін созылды. Азамат соғысы АҚШ, Англия, Франция, Германия, Жапония сияқты елдердің Ресейдің ішкі ісіне араласуы нәтижесінде басталды. Себебі:

Біріншіден, Германия I дүниежүзілік соғысты аяқтау туралы жасалған Брест бітімін мойындаудан бас тартты. Өйткені, бітім болышша Германия Антанта елдеріне контрибуция төлейтін болды және бірқатар жерінен айырылып қалған еді. Сондықтан Ресейге қарсы соғыс қимылдарын қайта бастады.

Екіншіден, Кеңес өкіметі гуманистік құндылықтарды негізге алғанымен алғашқы жылдары қатыгез шараларымен халықтың сенімінен айырыла бастады. Солардың ең бастысы, тақтан түсірілген II Никалай патша мен оның жанұясының барлық мүшелерінің: әйелі, ұлы және төрт қызының Лениннің бұйрығымен 1918ж. 16-шілдеде атылуы еді. Патша әулеті мүшелерімен бірге қызметшілері: дәрігері, аспазшысы, үй қызметшісі, ат айдаушысы бар барлығы он сегіз адам атылды. *Бұйрықты жүзеге асырған Ф.Голощекин болды. Ол 1925-33жж Қазақстанды басқарып,қазақ халқына қарсы ең қатыгез шараларды ұйымдастырды.* Сондай ақ, кеңес билігін орнату кезінде жергілікті жерлерде большевиктердің зорлық зомбылыққа жол беруі халықтың наразылығын туызды.

Үшіншіден, Кеңес үкіметінің төрағасы В.Ленин 1918 жылы 13 қарашада Брест бітімінің күшін жоятынын

мәлімдеді. Соған сәйкес бітім бойынша Германияға өткен территорияларды қайтарып алу үшін соғыс қимылдарын бастады. Бұл халықаралық нормаларға қайшы келетін еді. Ол әлемнің жетекші елдерінің заңды наразылығын туғызды.

Міне, осындай себептерге байланысты шет мемлекеттер Кеңес үкіметіне қарсы саяси күштерді қаржыландырды. Кеңес үкіметін құлату мақсатында шет елдіктер I дүниежүзілік соғыс тұтқындарын да жақсы пайдаланды.

Қазақстандағы азамат соғысы Ресейдегі азамат соғысының құрамдас бөлігіне айналды. Өлкеде азамат соғысының басты ошақтары Орынборда, Орал аймағы мен Жетісу жерінде қалыптасты. Бұл жерде атаман Дутовтың, генерал Толстовтың әскерлері, ал Жетісуда казак офицерлері шоғырланды. Олар Кеңес өкіметіне қарсы күштердің негізгі орталығына айналды. 1918 жылы 23 наурызда Орал казактары Гурьевте бүлік шығарды. Олар генерал жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің тоғыз мүшесін сотсыз атып тастады. Сол жылдың 28-29 наурызында казактар мен Алашорда үкіметі бірігіп Орал қаласында өкіметті басып алды. Мұнда олар кеңес өкіметін құлатып, большевиктерді аяусыз жазалады. Кеңес өкіметіне қарсы күресте жергілікті кадет, эсер мен меньшевиктердің ұйымдары да белсенділік танытты. 1918 жылы мамырдың аяғында Антантаның көмегімен Сібірдегі Чехословак корпусының солдаттары бүлік шығарды. Олар I- дүниежүзілік соғыс кезінде Ресейге тұтқынға түскендер болатын. Кеңес үкіметі Австро-Венгриямен келісім бойынша оларды елдеріне қайтаруға уәделесті. Бірақ Кеңес үкіметі тұтқындарды қауіпті күш деп санады. Сондықтан тұтқындарды елдің батысымен емес, ең әуелі Қиыр Шығыс темір жолы арқылы Владивосток қаласына жеткізуді көздеді. Одан әрі Еуропаға теңізбен шығарып салуға келісті. Сібір арқылы елдеріне қайтып бара жатқан чехтар мен словактарды Антанта елдері бүлік шығаруға итермеледі. Тұтқындар арасында оларды босату үшін емес, қайта түрмеге отырғызу үшін алып бара жатыр деген жалған хабар тарады. Мұны естіген құрамында 500 мыңға жуық солдат пен офицері бар чехословак корпусы көтеріліс жасады. Олар Сібір темір жолы бойындағы

бірқатар қалаларды басып алды. Қазақ жеріндегі Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай қалалары да бүлікшілер қолына өтті. Ондағы Кеңес өкіметі таратылды. Бұл бүкіл елде Азамат соғысы басталғанын білдірді.

Халық екіге бөлінді. Бірі-*ақтар.* Олар Кеңес өкіметіне қарсы топтардан құралды. Негізгі күші казак әскерлерінен тұрды. Олардың туының түсі ақ болғандықтан *ақтар немесе ақ гвардияшылар* деп аталды. Екіншісі-*қызылдар.* Олар Кеңестерді жақтаушылар. Құрамына негізінен жұмысшылар, солдаттар, шаруалар кірді. Кеңес үкіметінің символдары қызыл түсті болғандықтан оларды *қызылдар* деп атады. Екі жақ та қатыгездіктерімен көзге түсті. Мұндай бөліну халыққа зардаптарын тигізбей қоймады. Бір отбасы мүшелері екіге бөлініп, оның аяғы қайғылы оқиғаларға ұласқан жағдайлар да болған. Азамат соғысы оқиғаларынан қазақ халқы да тыс қала алмады. Олар екі оттың ортасында қалды. Соғыс барысында құрылған Алашорда үкіметі қазақ халқын зорлық- зомбылықтан аман алып шығудың жолдарын іздестірді. Бірақ, әскери күшінің жоқтығы олардың қолдауына келмеді. Сондықтан да қазақ халқы Азамат соғысының барлық қиындықтары мен қатыгездігін басынан өткізуге тура келді.

1918 жылғы 11 маусымда Семейде кеңес өкіметі құлатылды. Бұл жерлердегі кеңес өкіметінің басшылары К. Сүтішев, И. Дубинин, П. Калюжная, Ғ. Ыдырысов, К. Шугаев, П. Салов және тағы басқалары азаптап өлтірілді. Сөйтіп, ақгвардияшылар Ақмола, Орал, Семей және Торғай облыстарының көптеген жерлерін басып алды. Шілдеде атаман Дутов Орынборды басып алып, Қазақстан мен Ресейдің орталық аудандарын байланыстыратын темір жолды кесіп тастады. Ал, тамызда Иран арқылы Каспий аймағына Англия әскері қауіп төндірді. 1918 жылдың жазында ақгвардияшылар Семей тарапынан Жетісуға басып кірді. Бұл жердегі казак станицаларында Кеңес өкіметіне қарсы бүліктер басталды. Сондықтан Жетісу облыстық атқару комитетінің шешімімен Жетісу майданының штабы құрылды. Атаман Анненковтың дивизиясына қарсы кескілескен ұрыстар жүрді. Сонымен, 1918 жылдың жазында Қазақстанның басым бөлігін Кеңес үкіметіне қарсы күштер

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

басып алды. Кеңес өкіметі тек Жетісу, Сырдария облыстарының және Бөкей Ордасының бірқатар бөлігінде ғана сақталып қалды.

Кеңестерге қарсы күштер Самарада Комуч (Құрылтай жиналысы мүшелерінің комитеті) үкіметін, Омбыда Адмирал Колчак бастаған Бүкілресейлік Уақытша үкіметін құрды.

Кеңестер үшін ең басты майдан - *Шығыс майданы* еді. Бұл майданның жағдайы шиеленісуіне байланысты 1918 жылы 2 маусымда Орынбордан Қызыл Армия бөлімдері оңтүстікке қарай шегінуге мәжбүр болды. Осыған орай *Ақтөбе майданы* құрылды. Ондағы қызыл әскерлерге Ташкент, Шалқар, Қазалы, Перовск, Черняев, Әулиеата және т. б. қалаларда құрылған отрядтар көмекке келді. Оның қатарына негізінен еріктілер кірді.

Қызыл Армияның ұлттық бөлімдерінің құрылуы.

БОАК 1918 жылы 29 мамырда жалпыға бірдей әскери міндет туралы Жарлық шығарды. Әскери міндетті өтеу тәртібі мен жас мөлшері 19-35 жас аралығы белгіленді. Сөйтіп, 1918 жылдың жазында Қызыл Армияның ұлттық әскери бөлімдері құрыла бастады. Алғашқы ұлттық әскери бөлімдер кейін Орынбор мен Оралда құрылды. Қызыл армияның құрамдас бөлігі ретінде 1918 жылдың күзінде Бөкей Ордасында қазақ атты әскер полкі құрылды. Онда Ж. Сәрсенов, Х. Ишанов, Б. Жәнікешев сынды азаматтар жетекшілік етті. 1920 жылдың соңына дейін Қазақ әскери комиссариатының ұйымдастыруымен Торғай, Орал облыстары мен Бөкей Ордасында 37 ұлттық әскери бөлімдер құрылған. 1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың басында Ә.Жангелдии мен А. Иманов Торғайда екі, ал Ырғызда бір атты әскер эскадронын құрды. Ұлттық әскери бөлімдерді қалыптастыруда Далалық өлкенің төтенше комиссары Ә.Жангелдин, Торғай уезінің әскери комиссары А.Иманов, қазақ атты әскери бригадасының саяси жетекшісі Б.Қаратаев маңызды роль атқарды. Олар ұлттық әскери бөлімдерде идеологиялық жұмыстарды ұйымдастырған.

1918 жылы қараша айында *Әліби Жангелдин бастаған әскери экспедиция* үлкен ерлік жасады. Бұл экспедиция Мәскеуден Еділ өзенімен Каспий теңізі арқылы

Бозашы түбегіне жеткен. Одан кейін шөлді аймақты түйемен өтіп Шалқар станциясына келген. Сөйтіп, Ақтөбе майданына Қызыл Армияға қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізді. Осы көмектің нәтижесінде атаман Дутовтың әскеріне соққы берілід. Ал, 1919 жылдың басында Орынбор мен Орал қаласы ақгвардияшылардан босатылды. Осылайша Ресей мен Қазақстан, Орта Азия арасындағы байланыс қайта орнатылды.

Кеңестік әскери комиссариаттар жергілікті халықты Қызыл Армия қатарына тартуда ұйымдастыру жұмыстарын күшейтті. Бұл істе көптеген қиындықтар да кездесті. Қару-жарақ, оқ дәрі, әскери жабдықтар жетіспеді. Әскери бөлімдерге басшылық ететін тәжірибелі мамандар аз болды. Ұлттық әскери бөлімдерге қолбасшылар сенімсіздікпен қарады. Олар ұлттық әскери бөлімдерді кейін Ресейге қауіп төндіруі мүмкін деген пікірде болды. Алғашқыда ұлттық әскери бөлімдерді рота деңгейінен асырмау көзделген еді. Алайда, соғыс талабы полктар мен бригадалар құруға мәжбүр етті.

Кеңес үкіметінің ұлттық әскери бөлімдерді құруының тарихи маңызы да болды. Өйткені, патша үкіметінің отарлық саясатының нәтижесінде қазақ халқы жоғалта бастаған әскери тәжірибесі қайта жандана бастады. Қазақ халқының жаңа үлгідегі әскери мамандары осы кезеңнен бастап қалыптаса бастады.

«Әскери коммунизм» саясаты.

Кеңес өкіметі 1918 жылдың орта кезінде елдегі барлық материалдық ресурстар мен адам күштерін майдан қажетіне жұмылдыру үшін *"әскери коммунизм" саясатын* енгізді. Бұл саясаттың мәні: халық пен Қызыл Армияны азық-түлікпен қамтамасыз ету еді. Бұндай төтенше саясат экономикалық дағдарыстан шығу мен ішкі-сыртқы жаулардан қорғану үшін қажет болды. "Әскери коммунизм" саясаты бойынша *азық-түлік салғырты* енгізілді. Салғырт бойынша шаруалардың қолындағы астықтың көп бөлігі ешқандай қайтарымсыз алынды. Ауыл шаруашылық өнімдерін сатуға тиым салынды. Жаппай еңбек міндеткерлігі енгізілді. Еңбек міндеткерлігі бойынша Кеңес органдары қажет деп тапқан уақытта кез келген азамат тегін еңбек етуге тиісті болды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Міне, осындай шаралардың нәтижесінде Қызыл Армияның ақтарға шешуші соққы беруіне жағдай жасады. 1918 жылы күзде Қызыл Армия бөлімдері шабуылға шығып, Бугурслан, Бұзылық, Қазан, Александров-Гайды басып алды. Орынбор мен Орал қалаларына жақындады. Сөйтіп, Ақтөбе майданының қарулы күштері 1919 жылдың 22 қаңтарында Орынборды, 26 қаңтарда Орал қаласын азат етті. Түркістан мен Орталық Ресей арасындағы байланыс қалпына келтірілді. 1919 жылы көктемде М.Фрунзе басқарған қызыл әскер отрядтары Қазақстанның солтүстік, ал В. И. Чапаев басқарған дивизия оңтүстік-батыс аудандарда соғыс қимылдарын жүргізді. Колчак әскерінің Деникин әскерімен қосылуына жол бермей, оларға күйрете соққы берді. Қазақстанда Колчак тәртібіне қарсы ірі көтеріліс Қостанай уезінде болды. 1918 жылы желтоксан айының аяғында Ә. Жанкелдин, А. Иманов және Ырғыз отрядының біріккен күшімен Торғайда Кеңес өкіметі қалпына келтірілді.

Партизандық қозғалыс

Азамат соғысы [illegible] мен [illegible] әрекетінен ең алдымен бейбіт ауылдар зардап шекті. Олар, бейбіт халықтың азық түлігін тартып алды, малдарын күштеп айдап кетіп отырды. Әсіресе, жылқыны көптеп алды. Қарсылық көрсеткен ауылдар мен селоларды өртеп, қиратып отырды. Әсіресе, қатыгездігімен атаман Анненков пен атаман Дутовтың казак әскері ерекше көзге түсті. Мысалы, атаман Анненковтың бұйрығымен Өскемен Кеңесінің төрағасы Я.Ушанов тірідей кеменің оттығына тасталды.

Колчак үкіметінің іс әрекеті қазақ халқының автономияға деген үмітін су сепкендей басты. Осындай жағдайларға байланысты қазақ халқы қызылдарды қолдай бастады. Кеңес үкіметіне қарсы күштермен одақ жасаған Алашорда басшылары да Кеңестер жағына өте бастады. А.Байтұрсынов 1919 жылы Кеңес үкіметі жағына өтетінін мәлімдеді. Мұндай саяси шешімін ол: «Колчак үкіметінің монархиялық билік орнатуға деген ұмтылысын көргеннен кейін біз Кеңес үкіметі жағына шығуды жөн деп таптық.» деп түсіндірді. Бірақта, жергілікті большевиктердің іс әрекеті Кеңес үкіметіне деген сенім тудыра алған жоқ еді

деп атап көрсеткен болатын.

Казак атамандарының шектен тыс қатігездігі Қазақстанда да оларға қарсы партизандық қозғалысқа жол ашып берді. Ақмола, Семей, Жетісу облыстары партизандық қозғалыстың негізгі ошағына айналды. Партизандық жасақтарды соғыстан оралған солдаттар мен 1916 жылғы көтеріліске қатысушылар басқарды. Мысалы, Қостанай уезіндегі партизандық күштерді Қазан төңкерісіне қатысушы А.Миронов, революционер И.Эльбе, 1916 жылғы көтеріліс жетекшілерінің бірі Ө.Ыбыраев басқарған. Орал облысында Ә.Әйтиев, С.Арғыншиев, Ақмола облысында Ә.Майкөтов, С.Шәріпов, Семей облысында А.Войцеховский, А.Азаданов, В.Мей т.б. жетекшілік етті. Шығыс Қазақстанда «Тарбағатай тау қырандары» партизан отряды белсенді соғыс қимылдарын жүргізген.

Жетісудағы Черкасск қорғанысы (1918ж. маусым–1919ж. қазан) партизандық қозғалыстағы елеулі оқиғалардың бірі болды. Жетісу партизандары атаман Анненков әскеріне қарсы ерлікпен соғысты. Олардың жасағы он мыңға дейін жетті. Алайда, кескілескен ұрыстардан кейін Анненков әскері Черкасск және басқа да селоларды басып алып, екі мыңға жуық адамды өлтірген. Партизандық қозғалыстың тағы бір ошағы Атбасар уезіндегі Маринское селосы болды. Онда Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Павлодар уездеріндегі партизан отрядтарын басқаратын штаб орналасты. Штаб жетекшісі Н.Ирченко болды. Бұл партизандық ошақты Колчак үкіметі басу үшін үлкен күш жұмсауына мәжбүр болды. Партизандар қарсылығын генерал Волков әскері басып жаншыды. 1919 жылдың жазында Шығыс майдандағы қызу шайқастардың барысында Колчак Армиясы екіге бөлінді. Олардың бір бөлігі Сібірге, екіншісі Түркістанға қарай шегінді. Колчак Армиясын Түркістан майданының қызыл әскер бөлімдері 1919 жылы тамызда құртып жіберді.

Колчак Армиясының жеңілуімен Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағында Кеңес билігі қайта келтіріле бастады. 1919 жылы шілдеде қоршауда қалған Орал қаласы азат етілді. 1920 жылы 5 қаңтарда Гурьев, ал 8 қаңтарда Доссор мұнай кәсіпшілігін қызылдар басып алды. Осының

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

нәтижесінде Түркістан майданының әскери бөлімдері Жетісуға жеткізіліп, мұндағы ақтардың қарсылығын басуға мүмкіндік берді. 1920 жылдың көктемінде Үржар, Арасан станицалары, атаман Анненковтың штабы орналасқан Үшарал поселкісі босатылды. Атаман Анненков және оған қосылған атаман Дутов әскері Қытайға қашты. Нәтижесінде 1920 жылғы наурыз айында азамат соғысының Қазақстандағы соңғы майданы-Жетісу майданы жойылды. Қазақстандағы соғыс қимылдарын М.Фрунзе, М.Тухачевский, В. Чапаев сияқты Қызыл Армияның белгілі әскери қолбасшылары жүзеге асырды.

Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы күрес Азамат соғысының майдандары жойылғаннан кейін де тоқтаған жоқ. 1920 жылғы 12 маусымдағы Верныйдағы бүлік соның көрінісі еді. Бүлікті басуды іске асырғандар арасында Д.Фурманов, Ғ. Мұратбаев, Б. Шагабудинов т. б. болды. Сол жылғы жазда Семейде казак офицерлері ұйымдастырған бүлік жасалды. Олар кеңес қызметкерлерін өлтіріп, мемлекет қоймаларын тонады. Бірақ [illegible] нәтижесінде Қызыл Армия толық жеңіске жетіп, бүкіл елде Кеңес өкіметі орнады. Бұл соғыстан ең алдымен қарапайым халық көп зардап шегіп, *8 млн адам қаза тапты.*

Түсіндірме сөздік

Антанта – Англия, АҚШ, Франция енген әскери одақ.

«Әскери коммунизм» саясаты – Азамат соғысы кезінде енгізілген Кеңес үкіметінің экономикалық саясаты. Бұл саясат бойынша еңбек әскери тәртіп бойынша ұйымдастырылды және тауар ақша қатынасы жойылды.

Азық түлік салғырты – шаруалардың күн көрісі мен тұқымдықтан артылған өнімін мемлекетке өткізуге міндеттеген салықтың түрі.

Партизандық қозғалыс – әскери бөлімдерден тыс астыртын отрядтар құру арқылы жау тылында соғыс қимылдарын жүргізу әдісі.

Интервенция – мемлекеттің ішкі ісіне қол сұғу, әскери басқыншылық жасау.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Азамат соғысының басталу себептері қандай болды?
2. Кеңестік Ресейге қарсы шет елдік интервенцияның басталуына қандай факторлар әсер етті?
3. Азамат соғысы кезінде Кеңес үкіметі қандай экономикалық саясат енгізді және оның мәні неде болды?
4. Азамат соғысы кезінде Қазақстанда неліктен партизандық қозғалыс кең етек алды және партизандық күрес ошақтары қайда орналасты?
5. Қызыл Армия құрамында ұлттық әскери бөлімдердің құрылу ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.
6. Азамат соғысы жылдары Қазақстанда қандай майдандар ашылды?
7. Азаматтық қарсы тұрудың нәтижесі қалай аяқталды және оның қазақ халқы үшін зардаптары қандай болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Берілген кестені толтырыңдар

Қазақстанның Ресейдегі азамат соғысына тартылуы	
Хронологиясы мен негізгі кезеңдерін анықта	
Себептері	
Қазақ жерінде ашылған майдандар мен соғыс қимылдары	
Азамат соғысы кезіндегі экономикалық саясат	
Азамат соғысының саяси нәтижелері	
Азамат соғысының қасіреті	

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Ә) Карта арқылы Азамат соғысы кезінде Қазақстанда ашылған майдандар мен Ә.Жангелдин экспедициясының жүріп өткен жолын көрсетіңдер.

Б) Қазақстандағы партизандық қозғалыс ошақтары туралы картаны пайдалана отырып баяндап беріңдер.

Тарихи тұлғалар

Жангелдин Әлиби *(1884, Қостанай обл. - 1953, Алматы) - мемлекет қайраткері. Торғайда кәсіптік училищеде, Қостанайда 2 кластық орыс-қазақ мектебінде оқыған. 1903ж. Орынбордағы діни училищені бітіріп, Қазанда мұғалімдер семинариясында екі жыл оқыған. Бірақ, 1905ж. революцияға қатысты деген айыппен оқудан шығарылады. Сол жылы Мәскеуде діни академияға оқуға түсіп, 1906ж «сенімсіз студент» ретінде академиядан да шығарылады.*

1909-12ж. шетел халықтарының тұрмыс-салтымен танысу (кейбір деректерде діни уағызды насихаттау) мақсатында Ә.Жангелдин Еуропа, Африка, Таяу Шығыс, Азия елдерін жаяу аралап, 1913ж. Жапония арқылы елге оралады. 1915ж. Ресейде коммунистік партия қатарына кіреді. Ә.Жангелдин 1916ж. Торғай көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1917ж. Ақпан революциясынан кейін Қазақстанда Кеңестердің орнауына белсене араласады. 1918ж. Торғай облыстық Атқару Кеңесінің төрағасы болып сайланады. Азамат соғысы кезінде Далалық өлкенің төтенше комиссары болып тағайындалды. Ол Қазақстанда Қызыл Армияның алғашқы ұлттық әскери бөлімдерін құрып, ақ гвардияшыларға қарсы күресті ұйымдастыруға атсалысты.

1920 ж. қазанда өткен Қазақ АКСР Кеңестерінің Құрылтай съезінде үкімет мүшесі болып сайланды. Қазақ АКСР ОАК төрағасының орынбасары және Қамсыздандыру халық комиссары болды. Ә.Жангелдин Ұлы Отан соғысы жылдарында тыл жұмысын ұйымдастыруға, соғыс аяқталған соң зардап шеккен аймақтарға көмек көрсету жұмыстарына белсене араласты. Ол 1920 жылдан Қазақ АКСР ОАК мүшесі, 1938ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

II-бөлім
Қазақстан кеңестік жүйенің қалыптасуы мен нығаюы кезеңінде (1920-1950 жылдар)

4-тарау: Қазақ автономиялы кеңестік Республикасының құрылуы және тоталитарлық жүйенің қалыптасуы

4.1 ***Қазақ автономиялы кеңестік социалистік Республикасының құрылуы (Қазақ АКСР) және Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР құрамына қайта бірігуі***

Қазақ кеңестік автономияның құрылуының алғышарттары. Қазревком қызметі. Қазақ АКСР құрылуы және оның тарихи маңызы. Қазақ жерлерінің қайта бірігуі. Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлттық территориялық межелеу саясаты. Қазақ халқының тарихи атауының қалпына келуі.

Қазақ соғысы Кеңес үкіметінің өзін өзі билеу құқымен санаспауға болмайтынын тағы да дәлелдеді. 1919 жылғы маусым айында Кеңес үкіметінің ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты Қырғыз (қазақ) кеңес автономиясын құру туралы арнайы мәселе қарады. (*1925-жылға дейін қазақтар- қырғыз, ал қырғыздар- қара қырғыз деп аталып келді*) Онда қазақ халқының арасында саяси және шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыратын орган құру туралы шешім қабыданды.

1919 жылы 10 шілдеде РКФСР ХКК декреті бойынша Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құрылды (Қазревком).

Қазревком *төрағасы* С. Пестковский. *Мүшелері:* А. Байтұрсынов, В. Лукашев, Ә. Жанкелдин, М. Тұнғаншин, С. Меңдешев, Б. Қаратаев. Кейінгі уақыттарда Ә. Әйтиев, С. Арғыншиев, А. Авдеев, Ғ. Әлібеков,Т.Седельников, Б. Қаралдин еңбек етті. Қазревком Орынборда орналасты. Қазревком жанынан: еңбек және әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, халық ағарту, егіншілік, юстиция, пошта-телеграф, азық-түлік, жұмысшы-шаруа инспекциясы, халық

шаруашылығы бөлімдері құрылды.

Қазревкомның баспасөз органы «Ұшқын» газеті болды.

Қазревкомның ең басты қызметі - өлкеде әскери және азаматтық билікті жүзеге асыру. *Негізгі міндеттері*:

- Қызыл Армияға көмек көрсету, Кеңестерді қалпына келтіру;
- өнеркәсіп пен көлік қатынасын жандандыру,
- білім беру мен мәдени құрылысты жүзеге асыру;
- Кеңестердің Құрылтай съезіне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру;
- кеңестік қызметке кадрлар дайындау;
- қазақ жерінің шекараларын белгілеу;

Қазревком 1919 жылдың шілдесінен 1920 жылдың қазан айына дейін жұмыс істеді. *Атқарған негізгі жұмыстары*:

Азамат соғысы кезінде құлатылған Кеңестерді қайта қалпына келтіруді жүзеге асырды.

Орал-Ембі мұнай кәсіпшілігін, Қарағанды, Екібастұз шахталарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Оралда, Қостанайда, Семейде, Ақмолада және басқа қалаларда электр станциялары жұмыс істей бастады. Жылдың аяғына қарай өлкеде 59 электр станциясының 45-і қалпына келтіріліп, пайдалануға берілді.

Қазревкомының басқаруымен жергілікті өкімет Азамат соғысынан орасан зор зиян шеккен темір жол қатынасын қалпына келтіруге айрықша көңіл бөлді. Өйткені, тек Орынбор - Ташкент темір жолында ғана 550 шақырым жол төсеніші, 172 көпір, 18 темір жол станциясы қиратылған. Омбы - Петропавл 36 темір жол көпірі, соның ішінде Есіл мен Ертіс өзендеріндегі үлкен көпірлер құртылған. Арнайы темір жол мамандарынан құрылған жұмысшылар арқасында бұзылған темір жол магистральдарының көптеген желілері қалпына келтірілді. Қазревком өлкеде қоғамдық еңбекті кеңестік үлгіде қайта құруды қолға алды. «Еңбек майданы апталығы», «сенбіліктер», «жексенбіліктер» ұйымдастырылды. 1 мамырда бүкіл Қазақстан бойынша сенбіліктер өткізіліп, оған мыңдаған еңбекшілер қатысты.

Қазревком шаруаларға Колчак әскерлері тартып алған жерлерді қайтарып берді. 1920 жылдың көктемінде

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

бірқатар уездерде жері жоқ және жері аз шаруалар жер үлестерін алды. Сол жылдың күзіне қарай өлкеде 1039 ұжымдық шаруашылықтар құрылды. Бұл кезде Кеңес өкіметі өзінің жергілікті органдарын нығайтуды қолға алды. Еңбекшілерді саяси және шаруашылық қызметке тарту шараларын жүргізді. 1920 жылы 2 қаңтарда Қорғаныс Кеңесі губерниялық және уездік ревкомдарды тарату туралы қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес Қазақ өлкесінде ревком билігін Кеңестерге беру жұмысы басталды. Ауылдарда Кеңестер сайлауы өткізілді. Кейін болыстық және уездік съездер болып, оларда Кеңестердің атқару комитеттері сайланды.

Революциялық комитеттерден Кеңестерге көшу ең алдымен Орал облысында басталды. 1920 жылғы қаңтардың бас кезінде Орал уезінің 22 болысында болыстық, станицалық, селолық және ауылдық Кеңестер құрылды. Сол жылы шілденің басында Ақмола, Атбасар, Көкшетау және Петропавл уездерінің көп жерінде селолық, ауылдық және болыстық кеңестер ұйымдастырылды. Ревкомдар төтенше органнан [illegible] Кеңестерге берді. Ерекше жағдай ретінде ревкомдар тек Адай уезі мен Жетісуда сақталып қалды.

1920 жылдың 30 сәуірінде РК(б)П Орталық Комитеті Қазақстанда Компартияның облыстық бюросын құру туралы қаулы қабылдады. Оның құрамына С. Пестковский, Ә. Жанкелдин, Ә. Әйтиев, А. Авдеев, М. Мырзағалиев, С. Арғыншиев, Ә. Әлібеков кірді.

Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы

РК/б/П Қырғыз /Қазақ/ облыстық бюросы құрылғаннан кейін өлкеде Кеңес өкіметін, мемлекеттік құрылысты нығайту жұмысы қолға алынды. 1920 жылғы 17 тамызда РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі Қырғыз (Қазақ) республикасы туралы Декрет жобасын мақұлдады. 26 тамызда БОАК пен ХКК РКФСР құрамындағы "Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы" Декрет шығарды.

Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасының құрамына:

- Семей, Ақмола, Торғай және Орал губерниялары;
- Маңғыстау уезі, Закаспий облысының Красноводск уезіндегі 4, 5-ші Адай болыстары;
- Астрахань губерниясындағы Синемор болысы;
- Бөкей ордасы, 1-ші және 2-ші Приморье округтарына шектес, қазақтар қоныстанған бұрынғы қазыналық жерлер кірді.

Қазақ АКСР тұңғыш астанасы болып Орынбор қаласы жарияланды.(1920-24ж.) 1920 жылдың 4-12 қазанында *Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезі* болып өтті. Съезге Қазақстанның барлық губернияларынан 273 делегат және Алтай губерниясы қазақтары атынан 6 делегат қатысты. Делегаттардың қатарында 128 қазақ, 127 басқа ұлт өкілдері болды. Құрылтай сьезінде Қазақ АКСР нің жоғарғы *билік органдары сайланды:* Қазақ АКСР *Орталық Атқару Комитеті* (ОАК), төрағасы - С. М. Мендешев; Қазақ АКСР *Халық Комиссарлар Кеңесі* (ХКК), төрағасы - В. Радус-Зенькович.

Съезд «*Қазақ АКСР-і еңбекшілерінің құқықтары туралы Декларация*» қабылдады. Декларация ұлттық езушілік пен отарлық саясаты жойылатыны туралы мәлімдеді. Декларация еңбекшілердің *саяси құқықтарын*: сайлау және сайлану құқығын, нәсілдік және ұлттық шектеулер жойылатынын, тегін білім алу құқығы мен қазақ әйелдерінің теңдігін, сөз, жиналыс, баспасөз бостандығын баянды етті. Азаматтардың еңбек ету, елін қорғау міндеттері айқындалды. *Қазақ АКСР құрылуының тарихи маңызы*: Қазақтың кеңестік үлгідегі ұлттық мемлекеттігін құрудың орасан зор тарихи маңызы болды. Біріншіден, қазақтың ұлттық мемлекеттігі қайта қалпына келтірілді; Екіншіден, республика жаңа даму жолына түсті. Қазақ халқының басқа елдермен тең дәрежеде дамуына мүмкіндіктер ашылды. Үшіншіден, Қазақстанның ұлттық шекаралары ресми түрде белгілене бастады.

Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР құрамына қайта бірігуі

Алаш автономиясын құру мүмкін болмағаннан кейін қазақ халқы кеңестік үлгідегі автономия құру ісіне белсене

араласты. Патша үкіметінің «бөліп ал да, билей бер» деген саясатының нәтижесінде қазақ жері бөлшектелген еді. Енді қазақ жерлерін қайта біріктіру мүмкіндігі туды. Бұл өте қиын іс болды. Біріншіден, патша үкіметі қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін жойды; Екіншіден, қазақ халқының мемлекеттік дәстүрлері мен шекараларын жоюға тырысты; Үшіншіден, қазақ халқына Ресей заңдары мен әкімшілік басқару жүйесін енгізді.

Қазақ революциялық комитеті жанынан құрылған арнаулы комиссия болашақ Қазақ автономиясының шекарасын белгілеумен айналысты.

Шекара мәселесі үлкен пікір таластар тудырды:

- Кейбір биліктегі қызметкерлер Ақмола, Семей, Орал облыстарының Қазақстанға қосылуына карсы шықты.
- Енді біреулер, Қазақ республикасының құрамына Омбы облысын, Орта Азияның бір бөлігін, Барнаул уезін, Алтай өлкесін қосу арқылы ұлттық республика құруды қиындатуды көздеді. *Мұның бәрі биліктегі азаматтардың отарлық көзқарас пен шовинистік пиғылда екендіктерін айқын білдірді.*

Қазақ АКСР ның шекараларын белгілеуде қазақ зиялылары кеңестік үкіметімен жүргізген келіссөздер барысында өздерінің терең білімі мен дипломатиялық шеберліктерін көрсетті. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, М.Сералин, С.Садуақасов сынды т.б. азаматтар кейбір орынсыз талас тудырған жерлердің қазақ халқының атақонысы екенін тарихи деректер арқылы дәлелдеп отырды.

РКФСР ХКК 1920 ж. 28 ақпанда В.Лениннің қатысуымен өткен мәжілісінде Қостанай уезі халқының пікірімен санасу ниетін білдірді. Сөйтіп, Қостанай аймағын Қазақстанға қосу туралы шешім шығарды. Қостанай өлкесінің байырғы қазақ жері екенін Кеңес үкіметінің басшыларына А. Байтұрсынов пен М.Сералин дәлелдеп берген еді. 1920 жылғы 22 қыркүйекте БОАК декреті бойынша Қазақ АКСР-ның құрамына Орынбор губерниясы енгізілді. 1920-1921 жылдары Қазақстан мен Сібір арасындағы шекараны белгілеу мәселесін БОАК В.Лениннің қатысуымен бірнеше мәрте қараған. Өйткені, бұрын Батыс Сібір губерниясының құрамында болған Ақмола мен Семей облыстарының Қазақстанға қосылуына Сібір ревкомы қарсы болды. 1920 ж.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYROS

Қазақстан мен Сібірдің шекарасы туралы мәселе 5 рет талқыланған. Нәтижесінде 1921 ж. Ақмола мен Семей облыстары Қазақ АКСР құрамына қосылды. Бірақ Омбы қаласы мен уезінің бір бөлігі Сібір ревкомының қарамағында қалып қойды. Батыс Сібір губерниясының құрамында болып келген Ақмола мен Семей облыстарын Қазақстанға қосуда С. Садуақасов көп үлес қосты. 1921 ж. Қазақ АКСР ОАК декретімен Ертіс пен Жайық (Орал) бойындағы бұрын казактардың иелігінде болған он шақырымдық жерлер қазақ халқына қайтарылды.

Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасының құрамына:

- Ақмола облысы: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезінің бір бөлігі;
- Семей облысы: Өскемен, Павлодар, Семей, Зайсан, Қаркаралы уездері;

Торғай облысы: Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай уездері;

Орал облысы: Темір, Ілбішін, Орал, Гурьев уездері;

- Маңғыстау уезі, Закаспий облысының Красноводск уезіндегі 4 және 5-ші Адай болыстары;
- Астрахань губерниясындағы Сарепта, Бекетов қалаларынан солтүстік шығыс жағасы);
- Бөкей Ордасы мен теңіз жағасындағы округтармен шектес қазақтар қоныстанған бұрынғы қазыналық жерлер кірді.

Бірақ Сырдария мен Жетісу облыстары Түркістанның құрамында қалып қойды.

В. Ленин бастаған Кеңес үкіметі де қазақ зиялыларының пікірімен санасуға мәжбүр болды. Өйткені, Кеңес билігін толық орнату үшін басқа ұлт өкілдерінің сеніміне ие болу қажет еді. Сонымен бірге, В.Ленин Ресей халықтары құқықтарының Декларациясында жариялаған негізгі уәделерді орындауға міндетті болды. Оны ескермеген жағдайда ұлт-азаттық көтерілістер қайта өз жалғасын табуы мүмкін еді. Кеңес үкіметі аумақтық дауларға себеп қалдырғысы келмеді. Сондықтанда В.Ленин саяси табандылық танытты. Кейбір жергілікті кеңес қызметкерлерінің шовинистік пиғылдарына тойтарыс беріп, қазақ жерлерін қайта біріктіру мәселесін шешті.

Кеңес үкіметі *1924-1925 жылдары Орта Азия мен Қазақстанда ұлттық-территориялық межелеу саясатын*

жүргізді. Бұл саясат бойынша бұрын Түркістан АКСР құрамында болған Орта Азия халықтарының кеңестік үлгідегі ұлттық республикалары құрылды. Соның нәтижесінде: Сырдария облысының Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент уездері, Әулиеата уезінің көп бөлігі, Ташкент, Мырзашөл уездерінің бір бөлігі; Самарқан облысының Жизақ уезінің бірқатар болыстары;

Жетісу облысының Алматы, Жаркент, Лепсі, Қапал уездері, Пішпек уезінің бір бөлігі Қазақ АКСР құрамына кірді.

Межелеуден кейін Қазақ АКСР территориясы 2,7 млн шаршы шақырымға жетті. Халқының жалпы саны 5 млн 230 мың адамды құрады, яғни 1 млн 468 мың адамға көбейді. 1926 жылғы санақ бойынша қазақтар республика халқының 61,3 % құрады.

1925 жылы Қазақ АКСР астанасы Ақмешітке көшірілді. Оның аты идеологиялық себептерге орай Қызылорда болып ауыстырылды. Алайда, Орынбор қаласы Ресейдің құрамына өтті. Сонымен бірге, 1925 жылы сәуірде болып өткен Кеңестердің бүкілқазақстандық V-съезінде қазақ халқының тарихи дұрыс атауын қалпына келтіру туралы мәселе көтерілді. Бұл мәселе бойынша съезд арнайы қаулы қабылдады. Қаулыда: *«қырғыздар алдағы уақытта қазақтар деп аталсын»* деп атап көрсетілді. Қазақ халқының тарихи атауын қалпына келтіруде А.Байтұрсынов ерекше табандылық көрсетті.

1928 жылы *Республиканы жаңадан аудандастыру* шарасы жүзеге асырылды. Бұл шара бойынша республика *5 буынды басқару жүйесінен* (ауыл, село – болыс – уезд – губерния – орталық) *4 буынға* (ауыл, село – аудан – округ - орталық) көшті. Бұрын республикада 1 автономиялы облыс, 6 губерния, 2 округ, 32 уезд, 410 болыс болса, енді 1 автономиялы облыс, 13 округ, 192 ауданға бөлінді. 1929 жылы республика астанасы Алматыға ауысты.

Орта Азия мен Қазақстанда ұлттық-территориялық межелеу саясатының нәтижесінде қазақ жерлерінің Қазақ АКСР құрамына бірігуі аяқталды. Оның *тарихи маңызы* өте зор болды. Біріншіден, қазақ халқы біртұтас мемлекеттің құрамына бірікті; екіншіден, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараларының негізі қалыптасты.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Түсіндірме сөздік

Құрылтай съезі – мемлекеттің даму бағыты мен билік органдары айқындалатын құзырлы жиын.

Сенбіліктер мен жексенбіліктер – азаматтардың ерікті түрде мемлекет пайдасы үшін еңбек күнін арнауы.

Губерния – Ресейдегі әкімшілік бөлініс сатысының жоғарғы буыны.

Ұлттық территориялық межелеу – мемлекеттік шекараларды белгілеу.

Қазыналық жерлер – патша үкіметінің Ресей әкімшілігі үшін қазақтардан тартып алынған жерлер.

Аудандастыру – аумақтық әкімшілік бөлініс жүйесін белгілеу.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазревком қашан құрылды және оның құрамына кірген азаматтарды атап бер.
2. Қазақ АКСР нің құрылуына қандай алғышарттар жасалынды?
3. Қазақ АКСР нің құрамына қандай аумақтар кірмей қалды және неліктен?
4. Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезі қандай шешімдер қабылдады?
5. Кеңестік үлгідегі Қазақ автономиясының құрылуының тарихи маңызы болды?
6. Қазақ жерлерінің қайта бірігуі қашан және неше кезеңде жүзеге асырылды?
7. Қазақ жерлерінің шекараларын айқындауда белсенді қызмет атқарған қазақ зиялыларынан кімдерді білесіңдер?
8. Қазақстан мен Орта Азиядағы ұлттық территориялық межелеудің қандай тарихи маңызы болды?
9. Ұлттық территориялық межелеу кезінде Қазақстанның қандай жерлері Ресей Федерациясының құрамына қосылды?
10. Қазақ АКСР-ндегі жаңадан аудандастыру шарасы барысында қандай өзгерістер енгізілді?
11. Қазақ халқының тарихи атауы қашан қалпына келтірілді?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Алаш автономиясы мен Кеңестік үлгідегі Қазақ автономиясына салыстырмалы талдау жасаңдар.

Ә) Кеңестік Қазақстанның астаналары туралы сипаттама беретін кесте құрыңдар.

Б) Қазақстанның ұлттық территориялық межелеу саясатына дейінгі және одан кейінгі аумағын картадан көрсетіңдер.

Тарихи тұлғалар

Станислав Пестковский *(1882, Польша - 1943, сонда) - қоғам қайраткері. Ұлты поляк. Лондон университетін бітірген. Орыс, француз, ағылшын, неміс тілдерін меңгерген. 1905-06ж. Польша мен Литвадағы социал-демократтар жетекшілерінің бірі болды. 1906ж. саяси қызметі үшін тұтқындалады. 1911ж. Иркутск губерниясына жер аударылған, одан 1913ж. қашып шығып шетелге кеткен. 1914-17ж. Лондонда болшевиктік секцияның мүшесі болды. 1917ж. кәсіподақтардың Петроград орталық кеңесінің мүшесі болып, РСДЖП ОК хатшылығында қызмет еткен. 1917-19ж. РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының орынбасары. 1919 ж. шілдесінен 1920 ж. 1-қыркүйегіне дейін Қазақ революциялық комитетінің 1920ж. РК(б)П Қазақ бюросының төрағасы болды. С.Пестковский Қазақстанда жұмыс істеген кезінде Орынбор қаласы мен солтүстік облыстардың Қазақстанның құрамына кіруіне ықпал етті. Құбан айт мейрамына рұқсат етілді. 1922 жылдан партиялық және дипломатиялық жұмыстарда болды. 1924-26ж. КСРО-ның Мексикадағы өкілетті өкілі. Коминтерін аппаратында жұмыс істеді. 30-ж. ортасынан бастап ғылыми жұмыстармен айналысқан.*

В.А.Радус-Зенькович *(1877,Архангельск-1967,Мәскеу) - партия және мемлекет қайраткері. 1898 жылдан Компартия мүшесі. Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыған. Революциялық қызметі үшін 1902 жылы Иркутск губерниясына жер аударылған. Бірақ, одан Швейцарияға қашып кетеді. Женевада «Искра» баспаханасында әріп теруші, кейін «Искраның» агенті болды. 1903-1908ж. Россияда астыртын жұмыс істеп, РСДЖП комитетінің құрамына кіреді. 1917ж. Қазан төңкерісінен кейін Саратовта «Социал–демократ», «Саратов Советі хабаршысы» газеттерінің редакторы болған. 1918ж. РКФСР Еңбек халкомының орынбасары. 1919-1920ж.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

РК(б)П Саратов губкомы үгіт–насихат бөлімінің меңгерушісі, Саратов атқару комитетінің төрағасы қызметінде болған.1920-1922ж. Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, РК(б)П ОК Қырғыз бюросының хатшысы болған. 1923ж. РК (б)П Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі. 1925-1927ж. Белоруссияда Орталық Бақылау Комиссиясының төрағасы, 1930–1933ж. РКФСР Еңбек халкомы төрағасының орынбасары. 1933-1937ж. Байланыс жұмысшыларының кәсіподақ ОК төрағасы. 1938–1940 ж. Оқу комиссариаты өлкетану музейі басқармасының төрағасы, одан кейін СОКП ОК жанындағы Марксизм–ленинизм институтының қызметкері болған.

***Сейітқали Меңдешов** (1882 - 1937) қоғам және мемлекет қайраткері. 1903ж. Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген. Бөкей Ордасындағы қазақ ауылдарында 13 жыл мұғалім болған. I орыс революциясы тұсында өңірдегі зиялы қауым өкілдерінен құрылған астыртын ұйымның жетекшісі болып, ағартушылық бағыттағы үгіт насихат жұмыстарын жүргізумен айналысқан. 1916 жылы қазақ хағқынын ... қозғалысы кезінде Бөкей Ордасындағы жетекшілерінің бірі болды. Сол үшін тұтқынға алынып, Астрахань түрмесіне жабылған. 1917ж. Ақпан революциясынан кейін Бөкей Ордасында қазақтардың өзін-өзі басқару ұйымдарын құруға ат салысты. 1918ж. Кеңестердің Бөкей губерниясындағы сьезінде губерниялық атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. 1919ж. шілдеде Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет төрағасының орынбасары болды. 1920-25ж. Қазақ АКСР ОАК төрағасы қызметінде жүріп ашаршылыққа қарсы күресті басқарды. 1921ж. Қазақстанның солтүстік аймақтарын, 1924ж. Жетісу мен Сырдария облыстарын Қазақ АКСР-іне қосуда үлкен қажыр қайрат көрсетті. Патша өкіметі кезінде қоныс аударушыларға тартып алынған шұрайлы жерлерді қазақтарға қайтару жөнінде мәселе көтерді. 1925-26ж. Қазақстан тұтынушылар одағының төрағасы, 1926-30ж. РКФСР Экономикалық Кеңесінің мүшесі болды. 1930-37ж. Қазақ АКСР Оқу-ағарту халық комиссары, Қазақ АКСР*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

ХКК жанындағы қорықтар мен тарихи ескерткіштерді қорғау басқармасының төрағасы қызметтерін атқарды. Саяси қайраткер ретінде БК(б)П X-XYI сьездерінің делегаты болған. 1921-26ж. РК(б)П ОК Қазақ бюросының мүшесі болды. 1937ж. қуғын сүргін құрбаны болды. Кейін ақталды.

4.2 Қазақстандағы алғашқы кеңестік реформалардың жүзеге асырылуы және қоғамдық-саяси ахуал

Жаңа экономикалық саясат және оның нәтижелері (1921 - 1926 жж.)

Қазақстанда азамат соғысы аяқталғаннан кейін әлеуметтік-экономикалық жағдай ауыр болды. Бейбіт құрылысқа көшудің қиындықтары экономикалық дағдарысқа тығыз байланысты еді. *Азамат соғысының зардаптары* халық үшін өлшеусіз болды:

- Егіс көлемі азамат соғысы жылдарында едәуір кеміп, астық өнімі үш есеге жуық азайды. Егер егістік көлемі 1914 ж. 3,6 млн. десятина болса, 1922 ж. 1,6 млн десятинаға дейін төмендеген. Мал шаруашылығы да ауыр халге ұшырады. Жалпы алғанда осы жылдары барлық мал түрі 10,8 млн. басқа кеміді.

- Қазақстанның өнеркәсібі де құлдырап кетті. Мемлекет қарамағына алынған 307 кәсіпорынның 250-і істен шықты. Өнеркәсіп халықтың сұранысын өтей алмады. Байланыс жүйесі мен темір жол тораптары қиратылды.

Жеті жылға созылған соғыс (I дүниежүзілік және азамат соғысы) адам ресурстарын азайтты және экономиканы терең дағдарысқа ұшыратты. Соғыс аяқталса да азық-түлік салғырты сақталып қалды. Шаруалардың күн көрісінен артылған азық-түлік мемлекет үшін күштеу әдістерімен алынды. Бұл жағдай шаруалардың жаппай наразылығын туғызды. *1921 жылы шаруалардың Кеңес өкіметіне қарсы толқулары басталды.* Қостанай, Орал, Семей, Шымкент уездерінде шаруалардың көтеріліс ошақтары пайда болды. *Мысалы,* 1921 жылы ақпанда патша әскерінің полковнигі Николаев пен есаул Токарев 25 мың адамнан тұратын отряд жасақтаған. Олар Петропавлдағы

Кеңестік билік органдарын талқандаған. Сол жылы наурызда Орал облысында он мыңға жуық шаруалар жасағы құрылды. Мұндай наразылықтың күшеюі Кеңес өкіметін "әскери коммунизм" саясатынан бас тартып, *жаңа экономикалық саясатқа* көшуге мәжбүр етті.

1921 жылы наурызда Компартияның X съезі жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) көшу туралы шешім қабылдады. 1921 жылы маусымда Орынборда партияның облыстық I құрылтай конференциясында Қазақстанда да ЖЭС көшу туралы шешім қабылданды.

ЖЭС-тің *мәні:*

- *Халық шаруашылығында партиялық қатаң тәртіп;*
- *Нарық экономикасын әкімшілік тұрғыда қатаң бақылау;*
- *Саудаға мемлекеттік монополия;*

ЖЭС бойынша жүзеге асырылған шаралар:

- Азық түлік салғырты азық түлік салығымен ауыстырылды;
- Еңбек міндеткерлігі жойылды;
- Жерді жалға беру мен меншік түрлері көбейді;
- Кәсіпорындарды шаруашылық есеп-кешіре бастады;
- Жалдамалы еңбекті пайдалануға рұқсат берілді.

Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда аз болды. Шаруалар артық өнімдерін қалаларға апарып сатып, тұрмыс жағдайын түзеуге мүмкіндік алды. Бірақ та халықтың хал ахуалы өте ауыр күйінде қала берді. Ол *Қазақстандағы 1921-1922 жылдардағы аштыққа байланысты болды.* 1921 жылы жазда Еділ бойы мен Солтүстік, Батыс Қазақстан аудандарында күшті қуаңшылық болды. Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей және Қостанай губернияларында егістің көбі күйіп кетті. Малға азық болмай, қырыла бастады. Ауыл шаруашылығында болған жұттың нәтижесі аштыққа апарып соқты. Сол кездегі мәліметтерге қарағанда республикада 2,3 млн. адам аштық жағдайында болған. Аштыққа байланысты елде түрлі эпидемиялар көбейді. Ал, егін біршама жақсы шыққан Ақмола мен Семей облысындағы астық Ресейдің орталық аудандарына жөнелтілді.

Осындай қиын кезеңде Қазақстан халқына Кеңес өкіметінің көмегі біршама кешігіп көрсетілген еді:

- Қуаңшылық болған аудандар БОАК декретімен азық түлік салығынан босатылды.

- 1921 жылы жазда Кеңес үкіметі қазақ шаруаларын ет салығынан босатты.
- 1922 жылы Кеңес үкіметі ауыл шаруашылық машиналары мен құралдарын сатып алу үшін 25 млн сом, мал сатып алу үшін 2.131 мың сом бөлді.

Түркістан Республикасы да Қазақстанға елеулі көмек жасады. Жұт пен қуаңшылықтан зардап шеккен шаруашылықтарға ондаған мың ірі қара мал, 2 млн. пұт тұқым берілді. Алайда, Қазақстан халық шаруашылығының жағдайы өте ауыр күйінде қала берді. Аштық Қазақстанға үлкен *зардаптарын әкелді*:

- Қазақстанның демографиялық жағдайы күрт нашарлап кетті;
- Батыс аудандардағы халық санының үштен бірі кеміді;
- 700 мың адам республикадан тыс жерлерге көшуге мәжбүр болды.

Жаңа экономикалық саясаттың жүзеге асырылуы барысында Қазақстанда *жер-су реформасы* да қатар жүргізілді. Бұл Қазақстан үшін өте маңызды болған реформа *1921-1922-жылдары* жүзеге асырылды. Жер-су реформасы жер мәселесіндегі патша өкіметінің отарлық саясатының зардаптарын жою үшін іске асырылған еді. *Реформаның мақсаты*: патша өкіметі казак әскері үшін тартып алған жерлерді қазақ еңбекшілеріне қайтарып беру. Ол Сібір, Орал, Жетісу казак әскерлері үшін берілген ең құнарлы жерлер болатын. Бұл Кеңес үкіметінің қазақ халқы үшін жасаған пайдалы істерінің бірі болды.

1921 жылы ақпан айында жер-су реформасы Түркістан Респбликасының Алматы, Қапал, Шымкент, Әулиеата уездерінде пәрменді жүргізілді. Қазақ шаруалары бұрынғы жайылымдарына қайта ие болды. Жер-су реформасының барысында қазақ шаруалары мен орыс кулактары арасында қақтығыстар да орын алып отырды. Жер бөлісі кезінде асыра сілтеушіліктерге де жол берілген.

Ауылдарда жер-су реформаларын жүзеге асыру үшін *«Қосшы одақтары»* құрылды. Оның *мақсаты:*

- шаруалардың жер үлесін алуын қадағалау, олардың мүдделерін қорғау;
- кедейлердің таптық саяси санасын арттыру;
- ауылдарда Кеңес өкіметінің орнығуына көмектесу.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қосшы одақтарына қазақ кедейлерімен бірге орыс шаруалары да кірді. Оның қызметін жандандыруда, жер-су реформаларын жүргізуде Ә.Жангелдин, А.Асылбеков, С.Меңдешов, С.Қожанов, Ж.Бөрібаев, О.Жандосов, А. Розыбакиев т.б. қоғам қайраткерлері белсенділік танытты.

Жер-су реформасының нәтижелері мен тарихи маңызы:

- Ертіс бойынан 177 мың десятина жер қазақ халқына қайтарылды;
- Орал (Жайық) өзенінің сол жағасынан 208 мың десятина жер қайтарылды;
- 1916 ж. Жетісудағы көтерілісті басу кезінде тартып алынған 460 мың десятина жер қайтарылды;
- Бұрынғы офицерлер мен қоныс аудару қоры үшін алынған жерлерден 1 млн десятина жер Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы қазақ және орыс шаруаларына берілді;
- Осындай аграрлық өзгерістердің нәтижесінде 1916 ж. көтеріліс кезінде Қытайға кетуге мәжбүр болған 300 мың қазақ пен қырғыздарды елге қайтару мүмкіндігі туды.

Осындай маңызды шараларды іске асыра отырып Кеңес үкіметі ЖЭС тың нәтижелерін ала бастады. 1927-жылға қарай көптеген қиыншылықтарға қарамастан ЖЭС-тің жетістіктері де айқындалды.

Соғыстан қираған халық шаруашылығының барлық саласы қалпына келтірілді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

ЖЭС қиыншылықтары мен жетістіктері

Экономика салалары	***Қиыншылықтары***	***Жетістіктері***
Ауыл шаруашылығы	- Қуаңшылық пен жұт - 1921-22 ж. аштық - ауыл шаруашылығы мамандары мен техниканың жетіспеуі - Товар-ақша қатынасының болмауы - Қаржы тапшылығы	- Республикада мал саны өсті: 1922ж. 12,2 млн бас болса, 1928 жылы шамамен 41 млн басқа дейін көбейген; - егіс көлемі 1924ж. 2,1 млн гектарды құраса, оның көлемі 1928 ж. 4 млн гектарға жетті. -ауылдарда кооперативтер мен ұсақ кәсіпорындардың жұмысы жолға қойылды. (Машайқау,диірмендер, кірпіш жасау,наубайхана т.б.)
Салық жүйесі	- Азық-түлік салғыртының сақталуы; -Товар-ақша қатынастарының бұзылуы; - Дәулетті шаруа қожалықтарының қарсылығы.	- Азық-түлік сағырты салықпен алмастырылды; - 6 немесе одан да аз малы бар шаруа қожалықтары салықтан босатылды; - 1924 ж. 1-қаңтарынан бастап салықтың ақшалай түрі енгізілді; - Салық негізінен байлар мен кулактарға салынды; - Несие жүйесі енгізілді: несиеге тұқым, ауыл шаруашылық

		машиналары мен құралдары берілді.
Сауда жүйесі	- Товар-ақша қатынасы нашар дамыды; - Сауда айырбас түрінде жүрді; - Саудаға қатаң мемлекеттік бақылау болды;	- Жеке сауда жасауға рұқсат берілді; - Арнайы мемлекеттік сауда ұйымдары құрылды (Қазақсауда, Қазақнанөнімдері, Коопнансауда т.б.) - Жәрмеңке саудасы қайта қалпына келтірілді: Қоянды мен Баянауыл (Семей губ.), Атбасар (Ақмола губ.), Ойыл мен Темір (Ақтөбе уезі), Орда (Бөкей Ордасы) жәрмеңкелері; - 1927 ж. республикада 75 жергілікті, 4 облыстық, 7 өлкелік жәрмеңке жұмыс істеген және оған Қытай мен Моңғолия саудагерлері қатысқан;
Өнеркәсіп саласы	- өндірістің артта қалуы; - жұмысшылар үлесі өте аз болды; - техникалық жағынан артта қалды; - маман кадрлар жетіспеді; - байланыс жүйесі нашар дамыды; - қаржы тапшы болды;	- КСРО ОАК 1923 ж. 12-қарашада арнайы декретімен Қазақстанда одақтық маңызға ие: «Ембімұнай», «Алтайполиметалл», «Атбасартүстіметалл» трестері құрылды;- Риддер қорғасын заводы уақытынан бұрын іске қосылып, 1923 ж.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

	- өндіріс шикізат өндіруге ғана бағытталды;	қарай ол бүкіл одақ бойынша өндірілетін қорғасынның 40% берді; - Қазақ халық шаруашылығы орталық кеңесі Жүн-терітрест, Қазбалықтрест, Електүз, Павлодартүз, Ақжалалтын, Қазақалтын, Қазсексеуілтрест, Қазспирт сияқты трестерді біріктірді; - Қарғалы мәуіті-шұға фабрикасы, Петропавл ет-консерві комбинаты қайта қалпына келтірілді; - 1927ж. Қарсақпай комбинатында мыс өндіріле бастады.

Республикадағы қоғамдық - саяси өмір

Республикада 1920 жылдардың ортасына қарай Коммунистік партия мен Кеңестердің саяси билігі толық орнады. *Бұрын бір орталыққа біріктеген Коммунистік партия ұйымдары Қазақ облыстық партия комитетіне топтасты.* Халық арасында үгіт-насихат жұмыстары күшейді. Губерниялық комитеттер жанындағы үгіт-насихат бөлімінде аз халықтардың да (неміс, поляк, латыш т.б.) секциялары ашылды. 1925 жылы ақпанда Қазақ облыстық партия комитеті - *Қазақ өлкелік партия комитеті* болып қайта құрылды.

Кеңестердің ролі де күшейе бастады. Қазақ ОАК Кеңестер сайлауы мен съезін өткізу тәртібін бекітті. *Бұл тәртіп бойынша байлар, билер, имамдар, молдалар сайлау құқынан айырылды.* Ал егер олар Кеңес өкіметіне қолдау білдірсе және қоғамдық жұмыстарға атсалысса сайлау құқы берілетін

болды. 1925 ж. 1-желтоқсанда өткен V - Өлкелік партия конференциясы ауылдарда коммунистер санын көбейтуді басты мәселе етіп қойды.

Компартияның ізбасары ретінде Қазақстанда жастардың комсомол ұйымдары да құрыла бастады. 1921 жылы шілдеде Орынборда Қазақстан комсомол ұйымының I облыстық съезі болып өтті. Қазақстан мен Түркістандағы жастар қозғалысының жетекшілерінің бірі *Ғани Мұратбаев* (1902-1924) болды. Ол Түркістан комсомолы Орталық Комитеті Қазақ Бюросының төрағасы болып сайланды. Қазақстандағы жастар қозғалысының көрнекті өкілдерінің қатарында Қайсар Тәштитов, Мирасбек Төлепов, Федор Рузаев сияқты жастар болды.

Қазақстанда жастар қозғалысымен бірге *әйелдер қозғалысы* да кең өріс алды.

Ең алдымен, халық арасында әйелдердің еркектермен тең құқылы екенін жариялаған Кеңес үкіметінің Декреті насихатталды. Бұл декрет бойынша қалың мал, көп әйел алу, әмеңгерлік салттары жойылды. Әйелдер қозғалысының көрнекті өкілдері: *Нәзипа Қуанжанова, Алма Оразбаева, Шолпан Иманбаева* және т.б. белсенді қызметтерімен көзге түсті. Олар әйелдер арасында Кеңес үкіметінің саясатын түсіндірді, қыздарды білім алуға, қоғамдық істерге белсене араласуға шақырды.

Кеңес үкіметінің атқарып жатқан іс шараларын халыққа насихаттауда *«Қызыл керуендер»* маңызды роль атқарды .«Қызыл керуендерді» құрудың мақсаты:

- жергілікті жерлердегі билік органдарына көмек көрсету;
- Кеңес үкіметінің декреттерінің орындалуын қадағалау;
- халық арасында кеңестік үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу.

«Қызыл керуендер» кешенді экспедиция түрінде ауылдар мен елді мекендерді аралап отырды. Мысалы, 1922 жылы көктемде Ә.Жангелдин бастаған «Қызыл керуен» Орынбордан шығып Семейге дейінгі елді мекендерді аралап өтті. Бұл керуен Орск, Торғай, Атбасар, Ақмола, Петропавл, Павлодар, Қарқаралы арқылы жүрді. Олар қазақ ауылдарын, Спасск заводын, Екібастұз кен орындарын аралады. Жол бойы митингтер өткізіп, көптеген саяси кітаптар таратқан.

Кеңес өкіметінің декреттері мен ұлттық саясатының мәнін түсіндірді. 1922 жылы осы үлгіде Семей губкомы да «Қызыл керуен» жасақтаған. Ал, ауылдарда мәдени-ағарту орталықтары ретінде «Қызыл отаулар» ұйымдастырылды.

Республикадағы тіл саясатының жағдайы.

1921 жылы қаңтарда Қазақ АКСР ХКК *«Қазақ және орыс тілдерін қолдану тәртібі»* туралы декрет қабылдады. Декрет бойынша Қазақ АКСР заңдары мен құқықтық нормативтік актілері барлық ұйымдар мен мекемелерге қай тілде іс қағаздарын жүргізсе сол тілде жеткізу міндеттелді. 1923 жылы 22 қарашада Қазақ АКСР ОАК *«Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді енгізу»* туралы декрет қабылдады. Қазақ АКСР ХКК мен ОАК 1927 жылы 17 мамырда қазақ уездері мен округтарындағы мекемелерде іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге, ал аралас уездер мен округтердегі мекемелерде іс қағаздарын қазақ және орыс тілдерінде жүргізуге түпкілікті көшу тәртібін белгіледі. Қазақ тілін дамытуға бағытталған шаралардың жүзеге асырылуын қазақ зиялылары баспасөзде, партиялық жиналыстарда үнемі көтерін отырған. Алайда, тәжиндік қуғын сүргіннен кейін бұл маңызды мәселе аяқсыз қалып, барлық мекемелерде орыс тілінің үстемдігі орнатылды.

Түсіндірме сөздік

Реформа – қоғамға жаңа өзгерістер енгізу.

Монополия – жеке дара басымдыққа, үстемдікке ие болу.

Азық-түлік салығы – ауыл шаруашылығы өнімінің белгіленген мөлшерін ғана мемлекетке өткізуі.

Эпидемия - әр түрлі жұқпалы аурулардың жаппай таралуы.

Комсомол - жастар одағының комитеті (БЛЖОК Бүкілодақтық Лениншіл Жастар Одағының Комитеті).

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Кеңес үкіметінің ЖЭС-қа көшуге мәжбүр еткен факторларды атап бер.
2. ЖЭС-тің мәнін ашып көрсет.
3. ЖЭС-тің қандай жетістіктері мен қиыншылықтары болды?
4. Қазақстандағы сол кезеңдегі аштықтың себептері неден болды?
5. Қазақ жеріндегі аштықты жою бағытында үкімет қандай

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

іс шараларды жүзеге асырды?
6. Қазақ АКСР-ндегі жер су реформасы қашан және қандай мақсатта жүргізілді?
7. Жер-су реформасының нәтижесі мен тарихи маңызы қандай болды?
8. Қазақстандағы жастар қозғалысы мен әйелдер қозғалысында қандай өзгерістер жүргізілді?
9. «Қызыл керуендер» ел өмірінде қандай қызметтер атқарды?
10. Республикадағы тіл саясатының жағдайы қандай дәрежеде болған?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Жаңа экономикалық саясатқа балама экономикалық саясаттың жобасын жасаңдар (егер сен сол кезеңде ел басшысы болсаң экономикалық дағдарыстан шығарудың қандай жолдарын ұсынар едің).

Ә) Сол тарихи кезеңдегі тіл саясатының жағдайы мен қазіргі кездегі тіл саясатына салыстырмалы талдау жасаңдар.

Б) Картадан жер-су реформасы кезінде қазақ халқына қайтарылған негізгі жерлерді айқындап көрсетіңдер.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Тарихи тұлғалар

Абдолла Розыбакиев *(1897 - 1937) - Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға және нығайтуға белсене қатысқан қайраткер. 1917ж. сәуірде ол Верный (Алматы) қалалық мұсылман жұмысшылары одағының хатшысы болып сайланады. Верныйда Кеңес өкіметін орнатуға белсене араласқан А.Розыбакиев 1918 ж. Жетісу облыстық революциялық комитетінің мүшесі болды. 1918 жылдан Компартия қатарына қабылданған. Ол О.Жандосов, П.Виноградов, Т.Бокин сынды азаматтармен бірге Жетісу өңірінде Кеңес өкіметін нығайту үшін күрес жүргізген. Ол 1920 жылы Жаркент уездік және қалалық ревкомының төрағасы болып тағайындалды. Азамат соғысы кезінде өзі ұйымдастырған ұйғыр полкінің комиссары ретінде Ферғана даласында басмашыларға қарсы күреске қатысқан. 1921ж. партияның Жетісу облыстық комитетінің хатшысы әрі облыстық «Қосшы» одағының төрағасы болып сайланды. 1924ж. Орта Азияның ұлттық-аумақтық межелеу*

жөндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі болды. 1925-27 ж. Мәскеудегі Я.Свердлов ат. Коммунистік Университетте білімін жетілдірген. Ол Қызылорда округтік комитетінің I хатшысы (1929-1930), Қазақ АКСР-інің дайындау комиссары (1930-32), Шығыс Қазақстан облысы Павлодар аудандық партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарған. Өмірінің соңғы жылдары Қазақстан КП ОК Баспасөз және баспалар бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. Ол Қазақ жерінде мекендейтін ұйғыр еңбекшілері арасындағы мәдени құрылыс ісіне белсене араласты. А.Розыбакиев 1921ж. Ташкентте, кейін Алматыда ұйғыр тіліндегі «Камбағарлар авази» газетінің редакторы болды. 1937ж. сталиндік репрессия құрбаны болып, кейін ақталды.

Ғани Мұратбаев *(1902ж., қазіргі Қызылорда обл. - 1925ж., Мәскеу) Түркістан мен Қазақстан жастар қозғалысы жетекшілерінің бірі. 1910-18ж. Қазалыдығы орыс–қазақ мектебін, жоғары бастауыш училищесін, Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетін аяқтаған. 1919 жылы Комуниcттік Жастар ұйымына мүше болып қабылданып, қалалық, уездік комитетте жұмыс істеді. Жетісу облысында мұғалымдер даярлайтын курстар ұйымдастырып, Жетісу облысы және Ташкент, Самарқанд, Верный қалаларында комсомол ұйымдарының негізін қалауға атсалысты. Ташкенттегі жетім балалар үйінің интернат директоры болды. 1920 жылы Түркістан комсомолының III-съезінде ОК мүшесі болып сайланып, қазақ жастары бюросын басқарды. 1921ж. Самарқанд өлкелік комсомол комитетінің, кейін Түркістан Республикасы комсомол ұйымы ОК-нің I хатшысы болып сайланды. Ол осы кезеңде Ташкентте «Жас алаш» газетін ұйымдастырып, оның тұңғыш редакторы болды. Қазақстан комсомолының құрылуын жариялаған I-өлкелік съезін (1921ж. 7–13 шілде) өткізуге тікелей басшылық жасады. 1922–1924ж. Ресей Коммунистік Жастар одағы ОК-нің мүшесі, Коммунистік Жастар Одағы ОК Орта Азия бюросының алғашқы төрағасы қызметтерін атқарды. 1924–1925ж. Коммунистік Жастар Интернационалы атқару*

комитетінің Шығыс бөлімінің меңгерушісі болған. Сонымен қатар Коммунистік Жастар Интернационалының III–IY конгрестерінің, Коминтерінің IY-конгресінің делегаты болды. Ғ.Мұратбаев өкпе ауруынан қайтыс болып, Мәскеуде жерленген. Қазалы қаласында мемориалдық мұражайы ашылды. «Біздің Ғани» атты көркем фильмі мен «Осындай қысқа ғұмыр» атты деректі фильмі түсірілген.

4.3 *Қазақстандағы индустриялаңдыру саясаты*

Индустриаландыру саясатының мақсаты мен міндеттері. Қазақ жерінің табиғи байлығын зерттеу. Түркісіб құрылысы және оның маңызы. Индустриаландыру саясаты төңірегіндегі идеялық күрес. Индустриаландырудың ерекшеліктері мен нәтижелері.

1925 жылы БКП(б) ОК XY съезі Кеңес Одағында индустриаландыру саясатына көшу бағытын жариялады. Бұл шешім ЖЭС-тен бас тарту еді. Кеңес Одағының басшылығына И.Сталиннің келуімен билік жүйесінде үлкен өзгерістер жасалды. И.Сталин Қазақ өлкелік партия комитетінің I хатшысы етіп Филипп Голощекинді тағайындады.(1925-1933) Ол Сталиннің қатал саясатына белсенді қолдау білдірді.

Қазақстанда индустриаландыру саясаты Кеңес Одағының басқа аудандарына қарағанда кештеу басталды. Оның уақыты I - бесжылдыққа (1928-1932) сәйкес келді.



UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Индустриаландырудың *мақсаты*: экономиканың өндірістік жүйесін қалыптастыру және дамыту. *Міндеттері:* Қазақстанның табиғи қазба байлығын игеру; жұмысшы табын қалыптастыру; инженерлік-техникалық маман кадрларды даярлау.

Индустриаландыру саясаты Қазақстанда табиғи қазба байлықтарды зерттеу жұмыстарымен басталды. Қазақ жеріне Ресей Ғылым Академиясының кешенді ғылыми экспедициялары жіберілді. Мысалы: Академик И.Губкин экспедициясы Орал-Ембі мұнай кешенін зерттеп, бұл аймақтың аса бай мұнай қоры бар екенін дәлелдеді. Академик Н.Курнаков экспедициясы Орталық Қазақстанның табиғи байлықтарын зерттеді. Геологиялық зерттеулер нәтижесінде бұл жердің түсті металлургия орталығына айналатынның болжады. Ал, инженер-геолог Қ.Сәтбаевтың экспедициясы Жезқазған, Мұғалжар, Торғай, Маңғыстау аймақтарының кендеріне зерттеулер жүргізіп, олардың болашағы зор екенін дәлелдеді.

Қазақстанда индустриаландырудың аса *ірі жобаларының*

бірі - Түркістан-Сібір темір жолының салынуы болды (Түрксіб темір жолы, ұзындығы-1145 км).

Қазақ АКСР ХКК жанынан Түрксіб құрылысына көмек көрсету жөніндегі комиссия құрылыды. Төрағасы - *Нығмет Нұрмақов*. Құрылыс бастығы -*В.Шатов*, бас инженері - *Мұхаметжан Тынышбаев* болды. Сондай ақ, РКФСР ХКК жанынан Түрксібке көмек көрсету жөніндегі арнайы комитет құрылып, оны *Тұрар Рысқұлов* басқарды. Түрксіб құрылысы 1927 жылы басталды. Түрксіб *бүкілхалықтық құрылыс* деп жариялады. Оңтүстік бағыты Луговое бекетінен, солтүстік бағыты Семейден басталды. 1930 жылы 28 сәуірде құрылыс аяқталып, екі бағыт Айнабұлақ бекетінде түйісті. Ал 1931 жылдың қаңтарынан бастап Түрксіб темір жолы толық пайдалануға берілді. Бес жылға жоспарланған темір жол құрылысы үш жылда аяқталды. Оған жүз мыңға жуық еңбекші қатысты. Он мыңнан астам қазақстандық жастар темір жолға қатысты мамандықтарды игерді. Олар халықтың еңбектегі ерлігінің жарқын көрінісі болды. *Түрксібтің салынуының әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік маңызы өте зор болды*. Біріншіден, Қазақстан экономикасының дамына зор үлес қосты, Сібір мен Орта Азияны байланыстырды; екіншіден, маман жұмысшылар мен инженер-техникалық кадрлардың қалыптасуына негіз болды; үшіншіден, урбанизация үдерісіне жол ашты.

Индустриаландыру барысында Қазақстанда бірқатар ірі өндіріс орындары салынды. *Ауыр өнеркәсіпте*: Шымкент қорғасын заводы, Қарағанды көмір кешені, Ембі мұнай кешені, Балқаш, Жезқазған мыс комбинаттары, Ащысай, Зырян және Лениногор полиметалл комбинаттары; *Электр өндіруде*: Балқаш жылуэлектр және Үлбі гидроэлектр станциялары; *Тамақ өнеркәсібінде*: Семейде ет, Гурьевте балық-консерві, Алматыда жеміс- консерві комбинаттары, Талдықорған мен Меркеде қант заводтары салынды.

Қазақстандағы индустиаландыру саясаты төңірегіндегі идеялық күрес.

Қазақстандағы индустриаландыру саясаты республика жетекшілері арасында қызу пікір-талас туғызды. Бұл пікір-таластар индустриаландырудың бағыты, әдістері, болашағы төңірегінде өрбіді. Қазақстандағы индустриаландыру

орталықтың бұйрықтары негізінде жүзеге асырылды. Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктері ескерілмеді. Тек қана ірі кәсіпорындар салу бағытын таңдады. Ол үлкен қаржыны талап етті. Өндеуші орта және кіші кәсіпорындар салынбады. Индустриаландыруды жүзеге асыру үшін қаржы көздерін табу Кеңес үкіметіне өте қиынға соқты. Ең алдымен, халықтан алынатын салық мөлшері өсірілді. Мысалы, 1931 жылдан бастап сауда айналымындағы барлық тауарлардың бағасына қосымша салық енгізілді. Бұл халықтың тұрмыстық жағдайына кері әсер етті. Қаржы тапшылығын жою үшін Кеңес үкіметі мынандай шектен шыққан шараларды жүзеге асырды: БМСБ қызметкерлерінің көмегімен жеке адамдардың қолындағы алтындары тәркіленді; мұражайлардағы құнды туындылар шет елдерге сатылды; шіркеулердегі қола қоңыраулар және мешіттер мен храмдардың алтындары алынып балқытуға жіберілген. Тегін жұмысшы күші ретінде лагерьлерде жазасын өтеушілердің еңбегін кең түрде пайдаланды. Сол үшін Қазақстанда лагерлер жүйесі жасалды. Олардың құрылысы халықтай бұзылып отырды. Бірақ та, қаржы негізінен ауыл шаруашылығынан алынды. Сол үшін ауыл-селолардағы байлар мен кулактардың мал мүлкі тәркілеу науқанын ұйымдастырды.

Қазақстанға жұмысшы күші сырттан әкелінді. Орталықтың саясатын орындаушы Голощекин мен индустриаландырудың мұндай тиімсіз бағытына қарсы қазақ зиялыларының оппозициясы қалыптасты. Олар *индустриаландырудың отарлық сипатын* әшкереледі. Оның жетекшілері Смағұл Садуақасов, Жалау Мыңбаев сынды партияның өлкелік бюро мүшелері болды. Олар Қазақстанда индустриаландырудың мынандай жолдарын ұсынды:

- Ең алдымен өндеуші және дайын өнім шығаратын кәсіпорындар салынуы тиіс;
- Кәсіпорындарды шикізат көздеріне жақын орналастыру;
- Маман кадрлар жергілікті ұлт өкілдерінен даярлануы керек;
- Сырттан жұмысшы күшін әкелуді азайту қажет.

Бірақ Голощекин мен оның жақтастары мұндай идеяларды ұлтшылдықтың көрінісі деп бағалады. Өзіндік пікірі бар

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

азаматтар қызметтерінен босатылып, қуғындалды. Ал Смағұл Садуақасов индустриаландыру саясаты жөнінде: *«Қазақстан отар болып келді және солай болып қалды...»* деп, атап көрсетті.

Қазақстандағы индустиаландырудың ерекшеліктері мен нәтижелері.

Ерекшеліктері:

- Қазақстандағы индустриаландырудың отарлық сипаты айқын көрінді. Өйткені, негізінен қазба байлықты өндіретін кәсіпорындар салынды. Ембіде мұнай өндірілсе, ол Ресейдің Ор қаласында өңделді. Жүн қазақ ауылдарынан алынса, ол Ресейде өңделіп бірнеше есе қымбат бағамен Қазақстанда сатылды. Ал, темір жол, электр станциялары, байланыс желілері сол байлықты орталыққа тасмалдау үшін салынды.
- Жұмысшы күші жетіспей жатыр деген желеумен сырттан жұмысшылар әкелінді. Бұл Қазақстандағы демографиялық тепе теңдікті бұзу үшін жасалды.
- Индустриаландыру орталықтың бұйрықтары негізінде жүзеге асырылды.
- Ұлттық инженер-техникалық мамандарды даярлауға көңіл аз бөлінді.

Бірақ, Қазақстан үшін индустриаландырудың пайдасы да зор болды. Өндіріс орындарына техникалық құралдар, машиналар мен станоктар әкелінді. Оны қазақ жұмысшылары меңгере бастады. Завод-фабрикалардың жанынан қысқаша техникалық курстар, орта арнаулы оқу орындары ашылды. Ресейдің жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарына жергілікті ұлт өкілдері жіберілді. Сондай-ақ Мәскеу, Ленинград сияқты т.б. қалалардың өндіріс орындарында тәжірибе жинақтау ісі жолға қойылды.

Нәтижелері:

- Қазақстан аграрлы елден индустриалды - аграрлы елге айналды;
- Ірі өндіріс ошақтары құрылды, табиғи ресурстар зерттелді. Никель, вольфрам, алтын сияқты сирек кездесетін қымбат металл өндіру ісі жолға қойылды. Завод-фабрикалар салынды;
- Өлкеде жұмысшы табы мен инженер-техникалық маман кадрлар қауымы қалыптасты. Оның құрамында қазақ

халқының да үлес салмағы болды;
- Индустриаландыру барысында қазақ өкілдерінен шыққан мамандар легі қалыптасты. Олардың қатарында: Әлжан Мұрынбаев, Ахметжан Сафин, Зағира Табылдинова, Сафи Өтебаев, Башыр Нұрмағамбетов, Мелдебек Сағымбеков сынды т.б. азаматтар болды.
- Урбанизация үдерісі қарқынды жүрді. Қазақстанда жаңа қалалар мен қалашықтар бой көтерді. Олардың қатарында: Қарағанды, Ақтөбе, Балқаш, Кентау, Қарсақбай т.б. болды. Индустриаландыру қарсаңында республикада қала халқының саны 8,6% болса, 1930 жылдардың соңында 29,8% құрады. 1926 жылғы санақ бойынша қалада тұратын қазақтардың үлесі 2,1% құраса, ол 1930 жылдардың аяғында 16% жеткен.

Түсіндірме сөздік

Индустриаландыру – өндірісті дамыту, өнеркәсіпке жаңа технологияларды енгізу саясаты.

Әкімшіл-әміршіл билік – кабинетте отырып басқару, [illegible] нұсқаулар арқылы басқаруға негізделген билік жүйесі.

Урбанизация – ауыл тұрғындарының есебінен қала халқы санының өсуі.

Оппозиция - көзқарасқа, саясатқа немесе билік жүйесіне қарсы болу.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Индустриаландыру саясатының мәні не?
2. Индустриаландыру қарсаңында Қазақстанның экономикалық жағдайы қандай деңгейде болды?
3. Қазақстанда жүзеге асырылған индустриаландыру саясатының мақсаты мен міндеттерін атап бер?
4. Түрксіб темір жолының салынуының қандай маңызы болды?
5. Индустриаландыру төңірегінде жүргізілген идеялық күресте қазақ зиялыларының ұстанымы қандай болды?
6. Индустриаландыру барысында Қазақстанда инженерлік техникалық мамандар даярлау ісі қалай жүзеге асырылды?
7. Қзақстандағы индустриаландыру саясатының нәтижелері туралы айтып беріңдер.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Индустриаландыру саясатының Қазақстандағы жетістіктері мен зардаптарын айқындайтын кесте жасаңдар.

Ә) Индустриаландыру төңірегінде жүргізілген идеялық күрестің мәнін ашып, талдау жасаңдар.

Б) Карта бойынша Түрксіб темір жолының бағыттарын көрсетіп, бұл жолдың экономикалық маңызын баяндап беріңдер.

Тарихи тұлғалар

Сәдуақасов Смағұл *(1900, қазіргі Солт. Қазақстан обл. - 1933, Мәскеу) - қоғам және мемлекет қайраткері. Омбы ауыл шаруашылығы институтында (1916-18), Мәскеу көлік инженерлері институтында (1931) білім алған. 1917-19ж. Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымының белсенді мүшесі, «Жас азамат» ұйымы басқармасының хатшысы болды. 1918-20ж. Ақмола облыстық Земство басқармасы жанындағы қазақ бөлімінің қызметкері, Қазақ оқытушылары курсының мұғалімі болды. Қазақ автономиясының Құрылтай съезінде (1920ж. қазан) Қазақ АКСР-і ОАК саяси хатшысы болып сайланады. 1921ж. Семей облысын Сібірревкомының қарамағынан Қазақ АКСР құрамына енгізу ісіне басшылық етті. 1922ж. 19 тамызда Республика басшылығына қазақ жастарын техникалық мамандықтарды меңгеру үшін шет елдерге оқуға жіберуді ұсынады. 1922-25ж. Қазақ ОАК-нің Түркістан Республикасындағы өкілетті өкілі, Қазақ АКСР-і Жер халық комиссарының орынбасары, Қазақ АКСР Жоспарлау коммисиясының төрағасы болды. 1925-27ж. Қазақстанның Халық ағарту халық комиссары, БК(б)П Қазақ өлкелік бюросының мүшесі, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы (1925-26) қызметтерін атқарған. С.Садуақасов Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясына ашық қарсы шықты. Ол қазақ ауылының эволюциялық түрде дамуын қалады, байлар мен орташаларды орынсыз тәркілеуге, Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыруға қарсы болды. Осыған байланысты оның пікірлестері «сәдуақасовшылдар» деген атқа ие болды. Оның басшысы С.Садуақасов ұлтшылдардың дем берушісі, Компартияның ішіндегі*

алашордашыл деп айыпталды. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің III-пленумы (1926ж. қараша) С.Садуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаевтардың оппозициялық топтарын айыптаған қаулы шығарды. «Сәдуақасовшылдыққа» қатысқан қайраткерлер басшылық қызметтерден алынды. Ал, С.Садуақасовтың өзі Қазақстаннан қуылды. Ол 1927-28ж. Ташкентте Қазақ педагогикалық институттың ректоры болды. 1928-31ж. КСРО ҒА-ның Шығыстану институтының ғылыми қызметкері әрі Мәскеу көлік инженерлері институтының студенті болды. Институтты бітіргеннен кейін 1931-33ж. Донбасс-Мәскеу темір жол құрылысының инженері қызметін атқарды. Сол қызметте жүріп белгісіз жағдайларда қаза тапқан.

С.Садуақасов жастардың ұлттық қозғалысына арналған, Қазақстан экономикасын өркендету жөнінде зерттеу еңбектерін жазды. Сын жанрының қалыптасуына өзіндік үлес қосты. Сондай-ақ, ол қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі, ұлттық театртанудағы алғашқы еңбектердің авторы болып саналады.

Мыңбаев Жалау *(1892, бұрынғы Адай уезі – 1929, Алматы) - мемлекет қайраткері. 1905 – 08 ж. Форт-Александровскідегі (Ақтау) [illegible] сатылы орыс-қазақ мектебінде білім алған. 1917 жылдан Маңғыстау уездік Кеңесінің мүшесі. 1919ж. «Бірлік» жастар ұйымының төрағасы, 1920-23 ж. Маңғыстау уездік атқару комитетінің азық-түлік бөлім бастығының орынбасары, Адай уездік милиция бастығы, Адай уездік ревкомының (1923-24) төрағасы қызметтерін атқарған. Ж.Мыңбаев Қазақстан Кеңестерінің Y-съезінде Қазақ АКСР ОАК төрағасы болып сайланды. Бұл қызметте жүріп республикадағы барлық басқару органдарын жергіліктендіру (қазақтандыру) ісіне басшылық жасады, халықтың әлеуметтік жағдайын және денсаулық, оқу-ағарту, мәдениетін жақсартуға ерекше мән берді. Мыңбаев қазақ халқының мүддесіне қайшы келетін Кеңес өкіметінің саясатын сынға алып, балама жол ұсынған С.Садуақасов, Н.Нұрмақов сынды азаматтардың саяси тұжырымдарына қолдау білдірген. 1926ж. 25 қаңтарда Қазақстан өлкелік партия комитетінің пленумында оппозициялық күштерге*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

«ұлтшылдар» деп айып тағылып, қатал сынға ұшырады. Ф.Голощекиннің тапсырмасымен БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің бақылау комиссиясы ЖМыңбаевтың үстінен іс қозғады. Оған «ұлтшыл» деген айып тағылды. 1927 ж. қызметтен алынып, Гурьев округтық атқару комитетінің төрағасы қызметіне жіберілді. Ол бұл қызметте жүрген кезінде Гурьев округінің мұнайлы өңір екенін ескеріп, ауыр өнеркәсіпті дамытуға күш салды. Балық шаруашылығын жандандырып, бұл кәсіпшілікке қазақтардың тартылуына жол ашты. Гурьевте электростанция құрылысын салу жұмысына тікелей басшылық етті. Байлар мен орташаларды күштеп тәркілеуге, жер аударуға барынша қарсылық танытты. Ж.Мыңбаев 1929 ж. қызметінен өз еркімен кетіп, ауыр науқастан қайтыс болған.

4.4 *Қазақстанда ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру*

Ұжымдастыру қарсаңындағы қазақ ауылы. Ф.Голощекиннің «кіші Қазан» идеясы. Қазақстандағы тәркілеу және күштеп ұжымдастыру. Аштық қасіреті.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

1920-жылдардың соңына қарай ЖЭС өз нәтижелерін бере бастады. Халықтың әл-ауқаты мен шаруалардың еңсесі көтерілді. Соғыстан қираған шаруашылықтың барлық салалары қалпына келтірілді. Әсіресе, қазақ ауылының жағдайы түзелді. Қазақстандағы мал саны 1926 жылы 30 млн астам болса, 1929 жылы 40,5 млн жетті. Сауда орындары мен айырбас жасау мүмкіндіктері көбейді. Қазақстанда жеке шаруа қожалықтарымен бірге ұжымдық шаруашылықтар жүйесі қалыптасты. Оларға: коммуналар, артельдер, жерді бірігіп өңдеу серіктестіктері кірді.

Бірақта, Ф.Голощекин билікке келгеннен кейін: *«Қазақ ауылы Қазан төңкерісінің лебін әлі сезінген жоқ. Сондықтан мұнда кіші Қазан төңкерісін жасау керек»* деген қорытынды жасады. Бірақ ол қазақ зиялылары тарапынан қарсылыққа тап болды. Осы жағдайды баяндап Ф.Голощекин Сталинге хат жазып, оның қолдауына ие болды. Оған Сталин: «Голощекиннің ұсынысы бірден бір дұрыс саясат» деп жауап берді. Осылайша Голощекин өзінің

«кіші Қазан» идеясын насихаттай бастады. Бұл идеяның негізгі *мәні* мынада болды: біріншіден, ауылдарды кеңестендіру; екіншіден, ауылдарда тап күресін өрістету; үшіншіден, қазақ ауылының дәстүрлі шаруашылық және әлеуметтік құрылымын өзгерту.

Ауылдағы тап күресін шиеленістіру үшін шабындық және егістік жерді қайта бөлу саясатын жүргізді. Бұл ауылдағы жағдайды шиеленістіріп жіберді. 1928 жылы И.Сталин Сібірге арнайы іс-сапар жасады. Омбы округтық партия комитетінде өткізген жиында Сталин астық дайындау ісінде төтенше шаралар қолдануға рұқсат берді. Ол Қазақстанға да тікелей қатысты болды. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін Голощекин ауыл-селоларға 4800 уәкіл жіберді. Шаруалардың артық өнімдерін өз еркімен пайдалану құқығы шектелді. Астық дайындау барысында мыңдаған шаруа жазаланды. Мысалы, тек қана 1928 жылдың 1 қазан мен 1929 жылдың 1 желтоқсан аралығында 277 шаруа ату жазасына кесілген. Елді басқаруда күштеу әдістері кеңінен қолданылды. Ал Ф.Голощекиннің саясатына қарсы шыққан қазақ қайраткерлері ұсталды. Мысалы: Т.Рысқұлов Мәскеуге БКП(б) ОК қарамағына шақыртып алынды. С.Садуақасов, С.Сейфуллин, С.Қожанов, Ж.Мыңбаевтарға «ұлтшыл» деген айып тағылды.

1928 жылы 27 тамызда Қазақ АКСР ХКК мен ОАК *«Ірі байлар мен жартылай феодал шаруашылықтарын тәркілеу және жер аудару туралы»* Декрет қабылдады. Тәркілеу шаралары мақта өсіретін аймақтардан (Жетісу мен Сырдария губерниялары) басқа барлық аудандарда жүргізілді. Осы декрет бойынша 1 мыңнан астам байлар мен жартылай феодалдар басқа аудандарға жер аударылды. Олардан 145 мың бас ірі қара мал мен шаруашылық құралдары тәркіленді. Тәркілеу саясаты заңдарды өрескел бұзу арқылы жүзеге асырылды. Бірінші кезекте байлардың мал-мүлкінің көлемі емес, олардың Кеңес үкіметіне көзқарасы негізге алынды. Егер Кеңес үкіметіне көзқарасы дұрыс болмаса, байлардың қатарына орташа дәулетті адамдар да еніп кетті. Сонымен бірге, бірнеше туыс жанұялардың шаруашылығын қосып есепке алып, байлардың қатарына жатқызған. Осының бәрі арнайы уәкілдердің қорқытуы мен күштеу әдістері

арқылы жүргізілді. Бұл саясаттың қазақ қоғамы үшін тигізген *зардаптары* көп болды. Тәркіленген адамдардың бала-шағасын қиын жағдайға душар етті. Жер аударылғаннан кейін байлар жаңұясынан қол үзіп қалды. Олар негізінен сауатты әрі білімді адамдар еді. Сондай ақ, олар ел басқару ісінде де тәжірибелі азаматтар болатын.

Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру.

1927 жылы желтоқсанда БКП(б) XY съезі ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатына көшу туралы шешім шығарды. Алғашқыда ұжымдастырудың В.Ленин ұсынған: *еріктілік – дербестік - ұжымдық шаруашылыққа бірте бірте көшу* талаптары басшылыққа алынатын болды. БКП(б) ОК Қазақстанда ұжымдастыруды 1932 жылдың көктемінде аяқтау белгіленді. Онда *қазақ халқының көшпелі өмір салты мен мал шаруашылығының экстенсивтілігі* ескерілуі қажет деп атап көрсетілді.

Ұжымдық шаруашылық (колхоз) құрудың мынандай түрлері ұсынылды:

- Егіншілікпен шұғылданатын аудандарда *артельдер* құру;
- Мал шаруашылығымен айналысатындар үшін *серіктестіктер* (бірлесіп жер өңдеу және шөп шабу) құру.

Мұндай шаруашылықтардың жарғысы бойынша жер мен шабындық ортақ, мал-мүлік жеке меншікте қалатын болды. 1929 жылдан бастап республикада колхоздар құру ісін жеделдету қолға алынды. Колхоздар құру үшін ең алдымен көшпелі халықты *отырықшыландыру* қажет еді. Ұжымдастыру мен отырықшыландыруды жүзеге асыру үшін Кеңес үкіметі қала жұмысшыларын көмекке жұмылдырды. Оларды «жиырма бес мыңшылдар» деп атады. Бұл жұмысшылар Мәскеу, Ленинград, Харьков сияқты ірі қалалардан келді. Сырттан келген жұмысшылар қазақ ауылдарын отырықшыландыру мен колхоздар құруда орыс селоларының үлгісін енгізді. Ұжымдастыру мен отырықшыландыру ешбір дайындықсыз, қазақ халқының тұрмыс тіршілігінің ерекшеліктерін ескермей жасалды. Ол жаппай қуғын-сүргін, күштеу арқылы жүргізілді. Ал, колхоздардың материалдық-техникалық базасын жасау, тұрғын үйлер мен мәдени объектілер салу қағаз жүзінде ғана қалды. Бұл саясаттың ең басты зардабы - қазақ халқының

ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылық жүйесі жойылды.

1931 жылы Кеңес үкіметі көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшыландыру мен ұжымдастыруды 1933 жылы толық аяқтауды міндеттеді. Бұл міндетті орындауда жергілікті *«шолақ белсенділер»* ерекше көзге түсті. Олар «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» деген ұран көтерді. Жергілікті белсенділер көзге түсу үшін барлық амалдарын қолданды. Мысалы: 1932 жылы қыста Шу ауданында 150 шақырым аумақтағы жүздеген шаруа қожалықтарын біріктіріп, 400 киіз үйді «қала үлгісінде» орнатқызған. Ұжымдастырылған шаруа қожалықтарының саны күннен күнге артып отырды: 1928 жылы 2% болса, 1930 жылы сәуірде 56,4%, 1931 жылы қазанда 65% құрады.

Ұжымдастыру науқанымен қатар жергілікті билік органдары азық түлік бағдарламасын да орындау қажет болды. Оны орындауда «әскери коммунизм» саясаты кезіндегі төтенше әдістер қолданылды. Мысалы: Балқаш ауданындағы барлық мал саны 173 мың бас болса, аудан халқына 200 мың бас мал өткізу туралы бұйрық келген. Бұндай жағдайлар Қазақстанның барлық аймақтарына тән болды. Осындай заңсыз әрекеттерден кейін қазақтар өз малдарын жаппай соя бастады. Мал колхозға кеткенше, бала-шағам жесін деген ойда болды. Астық пен ет салығын төлеуден бас тартты.

Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру науқаны орасан зор аштыққа алып келді. Бұл қасірет 1930-1933 жылдарды қамтыды. *Аштықтың себептері:*

- Байлардың мал мүлкін тәркілеу;
- Жеке шаруа қожалықтарының жойылуы;
- Шаруа малының колхоздарға тартып алынуы;
- Қазақ халқын жедел отырықшыландыру саясаты.

Осыған қарағанда Қазақстандағы аштықтың қолдан жасалғаны анық көрініп тұр. Аштық Қазақстанның барлық аймағын қамтыды. Ол түрлі эпидемиялардың таралуына себепші болды. Оған қоса колхозға біріккісі келмеген шаруаларды қуғын-сүргінге ұшыратты. Бұл қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болмаған *геноцид* болды. *1931-1933*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

жылғы аштықтан 2,1 млн адам қаза тапты. Бұл ешбір соғыссыз бейбіт күнде орын алып отырған қасірет. Мұндай қасірет бір ғасырға созылған қазақ - жоңғар соғысы кезінде де болмаған еді. Оны тек II-дүниежүзілік соғыс барысында еврей ұлтына қарсы ұйымдастырылған гитлерлік «холокоста» саясатымен ғана салыстыруға болады.

Ұжымдастыру саясатынан басқа халықтар да зардап шекті. Бірақ олардың шығынын қазақ халқының қасіретімен салыстыруға келмейтін еді. Дегенмен, Қазақстандағы украиндықтардың саны 859,4 мыңнан 658,1 мыңға, өзбектер 228,2 мыңнан 103,6 мыңға, ұйғырлар 62,3 мыңнан 36,6 мыңға кеміген. Аштық Қазақстанда ғана емес, Еділ бойында, Солтүстік Кавказда, Украинада да болды. Аштық туралы Кеңес үкіметінің басшысы Сталин, Қазақ өлкелік партия комитеті жетекшісі Голощекин үнемі хабардар болып отырды. Міне, *олардың халыққа жасаған қастандығы - олар аштыққа ұшыраған халыққа көмек берудің орнына, керісінше оның жаппай етек алуына жол бергізді.*

Мұндай қасіретті жағдай қазақ зиялыларын бей-жай қалдыра алмады. [illegible] *М.Ғатауллин, М.Дәулетқалиев, Е.Алтынбеков, Қ.Қуанышев* елдегі аштық пен оның себептері туралы Ф.Голощекинге ашық хат жазды. Ашық хаттың авторлары ұжымдастыру барысында қазақ ауылының ерекшеліктері ескерілмегенін, еріктілік ұстанымы бұзылғанын, байлармен қоса орта дәулетті шаруалардың тәркіленгенін баяндады. Партия басшыларының аштыққа қарсы шұғыл шаралар қолдануын талап етті. Бұл тарихта «Бесеудің хаты» деген атпен қалды. 1933 жылы наурызда РСФСР ХКК төрағасының орынбасары *Т.Рысқұлов* Қазақстандағы аштық туралы И.Сталинге хат жолдады. Онда аштықтың қаншалықты кең етек алғаны мен халықтың басқа елдерге жаппай қоныс аударуы жөнінде нақты мәліметтер берді. Мәліметтерді 1932 жылы Ақтөбе, Қызылорда облыстарында жұмыс істеген Мәскеудің Қызыл Крест ұйымының есебінен келтірген. Т.Рысқұлов *қазақ халқын аштықтан құтқарудың жолы:* қалған малды қазақтардың жеке иелігіне қайта таратып беруді ұсынды.

Қазақстанға жер аударылғандардың бір тобы Павлодардан КСРО ОАК Төралқасына былай деп хат жолдаған: *«...*

UNREGISTERED COPY OF SCANAPYRUS

ауылдар мен селоларда аштық кең көлемде етек алған. Ит, мысық желініп жатыр... Халық аштықтан ісініп өлуде... Ал тірі қалғандардың аштықтан әлсіреген сонша, өліктерді жерлеуге де шамасы келмеуде: өліктер шашылып жатыр...»

Бірақ, бұл мәліметтердің бәрі ескерусіз қалып отырды. Осындай жантүршігер оқиғалардан хабардар бола отырып, партия басшылығы аштыққа қарсы күресуге асықпады. Қазақ халқының тарихындағы аса зор нәубетке Кеңес үкіметінің басшылығымен бірге Қазақстанның сол кездегі жетекшілері Ф.Голощекин, О.Исаев, І.Құрамысов, Е.Ерназаров, С.Голюдов т.б. тікелей жауапты болды. Бірақ лауазымды басшылардың ешқайсысы жазаланбады.

Аштықтың салдары мен зардаптары:

- Аштықтан Қазақстан халқының үштен бірі қырылып қалды (аштыққа дейін республика халқының саны 6,2 млн адамды құраған). Қазақ халқынан басқа халықтардан 0,4 млн адам шығыны болды;
- Қазақ халқының саны аштыққа дейінгі деңгейге 40 жылдан кейін ғана, яғни 1969 жылы жетті;
- Ұжымдастыру қарсаңындағы 40,5 млн бас малдан 1933 жылы Қазақстанда 4,5 млн бас қана қалған.

Ұжымдастыру мен қолдан жасалған аштық қазақ халқын бүкіл әлемге босқын ретінде тарыдай шашыратып жіберді. 1 млн астам қазақ Ресейге, Орта Азия республикаларына, Қытай, Монғолия, Иран, Ауғанстан елдеріне қоныс аударуға мәжбүр болды. Оның 414 мың адам елге оралса, ал 616 мың халық қайта оралмады. Кейін, қазақтар Түркия арқылы Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкаға да қоныстанды. Қазіргі шет елдердегі қазақ диаспорасы негізінен осы аштықтың салдарынан қалыптасты. Шет елдегі қазақтарды елімізге кері қайтаруға Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкіндік туды. Бұл іске мемлекеттік маңыз беріліп, қазақтар тарихи Отанына қайта орала бастады.

Түсіндірме сөздік

Ұжымдастыру – жеке шаруа қожалықтарын жою арқылы ұжымдық шаруашылықтар (колхоз) құру.

Кооперация – ұсақ өндіріс пен жеке кәсіпкерлік қызметін

ұйымдастыру түрі.

Геноцид – тұтастай бір халықты жою, құрту.

Комунна -мүлік ортақтығы бойынша бірлескен адамдардың шаруашылық ұжымы.

Артель – ұжымдық еңбек бірлестігі.

Жерді бірігіп өңдеу серіктестігі – шаруалардың жер үлестерін біріктіріп, жерді бірігіп өңдеу үшін құрылған шаруашылық ұжымы.

Тәркілеу – жеке адамның немесе шаруашылықтың дүние мүлкін мемлекет меншігіне тартып алу шарасы.

«Шолақ белсенді» - әкімшілік берген нұсқаулар мен бұйрықтарды асыра сілтеп орындаушылар, білімі таяз адамдар.

Диаспора – Отанынан тыс, басқа мемлекеттің аумағында өмір сүру.

Ирридент – шекараны бөлісу кезінде басқа мемлекеттің құрамында қалып, бірақ өзінің ата жұртында өмір сүру.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясының мәні неде болды?
2. Кеңес үкіметі Қазақстанда ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыруға қандай алғышарттар жасады?
3. Қазақстанда тәркілеу саясаты қалай жүзеге асырылды?
4. Күштеп ұжымдастыру саясатына ұлттық зиялы қауым өкілдері қалай қарсылық көрсетті ?
5. Елдегі орасан зор аштықтың негізгі себептері неде болды?
6. Тұрар Рысқұловтың Сталинге жазған хатында қандай мәліметтер берілді?
7. Аштықтың салдары мен зардаптары қандай болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) XYIII ғ. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіреті мен күштеп ұжымдастыру қасіретіне салыстырмалы талдау жасаңдар.

Ә) Тақырып бойынша мәтінде берілген статистикалық мәліметтерді жүйелеп алып, сол тарихи кезеңнің *«қасіретті цифрларын»* ашып көрсетіңдер.

Б) Күштеп ұжымдастыру мен аштық кезінде қазақ халқының қоныс аударып баруға мәжбүр болған мемлекеттерді айқындап, әлем атласынан көрсетіңдер.

Тарихи тұлғалар

Нығмет Нұрмақов *(1895, қазіргі Қарағанды обл. - 1937, Мәскеу) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Омбы мұғалімдер семинариясын(1915) бітірген. Омбыда С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Досовтармен бірге «Бірлік» атты жастардың жасырын ұйымын құруға атсалысқан. 1915-16ж. Қарқаралыда мұғалімдік қызмет атқара жүріп «Дала одағы» ұйымын құрады. Бұл ұйым патшаның қазақтарды тыл жұмысына алу туралы жарлығына қарсы үгіт насихат жүргізді. 1917ж. Кеңес өкіметі жағына шығып, Қарқаралы мен Семей губерниясында жауапты қызметтер атқарды. «Қазақ тілі» газетінің, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы, Қазақ АКСР Жоғарғы Революциялық Трибуналының (1923 жылдан Жоғарғы Сот) төрағасы, Әділет халық комиссары және Республика прокуроры қызметтерін атқарды. 1924-29ж. БК(б)П Қазақстан өлкелік партия комитетінің үгіт–насихат бөлімінің меңгерушісі, Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болды. Н.Нұрмақовтың Қазақстан үкіметінің басшысы ретінде республиканың аумақтық тұтастығы, өнеркәсіп құрлысы, қазақтарды жерге орналастыру мәселесі, оқу–ағарту және қазақтарды басқару ісіне тарту салаларында атқарған қызметтері еліміздің өсіп-өркендеуіне әсерін тигізді. 1924ж. Қазақ АКСР астанасын Орынбордан Қызылордаға, ал 1929 жылы Алматыға көшіру жұмыстарын басқарды. Ол еліміздің тұңғыш Конституциясын әзірлеу комиссиясының мүшесі, қазақ әліпбиін құрастыру комиссиясының төрағасы болды. Н.Нұрмақов Ф.Голощекиннің «Кіші Қазан» идеясы мен халықтың малын тәркілеуге бағытталған шараларына қарсы шығып, онымен ашық саяси күрес жүргізді. Ф.Голощекин мен Н.Нұрмақов арасындағы пікір қайшылығы оның үкімет басшысы қызметінен кетуімен аяқталды. 1929 жылы БК(б)П ОК жанындағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберіліп, оны бітірген соң 1931 жылы Мәскеуде БОАК Төралқасының ұлттар бөлімінің меңгерушісі болды. Н.Нұрмақов 1937ж. жалған айыппен тұтқындалып, саяси қуғын–сүргін құрбаны болды. 1958 жылы КСРО Жоғарғы Соты әскери алқасының шешімімен ақталды.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Ораз Жандосов *(1889 - 1938) - мемлекет қайраткері. 1918 ж Верный ерлер гимназиясын бітірген. 1923-1924 ж. Мәскеудегі Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясында оқыды. Қазақстанда кеңестік билік орнағаннан кейін Жетісу облыстық ұлт істері жөніндегі облыс бөлімін басқарды. 1919-21 ж Түркістан КП мұсылман комунистері секциясы облыстық бюросының төрағасы болды. Жетісу облысының революциялық-әскери комитетін және облыстық «Қосшы» одағын басқарды. 1921-23 ж Түркістан КП ОК үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің II-хатшысы болды. Жер су реформасының қазақ халқының мүддесіне сай жүзеге асырылуына көп еңбек сіңірді. 1924-28 ж БК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының 10 жылдығына орай 1926 ж. Жетісудағы Қарқара көтерілісіне қатысқандарды мәңгі есте қалдыру мақсатында жиын өткізуге атсалысқан. Ауыл экономикасын зерттеу жөніндегі экспедицияны басқарды, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып, статьялар жазды. 1928-37 ж. Қазақ АКСР ағарту халкомы, Қазақ ауыл шаруашылық институтының директоры және Республика кітапханасының директоры қызметтерін атқарды. 1920-25 ж. БК(б)П Түркістан КП ОК бюро мүшесі, Түркістан ОАК төралқасының және БОАК мүшесі, Қазақ ОАК төралқасының мүшесі, Қазақстан өлкетану қоғамы басқармасының төрағасы болды. Сталиндік құғынның барысында жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 ж. наурызда атылды. 1958 жылы ақталған.*

4.5 *Күштеп ұжымдастыруға қарсы қазақ халқының көтерілісі*

Күштеп ұжымдастыруға қарсы халық көтерілістері. Көтерілістің негізгі ошақтары. Көтерілісшілерді Кеңес үкіметінің жазалау шаралары. Қазақстандағы аштық пен күштеп ұжымдастырудың зардаптарын жою

Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың сталиндік үлгісі қазақ халқының жаппай наразылығын туғызды. Ол наразылықтар әр алуан түрде көрініс тапты:
- қалалар мен құрылыстарға кету;
- басқа аймақтар мен шет елдерге көшіп кету;
- колхоз белсенділерін, партия, комсомол қызметкерлерін, сот орындаушыларын өлтіру;
- қарулы отрядтар құру, көтеріліс жасау.

Қазақ халқының жер-жердегі наразылығы қарулы көтеріліске ұласты. Бұл заңды да еді. 1929-1931 жылдары Қазақ жерінің барлық аумағында дерлік қарулы қарсылықтар болып өтті.

Көтерілістің негізгі ошақтары

Жылы	*Болған жері*
1929 жыл қыркүйек – қараша	*Қарақалпақстандағы Тақтакөпір елді-мекенінде, Сырдария округі Бостандық ауданында, Қостанай округі Батпаққара ауданында*
1930 жыл ақпан – мамыр	*Сырдария округі Созақ ауданы; Қарақұм ауданы Ақтөбе округі Ырғыз ауданы; Алматы округі Сарқант, Ақсу аудандары; Семей округінің Зырянов, Өскемен, Самар, Шемонаиха, Катонқарағай аудандары*
1931 жыл көктем - жаз айлары	*Маңғыстау; Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандары*

Бұл көтерілістер шауалардың Кеңес үкіметіне деген көзқарасын бейнелейді. Көтерілісшілер «Байларға қарсы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

кеңес заңдарының күші жойылсын!», «Кеңес өкіметі жойылсын!», «Ислам үшін!» және т.б. ұрандар көтерді.

Көтерілістердің негізгі себептері:

- күштеп ұжымдастыру мен қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі өмір салты мен шаруашылығының қиратылуы;
- дәулетті шаруалар мен байларды тап ретінде жою; Қазақстанға КСРО-ның басқа аудандарынан тәркіленген шаруалардың қоныс аударылуы.
- діни шектеулердің енгізілуі: діндар адамдардың құдалануы, мешіттердің бұзылуы, діни рәсімдер өткізуге тиым салынуы т.б.

Торғай шаруаларының *Батпаққара көтерілісі* 1929 жылы 1 қарашада Қостанай ауданында басталды. Жетекшілері А.Бекежанов пен С.Қадиев. Көтерілісшілер аудан орталығын басып алды. Ондағы кеңес, милиция мекемелерін талқандады. Көтеріліс басшылары ауданда Кеңес өкіметінің құлатылуы туралы шешім шығарды. Ауылдарда қайта Кеңестер сайланып, [illegible] көтерілісшілерге елу жігіттен беру қажет деген үкім тараты. Қысқа мерзім ішінде көтерілісшілер жасағы толығып, оның саны 500 жетті. Бірақ көп ұзамай БМСБ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) әскері көтерілісті басып тастады. 200 жуық адам тұтқындалып, жазаланды. Бұл көтерілісті Қазақ өлкелік партия комитеті бандиттік-басмашы қозғалыс деп бағалады.

Ұжымдастыруға қарсы көтеріліс барысында *Созақ көтерілісі* табандылығымен және ұйымдасуымен ерекшеленді. Көтерілісшілер болыс қызметін атқарушы С.Шолақовты хан етіп сайлады. Олар Кеңес үкіметінің заңсыздықтарын айыптаумен қатар діни ұрандар да ұсынды. Көтеріліс басшыларының бірі Жақыпов тергеуде былай деп көрсеткен: *«...Сырдария округінің Созақ және басқа аудандарындағы ашық қарулы бой көрсетуге жергілікті партия және кеңес қызметкерлерінің тарапынан ислам дініне төзгісіз көзқарасы негіз болды. Біз, бүкіл қазақ халқы, барлық мемлекеттік шараларды мүлтіксіз орындап келдік. Бірақ, жергілікті өкімет орындары дінді қорлап, құдайға сыйынуға тыйым сала бастады, өзіміз салдырған*

мешіттерді мекемелерге айналдырып, ораза ұстағандарға айыппұл сала бастаған кезде ислам діні қағидаларына адал біз, имамдар, молдалар мен билер, қолымызға қару алып, Кеңес өкіметіне ашық қарсы шығуға ұйғардық».

Көтерілісшілер Созақ ауданының орталығын басып алып, аудан басшыларын өлтірді. Көтеріліс Орта Азия әскери округі әскерінің күшімен аяусыз басылды. Қоршауға алынған аудан орталығы Созақ қиратылды. Оның тұрғындары пулемет пен зеңбіректен атылған оқ астында қалды. Халықтың көпшілігі жазалаудан құтылу үшін Мойынқұм даласына көшіп кетті. Қазақстандағы БМСБ өкілдері Созақ көтерілісшілерінен 311 адамды қылмыстық жауапқа тартты. Жазаланғандар: 68 адам ату жазасына кесілді, 152 адам 3 жылдан 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне қамалды, 21 адам 3 жыл мерзімге Сібірге айдалды, 10 адам Қазақстан ішінде 3 жыл мерзімге жер аударылды.

1930 жылы наурыз-мамыр айларында Жетісудың Ақсу ауданында шаруалар көтерілісі болды. Көтеріліске қазақтармен бірге [illegible] қатысты. Сол жылы наурыздың соңында көтерілісшілер Абакумовка селосын басып алды. Көтерілісшілер орталық штаб құрып, ол Ақсуда орналасты. Орталық штабқа Е.Жанбаев, Қ.Қалиев, Ғ.Сатырбаевтар жетекшілік жасады. Бұл көтеріліс те аяусыз жазаланды. БМСБ күштерінің әскери операциялары барысында 161 адам өліп, 509 адам тұтқындалды. Ал, Алматы округінің Балқаш, Шоқпар, Іле, Еңбекшіқазақ, Биен-Ақсу, Сарқант, Жаркент, Бәрібаев аудандарының көтеріліске қатысқан ауылдарының едәуір бөлігі Қытай жеріне ауып кетті.

Қарақұм ауданы көтерілісшілердің Қазақстандағы аса ірі ошағының біріне айналды. Бұл көтеріліс негізінен Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда округтарын қамтыды. А.Қанаев, Ж.Бәйімбетов, М.Саматов, И.Сатыбалдин сияқты азаматтар көтеріліске жетекшілік жасады.

Бұл көтерілістерді басуға Орынбордағы 8-атты әскер дивизиясы шығарылды. Сонымен бірге, бұл аймаққа темір жолмен броньды техникалар да жеткізілді. Наурыз айында болған шайқаста көтерілісшілер ірі жеңіліске ұшырап, Қарақұм даласына шегінуге мәжбүр болды. Сол жерде қайта

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

күш біріктіріп, әскерін қайта жасақтады. Көтерілісшілер шоғырланған аймаққа жүздеген ауылдар түгелдей көшіп барған. БМСБ деректері бойынша, көтерілісшілер саны 5000 адамға жеткен. Күш тең болмаса да көтерілісшілер Кеңес әскерінің талқандауына мүмкіндік бермеді. Өйткені, олар жер жағдайын жақсы білмеді. Сондықтан да Кеңестік билік органдары көтерілісшілермен бейбіт келіссөздер жүргізуге көшті. Қарақұмға Ә.Жангелдин бастаған үкімет комиссиясы келді. Келіссөзді көтерілісшілер жағынан Ж.Бәйімбетов, Д.Қараев, А.Әйменовтар жүргізді. Көтерілісшілер мынадай *саяси талаптар* қойды:

- заңсыз тәркіленген шаруаларды айдаудан босату, олардың мал-мүлкін толық қайтару;
- дін еркіндігін беру;
- ұжымдастыруда еріктілік ұстанымын сақтау;
- салық мөлшерін малдың санына сәйкес белгілеу, малмен шұғылданатындарға астық салығын салуды тоқтату;
- ауылдық кеңестер мен жиналыстардың құзіретін көтеру;
- Қарақұмда халыққа дербес ауылдар ұйымдастыруға рұқсат беру.

Осы талаптар орындалған жағдайда көтерілісшілер қаруларын тастауға уәде берді. Ал, сәуірдің аяғында олар қаруларын өткізе бастады. Бірақ, Кеңес үкіметі уәделерін орындамады. Шаруалар қарсылығын тоқтатып, қаруларын өткізгеннен кейін БМСБ өкілдері көтерілісшілерді тұтқындай бастады. Қарақұм көтерілісін жазалау кезінде: 175 адамды атуға үкім шығарды; 172 адам 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге сотталып, еңбекпен түзеу лагерьлеріне және Сібірге жер аударылды.

1931 жылдың көктем-жаз айларында ірі көтеріліс ошағы *Маңғыстауда* қалыптасты. Көтеріліске негізінен табын мен адай рулары қатысты. Олар күштеп ұжымдастыру мен ет салығына ашық наразылықтарын білдірді. Көтерілісшілер қатары көрші аудандардың халқымен көбейе бастады. Олар ауылдық Кеңестерді талқандап, билік органдарын құғындады. Көтерісшілер Форт-Александровск қаласын басып алуға әрекет жасады. Көтерілістің етек алуынан қорыққан Қазақстан басшылары Мәскеуден көмек

сұрады. Оны басу үшін 8-атты әскер дивизиясы мен 13-полктың механикаландырылған бөлімдері, Әзербайжаннан БМСБ ішкі әскери күштері жіберілді. Жазалаушы отрядтардың әскери операциялары нәтижесінде көтерісшілер жеңілді. Жетекшілері тұтқындалып, белсенділері жазаланды. Тергеу қорытындысы бойынша 21 адам атылып, 196 адам түрмеге жабылды. Көтерлісшілердің аман қалғандары өз отбасыларымен Түркіменстанға, кейбір тобы одан әрі Иран мен Ауғанстанға қоныс аударды. Бұл көтеріліс тарихта «Адай көтерілісі» деген атпен қалды.

1931 жылдың көктемінде Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау және Шұбартау аудандарында көтеріліс жасаған шаруалар түгел қырылып тасталды.

Көтеріліске қатысты қылмыстық істерді тергеу барысында адам құқықтары өрескел бұзылды. Тергеулер үстірт жүргізіліп, заңдар бұрмаланып отырған. Көптеген істер бойынша жеткілікті айғақтар болмаған. Қазақстанда БМСБ өкілдерінің «үштік соттары» құрылды. Бұл соттарға шексіз билік берілді. Олар ешбір сотсыз, тергеусіз үкім шығара алатын болды. Жазаның ең жеңіл - айлау құқынан айыру немесе жер аудару болды. «Үштік соттардың» шешімдері Қазақ өлкелік партия комитетінің жабық отырыстарында қаралып, оған сол кездегі хатшылар: Ф.Голощекин немесе І.Құрамысов қол қоятын болған. Ал, 1930 жылдың 9 наурызынан бастап БКП(б) ның Қазақ өлкелік комитетіндегі арнайы өкілі Г.Рошаль қол қойған.

Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру кезіндегі жазалау шараларының статистикалық деректері:

- 1929-1931 жылдары БМСБ «үштік» соттары 9805 қылмыстық істерді қарап, ондағы 22933 іске қатысты үкім шығарған: 3386 адамға ату жазасы, 13151 адамды 3 жылдан 10 жылға дейін лагерьге жабу;
- БМСБ ұсынысы бойынша 1930 жылы 13 мамырда Қазақ үкіметі Ақмола мен Қарағанды округтарында жаңа лагерьлер салу үшін 110 мың га жер бөлу туралы шешім шығарған.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

- Шаруалардың наразылығы барысында республика аумағында 372 ірілі-ұсақты көтерілістер орын алды. Көтерілістерге шамамен 80 мындай адам қатысқан. Голощекиннің 1931 жылы желтоқсанда Сталинге жазған хатында Қазақстан аумағында 15 ірі көтеріліс ошақтары бар екенін атап көрсетеді.

Кеңес үкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына қарсы қазақ халқының көтерілісі патшалық Ресей заманынан бері үздіксіз жүргізіліп келе жатқан ұлт-азаттық күресінің заңды жалғасы болды.

Қазақстандағы аштық пен күштеп ұжымдастырудың зардаптарын жою шаралары

1932 жылы 17-қыркүйекте БКП(б) ОК «Ауыл шаруашылығы туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы жағдайға ерекше назар аударылды. Қаулыда мына мәселелерге көңіл бөлінді:

- Ұжымдастыруды жүзеге асырған кезде республиканың шаруашылық және мәдени даму деңгейі есепке алынуы;
- Шаруалардың жаңа өмірге дайындық деңгейін ескеру;
- Артельдер құрудың алғашқы сатысы ретінде бірлесіп жер өңдеу мен шөп шабу жөніндегі серіктестіктер ұйымдастыру.

Бірақта, қаулыда елдегі аштық пен оның себептері туралы ешбір сөз айтылмады. Бұл жағдайға кінәлі республика басшылары жауапқа тартылмады. *Қазақстандағы геноцидке ең басты жауапты адам Ф.Голощекин тек 1933 жылы қаңтарда Қазақ өлкелік партия комитетінің басшылығынан босатылды.* Бұл өте кеш қабылданған саяси шешім еді. Голощекин қазақ халқының тарихында бұрын-соңды болмаған қасіретті ұйымдастырып кетті. Оның есімі қазақ халқының жадында «қу жақ» деген атпен қалды.

Ф.Голощекиннің орнына республика жетекшісі болып Орталықтың шешімімен Левон Мирзоян тағайындалды. Ол Қазақстанды 1937 жылдың соңына дейін басқарды. Л.Мирзоян билікке келгеннен кейін елдегі аштықтың зардаптарын жою бағытында жұмыстар жүргізді. Ең алдымен, күшпен құрылған колхоздар таратылды. Колхоздар

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

үшін тартып алынған халықтың мал-мүлкі қайтарыла бастады. Отырықшы өмір салтына көшкен шаруаларға қаржылай және техникалық көмек көрсетілді. Егіншілікпен айналысатын аудандарда коммуналардың орнына ауыл шаруашылық артельдері құрылды.

Бұндай шаралардың нәтижесінде ауыл шаруашылық жүйесі қалпына келтіріле бастады. Қазақстанның барлық аудандарында колхоздарға жерді мәңгіге пайдалану туралы құқық берілді. Шаруалар ауыл шаруашылық техникасын игере бастады. Тракторшылар мен комбайншыларды даярлауға ерекше көңіл бөлінді. 1930 жылдардың соңына қарай мал басы мен егіс көлемі едәуір артты. Қазақ халқының көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа көшуі осы кезеңде қасіретпен аяқталған еді.

Елдің жағдайы бір қалыпқа түсе бастаған кезде 1935 жылдан бастап аштықтан басқа елдерге көшуге мәжбүр болған қазақтар орала бастады. Олар негізінен, Ресей мен Орта Азия республикаларынан оралды. Алайда, қазақтардың бір бөлігі сол елдерде қалып қойды. Ал, Қытай, Моңғолия, Иран, Ауғанстанға көшкен қазақтардың елге оралуына мүмкіндік жасалмады. Керісінше, оларды Кеңес үкіметі жау ретінде қабылдады. Осылайша, ұжымдастыру саясаты қазақ халқы үшін орны толмас қасіретке айналды.

Түсіндірме сөздік

«Үштік соттар» – БМСБ ерекше құзірет беріп, сталиндік жазалау шараларын ұйымдастыруды жүзеге асырған орган.

Бандитизм – қарақшылық, тонаушылық іс әрекеттері.

Басмашылық – 1920-1930 жылдары Орта Азиядағы Кеңес үкіметіне қарсы жүргізілген қозғалыс.

Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (БМСБ) – Кеңес үкіметінің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орган.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Ұжымдастыруға қарсы қазақ шаруаларының көтерілісінің басты себептерін атап бер.
2. Көтерілістің негізгі ошақтары қай жерлерлерде болды?
3. Көтерілісті жазалау шаралары қалай жүргізілді?
4. Шаруалар көтерілісіне жетекшілік жасаған кімдерді

білесің?
5. БМСБ жанынан «үштік соттар» не үшін құрылды?
6. Қазақстандағы аштықтың зардаптарын жою үшін қандай шаралар жүргізілді?
7. Күштеп ұжымдастыру мен аштыққа жауапты республика басшылар неге жазаланбай қалды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Күштеп ұжымдастыруға қарсы қазақ халқының көтерілістері туралы мәліметтер беретін кестені толтырыңдар.

жылдары	
негізгі себептері	
саяси талаптары	
соғыс қимылдары	
нәтижесі мен жазалануы	

Ә) Картаны пайдалана отырып ұжымдастыруға қарсы болған көтерілістердің негізгі ошақтары туралы баяндап беріңдер.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Тарихи тұлғалар

Левон Мирзоян *1897 жылы Таулы Карабахта, Әзербайжан Республикасында шаруа отбасында дүниеге келген. Он бес жасқа дейін селолық мектепте оқып білім алған. 1912ж. Бакудағы революциялық қозғалысқа белсене қатысқан. 1917-18ж. қәсіподақ қызметінде және Баку Кеңесінің депутаты болған. 1920-25ж. Әзірбайжан кәсіподақтар Кеңесінің төрағасы, Әзірбайжан КСР Еңбек Халкомы, Әзірбайжан Компартиясы Баку комитетінің, 1925-29ж. Орталық Комитетінің хатшысы қызметтерін атқарған. 1929-33 ж. Компартияның Пермь округі комитетінің, Орал облыстық комитетінің хатшысы болған.*

1933 ж. қаңтарынан Қазақ Өлкелік партия комитетінің, 1937 ж. маусым–желтоқсан аралығында Қазақ КСР Коммунистік партиясы ОК I хатшысы қызметінде болды. КСРО ОАК мүшесі, бірінші шақырылған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. Кеңес билігіне қызметі үшін Ленин орденімен марапатталған.

1931-1933 ж. қазақ халқын қолдан жасалған аштыққа ұшыратып, геноцид жүргізген Ф.Голощекинді республика басшылығынан ауыстырған Л.Мирзоянның қызметі салыстырмалы түрде қазақ халқы үшін оң нәтижелер берді. Сол себепті, қазақ халқы оны «Мырзажан» деп құрмет тұтқан. Л.Мирзоян 1938 жылы сталиндік құғын сүргінге түсіп, сол жылы мамырда тұтқынға алынған. КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясының шешімімен 1939 жылы 26 ақпанда ату жазасына кесілген. 1955 жылы 10-қарашада КСРО Жоғарғы Сотының Әскери Коллегиясы Левон Мирзоянды ақтау туралы шешім шығарды. Бүгінгі күні Алматы көшелерінің бірі Л.Мирзоян есімімен аталады.

4.6 Республиканың 1930 жылдардағы қоғамдық-саяси жағдайы

Республиканың қоғамдық саяси дамуы. Қоғамда тоталитарлық жүйенің қалыптасуы. Зиялы қауымға жасалған жаппай құғын-сүргін. Қазақ АКСР- нің одақтас республика болып қайта құрылуы. Соғыс қарсаңындағы республиканың дамуы

Кеңес үкіметі 1920—1930 жылдары Кеңес Одағында әлеуметтік тұрғыда әділетті қоғам (социализм) орнатуды жоспарлаған еді. Бірақ тарихи даму елді мүлде басқа бағытқа бұрып жіберді. Сталиннің билік басына келуімен елде тоталитарлық жүйе қалыптаса бастады. Социализм *тоталитарлық* сипатқа ие болды.

Тоталитаризм белгілері

Мемлекеттік жүйеде

- Мемлекетті басқаруда Ресейде ғасырлар бойы қалыптасып қалған империялық әдістер қолданылды. Оған әміршіл әкімшіл басқару әдісі қосылды.
- Биліктің демократиялық түрі ретінде құрылған Кеңестер партияның ықпалымен сайланды.

Саяси жүйеде

- Партия мен мемлекет бір жүйеге айналып кетті. Коммунистік партияның үстемдігі, яғни бірпартиялық жүйе орнады.
- Коммунистік партияның ролі мемлекеттің қызметінен жоғары болды.

Экономикалық жүйеде

- Жеке меншік түпкілікті жойылды. Мемлекеттік меншік монополиясы орнатылды.
- Мемлекеттік меншіктің орнауына байланысты еңбешілерде материалдық ынта мен жауапкершілік жойылды.

Әлеуметтік жүйеде

- Еңбекті бағалауда теңгермешілік орын алды.
- Еңбекшілер материалдық байлыққа иелік етуге қорықты. Ол адал еңбекпен жиналған байлық болса да, дәулетті адамды қоғамға жат адам деп есептеді.

Идеология саласында

- Қоғамда ұжымдық сананы қалыптастырды. Оның моральдық тұрғыда артықшылықтары болғанымен жеке адамның тұлғалық қасиеттері ескерусіз қалды. Шығармашылық белсенділік пен балама көзқарастарға жол берілмеді.
- Дінге қарсы күрес жүргізілді. Халыққа атеистік тәрбие беру жүйесі қалыптасты.

Ұлттық саясатта

- Ұлттардың өзін өзі басқару құқықтары шектелді. Ұлттық мемлекеттер құрылғанымен, олар шын мәнінде «қуыршақ» республикаларға айналды.
- Ұлттық зиялы қауым қуғын-сүргінге ұшырады, ұлттық сана басылып жаншылды.

Әкімшіл-әміршіл билік Сталиннің диктатурасын туғызды, ал диктатура жеке басқа табынуды қалыптастырды. 1930-жылдары бүкіл елде сталиндік диктатура өзінің шарықтау шегіне жетті. Ол қоғамның барлық саласында орын алды.

Дегенмен, бұл кезеңде *социалистік қоғамның кейбір белгілері* қалыптаса бастағанын жоққа шығаруға болмайды. *Қазақ халқы үшін бұл кезеңнің қасіреті көп болса да, бірқатар жетістіктерге де қол жеткізілді.*

- Қазақ мемлекеттілігі қайта қалпына келтірілді. Қазақ жерлері қайта біріктіріліп, шекаралары белгіленді.
- Еңбекке жарамды адамдар жұмыспен қамтылды. Таптық қанау жойылды. Әлеуметтік теңдіктің белгілері қалыптаса бастады.
- Тегін білім беру мен денсаулық сақтау жүйесі қалыптасты. Еңбеккерлерге мемлекет тарапынан кепілді әлеуметтік көмек берілді.
- Қазақ халқы әлемдік мәдениет құндылықтарын игере бастады.

Зиялы қауымға жасалған жаппай қуғын-сүргін

Кеңес Одағында күшейе түскен қатыгез саясатының бірі зиялы азаматтарға қарсы жасалған репрессия (жаппай қуғын-сүргін) болды. Бұл саясат Кеңес Одағының барлық республикаларында жүргізілді. Оның бастауында В.Ленин тұрды. Ол «егер жау берілмесе оны құрту керек» деген қағиданы ұсынып, жүзеге асырды. Ал, *жаппай қуғын-сүргін саясаты И.Сталин мен Л.Бериянының (Ішкі істер халық комиссары) қызметіне тікелей байланысты болды.* Олар ел басқаруда осы әдісті үздіксіз әрі жаппай қолданды. Осылайша халықты үнемі үрейде ұстауға тырысты.

Қуғын-сүргін саясаты негізгі 3 кезеңді қамтыды:

I кезең: 1922-1933 жылдарды қамтыды. Бұл кезең қуғын-сүргін саясатының бастауы болды. Негізгі әдісі: биліктен босату, жер аудару, түрмеге жабу, лагерьге жіберу т.б. II кезең: 1937-1938 жылдарды қамтыды. Жаппай қуғын сүргіннің шарықтау шегіне жеткен кезеңі болды. Қолданған әдісі: физикалық және моральдық қысым көрсету, лагерьлерге жабу, өлім жазасына кесу, жаңұясын қуғындау, ғылыми шығармашылық еңбектеріне тиым салу немесе құрту т.б. III кезең: 1947-1953 жылдарды қамтыды. Соғыстан

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

кейін қайта кеңінен қолданылған кезеңі. Әдістері: жер аудару, түрмеге жабу, лагаерьге жіберу т.б.

Қоғамның алдыңғы қатарлы тобы – ғалымдар, ақын жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері және олардың отбасы мүшелері құғындалды.

1922 жылы бұрын «Алаш» партиясының қатарында болған қазақ зиялылары Қазақстанның билік органдарындағы қызметтерінен босатылды. Оларға «Алашорда құрамында Кеңес үкіметіне қарсы күрес жүргізді», «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Алайда, олардың Кеңес үкіметінің жағына шығып, Қазақ АКСР ның орнығуына өлшеусіз еңбек сіңіргені ескерілмеді. 1924 жылы бірқатар қазақ зиялылары Мәскеуге шақыртып алынды. Олардың ішінде Әлихан Бөкейханов, Тұрар Рысқұлов, Нәзір Төреқұлов сияқты т.б. қайраткерлер болды. Ал, Кеңес үкіметі Әлихан Бөкейхановқа Қазақстанға келуге мүлде тиым салды. Өйткені, бұл азаматтардың қазақ халқының арасындағы беделі мен ықпалынан қорықты. Сондықтан оларды халықтан алыс ұстауға тырысты.

1920-жылдардың II-жартысында Голощекиннің «кіші Қазан» идеясына, индустриалдандыруды, [illegible] бағыттарына және күштеп ұжымдастыруға қарсы шыққан Смағұл Садуақасов, Нығмет Нұрмақов, Сұлтанбек Қожанов, Жалау Мыңбаев сынды қайраткерлер биліктен қуылды. Оларға да «ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар шын мәнінде ұлттық мүддені қорғаған, халқын сүйген азаматтар еді.

1928 жылы «Алаш ісі» басталды. Алаш қайраткерлеріне «кеңес өкіметін құлатуға әрекет жасады», «контрреволюциялық астыртын ұйым құрды», «шет елдік тыңшылармен байланыста болды» деген жалған айыптар тағылды. Бұл іс бойынша Алаш зиялыларының 44 көрнекті өкілі тұтқындалды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және т.б. қайраткерлер түрмеге жабылып, жер аударылды. Ал, 1930 жылы Мұхаметжан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхаметов, Жаһанша Досмұхаметов сынды т.б. зиялы қауым өкілдері тұтқындалды. Олардың көпшілігі Ресейге жер аударылды немесе түрмеге жабылды. Бұл азаматтардың барлығы 1937-

38 жылдары атылды.

1930 жылы талантты жазушы Жүсіпбек Аймауытов, 1931 жылы ғалым-ағартушы, философ Шәкәрім Құдайбердіұлы атылды. Ал, көрнекті қоғам қайраткері М.Дулатов 1935 жылы Ресейдегі лагерлердің бірінде қаза тапты. 1937-38 жылдары қуғын-сүргін жаппай сипат алды. Кеңес үкіметі енді зиялы қауымды жоюға кірісті. Оларға «халық жауы», «ұлтшыл-фашистер», Германия немесе Жапонияның тыңшылары деген ешбір айғақсыз жалған жала жабылды.

«Алаш» партиясының мүшелерін ғана емес, Кеңес үкіметін алғашқы кезден бастап қолдаған азаматтар да атылды. Сондай-ақ, олар Қазақстанда Кеңес үкіметінің толық орнап, нығаюы үшін де зор еңбек сіңірген еді. Бірақта, бұл азаматтар неге атылды деген заңды сұрақ туады. Оның себебі, *біріншіден, олар Коммунистік партия жетекшілерінің халыққа қарсы жасаған қылмыстарына басты куәгерлер еді; екіншіден, Кеңес үкіметі ұлттық санадан қол үзген, коммунистік идеологияға қызмет ететін азаматтарды тәрбиелеу саясатын жүзеге асырды.*

Атылғандардың қатарында: мемлекет қайраткерлері – *Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, А.Асылбеков, С.Меңдешов, Н.Нұрмақов, О.Жандосов, Т.Рысқұлов, Ә.Әйтиев, М.Масаншы, А.Розыбакиев, Н.Сырғабеков, Т.Жүргенов* т.б. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері: *Б.Майлин, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Жұмабаев* т.б. Ғалымдар: *А.Байтұрсынов, Х.Досмұхаметов, С.Асфендияров, Қ.Жұбанов, М.Төлепов, Ж.Күдерин, Т.Шонанов* т.б. Қазақстанға Мәскеуден жіберілген партия қайраткерлері: *Л.Мирзоян, К.Рафальский, В.Андронников* т.б. Онымен қоса бұл азаматтардың әйелдері, балалары, туыстары түрмеге жабылып, лагерьлерге айдалады.

Сол кезеңде Қазақстан «халық жаулары» үшін ашылған лагерьлер аймағына айналды. Олар ерекше режимді еңбекпен түзеу лагері деп аталды. *Осы лагерлер жүйесінен 101мың қазақстандық жазасын өтеген. 27 мыңнан астам адам атылды.* Кеңес Одағындағы ең ірі лагерлердің қатарында Қарағанды лагері (ҚарЛаг) және Далалық лагерь (СтепЛаг) болды. Ақмолада «Отанына опасыздық жасағандардың әйелдеріне арналған лагерь» (АЛЖИР)

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

ашылды. Бұл лагерьлерде бүкіл Кеңес Одағынан құғын-сүргінге ұшыраған адамдар жазаларын өтеді.
Кеңес үкіметі жеке адамдардың тағдырын ғана тәлкекке салған жоқ. Тұтас халықтарға да сенімсіздік білдірді. Кейбір халықтарға қатысты *депортация* саясатын қолданды. Олардың құқықтарын шектеп, өмір сүретін жерін үкімет анықтады. Күштеп атамекенінен айырды. 1938 жылы қарашада Қиыр Шығыстан Қазақ жеріне 100 мыңнан астам корейлер күштеп қоныс аударылды. Олар Алматы және Қызылорда облыстарына қоныстандырылды.

Қазақ халқы өзіне тән бауырмалдықпен сталиндік депортациядан Қазақстанға келген халықтар мен лагерьлерде жазасын өтеушілерге көмек көрсетті. Олармен қолда барын бөлісті, отбасынан орын берді, жаңа ортаға бейімделуіне жәрдемдесті. *Қазақ халқы сол бір қиын заманда ерекше қонақжайлық пен интернационалдықтың биік үлгісін көрсетті. Жер ауып келгендер мен жазасын өтеушілердің көпшілігі қазақ жерінде тұрақтап қалды. Қазақстан олардың да Отанына айналды.*

Кеңес үкіметінің бұл қатыгез саясаты Кеңес Одағының құрамында болған халықтарға орны толмас зардабын тигізді. Бұл саясат адамзатқа жасалған үлкен қастандық еді. Оны ешбір дәлелмен ақтау мүмкін емес.
Сталиндік құғын сүргіннің жазықсыз құрбандарын 1956-1958 жылдары және 1988 жылдан бастап ақтау шаралары жүргізілді.

Қазақ АКСР- нің одақтас республика болып қайта құрылуы

1936 жылы 5 желтоқсанда Кеңестердің бүкілодақтық VIII төтенше съезінде Кеңес Одағының жаңа Конституциясы қабылданды. *Бұл Конституция негізінде 1937 жылы Қазақ АКСР Кеңес Одағының құрамындағы одақтас республика болып қайта құрылды.* Бұл Қазақстан тарихындағы аса маңызды саяси оқиға болды. Бұған дейін Қазақстан Ресей Федерациясының құрамында автономиялы ел болып келген еді. Енді басқа елдермен тең дәрежедегі республикаға айналды. *Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы (Қазақ КСР) деген ресми атауға ие болды.*

Сол уақытқа дейін Кеңес Одағының құрамында 7

республика болса, енді олардың саны 11 жетті. Закавказ Федерациясы таратылды. Ал, оның құрамында болған Грузия, Әзірбайжан, Армения республикалары енді Одаққа тікелей қарайтын болды. Қырғыз автономиялы республикасы да одақтас елге айналды.

1937 жылы наурызда Қазақстан Кеңестерінің X-төтенше съезінде *Қазақ КСР Конституциясы* қабылданды. Оның жобасы халық арасында, баспасөзде, ұжымдарда талқыланған еді. Бұл Конституция бойынша Қазақ КСР-нің:

- халқының келісімінсіз өзгертуге болмайтын, тұтас және бөлінбейтін жері;

- Қазақстан халықтарының демократиялық құқықтары,бостандықтары мен міндеттері;

- жоғарғы заң шығарушы және атқарушы билік органдары;

- мемлекеттік рәміздері бекітілетін болды.

Конституция Қазақ КСР-ның *саяси негізі* - еңбекші халықтың депутаттар Кеңесі болатынын жариялады. Ал, ең жоғарғы мемлекеттік орган - Жоғарғы Кеңес болды. Ол төрт жылға сайланды.

Республиканың *экономикалық негізін* - жоспарлы социалистік жүйе мен мемлекеттік меншік құрайтын болды.

Конституцияда Қазақстан Одақ құрамына егеменді ел ретінде ерікті түрде кіретіні, азаматтарының КСРО азаматы болып танылатыны жазылды. Тұрғылықты халықтар өз тілін еркін пайдаланып, ана тілінде мектептер, мәдени мекемелер ашуға ерікті екені айтылды.

Заң жүзінде демократиялық еркіндіктер мен құқықтар берілгенімен, іс жүзіне толық асырылмады. Конституцияны бұрмалау, заңсыздықтарға жол беру сол дәуірге тән құбылыс болды. Себебі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра алатын зиялы қауымды жойып жіберген еді. Құғын-сүргін саясаты халықтың шындықты айтуына мүмкіндік бермеді.

1937 жылы желтоқсанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің сайлауы өткізілді. Оған Қазақстаннан 44 депутат сайланды. Сол дәуірде депутаттардың таптық құрамы қатаң қадағалатын еді. Депутаттардың негізгі бөлігі жұмысшы мен шаруалар арасынан сайлануы талап етілді. Кеңес үкіметі

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

балама сайлауға жол бермеді. Халық партия ұсынған үміткерге ғана дауыс берді. Олар әрдайым 98-100 % дауысқа ие болып отырды. 1938 жылы маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің алғашқы құрамы сайланды. Жоғарғы Кеңеске 300 депутат сайланды. Құрамы: 112 жұмысшы, 116 шаруа, 60 әйел өкілдерінен тұрды. Бұл сайлау да жасандылық, көзбояушылық бойынша өткізілді.

Осындай қайшылықтар қоғам өмірінде көп болса да, Қазақ АКСР ның одақтас республикаға айналуы бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының қалыптасуына іргетас болды.

Соғыс қарсаңындағы республиканың дамуы

1930 жылдардың екінші жартысы халықаралық жағдайдың шиеленісуіне алып келді. Германия мен Италияда билік басына фашистер келді. Европада соғыс қаупі арта бастады. 1939 жылы 1-қыркүйекте II - дүниежүзілік соғыс басталды. Германия Польшаға басып кірді. Міне, осы жағдайлардың бәрі Кеңес Одағының саясатына да өзгерістер енгізді. 1939 жылы БКП(б) XVIII съезі елдің индустриалдық базасын кеңейту мен қорғаныс қабілетін арттыру [illegible] қабылдады. Соған сәйкес Қазақстанның алдына көмір, мұнай, түсті металдар өндіретін ірі базаға айналдыру және ауыл шаруашылығын дамыту міндеттері қойылды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру бағытында:

- Жезқазған мыс қорыту комбинатының құрылысы басталды;
- Қарсақпай мыс қорыту заводының қайта құру мен дамыту;
- Ембі мұнай аймағын геологиялық тұрғыда зерттеу мен бұрғылау жұмыстарын жеделдету;
- Шығыс Қазақстанда түсті металлургия өндірісін одан әрі дамыту жұмыстары қолға алынды.

Соғыс қарсаңында экономикада бірқатар табыстарға қол жеткізілді. Мысалы: 1940 жылдың басында *Ақмола - Қарталы темір жолы* іске қосылды. Ол халықтық құрылыс тәсілімен 9 айда салынып бітті. Бұл темір жол Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарын Ресейдің Орал аймағымен байланыстырды. Ол жолдың қашықтығын біршама қысқартты. Сонымен бірге, *Гурьев - Қандағаш, Қандағаш - Орск темір жолдары* салынды. Шымкент

қорғасын, Балқаш мыс, Лениногор мен Зырян полиметалл комбинаттарының, Ащысай, Қоңырат кеніштерінің іске қосылуы түсті металлургия саласын Қазақстан экономикасының жетекші саласына айналдырды. Шымкенттің қорғасыны Кеңес Одағындағы *«ең сапалы өнім маркасына»* ие болды. Осы кезеңде Қазақстанда *радио тораптарын көбейту мен радио хабарлар тарату* ісі жүзеге асырылды.

Соғыс қарсаңында Қазақстан Кеңес Одағының аса ірі шикізат базасына айналды. Ресей мен Украинадағы өндіріс орындарын шикізатпен қамтамасыз етті. Қазақстан Кеңес Одағында қорғасын өндіруден I орын, көмір мен мұнай өндіруден III орын, химия өндірісі бойынша VI орын алды.

Бірақ, ауыл шаруашылығының жағдайы ауыр күйінде қала берді. Күштеп ұжымдастыру мен аштықтың зардаптары өте ауыр еді. Соғыс қарсаңында колхоз құрылысы аяқталды. Ал, малынан айырылып қалған қазақ халқы өзінен өзі отырықшы өмір салтына көше бастады. Мал басын арттыру уақытты керек етті. Дегенмен, осы кезеңде жоғарғы және арнаулы оқуі [illegible] Қазақстанда ашылған мал дәрігерлік (1929) және ауыл шаруашылық (1930) институттарының алғашқы түлектері: агрономдар, мал дәрігерлері, зоотехниктер т.б. еңбекке араласа бастаған еді. Қазақстанның климаттық жағдайы ескеріліп, қолдан суару жүйелерін дамытуға көңіл бөліне бастады. Батыс Қазақстанда Орал-Көшім каналы салынды. Ауыл шаруашылығын қалпына келтірудегі тағы бір жұмыс - колхоздардың техникамен жабдықтала бастауы еді. Трактор, комбайндарды ер адамдармен бірге қыздар да игере бастады.

Әлеуметтік саладағы өте маңызды іс қалалармен бірге ауылдарда да халыққа медициналық қызмет көрсету жүйесі қалыптаса бастады. Қалалар мен ірі елді-мекендерде ауруханалар мен емханалар салынды. 1938-1940 жылдары республика бойынша жаңадан 120 аурухана мен 200 емхана салынған. Ауылдарда фельдшерлік бөлімдер ашыла бастады. Олар халыққа тегін қызмет көрсетті.

Алайда, соғыс қарсаңында шешілмеген мәселелер әлі де аз емес еді. Біріншіден, қалаларда халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету өте күрделі іс болды. Оған бөлінген қаржы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

көлемі артқанымен, халықтың көпшілігі коммуналдық үйлерде тұрып жатты. Екіншіден, білікті әрі тәжірибелі маман кадрлар жетіспеді. Өйткені, қуғын-сүргін саясатының құрбаны болған зиялылардың орнын толтыру мүмкін емес еді.

Түсіндірме сөздік

«Халық жауы» – сталиндік қуғын сүргін кезінде азаматтарға зорлық зомбылық көрсету арқылы тағылған жалған айып.

Тоталитаризм – мемлекетті жеке адам құқықтарын шектеу, зорлық зомбылық пен күштеу әдістері арқылы басқаруға негізделген қоғамдық саяси жүйе.

Конституция – қоғам мен мемлекеттік құрылыстың негізін айқындайтын, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін мемлекеттің Негізгі Заңы.

Депортация – ұлттарға, халықтарға сенімсіздік көрсету, қуғындау, жер аудару.

Репрессия – мемлекеттік органдар тарапынан жасалатын азаматтарға қарсы жасалатын қуғын-сүргін құқықтарын тең асты ету, жазалау саясаты.

Атеизм, атеистік тәрбие – дін мен діни наным сенімдерді жоққа шығаратын философиялық ілім. Кеңес үкіметінің идеология саласындағы басты құралы.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Тоталитарлық қоғамға тән белгілер қандай?
2. Кеңес Одағында тоталитаризмнің орнауына қандай алғышарттар жасалынды?
3. Қазақстанда зиялы қауымға қарсы ұйымдастырылған қуғын сүргін саясаты қандай кезеңдерден тұрды?
4. Репрессияға ұшыраған ғылыми шығармашылық зиялы қауым өкілдерінен кімдерді білесің?
5. Қазақстанда қандай жазалау лагерьлері ашылды?
6. Сол тарихи кезеңде корей халқының Қазақстанға қоныс аударылу себебі неде еді ?
7. Қазақ АКСР і қашан одақтас республикаға айналды және оның қандай тарихи маңызы болды?
8. 1937 жылғы Конституция бойынша Қазақстанға қандай саяси құқықтарға ие болды және неге олар іс жүзінде орындалмады?

9. Соғыс қарсаңында Қазақ елінің экономикалық жағдайы қандай дәрежеде болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) «Автономиялы республика» мен «одақтас республиканың» сапалық ерекшеліктерін ашып көрсетіңдер.

Ә) 1917 жылы жарияланған Алаш партиясының бағдарламасы мен 1937 жылғы Казақ КСР Конституциясы бойынша жарияланған негізгі саяси құқықтарға салыстырмалы талдау жасаңдар.

Б) Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының аумақтық әкімшілік құрылымына саяси карта бойынша сипаттама беріңдер.

Тарихи тұлғалар

Сталин *(Джугашвили) Иосиф (1879, Грузия - 1953, Мәскеу) – XXғ. аса ірі диктаторларының бірі. Кеңес Одағында тоталитарлық жүйені орнықтырушы.*

1894ж. Гори қаласындағы діни училищесін бітіріп, Тбилиси православие семариясында оқыған. 1899ж. революциялық үйірмелерге қатысқаны үшін семариядан шығарылады. 1917ж. Сталин Қазан төңкерісін әзірлеуге және өткізуге белсене қатысты. 1917-22ж. Кеңес үкіметінің Ұлт істері жөніндегі халық комиссары қызметін атқарды. 1922ж. РК(б)П ОК Пленумы Сатлинді ОК Бас хатшы етіп сайлады және бұл қызметте 30 жылдан астам уақыт болды. Ол елді басқарудың әкімшіл әміршіл әдістерін кеңінен енгізіп, диктатура орнатты. Сталин ауыл шаруашылығын ұжымдастыруда күштеу әдістерін қолданып, соның салдарынан бүкіл Кеңес Одағында үлкен қасіреттерге алып келді. Индустриаландыру саясатында экстенсивті бағытқа ерекше мән берілді. Ал, Қазақстан шикізат базасына айналдырылды. Сталин мемлекетті басқаруда демократия мен адам құқықтарын өрескел бұзып отырды. Саяси қарсыластары мен зиялы қауымға қарсы қуғын сүргін ұйымдастырып, бүкіл халықты үрейде ұстады. Дінге қарсы жаппай күрес жүргізді. Сан мыңдаған шіркеулер мен мешіттерді қиратуға жол ашып берді.

1941-45ж. Ұлы Отан соғысы кезінде Сталин Кеңес Одағының қорғаныс қабілетін нығайту, фашистік Германия мен Жапонияны талқандау бағытындағы сан салалы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

қызметін ұйымдастырды. Сонымен бірге, ол гитлерлік Германияның Кеңес Одағына соғыс ашу ықтималдығын бағалауда саяси қателіктер жіберді. Соғыс кезінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің төрағасы, КСРО Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы қызметін атқарды. Сталин Кеңес Одағының Маршалы (1943), Кеңес Одағының Батыры (1945), Генералиссимус (1945) атақтарына ие болды. Соғыстан кейінгі кезеңде Компартия ОК-нің Бас хатшысы және КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы болды. Соғыстан кейін оның жеке басына табынушылық күшейіп кетті. Бұл адам құқықтары мен мемлекеттегі заңдылықтың бұрмалануына әкеліп соқты. Сталиннің жеке басы мен оның қызметіне жан-жақты әділ баға Кеңес Одағы толық ыдырағаннан кейін ғана берілді.

***Төреқұлов Нәзір** (1892, Қоқан қ. - 1937, Мәскеу) көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақ халқынан шыққан тұңғыш кәсіби дипломат. Ол қазақ, өзбек тілдерінен басқа татар, орыс, араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, неміс және француз тілдерінде [illegible] Қоқанда коммерция училищесі мен Мәскеу коммерция институтында білім алған. 1916ж. 25–маусымдағы патша үкіметінің Түркістан халқын тыл жұмыстарына алу туралы жарлығы Н.Төреқұловты да бей-жай қалдыра алмады. Ол майданға алынған жерлестеріне көмек көрсету үшін Мәскеуден Батыс майданына келеді. Онда Минсктегі Земство одағына нұсқаушы болып жұмысқа кіреді.*

Н.Төреқұлов 1918ж. Қоқан жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары Кеңесінде оқу-ағарту комиссары қызметін атқарады. 1920ж. Ташкентте Түркістан Республикасы Оқу-ағарту комиссары ретінде мектептерді кеңестендіру, сауатсыздықты жою жөніндегі алғашқы мекемелерді ұйымдастыру ісін жолға қояды. 1920-21ж. Түркістан КП ОК жауапты хатшысы болады. Ол 1921–22ж. Түркістан Республикасы ОАК төрағасы, РКП(б) ОК Орта Азиялық бюросының мүшесі болды. 1922–28ж. Мәскеуде КСРО ОАК жанындағы Орталық баспаның төрағасы қызметін атқарады. Мәскеуде қызметіне кіріскеннен кейін В.Лениннің қабылдауында болып,

автономия алған жергілікті халықтардың тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеру мәселесін көтерген. Ол түркі тілдес халықтардың ортақ әліпбиін жасау жөніндегі комиссияның төрағасы ретінде араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшудің қажеттігін негіздеді. Бұл мәселе бойынша өз көзқарасын дәлелдеп, А.Байтұрсынов, Чобанзаде, Ағамалиоғлы сынды қайраткерлермен қызу пікір таластар жүргізді. Ол жаңа әліпбиге көшуді жан-жақты ғылыми тұрғыда негіздеу қажет деп санаған. Н.Төреқұлов баспа төрағасы кезінде «Темірқазық» журналын ұйымдастырады. Журнал жұмысына түркі халықтарының әйгілі тарихшылары, журналистері тартылғанымен 3 саны ғана шығарылды. Журнал ісіне Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтарды белсене араластырған.

1928–35ж. КСРО-ның Сауд Арабиясындағы өкілетті елшісі қызметін атқарды. Н.Төреқұлов қазіргі Сауд Арабиясының негізін салған Әбдел Әзиз әл-Саудпен достық қарым-қатынас орнату арқылы екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстардың дамуына зор үлес қосты. Бірақ идеологиялық [illegible] байланысты КСРО Сауд Арабиясымен дипломатиялық қатынасын үзе бастады. 1936ж. ол өкілетті елші міндетінен босатылады. Н.Төреқұлов елші болған жылдары араб тілін жетік меңгеріп, қажылық рәсімін орындаған. Ол 1936-37ж. КСРО Ұлттар Кеңесінің жанындағы Орталық тіл және жазу ғылыми зерттеу институтының қызметкері болып жұмыс істеді. Алайда, 1937ж. тұтқынға алып, КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының дәлелсіз айыптарымен «халық жауы» ретінде атылған. 1958ж. КСРО Жоғарғы Соты Н.Төреқұловтың ісін қайта қарап, қылмыстық құрамы жоқ болғандықтан оны ақтау туралы шешім қабылдады.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

4.7 *Мәдени саладағы өзгерістер: жетістіктері мен қайшылықтары (1920-1930 жылдар)*

Республикада сауатсыздықты жою шаралары. Білім беру жүесінің дамуы. Ғылым саласының дамуы. Кеңестік әдебиет пен өнердің қалыптасуы. Театр және кино өнері.

Сол тарихи кезеңде бүкіл Кеңес Одағындағы сияқты Қазақстанда да мәдени саладағы реформалардың негізгі бағыттары белгіленді. Мәдени саладағы өзгерістерге Кеңес үкіметі мәдени революция деген баға берді.



Сауатсыздықты жою шаралары

Кеңес үкіметінің алға қойған міндеттерінің бірі еңбекшілердің сауатсыздығын жою болды. Кеңес үкіметі орысша сауаты жоқ адамдардың бәрін сауатсыз деп таныды. Сондықтанда, қазақ халқының 2% ғана сауатты деп есептелді. Ал, 1928 жылға қарай сауаттылық деңгейі 10% жетті деген мәлімет берілді. Дегенмен, қазақ халқының мұсылманша сауаттылығы ескерілмеді. 1924 жылы

республикада «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы құрылды. Қоғам мүшелігіне азаматтар ерікті түрде бірікті. Олардың күшімен 1927 жылға дейін Қазақстанда 200 мындай адам оқытылды. Сауатсыздықты жою шаралары басқа ұлт өкілдері арасында да жүргізілді. Сауатсыздықты жою шаралары барысында Қазақстанда елеулі қиындықтар туындап отырды. Біріншіден, ауылдардағы тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, аштық жылдары халық сауатсыздығын жоюдан гөрі өзінің бас қайғысын ойлады. Саутсыздықты екіншіден, араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшу халық үшін қайта сауат ашуына тура келді; үшіншіден, шалғай ауылдар мен елді мекендерде сауатсыздықты жоюдың материалдық базасы болмады. Оқушыларда оқулықтар мен әдістемелік құралдарды айтпағанның өзінде, қарапайым дәптер, қалам сия құралдары өте тапшы болды. Олар дәптердің орнына газет журналдардың жазылмаған беліктерін пайдаланды. Төртіншіден, қыз балалар мен әйелдердің сауатын ашу өте қиынға соқты. Өйткені, оларға [illegible] қарсы болған немесе өзінің отбасы қарсы болған жағдайлар жиі кездесті. Кейбіреуі, мұсылманша сауаты бар адамдар, дін жолында жүрген адамдар орысша оқуға қарсы болды. Сауатсыздықты жоюда бетбұрыс кезең 1930 жылдардың ортасына қарай басталды. Себебі, 1931 жылы желтоқсанда Қазақ АКСР ХКК мен ОАК республикада 15 пен 50 жас арасындағы сауатсыз деп есептелген еңбекшілерді жалпыға бірдей міндетті оқыту туралы шешім қабылданды.

Жылдан жылға халыққа білім беру мақсатында жұмсалатын қаржы арта түсті. 1939 жылы республика халқының сауаттылығы 65% көтерілді. Қазақтар арасында ол көрсеткіш 60% жетті. Әйелдердің сауатын ашуға да ерекше мән берілді. Мысалы: *1926-1939 жылдары Қазақстан халқының 9-49 жастағылардың арасындағы сауаттылық деңгейі 25,2 % дан 83,6% дейін өскен. Ал, еркектердің сауаттылығы 35,5% дан 90,3%, әйелдердің сауаттылығы 14,5% дан 75,8% дейін өскен.* Мұндай жоғары көрсеткіштерге жетудің өзіндік себебі де болды. Өйткені, аштықтан Қазақстанда 2,1 млн адам қаза тапты және 600 мыңнан астам адам шет елдерге кетті. Ал, қалған

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

халықтың сауатсыздығын жою аса қиынға түскен жоқ еді. *Сауатсыздықты жоюда республикалық «Төте жол» газеті мен«Ауыл мұғалімі» журналы өте тиімді роль атқарды.* Олар ауыл мұғалімдеріне әдістемелік көмек ретінде шығарылды.

Қазақстанда халыққа білім беру мен ғылым саласының дамуы

Халыққа білім беру жүйесіне Кеңес үкіметі үлкен мән берді. Бұл салаға қомақты қаржы бөлініп отырды. Мысалы: *Қазақстанда білім беру саласына: 1928 жылы 12 млн сом, 1932 жылы 60 млн сом, 1937 жылы 447 млн сом, 1940 жылы 682 млн сом бөлінген.* 1926 жылы Қазақ АКСР ХКК «Қазақ АКСР-де жалпыға бірдей еңбек мектебінің Жарғысы» қабылданды. Ал, *1930 жылы республикада жалпыға бірдей міндетті білім беру тәртібі енгізілді.*

Халыққа білім беру саласындағы жетістіктер:

- Үкімет мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға көп көңіл бөлді; оқушылар оқулықтармен, оқу-құралдарымен тегін қамтамасыз етілді;
- Ауыл балалары үшін интернаттар мен жатақханалар ашылды; степендиялар тағайындалды; алыс жерден қатынап оқитындар үшін тегін көлік бөлінді.

Мемлекеттің әлеуметтік кепілді көмегі арқасында ауыл балалары білім алып, білікті маман болып шықты. Олар кейін халқына адал қызмет жасады.

Халыққа білім беру саласында өзіндік қиыншылықтары да жеткілікті еді:

Біріншіден, *қазақ әліпбиіндегі реформалар.* 1928 жылға дейін қазақ халқы араб әліпбиін қолданып келді. Сол жылы араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшу туралы шешім қабылданды. Ал, 1940 жылы латыншадан кириллицаға (орыс әліпбиі) көшірілді. Бұл сауатсыздықты жою мен білім беру жүйесінде үлкен қиындықтар туғызды. Қазақ халқына орыс әліпбиін енгізу рухани тұрғыда отарлаудың бір көрінісі болды. Себебі, қазақ жастары ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи және әдеби мұраларынан қол үзіп қалды. Екіншіден, аштықтың салдарынан мектептердегі балалар саны өте аз болды.

Білім беру жүйесін дамытуға қазақ зиялыларының қосқан үлесі зор болды. Олар мектептер ашуға ұйытқы болды. Қазақ балаларын білім алуға шақырды. Қазақ тілінде оқулықтар

мен оқу құралдарын жазды. Мысалы: А.Байтұрсынов ана тілі, әліпби оқулықтары мен әдістемелік оқу құралдарын жазды. Ә. Бөкейханов «География», Қ.Сәтпаев «Алгебра», Жұмахан Күдерин «Жануартану», Телжан Шонанов орыс тілі мен әдебиетіне қатысты оқулықтарын жазып, баспадан шығарды. Ұстаздарға арнап М.Жұмабаев «Педагогика», Ж.Аймауытов «Психология» атты еңбектерін ұсынды. Қазақ мектептерін оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуде С.Сейфуллин, К.Кеменгеров, М.Дулатов, Ғ.Мүсірепов т.б. ұйымдастырушылық жұмыстарын атқарды. Ал, оқулықтарды басып шығару ісін ұйымдастыруда Ә.Бөкейханов, Х.Болғанбаев, Н.Төрекұлов, С.Садуақасов және т.б. азаматтар белсенді роль атқарды. Баспаға алғашқы ұсынылған оқу құралдарының ішінде Абайдың өлеңдер жинағы, А.Байтұрсыновтың оқу құралдары болды. Қазақ зиялылары көбіне орыс педагогтарының еңбектерін қазақшаға аударды.

Қазақ зиялылары «Алаш» партиясының бағдарламасында бұл мәселелерді де қамтыған еді. Ал, 1917 жылы желтоқсанда Алаш-Қазақ съезінде оқулық жазу жөніндегі арнайы комиссия құрылды. Оған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Т.Шонанов, Е.Омаров, Б.Сәрсенов енгізілген болатын. Бұл, шын мәнінде, сол кезде басталған жұмыстың жалғасы болды.

Қазақстан халқының құрамы көп ұлтты болғандықтан білім беру жүйесі соған сәйкес келді. 1920 жылдардың ортасында Қазақстанда орыс және қазақ мектептерімен қатар 73 татар, 40 өзбек, 35 ұйғыр, 44 неміс және эстон мектептері жұмыс істеген. Аралас мектептер де көп болды. Онда орысша және ұлт тілінде оқытылды.

1920-1930 жылдары Қазақстанда орта арнаулы және жоғары білім беру жүйесі қалыптасты. Ең алдымен мұғалімдер даярлауға ерекше көңіл бөлінді. Мұғалім мамандығы ең қадірлі мамандықтардың бірі болды. 1925-1932 жылдары Қазақстанда педагогикалық техникумдардың саны 14 тен 29 өсті. Бұл оқу орындарында 5 мыңға жуық студент оқыды. Сондай-ақ, сол кезеңде тау-кен, ауыл шаруашылық, қаржы-сауда, көлік техникумдары ашылды. Бұл техникумдарда күндізгі бөлімдермен бірге сырттай

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

оқыту тәжірибесі енгізіле бастады. Республикада орта арнаулы оқу орындары 1928 жылы 24 болса, 1940 жылы олардың саны 118 жеткен.

Қазақстанда жоғары оқу орындарының ашылуы маңызды тарихи оқиға болды. Республикадағы ең алғашқы жоғары оқу орны 1928 жылы ашылды. Ол *Қазақтың педагогикалық институты* еді. Оған қазақтың ұлы ақыны Абайдың есімі берілді. Тұңғыш ректоры *Санжар Асфендияров*, алғашқы ұстаздарының қатарында *А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Әуезов* сынды зиялылар болды. Бүгінгі күні де республикадағы дәстүрге бай алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі б.т. (қазіргі Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті). 1929 жылы Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институты, 1930 жылы Қазақтың ауыл шаруашылық институты, 1931 жылы Алматы медицина институты ашылды. Медицина институтының қалыптасып, дамуына Ленинград әскери медицина академиясы зор үлес қосты.

1931-32 жылдары Орал, Қызылорда, Көкшетауда педагогикалық институттар құрылды. 1934 жылы республикадағы тұңғыш университет – С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің негізі салынды (қазір Әл Фараби атында). Университет негізінен ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысты. Республикадағы ғылыми кадрларды даярлауда бүгінгі күнге дейін маңызды роль атқаруда. Сол жылы Алматыда Қазақтың тау кен металлургия институты ашылды. Бұл институт Қазақстандағы инженерлік техникалық кадрлардың қалыптасуына жол ашты. 1930 жылдары Семейде, Қарағандыда, Ақтөбеде, Қостанайда, Петропавлда, Шымкентте мұғалімдік институттар ашылды.

Соғыс қарсаңында республикада 20 жоғарғы, 118 арнаулы орта білім беретін оқу орындары жұмыс істеді. Оларда 40 мыңға жуық студент оқыды. Сол кезеңде Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Харьков, Воронеж, Орынбор, Омбы т.б. ірі қалаларда 20 мыңнан астам қазақстандықтар білім алды. Мысалы: *кейін академик дәрежесін алған Әлікей Марғұлан Ленинград мемлекеттік университетінде (1925-1929), Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ілияс Омаров Ташкентте Орта*

Азия жоспарлау-экономика институтында (1930-1933), ширек ғасыр республикамызға жетекшілік еткен Д.А.Қонаев Мәскеудің Түсті металлургия және алтын институтында (1931-1936) оқыды. Ал, белгілі тарихшы Е.Бекмаханов Воронеж педагогикалық институтында (1933-1937) білім алды.

Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуына Ресей мен басқада республикалардың қосқан үлесі зор болды. Әсіресе, оқу орындарын ғылыми және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етуде үлкен көмек көрсетті. Жергілікті кадрларды даярлауда орталықтан келген Б.Домбровский, Н.Орлов, И.Бахал, К.Персидский сынды педагог-ғалымдар көп еңбек сіңірді. Республикада жоғарғы білім беру ісін ұйымдастыруда А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Т.Жүргенов, С.Асфендияров сынды қайраткерлер елеулі үлес қосты. Өкінішке орай, бұл азаматтардың бәрі құғын-сүргін құрбаны болды.

Жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінің дамуына сәйкес Қазақстанда зиялы қауымның жаңа буыны қалыптасты. Ғылымдар мен инженерлік-техникалық кадрлардың қатары толықты. Зиялы қауым кеңестік идеологияның талаптарына сай даярланды. Жаңа буынның бойында интернационалдық рух пен атеистік көзқарас үстем болды. Коммунистік идеологияға адал қызмет етуге тәрбиеленді. Бірақ, кеңестік идеология олардың ұлтына деген сүйіспеншілігін жоя алған жоқ еді. 1940 ж. аяғы мен 1950 ж. басында Сталиннің қайтадан зиялыларға қарсы құғын-сүргін ұйымдастыруы соның айғағы б.т.

Ғылым саласының дамуы

1920-1930 жылдар Қазақстанда ғылым саласының қалыптасу кезеңі болды. Кеңес үкіметі республикада кәсіби ғылымның қалыптасуына жағдай жасады. Ғылым саласына қомақты қаржы бөлініп отырды. Мысалы: ғылыми-зерттеу мекемелеріне бөлінген қаржы 1933 жылы 1,2 млн сом болса, оның көлемі 1939 жылы 14,4 млн сомды құрады.

Қазақстандағы алғашқы ғылыми орталықтың бірі *«Қазақстанды зерттеу қоғамы»* болды. Бұл қоғам 1920 жылы қазанда құрылды. Қоғамның табиғаттану, географиялық, этнографиялық, тарихи-археологиялық

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

бөлімдері ашылды. Бұл бөлімдер қазақ халқының тарихы мен этнографиясын, өлкенің экономикасы мен табиғи ресурстарын зерттеді. Қоғамның жұмысына А.Байтұрсынов, С.Асфендияров, А.Затаевич, Ә.Диваев, Қ.Жұбанов, М.Тынышбаев, А.Чулошников, М.Дулатов, А.Якубовский сынды белгілі ғалымдар белсене араласты. Оралда, Көкшетауда, Петропавлда, Ордада қоғамның бөлімшелері ашылды.

Халық арасында санитарлық жұмыстарды ұйымдастыруда Санитарлық- бактериологиялық институттың маңызы зор болды. Институт Қазақ КСР Денсаулық сақтау халық комиссариаты жанынан құрылған болатын. Медицина саласы бойынша бұл институт Қазақстанда алғашқы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. *1932 жылы КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық базасы ашылды.* Алғашқыда оның зоологиялық және ботаникалық екі бөлімі мен Ботаникалық бағы құрылды. 1936 жылы оған Қазақтың ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институты қосылды. Бұл институтта қазақ тілі мен әдебиеті, халық өнері бөлімдері жұмыс істеді. Қазақстандық база *1938 жылы КСРО Ғылым Академиясының филиалына айналды.*

Индустриаландыру қарсаңында Қазақстанның табиғи байлығы жан-жақты зерттеле бастады. Ол үшін КСРО Ғылым Академиясы геологиялық экспедициялар жіберді. Бұл экспедицияларды М.Русаков, Н.Кассин, А.Ферсман сияқты белгілі ғалымдар басқарды. Геологиялық экспедициялар Қарағанды, Екібастұз көмір бассейнін, Ащысай қорғасын кеніштерін, Ембі мұнай аймағына зерттеу жұмыстарын жүргізді. КСРО Ғылым Академиясы 1926-1927 жылдары Қазақстанға кешенді ғылыми экспедиция шығарды. Бұл экспедиция еліміздің барлық аймағына статистикалық, экономикалық, ботаникалық, геологиялық, гидрологиялық зерттеулер жүргізді. Ғылым Академиясының қазақстандық базасы Алтай мен Жезқазған аймағының қазба байлығын зерттеді. Олар да маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Бұл жетістікке Қ.Сәтпаев елеулі ғылыми үлес қосты.

1926 жылы белгілі ғалым М.Массонның жетекшілігімен көне Тараз қаласына археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. 1935 жылы профессор С.Асфендияровтың «Көне

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

заманнан бергі Қазақстан тарихы» деген ғылыми еңбегі жарық көрді. Бұл қазақ халқының тарихын ғылыми тұрғыда, жүйелі түрде зерттеуге жасалған алғашқы қадамдар еді.

Қазақстан ғылымының қалыптасуына, оның негізгі бағыттарын айқындауға КСРО Ғылым Академиясының Президенттері С.Вавилов, В.Комаров, академик, геолог А.Д. Архангельский, академик И.М.Губкин, түрколог ғалым А.Самойлович және т.б. үлкен еңбек сіңірді. Олар Қазақстан үшін білікті ғылыми кадрлар даярлауға да тікелей араласты. Кеңес үкіметінің осындай шараларының нәтижесінде республикада ғылымның дамуына алғышарттар жасалды.

Кеңестік әдебиет пен өнердің қалыптасуы

Қазақ әдебиеті дәстүрге өте бай. Әсіресе, халық ауыз әдебиеті жақсы дамыды. Сол себепті қазақ халқы сөз өнерін ерекше құрметтеді. Ал, XX ғ. басынан бері қазақ әдебиетінде жазба дәстүрі қалыптаса бастады. Жазба әдебиетінің негізін қалаған Абай Құнанбаев болса, оның дамуына А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, О.Көбеев сынды пен зерттерлері зор үлес қосты. Қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуына орыс әдебиетінің ықпалы күшті болды. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін қазақ әдебиеті жаңа даму бағытына түсті. Әдебиеттің коммунистік идеологияға қызмет етуі қатаң талап етілді. Ол үшін ақын-жазушыларға *социалистік реализм* әдісі ұсынылды. Олар осы әдістің шеңберінен шықпауы қажет болды. Негізінен Кеңес үкіметінің жетістіктерін насихаттау талап етілді. Бұл қаламгерлердің шығармашылығын шектеді. Көзқарасына еркіндік берілмеді. Қатаң *цензура* орнатылды. Әдебиет бір бағытта ғана дамыды. Кеңестік шығармашылық зиялы қауымды біріктіретін *Пролетар жазушыларының ассоциациясы* құрылды. Осылайша, қазақ кеңес әдебиеті қалыптаса бастады.

Қазақ кеңес әдебиетінің бастауында С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, И.Шухов, С.Мұқанов, Л.Соболев, Ғ.Мүсірепов сияқты т.б. көрнекті ақын-жазушылар тұрды. Кеңес үкіметінің жетістіктерін жырлаған ақындардың ішінде Ж.Жабаев, С.Сейфуллиннің шығармалары кеңінен насихатталды. Сәкен халық арасында «революционер ақын» деген атқа ие болды. Сол дәуірдің

идеологиясына сәйкес С.Сейфуллиннің «Жас қазақ марсельезасы» өлеңі жастардың әнұранына айналды. Оның қаламынан әйгілі «Советстан», «Көкшетау» поэмалары туды. Ал, «Тар жол, тайғақ кешу» деген естелік-романында С.Сейфуллин 1916 жылғы көтеріліс жөнінде, 1917 жылғы қос революция мен Азамат соғысы кезіндегі қазақ қоғамы туралы құнды тарихи мәліметтер келтіреді. М.Жұмабаев Кеңестік идеологияны толық қабылдай алмаса да, оның жақсы жақтарын өз өлеңдеріне арқау еткен («Еркіндік», «Қызыл жалау»). Дегенмен Мағжан халыққа өзінің лирикалық өлеңдерімен танымал болды. Сол кезеңде І.Жансүгіровтың «Құлагер», С.Мұқановтың «Сұлушаш», Иса Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмалары халықтың көңілінен шықты.

Қазақ прозасы да жаңа көркем шығармалармен толықты. Сөз зергері Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», «Азамат Азаматыч» атты т.б. еңбектері халық арасында кең тарады. Ж.Аймауытовтың прозалық шығармалары өзінің көркемдігімен ғана емес, психологиялық құрылымымен ерекшеленді. Оның кең [illegible] өнегелерінің ішінде «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнекейдің жазығы» т.б. белгілі. Проза жанрында М.Әуезов шығармалары осы кезде таныла бастады. Оның «Қараш-Қараш оқиғасы» атты еңбегі жазушылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Халық арасында Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Ғ.Мұстафиннің «Өмір мен өлім» атты шығармалары кең тарады.

Қазақстанда театр өнерінің қалыптасуына орай драматургия саласы өркендеді. Театр сахналарына арналған М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек», «Түнгі сарын», Б.Майлиннің «Жалбыр», Ж.Аймауытовтың «Ел қорғаны», «Мансапқорлар», Ғ.Мүсіреповтың «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесалары жарық көрді. Бұл шығармалар бүгінгі күге дейін театр сахналарында қойылып келеді.

1920-1930 жылдары қазақ кеңес әдебиетіне ақын жазушылардың жаңа буыны келді. Олардың қатарында Қасым Аманжолов, Әбділдә Тәжібаев, Ғали Орманов, Тайыр Жароков, Қалижан Бекхожин сынды көптеген талантты жастар болды. Иса Байзақов, Шашубай Қошқарбайұлы,

Нұрпейіс Байғанин сынды суырып салма ақындар шығармашылығын байыта түсті.

Әдебиеттегі аударма саласы осы кезеңде жаңа сапаға көтерілді. Ә.Бөкейхановтың аудармашылық қызметі де өнімді болды. Аудармаларының ішінде орыстың классик жазушылары Л.Толстой, А.Чехов, В.Короленколармен қатар, Еуропа қаламгерлері мен түркі халықтарының әдеби шығармалары бар. Ал, А.Байтұрсынов Крыловтың еңбектерін қазақшаға аударуға ерекше көңіл бөлді. М.Жұмабаев Гетенің, Гейненің, М.Горькиийдің шығармаларын аударса, Ж.Аймауытов А.Пушкин, М.Лермонтов, Ф.Шиллер, Ғабдолла Тоқай өлеңдерін қазақша сөйлетті. Қазақ жерінде басқа да халықтар мекендегендіктен қазақ әдебиеті де көп ұлтты әдебиет болып табылады. Қазақстан халықтары И.Шуховтың, Матэ Залканың, Б.Жанықешевтің, Б.Изтолиннің үздік шығармаларымен таныс болды.

Қазақстанда кеңестік өнердің қалыптасуы

Кеңестік өнерді қалыптастыру үшін үкімет мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына ерекше көңіл бөлді. Көркемөнер ұжымдары, көшпелі халық театрлары құрылды. Бұндай шаралар өнер салаларында кеңестік идеологияның орнауына үлкен септігін тигізді. Қазақстанда осы кезеңде музыка өнері ерекше дамыды. Өйткені, қазақ халқының музыкалық дәстүрі тереңде жатыр. Күйшілер мен сал-серілер мектебі кәсіби музыка өнерінің дамуына негіз болды. Республикада музыка мектептері мен училищелері ашыла бастады. Оларда негізінен европалық және орыс классикалық музыкасы оқытылды. Сондықтанда оқушыларға европалық музыка аспаптары (пианино, скрипка, фортопиано т.б.) үйретілді.

Осы кезеңде қазақ халқының дәстүрлі музыкасы ғылыми тұрғыда зерттеле бастады. Қазақтың халық әндері мен күйлерін жинақтап, нотаға түсіру ісі қолға алынды. Бұл іске көп еңбек сіңірген этнограф әрі композитор *Александр Затаевич* болды. Ол Қазақстанның барлық аймағын аралап жүріп екі мыңнан астам халық әндері мен күйлерін жазып алған. Көпшілігін нотаға түсірген. А.Затаевич 1925 жылы «Қазақ халқының 1000 әні», ал, 1931 жылы «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген аса құнды жинақтарын

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

шығарды. Оның бұл жинақтарды құрастыруына А.Байтұрсынов, Ә.Қашаубаев, Қ.Сәтпаев сияқты азаматтар көп көмек көрсеткен. А.Затаевичтің осынау елеулі еңбегі үшін 1932 жылы «Қазақстанның халық артисі» деген атақ берілді. Оның еңбектерінің құндылығы туралы М.Горький, Р.Роллан сияқты белгілі жазушылар өте жоғары баға берген.

Қазақ әншілері *Әміре Қашаубаев* пен *Күлғаш Байсейітованың* талантын бүкіл әлем мойындады. Ә.Қашаубаев 1925 жылы Парижде Дүниежүзілік қолданбалы өнер көрмесінде өзінің әншілік және орындаушылық шеберлігімен танылды. Сондай-ақ, 1927 жылы Майндағы Франкфурт қаласында өткен Дүниежүзілік музыка көрмесінде әлемдік көрерменнің жоғары бағасын алған.

1934 жылы *Қазақ мемлекеттік музыкалық театры* ашылды (қазіргі Абай атындағы Қазақтың академиялық опера және балет театры). Композитор *Е.Брусиловский* қазақтың ең алғашқы операсы *«Қыз Жібекті»* көрермен назарына ұсынды. Сол жылы *Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлт аспаптар оркестрі* құрылды. Оның негізін салған әрі алғашқы көркемдік жетекшісі композитор *Ахмет Жұбанов* болды. Ал, 1936 жылы *Жамбыл атындағы Қазақтың мемлекеттік филормониясының* ашылу салтанаты болды. Қазақстанда осы кезеңде дәстүрлі музыка мен классикалық музыка өнері (опера, балет, би, ария т.б.) қатар дамды. Бұл ұлттық музыка өнерін одан әрі байыта түсті. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ мәдениеті мен өнерінің онкүндігінде К.Байсейітова әншілік дарынымен елдің ықыласына бөленді. К.Байсейітованың орындаушылық шеберлігі үшін «КСРО халық артисі» деген өнердегі ең жоғары атақ берілді.

Театр және кино өнерінің қалыптасуы

1926 жылы Қызылордада алғашқы қазақ театрының негізі қаланды (қазіргі М.Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театры). Театр шымылдығы М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасымен ашылды. Театрдың алғашқы көркемдік жетекшісі - талантты драматург, режиссер әрі актер Жұмат Шанин (1891-1937) болды. Театрдың алғашқа актерлік құрамында: Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Әміре Қашаубаев, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов,

Қалибек Қуанышбаев, Иса Байзақов т.б. өнер көрсетті. Алғашқы қойылымдар ішінде Ж.Шаниннің «Арқалық батыр», Б.Майлиннің «Шаншар молда», С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесалары болды.

Театр арқылы халық орыс және әлемдік мәдениеттің үздік жетістіктерімен танысты. Театр сахнасында Н.Гогольдың «Ревизор», У.Шекспирдің «Отелло» және т.б. пьесалар қойылды. Театр өмірінде Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», М. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абай» (1940 ж.) пьесаларының қойылуы үлкен жетістік болды. Қазақстан үкіметі өнердегі табыстары үшін 1937 жылы театрға Қазақ академиялық драма театры атағын берді. 30-жылдардың ортасында Ақтөбеде, Шымкентте, Петропавлда, Қарағандыда театрлар ашылды. 1933 жылы Алматыда ұйғыр музыкалық-драма театры құрылды. Оның алғашқы қойылымы «Анархан» пьесасы болды. Ал, 1937 жылы Қызылордада корей театры ашылды. Онда корей халқының ежелгі аңызы бойынша Д. И. Дон-Имнің «Чуп-хин-дон» музыкалық драмасы көрерменге ұсынылды.

1930-жылдары Қазақстанда *кино өнерінің* негізі қаланды. Бұл күрделі өнердің бастауында «Востоккино» трестінің Алматы бөлімшесі тұрды. Оның шығармашылық ұжымы «Жайлауда», «Түрксіб» атты деректі фильмдерін түсірді. Сонымен бірге, «Дала әндері», «Жұт», «Қаратау күпиясы» деген дыбыссыз көркем фильмдері көрерменге ұсынылды. 1934 жылы Қазақстанда тұңғыш хроникалық фильмдер студиясы ашылды. Ал, 1938 жылы «Ленфильм» қазақтың алғашқы дыбысты фильмі - «Амангелді» көркем фильмін шығарды. Бұл фильмнің сценарийін Б.Майлин мен Ғ.Мүсірепов жазды.

Қазақстанда *бейнелеу өнері* мектебінің негізін салған суретші П.Хлудов болды. Оның шеберханасы бейнелеу өнерінің орталығына айналды. П.Хлудовтың дарынды шәкірттерінің бірі қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі Әбілхан Қастеев болды. Оның А.Имановқа, Түркісіб құрылысына арналған әйгілі суреттері мен басқа да туындылары мәдени құндылыққа айналды. Кейін Ә.Қастеевке «Қазақстанның халық суретшісі» атағы берілді. Ал, 2004 жылы қылқалам шеберінің 100 жылдық мерейтойы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAP RUS

ЮНЕСКО шеңберінде атап өтілді.

Қазақстандағы мәдениеттің даму деңгейінің жоғары дәрежеде екенін 1936 жылы мамыр айында Мәскеуде өткен *Қазақ мәдениеті мен өнерінің алғашқы онкүндігі* көрсетіп берді. Онкүндікте қазақстандық ақын-жазушылардың шығармалары, театр, музыка, бейнелеу өнерінің жетістіктері халық назарына ұсынылды. Бұл шараның барысында «Қыз Жібек», «Жалбыр» опералары, қазақ халқының қолданбалы өнері жоғары бағаға ие болды.

Сол тарихи кезеңде елімізде кітапханалар мен мәдени клубтар жүйесі кеңейді. Мәдени клубтарда оқушыларға арналған шығармашылық үйірмелер жұмыс істеді. Бұл мәдени мекемелер халыққа тегін қызмет көрсетті. Мемлекеттің мұндай қамқорлығы оқушылар мен жастардың жан жақты дамуына мол мүмкіндіктер ашты. 1939 жылы А.Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасы ашылды (қазіргі Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы).

Жалпы, 1920-1930 жылдары еліміздің мәдениет саласы қайшылықтарға толы даму жолынан өтті. Кеңестік мәдениетті қалыптастыру мен ұлттық мәдениетті құрту науқаны қатар жүрді. Бір жағынан халықтағы бірдей тегін білім беру жүзеге асырылды, жоғары оқу орындары мен өнер ошақтары ашылды, өнер адамдарының жаңа буыны қалыптасты. Екінші жағынан, ұлт зиялыларының жеткші тобын жойып жіберді. Дінге тиым салынып, мешіттер мен шіркеулер қиратылды. Мәдениет пен өнер кеңестік идеологияға тәуелді болып қалды. Дегенмен, үлкен құрбандықтармен болса да қазақ халқы орыс және әлем мәдениетінің жетістіктерін игерді.

Түсіндірме сөздік

Интернационализм – халықтар арасындағы достықты насихаттайтын идея.

Социалистік реализм – социалистік қоғамның шындығын бейнелейтін әдебиет пен өнердегі ағым.

Ассоциация – қауымдастық, бір ұйымға бірлесу.

Этнография – халықтың әдет ғұрпы мен салт дәстүрін зерттейтін ғылым.

Цензура – баспасөзге, әдебиет пен өнерге мемлекеттің қатаң бақылау орнатуы.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақстанда сауатсыздықты жою шаралары қалай жүргізілді?
2. Қазақстанда жүргізілген әліпби реформасы бойынша неліктен латын әліпбиі кириллицаға ауыстырылды?
3. Қазақстанда ашылған алғашқы жоғары оқу орындары туралы не білесің?
4. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының қалыптасуына Ресейдің білім орталықтарының ықпалы қандай болды?
5. Сол кезеңде қазақ зиялылары жазған қандай оқулықтарды білесің?
6. КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық бөлімі қандай ғылыми бағыттар бойынша жұмыстар атқарды?
7. Қазақ кеңес әдебиетінің қалыптасып дамуына үлес қосқан ақын жазушыларды атап бер.
8. Қазақ музыка өнеріне А.Затаевич қандай еңбек сіңірді?
9. Әміре Қашаубаев пен Күләш Байсейітованың өнері қандай жетістіктермен өлшенеді?
10. Алғашқы қазақ театры қашан ашылды және оның негізін қалаған азаматтар кімдер еді?
11. «Амангелді» көрем фильмінің сценарийін кімдер жазды?
12. Қазақстанда бейнелеу өнерінің кәсіби мектебінің негізін қалаған кім болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Қазақстанда *араб – латын – орыс* әліпбилерін қолдану тәжірибесі: тиімді және тиімсіз жақтарына талдау жасаңдар.

Ә) Тақырып бойынша мәтінде берілген айтулы даталарды жүйелеп алып, сол тарихи кезеңнің *«Маңызды даталардың хронологиясын»* құрастырыңдар.

Б) Мына тақырыптардың бірі бойынша баяндама жасаңдар

1. Александар Затаевич және қазақ халқының музыка өнері
2. Әнші Әміре Қашаубаев
3. Қазақ халқының бұлбұлы Күләш Байсейітова

Тарихи тұлғалар

Темірбек Жүргенов *(1898, қазіргі Қызылорда обл. - 1938, Алматы) – мемлекет және қоғам қайраткері. Петровскідегі (қазіргі Қызылорда) Суханский ат. училищеде бастауыш білім алған. 1917ж. Уфа жер шаруашылығы училищесіне оқуға түскен. 1919ж. Ырғыз уезі Кенжеғара болысы*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

ревкомның төрағасы болған. 1920 ж. БК (б) П қатарына өтіп, Ырғыз уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. 1923ж. Орта Азиялық мемлекеттік университетінің құқық факультетінде оқиды. 1926ж. Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтының директоры, 1929ж. Тәжік АКСР Қаржы комиссары,1930-33ж. Өзбек КСР Халық ағарту комиссары, 1933-37ж. Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары қызметтерін атқарған. Оның басшылығымен «Қазақстан мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз қаланды. Ол Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендетудің орталығына айналдырды. Т.Жүргенов 1934ж. Алматыда өткен Бүкілқазақстандық халық өнерпаздарының I-байқауын, 1936ж. Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігін ұйымдастырушылардың бірі болды. Т.Жүргенов - ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға [illegible] КСРО–ның орталық қалаларындағы оқу орындарында білім алуына үлкен мән берді. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев т.б. шығармашылық жұмыстарына үнемі қолдау білдіріп отырған. Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Абай ат. Қазақтың мемлекеттік академиялық опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Алайда, 1937ж. «халық жауы» деген жалған айыппен ұсталып, ату жазасына кесілді. КСРО Жоғарғы Сотының әскери коллегиясы 1957ж. шешімімен кінәсіз жазаланғаны анықталып, ақталған. Алматыдағы Қазақтың ұлттық өнер академиясына Т.Жүргенов есімі берілген.

Әміре Қашаубаев *(1888, бұр. Семей обл. – 1934, Алматы) – белгілі әнші, актер әрі сазгер. Жас Әміренің Қоянды жәрменкесінде Мәди Бапиұлы, Қали Байжанов сынды белгілі әншілермен танысуы жас әншінің шығармашылығына үлкен ықпалы болды. Ол 1921-24ж. Семейдегі қазақ жастарының «Ес-аймақ» ағарту ұйымына мүше болып, әншілік өнерін шыңдай түсті. Ә.Қашаубаев шет елде өнер көрсеткен тұңғыш қазақ әншісі. 1925ж.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Парижде дүниежүзі қолданбалы өнер көрмесінде ол «Ағаш аяқ», «Қанапия», «Жалғыз арша» және т.б. әндерді орындап, II-бәйге мен күміс медаль алады. Сол кезде «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикль» журналы Ә.Қашаубаевтың сирек кездесетін талант екенін жазса, Сорбонна университетінің профессоры Перно фонографқа оның орындауындағы бірнеше әнді жазып алған. Ол 1927ж. арнайы шақыртумен Мәскеу консерваториясында қазақ әндерін шырқаған. Сол жылы Германияның Майндағы Франкфурт қаласында халықаралық музыкалық көрмедегі концертке қатысып, қазақтың халық әндерін әлемге паш етеді. Ә.Қашаубаевтың өнері әлем мәдениетінің көрнекті өкілдері Р.Роллан, А.Барбюс тарапынан жоғары баға алған. Ал, А.Затаевич одан «Балқадиша», «Дударай», «Бес Қарагер», «Көк көбелек» және т.б. әндерді жазып алып, «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» (1931) жинағында жариялады. 1926ж. Қызылордада ашылған Қазақ драма театрының алғашқы актерлерінің бірі болып Ә.Қашаубаев [illegible]. Театрда әнші–актер болған Ә.Қашаубаев 1934ж. қазақ музыкалық театрына (қазіргі Қазақтың опера және балет театры) ауысады. Алайда, сол жылы ауыр сырқаттан қайтыс болды. Ә.Қашаубаевтың орындауындағы фонографқа жазылып алынған әндерді 1974 жылы музыкатанушы Ж.Шәкәрімов техникалық тұрғыда қайта өңдеуден өткізіп күйтабаққа түсірткен. Бүгінгі күні Ә.Қашаубаев атындағы Республикалық жас әншілер байқауы өтіп тұрады. Семей филармониясына Ә.Қашаубаев есімі берілген.

Александр Затаевич *(1869, Ресей – 1936, Мәскеу) – музыкатанушы, этнограф, сазгер. Қазақстанның халық артисі. Ресейдің Орлов қаласындағы әскери гимназияда оқыған. Кейін Варшавадағы «Варшава күнделігі» газетінің музыка және театр бөлімін басқарған. Ол 1915ж. Орынборға келіп, осы кезеңнен бастап А.Затаевич ғасырлар бойы ауызша таралып келген қазақ халқының музыкалық мұрасын нотаға түсіру ісімен айналысады. Халық әншілері мен күйшілерінің шығармашылық қызметін, орындаушылық шеберліктерінің сырын ашып, құнды мағлұматтар жинайды. Ақан сері, Біржан сал, Абай, Жаяу Мұса,Үкілі*

Ыбырай, Құрманғазы, Мұхит, Дәулеткерей, Тәттімбет және т.б. шығармаларын алғаш рет жарыққа шығарды. А.Затаевичтің 1925ж. «Қазақ халқының 1000 әні», 1931ж. «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты жинақтары жарық көрген. Онда қазақ халқының әндері мен күйлерінің үлгілері орын алған. Бұл еңбектер арқылы қазақ музыкасын дүниежүзі таныды. Оның әрбір ән-күйге берген жеке талдауларының, халық композиторлары мен орындаушыларының шығармаларына берген сипаттамалары да әлі өз бағасын жоғалтқан жоқ.

А.Затаевич қазақ халқының кәсіби музыкасының дамуына зор ықпал етті. Аталған жинақтардағы ән мен күйлер қазақтың кәсіби музыкасының жанрлары: опералық, симфониялық, камералық шығармаларында кеңінен пайдаланады. Осы жинақтардағы ән мен күйлерді С.Прокофьев, Н.Мясковский, М.Ипполитов-Иванов сынды орыс сазгерлері де өз шығармаларында пайдаланған. Сонымен бірге, А.Затаевич «Қазақ музыкасы» атты [illegible] Оның фортепианолық пьесалары: «Халық тақырыбына жазылған миниатюралары» (1925), «Қазақтың халық әндері тақырыбы бойынша фортепианоға арналған пьесалары» (1927) жарық көрді. Қазақ халқының музыка мұрасын сақтап келген өнерпаздар – М.Шамсудинова, Ә.Қашаубаев, Ғ.Айтбаев, Қ.Байжанов, ғылым қайраткерлері Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев, қоғам қайраткерлері А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, Ж.Шанин және т.б. өздері білетін ән-күйлерді А.Затаевичке айтып, жаздырып отырған.

Күләш Байсейітова *(1912 – 1957) – аса көрнекті қазақ әншісі, қазақ опера өнерінің негізін салушылардың бірі, КСРО халық артисі. Қазақ педагогикалық техникумында білім алған. 1930ж. ол Қазақ драма театрына, 1934ж. ашылған Қазақ музыка театрына қабылданады. М.Әуезовтың «Айман-Шолпан» пьесасындағы Айман, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісіндегі» Шұға рөлдері К.Байсейтованың әншілік-актерлік шеберлігі жоғары екенін көрсетті. Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында ол бейнелеген Жібек образы қазақ опера өнері тарихындағы*

ерекше образ болып табылады. К.Байсейітова қайталанбас даусымен халық сүйіспеншілігіне бөленіп «қазақтың бұлбұлы» атанды. Оның өнеріндегі маңызды белес 1936ж. Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің онкүндігі болды. Онда К.Байсейітованың өнеріне тәнті болған мәдениет қайраткерлері КСРО халық артисі деген өнердегі ең жоғарғы атақты берді. Бұл атақты алғанда ол жасы небәрі 24 жаста еді. К.Байсейітова ұлттық сахнада қойылған қазақ операларымен қатар орыс, шет ел операларындағы басты кейіпкерлердің бейнелерін тұнғыш сомдаған орындаушылық шеберлігі ерекше кең суреткер. Олар:Татьяна (П.Чайковский, «Евгений Онегин»), Маро (З.Палишвили,«Даиси»), Баттерфляй (Д.Пуччини, «Чио-Чио Сан») және т.б.

К.Байсейітованың қазақ музыка өнеріне қосқан зор үлесі мемлекет тарапынан лайықты бағаланды. Ол 1948ж. КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. Сондай-ақ, Бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Қазіргі кезде Республикалық музыкалық колледжге, көшелерге, мектептерге К.Байсейітова есімі берілген. К.Байсейітова атындағы Республикалық әншілер конкурсы тұрақты түрде өтіп тұрады.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

5-тарау: Қазақстан II-дүниежүзілік соғыс пен соғыстан кейінгі кезеңде

5.1 II дүниежүзілік соғыстың басталуы. Халықтың еңбектегі ерліктері

Кеңес халқы үшін Ұлы Отан соғысының басталуы. Қазақстанның экономикалық қуатының артуы. Халықтың тыл жұмысындағы ерліктері

I-дүниежүзілік соғыстың қасіретін халық әлі ұмыта қойған жоқ еді. Алайда, көп ұзамай 1939 жылы 1 қыркүйекте II-дүниежүзілік соғыс басталды. Оған себепші болған фашистік Германия болды. Фашистік диктатураны орнатқан Гитлер әлемге үстемдік етуді мақсат етті. Соғыс басталғаннан кейін 1939 жылы қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесі «Жалпыға бірдей әскери міндет туралы» Заң қабылдады. Сонымен бірге, шаруашылықтың барлық саласында еңбек тәртібі күшейтілді. 1940 жылы 26 маусымнан бастап бүкіл Кеңес Одағында алты күндік жұмыс аптасы жеті күндікке көшірілді. Ал жұмыс күні жеті сағаттан сегіз сағатқа ұзартылды. Осы [illegible] соғыстың ауыртпалығын басқа елдер сияқты Қазақстан халқы да басынан кешірді. Соғыс қасіреті шарпымаған отбасы қалмады.

II дүниежүзілік соғыс барысында кеңес халқы үшін шын мәніндегі Ұлы Отан соғысы болды. II дүниежүзілік соғыс кезінде фашистік Германия Кеңес Одағын жаулап алудың жоспарын жасаған. Ол «Барбаросса» жоспары деп аталды. Бұл жоспардың мақсаты бойынша:

- тұтқиылдан шабуыл жасап, Кеңес Одағын басып алу және соғысты 1941жылдың күзінде аяқтау;
- жаулап алынған Кеңес Одағының аумағында Германияның мынандай бағынышты халықтардың аймақтарын құру: Остланд (Белоруссия, Прибалтика), Украина, Московия (Ресей), Кавказ, Еділ-Орал, Үлкен Түркістан.

Ал *Үлкен Түркістанға:* Қазақ жері, Татарстан, Башқұртстан, Солтүстік Кавказ, Азербайжан, Қырым, Орта Азия, Ауғанстанның солтүстігі, Шыңжан аймақтары енетін болды. Бұл аймақтар фашистік Германия үшін шикізат базасына

айналуы тиіс деп жоспарланды.

Мұндай жоспарларын жүзеге асыру үшін 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан баса-көктеп кірді. Оны соғыс жарияламастан, халықаралық шарттардың талаптарын бұзып жүзеге асырды. Соғыстың басталғаны туралы суыт хабарды кеңес халқы үлкен күйзеліспен қабылдады. Ел басына күн туған шақта қазақ халқы да Отан қорғау ісінен тыс қала алмайтынын түсінді. Суық хабарды естігеннен кейін Қазақ жерінің барлық елді мекендерінде митингілер өткізілді. Ел азаматтарының көпшілігі майданға өз еркімен сұранып, әскери комиссариатқа өтініштерін тапсырды. Олардың қатарында әр ұлттың өкілдері, алуан түрлі мамандықтың иелері бар еді. Жас шамалары да әр түрлі болды. Мысалы: Алматы медицина институтының студенті Мәншүк Маметова: *«Менің ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді майданға жіберуді өтінемін!»* деп мәлімдеген. Бұл халықтың отансүйгіштік рухының жарқын көрінісі еді.

Бірақ соғысқа барудан жалтарған, майданға бармаудың барлық амалдарын жасап бақкан азаматтарда кездесті. Олар соғыс жағдайына сәйкес қатал жазаланды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап жалпыға бірдей міндетті әскери іске үйрету жұмысы басталды. Алғашқы әскери дайындықтан республикада шамамен 2 млн астам адам өтті.

Қазақстан экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу

Отан соғысы халық шаруашылығын әскери бағытқа көшіруді талап етті. Еліміз майдан ошағынан алыс болғандықтан экономикалық маңызы артты.

- Кәсіпорындар қорғанысқа қажетті өнімдер шығара бастады;
- Бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы көлемі қысқартылды;
- Майдан ошағынан жедел түрде Қазақстанға 220 завод-фабрикалар көшірілді. (1941 – 1942 жж)

Көшірілген кәсіпорындардың негізгі бөлігі жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласынан болатын. Олардың 20-сы қару-жарақ пен оқ-дәрі шығаратын болып қайта құрылды. Соғыстың алғашқы кезеңінен бастап Қазақстан Кеңес Одағының әскери өнеркәсіп базасына айналды. Қазақстан

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

1942 жылы Одақта өндірілген: қорғасынның 85%, көмірдің 1/8, молибденнің 60%, мұнайдың 1 млн тоннаға жуық берді. Қазақ жерінде 1941-1942 жылдары Мақат-Қосшағыл темір жолы, Атырау теңіз порты, Атырау-Орск мұнай құбыры іске қосылды. 1943 жылы Ақтөбе ферроқорыту зауыты, Жезқазған кен байыту комбинаты және Қарағанды металлургия комбинатын салу үшін «Қазметаллургстрой» тресі ашылды. 1944-1945 жылдары Ақмола ауыл шаруашылық машина жасау, Алматы вагон жасау, Атырау мұнай өңдеу зауыттары, Текелі қорғасын-мырыш комбинаты іске қосылды. Жалпы, соғыс жылдары Қазақ жерінде 460 өндіріс орындары салынды.

Тылдағы еңбекте әйелдер мен балалардың үлес салмағы артты. Ол әсіресе, ауыл шаруашылығында ерекше көрінді. Мысалы: ауыл шаруашылығында әйелдер еңбегінің үлес салмағы 1940 жылы 48% болса, 1942 жылы 75% жетті. Оның себебі түсінікті еді. Ер азаматтар майданға кеткеннен кейін, еңбектің бар ауыртпалығы әйелдердің, қарттардың, балалардың мойнына түсті. Тыл еңбеккерлері *«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»* ұранымен жұмыс істеді. Бұл жерде Сталиннің қатал саясатының да шешуші роль атқарғанын айтуға тиіспіз.

Тыл еңбеккерлерінің ерлігі майдандағы ерлікпен пара пар еді. Халық өте ауыр тұрмыстық жағдайда еңбек етті. Өйткені, соғыс басталғаннан кейін халық тұтынатын тауарларды өндіру күрт қысқарды. Отын, электр энергиясы, көлік, тұрғын үй жетіспеді. Азық түлікке карточка жүйесі енгізілді. Мемлекет халықтың 55% ғана нанмен қамтамасыз ете алды. Алайда, мұндай ауыр жағдай еңбекшілердің белсенділігі мен еңбек өнімділігін төмендете алмады. Еңбекшілер *«Қорғаныс қоры», «Жеңіс қоры»* деген бастамаларға үлкен қолдау көрсетті. «Қорғаныс қоры» бүкілхалықтық бастамаға айналды. «Жеңіс қорын» қолдаудың түрлері мыналар болды: еңбекшілер қолда бар қаржысын, бағалы бұйымдарын қорға өткізу, ай сайын бір екі күндік табысын аудару, жексенбіліктер өткізу т.б. Қазақстан еңбекшілері «Қорғаныс қорына» ерікті түрде жинаған қаражатынан 4,7 млрд сом ақша, 2,5 млн астам киім, 1600 вагон сыйлық жіберген.

Ауыл еңбеккерлерінің де жеңіске қосқан үлесі шексіз болды. Майданды азық-түлікпен қамтамасыз етуде ерен еңбек етті. Бірақ та, 1930 жылдардағы күштеп ұжымдастыру мен аштықтың зардаптары ауыл шаруашылығында айқын көрінді. Егер сол кезеңде асыра сілтеу болмағанда Қазақстанның майданға, жеңіске қосар үлесі бұданда қомақты болары сөзсіз еді.

Дегенмен, тынымсыз еңбек жалғаса берді. Алматы облысы Қоғалы ауданының еңбекшілері мал шаруашылығын дамытудың мемлекеттік жоспарын асыра орындау жолындағы Бүкілодақтық жарысқа бастама жасады.

Ақтөбе облысы «Құрман» колхозының звено жетекшісі *Шығанақ Берсиев* тары өндіруден гектарынан 201 ц. өнім жинап, 1943 жылы әлемдік рекорд жасады. Қызылорда облысы «Авангард» колхозының звено жетекшісі *Ыбырай Жақаев* күріш өндіруде гектарынан 260 пұт өнім жинап, әлемдік рекорд жасады. Алматы облысы Қаскелең ауданы III Интернационал колхозының звено жетекшісі М.Мұхамедиева қызылша өсіруде гектарынан 600 ц өнім жинады. Мұндай [illegible] көптеп келтіруге болады. Ерен еңбегімен көзге түскендер қатарында Ж.Мұқашев, Б.Сомжүрекова, С.Оңғарбаева, М.Демченко, А.Дацкова, Ким Ман Сам, П.Ангелина, М.Сатыбалдина, Н.Алпысбаева, И.Кудлай т.б. ауыл еңбеккерлері болды.

Қазақстан еңбекшілері де майданға және жаудан азат етілген аудандарға бүкілхалықтық көмек ұйымдастырды. Мәскеу үшін болған шайқас кезінде Шымкент темір жол торабының комсомолдары «Қазақстан комсомолы» танк колоннасына қаржы жинап бастама көтерді. Мұндай дәстүр өз жалғасын тауып, 1942 жылы қыркүйекте «Қазақстан комсомолы» деген жазуы бар 45 әскери машина Сталинград майданына жіберілген. 1943 жылы желтоқсанда Алматы жастарының қаржысына жасалған ұшақты батыр ұшқыш С.Луганскийге табыс етті. Ал, атақты қазақ балуаны Қажымұқан Мұнайтпасұлы өз қаржысына ұшақ жасатты. Ол жасының егде тартқанына қарамастан ел аралап, күш өнерін көрсетіп, жиналған 100 мың сом қаржыға ұшақ жасатқан және ұшаққа А.Имановтың есімін бергізеді. Оған ұшқыш Қажытай Шалбаев ие болып, осы ұшақпен майданда 120 аса

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

жауынгерлік тапсырма орындаған еді.

Қазақстандық еңбекшілердің атынан батыр ұшқыштар И.Павловқа, Н.Добровольскийге, Р.Бекетовке есімдері жазылған арнайы ұшақтар жасалды. Сондай ақ, Сталинград шайқасында ерлік көрсеткен Кеңес Одағының Батыры Қ.Сыпатаев атындағы сүңгуір қайық жасалды.

Жалпы, Қазақстан еңбекшілері жаудан азат етілген 12 қаланы, 45 ауданды қамқорлыққа алып, қалпына келтіруге зор көмек көрсетті.

Тыл жұмыстарын ұйымдастыруда кемшіліктерге де жол беріліп отырды. Олар:

- Соғыс жағдайына байланысты әміршіл әкімшіл басқару әдісі одан әрі күшейтілді;
- Еңбекті ұйымдастырудың лагерьлік жүйесі қолданылды;
- Халыққа қуғын сүргін шаралары жасалып отырды;
- Еңбекшілердің әлеуметтік жағдайы көп жағдайда ескерілмеді.

Дегенмен, ел экономикасы қысқа мерзімде соғыс жағдайына бейімделіп, қайта құрылды. Соғыстың алғашқы күнінен бастап Қазақстан майдан арсеналына айналып, майданды қару-жарақпен, азық түлікпен қамтамасыз ететін аймаққа айналды. Бұл Қазақстан халқының қажырлы еңбегінің нәтижесінде жүзеге асырылды. Тыл жұмысындағы қазақстандықтар Ұлы жеңіске теңдесіз үлес қосты.

Түсіндірме сөздік

Отан соғысы – басқыншылық жасаған жауға қарсы Отанды қорғау үшін болатын бүкілхалықтық, әділетті азаттық күрес.

Арсенал – соғыс жағдайындағы мемлекеттің негізгі тылы, майдан қажетін өтей алатын қоры бар аймақ.

Фашизм – экстремистік реакцияшыл күштердің мүддесін қорғайтын саяси қозғалыс. Бұл қозғалыс бір ұлттың басқа ұлттарға үстемдігін орнату үшін жүзеге асырылады.

Еңбек армиясы - қорғаныстық маңызы бар нысандарда жұмыс істетеу үшін арнайы жұмысшылар ұжымын жасақтау.

Эвакуация – соғыс немесе табиғи апат қауіпі төнген аймақтардан адамдар мен материалдық ресурстарды басқа аудандарға көшіру.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. II дүниежүзілік соғыстың басталуына ең басты себеп не болған еді?
2. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанның экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу қалай жүзеге асырылды?
3. Қазақстанда қандай әскери бөлімдер жасақталды?
4. Қазақстандағы өндіріс орындарының майданға қосқан үлесі қандай еді?
5. Ауыл еңбеккерлерінің жеңіске қосқан үлестеріне тоқтал.

Дамытушылық тапсырмалар:

А) I-дүниежүзілік соғыс пен II-дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанда қалыптасқан жағдайға салыстырмалы талдау жасаңдар.

Б) Картадан майдан арсеналы болған Қазақстанның ірі өндіріс ошақтарын айқындаңдар.

Арнайы тапсырма: Ұлы Отан соғысы кезіндегі біздің өлке. (Тыл жұмысының еңбек ардагерінен сұхбат алыңдар және сол сұхбат жәйлі баяндап беріңдер)

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Тарихи тұлғалар

Мұқан Мұңайтпасұлы (Қажымұқан) *(1883, Ақмола обл. - 1948, Оңт. Қазақстан обл.) Әйгілі балуан. Француз және еркін күрестерден көптеген халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы; әлемдік спорт аренасына шығып, шет елдердегі жарыстарда атақ даңққа бөленген тұңғыш қазақ. Қажмұқан өзінің спорттық жолында 48 алтын, күміс,қола медаль алған. Ол алып күш иесі еді: бойы 186 см, салмағы 130 кг болған. Оның палуандық жолы 1901ж басталды. Омбыда жаңадан ашылған цирктe орыстың тұңғыш кәсіби палуандарының бірі И.Злобинмен белдеседі. Қазақ балуанының ерен күшін көрген ол Петербургтегі күрес мектебіне түсуге кеңес береді. Сөйтіп, М.Мұңайтпасұлы Петерборда И.Лебедевтің күрес мектебіне 1903ж оқуға түсіп, екі жыл оқыған. Ол алғашқы ірі табысқа 1908ж. жетеді. Германияның Кельн қаласында өткен жарыста шешуші белдесуде немістің атақты палуаны Генрих Веберді жеңіп, әлем чемпионы атанады. 1909ж. Ригада әлемнің атақты палуандары қатысқан үлкен жарыста бас бәйгені жеңіп алады. Ал, 1910ж. Варшавада*

өткен халықаралық жарыста кіші алтын медальға ие болған. Осы жылы әлем чемпионы ресейлік Иван Шемякин екеуі Буэнос-Айресте (Аргентина) еркін күрестен өткен жарыста жеңімпаз болған. 1911ж. Түркияға барып, Стамбулда түріктің атақты палуаны Нұрлыны жеңген. Одан кейін де М.Мұңайтпасұлының жеңісті жолдары жалғасып,Тегеран мен Кабулда, Мекке мен Мединеде өткен жарыстарда бірқатар жеңістерге жетті. Меккеде болғандықтан ол енді Қажымұқан атанады. 1913ж. Троицкде, 1914ж. Парижде әлем чемпионы атағын жеңіп алды. Ол Харбин,Токио қалаларында жапон халқының ұлттық күресі джиу-джицуден сол елдің атақты палуандары Саракики мен Оно Окитаромен белдесіп көрермендердің көңілінен шыққан. Ол Санк-Петербург,Мәскеу, Киев , Варшава, Будапешт, Прага, Лондон қалаларында өнер көрсетті.

1927ж. Қазақ АКСР ОАК Төралқасы Қ. Мұңайтпасұлына «Қазақ даласының батыры» атағын берді. Қазақ даласының аты аңызға айналған жаушы-әнші, күй жылдарын Темірланда өткізген. Астана мен Шымкенттегі Орталық стадионға ұлы палуан есімі берілген.

5.2 *Қазақстандық жауынгерлердің майдандағы қаһармандығы* Ұлы Отан соғысының шешуші шайқастары. Майдандағы қазақстандық жауынгерлердің өшпес ерліктері. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің тарихи маңызы. II дүниежүзілік соғыстың аяқталуы

Соғыстың бірінші күнінен бастап қазақстандықтар да жауға қарсы ерлікпен шайқасты. Неміс армиясының алғашқы соққысын шекарашылар қабылдады. Бірақ, күш тең болмағандықтан шайқаса отырып шегінуге тура келді. Алғашқы кезеңдерде кеңес жауынгерлерінің көпшілігі ерлікпен қаза тапты. Жаудың күшті қарсылық көрген жері *Брест қамалы* үшін болған шайқас еді. 1941 жылдың 22 маусымынан бастап бір айдан астам уақыт күшті қаруланған неміс әскеріне қарсы кескілескен шайқас жүргізді. Ондағы Қызыл Армия бөлімдерінің көрсеткен жауынгерлік ерлігі бүкіл елге белгілі болды. Брест қорғанысында қазақстандық

лейтенант А.Наганов, 204-артиллерия полкының комсоргы Ш.Шалтыров, К.Әбдірахманов, К.Тұрдыев, В.Фурсов, Ғ. Жұматов, Қ.Иманқұлов сияқты т.б. жауынгерлер ерліктерін көрсетті. Ал, Ұлы Отан соғысы кезінде ең алғаш Кеңес Одағының Батыры деген ең жоғарғы атақты 1941 жылы 22 шілдеде алған қазақстандық азамат болды. Ол танк әскерлерінің қолбасшысы, *генерал-майор К.Семенченко* еді.

Мәскеу үшін шайқас (1941ж. 30 қыркүйек – 1941ж. 6 қараша)

Фашистік Германия да, Кеңес Армиясы да ең таңдаулы күштерін Мәскеу үшін шайқасқа жұмылдырды. Ол түсінікті еді. Өйткені, Мәскеу Кеңес Одағының астанасы болғандықтан, бұл шайқас екі жақ үшін өте маңызды болды. Мәскеу үшін болған шайқаста қазақстандық жауынгерлер ерлігімен ерекше көзге түсті. Әсіресе, Қазақстанда жасақталған *316-атқыштар дивизиясы* (қолбасшысы генерал-майор И.В.Панфилов) өшпес ерліктерін көрсетті. 1941 жылы қарашада Мәскеу түбіндегі Дубосеково разъезінде болған шайқаста бұл дивизияның 28 жауынгері неміс әскерінің 50 танкісінің шабуылын тойтарып, неміс әскерінің елу танкісінің қарсы шайқаста жеңіп шығып, өздері де қаза болды. Олардың қатарындағы рота саяси жетекшісі В.Клочковтың: *«Ресей кең байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Мәскеу!»* деген сөзі жауынгерлердің рухын көтерді. Ерлік пен батырлықтың биік үлгісін көрсеткен бұл жауынгерлерге КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының шешімімен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 316-атқыштар дивизиясының қолбасшысы И.Панфилов ең шешуші ұрыстарға аға лейтенант *Бауыржан Момышұлы* басқарған батальонды қосып отырған. Оның батальоны бірнеше рет жаудың қоршауын бұзып шығып, ол өзін дарынды әскери қолбасшы екенін дәлелдеді. Бірақ, 1941 жылы 18 қарашада И.Панфилов қаза тапты. Мәскеу түбіндегі шайқаста көрсеткен қаһармандығы үшін бұл дивизия 8-гвардиялық болып қайта құрылды. Және де Панфиловтың есімі беріліп, Қызыл Ту орденімен марапатталды. Панфиловшылар көрсеткен ерліктер жауынгерлермен бірге бүкіл елді шарлап кетті. Мысалы: *Төлеген Тоқтаров* Бородино селосындағы шайқаста неміс әскери бөлімінің штабына басып кіріп, жау офицерлерін

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

құртып жіберген. Оның бұл батылдығы жоғары бағаланып, қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ал, жау танкілерін жойып, өз бөлімдерін қоршаудан алып шыққан автоматшылар ротасының саяси жетекшісі *Мәлік Ғабдуллин* басқа да жауынгерлермен бірге Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Кеңес жауынгерлері шығынға көп ұшыраса да, қаһармандық ерліктері нәтижесінде Мәскеу үшін шайқаста жауға күшті соққы берді. Оның тарихи маңызы өте зор болды: біріншіден, неміс әскерінің «қауырт соғыс» жоспары сәтсіз аяқталды; екіншіден, бұл кеңес армиясының алғашқы ірі жеңісі ретінде елдің рухын көтерді; үшіншіден, неміс әскерінің жеңілмейтіндігі туралы аңыз күйретілді.

Отан соғысындағы тағы бір өте күрделі шайқас - *Ленинград үшін* (1941 жылы шілде–1943 жыл қаңтар) болды. Ленинград шайқасы да екі жаққа стратегиялық тұрғыда өте маңызды еді. Сондықтан бұл шайқасқа негізгі күштер жұмылдырылды. Қазақстандық жауынгерлер бұл шайқаста да батырлық танытты. Қазақстанда жасақталған 310, 314 дивизиялар Ленинград облысының елді мекендерін жаудан азат етуге қатысты. Ал, 1941 жылы қыркүйекте қарт ақын Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім» атты өлеңі жарияланды. Орыс тіліне аударылған өлең мәтіні Ленинградтың көшелеріне жапсырылды. Ол барша халықтың рухына дем берді. Ленинград үшін болған шайқаста Қойбағаров, Д.Шыныбеков, Г.Зубков сынды т.б. қазақстандық жауынгерлер ерлік көрсетті. Ал, Отаны үшін көзсіз ерлікке барған *Сұлтан Баймағамбетов* болды. Ол жаудың оқ жаудырып тұрған қорғаныс ұясын (дзот) кеудесімен жауып, өз серіктерінің шабуылға шығуына жағдай жасау үшін қаза тапты. Қазақ жауынгерінің осынау қаһармандығы үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сондай ақ, артиллериялық бақылау аэростаттарының дивизион командирі *С.Жылқышиев* те батырлығымен көзіне білген. Ал, жазушы П.Кузнецовтың очеркінде қазақ жауынгері *Арыстан Ахметовтың* қаһармандығы баяндалады. 1942 жылы А.Ахметов 19 жауынгерімен әскери маңызы бар нысанды қорғауда ерлікпен шайқасқан. Алайда, жараланған А.Ахметов жауға тұтқынға түсіп қалған. Әскери

мәліметтер ала алмаған фашистер оның үстіне жанармай құйып өртеп жіберген.

Жалпы, Ленинград майданы Кеңес халқы үшін өте қымбатқа түсті. Ленинград жаудың қоршауында қалды. «Ленинград қоршауы» 900 күнге созылды. Қала халқына қыста азық-түлікті Ладога көлі арқылы ғана жеткізетін болды. Сондықтан ол *«өмір жолы»* деп аталды. Қоршау 1943 жылы ғана бұзылып, қала 1944 жылы толық азат етілді. Бірақ, «Ленинград қоршауы» күндерінде 850 мыңға жуық бейбіт тұрғындар қаза тапты. Дегенмен, бұндай ауыр жағдайлар да кеңес халқының жеңіске деген сенімін жоя алмады.

Ұлы Отан соғысындағы шешуші шайқастардың бірі - *Сталинград шайқасы (1942 жыл шілде–1943 жыл ақпан)* болды. Сталинград шайқасының ерекшелігі оның қазақ даласына тікелей әсерінің болуы еді. Себебі, Сталинград майданы кезінде Қазақстанның батыс аймағына қауіп төнді. 1942 жылы 17 шілдеде басталған шайқастан кейін сол жылдың күзінде Орал мен Атырау аймағына соғыс жағдайы енгізілді. Қыркүйек айында Атыраудың әуе кеңістігінде алғашқы неміс ұшақтары пайда болды. Ал, қазан айында Орал аймағы әуе шабуылынан қорғану бөлімдерінің қатарына енгізілді. Соған сәйкес Оралда ірі әскери жедел байланыс торабы құрылды. Осындай дайындық шараларына қарамастан Батыс Қазақстандағы Жәнібек, Сайхан, Шұңғай елді-мекендері неміс авиациясының әуе шабуылдарына ұшырады. Әуе шабуылдарының нәтижесінде сол аймақтың экономикасына 7 млн сомнан аса шығын келтірген.

Қазақстан халқы мен жауынгерлерінің Сталинград шайқасына қосқан үлесі де ұшан теңіз еді. Майдан тапсырысы бойынша Батыс Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп орындары киім кешек, шаналар мен ат әбзелдері сияқты т.б. заттар өндірді. Қазақстан арқылы мұнай өнімдерін тасмалдау алты есеге артты. Себебі: Баку мен Грозныйдың мұнай өнімдерін тасмалдау Атырау бағытына қарай өзгерді. Енді мұнай Баку-Атырау-Қандыағаш-Орск бағытында тасмалданды. Ақтөбе авиация заводы ай сайын 30 ұшақ, 160 авиамотор шығарып отырды. Сталинградты қорғаушы жауынгерлердің рухына дем беру мақсатында Қазақ радиосы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

1942 жылы 23 қазанда арнайы хабар ұйымдастырды. Радиохабарға Қазақ КСР ХКК төрағасы Н. Оңдасынов пен С.Мұқанов, С.Маршак сынды жазушылар қатысты.

Сталинград шайқасында Қазақстанда жасақталған 81-атты әскер дивизиясы мен 156-көпір құрылысы батольоны ерекше көзге түсті. Ал, жекелеген жауынгерлердің ішінде қарағандылық ұшқыш *Нүркен Әбдіров* өшпес ерлік көрсетті. Ол Боковская-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында өз ұшағын жау танкілерінің колоннасына құлатып, ерлікпен қаза тапты. Бұл ерлігі үшін *Н.Әбдіровке* Батыр атағы берілді. Сол кезде оның жасы 21 ғана болатын. Полковник *Ғани Сафиуллин* жетекшілік еткен 73-гвардиялық дивизия немістердің 120 танкісі мен 800 әскери автомашинасын жойып жіберген. Бұл дивизияның әскери жетістіктерін бағалай келе Кеңес Армиясының қолбасшылығы басқа да әскери бөлімдермен бірге *«Сталинград дивизиясы»* деген құрметті атағын берді. 1942 жылы 23 тамызда қазақстандық *М.Баскаков* басқарған зенитшілер батареясы Сталинград трактор заводы үшін болған шайқаста табандылық көрсетті. Шайқас барысында немістердің 11 танкісі жойылып, батарея құрамындағы 43 жауынгердің 36 сы қаза тапса да кері шегінбеді. Сталинград шайқасында минометші *Қарсыбай Сыпатаев* пен капитан *А.Бельгин* жарылғыш минамен жау танкісінің астына түсіп, ерлікпен қаза тапты. Олардың даңқты ерлігі Кеңес Одағының Батыры атағымен бағаланды.

Қазақстандық 116-атқыштар дивизиясының 7-рота жауынгерлері Сталинград көшелеріндегі кескілескен шайқастарда жанқиярлық ерліктер көрсеткен. Олардың ерлігінің құрметіне Стаинград көшелерінің біріне *«Қазақ көшесі»* деген атау берілген. Белгілі ақын Ж.Жабаев жауынгерлерді өлең-жырларымен рухтандырса, ал ақынның ұлы - *Алғадай* майданда ерлік көрсетті. Ол 19-гвардиялық атты әскер полкінде пулемет бөлімшесін басқарып, Сталинград маңындағы Синельниково қаласында ерлікпен қаза тапты.

Қазақстандық жауынгерлердің ерліктері осы аталған есімдермен ғана шектелмейді. Сонымен бірге, І.Айтықов, Қ.Аманжолов, Т.Мырзаев, Т.Позолотин, К.Хузин сынды т.б.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

жауынгерлердің Отан соғысы тарихында өшпес есімдері қалды.

1943 жылы ақпанда Сталинград шайқасы Кеңес әскерінің аса ірі жеңісімен аяқталды. Неміс Армиясының Сталинград майданында Герман Армиясының фельдмаршал Паулюс қолбасшылық жасаған әскери бөлімдері қоршауда қалып, қолбасшысымен бірге тұтқынға түсті. Және де неміс әскері Еділ өзенінен 600-700 км шамасында кері шегінді. Бұл фашистік Германия үшін күшті соққы болды. Сталинград шайқасындағы жеңіс тарихи жеңіс еді. Себебі:

- Отан соғысындағы түбегейлі бетбұрысқа жол ашты;
- Кеңес әскерлері қорғанудан шабуылға көшті;
- Фашистік Германия одақтастары оңтүстіктен жаңа майдан ашудан бас тартты.
- Кеңес Армиясы стратегиялық әрі психологиялық басымдылықтарға ие болды.

Майдандағы жеңістер тылдағы ерен еңбекке тікелей байланысты болды. Тылдағы еңбек те жауынгерлік ерлікпен пара пар еді.

Сталинград майданындағы жеңістен кейін Кеңес Одағының жау қолдарынан нумақтары азат етіле бастады. Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Беларуссияны, Балтық республикаларын, Молдавияны және Еуропаның бірқатар елдерін азат етуге қатынасты. Мысалы, І-Украин майданында сапер *Абдолла Үсенов* минамен жау танкісінің астына түсіп, өзін ерлікпен құрбан етті. Қазақстандық ұшқыш *Сергей Луганский* әуе шайқастарында жеке өзі жаудың 37 ұшағын, топтасып 6 ұшағын жойып жіберген. Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан тек қазақ қыздары ғана Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олар: 100-қазақ атқыштар бригадасының пулеметшісі *Мәншүк Мәметова* мен 54-атқыштар бригадасының мергені *Әлия Молағұлова*. «Шығыстың қос жұлдызы» майданда ерлікпен қаза тапты.

Балтық елдерін жаудан азат етуде қазақ қыздары ерекше көзге түсті. Өздерінің жасына қарамастан қысқа мерзімде соғыс әдістеріне үйреніп, арнайы әскери мамандықтарды меңгеріп шықты. Олардың қатарында *барлаушы Баян Байғожина, танк командирі Жамал Байтасова, атқыш Күлжәмила Таланбаева, пулеметші Жәмила Бейсенбаева,*

барлаушы Күлкен Тоқбергенова сынды қыздар бар еді. Майданда ерлік көрсеткен батыр қыздардың бірі - ұшқыш *Хиуаз Доспанова*. Оның батырға лайықты ерліктері ескеріліп, 2005 жылы Елбасының Жарлығымен Халық Қаһарманы атағы берілді. Ал, қазақстандықтар арасынан шыққан ең жас батыр – *Жәнібек Елеусізов* болды. Ол Кеңес Одағының Батыры атағын Днепрдің сол жағасына өту әскери операциясына қатысқаны үшін 18 жасында алған.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіске зор үлес қосқан *партизандық қозғалыс* болды. Соғыстың алғашқы күнінен бастап жау қолында қалған елді мекендерде партизан отрядтары жасақталды. Олардың жауға келтірген шығындары орасан болды. Өйткені, жер жағдайын жақсы білген партизан отрядтары жаудың ілгері жылжуына көп кедергі келтірді. Сондықтанда, фашистерге екі бағытта соғыс жүргізуге тура келді. Бірі - Кеңес Армиясы болса, екіншісі - партизан отрядтары болды. Партизандық қозғалысқа қазақстандықтар да белсене қатысты. Ресей, Украина, Белоруссия жерінде соғыс қимылдарына қатысқан қазақстандық партизан отрядтарының жалпы саны 5,5 мың болған. Сондай-ақ, қазақстандық партизандар Еуропадағы Қарсыласу қозғалысына да қатынасқан.

Украиндық партизандар арасында батырлығымен аты аңызға айналған даңқты партизан *Қасым Қайсенов* болды. Ал Белорусь жеріндегі партизан отрядының құрамында *Жабықбай Сұраншиев* жауынгерлік ерліктерін көрсеткен. Ол Лида қаласындағы партизандардың астыртын операцияларына қатысқан. Қазақстандық *А.Егоров* пен *З.Хұсайынов* Қарсыласу қозғалысына қатысып, Шығыс Европа елдерін фашистерден азат ету ісіне үлестерін қосқан. Олардың партизандық ерліктері жоғары бағаланып Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Ал, 1964 жылы Чехословакияда қазақстандық партизандарды есте қалдыру үшін «Егоров жұлдызы» деген ескерткіш белгі орнатылған.

Аталған жауынгерлерден басқа жеңіске үлес қосқан қазақстандық партизандар: Ә.Шәріпов, Ж.Саин, Т.Жұмабаев, Д.Әбдірайымов, Г.Ахмедияров, У.Оразбаев, Ж.Нәметов, Н.Зебницкий, Ж.Ағәділова, Е.Воробьева, П.Семенова т.б.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

1944 жылы жау қолында қалған Кеңес Одағының батыс аймақтары түгел азат етілді. Одан кейін бүкіл Шығыс Европа елдері фашистерден босатылды. Қазақстандық жауынгерлер Кеңес Армиясының құрамында Шығыс Европа мен Австрия, Италия, Францияны фашизмнен азат етуге атсалысты.

Ұлы Отан соғысының соңғы шешуші шайқасы *Берлин операциясы* болды. Бұл әскери операция 1945 жылы 16 сәуірде басталды. Берлинді алудағы қазақстандықтардың да жауынгерлік ерліктері атап өтуге тұрарлық. Офицер *Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Егоров* алғашқы болып Рейхстагқа Кеңес Армиясының Туын тікті. Ал, оралдық офицерлер К.Мәденов пен Р.Қараманов 1008 атқыштар полкінің Қызыл Туын Берлин Ратушасының төбесіне орнатты.

Жас қазақ офицері Сағадат Нұрмағамбетов Кеңес Одағының Батыры атағын Берлин операциясы кезінде көрсеткен ерлігі үшін алған еді. Ол соғыстан кейін де әскери қызметін адал атқарып, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болды. Қазақстан Қорғаныс Күштерінің қалыптасуына зор үлес қосты.

Берлин үшін шайқаста Т.Бегелдинов, Х.Көбеков, З.Тұрарбеков, А.Еремеев, Н.Щелихов, Х.Қайдауов сияқты т.б. қазақстандық жауынгерлер ерекше көзге түсті. 1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды. Ал, 1945 жылы 8 мамырда фашистік Германияның сөзсіз тізе бүккендігі туралы халықаралық Шартқа қол қойылды. 1945 жылы 9 мамырда Прагадағы фашистердің соңғы бүлігі басылып, Ұлы Отан соғысы Кеңес Армиясының жеңісімен аяқталды.

Ұлы Отан соғысындағы жеңістің тарихи маңызы

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс – Кеңес Одағы Қарулы Күштерінің жеңісі болды. Қазақстандықтар кеңес халқымен бір сапта Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосты. Бұл соғыста кеңес халқы әлемдік тарихи маңызы бар Жеңіске жетті. КСРО өзінің тәуелсіздігін ғана сақтап қалған жоқ, сонымен қатар Европа мен Азия халықтарын фашизмнен құтқарды. Адамзаттың өркениет құндылықтарын сақтап қалды.

II дүниежүзілік соғыстың аяқталуы

1945 жылы 9 тамызда Кеңес Одағы фашистік

Германияның одақтасы болған Жапонияға қарсы соғыс жариялады. Соғыс қимылдары Қиыр Шығыс пен Тынық мұхитында жүргізілді. Бұл соғысқа да қазақстандық жауынгерлер қатысты. Мысалы: 1945 жылы 10 тамызда Тынық мұхиты флоты әскери әуе күштерінің 12-шабуылдаушы авиация дивизиясының звено командирі, көкшетаулық *Михаил Янко* өзінің жанып бара жатқан ұшағын жаудың әскери бөлімдерінің үстіне құлатты. Ал, Ақтөбеде 74-арнайы теңіздегі атқыштар бригадасының негізінде 292-атқыштар дивизиясы жасақталып, жапон армиясын талқандауға қатысты. 129-миномет полкінің жауынгерлері алғашқыда Забайкал, кейін I Қиыр Шығыс майданында соғысты.

Кеңес әскерінің Жапонияның Квантун Армиясына қарсы соғысы небәрі 24 күнге созылды. 1945 жылы 2 қыркүйекте Жапония соғыста жеңілгені туралы шартқа қол қойды. Осылайша, әлемдік соғыс тарихындағы ең қасіретті соғыс аяқталды. Бұл соғыста тек қана Кеңес Одағынан 27 млн адамның өмірі қиылды.

Сол кезеңнің статистикалық мәліметтері:
Кеңес Одағының орден медальдарымен марапатталған қазақстандықтар саны - 96.638
Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар:
Барлығы - 11600 жауынгер; соның ішінде қазақстандықтар - 497;
Сол кезеңде Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақтар – 97 (98) (1990 жылы *Бауыржан Момышұлына* берілді);
Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандықтар: *Талғат Бигелдинов; Леонид Беда; Сергей Луганский; Иван Павлов.*
Үш мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алған қазақстандық - *И. Кожедуб* (Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесін бітірген ұшқыш).
Даңқ Орденінің толық иегері болған (III дәрежелі) қазақстандықтар – 142;
Қазақстандықтар арасынан 14 жауынгер «Кореяны азат еткені үшін», 234 жауынгер «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.
Ұлы Отан соғысында қаза тапқан қазақстандықтар саны - 603 мың адам.

Түсіндірме сөздік
Милитаризм – мемлекеттің жаппай қарулану мен әскери салаға қаржыны көп бөлуі.
Стратегия – алға қойылған мақсатқа жету үшін басшылыққа алынатын жоспарлы бағыт.
Контрибуция – жеңілген елдің жеңімпаз елге соғыс шығынын өтеуі.

Сұрақтарға жауап беріңдер:
1. Мәскеу үшін болған шайқаста қазақстандықтар қандай ерліктер көрсетті?
2. Сталинград шайқасында қазақстандық жауынгерлер қандай ерліктерімен көзге түсті?
3. Берлин операциясыда қазақстандықтардың көрсеткен ерліктері жәйлі не білесіңдер?
4. Қазақстандық партизандардан кімдерді білесіңдер?
5. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің тарихи маңызын баяндап беріңдер.

Дамытушылық тапсырмалар:
А) Ұлы Отан соғысындағы шешуші шайқастар туралы мәліметтер беретін кестені толтырыңдар

шешуші шайқастар	Мәскеу шайқасы	Сталинград шайқасы	Берлин операциясы
хронологиясы			
басты оқиғалары			
қазақстандықтар ерлігі			
тарихи маңызы			

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Ә) Карта бойынша Ұлы Отан соғысының негізгі майдандары мен шайқастары туралы баяндап беріңдер.

Б) Мына тақырыптардың бірі бойынша эссе жазыңдар

1. Ұлы Отан соғысындағы қазақстандықтардың ерлігі
2. Бауыржан Момышұлы - халық батыры.
3. Әлия мен Мәншүк - Шығыстың қос жұлдызы.

Арнайы тапсырма: Ұлы Отан соғысы кезіндегі біздің өлке.(Соғыс немесе еңбек ардагерінен сұхбат алыңдар және сол сұхбат жәйлі баяндап беріңдер)

Тарихи тұлғалар

Бауыржан Момышұлы *(1910,Жамбыл обл. – 1982, Алматы) Әскери қайраткер, жазушы, Кеңес Одағының Батыры (1990), Халық қаһарманы (1995). 1932ж. әскер қатарына алынып, мергендік өнерін игереді. Ауылына оралған соң, қаржы орындарында жұмыс істеді. 1936ж. қайта әскерге шақырылып түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941ж. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін генерал–майор И.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316–атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанады. Батальон, полк командирі болды. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941ж. Мәскеу шайқасы кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршаудан шығып, негізгі жауынгерлік құраммен аман–есен дивизиясына оралды. Ресейдегі Волоколамск, Матренино, Лопастино, Горюнь, Крюково, Бородино, Трошково сияқты қалалар мен деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет ерлік үлгісін көрсетті. Бауыржан Момышұлының терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыс кезінде полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды. Б.Момышұлы жау шептеріне ішкерілей еніп, ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушының және оны дамытушының бірі болды. Өзі қашан да ұрыс тағдыры шешілетін жерде болды. Б.Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны дамытқан қолбасшы. Оның*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

батырлығы Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» еңбегінде жан жақты суреттелген. Кітап неміс, чех, француз, ағылшын т.б. шет тілдеріне аударылды.

Б.Момышұлы 1950ж. Кеңес Армиясы Бас Штабының Жоғары әскери академиясын тамамдаған. Арнайы шақыртумен Куба әскери академиясында дәріс оқыды. 1956ж. демалысқа шығып, өмірінің соңына дейін шығармашылық қызметпен айналысты. Ол еңбектерін қазақ, орыс тілдерінде жазып, қазақ әдебиетіндегі әскери проза жанрының негізін қалады. Жазушының өзекті тақырыбы – Ұлы Отан соғысы кезіндегі отансүйгіштік және адамгершілік мәселелері. Жазушы қаламынан туған: «Офицер жазбалары», «Артымызда Москва», «Генерал Панфилов», «Куба әсерлері», «Жонарқа» 2 томдық шығармалар жинағы, «Ұшқан ұя», «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» туындылары бар. «Ұшқан ұя» кітабы үшін жазушы Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды.

Бигелдинов Талғат *(1922, Ақмола обл. туған) - әскери қолбасшы, авиация генерал-майоры, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры. Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласында орта мектеп пен аэроклуб мектебін бітірген. 1940-1942ж. Саратов барлау авиациясы мектебін, №3 Чкалов бомбалаушы авиация ұшқыштары мектебін, №1 Чкалов жойғыш ұшақ ұшқыштары мектебін бітірген. 1943ж. майданға жіберіліп, сол жылы наурызда "Ил-2" шабуылшы ұшағымен жаудың "Мессершмит-109" жойғыш ұшағын атып түсіреді. Бұл ерлігі бұрын-соңды кездеспеген оқиға ретінде әлемдік авиация тарихына енген. Ол 144-полк құрамында "Ил-2" ұшағымен Калинин, Далалық, Воронеж, I және II-Украина майдандарындағы, Курск доғасындағы кескілескен ұрыстарда ерлік көрсеткен. Соғыстың соңғы кезеңінде оның басқаруындағы шабуылшы ұшақтар Одер мен Берлиндегі шайқастарға қатысты. Соғыс кезінде ол 305 рет жауынгерлік тапсырмамен ұшып шығып, жаудың жүздеген танктерін, зеңбіректері мен солдаттарын жойды. Т.Бигелдинов Ұлы Отан соғысын барлаушы авиаэскадрилья командирі, капитан дәрежесінде аяқтады. Соғыстан кейін авиация полкі командирінің орынбасары,*

шабуылшы авиация оқыту-үйрету полкінің және Фрунзедегі авиаполктің штаб бастығы болды. Әскери әуе күштері академиясында (1950), Бүкілодақтық инженер-құрылыс институтында (1968) оқыған. 1959ж. әскери қызметтен босап, Алматыға қоныстанды. 1957-73ж. Қазақстан азаматтық авиациясы басқармасында жетекші қызметтер атқарды. «Қазақболатмонтаж» тресі бастығының орынбасары болған кезінде (1973-78) Лисаковск кен байыту комбинатын, Жамбыл суперфосфат зауытын, Алматыдағы Республикалық ұлттық кітапхана, Мемлекеттік цирк ғимараттарын, Ақмола, Ақтөбе, Павлодар, Жамбыл, Балқаш, Шымкент, Өскемен, Қарағанды, Қостанай, Ақтау, Семей әуежайларындағы ұшып-қону алаңдарын салуға басшылық етті. «Бигелдинов-305 рейдов»; «ИЛы атакуют»; «Аспандағы айқас» атты естелік кітаптардың авторы. Жас ұрпаққа отансүйгіштік, жауынгерлік тәрбие беруге көп еңбек сіңірді. Ақтөбе жоғарғы әскери ұшқыштар мектебі, Қарағанды арнаулы-әскери мектебі, бірнеше орта мектептер, қалалар мен елді мекендердің көшелері батыр есімімен аталған.

Молдағұлова Әлия (1924, Ақтөбе обл. – 1944, Псков обл., Новосокольник ауд., Казачиха деревнясы) – қазақ халқының қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры. Ана анасы қайтыс болғаннан кейін нағашысы Әубәкір Молдағұловтың қолында тәрбиеленіп, Ленинградта (Санкт-Петербург) №9 мектеп интернатта оқыған. Ресейдің Рыбинск авиатехникумын бітірген. 1942ж. өз еркімен қызыл әскер қатарына алынып мергендердің әйелдер мектебін үздік бітіріп шығады. 1943ж. тамызда II-Прибалтика майданында 216-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысып, мергендігімен көзге түсті. Новосокольники темір жол бекетінің маңындағы ұрыста Ә.Молдағұлова жауынгерлерді шешуші шайқасқа бастап, қаһармандықпен қаза тапты. Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларындағы және көптеген облыстардағы ондаған мектептер мен көшелер Ә.Молдағұлова есімімен аталады. Новосокольник, Алматы, Шымкент, Қызылорда қалаларында және туған ауылында ескерткіш орнатылған. Ақтөбеде Ә.Молдағұлованың мемориалдық мұражайы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

жұмыс істейді. Мәскеудің №891 орта мектебі жанында мұражай бар. Оның өмірі мен ерлігі жайында ақындар Я.Хелемский «Әлияның жүрегі», С.Жиенбаев «Әлия» дастандарын, жазушылар Ж.Жұмақанов «Әлия Молдағұлқызы», Ә.Нұрмаханова «Шығыс Шынары» повестерін жазды. Әлия туралы фильм түсірілген. Балет қойылып, ән шығарылған («Әлия» С.Байтерековв).

Маметова Мәншүк (1922, Бөкей Ордасы – 1943, Ресей, Невель қаласы) – қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры. Ұлы Отан соғысында осы жоғары атаққа ие болған шығыстан шыққан екі қыздың бірі. Зиялы азаматтың отбасында дүниеге келген. Алматы медицина институтында оқып жүріп, Кеңес Армиясы қатарына өз өтініші бойынша алынған. Алғашында бригада штабына қызмет етіп, кейіннен пулеметшілер бөлімшесінің командирі болды. Аға сержант М.Мәметова Псков облысындағы Невель қаласы үшін болған кескілескен шайқаста қаза тапты. Батыр қыздың құрметіне Оңтүстік Қазақстан мен Павлодар облысының оқушылары «Мәншүк Маметова» танк колоннасын» құру үшін қаражат жинап, сол қаржыға жасалған 26 танк майданға жіберілді. Батырдың туған жерінде мемориалдық мұражай, Орда ауданы мен Орал қаласында мұражай ашылды. Невель, Орал, Алматы қалаларында ескерткіш орнатылған. Қазақстанның ақын–жазушылары М.Мәметова туралы көптеген шығармалар жазды. Ақын М. Хакимжанова «Мәншүк» поэмасын жазды. А. Михалков–Кончаловскийдің сценарийі бойынша режиссер М.Бегалин «Мәншүк туралы ән» атты көркем фильм түсірді. 1984 жылдан Орал қаласында М.Маметованы еске түсіруге арналған спорттық жарыс өткізіліп тұрады.

Қошқарбаев Рақымжан (1924, Ақмола обл. – 1988, Алматы) - Ұлы Отан соғысының батыры, Халық қаһарманы (2001). Р.Қошқарбаев балалар үйінде тәрбиеленген. Ата анасынан ерте айырылған, төрт жасында анасы дүниеден өтіп, әкесі жалған жаламен ГУЛАГ лагерінде болған. Жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін Балқашқа фабрика зауыт училищесіне жіберіледі. 1942 жылы әскер қатарына

алынған. 1943 жылы Р.Қошқарбаев Тамбов, Фрунзе қалаларында офицерлік училищеде оқиды. Училищені 1944 жылы тәмамдағаннан кейін оған кіші лейтенант шені беріледі.

Р.Қошқарбаев I Белорусь майданының III Армиясы қатарында соғыс қимылдарына қатысады. Ал, Кеңес Армиясының Берлин операциясы кезінде Р.Қошқарбаев өзінің взводымен майданның алдыңғы шебінде болған. Ол барлау взводының командирі болды. Берлин үшін шайқас кезінде лейтенант Р.Қошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл Туды тігу туралы жауынгерлік бұйрық беріледі. Барлау взводы орналасқан жер мен Рейхстагқа дейінгі арақашықтық 360 м ғана, бірақ ол жан жағынан оқ жаудырылған ашық алаң үстінде еді. Лейтенант Р.Қошқарбаев өзінің жауынгерлерімен бұл қанды метрлерді толассыз атылған оқтың астында 7 сағатта, жерге жабыса еңбектеумен өтті. Рейхстагқа ол Г.Булатов деген солдатпен бірге жетіп, Рейхстаг фронтанына туды тігіп, бұйрықты орындайды. Бұл тарихи ерлік 1945 жылы 30 сәуірде 18 сағат 30 минутта жасалған еді. Бұл тарихи ерлік [illegible] бөлімдерді шарлады, баспасөзде кеңінен хабарланды.

Р.Қошқарбаев соғыстағы жауынгерлік ерліктері үшін «I дәрежелі Отан соғысы», «Қызыл Ту» ордендерімен және «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарымен марапатталған. «Қызыл Ту» ордені Рейхстагқа алғашқы болып ту тіккен өшпес ерлігі үшін берілген. Р.Қошқарбаевтың батырлығы мен ерен ерлігіне тәуелсіз Қазақстан басшылығы ерекше маңыз беріп, 2001 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы берілді.

5.3 *Қазақстанның соғыс жылдарындағы мәдениеті*

Ғылым мен білім берудің дамуы. Әдебиет пен өнер саласының жағдайы. Соғыс жылдарындағы ұлтаралық қатынастар

Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиындықтарға қарамастан Қазақстан мәдениеті даму үстінде болды. Көптеген ғылым

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

салаларының кәсіби мектебі осы кезеңде қалыптасты. Себебі, майдан шебінен алыс орналасқандықтан Қазақстанға орталықтағы мәдени мекемелер көшірілген болатын. Мекемелермен бірге көрнекті ғалымдар, өнер қайраткерлері және ақын-жазушылар келді.

Соғыс жылдарында Алматыда 20-дан астам ғылыми-зерттеу институттары орналасты. Олардың қатарында: КСРО ҒА Философия, География, Физиология институттары, Украин КСР ҒА Физика механика институты, КСРО Сәулет Академиясы т.б. болды.

Бурабайда В.Вернадский, Л.Берг, С.Бернштейн, Н.Гамалей, В.Алексеев, Л.Мандельштам, А.Орлов, Н.Зелинский, А.Бах сынды есімдері әлемге әйгілі академиктер ғылыми зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Сонымен бірге, бұл ғалымдар қазақстандық жастардың ғылымға келуіне ұйытқы болды. Өздеріне шәкірттер даярлады. Мысалы: Алматыда көрнекті тарихшы, академик А.Панкратова 1943 жылы «Қазақ КСР тарихы» кешенді ғылыми еңбектің шығуына жетекшілік жасады. Сонымен бірге, [illegible] шәкірті Ермұхан Бекмахановтың ғалым ретінде қалыптасуына ықпал етті. Е.Бекмаханов қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы атағын алды.

Соғыс басталған уақытта «КСРО Ғылым Академиясының Орал, Батыс Сібір және Қазақстан байлықтарын қорғаныс қажетіне жұмылдыру жөніндегі комиссия» құрылды. Бұл мемлекеттік маңызы бар мәселені шешуде қазақстандық ғалымдар маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Қ.И.Сәтбаев бастаған ғалымдар Қазақ жеріндегі түсті және сирек кездесетін металдарды, су-энергетикалық қорларын майдан қажетіне жұмылдыру үшін іргелі жұмыстар жүргізді. Ал, *Жезқазған мыс кені орындарын зерттеген көп жылдық еңбегі үшін Қаныш Сәтбаевқа КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.*

Соғыс жылдары Қазақстанда жоғары білім беру саласы да даму үстінде болды. Қазақстанға ғылыми зерттеу институттарымен бірге жоғары оқу орындары да көшірілген болатын. Олар: Мәскеу Авиация институты, Мәскеу Түсті металдар мен алтын институты, Киев және Харьков

университеттері.

Сондай ақ, елімізде жаңадан жоғары оқу орындары: 1943 жылы *Алматы шет тілдері педагогикалық институты мен Шымкент технология институты, ал* 1944 жылы *Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қазақ қыздар педагогикалық институты, Қазақ дене тәрбиесі институты* ашылды. Бұл білім беру саласындағы үлкен жетістік әрі алға басушылық еді. Екінші жағынан, майданнан жараланып келген жауынгерлердің білім алуына мемлекет тарапынан жасалған мүмкіндік болды. Бірақ, соғыс жылдары мектептерде тоқырау болды. Өйткені, мұғалімдер мен жоғары сынып оқушыларының бір бөлігі әскерге немесе өндіріске алынды. Мектептердің материалдық негізі мен оқу жүйесі нашарлап кетті. Оқушыларға оқулықтар мен оқу құралдары жетіспеді. Осындай ауыр жағдайларға қарамастан оқушыларға білім беру тоқтатылған жоқ еді.

Қазақ жеріне эвакуацияланып келген халықтардың ұлттық құрамына орай мектептер ашылды. Қазақ орыс, қазақ украин аралас мектептері қалыптасты. Ал, балалар үйлерінде тәрбиеленуші украин [illegible] сыныптар ашылды. Сондай ақ, майдандағы жауынгерлердің балаларына арналған интернаттар да ұйымдастырылды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

Статистикалық мәліметтер:

- КСРО ҒА қазақстандық филиалында: 15 ғылыми-зерттеу институты, 7 ғылыми сектор, 6 академик, 60 ғылым докторы, 140 астам ғылым кандидаты жұмыс істеген. (1945 ж. мәлімет)
- Қазақстанда жоғары оқу орындарындағы студенттер саны 1941 жылы 10,4 мың болса, 1945 жылы 15,1 мыңға жеткен.
- Соғыс жылдарында жоғары оқу орындарының 130 жуық оқытушысы ғылым докторы және ғылым кандидаты атағын алған;
- Соғыстың кесірінен Қазақстанда мұғалімдер саны 30% , оқушылар саны 14% қысқарған.

Әдебиет пен өнер

Соғыс жылдары қазақ әдебиеті мен өнері жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Әдебиет пен өнерде халықтың майдан мен тылдағы ерлігі басты тақырып болды. Басқаша болуы да

мүмкін емес еді. Соғыс жылдарында әдебиет пен өнер халыққа рух беруші құрал болды. Қазақ КСР Жазушылар Одағының қарамағына орталықтан көрнекті ақын-жазушылар көшіп келген еді. Сондықтан, қазақ әдебиетінің өкілдері мен Кеңес Одағы әдебиетінің қаламгерлері шығармашылық бірлікте жұмыс жүргізді. Бұл шығармашылық бірліктің нәтижесінде қазақ прозасы мен поэзиясы кемелдене түсті. Орталықтан келген қаламгерлер қатарында А.Толстой, К.Паустовский, С.Маршак, М.Зощенко, Н.Сац, О.Форш т.б. болды. Мысалы: белгілі жазушы А.Толстой «Иван Грозный» трилогиясын Қазақ жерінде жазған. Ал, Н.Сац Алматыда Балалар театрын ұйымдастыруға белсене кірісті. Ақын-жазушылар рухани салада тыл еңбеккерлері сияқты аянбай еңбек етті. Олар халықты жаңа шығармаларымен сусындатты. Мысалы, М.Әуезов «Абай» эпопеясының I-кітабын, С.Мұқанов «Өмір мектебі», Ғ.Мұстафин «Шығанақ», Ә.Әбішев «Жас түлектер» атты шығармаларын соғыс жылдары жазды.

Қазақстандық ақын-жазушылар да майданда жауынгерлік міндеттерін [illegible] жарды. Б.Момышұлы, М.Ғабдулин, Ж.Саин, Б.Бұлқышев, І.Есенберлин сынды майдангерлер енді қаламгерлер қатарынан лайықты орын алды. Ж.Жабаевтың «Ленинградтық өренім», Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз», Б.Момышұлының «Артымызда Москва», «Ұшқан ұя», Ж.Саинның өлеңдер жинағы халықтың көкейінен шықты.

Соғыстың алғашқы кезеңінде Қазақстанға Мәскеу, Ленинград, Киев және т.б. қалалардан мәдени мекемелер көшіріліп әкелінді. Өнер ордаларында еңбек еткен сахна шеберлері: В.Марецкая, Г.Уланова, К.Мордвинов, Ю.Завадский, белгілі сазгерлер: С.Прокофьев, С.Туминов, суретшілер: С.Куприянов, П.Крылов, Н.Соколов т.б. қазақтың дарынды жастарын өнерге баулыды.

Қазақстанда 1941 жылы 15 қарашада Көркем фильмдердің біріккен орталық киностудиясы құрылды. Ол Қазақстанға көшірілген «Мосфильм» мен «Ленфильм» және Алматы киностудиялары негізінде жасалды. Кеңестік кино шеберлері: С.Эйзенштейн, Л.Орлова, Л.Трауберг, М.Жаров, Н.Черкасов т.б. Қазақстанда еңбек етті.

Соғыс жылдары Қазақстан кино өнерінің ошағына айналды. Осы кезде «Райком хатшысы», «Күт мені», «Екі жауынгер», «Партизандар» және т.б. көркем фильмдер түсірілді. Бұл туындылардағы басты тақырып: кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы қаһармандығы болды. Жоғарыда аталған кино шеберлерінің көмегімен Алматыда 4 жылдық Қазақ киноактерлер мектебі ұйымдастырылды. Ұлттық кино өнерінің мамандары сол кезде Алматыға көшірілген Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтында даярланды. Олардың қатарында Ш.Айманов, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов, Қ.Қуанышбаев сынды талантты актерлер өнерін шыңдады.

Соғыс жылдары М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаевтардың қатысуымен «8-гвардиялық», «Абай әндері», «Жауынгер ұлы», «Қазақ киноконцерті майданға», «Саған, майдан» атты кино туындылар түсірілді.

Мәдени мекемелер мен өнер ұжымдары майдандағы әскери бөлімдерде өнерлерін көрсетуді дәстүрге айналдырды. Қазақстандық өнер шеберлері Калинин, Солтүстік Батыс, Сталинград, Оңтүстік Батыс, Белорусс майдандары және Қиыр Шығыс әскери округі мен Тынық мұхиты флотында концерттік бағдарламаларын ұсынған.

Соғыс жылдарындағы ұлтаралық қатынастар

Отан соғысы жылдары Қазақстанның ұлттық құрамы да өзгеріске ұшырады. Оның басты себептері: біріншіден, қазақ жеріне соғыс аймақтарынан бейбіт тұрғындар, негізінен әйелдер, қарттар, балалар көшіріліп әкелінді; екіншіден, Қазақстанға эвакуацияланған кәсіпорындармен бірге біршама жұмысшы мамандар келді; үшіншіден, орталықтан мәдениет және ғылым саласының мекемелерімен бірге мәдениет, өнер қайраткерлері, ғалымдар көшіп келіп, еңбек етті; төртіншіден, соғыс жылдарында Қазақ жеріне поляк, неміс, шешен, ингуш, қарашай, балқар, грек, месхет түріктері, күрдтер, қырым татарлары депортацияланды.

Олардың жағдайы өте ауыр еді. Өйткені, бұл халықтарға «сенімсіз халықтар» деген айдар тағылды. Сондықтан, бұл халықтарды Кеңес үкіметі құғындады, құқықтарын шектеді, зорлықпен еңбек колонияларына жіберді. Осындай қиын қыстау жағдайда әр халықтың отансүйгіштік, еңбекқорлық,

адамгершілік қасиеттері сыналатыны сөзсіз. Қазақ халқы бұл сыннан еңсесін биік ұстап өтті. Қазақ халқы өзінің кең пейілдігі мен шыдамдылығын көрсетті. Қазақстанға келген ғалымдармен, өнер қайраткерлерімен, маман жұмысшылармен тығыз араласып, тәжірибе жинақтады, үйренді. Ал, эвакуацияланған және депортацияланған халықтардан көмегін аямады, барымен бөлісті. Оларға қонақжайлық танытып, қамқорлық жасады. Өмірдің қиындығы халықтардың арасын ашып, жауластырған жоқ. Керісінше, халықтар арасындағы достықты нығайтты. Оның бәріне ұйытқы болған қазақ халқы еді. Қазақ халқы шын мәніндегі интернационализмнің биік үлгісін көрсетті.

Сол кезеңнің статистикалық деректері:

- 90 астам қазақстандық ақын-жазушылар майданда шайқасқан.
- Соғыстың алғашқы кезеңінде Қазақстанға Мәскеу, Ленинград, Киев және т.б. қалалардан 23 көркемөнер ұжымдары көшіріліп әкелінді.
- Соғыс қарсаңында Қазақ жеріне 100 мыңнан астам корейлер мен Украина мен Белоруссиядан 102 мың поляктар депортацияланды.
- Соғыс аудандарынан Қазақ жеріне 532 мыңнан астам адам эвакуацияланды.
- Еділ бойынан Қазақ жеріне 360 мыңнан астам немістер депортацияланды. Еділ бойындағы неміс автономиясы жойылып, немістерді Кеңес армиясы қатарынан жедел шығара бастады.
- 1937-1944 жылдарда Қазақстанға күштеп қоныс аударылғандар 1 млн 209 мың адам болса, эвакуацияланғандармен қоса есептегенде 1 млн 740 мың адамға жетті.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Соғыс жылдары Қазақстан ғылымы мен өнерінің дамуына қандай жағдайлар әсер етті?
2. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда еңбек еткен әйгілі ғалымдар мен өнер қайраткерлерінен кімдерді білесіңдер?
3. Қаныш Сәтпаевқа қандай еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді?
4. Соғыс жылдарында Қазақстанда қандай жоғарғы оқу орындары ашылды?
5. Соғыс жылдары халыққа кең тараған қандай әдеби шығармалар жазылды?
6. Н.Сац пен Г.Уланова өнердің қай салалары бойынша Қазақстан мәдениетіне терең із қалдырды?
7. Академик А.Панкратованың жетекшілігімен Қазақстан тарихына қатысты қандай еңбек жарық көрді?
8. Соғыс жылдарында Қазақстанда кино өнерінің дамуына қандай жағдайлар әсерін тигізді?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) «Соғыс жылдарындағы Қазақстан мәдениетінің дамуы» деген тақырыптың негізгі оқиғаларын жүйелеп, кестені толтырыңдар

Ғылым	Әдебиет	Білім	Өнер

Ә) Соғыс жылдарындағы ұлтаралық қатынастар бойынша «Депортация» сөзі шығатын кроссворд жасаңдар

Тарихи тұлғалар

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев *(1899, Павлодар обл. - 1964, Алматы) көрнекті ғалым-геолог, қоғам қайраткері, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР ҒА ұйымдастырушы әрі тұңғыш президенті, КСРО ҒА Академигі (1946). Қ.Сәтбаев қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инжинері, Қазақстан геология мектебінің, металлогения ғылымының негізін салушы. Қ.Сәтбаев сауатын ауыл молдасынан ашқан. 1911-14ж. Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде бастауыш білім алады. 1914ж. Семейдегі мұғалімдер семинариясына оқуға түсті. Онда*

Ж.Аймауытов, М. Әуезовтермен бірге оқыған. Ол Ш.Құдайбердіұлымен тығыз байланыста болып, оның шығармашылығымен таныс болған. 1917ж. Ақпан революциясынан кейін құрылған Семей облысы Қазақ комитеті жұмысына да қатысқан. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекетіне қолдау көрсетті. 1918ж. Семинарияны бітірген соң Семейдегі педагогикалық курста мұғалім, 1920-21 ж. Баянауылда халық соты қызметін атқарған. 1921-26ж. Қ.Сәтбаев Томск технология институтының тау-кен факультетінде оқыды. Институтты бітірген соң Мәскеуге «Атбасцветмет» тресінің геология бөлімін басқаруға жіберілді. Бұл треске Жезқазған мыс кен орындарын, Байқоңыр көмірін зерттеу және Қарсақбай мыс зауытының құрылысын жүргізу жүктелген еді. Сәтбаев бұл істі қарқынды жүргізу мақсатында Қазақстанға қайта оралады. 1929ж. Қарсақбай мыс комбинатының геологиялық барлау бөлімінің бастығы, бас геологы болды. 1941-1964ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімі Геология институтының директоры, КСРО ҒА Қазақ бөлімінің [illegible] КСР ҒА Президенті болды. 1952ж. қуғын-сүргінге ұшырап, қызметінен шеттелді. 1955ж. Қазақ КСР ҒА Президенті болып қайта сайланып, бұл қызметті өмірінің соңына дейін атқарды.

Қ.Сәтбевтің ғылыми еңбектері кен геологиясы мен Қазақ жерінің минералды ресурстарын зерттеуге арналған. Орталық Қазақстанның металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірді. Қ.Сәтбаев ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді. Ол минералдық шикізаттарға бай Сарыарқа, Кенді Алтай аймақтарын ерекше назар аударып зерттеді.

Қ.Сәтпаев–геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі коммисиялардың, комитеттердің мүшесі; бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты; КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері. Қ.Сәтпаев есімімен ғылыми-зерттеу институты, көшелер, Қазақ ұлттық техникалық университеті, мектептер аталады. Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінен табылған бір минерал (сатбаевит) оның атымен аталады.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қ.Сәтпаевқа арналған бірнеше мұражайлар бар. 1999ж. академик Қ.Сәтпаевтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде өткізілді. Парижде Қ.Сәтпаевтың ғылыми мұрасына арналған халықаралық ғылыми симпозиум ұйымдастырылды.

Мәлік Ғабдуллин (1915, Ақмола обл. – 1973, Алматы) - Кеңес Одағының Батыры, жазушы, ғалым, қоғам қайраткері. Филология ғылымдарының докторы, КСРО Педагогика ҒА академигі. 1935ж. Абай ат. Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Ғылыми жұмысын 1938 ж. КСРО ҒА Қазақ филиалында кіші ғылыми қызметкер болып бастаған. Ұлы Отан соғысында панфиловшылар дивизиясының қатарында ротаның саяси жетекшісі ретінде офицерлік қызмет атқарды. Оның соғыстағы ерлігі Б.Полевойдың "Правда" газетінде жарияланған «Эпостың тууы» мақаласында баяндалған. Майдандағы ерлігі үшін 1943ж. Кеңес Одағының Батыры атағын алады. Соғыс аяқталып, әскерден қайтқаннан кейін М.Ғабдулин республикалық ғылыми-педагогикалық мекемелерде қызмет атқарды. Қазақ КСР [illegible] директоры (1946-51), Абай ат. Қазақ педагогикалық институтының ректоры (1951-63), Әдебиет және өнер институтында фольклор бөлімінің меңгерушісі (1963-73) болды. М.Ғабдулин «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты зерттеу еңбегінде батырлық жырлар, лиро-эпостық дастандар, айтыс, мақал-мәтелдер, жұмбақтар,ертегілер т.б. жанрларға ғылыми талдау жасады. М.Ғабдулиннің «Менің майдандас достарым», «Алтын жұлдыз», «Майдан очерктері», «Сұрапыл жылдар» кітаптарына енген әңгіме, очерктерінде ол майдан өмірін, жауынгер тұлғасын, олардың Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаһармандық бейнесін суреттеді. М.Ғабдулин жас ұрпақ тәрбиесінде де ерекше көңіл бөлді. «Ата- аналарға тәрбие туралы кеңес» кітабында бесік жырынан бастап батырлық жырларға дейінгі халық поэзиясының тәрбиелік мәнін ашып, оны іс жүзінде пайдаланудың тәсілдерін көрсетеді. Балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу жөнінде ата-аналарға кеңес береді. 1972ж. М.Ғабдулиннің әдебиеттші Т. Сыдықовпен бірігіп жазған «Қазақ халқының батырлық жыры» деген

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

зерттеу еңбегі үшін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді.

Ахмет Жұбанов – ғалым, сазгер, дирижер, Қазақстанның халық артисі. Өнертану ғылымдарының докторы, академик. 1929-32ж. Ленинград музыкалық техникумында скрипка, Ленинград консерваториясында гобой сыныбы бойынша дәріс алған. 1932ж. Ленинградтағы Актер шеберлігі мектебінің аспирантурасына түседі. 1933ж. Алматыда ашылған Музыкалық драма училищесіне ұстаздық қызметке шақырылады. 1934ж. А.Жұбанов Қазақтың ұлттық халық аспаптар оркестрін ұйымдастырды. 1935-45ж. Қазақ филармониясының көркемдік жетекшісі әрі дирижері болды. Соғыс жылдары Алматыда консерваторияны (қазіргі Құрманғазы ат. Қазақ ұлттық консерватория) ұйымдастырушы әрі алғашқы ректоры қызметін атқарды. 1954-61ж. консерваториядағы өзі ашқан халық аспаптары кафедрасының меңгерушісі болып, қазақ халық музыкасының тарихынан, дирижерлік өнер мен аспаптанудан сабақ береді. 1961-68ж. Әдебиет және өнер [illegible] музыка бөлімін басқарды. «Қазақтың халық композиторларының өмірі мен творчествосы» деген еңбегінде А.Жұбанов қазақ халқының бір ғасырлық музыкалық мәдениетінің тарихын жүйелеп шықты. Осы кітабы үшін оған өнертану ғылымының докторы атағы берілді.

А.Жұбанов – қазақ халқының қазіргі заманғы кәсіби музыкасының негізін қалаған сазгерлердің бірі. Ол халық күйлерін оркестрге лайықтап, нотаға түсірді. Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», М.Ақынжановтың «Исатай- Махамбет» пьесасына музыка жазды. «Отаным», «Ақ Шолпан», «Біздің ел» сияқты әндер шығарды. А.Жұбанов қазақ музыкасын күрделі аспаптық симфониялық шығармалармен байытты. Олар: «Тәжік биі», «Қазақ билері», «Төлеген Тоқтаров», «Ария», «Абай сюитасы» т.б. Отан соғысы кезінде оның «Серт», «Москва», «Майданнан хат» сияқты вокальдық туындылары қазақ халқының ұлттық музыкалық мәдениетіне қосылған зор үлес болды. А.Жұбановтың «Абай» операсы қазақ өнеріндегі ерекше құбылыс ретінде

бағаланды. Ол ұлттық өнер мамандарын тәрбиелеу ісіне де үлкен үлес қосты. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. 2006ж. Ахмет Жұбановтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілді. Алматы көшелерінің біріне, Республикалық музыкалық мектепке А.Жұбанов есімі берілген.

5.4 *Қазақстан соғыстан кейінгі кезеңде*

Қазақстанның соғыстан кейінгі кезеңдегі қоғамдық–саяси жағдайы. Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы. Ауыл шаруашылығынында қалыптасқан ахуал. Халықтың әлеуметтік жағдайы.

Қоғамдық-саяси жағдай

Соғыстан кейін халық есін жиып, өмір бейбіт қалыпқа түсе бастады. Соғыс аяқталғанымен халық қайғыдан арыла қойған жоқ еді. Соғыс қайғысы әрбір отбасының басында болды. Тіпті, бір жанұядан бірнеше адам майданнан оралмаған жағдайлар жиі кездесті. Кеңес халқы бұл адам төзгісіз қиындықтарды да жеңе білді.

Дегенмен, Кеңес Одағында қоғамдық-саяси ахуал соғысқа дейінгі қалпына қайта келді. Сталиннің жеке басына табыну одан әрі күшейді. Ұлы Отан соғысындағы жеңіс Сталиннің атымен байланыстырылды. Халықтың майдан мен тылдағы жанкешті ерлігі екінші кезекке ысырыла бастады. Елді басқаруда 1920 жылдары қалыптаса бастаған әкімшіл-әмірш[illegible] барлық буынында кең етек алды. Бұл әдіс 1940-50 жылдары шарықтау шегіне жетті. Тоталитарлық жүйе барынша күшейіп алды. Оның мынандай белгілері күшейді:

- *Адам бостандықтары мен құқықтары аяққа басылды;*
- *Демократия талаптары сөз жүзінде көп айтылғанымен, іс жүзінде орындалмады;*
- *Сталиннің жеке басына табыну күшейді;*
- *Елдегі билік бір адам мен Компартияның қолына шоғырланды;*
- *Кеңес Одағы құрамындағы ұлттардың құқықтары шектелді.*

Қазақ Кеңес Республикасында да дәл осы жағдай қалыптасты. Соғыстан кейінгі еліміздің қоғамдық-саяси дамуы халықтың ой-пікіріне қатаң бақылау орнатумен сипатталды. Елде бір партиялық жүйе болғандықтан үкімет коммунистік идеологияның ықпалын күшейтті. Ал, балама пікір айту мүмкін болмады. Азаматтардың басқаша ойлауына жол берілмеді.

Кеңес Одағындағы жетістіктердің бәрі И.Сталин мен

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

партияның ұйымдастыруымен болып жатқан іс деп насихатталды. Ал, ірі кемшіліктерге кінәлі «халық жаулары» деп танылды. Мұның бәрі билік басындағылардың жаңаша басқара алмайтынын дәлелдеді.

Орны толмас құрбандықтармен келген жеңістен кейін халықтың күткені мүлде басқа еді. Үкімет енді әлеуметтік мәселелерді шешеді деп үміттенді. Елдегі азық-түлік пен тұрмыстық жағдай жақсарады деп сенген-ді. Алайда, бұл үміт те толық ақталмады.

Адамдардың қарапайым азаматтық құқықтарын ескермеу үйреншікті жағдайға айналды. Сондай ақ, тұтас халықтар мен ұлттардың құқықтары шектелді. Өкімет пен партия билігінің заңсыздықтары туралы мәселе көтерген азаматтар қатаң жазаланып отырды. Партия жетекшілері соғыста жеңіске жеткізген осы әміршіл әкімшіл жүйе, сондықтан ол ең тиімді басқару жүйесі деп есептеді.

Соғыстан кейінгі экономикалық және әлеуметтік жағдайы

Соғыс кезінде Кеңес Одағының экономикасы орасан зор зиян шекті. Соғыс жылдары Кеңес Одағында 1710 қалалар мен 70 мың селолар қирады. 17 млн астам адам баспанасыз қалды. Халық жертөлелер мен қолдан жасалған қарапайым үйлерде тұрып жатты. Өндіріс саласының шығыны да есепсіз көп еді. 32 мың өнеркәсіп орны, 100 мыңнан астам ауылшаруашылық кәсіпорындары қирады. Олардың бір бөлігі мүлде жойылып кетті. Ал, Кеңес Одағының өндіріс, ғылым мен мәдениет орталықтары: Ленинград (Санкт Петербург), Киев, Минск, Сталинград (Волгоград) қалаларының қирандылары ғана қалды.

Енді мемлекет пен халықтың алдында қираған халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру міндеті тұрды. Соғыстан кейінгі экономикадағы қиындық - жұмысшы күшінің жетіспеуі болды. Бұл мәселені шешу үшін үкімет Кеңес Армиясы қатарындағы жауынгерлерді елге қайтара бастады. Демобилизацияның алғашқы кезеңі 1945 жылы шілде қыркүйек аралығында жүзеге асырылды. Бірінші кезекте солдаттар мен кіші офицерлер құрамы, жасы үлкендер, мұғалім, инженер, агроном сияқты бейбіт өмірге аса қажетті мамандар босатылды. Ал, 1945-1948 жылдары

Кеңес Армиясынан 8,5 млн жауынгер босатылды.

Қазақстан алдымен соғыстан зиян шеккен Кеңес Одағының батыс аудандарына экономикалық көмек көрсетті. Ондағы халықтар үшін елімізде азық-түлік керуендері жасақталды. Қазақстан жүздеген қалалар мен елді мекендерді қамқорлығына алды.

Қазақстандықтар Ленинград, Сталинград қалаларын, Солтүстік Кавказдағы қираған шаруашылықтарды қалпына келтіруге атсалысты. 1945 жылы Украинаға Қазақстаннан 500 трактор мен ауыл шаруашылық машиналары, 140 паровоз жіберілді. Жүздеген ауыл шаруашылық мамандары көмек көрсетті.

1946 жылы наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі «1946-1950 жж КСРО халық шаруашылығын қалпына келтіру мен дамыту бесжылдығы туралы» Заң қабылдады. Яғни, IY бесжылдық жоспары бекітілді. Оның негізгі міндеттері:

- Қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру;
- Ауыр өнеркәсіпті дамыту;
- Жаңа темір жолдар салу;
- Астық өнімін арттыру.

Қазақстан экономикасы бейбіт өмірге негізделіп қайта құрылды.

Соғысқа қажетті өнім шығарған кәсіпорындар енді халық тұтынатын тауарлар өндіретін болып қайта құрыла бастады. Алайда, Қазақстан үшін де соғыстың зардаптары айқын көрінді. Өндіріс орындарында маман жұмысшылар жетіспеді. Оның бірқатар себептері болды:

біріншіден, соғыс кезінде Қазақ жеріне эвакуацияланған мамандар өз елдеріне кетті; екіншіден, жауынгерлердің көбі соғыстан оралмады; үшіншіден, қазақстандықтар екі бағытта жұмыс істеуге мәжбүр болды: бірі өз жерінде, екіншісі соғыстан зардап шеккен аудандарда; төртіншіден, 1930 жылдардағы ұжымдастыру мен аштықтың, репрессия зардаптарының орны толмады.

Бұл қиыншылықтардың бәрін қарапайым халықтың басына түсті. Білікті мамандардың орнын толтыру үшін республикада еңбек резервтерінің мектептері мен училищелері ашылды.

Солай бола тұрса да, IV-бесжылдық жоспарын орындау

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

барысында Қазақстан экономикасы бірқатар табыстарға қол жеткізді. Әсіресе, қара және түсті металлургия, кен өндіру, көмір өндірісі салалары қарқынды дамыды. Теміртауда металлургия комбинаты мен Ақтөбе ферроқорыту зауытының құрылысы жалғасын тапты. 1947 жылы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты алғашқы өнімін берді. Ембі мұнай аймағында Мұнайлы кәсіпорны жұмысын бастады. Қазақстанда мұнай өндіру 1950 жылы соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда 52% артты. Көмір өндірісінде Екібастұз көмір бассейні игеріле бастады. Ауыр өнеркәсіппен бірге жеңіл өнеркәсіп те дамыды. Петропавлда «Комсомол» тігін фабрикасы, Павлодар, Жамбыл, Қызылордада тері илеу кәсіпорындары іске қосылды. 1950 жылдардың басында Қазақстанда 65 өндіріс орны жұмыс істеген. Бұл республикамыздағы күшті индустиалдық негіз жасалғанын көрсетеді.

Бұл кезеңде Қазақстанда көлік пен байланыс жүйесі кеңейе түсті. 1950 жылы 483 км құрайтын Мойынты - Шу және Жамбыл - Шолақтау темір жолдарының құрылысы аяқталды. Байланыс жүйесінің дамуы [illegible] елеулі оқиға болды. 1949 жылы көктемде Алматыда автоматты телефон станциясы іске қосылды. Бұл станция арқылы еліміздің 56 қаласымен байланыс жасауға мүмкіндік туды. Радио жүйесі 1940 жылдармен салыстырғанда 2 есе артты. Еліміздің алыс елді-мекендеріне радио торабтары жеткізілді. Республика экономикасының дамуы маман жұмысшылар қатарының өсуіне жағдай жасады. Еңбекте белсенділік танытқан жұмысшылар мемлекет тарапынан марапатталып отырды. Мысалы, сол тарихи кезеңде Т.Күзенбаев, Ж.Абдрахманов, П.Акулов сынды шахтерлер ең жоғарғы - Социалистік Еңбек Ері атағын алды.
Дегенмен өндіріс орындары негізінен шикізат өндіруге ғана бағытталды. Техникалық құрал жабдықтар, машина жасау кәсіпорындары өте аз болды. Соғыс кезінде эвакуацияланған өндіріс орындарының ішінде өңдеуші кәсіпорындар болғанымен *Қазақстан Кеңес Одағының шикізат базасы болып қала берді.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Ауыл шаруашылығының жағдайы

Соғыстан кейінгі жылдар ауыл шаруашылығы үшін аса ауыр кезең болды. Себебі, халықты бірінші кезекте азық түлікпен қамтамасыз ету қажет еді.
Өндірістегі қиындықтар ауыл шаруашылығында да орын алды:

- Жұмысшы күші жетіспеді;
- Колхоздардың материалдық техникалық базасы тым төмен болды;
- Ауыл шаруашылығы жаңа техникалармен қамтамасыз етілмеді;
- 1930-жылдары қолдан жасалған аштық пен соғыс шығындары ауылдарды күйзеліске ұшыратып жіберді;
- Ауыл шаруашылығының табиғат құбылыстарына тәуелді екені ескерілмей, өнеркәсіптегі сияқты әкімшілік әдістермен жоспарланып отырды.

Дегенмен, үкімет ауыл шаруашылығында қалыптасып отырған қиындықтарды жою бағытында бірқатар шараларды қолға алды. 1946 жылы қыркүйекте БКП(б) ОК ауыл [illegible] арналған арнайы қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес колхоздардың материалдық-техникалық негізін жақсарту үшін қосымша қаражат бөлінді. Сонымен бірге, әкімшілік шаруашылық басқару аппараты қысқартылды. 1949 жылға дейін колхоздарға әр түрлі мемлекеттік ұйымдардың 214 млн сом қарызы мен заңсыз алынған 540 га жер қайтарылды.
Қаулыны жүзеге асыру барысында ауыл шаруашылығына қажетті мамандар даярлау ісі жолға қойыла бастады. Ал 1948 жылдан бастап ауылдарды электрлендіру жұмысы қолға алынды. МТС дің (машина трактор станциялары) техникалық базасы күшейтілді. Өнім өндіруді арттыру мақсатында ұсақ колхоздар біріктіріліп, ірі совхоздар құрылды. (республикада 1945 жылы 6737 колхоз болса, олардың саны 1952 жылы 2047 дейін қысқарған)
Колхозшыларға жоспардан артық өнім өндіргені үшін қосымша ақы төленетін болды. Міне, осындай іс шараларға байланысты мал саны едәуір өсіп, суармалы егіс көлемі 16% артты. Ауыл еңбеккерлері халықты азық түлікпен қамтамасыз етуге қол жеткізді. Соған қарамастан еліміздің

ауыл шаруашылық саласы дағдарыстан толық шыға алмады. Еңбектегі материалдық ынталылық төмен болды.

Бесжылдықтың экономикалық саясатында негізгі басымдық ауыр өнеркәсіпке беріліп, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесіне жете көңіл бөлінбеді. Оны халыққа коммунистік қоғамның адамдары материалдық байлыққа мән бермеу керек деп түсіндірді. Қазақстан Кеңес Одағының шикізат базасы және аграрлы ел болып қала берді.

Халықтың әлеуметтік жағдайы

Соғыстан кейінгі жылдары халықтың әлеуметтік жағдайы өте қиын болды. Тұрмыс деңгейі төмендеп кетті. Соған қарамастан кеңес халқының еңбектегі ерліктері орасан еді. Коммунистік қоғам орнатуға деген сенімі күшті болды.

1947 жылға дейін халыққа азық түлік пен өнеркәсіп тауарлары карточка арқылы мөлшерлеп берілді. Сол жылы желтоқсанда азық түлікке карточка жүйесі жойылды. Бұл үлкен жетістік еді. Өйткені, соғыс аяқталғалы екі-ақ жыл өтсе де кеңес халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі шешілді. Бұл ауыл еңбеккешілерінің қажымас еңбегінің нәтижесінде мүмкін болды.

1947 жылы Кеңес үкіметі ақша реформасын жасады. Реформаның мақсаты нан өнімдері мен өнеркәсіп тауарларының бағасы арзандату еді. Кооперативтік сауданы дамыту арқылы базар бағасын да төмендету көзделді. Кеңес Одағында жоспарлы экономика болғандықтан IY бесжылдық кезінде бағаны төмендету үш рет жүргізілді. Бұл игілікті шаралар халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталды. Алайда, негізгі тұтыну тауарларының бағасы 1940 жылғы деңгейден үш есе қымбат болды. Ал, жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы 1,5 есе ғана өсті. Олардың айлық жалақысы 64 сомды (1950 жылы) құрады. Колхозшылардың айлық жалақысы мүлде төмен болды. Ол бар болғаны 16,4 сом алды. Бұл жұмысшы мен қызметкердің жалақысынан 4 есе кем еді.

Жалпы алғанда, арзандату саясаты ауылдың есебінен жүргізілді. Мемлекет ауыл шаруашылығы өнімдерін төмен бағамен сатып алды. Колхозшыларға уақытша еңбекке жарамсыздығы үшін ақы және зейнетақы төленбеді. Бұл қоғамдағы әлеуметтік теңсіздіктің көрінісі еді. Дегенмен,

үкімет халық үшін бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер жүйесін жасады. Елде азық-түлік мәселесі біршама шешілгеннен кейін бұл бағытта мынандай шаралар жүзеге асырылды:

- Соғыс мүгедектеріне, соғыста қаза тапқан жауынгерлердің отбасына әлеуметтік көмек белгіленді;
- Жасы ұлғайғандарға, асыраушысы қайтыс болғандарға және уақытша еңбекке жарамай қалғандарға зейнетақы тағайындалды;
- Көп балалы және жалғыз басты аналарға жәрдемақы белгіленді;
- Белгіленген уақыт мөлшерінен артық жұмыс істеуге тиым салынды;
- Еңбекшілердің жылдық ақылы демалыс алу құқы қалпына келтірілді;
- Шипажайлар мен демалыс үйлеріне, балалар лагерьлеріне жолдамалар берілді;
- Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін құрылысқа баса көңіл бөлінді.

Кеңес үкіметінің социалистік қоғам орнату жолындағы еңбегі зор. Ол халықтың әлеуметтік тұрғыда қорғалуын қамтамасыз ету болатын. Бірақ, социалистік идея мен өмір шындығы арасында үлкен алшақтық қалыптасты.

Түсіндірме сөздік

Жеке басқа табыну – билік басындағы адамның еңбегін асыра бағалау, оны дәріптеуге ерекше мән беру.

Шикізаттық база – өндірістің өндеуші бағытына көңіл бөлінбей, тек қана шикізат өндіретін бағытта құрылуы.

Демобилизация – солдаттар мен офицерлік құрамды әскер қатарынан босату.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Соғыстан кейін Сталиннің жеке басына табыну неліктен күшейіп кетті ?
2. Соғыстан қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру бағытында үкімет қандай экономикалық шараларды жүзеге асырды?
3. Қазақстанның соғыстан кейінгі ауыл шаруашылығының жағдайы қандай дәрежеде болды?

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

4. Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында мемлекет қандай жеңілдіктер жүйесін жасады ?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Мәтіндегі статистикалық мәліметтерді бір жүйеге келтіріп, ол көрсеткіштердің тарихи дерек ретіндегі маңызын ашып беріңдер.

Ә) Қазақстанның соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі кезеңдегі экономикасына салыстырмалы талдау жасаңдар

Б) Карта бойынша Ұлы Отан соғысынан кейін Қазақстанда ашылған жаңа өндіріс ошақтары мен темір жол тораптарының бағыттарын көрсетіңдер.

Тарихи тұлғалар

Жұмабай Шаяхметов *(1902, Ресей. Омбы обл., Шарбақкөл ауд. – 1966, Алматы) Қоғам және мемлекет қайраткері. 1917 жылы Полтавкадағы 2 сыныптық орыс–қазақ училищесін бітірген. 1919 – 21 ж. Теке болыстық атқару комитетінің хатшысы. 1923– 28ж. Шалқарда милиция қызметкері, Ақмола губерниясының инспекторы, кеңес аппаратын жергіліктендіру комиссиясының хатшысы, Петропавл округінің «Қосшы» одағында шұғылдық қызметтерінде болған. [illegible] Алматыда Ішкі істер халық комиссариаты органдарында жауапты қызметтер атқарған. 1938–46ж. Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің III және II хатшысы, 1946–54ж. I хатшысы қызметінде болды. Ол тоталитарлық жүйенің тәрбиелеген азаматы еді және өзін сол жүйеге лайықты басшы ретінде танытты. Ж.Шаяхметовтың ұйымдастырушылық қабілетінің нәтижесінде республикалық партия ұйымдары нығайды. Жергілікті мекемеден бастап министрлікке дейінгі билік буындары нәтижелі жұмыс істей бастады. Ол соғыстан кейін халық шаруашылығын бейбіт өмірге көшіру мен Кеңес Одағының соғыстан қираған аудандарына көмке көрсету жұмыстарын жүзеге асыруға басшылық жасады. Сталин өлгеннен кейін қызметтен босатылып, 1954–55ж. Оңт. Қазақстан облыстық партия комитетінің I хатшысы етіп жіберілді. КСРО Жоғарғы Кеңесінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Кеңесінің Төрағасы болып сайланған. 1955 жылдан одақтық дәрежедегі дербес пенсияда болды. Кеңес Одағының мемлекеттік наградалары: 3 рет Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдарымен марапатталған.

5.5 *Қазақстанның соғыстан кейінгі мәдени өмірі* Республикада білім беру ісінің дамуы. Ғылым мен әдебиет. Құғын-сүргін саясатының қайта жалғасуы.

Соғыс еліміздің мәдени дамуын тоқтата алған жоқ. Мәдени сала өкілдері соғыс жағдайына бейімделіп, шығармашылық қызметтерін жалғастыра берді. Олар да тыл еңбеккерлерімен бірге соғыс ауыртпалығын бірдей көтерді. Ал, соғыстан кейін мәдениет саласына қайтадан идеологиялық қысым күшейді. *Кеңестік мәдениет мемлекеттің идеологиялық саясатына тәуелді болды.* Сталиндік жүйе шығармашылық еркіндікке жол бермеді. Социалистік реализм әдісінің тар шеңберінен шыға алмады. Мемлекеттік цензура жаппай орнатылды. Ұлттық мәдениеттің даму мүмкіндігі шектеулі болды. Осындай саяси қысымға қарамастан Қазақстан [illegible]

Білім беру жүйесі

1947 жылы қарашада Кеңес үкіметі «Қазақ КСР де жоғары және орта білімді бұрынғыдан әрі жетілдіру шаралары туралы» арнайы қаулы қабылдады. Бұл құжат бойынша:

- Республикада жаңа мектептер мен оқу орындарын салуға, олардың материалдық техникалық жағдайын жақсартуға қаржы бөлу;
- Қазақстанға орталықтан білікті мамандар жіберу;
- Жоғары оқу орындарына жергілікті ұлт өкілдерін қабылдауды көбейту көзделді.

Үкімет мектептерді материалдық негізіне ерекше көңіл бөлді. Мысалы, мектептерге 1946 жылы 85,6 млн сом қаржы бөлінсе, ал 1950 жылы ол қаржы 146,5 млн сомға ұлғайған. Сонымен бірге, сирек қоныстанған аудандардағы балалар үшін мектеп интернаттар ашылды. Бұл ауыл балаларына жасалған мемлекеттік қамқорлықтың бір түрі болатын.

Осы кезеңде Қазақстанда он жылдық міндетті білім беру

саясаты жүзеге асырыла бастады. Сонымен бірге, кешкі және сырттай оқытатын мектептер жүйесі қалыптасты. Елімізде 1950 жылдарға қарай жалпы білім беретін 9.088 мектеп жұмыс істеген. Республика мектептеріндегі оқушылардың саны 1.439 мың болды. Жалпы алғанда, Республикамызда оқу ғимараттары, оқу құралдары мен білікті мамандардың жетіспеушілігіне қарамастан білім беру жүйесі даму үстінде болды.

Ғылымның дамуы

Қазақ елінің мәдени өміріндегі аса маңызды оқиға - *Қазақ КСР Ғылым Академиясының ашылуы еді.* Бұл ғылым ордасы КСРО ҒА қазақстандық бөлімі негізінде 1946 жылы маусымда ашылды. *Қазақ КСР ҒА тұңғыш Президенті болып көрнекті геолог, талантты ұйымдастырушы Қаныш Сәтбаев сайланды.* Қазақ КСР ҒА қалыптасуып дамуына Мәскеу мен Ленинградтың белгілі академиктері С.Вавилов, И.Бардин, А.Панкратова сынды ғалымдар зор үлес қосты. 1950 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы жүйесінде 50 ғылыми-зерттеу мекемесі жұмыс істеді. Олардың қатарына 19 институт, 13 ғылыми станция, 2 кітапхана мен обсерватория, 3 ботаникалық бақ, 8 ғылыми база кірді. Академия ғалымдары жас шәкірттер даярлау ісін жолға қойды.

Академия ғалымдары ғылымның әр саласы бойынша зерттеулер жүргізді. Қ.Сәтпаевтың жетекшілігіндегі геологиялық зерттеулердің нәтижесінде Қазақ жеріндегі бірқатар қазба байлық түрлерінің орындары табылды. Зерттеу жүргізіп қана қоймай, ғылыми жаңалықтарды өндіріске енгізуге күш салды. Академия басшылығы ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты қатаң қадағалап отырған. Мәселен, 1946-1949 жылдары Қазақ КСР ҒА ғылыми-зерттеу мекемелері өндіріске енгізуге қажетті 900 астам ұсыныстар жасаған.

Ғылыми ізденістердің тиімділігін арттыру мақсатында Ғылым Академиясы өзінің көшпелі сессияларын ұйымдастырып отырды. Бұндай тәжірибе республиканың басқа аймақтарында ғылымды дамыту үшін қолданды.

Қ.Сатпаев бастаған ғалмдар негізін салып кеткен Ғылым Академиясының бүгінгі күнге дейін Қазақстан ғылымын дамытудағы орны ерекше.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Әдебиет

Қай кезеңде болмасын мемлекет әдебиетті идеологиялық құрал ретінде пайдаланған. Сонымен бірге, әдебиет сол қоғамның рухани дамуының өлшемі болды. Қазақ кеңестік әдебиеті де сол заманның талабына сай қызмет атқарды. Әсіресе, әдебиет саласына идеологиялық қысым мен цензура күшті болды. Солай бола тұрса да, қазақ кеңес әдебиеті соғыс және соғыстан кейінгі жылдарда кемелдене түсті. Қазақстандық жазушылар қиын заманда әлемдік классика қатарынан орын алған көркем туындыларын жарыққа шығарды. Мәселен, 1947 жылы Мұхтар Әуезов «Абай» эпопеясының II кітабын аяқтады. Ал, 1949 жылы М.Әуезовке бұл туындысы үшін Кеңес Одағының I дәрежелі Мемлекеттік сыйлығы берілді. Қазақтың ұлы жазушысының бұл шығармасы бүгінгі күні әлемнің ондаған тілдеріне аударылып таралған.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақ кеңес әдебиеті жаңа шығармалармен толықты. Олардың қатарында Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», С.Мұқановтың «Сырдария», Ғ.Мұстафиннің [illegible] Қ.Қайсеновтың «Курляндия» атты еңбектері оқырман назарына ұсынылды. Осы кезеңде Асқар Тоқмағамбетов, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қалижан Бекхожин сынды ақындардың өлең жырлары халыққа кең тарады.

Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов сияқты даңқты жауынгерлер енді әдебиет майданына араласа бастады. Олар негізінен соғыс тақырыбына қалам тартып, мемуарлық еңбектерін жазды.

Құғын-сүргін саясатының қайта жалғасуы. Зиялы қауымның құдалануы

Кеңес Одағында Коммунистік партия шексіз билікке ие болды. Партия мемлекет пен қоғамның барлық саласының ісіне араласты. Олардың қызметіне басшылық жасады. Қазақ КСР Компартиясы Орталықтың қатаң нұсқауымен жұмыс істеді. Бұл Кеңес Одағы құрамындағы барлық республикаларға тән жағдай еді.Партия коммунистік идеологияны халықтың санасына терең сіңіруге баса көңіл бөлді. Ал, халық арасындағы идеологиялық жұмыстарды қоғамдық ғылым өкілдері жүзеге асырды. Қоғамдық ғылымдар партияның қатаң бақылауымен дамыды. Қазақ

КСР Компартиясы ОК пленумының 1947 ж. наурыздағы қаулысында жергілікті партия комитеттеріне: *«Тарих жазудағы, әдебиет пен өнердегі саяси қателер мен ұлтшылдық бұрмалауларға қарсы большевиктік сынды кеңінен насихаттап, КП(б) Орталық Комитетінің идеологиялық мәселелер жөніндегі қаулыларын сөзсіз орындау»* қатаң тапсырылды. Соған сәйкес сталиндік жүйе зиялыларға қарсы «жаңа шабуылға» көшті. Саяси қысым әдебиеттен бастап, музыка, жаратылыстану, қоғамдық ғылымдарды қамтыды. Бұл саясаттың қысымына алғашқылардың бірі болып талантты тарихшы Ермұқан Бекмаханов түсті. Қазақстанда *«Бекмаханов ісі»* қолға алынды. Ғалымның 1947ж. «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты зерттеу еңбегі жарық көрді. Онда Кенесары Қасымұлы көтерілісіне қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы деп өзінің ғылыми бағасын берді. Алайда, Е.Бекмаханов өзінің ғылыми көзқарасы үшін негізсіз сынға ұшырады. 1950 жылы желтоқсанда «Правда» газетінде *«Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық»* деген мақала жарияланды. Бұл мақала Е.Бекмахановты ресми түрде саяси айыптаудың басы болды. 1951 жылы сәуірде Қазақ КСР КП ОК осы мақалаға байланысты қаулы шығарды. Қаулыда Е.Бекмахановтың К.Қасымұлы көтерілісіне берген ғылыми бағасын *«буржуазияшыл-ұлтшылдық»* көзқарас деп айыптады. Соған байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Сотының үкімімен Е.Бекмаханов 25 жылға бас еркіндігінен айрылып, Сібірге айдалды. Бір қуаныштысы, бұл әділетсіз үкімнің өмірі ұзақ болмады. Сталин өлгеннен кейін 1954 жылы Мәскеудегі ұстазы академик А.Панкратованың тікелей араласуымен ғана Е.Бекмаханов ақталып шықты.

1951 жылы қазанда Қазақ КСР КП ОК пленумында академик Қ.Сәтпаевқа *тарихшы Бекмахановқа қамқорлық жасап, буржуазияшыл-ұлтшылдарды дер кезінде әшкерелемеген* деген айып тағылды. Қазақ КСР ҒА Президенті болып қайта сайланған Қ. Сәтпаев 1951 жылы қарашада орнынан алынып, президиум құрамынан шығарылды. М.Әуезовке «ұлтшылдық көзқарасымен жас ғалымдардың санасын улаушы», тарихшы Әлікей

Марғұланға «космополит» деген кінә тағылды. Осындай жалған айыптаулардан кейін М.Әуезов, Қ.Сәтпаевтар республикадан кетуге мәжбүр болды.

Зиялыларға қарсы қолданылған идеологиялық қысым күшейе түсті. Республика жетекшілеріне зиялыларды қорғаудан гөрі оларды айыптау жеңіл болды. Өйткені, оларды қорғайтын болса өздеріне «ұлтшыл» деген айып тағылып, қызметінен алынатын еді. Дегенмен, азаматтық көрсеткен басшылар да болды. Олардың қатарында көрнекті ғалым, ҚазМУ-нің ректоры Төлеген Тәжібаев болды. Ол академиядан қуылған «сенімсіз» адамдарды университетке жинағаны үшін , әсіресе, Бекмахановты қолдағаны үшін қатты сыналды. Ал, 1951 ж. 10-желтоқсанда Қазақ КСР КП ОК Т.Тәжібаевты қызметінен босатты.

Қоғамдық ғылымдарға жасалған идеологиялық қысым 1953 жылы наурызда Сталин қайтыс болғаннан кейін де Қазақстанда жалғаса берді. «Әдебиет тарихын зерттеудегі антикеңестік әрекеті үшін» деген айыппен 1953 жылы 27-мамырда әдебиетші Қажым Жұмалиев сотталды. Айып тағудың [illegible] жасалды. Мысалы, белгілі сазгер, музыкатанушы Ахмет Жұбановқа айып тағу мақсатында музыка мамандары кеңінен тартылды. КСРО сазгерлер одағының хатшысы М.В.Коваль А.Жұбановқа Қазақстанның Ресейге қосылуының маңызын жоққа шығарушы, Абылайды, Кенесарыны дәріптеуші деген жала жапты. Ол сазгердің ұлттық рухта жазылған шығармаларына тыйым салу, талантын өшірудің саясаты еді.

Қуғын-сүргін соғыс кезінде тұтқынға түскендер мен олардың отбасы мүшелеріне, депортацияланған халықтардың өкілдеріне де жүргізілді. Кейбір өндірістік апаттар да «халық жауларының» іс әрекеті деп бағаланып, оларға жауапты жұмысшылар қудаланды. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ жері сталиндік лагерьлер өлкесі болып қала берді.

1954 жылдың көктемінен кейін ғана ғылым мен мәдени саладағы қуғын сүргін азая бастады. Бұл кезеңде идеология мәселесі Қазақ КСР КП ОК бір рет те талқыланбаған екен. Сонымен бірге, бұрынғы жазықсыз сотталғандар ақтала бастады. Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Қайым Мұхамедханов, Қажым Жұмалиев сынды ғалымдар ақталып

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

шықты. Ал, Мәскеуге кетуге мәжбүр болған Қаныш Сәтпаев, Мұхтар Әуезов, Ілияс Омаровтар қайта қызметке келді. Себебі, бүкіл КСРО көлемінде Сталин мен Бериянның «халық жауларымен» күрестегі зұлымдық әрекеттері әшкерленді.

Зиялы қауымға қарсы қуғын-сүргін саясаты тоқтағанымен, партияның идеология саласындағы қатаң бақылауы сол күйінде қала берді. 1950 жылдардың басындағы қуғын-сүргін халықтың бойындағы үрей сезімін күшейтті. Ал, зиялы азаматтар мен ел басшыларында жасқаншақ психология қалыптасты. Қазақ халқының ұлттық санасына нұқсан келтірілді. Тек партияны ғана мақтауға, ұлттық мәселелерді көтермеуге үйретті. Бірақта, бұл қасиеттер зиялы қауымның бәріне бірдей тән емес еді. Мысалы, Ілияс Омаров, Әлікей Марғұлан сияқты қайраткерлер мен ғалымдар ұлттық тарих пен мәдениетті әрдайым бірінші кезекке қойып, оны насихаттауға ұмтылып отырды. *Мысалы, І.Омаров халық өнері мен музыкасын, ауыз әдебиетін насихаттауға зор үлес қосқан. Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерін жастарға өнеге ретінде ұсынды. 1949ж. жарық көрген «Қазақ КСР тарихының» толықтырылған II-басылымының жауапты редакторы Әлкей Е.Бекмахановтың қазақ халқының тарихын объективті жазуына, Кенесары, Наурызбай батырлар жайында ақиқаттың айтылуына, Қ.Жұмалиевтің Исатай мен Махамбет жөніндегі материалдарды бастыруына ықпал еткен. Сол себепті І.Омаровтың 1951-52ж. «ұлтшылдарды қолдаушы» деген айыппен Қазақстан КП ОК құрамынан шығарылып, құдаланды. Ал, Ә.Марғұлан Сырдария, Шу, Талас бойында және көне Отырар, Сауран, Сығанақ қалалары орнында археологиялық зерттеулерін жүргізіп, соның негізінде «Көне қазақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің тарихы» атты еңбегін жариялады. Ол өзіне дейінгі Қазақ даласын зерттеуші ғалымдардың қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтінін дәлелдеді.*

1953 наурызда Сталин қайтыс болды. Сталиннің жеке басына табынудың кең жайылғаны сондай, оның өліміне қарапайым халық қатты күйзелді. Ал, оның адамзатқа қарсы жасаған қылмыстарын тек айналасындағылар ғана білді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Сталиндік жүйенің адамзатқа жасаған қылмыстары:

· бүкіл елде тоталитарлық жүйе мен әміршіл әкімшіл басқару әдісін орнатты;

· зиялы азаматтар мен билікті сынаған оппозиция өкілдеріне қарсы жаппай репрессия ұйымдастырды. Қуғын сүргінге зиялылардың өзі ғана емес, оның бүкіл отбасы мүшелері түгел ұшырады.

· тұтас халықтарды тарихи отанынан күштеп көшірді: кәрістер, поляктар, немістер, шешендер мен ингуштер, еврейлер, гректер, күрдтер т.б. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комиссариатының 1946 жылғы мәліметтері бойынша депортацияланған халықтардың саны 2.463.940 адам, олардың 655.674 ерлер, 829.084 әйелдер, 16 жасқа дейінгі балалар саны 979.182 болған. Қазақстанға қоныс аударылған халықтың саны 890.698 адамды құрады.

Бүкіл Кеңес Одағын лагерьлер өлкесіне айналдырды. Ол лагерьлерді басқаратын арнайы мемлекеттік мекеме құрылды. (ГУЛАГ) Арнайы лагрьлердің де көпшілігі Қазақ жерінде орналасты. Ең ірілері: Қарлаг (Қарағанды лагері), Степлаг (Далалық лагерь), АЛЖИР (Отанын сатқандардың әйелдеріне арналған Ақмола лагері), Жезқазғанлаг (Жезқазған лагері) т.б.

Бұл лагерлерде мыңдаған жазықсыз адамдар отырды. Мысалы, АЛЖИРде көрнекті әскери қолбасшы М.Тухачевскийдің анасы мен қарындасы, белгілі қазақ зиялылары: Тұрар Рысқұловтың әйелі мен қызы, Темірбек Жүргенов пен Сұлтанбек Қожановтың әйелдері және ешбір жазығы жоқ мыңдаған әйелдер мен балалар отырды.

Түсіндірме сөздік

Академия – ғылым салаларын бір орталыққа біріктіріп, жүйелі ғылыми зерттеулерге басшылық жасайтын мекеме.

Қоғамдық ғылымдар – философия, тарих, әдебиет, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану сияқты адамзат қоғамының даму заңдылықтарын зерттейтін ғылымдар жүйесі.

Космополит – өз халқына, оның ұлттық мәдениетіне жат адам.

Мемуар – әдебиеттегі жанр түрі, тарихи оқиғалар туралы өзі қатысқан немесе сол оқиғалардың куәгері болған адамның естелік жазбалары.

...ақ кеңес әдебиетіндегі жетістіктер туралы не білесің?
3. 1950 жылдары қуғын сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының қатарында кімдер болды?
4. «Бекмаханов ісі» не үшін жасалды?
5. Сталинизм адамзатқа қарсы қандай қылмыстар жасады?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) 1937-1938 жылдар мен 1950 жылдардағы сталиндік репрессияларға салыстырмалы талдау жасап, оның қоғамға тигізген зардаптары туралы ой пікірлеріңді ортаға салыңдар.

Б) Мына тақырыптар бойынша баяндама немесе реферат жазыңдар
1. Қазақ КСР Ғылым Академиясы және Қаныш Сәтпаев.
2. «Бекмаханов ісі»
3. Сталинизм қылмыстары.

Тарихи тұлғалар

Ермұхан Бекмаханов *(1915, Павладар обл. – 1966, Алматы) – қазақ халқынан шыққан тұңғыш тарих ғылымдарының докторы. Воронеж педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолын педагогикалық ғылыми зерттеулер институтының (қазіргі Ы.Алтынсарин ат. Білім Академиясы) қызметкері, кейін директоры қызметімен бастаған. Соғыс жылдары Халық ағарту комиссариатының басқарма жетекшісі, Қазақстан КП ОК лекторы болып қызмет істеген. 1945-51ж. Тарих, археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері, директорының орынбасары, ҚазМУ оқытушысы, профессоры, кафедра меңгерушісі болды. 1943ж. алғаш рет академик А.Панкратованың редакторлығымен «Қазақ ССР тарихын» жазуға белсене қатысты. 1947ж. «XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан» атты ғылыми- зерттеу еңбегінде Кенесары Қасымұлы бастаған көтерілісті қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде объективті баға бергені үшін саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақ КСР Жоғарғы Сотының шешімімен 1952ж. 25 жылға бас бостандығынан айырылып, Сібірге жер аударылды. Сталин өлгеннен кейін Е.Бекмахановтың ұстазы академик А.Панкратованың ықпалымен 1954ж. ақталып шықты.*

ҚазМУ де өзі ұйымдастырған «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі болып жемісті қызмет атқарды. XIX-XVIII ғ. Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық тарихы туралы ғылыми еңбектер жариялады. Орта мектептерге арналған Қазақстан тарихы оқулықтарын жазды. Осы оқулықтар бойынша Кеңес дәуірінде оқыған ұрпақ Қазақстан тарихы бойынша білім алды. Бүгінгі күні ҚазМУда тұрақты түрде «Бекмаханов оқулары» атты ғылыми теориялық конференция өткізіліп тұрады. С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университетеінің жанында Е.Бекмаханов атындағы ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді.

Ілияс Омаров *(1912, Қостанай обл. – 1970, Алматы) - мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы. Ташкентте Орта Азия жоспарлау экономика және сауда тауар ісі институтын бітірген (1933). 1933-36ж. Республиканың сауда мекемелерінде жауапты қызметтер атқарған. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақ КСР Сауда халық комиссарының орынбасары, кейін комиссары болды. Тыл жұмыстарын ұйымдастыруда белсенді қызмет атқарды.Соғыс жылдары Алматыда республикалық ақындар айтысын өткізуге ұйытқы болды. 1945-47ж. Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары, Шығыс Қазақстан облысы партия комитетінің І-хатшысы қызметін атқарды. 1947-52ж. Қазақстан КП ОК идеология жөніндегі хатшысы болды. Ол 1949ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігін ұйымдастырды. 1952-55ж. КОКП ОК жанындағы Жоғарғы партия мектебінде білімін жетілдірген. 1955-61ж. Солтүстік Қазақстан облысы партия комитетінің хатшысы, «Қазақфильм» киностудиясының директоры, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің кеңесшісі қызметтерін атқарды. Ол жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ кино өнерінің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. 1961-67ж. Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, 1967-70ж. Қазақ КСР Мәдениет министрі болды. І.Омаров осы кезеңде қазақтың эстрада өнерін, ұлттық циркті, театр жұмысын жандандыруға,*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

халық биелерінің хореографиялық «Жас балет» ансамблін және жастардың эстрадалық «Гүлдер» ансамблін құруға ұйытқы болды. «Қыз Жібек» фильмінің түсірілуіне үлкен маңыз берді. Ол Мәдениет министрі болған кезде «Мәдени ескерткіштерді қорғау туралы» заң қабылдауға ықпал етті. І.Омаровтың «Әдебиет туралы ойлар», «Оқушы көзімен», «Серпін», «Шабыт шалқары» еңбектері жарық көрген. Қазіргі кезде Қостанай облыстық қазақ драма театрына І.Омаров есімі берілген.

Төлебаев Мұқан *(1913, Алматы обл. - 1960, Алматы) - қазақтың аса көрнекті композиторы, қоғам қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері (1949), КСРО халық артисі (1959). Алматы педагогикалық училищесінде оқыған. Осы кезде аудандық «Жұмысшы жастар» театрын ұйымдастырушыларының бірі болған. 1934ж. Алматыда өткен халық өнерпаздарының бүкіл қазақстандық І-байқауына қатысып, дарынды әнші ретінде көзге түседі. Мәскеу консерваториясы жанынан ашылған студияға оқуға түседі (1936). Студияны бітіргеннен кейін Қазақтың халық аспаптар оркестірінің дирижері қызметін атқарады. 1951ж. Мәскеу консерваториясын [illegible] жылы КСРО композиторлар одағының мүшесі. Ал, 1956-60ж. Қазақстан композиторлар одағы басқармасының мүшесі, төрағасы қызметін атқарады.*

М.Төлебаев шығармашылығынан туған опералар, оркестрлік немесе вокальды-симфониялық шығармалар, камералық-аспаптық пьесалар, әндер мен романстар терең сезімталдығымен, өзіндік қолтаңбасымен дараланып отырады. М.Төлебаев қысқа ғана ғұмырында жүзден астам музыкалық шығармалар жазып үлгерген. Әсіресе, «Біржан-Сара» операсы оның композиторлық дарынының шырқау шыңы ғана емес, ол қазақтың XX-ғасырдағы музыкалық мәдениетінің ең көрнекті табыстарының бірі. М.Төлебаев қазақтың кәсіби музыкалық мәдениетін қалыптастыруға атсалысқан тұлға. Ол Қазақ КСР нің 1944 жылдан 1992 жылға дейінгі, Қазақстан Республикасының 1992 жылдан 2006 жылға дейін қолданылған әнұран музыкасының авторларының бірі болды. Алматыдағы бір көшеге М.Төлебаев есімі берілген.

Қазақстан кеңестік жүйенің дағдарысы мен ыдырауы кезеңінде
(1960-1991 жылдар)

6-тарау: 1950-1960 жылдардағы Қазақстан

6.1 *Қоғамдық-саяси жүйедегі реформалар*

Қоғамдағы саяси реформалар. Реформалардың жартылай орындалуы. КОКП XX съезі және оның шешімдері. «Жылымық» кезең. Қоғамның саяси билік жүйесі

Соғыстан кейін қоғамда түбегейлі өзгерістер қажет деген халықтың талабы құғын сүргін саясаты арқылы басып тасталды. 1953 жылы наурызда БКП(б) ОК бірінші хатшысы И.Сталин қайтыс болды. Осылайша Кеңес Одағында құғын-сүргінге сүйенген сталинизм дәуірі аяқталды. Бұл кезең кеңес халқының тарихында ең қасіретті дәуір ретінде қалды.

1954 жылы қаңтарда Қазақ КСР Коммунистік партиясының XII съезінде Қазақ КСР Компартиясының ОК бірінші хатшысы *Жұмабай Шаяхметов* (1946-1954) қызметтен босатылды. Бірінші хатшылыққа *П.К.Пономаренко* (1954-1956), екінші хатшы болып *Л.И.Брежнев*, ал Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағалығына *Д.А.Қонаев* тағайындалды. Сталиннің өліміне байланысты елде саяси өзгерістер жасау мүмкіндігі туды. Өзгерістерді болдырмауға тырысқан Сталиннің Л.Берия сияқты жақтастарына саяси соққы берілді. Ол КСРО Ішкі істер халық комиссары ретінде елдегі құғын сүргінге жауапты еді. Сондықтан, 1953 жылы шілдеде КОКП ОК пленумында Берия ісі қаралды. Пленумның шешімі бойынша оны партия мен КОКП ОК мүшелігінен шығарды (содан кейін ол өзін өзі атып өлтірген).

Сол жылы қыркүйекте КОКП ОК бірінші хатшылығына Никита Хрущев тағайындалды. Ол Кеңес Одағын 1953-1964 жылдар аралығында басқарды. Билік басына келген Н.Хрущев қоғамда демократиялық өзгерістер жасауға кірісті. Сондықтан бұл кезеңді Кеңес Одағының

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

тарихындағы *«жылымық»* дәуірі деп атайды. Оның ең басты саяси қадамы 1956 жылы ақпанда өткен КОКП XX съезінде жасалды. Съезде КОКП ОК бірінші хатшысы Н.Хрущев «Жеке адамға табыну және оның зардаптары» туралы баяндама жасады. *Бандамада Сталиннің жеке басына табынудың пайда болу себептері мен зардаптарына талдау жасалды. Сонымен бірге, И.Сталин, Н.Ежов, Л.Бериялардың билікті асыра пайдалануы туралы фактілерді келтірді. «Халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалған адамдарды қинау арқылы «қылмысын» мойындатқандарын әшкереледі. Ішкі істер халық комиссариатының қылмыстық істерді қолдан жасау әдістерін жариялады.*

Саяси тұрғыда батыл қадам болғанымен, съезд бұл мәселені жабық мәжілісте талқылады. Мәселеге қатысты айтылған пікірлерді партия шеңберінен шығармауға тырысты. Оның басты себебі: билік басындағылар әміршіл әдістерге сүйенген *кеңестік жүйені* халыққа жеккөрінішті етіп аламыз деп қорықты. Съездің негізгі қорытындылары туралы ақпарат халыққа тек бірнеше жылдан кейін ғана жарияланды. 1956 жылы маусымда КОКП ОК *«Жеке адамға табыну және оның салдары туралы»* қаулысын жариялады. Қаулыда жеке адамға табынудан туындаған қателіктер *«Кеңес қоғамының терең демократиялық мәнін өзгерте алмайтын еді және өзгерте алған жоқ»* деп жазылды. Бұл биліктің кеңестік жүйені ақтап алуға тырысқандығын көрсетеді. Н.Хрущев баяндамасының толық мәтіні тек 33 жыл өткеннен кейін ғана «Известия КПСС» журналында (1989 ж., № 3) басылды. Бұл тарихи құжат толығымен шетелдік баспасөзде XX съезден кейін бірден жарияланған болатын. XX съезге дейін 1953-1955 жылдары Н.Хрущевтің бастамасымен ГУЛАГ жүйесі жойылды. Лагерьлерге жазықсыз отырғызылған мыңдаған адамдар босатылды. «Халық жауы» деген жалған жаламен атылған немесе лагерьлерге жабылған азаматтарды ақтау ісі басталды. *Бұл шаралар қоғамды тоталитарлық жүйеден құтқарудағы адамгершілік ізгі ниет әрі маңызды демократиялық қадам еді.* Бірақта, бір өкініштісі, басталған игілікті істер толық аяқталмай қалды. Демократиялық реформалар жартылай

ғана орындалды. Оны мынадай фактілерден аңғаруға болады.

- XX съезден кейін жазықсыз атылған бірқатар мемелекет қайраткерлері: С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Асфендияров, О.Жандосов, О.Исаев, Л.Мирзоян, С.Мендешев, Н.Нұрмақов, А, Розыбакиев т.б. ақталды. Бірақ, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев сынды көптеген зиялы азаматтар ақталмай қалды. Өйткені, олар «Алаш» партиясын құрып, ұлттық автономия құру үшін күрес жүргізген болатын.
- Одақтас республикалардың құқықтары кеңейтілмеді. Ұлттық тарих пен ұлттық мәдениетке қарсы саясат жүргізді. Мысалы, сол кезде «Орыс тілі арқылы ғана коммунизмге жетеміз!» деген ұран көтерілді. Ал, қазақ тілінің қолданыс аясы тарыла берді.
- Сталиндік саясатпен депортацияланған халықтардың құқықтарын қалпына келтіру толық жүзеге асырылмады. Шешен, ингуш, балқар, қалмақ сияқты халықтардың тарихи отанына қайта оралуына мүмкіндік жасалды. Ал, неміс, UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS көрде, курд ұлттарының өкілдерінің құқықтары шектеулі күйінде қалды.
- Саяси көзқарасы үшін азаматтарды қудалау тоқталмады. Партия қызметі мен билікке сын айтқандар бұрынғыша жазаланып отырды. Сталиндік дәуірдің *«ұлтшыл», «халық жауы»* деген айыптардың орнына *«өзгеше ойлайтындар»* айыбы тағылатын болды. Оған Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі, майдангер М.Елікбаевтың тағдыры дәлел бола алады. Ол кеңес қоғамындағы адам құқықтарының бұзылуы мен ұлт саясатындағы бұрмалаушылықтар жайында Н.Хрущевқа хат жазған. Хатта қазақ тілінде оқытатын мектептердің қысқаруы, оқу құралдарының жетіспеушілігі туралы шындықты баяндап берген. Алайда М.Елікбаевтың бұл әрекеті билікке ұнамады. 1957 жылы 16–шілдеде Күршім аудандық партия комитеті оны КОКП қатарынан шығарды. Әділетсіздікке көнбеген мұғалімді күштеп психиатриялық ауруханаға жатқызады. Оған шыдамаған соң аштық жариялаған М.Елікбаевты түтік арқылы зорлап тамақтандырған. Сөйтіп, кеңестік жүйе өз ойын ашық

білдірген азаматтың тағдырына балта шапты. Бұл бір ғана мысал. Ал, КСРО Денсаулық сақтау министрлігі деректеріне қарағанда психиатриялық ауруханалар арқылы 90 мыңнан астам «өзгеше ойлайтын» азаматтар жазаланған.

Бұл деректерден біз саяси репрессиялардың тоқталмағанын көреміз. Тек оны жүзеге асырудың әдістері ғана өзгерген. Сталиндік дәуірде ату жазасы, лагерьлерге жабу, жазаға ұшыраған адамның туыстарын қудалау әдістері қолданылса, енді психиатриялық тұрғыда әсер ету әдісін кең қолдана бастады. Ол кеңестік жүйенің ең ауыр қылмыстарының бірі болды.

Демократиялық реформалардың жартылай ғана орындалу себебтері мынада болды: *біріншіден, басталған істер жүйесіз орындалды. Мемлекеттік саясат ғылыми тұрғыда негізделмеді; екіншіден, партия басшылары демократиялық тәртіптерге дайын болмады. Оларға әміршіл-әкімшіл басқару әдістерін қолдану тиімдірек болды; үшіншіден, биліктегілер бастаған реформаларды аяғына дейін жеткізуде саяси табандылық көрсете алмады. Кеңес басшыларының, әсіресе, Н.Хрущевтың саяси ізденімпаздық деңгейі төмен болды. төртіншіден, Н.Хрущев Кеңес Одағы басшыларының утопиялық бастамаларын одан әрі дамытты. 1959 жылы КОКП ның XXI съезінде социализмнің түпкілікті жеңгенін, енді коммунистік қоғам құру кезеңінің басталғанын жариялады. Ал, 1961 жылы XXII съезде коммунизм алдағы 20 жылда орнайды деген асығыс тұжырым жасалды.*

Мұндай үзілді-кесілді тұжырымдар жасау партия жетекшілерінің қоғам мен мемлекет теориясын жете меңгермегендігін көрсетті. Компартия көсемдерінің утопиялық көзқарастарын 1920-1930-жылдары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, С.Садуақасовтар да қатты сынаған болатын. Бірақ, орынды ғылыми сын-пікірлер ескерілмеді. Керісінше, қарсы пікір айтқан адамдар қудаланып отырды. Екінші жағынан, бұл саяси идеологиялық әдіс ретінде қарапайым халықты алда болатын жақсы күндерге сендіру арқылы алдау болды.

Н.Хрущев елді басқарған кезеңде билік жүйесінде екі көзқарас қалыптасты: бірі саяси жүйені түбегейлі

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

демократиялық негізде өзгерту қажеттілігін талап еткен күш. Екіншісі, Кеңес Одағы сияқты жүзден астам ұлттар мен ұлыстарды басқарып тұру үшін әміршіл әкімшіл басқару әдісін сақтап қалуды қолдаған саяси күш. Өкінішке орай, соңғы саяси күштің салмағы басып кетті. Өйткені, олардың алдында салынған жолы мен қалыптасқан дәстүрі бар еді.

Қоғамның саяси билік жүйесі

Кеңестер-мемлекеттегі маңызды саяси билік буыны. Халық жергілікті, облыстық және Қазақ КСР мен КСРО Жоғарғы Кеңестеріне депутаттар сайлады. Билік жүйесінің тәртібі бойынша Кеңестер мемлекеттік органдардың қызметін бақылап отыруы тиіс болатын. Бірақ, Кеңестер Комунистік партияның нұсқаулары бойынша жұмыс істеді.

Кәсіподақтар - еңбекшілердің тұрмыстық жағдайын жақсарту үшін күресетін мемлекеттік ұйым. Кәсіподақ ұйымдары халық шаруашылығы мәселелерін шешуге, социалистік жарыстар ұйымдастыруға атсалысты. Кәсіподақтар еңбекті қорғау, халыққа мәдени қызмет көрсету мәселелерімен айналысты. Сонымен бірге, кәсіподақ ұйымдары демалыс үйлерін, шипажайларды, ауылды жерлердегі мәдени клубтар мен кітапханаларды басқару құқығына ие болды. Еңбекшілерге сапалы әлеуметтік қызмет көрсету үшін кәсіподақ комитеттері өндіріс орындармен келісім шарттарға отыратын болды. Еңбекшілер кәсіподақ ұйымына ай сайын белгіленген жарнасын төлеп тұрды. Кәсіподақ ұйымдары жергілікті партия комитеттеріне тәуелді болды.

Комсомол ұйымы – Бүкілодақтық лениншіл жастар одағының комитеті (БЛЖОК) төңірегіне бірікті. Қазақстанда оның республикалық комитеті жұмыс істеді. Ол Коммунистік партияның ізбасары болды. 1965 жылы республикада 1 млн жуық жастар комсомол мүшесі болған. Комсомолдар қоғамның барлық саласында еңбек етті. Комсомол мүшесі болмай партия қатарына өту мүмкін болмады.

Түсіндірме сөздік

«Жылымық» – қыстан кейін көктемнің жылылығы орнай бастайтын кезең. Бұл жерде Сталиндік қаһарлы дәуірден

кейін демократияның нышандары көрініс бере бастаған тарихи кезеңге қатысты айтылған.

«Өзгеше ойлайтындар» – кеңестік дәуірдегі саяси жүйе мен билікке қатысты өзіндік ой пікірі бар, сыни көзқарасын білдіре алатын адамдарды солай атаған.

Теория – қандайда бір құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, белгілі бір көзқарастың тұжырымдалған қорытындысы.

Утопия – іске аспайтын мақсатқа қол созу, қиялды арман.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Сталиннің өлгеннен кейін Қазақстан басшылығында қандай өзгерістер болды?
2. КОКП XX съезі қашан өтті және онда қандай мәселе қарастырылды?
3. Кеңес Одағының сол кезеңдегі саяси билік жүйесі туралы сипаттама беріңдер.
4. Кеңес үкіметінің ұлт саясатына сын айтқан М.Елікбаев қандай мәселелер көтерді және ол қалай жазаланған еді?
5. Н.Хрущев реформаларының жартылай ғана орындалу себептері неліктен еді?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Кеңес Одағындағы И.Сталин мен әлемнің басқа елдеріндегі диктаторлардың адамзатқа қарсы жасаған қылмыстары туралы мәліметтер жинақтап, салыстырмалы талдау жасаңдар.

Ә) «Халық жауы» мен «өзгеше ойлайтындар» терминіндегі ұқсас және ерекше белгілерін айқындап беріңдер

Тарихи тұлғалар

Хрущев Никита Сергеевич *(1894, Ресей, Курск губ. - 1971, Мәскеу) - мемлекет және қоғам қайраткері. Еңбек жолын 1908 жылдан Донбасстың шахталары мен зауыттарында жұмысшы болып бастаған. 1918-20ж. Азамат соғысына қатысып, онан кейін Донбасс пен Киевте шаруашылық және партиялық қызметте болған. 1929ж. Мәскеу Өнеркәсіп академиясын бітірген. 1931 жылдан Мәскеуде партия қызметінде, 1935-38ж. БК(б)П Мәскеу облыстық және қалалық комитеттерінің І-хатшысы, 1938-47ж. Украина Коммунистік Партиясы ОК-нің І-хатшысы*

қызметін атқарған. 1941-45ж. Ұлы Отан соғысы жылдарында бірқатар майдандардың Әскери Кеңестерінің мүшесі болған. Генерал-лейтенант дәрежесі берілген (1943). 1947ж. БК(б)П Мәскеу партия комитетінің І-хатшысы қызметінде болады. 1953 жылдың наурызынан СОКП ОК хатшысы, қыркүйектен бастап І-хатшысы, яғни, Кеңес Одағының жетекшісі болды. Сонымен бірге 1958-64ж. КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін қоса атқарған.

Н.Хрущев Кеңес Одағын басқарған кезде бірқатар демократиялық реформаларды жүзеге асыруға талпыныс жасалды. 1956ж. СОКП XX съезінде Сталиннің жеке басына табынудың зардаптары туралы мәселені көтеріп, сталиндік саясатты адамзатқа қарсы жасалған қылмыс ретінде бағалады. Сталиндік құғын сүргіннің құрбандарын ақтау шараларын жүргізуге жол ашып берді. Ол Кеңес Одағында тың игеру саясатын жүзеге асырды. Алайда, Н.Хрущевтің демократиялық реформалары жартылай ғана орындалуымен ерекшеленді. Өйткені, ол өз қызметінде [illegible] жол берді. Сол себепті де, 1964ж. қазанда СОКП ОК-нің Пленумы Н.Хрущевті мемлекет пен Коммунистік партия жетекшілігінен кетуге мәжбүр етті.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

жетістік болды. 1959 жылы Қостанай – Тобыл темір жолы іске қосылды. Бұл жолдың негізгі міндеті Соколов – Сарыбай кен байыту комбинаты өнімін тасмалдау еді. Осы жылы Тобыл – Жетіқара, 1962 жылы Есіл – Арқалық темір жолдарының құрылысы аяқталды. Бұл жолдар осы аудандарда орналасқан ірі астықты совхоздарды байланыстыру үшін салынды. Темір жолдар жүйесі 1940 жылмен салыстырғанда 1958 жылы үш есе өсті.

Республикада автокөлік жүйесінің жағдайы соғыстан кейінгі жылдары өте төмен болды. Автопарктердегі жүк машиналарының көбі күрделі жөндеуді қажет етті. Елімізде кәсіби жүргізушілер мен механиктер жетіспеді. Автопарктер қосалқы бөлшектермен жабдықталмады. Ол кезде Қазақстанда машиналардың маңызды тетіктері республикадан тыс жерлерге апарылып, жөнделетін еді. Дегенмен, еліміздің байланыс саласындағы басты жетістік - шалғай аудандарға тас жолдардың төселе бастауы болатын. Салынған жолдар аудан орталығы мен ауылдарды байланыстырды. Сол кезеңде республикада 16,9 шақырым тас жол салынды. 1953 жылы республикалық маңызы бар Ақмола – Павлодар тас жолы пайдалануға берілді. Бұл жол Екібастұз көмір бассейнінің дамуына, Бозшакөл кенішінің игерілуіне ықпалын тигізді.

Қазақстанның су жолы жүйесінде күрделі өзгерістер болды. Соғыстан кейін қаржы негізінен қираған шаруашылықты қалпына келтіруге жұмсалғаны белгілі. Ал су жолын техникалық тұрғыда қайта жабдықтау мүмкіндігі болмады. Елімізде кеме жасау ісі қиын жағдайда қалды. Оралдағы кеме жасайтын кәсіпорында 1951 жылы іске жарайтын кеме саны 37 ғана жетті.

Өзен көліктері республиканың халық шаруашылығын дамытуда маңызды рөл атқаруға тиіс еді. Ертіс, Орал, Іле, Сырдария және Балқаш, Зайсан сияқты өзен-көлдерде флоттар жұмыс істеді. Каспий теңізіндегі Гурьев, Баутино, Шевченко порттары арқылы еліміз Әзербайжан, Ресей және Орта Азия республикаларымен тығыз байланыс жасады. Арал теңізі арқылы Өзбекстанмен тікелей қатынас жасалды. Теңізбен ағаш, астық, балық өнімдері, мақта, күріш, жанармай тасмалданды. Сонымен бірге, Маңғыстау

түбегіндегі табиғат байлығын игеруге байланысты Каспий теңізі бойындағы су жолы көлігінің рөлі де арта бастады.

Қазақстанда соғыстан кейінгі жылдары әуе көлігі қарқынды даму жолына түсті. Ұшақтарды халық шаруашылығының барлық саласы пайдаланды. Академик Туполевтің реактивті жолаушылар ТУ-104 ұшағы 1956 жылдан бастап сенімді көлікке айналды. Дүние жүзінде ең ірі жолаушылар ұшағы ТУ-114 лайнері 1961 жылы пайдаланылуға берілді. ИЛ-62, ТУ-134, ТУ-154 сияқты ұшақтардың жаңа түрлері шыға бастады. Осының нәтижесінде еліміздің ірі қалаларының барлығымен қатынас жасап тұратын дәрежеге жетті. Әуе жолы 1941 ж. салыстырғанда 4 еседен аса ұлғайды. Жергілікті жерлердегі авиалиниялардың көбеюіне байланысты республиканың шалғай жатқан аудандарымен байланыс жақсартылды. Ауылды жерлерде де тұрақты әуе қатынасы орнатылды. Бұл Кеңес Одағы кезінде ауыл тұрғындарына жасалған өте маңызды қамқорлық болатын. Бірақ, республика облыстары мен ірі қалалардағы әуежайлар жоғары техникалық талаптарға сай келмеді.

Берілген деректер Қазақстан өнеркәсібі дамуының біржақты шикізаттық бағыты өзгермегенін көрсетеді. Кеңес үкіметі әлі де болса өнеркәсіптің өңдеуші түрлерінің дамуына жеткілікті көңіл бөлмеді.

Экономиканы басқару жүйесіндегі реформалар

КСРО үкіметі 1957 жылы халық шаруашылығын басқару жүйесіне реформа жүргізді. Орталықтың шешімі одақтас республикалардың бәрінде орындалды. Реформа бойынша *салалық министрліктердің орнына халық шаруашылық кеңестері (ХШК)* құрылды. Бұрын салалық министрліктер бір орталықтан ғана басқарылатын еді. Ал, ХШК аумақтық тұрғыда басқарылды. Бұл өзгерістердің бірқатар тиімділіктері болды. Бірақ та, экономиканы басқаруды түбегейлі өзгерте алған жоқ. Оның себептері:

- Қазақстанда өндірісті жаңаша басқара алатын білікті мамандар тапшы болды. Тіпті, мамандар КСРО ның орталық аудандарында да жетіспей жатты;
- Экономиканы тұтастай басқару жүйесі бұзылды;
- Қазақстандағы одақтық министрліктер мен әскери

UNREGISTERED COPY OF SCANDAPYRUS

6.2 *Экономикалық реформалар және халықтың әлеуметтік жағдайы*

Қазақстанда ауыр өнеркәсіптің басым дамуы. Экономиканы басқару жүйесіндегі реформалар. Халықтың әлеуметтік жағдайы. 1958 жылғы Теміртаудағы оқиға

Елдегі саяси өмірдегі өзгерістер экономикалық саясатқа да әсерін тигізбей қойған жоқ. Кеңес Одағының экономикасы *экстенсивті* бағытта дамыды. Енді оны *интенсивті* даму жолына түсіру қажеттігі туды. Бұл кезеңде өндірісті дамытудың негізгі бағыттары айқындалды:

- Өндірісті басқарудың тиімді жолдарын іздестіру;
- Өндіріске ғылыми-техникалық жаңалықтарды енгізу;
- Басқару жүйесін демократияландыру;
- Одақтық республикалардың шаруашылық құқықтарын кеңейту.

Республикамыздың экономикалық саясаты Y-бесжылдық жоспары (1951-1955) бойынша белгіленді. Осы бесжылдық кезінде Қазақстанда 200 жуық кәсіпорындар салынды. Бұл кәсіпорындар экономиканың даму қарқынының өсуіне негіз болды. Соған сәкес 1954-1958 жылдары Қазақстанда 170 кәсіпорын іске қосылды. Олардың қатарында: Жезқазған кен байыту фабрикасы, Шымкент гидролиз, Ақтөбе хром қоспалары, Қарағанды, Семей, Шымкент цемент зауыттары болды. Ерейментау депосында тепловоз жасау ісі жолға қойылды. Ал, Теміртаудағы Қарағанды металлургия комбинаты сапалы өнімімен Сібір, Орал, Орта Азияны қамтамасыз ететін болды. Осы кезеңде одақтық министрліктерден республика қарамағына 144 кәсіпорын, түсті металлургияның 29 ірі кәсіпорыны өтті. Бұл республикалардың экономикалық құқықтарын кеңейтудегі маңызды шаралардың бірі еді. Осындай шаралардан кейін 1959 жылы Қазақстан өнім өндіру көлемі жағынан КСРО бойынша III орынға шықты. 1950-1960 жылдарда республикада ірі кен орындарының игерілуі электр қуаты мен отынды көп қажет етті. Сондықтан, үкіметтің алдына сол қажеттіліктерді өтейтін кәсіпорындар ашу міндеті қойылды. Осылайша, Қазақстандағы энергетикалық базаның жасалуына алғышарт жасалды. Мысалы, сол кезеңде

Қарағанды ГРЭС-II мен Бұқтырма ГЭС іске қосылды. 1950 жылдардың алғашқы жартысында өнеркәсіп үлесіне республикаға бөлінген қаржының 40,4% тиді. Оның 94,7% ауыр өнеркәсіп салаларын дамыту үшін жұмсалды.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі. Ауыл шаруашылығы шикізатының молдығы жеңіл және тамақ өнеркәсібінің дамуына қолайлы жағдай жасады. Жамбылда, Семейде, Петропавлда, Павлодарда тері илейтін, былғары өңдейтін кәсіпорындар, Алматы мен Шымкентте мақта-мата комбинаты салынды. Қарағандыда аяқ киім және шұлық фабрикалары жұмыс істеді. Жезқазғанда, Семейде, Ақтөбеде тоқыма фабрикалары өндіріс көлемін ұлғайтты. Ақтөбе, Шымкент, Жамбыл, Теміртауда ет комбинаттары, сүт зауыттары, ірі наубайханалар іске қосылды. Азық түлік өнімдерін шығарудың көлемі жылдан жылға артып отырды. Тамақ өнеркәсібінің жалпы өнімі 60% өсті.

Көлік және байланыс жүйесінің дамуы. Қазақстан географиялық орналасуы жағынан транзитті ел. Сондықтан, көлік пен байланыс жүйесі республика экономикасындағы жетекші сала болуы тиіс болатын. Бірақ та сол кезеңде көлік жүйесінің материалдық техникалық негізі төмен деңгейде еді. Ол еліміздегі тасымалдау жұмыстарының бірқалыпты жүргізілуіне кері әсер етті. Республикаға әкелінетін жүктен сыртқа шығарылатын жүк екі еседей көп еді. Қазақстанның шикізат өндіретін кәсіпорындары Кеңес Одағының өндірістік аудандарымен үнемі тұрақты байланыста болды. Қазақ елі Сібірмен жүк алмасып тұрды. Сібірден әкелінетін жалпы жүктің 95 % ағаш өнімдері болды.

1953 ж. 27- қазанда Мойынты –Шу темір жолы пайдалануға берілді. 1958 жылы «Қазақ темір жолы» басқармасы құрылды. Жаңа басқарма Түрксіб және Орынбор-Ташкент темір жолдары негізінде ұйымдастырылды. Сол кезеңде «Қазақ темір жолы» кәсіпорының құрылуы темір жол тасымалындағы жүйесіздікті жойды. Өйткені, оған дейін Қазақстандағы темір жол тораптары әр түрлі темір жол мекемелерінің құрамында болған еді. Олар Түрксіб, Орынбор-Ташкент, Омбы, Орал-Рязань, Томск темір жол тораптарының құрамына кіретін. Енді республиканың дербес темір жол жүйесі қалыптасты. Бұл еліміз үшін үлкен

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

өнеркәсіп кешендері жергілікті халық шаруашылық кеңестерінің нұсқауларын орындамады.

Реформаны жүзге асыру барысында әлденеше рет өзгерістер мен қосымшалар енгізу фактілері жиіледі. Мысалы, 1956-1960 жылдарға арналған бесжылдық 1959-1965 жылдарға арналған жетіжылдық жоспар болып қайта өзгертілді. 1962 жылы Қазақстанда реформаға тағы бір өзгеріс енгізілді. Ол ХШК ірілендіру үшін жасалды. *Партия ұйымдары өндірістік белгі бойынша қайта құрылды.* Яғни, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық болып құрылды. Мұның бәрі реформаның ғылыми тұрғыда негізделмегенін, даярлықсыз жасалғанын көрсетті. Дегенмен, бұл кезеңде жүзеге асырылған экономикалық реформалардың тиімділігі төмен болса да, халық шаруашылығын дағдарысқа ұшыратпауға ықпал жасады.

Сол тарихи кезеңде Кеңес Одағының экономикасында әлемдік маңызы бар жетістіктер де жасалды. Кеңес Одағының басты жетістігі - әлемде ең алғашқы болып ғарышты игеруі еді. *1961 жылы 12 сәуірде кеңес ғарышкері Юрий Гагарин ғарышқа сәтті ұшып келді.* Кеңес Одағы ғарышты игерумен қатар әскери өнеркәсіп саласы бойынша да озық болды. Озық үлгідегі әскери техника жасауда Кеңес Одағы алдыңғы қатарлы елге айналды. Мұның бәрі ғылыми-техникалық жетістіктердің нәтижесінде жасалды. Осыған сәйкес, Кеңес үкіметі экономикада ғылыми- техникалық жетістіктерге негізделген индустриалды өндіріс жүйесін құруға талпыныс жасады. Мәселен, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанынан Мемлекеттік ғылыми-техникалық комитет құрылды. Бұл комитет Мемлекеттік жоспарлау комитетімен бірге өндіріс орындарына жаңа технологиялар енгізу жоспарын жасады. Сонымен бірге, өндіріс орындарын механизациялау мен автоматтандырудың жүзеге асырылуын қадағалайтын арнайы комиссиялар да құрылған. Өндіріс орындарында ғылыми-техникалық қоғамдар, конструкторлық бюролар ұйымдастырыла бастады. Олардың жаңашыл бастамаларға төлейтін сыйақы қорлары жасалды. Осынау шаралардың нәтижесінде өнертапқыштардың белсенділігі артты. Сол кездегі ғылыми-техникалық жетістіктің басты бағыты халық шаруашылығын

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

электрлендіру болды. Республиканың барлық аймақтарын қамтамасыз ететін жоғарғы вольтты электр желілерінің ұзындығы 45 мың км жетті. «Қарағандыкөмір» бірлестігінде жер асты шахталарында көмір өндіруді механикаландыру жүзеге асырылды. Ал, Екібастұздағы ашық карьерде көмір өндіретін роторлы экскаваторлар кеңінен қолданыла бастады. Қазақстанда химия ғылымының жақсы дамуына сәйкес химия өндірісі де жоғарғы деңгейге көтерілді. Титан, магний, синтетикалық каучук, полиэтилен өндіретін жаңа кәсіпорындар іске қосылды. Сондай ақ, электротехникалық өнім өндіретін кәсіпорындар да көбейді: Семей кабель, Өскемен конденсатор, Кентау трансформатор зауыттары ел игілігіне қызмет етті.

Маңғышылақтағы мұнай мен газ кеніштерін игеру жұмыстары жалғасын тапты. Ал, 1965 жылы Өзен кеніші алғашқы мұнайын берді. Сол жылы Ащысай полиметалл комбинатына жаңа технологиялық жетістіктерді енгізгені үшін республиканың бірқатар ғалымдарына Мемлекеттік лениндік сыйлық берілді.

Өкінішке орай, мұндай ғылыми-техникалық жетістіктерді өндіріске енгізу жұмыстары кейінгі жылдары жалғасын таппай қалды. Ғылым мен техниканың жетістіктері өндіріске үлкен қиындықпен енгізілді. Кәсіпорындар көп шығынды талап ететін озық технологияларды өндіріске енгізуге мүдделі болмады. Өйткені, олардың көздегені жоспар орындау, жалпы өнім көлемін арттыру болды. Бұл Кеңес Одағындағы жоспарлы экономиканың негізгі талаптары болатын. Соған байланысты өнім сапасына қойылатын талап төмендеп кетті.

Халықтың әлеуметтік жағдайы

1950-1960 жылдары республика халқының *әлеуметтік құрылымы* түбегейлі өзгеріске ұшырады. Ол ең алдымен, Кеңес үкіметінің әлеуметтік экономикалық саясатының нәтижесінде жүзеге асты. Өндірістің дамуы Қазақстан халқының әлеуметтік құрылымын өзгертіп жіберді. Бұрын аграрлық сала басым дамыған Қазақстан енді индустриалды-аграрлы елге айналды. Сол себепті елімізде жұмысшылардың саны өсті. Әсіресе, сыттан келген жұмысшылар басым болды. Өндіріс дамығандықтан

республикада жаңа қалалар пайда болды. Осы кезеңде Қазақстанда Теміртау, Екібастұз, Рудный, Жаңа Өзен, Жезқазған, Кентау сияқты жаңа қалалар бой көтерді. 1954-1955 жылдары өнеркәсіп, құрылыс, көлік саласына 0,5 млн жұмысшы сырттан әкелінді. 1959 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан халқының саны 9 294 741 адам болды. Ал қала халқының үлесі 1959 ж. 44 % дейін артты (1939 ж. 28%). Бұл өсім табиғи емес, Кеңес үкіметінің көші-қон саясатының нәтижесі болды.

Кеңес үкіметінің әкімшілік жоспарлау жүйесі экологиялық мәселелерге көңіл бөлмеді. Ауыр өндірістің, әсіресе, химия өнеркәсібінің дамуымен бірге зиянды заттардың табиғатқа әсері күшейе түсті. Үкімет өндіріс орындарын тұрғызғанда ондағы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына жете мән бермеді. Экономикалық тепе-теңдікті сақтау саясаты жүргізілмеді.

Бұл өзгерістер халықтың әлеуметтік құрылымындағы біртектіліктің қалыптасқанын көрсетіп берді. Сонымен бірге жұмысшы табының өз ішінде де елеулі айырмашылықтар болды. Ауыр индустрияның қарқын[illegible] нәтижесінде өнеркәсіп жұмысшылары жетекші орын алды. Сол сияқты жеңіл өнеркәсіп жұмысшыларының үлкен тобы болды. Павлодар, Маңғыстау, Қостанай облыстарында жұмысшылардың қатары шапшаң өсті. Дегенмен дәстүрлі өнеркәсіп орталықтары – Қарағандыда, Алматыда, Оңтүстік және Шығыс Қазақстанда жұмысшылардың саны басым болды. Өндіріс орындарында еңбек еткен әйелдердің үлесі 1957 жылы 37,5% құрады. Бұл көрсеткіш 1970 жылдары 44,4% жетті.

Индустрия саласында қазақ жұмысшыларының үлесі аздау болды. Себебі, қазақ халқының негізгі бөлігі ауылды жерлерде тұрды. Сонымен бірге, 1950-60жж Кеңес үкіметінің көші қон саясатының салдарынан өз елінде қазақтар азшылықты құрады. Кеңес үкіметі жергілікті халықтан мамандар даярлау ісіне жете мән бермеді. Ұлттық маман кадрларға қамқорлық жасалмады. Үкіметке жұмысшыларды сырттан шақыру тиімдірек болды. Бұндай саясат жергілікті жұмысшылардың мүддесіне қайшы келді. Ол әлеуметтік әділетсіздікке алып келді. Өйткені, сырттан

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

шақырылғандарды бірінші кезекте тұрғын үймен қамтамасыз ету керек болды. Олардың басқа да тұрмыстық мәселелерін шешуге көп көңіл бөлінді. Ал жергілікті мамандар кейінгі кезекке ысырылып қалды. Осындай артықшылықтарға ие болған жұмысшылар еліміздегі үлкен саяси күшке айналды. Жұмысшылар партия, кеңес және қоғамдық ұйымдарда белсенді роль атқарды. Солай бола тұрса да, іс жүзінде жұмысшылар елдің саяси өміріне елеулі ықпал ете алған жоқ еді. Олар ішкі саясатты жүргізудің құралы ғана болды. Ал, саяси билік әміршіл басқару әдісіне сүйенген партия жетекшілерінің қолына шоғырланған болатын.

Соғыстан кейінгі жылдарда республикада жұмыс күшінің жетіспеушілігі сезілетін еді. Жүздеген мың қазақстандықтардың майданда қаза табуы, соғыс жылдары келген мамандардың соғыс аяқталған соң өз еліне қайтуы – еңбек күшінің тапшылығын тудырды. Зауыт-фабрикалардағы мамандардың кәсіби даярлығы да төмен болатын. 1950 жылдар ішінде өнеркәсіп, құрылыс, тасымал және байланыс саласында істейтін жұмысшылар саны едәуір артты. Сонымен бірге, жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан маман жұмысшылардың аздығы біліне бастады. Осы кезеңде шеттен әкелінген жұмысшылардың еліміздің қалаларында көптеп шоғырлануы жергілікті халықтың ауылды жерлерде қалып қоюына алып келді. Бұл құбылыс ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік тұрғыда артта қалуына ұшыратты.

1958 жылғы Теміртау оқиғасы

Жұмысшылардың қарапайым әлеуметтік жағдайының шешілмеуі олардың заңды наразылығын тудырды. Мұндай жағдайға қарсы бас көтеру *1958 жылы жазда Теміртау қаласында орын алды.* Кеңес үкіметі Қарағанды металлургия комбинатының құрылысын екпінді комсомолдық құрылыс деп жариялады. 1958 жылы Теміртауға сырттан 132 мың адам келді. Облысқа келесі жылы тағы да 170 мың адам әкелінді. Өкінішке орай, олардың қатарында қылмыстық әрекеттерімен көзге түскен, түрмеден шыққан адамдар да аз емес еді. Жаңадан келгендер үшін үйлер салына бастағанымен, олар жетіспеді. Сол себепті жұмысшыларды шатырларға орналастыруға тура келді. Ауыз судың

тапшылығы, азық түлікпен қамтамасыз етудегі кемшіліктер жұмысшылардың жаппай наразылығын туғызды. Бұл оқиға туралы өзінің еңбек жолын Теміртауда металлург болып бастаған Н.Назарбаев былай деп еске алады: *«... ұзақ уақыт тұмшаланып келген халық наразылығы өздігінен әрі қуатты серпінмен бұрқ ете қалды. Күллі елімізден келген жастар кәдуілгі адами мұқтаждық пен қамқорлықты түкке де баламайтын әміршіл-әкімшіл жүйенің таптаурын әдістеріне тап болған. Цехтардың, домналар мен мартендердің корпустары екпенді қарқынмен тұрғызылып жатса да, адамдар шатырларды, асығыс салынған барактарды баспана етті. Көп ретте жұрттың бәріне бірдей арнайы киім де жете бермейтін. Әсіресе судың болмай қалуы жан күйзелтетін. Оны құрылысшыларға әдетте түске салым әкелетін, онда да лайланған, мұңкіген иісі бар су болатын. Ал енді тамақ туралы айтудың өзі артық. Жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің базасында көп етті, сібір пельменін, жемістерді шірітіп алып, жерге көміп тастағаны туралы хабар, ал мұндай тағамдардың барын құрылыстағылардың бірде [illegible] өзен, төзімнің соңғы шегі болды.»* (Назарбаев Н. Әділеттің ақ жолы. Алматы: «Қазақстан», 1991.- 60-61 б.)

Сол жылы 1-тамызда жұмысшылар асханада *ереуіл* жасады. Алғашқыда олар әлеуметтік мәселелерді шешуді талап етті. Алайда, ереуіл біртіндеп жаппай тәртіп бұзушылыққа ұласты. Жалпы алғанда жастардың наразылығын қылмыскерлер тобы пайдаланып кетті. Олар дүкендер мен асханаларды тонай бастады. Бұзақылық әрекеттер 3 күнге созылды. Үкіметтің шешімі бойынша Теміртауда тәртіп орнату үшін милиция мен ҚарЛагтың қарулы күзет солдаттары әкелінді. Ереуілшілер мен әскер арасындағы қақтығыстан он адам қаза тауып, елуден астам адам әр түрлі дәрежеде жарақат алған. Кейін тәртіпсіздік әрекеттерін ұйымдастырушылар сотталды. Ал, 1960 жылы Қазақстан Компартиясы ОК XVII пленумында қызметте жіберген олқылықтары үшін республика жетекшісі Н.Беляев орнынан алынды. Оның орнына Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев сайланады.

Теміртау оқиғасы Орталық пен республика басшыларының

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

бірінші кезекке *адам факторы* қойылу керектігіне көздерін жеткізді. Оқиғадан кейін бірқатар тұрмыстық мәселелер өз шешімін тапты. Өкінішке орай, басшылықтың қоғам болашағы туралы қалыптасқан көзқарастарын өзгерте алмады.

Түсіндірме сөздік

Халық шаруашылық кеңестері (ХШК) – 1957-1965 жылдары Кеңестер Одағында құрылыс пен өнеркәсіпті басқарудың жергілікті әкімшілік органы.

Экстенсивті даму – сапалық тұрғыда емес сандық көрсеткіштер бойынша ұлғаю, даму.

Интенсивті даму – сапа мен өнімділікке басымдық беру арқылы қарқынды даму түрі.

Транзитті ел – Қазақ жері Еуразия құрлығының дәл орталығында орналасқандықтан Еуропа мен Азия елдерін байланыстырушы мемлекет деген мағынада айтылған.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Сол кезеңде Қазақстан экономикасы қандай бағытта дамыды және неліктен? 2. Көлік және байланыс [illegible] ал[illegible]шарттар жасалды?
3. Сол кезеңде ауыл шаруашылығының дамуына кедергі болған факторларды атап бер.
4. Экономиканы басқару саласына Кеңес үкіметі қандай реформалар жүргізді?
5. Теміртау оқиғасының басты себептерін ашып беріңдер.

Дамытушылық тапсырма:

А) Экономикадағы экстенсивтік және интенсивтік даму жолдарына талдау жасап, Қазақ елінің экономикасы неліктен экстенсивті бағытта дамығаны туралы ой пікірлеріңді ортаға салыңдар.

Ә) Карта бойынша осы кезеңде елімізде қалыптасқан ауыр өнеркәсіп ошақтары туралы баяндап, оны бүгінгі күнмен салыстырыңдар.

Тарихи тұлғалар

Гагарин Юрий Алексеевич *(1934, Ресей, Смоленск обл. – 1968, Мәскеу) Ғарышқа тұңғыш ұшқан адам, Кеңес Одағының Батыры (1961). 1951ж. Мәскеу маңындағы Люберцы қаласында қолөнер училищесін, 1955ж. Саратов*

индустрия техникумын, 1955ж. Кеңес Армиясы қатарында І-Чкалов әскери-авиациялық ұшқыштар училищесін бітірген. 1957ж. Солтүстік флоттың жойғыш авиация бөлімдерінде қызмет етеді. 1960ж. ғарышкерлер қатарына алынады. 1961ж. ғарышкерлер отрядының командирі болды. 1961 жылы 12 сәуірде тарихта тұңғыш рет «Восток» ғарыш кемесімен Байқоңыр ғарыш алаңынан ғарышқа ұшты. Ол Жерді айналып ұшып, 1 сағат 48 минутан кейін Жерге қайта қонды. Бұдан кейін ол ұшқыш ғарышкер ретінде ғарышкерлерді үйретіп-жаттықтыру ісіне тікелей араласып, ғарыш кемелерінің ұшу процесін басқаруға қатынасып отырды. Ю.Гагарин 1968ж. Әскери-әуе инженерлік академиясын бітіреді. 1964-68ж. Ғарышкерлерді даярлау орталығы бастығының орынбасары болды. Ол 1966 жылдан Астронавтика халықаралық академиясының құрметті мүшесі. Ленин орденімен, медальдармен және көптеген шетел ордендерімен марапатталған. Юрий Гагаринге Чехословакияның Социалистік Еңбек Ері, Болгарияның Батыры, Венгрияның Еңбек Ері атақтары берілді. Ю.Гагарин [illegible] кезінде қаза тапқан. Мәскеу облысы Монино қаласындағы Әскери-әуе академиясына, Айдың арғы бетіндегі кратердің біріне Ю.Гагарин есімі берілген. 1968 жылы Халықаралық авиация федерациясы Ю.Гагарин атындағы алтын медаль тағайындады. Ресейдегі Ғарышкерлерді даярлау орталығына, Ресей Ғарышкерлер Академиясының ғылыми-зерттеу кемесіне Ю.Гагарин есімі берілген. Әлемнің көптеген оқу орындары, қалалар, көшелер мен алаңдар Ю.Гагарин есімімен аталады.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

6.3 *Ауыл шаруашылығының дамуы. Тың игеру*

Ауыл шаруашылығындағы өзгерістер. Аграрлық саланың артта қалу себептері. Тың және тыңайған жерлерді игеру. Тың игерудің әлеуметтік – демографиялық салдары

Кеңес үкіметі тұсында ең көп тәжірибе жасалған сала – ауыл шаруашылығы. Жасалған реформалар аграрлық саланы дамытудың орнына, көбінесе үлкен қиындықтарға алып келді. Ауыл шаруашылығымен қазақ халқы тығыз байланысты. Қазақ халқының басым бөлігі ауылдарда тұрғандықтан реформалардың зардабы бірінші кезекте қазақтарға тиді.

Ауыл шаруашылығындағы тәжірибелер 1950 жылдары өз жалғасын тапты. 1953 жылы қыркүйекте КОКП пленумы ауыл шаруашылығында қалыптасқан жағдайларды талқылады. Пленумда мемлекет басшысы Н.С.Хрущев баяндама жасады. Баяндамада аграрлық саланың артта қалу себептері талданды. Күштеп ұжымдастырудың зардаптары, миллиондаған шаруалардың ашаршылық пен саяси қуғын–сүргіннің құрбаны болғандығы атап көрсетілді. Сонымен бірге, өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы есебінен дамыту ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайының төмендеуіне әкелді. Қыркүйек пленумы ауыл шаруалығының артта қалуын жою жөніндегі нақты шараларды белгілді.

Мал шаруашылығының артта қалу себептері: матералдық-техникалық негізінің әлсіздігіне, жайылымдардың тың игеру кезінде егістікке айналуына тікелей байланысты болды. Ауыл шаруашылығындағы жағдайды жақсарту үшін жемдік дақылдар егісінің көлемін ұлғайту жүзеге асырылды. Техникамен жабдықтау және малшыларды материалдық тұрғыда ынталандыру жұмысы жүргізілді. Еліміздегі 47 колхоз бен 225 совхоз ет өндіруге бағытталып қайта құрылды. Осы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде мал шаруашылығының жағдайы біршама жақсара бастады. 1950ж. басында колхоздарды ірілендіру нәтижесінде олардың саны республикада екі есе қысқарды. Сол себепті Қазақстан колхоздары материалдық тұрғыда жарақтанған ірі шаруашылықтарға айналды. Осы кезеңде шаруашылықты жүргізуде талантты ұйымдастырушылардың есімдері

көпшілікке таныла бастады. Олардың еңбегін мемлекет жоғары бағалады. Мысалы, Алматы облысындағы «Алматы» колхозының бастығы Л.Манько, «Мичурин» атындағы колхоздың бастығы Қ. Әбдіғұлов Социалистік Еңбек Ері атанды. Ал, Талдықорған облысындағы «Жаңа талап» колхозының бастығы Н.Алдабергенов екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын алды.

1950 ж. екінші жартысында МТС-тер таратылып, олардың қарамағындағы ауыл шаруашылық техникасы колхоздарға берілді. Бұрынғы МТС-тер орнына республикада 213 машина жөндеу станциясы (МЖС) құрылды. Кейін олар «Казсельхозтехника» өндірістік–техникалық жабдықтау бірлестігінің құрамына енді. Мұндай қайта құрулар ауыл шаруашылығының дамуына кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Оның материалдық–техникалық тұрғыда жабдықталуында тұрақтылық болмады.

Мал шаруашылығындағы негізгі қиыншылықтарды шопандар қауымы көтерді. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы «Айдарлы» ұжымшарының шопаны Жазылбек Қуанышбаев ерен еңбегімен көпке үлгі боп қой шаруашылығындағы селекциялық жұмыстардың нәтижесінде ол жүн мен қаракөл елтірісінің сапасын айтарлықтай жақсартты. Ол өндірген каракөл Делиде, Бухаресте, Познаньда, Нью-Йоркте өткен ауциондар мен жәрмеңкелерге қойылды. Шаруашылықтағы елеулі нәтижелері үшін Ж.Қуанышбаев 1958 жылы екінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атанды.

1960 жылы Республикада мал басының саны 37 миллионнан асты. Бірақта бұл көрсеткіш ұжымдастыру қарсаңындағы деңгейден әлдеқайда төмен еді. Ол кезде мал басының саны 40,5 млн құраған болатын. Бұл күштеп ұжымдастырудың қаншалықты зардабы болғандығын айқындап тұрса керек. Еліміздің мал шаруашылығы саласында жетістіктер де болды. Ол ветеринарияны дамыту мен мал тұқымын асылдандырудың жолға қойылуы еді. Оның нәтижесінде қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету жақсара бастады. Бірақта, үкімет басшылырының қазақ халқының мал шаруашылығында ғасырлар бойы жинаған тәжірибесін ескермеуі үлкен қателік еді. Шаруашылықты партиялық

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

бұйрықтар арқылы басқару әдісі аграрлық саланың дамуына басты тежеу болды.

Тың игеру және оның әлеуметтік – демографиялық салдары

1954 жылы 23 ақпан - 2 наурыз арлығында Компартия ОК кезекті пленумы болып өтті. Онда *«Елде астық өндіруді ұлғайту мен тың және тыңайған жерлерді игеру»* туралы қаулы қабылданды. Бұл КСРО-да нан тапшылығын жою үшін жасалды. Жалпы, астық мәселесін шешудің екі бағыты болды:

- интенсивтік бағыт, экономиканы реттеуде нарықтық қатынасқа көшу.
- экстенсивтік бағыт, яғни астық өнімін тың жерлерді игеру арқылы арттыру жолы.

Шаруашылықты нарықтық қатынастарға көшіру социализм идеологиясына қарайшы келетін еді. Сондықтан, азық-түлік мәселесін шешуде Кеңес үкіметі осы екінші жолды таңдады. Қаулы бойынша тың игерілетін аймақтар: Қазақстан, Сібір, Орал және Солтүстік Кавказ, Еділ өңірі. Бұл аймақтарда егіс алқабын арттыру көзделді. Қазақстанда тың игерілетін аймақтарға: Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Торғай және Павлодар облыстары белгіленді. Кеңес Одағы бойынша 1954 жылы 13,4 млн гектар тың жерлер жыртылды. Оның ішінде Қазақстанда 6,5 млн гектар, яғни барлық жыртылған жердің 50%. Осылайша, жаппай тың игеру қозғалысы басталды. Тек 1954-1955 жылдары Қазақстанда жаңа 337 совхоз құрылды. Бұл совхоз атауларының өзі көп жәйтті аңғартып тұрса керек: «Москва», «Ленинград», «Киев», "Кантемировец", "Тамановец" «Ростов», «Одесса» т.б. Жаңадан құрылған совхоздарда тұрғын үйлермен бірге жаңа мектептер, бала бақшалар, мәдениет үйлері, спорт алаңдары, кітапханалар салынды. Бұл республиканың әлеуметтік және мәдени дамуына қосылған зор үлес еді.

1954 жылы тамызда КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесі *«Астық өндіруді молайту үшін тың және тыңайған жерлерді одан әрі игеру туралы»* жаңа қаулы қабылдады. Осы қаулыға сәйкес ауыл шаруашылығының техникалық

базасын нығайту ісі қолға алынды. Қазақстан совхоздары сол кезеңде 169 мың трактор, 98 мың комбайн, 73 мың жүк машинасын және басқа да көптеген ауыл шаруашылық техникасын алды. КСРО Министрлер Кеңесі 1954 жылы қыркүйекте тың игерілген жерлерде темір жолдар мен автомобиль жолдарының құрылысын дамыту туралы қаулы қабылдады. Қаулы бойынша Қазақстанда 2.600 шақырым автомобиль жолы төселуге тиісті болды. Тың игеру барысында Тобыл–Жетіқара, Есіл–Арқалық темір жолдары іске қосылды.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің үлкен зардаптары да болды. Билік басындағылар ғалымдардың пікірімен санаспады. Экология мен жергілікті халықтың ерекшеліктерін ескермеуі үлкен зиян әкелді. Қазақстанның тың өлкелерінде жер эрозияға ұшырады. 1960 жылдарға қарай Қазақстанның тың өлкелерінде 9 млн га жер жел эрозиясына ұшырады. Тың игерудің рухани және демографиялық зардаптары да зор болды. Қазақстанға 1954-1962 ж. тың игеруге КСРО-ның еуропалық бөлігінен 2 миллионға жуық адам келді.

Сол себепті қазақ халқы өз жерінде азшылық жағдайын түсті. 1959 жылғы халық санағы бойынша республикада тұратын жергілікті ұлт өкілдерінің саны 2 миллион 787 мың, яғни барлық халықтың 29 % құрады.

Тың игерілген облыстарда 700 қазақ мектебі жабылды. Енді қазақ балалары мектеп–интернаттарда оқытыла бастады. Олардың басым көпшілігінде оқу орыс тілінде жүргізілді. Бұл біріншіден, қазақ жастарының ұлттық тілі мен мәдениетінен қол үзуіне әкеп соқтырды. Екіншіден, жергілікті халықты орыстандыру саясаты ашық жүргізіле бастады. Қазақ елінің жер–су атаулары орысша атала бастады. 1962 жылы Н.Хрущевтің бастамасымен Қазақстанның солтүстік облыстарын тың өлкесіне біріктіріп, Ақмола қаласы Целиноград деп өзгертілді. Мұндай орыстандыру саясатынан қазақ халқын еліміздің тәуелсіздігі ғана құтқарды.

Тың игеру кезінде құрылған совхоздарда шошқа шаруашылығына баса көңіл бөле бастады. Жергілікті халықтың ерекшеліктері ескерілмей, кейбір қазақ

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

ауылдарына да шошқа өсіруге нұсқау берілді. Бұл қазақтардың заңды наразылығын туғызды. Қазақ ауылдарында шошқа фермалары ашылғанымен олар көп ұзамай жабылып қалды. Өйткені, қазақтар шошқа шаруашылығын жүргізуден үзілді кесілді бас тартты. Шошқа шаруашылығын дамыту мен жайылымдардың қысқаруы қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығына кері әсерін тигізді. Түйе мен жылқы шаруашылығы құлдырап кетті. Емдік қасиеттері белгілі қымыз бен шұбат өндіру ұмытыла бастады. Халық үшін ең ауыр тигені сол кезеңде Кеңес үкіметінің жеке және қосалқы шаруашылық жүргізуге тиым салуы болды. Өйткені, ауыл тұрғындарынына мал ұстауға шектеу қою ақылға сыймайтын саясат еді.

Тың игеру 1964 жылға дейін жалғасты. Оның негізгі нәтижесі: сол уақыттан осы кезге дейін Қазақстан халқын нанмен қамтамасыз ету мәселесі шешілді. Сонымен бірге, Қазақстан астықты шет елдерге экспорттаушы елге айналды. Тың игерудің экологиялық және рухани зардаптары бойынша ол XX ғасырдың аса ірі экономикалық жобаларының бірі болды.

Түсіндірме сөздік

Тың игеру – бұрын егін шаруашылығына қолданылмаған жерлерді егістік алқаптары үшін жырту.

Топырақ эрозиясы – жердің құнарлы, қара топырақты қабатының жыртылғаннан кейін сумен шайылуы немесе желмен ұшырылу құбылысы.

Әлеуметтік құрылым – адамдардың еңбек ету әрекетіне қарай топтарға бөлінуі және олардың материалдық хал ахуалы.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игерудің негізгі мақсаты мен міндеттеріне тоқталыңдар.
2. Тың игерудің Қазақстан үшін қандай экономикалық маңызы болды?
3. Тың игерудің зардаптарын ашып көрсетіңдер.
4. Тың игеру саясатының демографиялық салдары қандай болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игерудің пайдалы жақтары мен зардаптарын ашып көрсететін кесте жасандар.

Ә) Тың игерудің бүгінгі күн үшін экономикалық тиімділігіне талдау жасандар.

Б) Қазақстандағы тың және тыңайған жерлер игерілген облыстарды картадан көрсетіңдер.

Арнайы тапсырма: 1950-1960 жылдары өзің тұратын өлкеде еңбек еткен адамдармен сұхбат жүргізіңдер. Сұхбаттасқан адамдар берген мәліметтер мен оқулықтағы мәліметтерді салыстырып, баяндап беріңдер.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

6.4 *Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде*

Қазақстанның халықаралық байланыстарының негізгі бағыттары. Қытайдағы қазақ диаспорасының бір бөлігінің елге оралуы. Халықаралық шарттардың Қазақстан үшін маңызы.

Қазақ КСР-і Кеңес Одағының құрамында болғандықтан сыртқы саясатын дербес жүргізе алмады. Халықаралық байланыстар тек орталықтың нұсқауы бойынша ғана жүзеге асырылды. Қазақ елінің белсенді халықаралық байланыстар орнатуы тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды.

Сол жылдарда Қазақстанның халықаралық байланыстары мәдени және экономикалық сипатта болды. Саяси қарым қатынастарды тек орталық жүргізіп отырды. Қазақстанның халықаралық байланыстары негізінен Үндістан, ҚХР, Индонезия, Бирма, Непал сияқты елдермен орнатылды. Сол кезеңде Қазақстанға шет елдің мәдениет қайраткерлерінің делегациялары келіп, республика өмірімен танысты. Сондай ақ, Қазақстанның шет елдермен туристік байланыстары да кеңейе бастады. Үндістан премьер-министрі Д.Нерудің Қазақ еліне ресми сапармен келуі республиканың саяси өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі болды. Бұл сапардан кейін Қазақстан мен Үндістан арасындағы мәдени байланыстар жандана түсті.

1950-1960 жылдарда Қазақстан экономикасының дамуы экспорттық мүмкіндіктерін де кеңейтті. Одан түскен пайда негізінен орталықтың қазынасына түсіп отырды. Шет елдерге Қазақ жерінің қазба байлығы мен химия өндірісінің тауарлары экспортқа шығарылды. Ал, Қазақстанға шет елдерден әкелінген өнеркәсіп тауарлары мен техникалық құрал жабдықтар болды. Олар негізінен социалистік елдерден импортталды.

КСРО мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қарым қатынастың жақсаруы қазақ халқы үшін өте маңызды болды. Өйткені, күштеп ұжымдастыру мен аштыққа байланысты Қытайға қоныс аударуға мәжбүр болған қазақтар Отанына қайта оралуына мүмкіндік алды. 1950 жылдардың ортасынан бастап 1962 жылға дейін Қытайдағы қазақ *диаспорасының* 200 мыңнан астамы елге қайта оралды. Кеңес үкіметі

репатрианттарды қабылдау, орналастыру, әлеуметтік жағдайларын шешу бағытында іс шараларды жүзеге асырды. Оларды негізінен бұрын мекендеген жерлеріне орналастырды.

Бірақ та, 1963 жылдан бастап бұл *үрдіс* тоқтатылды. Қытайдағы қазақтар елге оралуға сұранғанымен Кеңес үкіметі оған мүдделі болмады. Оларға сенімсіздікпен қарай бастады. Себебі, *1960 жылдың ортасына қарай КСРО мен Қытай арасындағы қатынастарда қайшылықтар туындай бастаған еді.* Ол территориялық даудан пайда болды. 1967 жылы екі елдің әскери күштері соғыс жағдайына келтірілді. Кеңес Одағының шекарасындағы Қытай әскерлерінің саны 400 мыңға жетті. 1969 жылы 13 маусымда *Даман* аралы үшін соғыс қимылдары басталды. Екінші әскери қақтығыс 1969 жылы 13 тамызда Жалаңашкөлде (Семей облысы) болды. Кеңес үкіметі Қытайдың ядролық нысандарына соққы беретінін жариялады. Яғни, әлемге ядролық соғыс қауіпі төнді. Соған орай, КСРО мен Қытай басшылары келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Келіссөздер 1969 жылы 11 қыркүйекте Пекинде екі елдің үкімет басшылары А. Косыгин мен Чжоу Эньлай арасында өтті. Нәтижесінде екі ел келісімге келіп, соғыс қауіпі жойылды. Ал, шет елдердегі, соның ішінде Қытайдағы қазақ диаспорасының тарихи Отанына оралу мүмкіндігі Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана туды.

Кеңес Одағы II-дүниежүзілік соғыстан кейін *әлемдік державаға* айналған еді. Сол кезеңде қалыптасқан *социалистік лагерь* елдерінің жетекшісі болды. Әлемнің екі лагерьге: социалистік және капиталистік болып бөлініуі екі жүйе арасындағы «қырғи қабақ соғысына» алып келді. Әлемде жаңа әскери саяси күштер пайда болды. Халықаралық жағдайдың шиеленісуіне байланысты жетекші елдерде әскери өнеркәсіпті дамыту және жаппай қарулану саясаты қарқынды жүргізілді. Сондай ақ, Кеңес Одағының атом қаруына иелік ету факторы да әлемдік саясаттағы орнын айқындап берді. Солай бола тұрса да, Кеңес Одағының әлемдегі бейбітшілікті нығайтуға бағытталған бастамалары да өте маңызды болды. 1951 жылы 12 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі соғыс ісін насихаттау

адамзатқа қарсы бағытталған аса ауыр қылмыс деп жариялаған «Бейбітшілікті қорғау» туралы Заң қабылдады. Сонымен бірге, әлемдік қауымдастыққа Бейбітшілік үндеуін жариялады. Бұл үндеуге 118 млн кеңес азаматы, соның ішінде 4 млн қазақстандық қол қойған болатын. 1963 жылы тамызда Мәскеуде *«Ауада, ғарышта және су астында ядролық сынақтар жасауға тыйым салу туралы»* Шартқа қол қойылды. Бұл шарттың қазақстандықтар үшін маңызы зор еді. Өйткені, Семей ядролық сынақ полигонында енді ауада атом сынағы жасалмайтын болды. Оның полигон қасіретін шегіп отырған отырған халық үшін аз да болса пайдасы болды.

Түсіндірме сөздік

Диаспора – тарихи Отанынан тыс жердегі белгілі бір халықтың өкілдері.

Репатриант – тарихи Отанына қайта оралу.

Социалистік лагерь- Батыс елдері мен АҚШ қа қарсы Кеңес Одағының ықпалы бойынша құрылған социалистік елдердің одағы. Бұл жүйеге Кеңес Одағынан басқа Шығыс Еуропа елдері, Куба, Солтүстік Корея, Вьетнам, Лаос сияқты Коммунистік партия билік жүргізген елдер кірді. Социалистік жүйе КСРО тарағаннан кейін өмір сүруін тоқтатты.

Алпауыт ел (держава) - әлемде экономикалық, саяси, әскери үстемдікке ие болған мемлекет.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қытайдағы қазақтардың бір бөлігі тарихи Отанына қашан орала бастады және онда неліктен қоныс аударған еді
2. Қазақ елі халықаралық байланыстар жүргізуде қандай құқықтарға ие болды және бұл байланыстар қай салалар бойынша орнатылды?
3. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы негізінен шетелдің қандай елдерімен байланыстар орнатты?
4. Кеңес Одағы мен Қытай арасындағы келіспеушіліктің себебі неде болды.?
5. 1963 жылы Мәскеуде қандай халықаралық шартқа қол қойылды және оның Қазақстан үшін қандай маңызы болды?

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Социалистік жүйе мен капиталистік жүйенің қарым қатынасына сипаттама беріңдер.

Б) Әлемдік карта бойынша сол кезеңде Қазақстанмен халықаралық мәдени экономикалық байланыс жасаған елдерді анықтаңдар.

7-тарау: 1970-1980 жылдардағы Қазақстан

7.1 *Қоғамдық өмір және кеңестік ұлттық саясат*

Республиканың қоғамдық-саяси дамуы. КСРО және Қазақ КСР Конституцияларының қабылдануы. Кеңестік қоғамдағы ұлтаралық қатынастар. Целиноград оқиғалары.

1960 жылдардың ортасына дейін қоғам өмірін демократияландыру мен экономиканы дамытуға бағытталған реформалар сәтсіз аяқталды. Сондай-ақ, бұл кезеңде Н.Хрущевтың жеке басына табыну көрініс бере бастаған еді. Мәселен, 1963 жылы Н.Хрущев Қазақстанның мақта өсіретін аудандарын Өзбекстанға, ал жаңадан қалыптасып келе жатқан Маңғыстау өндірістік ауданын Түркіменстанға қосу жөнінде ұсыныстар жасады. Бұл ұсыныстардың қазақ халқының мүддесіне қайшы келетінін жеткізген республика жетекшісі Д.Қонаев орнынан алынды. Орталықтың шешімімен Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы болып Юсупов тағайындалды. Ол республиканы 1962-1964 жылдар аралығында басқарды. Дәл осы кезде Қазақстанның оңтүстіктегі мақта өсіретін бірқатар аудандары Өзбекстанға берілді. Ал, Кеңес Одағының ішкі-сыртқы саясатындағы маңызды мәселелерін шешуде Н.Хрущев тарапынан *субъективизм мен волюнтаризм*ге жол берілді.

Сондықтанда қалыптасқан жағдайды түзеу үшін дереу шара қолдану қажеттілігі туындады. Осы мақсатта КОКП Орталық Комитетінің 1964 жылы қазанда кезектен тыс пленумы шақырылды. Пленум Н.Хрущевті КОКП Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы және КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерінен босатты. *КОКП Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы болып Л.И.Брежнев*

сайланды. Ал, Қазақстан КП ОК бірінші хатшылығына сол жылы Д.Қонаев қайта тағайындалды.

Кеңестік идеологияға сәйкес 1967 жылы Қазан төңкерісінің 50 жылдығына арналаған мәжіліс болып өтті. Мәжілісте Л.И. Брежнев Кеңес Одағында *кемелденген социализм* орнатылды деген мәлімде жасады. Бұл қорытынды бойынша біріншіден, қоғамда социализм орнатудың ұзаққа созылатын үрдіс екендігі мойындалды. Екіншіден, партия идеологтары коммунизмге «секіріс» жасау идеясынан бас тартуға мәжбүр болды.

Осы тарихи кезеңде Кеңес Одағының басшылығы жаңа саяси науқанын бастады. Ол елдің негізгі құжаты жаңа Конституция қабылдау еді. 1977 жылы мамырда КСРО жаңа Конституциясының жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Нәтижесінде 1977 жылы 7 қазанда КСРО Конституциясы қабылданды. *Оның негізгі мақсаты:* Кеңес Одағында коммунистік қоғамның материалдық – техникалық базасын жасау болды. Сол мақсатты жүзеге асыру үшін мынандай *міндеттер* белгіленді:

- Социалистік меншікті жетілдіру және коммунистік қатынастарға айналдыру.
- Коммунистік қоғамға сай идеалды адамды тәрбиелеу.

Конституцияда Кеңес Одағының саяси негізі – барлық буындағы халық депутаттарының Кеңестері деп жарияланды. Алайда, Кеңес қоғамының басты бағыт беруші күші Коммунистік партия болатыны арнайы бапта көрсетілді. Бұл шын мәнінде, Компартияның саяси билігінің үстемдігі конституциялық тұрғыда бекітілгенін көрсетті. Яғни, Компартия жетекшісі мемлекет басшысы міндетін атқарды. Кеңес Одағындағы ең жоғарғы заң шығарушы орган-Жоғарғы Кеңес те, атқарушы билік – Министрлер Кеңесі де толығымен партиялық нұсқау бойынша қызмет атқарды. Конституция бойынша Одақтас республикалардың егемендігі мойындалғанымен, оның бәрі сөз жүзінде ғана болды. Орталықтың өктемдігі егемендік туралы мәселе көтере алмайтындай жағдайға жеткізген еді.

Жаңа Конституция қабылдау науқаны барлық одақтас республикаларда да жүргізілді. Барлық республикаларда орталықтың іс әрекеті қайталанды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

1978 жылы наурызда Қазақ КСР Конституциясының жаңа жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Ол КСРО Конституциясы негізінде жасалған болатын. Сондықтанда, Конституция жобасы сын тұрғысында талқылануы мүмкін емес еді. Сол жылы сәуірде Қазақстан Компартиясы жобаны Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясының қарауына ұсынды. Ал, *1978 жылы 20 сәуірде Қазақ КСР жаңа Конституциясы қабылданды.*

Қазақ КСР Конституциясында КСРО Конституциясындағы негізгі мәселелер қайталанды. Біздің республикада да Коммунистік партия жеке дара билікке ие болды. Кеңес Одағы құрамындағы барлық ұлттар мен ұлыстардың құқықтарын шектелді. Саяси құқықтарымен бірге Конституцияда айқындалған мәдени даму құқықтарын да бұзды. Ол әсіресе, тіл саясатынан көрініс тапты. Кеңес халықтарын бір тілде, яғни орыс тілінде ғана сөйлету саясаты жүргізілді. Бұл идеологияны Кеңес үкіметі «халықтар достығы» мен «ұлттардың жақындасуы және бірігіп кетуі» туралы теорияның негізінде жүргізді.

Сталинизм ұлтына қарамай құрту әдісін қолданғаны болтіді. Ал, кеңестік идеология бойынша ұлттық қасиеттерді жою арқылы кеңес халқын қалыптастыру мақсатын көздеді. Ол орыс мәдениетінің негізінде жүзеге асырылады деп тұжырымдалды. Бұл тарихи кезеңнің идеологиясының басты бағыты орыстандыру саясаты екенін көрсетіп берді.

Марксизм-ленинизм ілімі бойынша бірте бірте мемлекеттер мен ұлттар жойылып, коммунистік қоғам орнайды деген теория Компартияның негізгі идеологиясына айналды. Соның нәтижесінде Қазақстанда тек орыс тілі ғана қолданылып, қазақ тілін қолдану шектелді. Қазақ тілі тұрмыстық сала мен қазақ ауылдарындағы мектептерде ғана қолданылды. Ал, іс қағаздарын жүргізуде, мемлекеттік, дипломатиялық, әскери салаларда, жоғары оқу орындарында қолданылмады. Теледидардың 70% орыс тілінде хабар таратса, кітаптар мен баспасөздің 95% орыс тілінде шықты. Ұлттық сана сезім кеңестік идеологияның көлеңкесінде қалды. Бұндай идеологиялық саясаттың қай халықтың болса да наразылығын туғызуы заңды еді.

1963 жылы Мәскеуде қазақ студенттері тұңғыш бейресми

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

бірлестік - *«Жас тұлпар» ұйымын* құрды. Бұл ұйым ұлттық-демократиялық идеяларға негізделіп құрылды. *Ұйым жетекшісі Мұрат Әуезов болды.* Ұйым құрамына А.Қадыржанов, Б.Тайжанов, Ж.Намазбаева сынды Мәскеудің жоғары оқу орындарында оқитын көптеген студенттер кірді. Ұйымның негізгі мақсаты: қазақ халқының ұлттық санасын қайта жаңғырту болатын. Ұйым мүшелері Қазақстан мен Ресейдің қазақтар тығыз қоныстанған бірқатар облыстарына экспедициялар ұйымдастырған. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасын насихаттайтын концерттер қойып, дәрістер өткізеді. Сонымен бірге, билік органдарына ұлт саясатына қатысты өз ұсыныстарын жеткізуге тырысты. Алайда, *билік органдары «Жас тұлпар» ұйымын құғындап, оны 1970 жылдары таратып жіберді. Бірақ, студент жастардың бойындағы ұлтына деген сүйіспеншілігін, отаншылдық сезімін өшіре алмады. «Жас тұлпар» ұйымының құрамында болған студенттер бүгінгі күні қоғамының әр саласында тәуелсіз Қазақстанның өсіп өркендеуі үшін еңбек етуде.*

«Жас қазақ» ұлттық-демократиялық ұйымды Алматыда 1974-1977 жылдары Хасен Қожахметов те ұйымдастырды. Ол «Жас қазақ» деп аталды. Бұл ұйым ұлттық-демократиялық бағытта болған. Оның мақсаты қазақ халқының ұлттық санасын жаңғырту еді. «Жас қазақ» ұйымы да құдалауға ұшырап, жабылды. 1977 жылы Х.Қожахметов ұлттық сипаттағы ұйым құруға әрекеттенгені үшін екі жылға бас бостандығынан айырылған. Оның ақын ретіндегі өлеңдерінің жариялануына қатаң бақылау орнатылды. Сондықтан да 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне Х.Қожахметовтың белсене қатысуы заңды болса керек.

Кеңестік идеологияға сай келмейтін ұлттық мәдениетті насихаттаған зиялылар қуғынға ұшырады. 1975 жылы Олжас Сүлейменов «АЗиЯ» атты еңбегінде «Игорь жасағы туралы жырды» (12ғ.) зерттей келе, өзіндік ғылыми тұжырым жасады. Яғни, *бұл жырдың түркі және славян мәдениеттерінің өзара ықпалы нәтижесінде туған шығарма екенін дәлелдеді.* Кеңес идеологтары О.Сүлейменовтың тұжырымдарын *пантюркистік және*

орыс мәдениетіне қарсы жазылған ұлтшылдықтың көрінісі деп айыптады. Мұны автордың өз сөзімен айтқанда: *«Кейбір өркөкірек, ұлттық намысы қозғыш шамшылдарға қатты батқаны: көне орыс ескерткішіне басқа ұлт өкілінің талдау жасап, пікір айтуы. Олардың ойынша мұндай зерттеу, мұндай пікірді, әсіресе славян түркі халықтарының көне мәдениеті және олардың өзара қарым қатынасы туралы әуелгі пікірді басқа ұлттың өкілі емес, тек орыс халқының өкілі ғана айтуы тиіс болатын.»* (Сүлейменов О. АЗ и Я. Ізгі ниетті оқырман кітабы. Алматы: «Жазушы», 1992.- 5 б.) «АЗ и Я» кітабын оқуға тиым салынып, кітапханалар мен кітап дүкендерінен алынып тасталды. Еңбектің авторы да құғындалып, моральдық қысым жағдайына түсті.

Ғылым саласында ой – пікір бостандығына да қысым көрсетілді. 1976 жылы ғалымдар тобы дайындаған «Дәстүрлі қазақ өнерінің дүниетанымы» кітабын, антрополог О.Ысмағұловтың «Қазақстанның этностық геногеографиясы» атты еңбегін басуға рұқсат берілмеді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

Целиноград оқиғалары

Сталиндік депортация саясаты бойынша Еділ бойындағы неміс автономиясы таратылып, мыңдаған неміс азаматтары Қазақ жеріне еріксіз қоныс аударылған болатын. Осылайша Қазақстанда неміс диаспорасы қалыптасқан еді. 1979 жылы КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің (МҚК) төрағасы Ю.Андроповтың ұсынысымен КОКП ОК Қазақ жерінде Неміс автономиялық облысын құру туралы шешім қабылдады. Бұл шешім Қазақ КСР Конституциясы мен қазақ халқының мүдделерін аяққа басудың айқын көрінісі еді. Орталықтың саяси шешіміне Қазақстан басшылары қарсы шыға алмады. Орталықтың нұсқауын жүзеге асыру үшін республика аумағында неміс автономиясын құру жөніндегі арнайы комитет құрылды. Бұл комитетке басшылық жасауға Қазақ КСР Компартиясы ОК II хатшысы А.Коркин тағайындалды.

Комитет болашақ неміс автономиясының әкімшілік орталығы ретінде Целиноград облысындағы Ерейментау қаласын белгіледі. Автономияның құрамына Целиноград, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау облыстарының немістер

тығыз қоныстанған бірнеше іргелес аудандары енгізілмек болды.

Бұл шешімдер қазақ халқының заңды наразылығын туғызды. 1979 жылы 16-19 маусымда Целиноград қаласында қазақ жастары бейбіт демонстрациялар ұйымдастырды. Олар *«Қазақстан бөлінбейді!», «Неміс автономиясына жол жоқ!»* деген саяси ұрандар көтерді. Жастар Қазақстанның Кеңес Одағының құрамдас бөлігі әрі Қазақ жерінің өзге де ұлт өкілдерінің мекені екенін атап көрсетті. Облыс басшылары демонстрацияны таратуға әрекет жасады. Бірақ қазақ жастары наразылық шерулерін жалғастыра берді. 19 маусымда болған демонстрацияда Целиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Морозов пен облыстық атқару комитетінің төрағасы Жұмахметов халық алдына шығуға мәжбүр болды. Облыс басшылары неміс автономиясы құрылмайтыны туралы мәлімдегеннен кейін ғана наразылық тоқтатылды.

Осыдан кейін Атбасар, Ерейментау, Көкшетау қалаларындағы наразылық шерулері де басылды. Бір жақсысы, орталық бейбіт демонстрацияларды басу үшін әскери күш қолданбады. Бірақ, партия ұйымдары мен МҚК Целиноград оқиғалары туралы мәліметтердің елге таралмауын қатты қадағалады. Билік жүйесі қанша жасырғанымен Целиноград оқиғалары халыққа таралып, бүкіл республикаға белгілі болды.

Целиноград оқиғаларының нәтижесі мен тарихи маңызы:

- Халықтың қарсылығы Қазақ жерінде Неміс автономиясын құруды жүзеге асырмай тастады.
- Партия жетекшілеріне ұлтаралық қатынастарды жергілікті халықпен санаспай шешуге болмайтынын дәлелдеді.

Түсіндірме сөздік

Субъективизм – табиғат пен қоғамның даму заңдылықтарын ескерусіз жаслатын көзқарас, тұжырым.

Волюнтаризм - өмірдің негізі ерік деп санайтын көзқарас. Саясатта табиғи заңдылықтармен, ғылыми болжамдармен санаспай өз еркі бойынша шешім қабылдау.

Шовинизм – бір ұлттың екінші ұлттан артықшылығын, нәсілшілдікті насихаттайтын саяси идея, көзқарас.

Пантюркизм – түрікшілікті, яғни түркі халықтарының

бірлігі мен мәдени тұтастығын насихаттайтын көзқарас, саяси ағым.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Кеңес Одағы мен Қазақ КСР дегі билік басындағы өзгерістердің себебі неде болды?
2. Кеңестік Конституциялардың сипаты қандай болды және Конституция талаптары қалай орындалды?
3. Мәскеуде құрылған «Жас тұлпар» ұйымы туралы не білесіңдер?
4. О.Сүлейменов «Азия» атты еңбегінде қандай мәселелер көтерді және бұл кітапқа не үшін тиым салынды?
5. Ақмола оқиғасының себебі неде болды және ол қалай шешілді?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) 1978 жылғы Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы және ондағы қазақ халқының егемендігіне қатысты мәселелерге талдау жасаңдар.

Ә) Теміртау оқиғасы мен Ақмола оқиғасының ортақ және ерекше белгілерін анықтап, талдау жасаңдар.

Тарихи тұлғалар

Брежнев Леонид Ильич *(1906, Украина, Днепродзержинск қ. - 1982, Мәскеу) Мемлекет және қоғам қайраткері, Кеңес Одағының жетекшісі, яғни СОКП ОК Бас хатшысы (1966-82). Жұмысшы отбасында дүниеге келген. Днепродзержинск металургия институтын 1935ж. бітірген. 1947ж. Днепропетровск обл. партия комитетінің І-хатшысы, 1950ж. Молдавия КП ОК І-хатшысы болған. 1954ж. ақпанда Қазақстан КП ОК ІІ-хатшысы, 1955ж. тамызда І-хатшысы болып сайланған. Қазақстанда орталықтың үстемдігін одан әрі нығайту мен тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне басшылық жасады. 1960-64ж. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы, 1964ж. СОКП ОК Бас хатшысы болып сайланды. Л.Брежнев басшылық еткен кезеңде «Кеңес империясында кемелденген социалистік құрылыс жеңді» деген негізсіз ресми тұжырым жасалды. Алайда, КСРО экономикалық және саяси қайшылықтар мен тоқыраудан шыға алмады.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

Л.Брежнев ішкі саясатта әкімшілдік-әміршілдік жүйені орнықтырды. Ел ішінде армияның, қауіпсіздік органдары мен партиялық бақылауы күшейді. Л.Брежнев билік жүргізген кезеңде 1968ж. Кеңес армиясы Чехословакияға, 1979ж. Ауғанстанға басып кірді. Халықаралық қарым қатынас мейлінше шиеленісіп кетті. Әскери әлеуетті күшейту жолындағы бәсекелестік Кеңес Одағының саяси және экономикалық дағдарысқа ұшырауына себеп болды. Л.И.Брежневты мақтау, орынсыз мадақтау әрекеттеріне кеңінен жол ашылып, ол 220-дай кеңестік және шет елдік ордендермен,медальдармен марапатталған.

7.2 *Экономикадағы жетістіктер мен қайшылықтар* Республика экономикасының даму бағыттары. Аймақтық-өндірістік кешендердің құрылуы. Ауыл шаруашылығының жай-күйі.

1970-1985 жылдар аралығы Кеңес дәуірінің тарихында *«тоқырау»* кезеңі деген атпен қалды. Дегенмен, Қазақстан экономикасы *экстенсивті* бағытта дамыды. Республика өнеркәсібінің негізгі бөлігі одақтық министрліктердің қарамағында болды. Бұл кезеңде Қазақ елінің Кеңес Одағының аса ірі шикізат базасы ретіндегі ролі одан әрі күшейе түсті. *Мысалы: Кеңес Одағының қазынасына Қазақстан кәсіпорындары жылына 15 млрд сом жалпы табыс әкеліп отырған. Ал, біздің республикалық бюджетке соның 1 % астамы ғана аударылған.* Бұл көрсеткіштер Орталықтың әділетсіз саясаты мен өктемдігінің айқын көрінісі болатын.

Жоспарлы экономика тиімсіздігі жылдар өткен сайын айқын сезіле бастады. Өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған социалистік жарыстар жоспарды артығымен орындау үшін сапаны емес, сан қууды дәстүрге айналды. Сандық мәліметтер маңызды факторға айналды. Кәсіпорындарда социалистік жарысты ұйымдастыру әдістері жетілдірілмеді. Социалистік жарыстардың өнім сапасын жақсартуға, өндірісті жетілдіруге ықпалы мардымсыз болды. Өндірісте немқұрайлылық көңіл күйі жайлап алды. Оның бәрі еңбекшілерді материалдық тұрғыда ынталандыру

жүйесінің дұрыс жолға қойылмауынан пайда болды. Сонымен бірге, жалақы төлеудегі *«теңгермешілік»* жұмысшылардың ынталылығына кері әсер етті.

Осындай келеңсіз жағдайларды өзгерту үшін 1970-жылдары ғылыми-өндірістік бірлестіктер құру мәселесі көтерілді. Мұндай бірлестіктер арқылы ғалымдар мен конструкторлардың, инженерлер мен жұмысшылардың еңбегін бір жерге тоғыстыру көзделді. Ғылыми-өндірістік бірлестіктермен бірлесе жұмыс істейтін кәсіпорындар көбейді.

Бірақ, бұл тәжірибенің нәтижесі күткендегідей болмады. Оның өзіндік себептері болды:

- Экономиканы басқару жоспарлау әдісі арқылы ғана жүргізілді;
- Мемлекеттік меншік монополияға айналып, ҒТП жетістіктерін енгізуге көп қаржы бөлуге мүдделі болмады.

Ғылыми-техникалық прогресс жетістіктері бірінші кезекте әскери өндірістік кешендерге енгізілді. Өнім сапасын арттыру мен заман талабына сай технологияны игеруде Кеңес Одағы Батыс елдерінен артта қалуы айқын көрінді. Алайда, республика жетекшілері партия съездерінде ғана кен орындары мен зауыт-фабрикалардың іске қосылу жетістіктері бойынша ғана есеп беріп отырды. Кемшіліктер туралы айтылмады.

Сол кезеңде республикада ірі аймақтық-өндірістік кешендер жүйесі тұрғызылған болатын. Олар: Павлодар-Екібастұз, Маңғыстау, Қаратау-Жамбыл, Шымкент-Кентау аймақтық өндірістік кешендері еді. Соның ішінде 1970 жылдары Маңғыстау аумақтық-өндірістік кешені іске қосылды. Лисаков кен – байыту комбинаты, Шерубай – Нұра шахтасы, Талдықорған аккумулятор зауыты және т.б. ірі кәсіпорындар бой көтерді. Сондай ақ, Екібастұз отын–энергетика кешені мен Ертісте Үлбі СЭС құрылысы басталды. 1975 жылға қарай республиканың барлық кәсіпорындары электр энергиясымен қамтамасыз етілді. Минералды тыңайтқыштар өндіру 1,8 есе өсіп, фосфор өнеркәсібі Одақ бойынша жетекші орын алды. Мұнайды сыртқа шығару көлемі арта бастады. Сол жылдары өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 2 есе, машина жасау, химия

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

өнеркәсібі 3 есе өскен. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен республика Одақ бойынша 3 орында болды.

1970–1980 жылдары алып өндірістік кешендерді салу біржақты шикізаттық бағыттың ғана дамуына алып келді. Халық тұтынатын тауарлар өндірісіне, тамақ және жеңіл өнеркәсіптің дамуына жете көңіл бөлінбеді. Бұл салаларда кері кету болмаса да ілгері даму тежеле бастады. Дайын өнім басқа республикалардан, яғни, халық тұтынатын тауарлардың 60% сырттан әкелінді. Сондықтан ол тауарлардың құны да қымбатқа түсті. Ал, Қазақстанда өндеуші әрі дайын өнім шығаратын кәсіпорындар өте аз болды. Мұның бәрі кейін еліміздегі тауар тапшылығын туғызды. Бұл ахуал ең алдымен халықтың әлеуметтік жағдайына кері әсер етті.

Ауыл шаруашлығы

СОКП ОК 1965 жылы наурыз пленумында ауыл шаруашылығын басқару әдістерін жетілдіру туралы шешімдер қабылданды. Жеке және қосалқы шаруашылықтарды жою саясаты қате деп танылды. Соған сәйкес ауыл тұрғындары жеке шаруашылық жүргізуге мүмкіндік алды. Бұл шаралар ауыл шаруашылығын едәуір алға дамытты. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсартуға септігін тигізді.

Ауыл шаруашылығын реформалау 1970-жылдары одан әрі жалғастырылды. Реформа бойынша көзделген шаралар:

- *аграрлық салаға бөлінетін қаржы көлемін арттыру;*
- *ауылдың әлеуметтік мәселелерін шешу мен шаруашылық есепті енгізу;*
- *ауыл шаруашылық өнімдерін сатып алу бағасын арттыру.*

Бұл шаралар өз нәтижесін бере бастады. Мысалы: 1971-1980 жылдары ауыл шаруашылығына 18 млдр сом бөлінді. Осындай қаржылық қолдаудың негізінде ауыл шаруашылығы 75-90% механикаландырылды. Механикаландырылған салаларға: жер жырту, тұқым себу, дәнді дақылдарды жинау, сүт өндіретін фермалар кірді. Бірақта, жердің құнарлылығын арттыру, электрлендіру, өнім сақтайтын және өңдейтін кәсіпорындар салу жұмыстары жеткілікті дәрежеде жүргізілмеді.

Шаруашылықты ұтымды ұйымдастыру, оның тиімділігін арттыру бағытындағы жаңашыл ізденістер қолдау таппады. Колхоздардың өзін-өзі басқару құқығы шектеліп, партия органдары тарапынан бақылау күшейе түсті. Мысалы, Алматы облысы, Күрті ауданы «Ақши» совхозының басшысы *И.Н Худенко* шаруашылықты жүргізудің жаңа тиімді әдістерін енгізуге әрекет жасады. Ол шаруашылыққа мынадай өзгерістер енгізді:

- Фермерлік шаруашылықтар құру;
- Қағазбасшылық айналымын азайту;
- Еңбек ақы төлеуді түпкі нәтижеге сәйкес есептеу .

И.Худенко тәжірибесінің нәтижесінде шаруашылықтағы еңбек өнімділігі – 6 есе, еңбек ақы – 3 есеге артқан. Ауыл шаруашылық өнімінің өзіндік құны бірнеше есе төмендеді. Бірақта, И.Худенко енгізген шаруашылықты жүргізу әдісі республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің тарапынан қысымға ұшырады. Худенкоға мемлекет қаржысын ұрлауға тырысты деген жалған айып тағылды. Ол сотқа тартылып, түрмеде қайтыс болды. (бірнеше жылдан кейін Қазақ КСР Жоғары Соты коллегиясының шешімімен ақталды)

Осылайша, ауыл шаруашылығы көтеңкі тіршілік бақ қауғасы алынып, еркін дамуына мүмкіндік берілмеді.

Қазақ елі Одақ бойынша қой шаруашылығы мен оның өнімдерін өндіруден жетекші орында болды. 1975 жылғы есеп бойынша еліміздің шаруашылықтарында 34,6 миллион қой мен ешкі болған. Ұжымшарлар мен кеңшарларда сиыр сауу, қой қырқу, суару жұмысы біршама механикаландырылғанына қарамастан, ауыл шаруашылығында қолмен атқарылатын еңбектің үлес салмағы басым болды. Осыдан келіп мал шаруашылығында шопандар мен бақташылар жетіспеді. Бұл мәселені шешудің жолын еліміздегі қой шаруашылығы басым дамыған Семей облысының басшылары ұсынды. 1971 жылы осы облыстың Шұбартау аудандық комсомол ұйымы бастама көтеріп, мектеп бітіретін жастарды қой шаруашлығына келуге шақырды. Мектеп бітірушілер бұл бастаманы «қолдайтындықтарын» білдірді. Сөйтіп, қой өсіруші комсомол – жастар бригадалары жаппай құрыла бастады. Ол бригадаларға мектеп бітірушілерді еркінен тыс енгізді. Оған

ер балалармен бірге қыздар да міндетті болды. Өйткені, оларға орта мектепті бітіргені туралы аттестат екі жылдан кейін ғана берілетін болып белгіленді. *Бұл Компартияның орталық органдарының нұсқауымен ауыл жастарын әрі қарай оқып білім алуына кедергі жасауға бағытталған құйтырқы саясаты еді. Ол адам құқын бұзудың жарқын көрінісі болды.*

Осынау саясат науқанға айналып, мыңдаған мектеп бітіруші ауыл жастары жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндігінен айырылды. Оның зардабы мал шаруашылығына да тиді. Қой өсіруші жастар бригадалары алдарына қойылған міндеттерін орындай алмады. Ол заңды да еді. Өйткені, олар тәжірибесіз, мал бағудың қыр-сырын әлі меңгере қоймаған жастар болатын. Бұл науқан кезінде республикада мал басы азайып кетті.

Ауыл шаруашылық өнімдерін мемлекеттік сатып алу саясаты аграрлық салаға үлкен тежеу болды. 1970–1985 жылдары республика жыл сайын *одақтық қорға* 300 мың тонна ет өткізуге міндетті болды. Одан келген пайда–9 млрд сом шығын – 18-27 млрд сомды құрады. Осындай мемлекеттік салықтың нәтижесінде республиканың шаруашылық ұжымдары айналымдық қаржысынан толықтай айырылды. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өндірістік қызметін мемлекеттік несие есебінен жүргізе бастады.

1982 жылы мамырда КОКП ОК пленумы болып өтті. Пленумда кеңестік агроөнеркәсіптік кешеннің тиімсіздігі мойындалды. Сондықтан да осы пленумда мемлекеттік азық-түлік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін ауыл шаруашылығы мен көлік-сауда салаларының жұмысын біріктіру көзделді.

Азық-түлік бағдарламасының қабылдануы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің Кеңес Одағы үшін қиынға түсіп отырғанын көрсетеді. Азық-түлік бағдарламасы арқылы аграрлық саладағы дағдарысты тоқтатуға бағытталған әрекеттер айтарлықтай нәтиже бермеді. Оның бірқатар себептері болды: біріншіден, мемлекеттік бағдарлама басқарудың ескірген әдістері бойынша жасалды; екіншіден, ауыл тұрғындарының әлеуметтік мәселелері толық шешілмеді; үшіншіден, ауыл еңбеккерлерін

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

материалдық тұрғыда ынталандыру механизмдері жасалмады. Ал, ауыл шаруашылығы тиімділігінің төмендеуінің ең басты себебі – шаруалардың өз еңбегінің жемісін көре алмауында еді.

Түсіндірме сөздік

Тоқырау – қоғамның барлық саласындағы дамудың тежелуі.

Теңгермешілік – «әркімнің еңбегіне қарай, әркімнің қабілетіне қарай» деген әділеттілік ұстанымының бұзылып, жалақыны барлығына бірдей төлеу әдісі.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақстандағы экономиканың даму қандай көрсеткіштер арқылы бағаланды?
2. Республикада қандай аймақтық өндірістік кешендер құрылды?
3. Өндіріске ғылыми техникалық жетістіктерді енгізу саясаты қалай жүзеге асырылды?
4. Қазақстанда ауыл шаруашылығын дамыту бағытында қандай шаралар қолданылды?
5. Ауыл шаруашылығында Н.Хрущев тәжірибесінің мәні неде болды және бұл тәжірибенің тағдыры қалай аяқталды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Мәтіндегі статистикалық мәліметтерді бір жүйеге келтіріп, ол көрсеткіштердің тарихи дерек ретіндегі маңызын ашып беріңдер.

Ә) 1960 жылдардағы экономикалық даму мен 1970 жылдардағы экономикалық жағдайға салыстырмалы талдау жасандар.

Б) Картадан аймақтық өндірістік кешендер құрылған облыстарды көрсетіңдер.

Арнайы тапсырма: Өзің тұратын өлкеде 1970 жылдары өнеркәсіпте немесе ауыл шаруашылығында еңбек еткен адамдармен сұхбат жүргізіңдер. Сұхбаттасқан адамдар берген мәліметтер мен оқулықтағы мәліметтерді салыстырып, баяндап беріңдер.

Тарихи тұлғалар

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы *(1912, Верный қ. – 1993, Алматы) – көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

мәрте Соціалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР ҒА академигі, техника ғылымының докторы, КСРО, шет ел орденді мен медальдерінің иегері.

Жоғарғы білімді Москваның Түсті металл және алтын институтында алды. Тау-кен инженері мамандығын иеленген Д.Қонаев Қоңырат кенішіне жұмысқа жіберіледі. Онда бұрғылау станогының машинисі, кеніштің бас инженері, директоры болып істейді. Ұлы Отан соғысы кезінде тыл жұмыстарын ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түседі. «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Лениногор кен басқармасының директоры болды. 1942-52ж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етеді. Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және президенті етіп сайлайды. Бұл қызметте Д.Қонаев республика ғылымының дамуына да зор еңбек сіңірді.

Д. Қонаев 1955-60, 1962-64 жылдары Қазақ КСР Жоғарға Кеңесінің төрағасы, 1960-62, 1964-1986 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК I хатшысы болды. Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірбиесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсады. Ол бірнеше мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.КОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі болды. Парламент және партия делегациясын басқарып әлденеше рет шетелдерде болып қайтты. Д.Қонаев өз заманының ұлы саясаткері. Орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ. 1986 жылы Д.Қонаев Қазақстан Компартиясы ОК I хатшысы қызметінен босатылды. Орталықтың жүргізіп отырған әділетсіз саясатына қарсы республика жастары өз қарсылықтарын білдіріп алаңға шықты. Бұл әйгілі Желтоқсан оқиғасына ұласты.

Д.Қонаев Республиканы басқарған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар азамат

ретінде елде жүріп жатқан реформаларды қолдай білді. Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті, абзал азамат 1993 жылы 22-тамызда қайтыс болды.

7.3 *Халықтың әлеуметтік жағдайы және экологиялық ахуал*

Әлеуметтік саясаттың негізгі бағыттары. Халықтың әлеуметтік жағдайы. Республикада қалыптасқан экологиялық ахуал. Экологиялық қасірет себептері.

1970-1980 жылдары халықтың әлеуметтік жағдайы 1950-1960 жылдармен салыстырғанда біршама тұрақтанды. Әлеуметтік саланың тұрақтануының бірден бір кепілі елде жұмыссыздықтың жойылуы еді. Кеңес үкіметі жұмыссыздықпен белсенді күрес жүргізді. Негізгі заң бойынша еңбекке жарамды барлық азамат еңбек етуге міндетті болды. Жергілікті әкімшілік халықты жұмыспен қамтамасыз етуге тиіс болатын. Ал, қандай да бір жұмысқа тұрмаған адамды социалистік қоғамға жат адам деп есептеді. Ондай адамдар қудаланып, әкімшілік тұрғыда жазаланып отырды.

Кеңес Одағындағы экономиканың дамуы халықтың әл-ауқатын көтеруге септігін тигізді. Кеңес адамдарының тұрмыс деңгейі жақсара бастады. Жан басына шаққандағы табыс көлемі 2,6 есеге өсті. Төменгі жалақы 70 сом деңгейінде болды. Орташа зейнетақы 51,1 сомнан 93,2 сомға көтерілді. 1971 жылы колхозшылар үшін зейнетақы белгілеу тәртібі енгізілді. 1970-1985 жылдары 887,7 мың пәтер тұрғызылып, 3 млн астам адам тұрғын үймен қамтамасыз етілген. Осы мәліметтер халықтың тұрмыс дәрежесі едәуір жақсарғанын көрсетеді.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағыттары мыналар болды:

- *халыққа тегін медициналық қызмет көрсету;*
- *халыққа тегін білім беру;*
- *халыққа кепілді әлеуметтік жәрдемақылар төлеу.*

Бұл өз кезегінде Кеңес Одағында, соның ішінде Қазақстанда да демографиялық ахуалдың жақсаруына алып келді. Әлеуметтік саясаттың елеулі жетістіктерімен бірге

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYROS

кемшіліктер де орын алды. Мысалы, Батыс Еуропа елдерімен салыстырғанда кеңес халқының тұрмыс деңгейі елеулі түрде артта қалуы байқалды. *Оның ең басты себептері:* біріншіден, үкіметтің әлеуметтік сала мен ғылым, білім және мәдениет салалары «бюджеттік қалдық» бойынша қаржыландырылды. Мемлекеттік бюджеттің негізгі шығыны әскери өнеркәсіп кешеніне, ауыр өндіріске, Коммунистік партияны нығайтуға, социалистік революцияны экспорттауға арналған болатын;

екіншіден, еңбекшілердің жалақысын белгілеудегі *теңгермешілік* саясатының нәтижесінде еңбекке немқұрайды қарау туындады.;

үшіншіден, мемлекеттік меншік монополиясы, жоспарлы экономика;

төртіншіден, тауар өндірісіндегі сұраныс пен ұсыныс арасындағы алшақтық, яғни, тауар тапшылығының қалыптасуы.

Одақтық көрсеткіштермен салыстырғанда қазақстандықтардың тұрмыс деңгейі едәуір артта қалды. Оның да бірқатар себептері бар. Қазақстан экономикасы шикізаттық бағытта дамыды, ал әлеуметтік нысандар аз салынды. Сонымен бірге, қоғам меншігін ұрлау, еңбек тәртібінің босаңсуы, маскүнемдік жаппай құбылысқа айналды. Тауар зәрулігі күшейді.

Әлеуметтік саладағы шешуі қиын мәселенің бірі – халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету еді. Бұл кезеңде үкімет халыққа тұрғын үй салуда бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Кеңес Одағында миллиондаған адам тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, әлеуметтік жағдайын жақсартты. Алайда, елімізде халық санының өсуіне байланысты халықты тұрғын үймен қамтасыз ету мәселесі қиын күйінде қала берді. Тұрғын үй алу үшін халық ондаған жылдар бойы пәтер кезегінде тұруға мәжбүр болды. Ал, жеке меншік үй тұрғызуға халыққа мүмкіндік берілмеді. Бүкіл елде тұрғын үй мәселесі шешімін таппағандықтан жоғарғы оқу орнын бітірген қазақ жастары ауылға қайта оралуына тура келді. Ал, қалаларда қалған білікті мамандар жатақханаларды мекендеуге мәжбүр болды. Мұның бәрі Кеңес Одағындағы

әлеуметтік дағдарыстың алғышарттары қалыптасып келе жатқандығын көрсетіп берді.

Қазақстандағы экологиялық ахуал

II-дүниежүзілік соғыстың аяғында АҚШ Жапонияның Хиросима мен Нагосаки қалаларын бомбалау арқылы алғаш рет атом қаруын сынады. Оның зардабын жапон халқы бүгінгі күнге дейін тартуда. Бұл қасіретті оқиға әлемдегі жанталаса қарулану мен алпауыт елдер арасындағы қайшылықты туғызды. Ол капиталистік және социалистік жүйе арасындағы «қырғи қабақ соғысына» алып келді. Мысалы, бүкіл әлем бойынша 1980 жылдары әскери-өндірістік кешендерде шамамен 60 млн астам адам қызмет еткен. Шикізат түрлерінің 5% әскери салаға жұмсалған. Әрине, әлемдегі жаппай қарулану халық шаруашылығына үлкен зардабын тигізді. Кеңес Одағының экономикасы негізінен шикізат өндіру мен әскери-өнеркәсіп кешеніне қызмет етуге бағытталды. Әскери-өнеркәсіп кешен үшін 9 министрлік қызмет етті. Олардың талабы кедергісіз орындалып тұрды.

Соғыстан кейін Кеңес Одағы жедел атом бомбасын жасау үшін әскери базалар салу жоспарын белгіледі. КСРО басшылығы атом қаруын сынайтын полигон салу туралы шешім қабылдады. Әскери мамандар ол үшін Семей облысын таңдап алды. Семей ядролық полигоны аумағы - 8,372 шаршы км құрады. Орналасқан жері Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының түйіскен аудандары.

Орталық Семей полигонын салуда жергілікті халықпен, Қазақстан басшылығымен санасқан жоқ. Полигон қызметкерлері үшін құпия әскери қала - Курчатов қаласы салынды. Бұл жөнінде сол кезде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Д.Қонаев өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген естелігінде: *«... қандай тапсырма болмасын, бәрі жоғарыдан – Мәскеуден беріледі. Мына аудандағы пәлен деген жер,көлемі сонша метр, мынадай мерзімге дейін түгеннің қарамағына бөлінсін дейді. Ол талқыланбайды, тап-түйнақтай орындалады. ...Оған қайран қалуға болмайды. Қазақ жерін әскери мақсат үшін алу туралы қаулыға тікелей Сталиннің өзі қол қойған. Қылышынан қан тамып тұрған заманда сен өйтпедің деу –*

қақаған аязда жылы үйде отырып, күннің күйіп тұрғаны-ай деп, жейдесін шешкен кісінің тірлігімен бірдей іс. Семей полигонының жайы осылай. Семей полигоны аяғынан тік тұрған кезде тұңғыш сынақ Л.Берияның тікелей басшылығымен өткені енді ғана аян болып отыр. Әскери ведомство көп мәселені сырт көзден жасырып, өз ішінде ғана шешіп отырды және ешкіммен санаспайтын», деп жазған еді.

Сөйтіп, Қазақ жері Кеңес Одағының ядролық полигон аймағына айналдырылды. *1949 жылы 29 тамызда күші 20 килотонна болатын алғашқы атом бомбасы Семей полигонда сыналды. Осы күннен бастап КСРО ядролық қаруы бар ел екенін жариялады. Полигонда жасалған сынақтардың жалпы саны 459, оның 113 әуеде жасалды. Ашық ауада ядролық сынақ 1963 жылға дейін, яғни 14 жыл бойы жасалды.* Ядролық сынақтардың Қазақстан халқына тигізген зардаптары өлшеусіз болды. Полигон аймағында тұратын халық ионды радиация сәулесіне ұшырады. Соның салдарынан онкологиялық ауруларға шалдыққандар саны Семей, Қарағанды, Павлодар облысы халқының 1975-1985 жылдары онкологиялық аурулардан қайтыс болғандар саны 7 есеге өсті. Сәуле ауруына ұшыраған адамдар да осы аймақта жиі кездесті. Дәрігерлерге ионды радиация салдарынан туындаған ауруларға дәл диагноз қоюға тиым салынды. Ядролық сынақтардың адам денсаулығына зияны туралы мәліметтерді Кеңес үкіметі 1990 жылға дейін жасырып келді.

Қазақ жерінде жаппай әскери-кешендердің салынуы атом қаруын жетілдіру бағытындағы жоспарлы жұмыстар болатын. 1985 жылға дейін елімізде әскери-өнеркәсіп кешенінің 43 ірі кәсіпорны салынды.

Қазақстанда Семей полигонынан басқа 27 жерде 38 ядролық жарылыс жасалды. Атырау облысында жаппай қырып-жоятын қарудың 17 түрі сыналған. Сегіз ядролық заряд Батыс Қазақстан өңіріндегі Капустин яр полигонында сынақтан өткізілген. Сондай-ақ, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарында да құпия полигондар жұмыс істеді.

Бактериологиялық қаруларды сынау полигондары Арал теңізіндегі Барсакелмес және Возрождение аралдарында

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

орналасты. 1967-1970 жылдары Маңғыстау облысы аумағында жасырын түрде үш рет жер асты ядролық сынағы өткізілді. Бұл полигондардың адам денсаулығына тигізген зиянымен бірге, экономикалық зардаптары да ұшан теңіз болатын. Мәселен, әрбір тәжірибелік қондырғы мен оны жер астында сынақтан өткізуге орта есеппен 30 млн сом қаржы жұмсалып отырды. 1980 жылдары Қазақстандағы полигондар мен әскери нысандар аумағы 18 млн га жерді алып жатты. Соның салдарынан ауыл шаруашылығына жарамсыз болып қалған жерлер 720 шаршы км құрады.

1970-1980 жылдары Қазақстан мен Орта Азияда мақта мен күріш шаруашылығын дамытуға арналған экономикалық жоспарлар белгіленді. Ол тағы бір экологиялық апатқа алғышарт жасап берді. Экономиканы директивалық жоспарлау әдісі салдарынан қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне жете көңіл бөлінбеді. Жоспарлау ғылыми тұрғыда жан жақты негізделмегендіктен аймақтағы экологиялық тепе-теңдік бұзылды. Нәтижесінде Арал теңізінің экологиялық мәселесі туындады. Оның себептерінің бірі - Сырдария мен Амударияөзендерінің суын мақта мен күріш өсіру үшін пайдаланудағы есепсіздік болатын. Сырдария мен Әмударияөзендерінің суын мақта және күріш егісіне есепсіз бөлуден Арал теңізіне құйылатын су мөлшері күрт азайып кетті. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстанда суармалы егіс алқаптары артты. Осындай есепсіздік салдарынан Арал теңізінің 27 мың шаршы км аумағы құрғап қалды. Теңіз түбінен тұз көтеріліп, Арал аймағының климаты күрт нашарлады. Аймақ тұрғындарының 80% әр түрлі сырқаттарға шалдықты. Адам өлімі, әсіресе балалар өлімі көбейді. Арал теңізі жағасынан 120 км алыстап, деңгейі 49 м дейін төмендеді. Теңіз Кіші және Үлкен Арал болып екіге бөлініп қалды. Арал теңізінің құрғауы тек Қазақ еліне ғана емес, бүкіл Орталық Азиядағы экологиялық қасіретке айналды. Ғалымдар теңіз түбінен ұшатын тұздың мыңдаған шақырымға дейін жететінін дәлелдеді. Соның салдарынан мұздықтарды еріту, егінді аймақтарды тұздандыру арқылы табиғатқа зиянын тигізуде. Сонымен бірге, Арал өңірінің шаруашылығы да қатты зардап шекті. Бұрын балық шаруашылығымен айналысып

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

келген мыңдаған адамдар жұмыссыз қалды. Аймақтағы елді мекендер қаңырап бос қалды. Семей полигоны мен Арал теңізі сияқты экологиялық қасіреттер қазақ ұлтының *генофонына* үлкен қауіп төндіруде.

Түсіндірме сөздік

Мемлекеттік бюджет – мемлекеттік салықтар мен басқа да көздер арқылы жинақталатын қаржылық қоры. Осы бюджет арқылы қаржы қоғамның барлық салаларына бөлінеді.

Экология – қоршаған табиғи орта.

Мораторий – уақытша тиым салу, тоқтату.

Генофон – халықтың ұрпақ жалғастыру, өсіп өну мүмкіндіктері.

Директивалық жоспарлау – нұсқаулар мен бұйрықтар арқылы экономиканы жоспарлау.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Бұл кезеңде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында қандай шаралар қолданылды?
2. Кеңес Одағында, соның ішінде Қазақстанда да әлеуметтік сала «бюджеттік қалдық ұстанымы» бойынша қаржыландырылды?
3. Семей полигонын Кеңес үкіметі қалай қолданды және оның зардаптары қандай еді?
4. Қазақстанда Семей ядролық сынақ полигонынан басқа қандай әскери полигондар жұмыс істеді?
5. Арал қасіретінің туу себептері мен оның зардаптары туралы не білесіңдер?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Мәтіндегі маңызды хронологиялық даталардың тізбегін жасаңдар.

Ә) Карта бойынша республикамыздың экологиялық апат аймақтарын айқындап, оның себептеріне талдау жасаңдар.

Арнайы тапсырма: Өзің тұратын өлкедегі экологиялық ахуалы қандай дәрежеде екендігіне байланысты шағын зерттеу жұмысын жаса.

7.4 *Мәдени өмір*

Қазақстан мәдениетіндегі жетістіктер. Қазақстандық өнер шеберлерінің халықаралық деңгейде танылуы. Ұлттық өнердің жай-күйі.

1970-1980 жылдары Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтануы мәдени өмірдің жандануына септігін тигізді. Мәдениет, білім ғылым салалары «бюджеттік қалдық» бойынша қаржыландырылса да бұл кезеңде Қазақстан мәдениеті бірқатар жетістіктерге қол жеткізді. Дегенмен, мәдени өмір қатаң идеологиялық қысым жағдайында дамыды. Қазақстанда біршама ілгері дамыған халыққа білім беру мен ғылым саласы болды. Аса маңызды жетістік еліміздің барлық ауыл селоларында кітапхана жүйесінің іске қосылуы еді.

1972 жылы республикада жалпыға бірдей орта білім беруге көшудің соңғы кезеңі басталды. Мектеп жасындағы балалар міндетті орта білім алатын болды. Соған сәйкес мектептердің материалдық техникалық негізі күшейтілді. Ауыл балалары үшін облыстық, аудандық мектеп интернаттардың саны артты. Мектептерде еңбекке баулу тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінді. Осы кезеңде орта мектептердің барлығы дерлік оқытудың кабинеттік жүйесіне көшірілді. 1980-жылдары бірқатар пәндер тереңдетіліп оқытылатын мектептер ашылды. Алматыда тұңғыш республикалық физика-математика мектебі жұмыс істеді.

Өкінішке орай, бұл кезеңде қазақ мектептерінің саны күрт азайып кетті. Қазақ ауылдарының өзінде орыс мектептері ашылды. Қазақ елінің астанасы болған Алматыда бір ғана қазақ мектебі мен мектеп интернаты, жалғыз қазақ бала бақшасы жұмыс істеді. Ал, қазақ мектептері үшін оқулықтар орыс тілінен аударылып берілді.

Қазақстанда 1960-1980 жылдар аралығында жаңадан 27 жоғары және 100-ден астам орта арнаулы оқу орындары ашылды. 1985 жылғы мәлімет бойынша Қазақстандағы 55 жоғары оқу орнында 273,3 мың студент білім алған. Осы кезеңде Кеңес үкіметі маман даярлау ісінде кәсіптік техникалық училищелерге үлкен маңыз берді.

1970-1980 жылдары Қазақстан КСРО-ның ірі ғылыми орталықтарының біріне айналды. 1985 жылғы мәлімет

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

бойынша ғылым саласында 40.377 ғылыми қызметкер еңбек еткен. Олардың қатарында 650 академик, 864 ғылым докторы қызмет атқарды. Қазақстан ғылымының көшбасында Ғылым Академиясы тұрды. Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері бүкілодақ көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейде мойындалды. Мәселен, М.А.Айтхожин микробиология саласындағы (өсімдік жасушаларындағы информасомалар) зерттеулері арқылы әлемге танылды. Сол жетістігі үшін ғалым 1976 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Белгілі ғалым Д. В. Сокольский катализаторларды электрохимиялық әдістер арқылы зерттеуді тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізді. Ал, У.Ахмедсафин гидрогеология мен гидрофизика саласында маңызды жетістіктерге қол жеткізді.

1970-1980 жылдары өте құнды ұжымдық ғылыми еңбектер жарыққа шықты:

- 5 томдық «Қазақ ССР тарихы» оқырман қолына тиді.
- Ш. Уалихановтың бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді.
- 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі»
- 11 томдық «Қазақстанның металлогениясы»
- Алматада «Қазақстанның сүт қоректілері»
- 9 томдық «Қазақстанның өсімдіктері»
- көп томдық Қазақ кеңес энциклопедиясы жарық көрді.
- Әл-Фараби, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин мұраларын зерттеген ғылыми еңбектер басылып шықты.

Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары орыс тіліне аударылып, Кеңес Одағының барлық республикаларына тарала бастады. Бірақта, қоғамдық ғылымдар, көркем әдебиет ұдайы билік тарапынан қысым көрді. Соған қарамастан әдебиет пен өнер үздік шығармалармен толықты. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, И.Шухов, Д.Снегин, О.Сүлейменов, Г.Бельгер, Ә.Нұпейісов, І.Есенберлин, Ж.Молдағалиев, М.Мақатаев, М.Мағауин, И.Щеголихин сынды ақын-жазушылардың туындылары халыққа кеңінен тарады. Мысалы, Ілияс Есенберлин қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпты игеруге елеулі үлес қосты. Жазушы «Көшпенділер», «Алтын Орда» трилогияларында XY-XIXғ. қазақ халқының тарихын нақты деректер арқылы шынайы суреттеген. Ал «Қаһар»

романында Кенесары бастаған ұлт–азаттық көтерілісін ұлттық көзқарас тұрғысында бейнеледі. Ұлттық тарихқа арналған еңбектердің жарық көруі Қазақстанның рухани өміріндегі аса маңызды оқиға болды. І.Есенберлин өзінің еңбектерін үлкен цензуралық кедергілерді жеңе отырып оқырмандар қолына жеткізе алды. Бұл тарихи романдар қазақ халқының ұлттық санасын қайта жаңғыртуға үлкен дем берді. Ғабит Мүсірепов, Ілияс Есенберлин сияқты жазушылар *аллегориялық* тәсілге сүйене отырып, халыққа өмір шындығын жеткізе білді.

1974 жылы М.Әуезов атындағы Академиялық драма театры ұжымы «Қан мен тер» атты үздік драмалық қойылымы үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын иеленді.

Қазақстанда музыка өнері де жаңа деңгейге көтерілді. Классикалық музыкамен қатар идеологиялық шектеулерге қарамастан, ұлттық дәстүрлі музыка өнері шыңдала түсті. Сол кезеңде талантты сазгер Нұрғиса Тілендиевтің ұйымдастыруымен «Отырар сазы» этнографиялық ұлт аспаптар оркестрі құрылды. Қазақтың музыка әлемін тың шығармалармен толықтырған Б.Жақыпов, Р.Сықымбаев, Қ.Жұбанова, Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Әбілахат Еспаев, Ілия Жаханов, Әсет Бейсеуов сынды сазгерлер еңбек етті

Қазақстанның музыка өнерін әлемге паш еткен әншілер қатарында Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, Р.Бағланов, Ә.Дінішев, Р.Рымбаева, Н.Есқалиева,М.Жүнісовалар болды. Олар Кеңес Одағы сахналарында ғана емес, халықаралық өнер фестивальдерінде де қазақ өнерін әлемге танытты. Ұлттық дәстүрлі музыканы насихаттаған талантты әншілер: Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Қажыбек Бекбосынов, Қапаш Құлышевалар халықтың ықыласына бөленді. Музыка өнері жанрлық тұрғыда да толығу үстінде болды. Әсіресе, эстрадалық жанр кең тарала бастады. «Досмұқасан», «Гүлдер», «Яшлық», «Айгүл» ансамбльдері эстрадалық өнердің сәніне айналды.

Бейнелеу өнерінің шеберлері Ү.Әжиев, С.Романов, Е.Төлепбаевтар да қазақ мәдениетіне зор үлес қосты. Олардың туындылары ұлттық нақыштарымен ерекшеленді.

Бұл тарихи кезеңде Қазақстанда кино өнері жаңа белестерге көтерілді. Шәкен Айманов, Сұлтан Қожықов сынды

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

режиссерлар жасаған фильмдер таңдаулы туындылардың қатарына енді. Кино өнерінің алтын қорына: «Қыз Жібек», «Ботагөз», «Менің атым Қожа», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Мәншүк туралы ән» және т.б. фильмдер қосылды. С.Қожықовтың «Менің атым Қожа» фильмі белгілі Канн кинофестивальінің (Франция) арнайы жүлдесін иеленді. Сонымен бірге, талантты актерлар легі қалыптасты. Олардың қатарында А.Әшімов, С.Майқанова, Н.Жантөрин, Б.Римова сияқты көптеген талант иелері болды.

Сол кезеңде Алматыда Мемлекеттік өнер мұражайы, Қазақ ұлт аспаптары мұражайы ашылды. Алматының сәулетіне ерекше мән беріліп, республика басшылығы мәдени ғимараттардың салынуына ұйтқы болды. Олардың қатарында Медеу мұз айдыны, Республика сарайы, М.Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрының ғимараты, Неке сарайы, Қазақцирк, Арасан кешендері т.б. Сәулет өнерінің ескерткіштері санатындағы бұл ғимараттар бүгінгі күнге дейін халықтың игілігне қызмет етуде.

Қазақстан мәдениетінің аса маңызды саласының бірі - спорт өнері. 1970-1980 жылдары Қазақстанның спорт өнері қарыштап дамыды. Спорт және дене тәрбиесі мәдениетін дамытуда П.Матущак, А.Айрих, Ә.Нұрмаханов сынды көптеген жаттықтырушылар көп еңбек сіңірді. Қазақ елін Кеңес Одағы құрама командасы сапында әлемге танытқан спортшылар: жеңіл атлеттер Ғұсман Қосанов пен Әмин Тұяқов, боксшылар Серік Қонақбаев, Виктор Демьяненко, Серік Нұрқазов, балуандар Әбілсейіт Айханов, Александр Резанцев, Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Серіков, гимнастшылар Сәуле Барлыбаева мен Нелли Ким, ауыр атлетші Анатолий Храпатый және т.б. Ал, классикалық күрес (қазіргі грек-рим күресі) балуаны Жақсылық Үшкемпіров 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасында жеңіске жетіп, қазақ халқынан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы атанды.

Мәдениеттегі осындай жетістіктермен бірге, келеңсіз құбылыстарға да орын беріліп жатты. Кеңес мәдениеті социалистік реализм мен интернационализмнің тар шеңберінен шыға алмады. Өнер иелеріне шығармашылық еркіндік берілмеді. Әсіресе, ұлттық мәдениет үнемі идеологиялық қысымда болып, оның қолданыс аясы тарылды.

Түсіндірме сөздік

Аллегориялық тәсіл – әдебиет пен өнерде қолданылатын тәсіл. Оның мағынасы тұспалдап жеткізу, образдар арқылы жеткізу дегенді білдіреді.

Жанр – әдебиет пен өнердегі шығармалардың белгілі бір бағыттарының түрі, яғни мәнер, стиль деген мағынада. Мысалы: драмалық жанр, лирикалық жанр т.б.

Олимпиада – төрт жылда бір рет өткізілетін әлемдік спорттық жарыстардың ең шоқтығы биік жарысы. Ол жазғы және қысқы Олимпадалық ойындар түрінде өткізіледі. Олимпиадалық жарыстар білім, ғылым саласында да өткізіледі.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Бұл кезде білім беру саласында қазақ тілі мен қазақ мектептерінің жағдайы қандай болған еді?
2. Қазақстандық ғалымдар қандай жетістіктерге қол жеткізді?
3. Қазақ жазушылары қандай әдеби тәсілге сүйене отырып өмір шындығын бейнелеуге тырысты?
4. Музыка өнері мен кино өнері қалай дамыды?
5. Сол кезеңдегі Қазақстан спортының дамуы жәйлі не білесіңдер?

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Дамытушылық тапсырма:

Мәтінде берілген мәліметтер бойынша «Мәдениет» сөзі шығатын сөзжұмбақ жасап, оны басқа оқушыға шешімін табуға беріңдер.

Арнайы тапсырма: Өзің тұратын өлкедегі өнер адамымен немесе спортшымен сұхбат жүргізіп, сол кезеңде мәдениетке қойылған шектеулер жөнінде сұрап біліңдер.

Тарихи тұлғалар

Айтхожин Мұрат Әбенұлы *(1939, Петропавл - 1987, Алматы) – көрнекті ғалым, биология ғылымдарының докторы, академик. Қазақстанда молекулалық биология мен биотехнология саласының негізін қалаушылардың бірі. 1962ж. ҚазМУ-ды бітірген. Қазақ КСР ҒА Ботаника институтында кіші ғылыми қызметкерден директорлық деңгейге жеткен. 1983-87ж. Молекулалық биология және биохимия институтында директор, 1986-87ж. Қазақ КСР ҒА Президенті қызметін атқарды. М.Айтхожин клеткалық молекулалардың (нуклеин қышқылдары мен*

белоктың) синтезі саласында аса құнды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Эукариоттық клеткаларда кездесетін клеткалық бөлшектердің жаңа класын, ақпараттық рибонуклеин қышқылдарының (ақпараттық РНҚ-ның) рибонуклеопротеидтік түрін (РНП-ті) – информосоманы ашқан. М.Айтхожин бидай дәнінің эмбриогенезі, пісіп-жетілуі, тұқымынан өнуі кезінде оның клеткаларында жүретін құбылыстарды: ақпараттық РНҚ-ның биогенезін, түзілуін, сақталуын және оның құрылымдық ерекшеліктерін зерттеді. Жануар мен өсімдік клеткаларының суббөлшектерінен тұратын әрекеті күшті будан рибосомалар алуға болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Бұл зерттеулердің эволюциялық теорияны дамытуда үлкен маңызы болды. Биохимиялық тәжірибелерді автоматтандыру саласында белсенді басшылық жасады. 1983ж. Қазақ КСР ҒА жанынан Молекулалық биология және биохимия институтын ашылуына ұйтқы болды. Осы институт құрамында клеткалық және генетикалық инженерия, трансгеноз [illegible] Биотехнология орталығын ұйымдастырған. М.Айтхожин ЮНЕСКО дағы ең жоғарғы мемлекеттік сыйлық - Лениндік сыйлықтың лауреаты (1976). Сондай ақ, ол халықаралық Бейбітшілік қорының Алтын медалімен, "Халықтар достығы" орденімен марапатталған. Алматыда Молекулалық биология және биохимия институты ғалымның есімімен аталады.

Ілияс Есенберлин *(1915, Ақмола обл. - 1983, Алматы) – көрнекті жазушы. Қазақ прозасындағы тарихи роман жанрын дамытушылардың бірі. 1940ж. Қазақ тау-кен және металлургия институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1942-47ж. Қазақстан КП ОК нұсқаушысы, 1947-54ж. Қазақ филармониясының директоры, 1953-55ж. Қазақстан Геология министрлігінде аға инспектор, Ақтөбе обл. Берсүгір шахта басқармасының бастығы болған. 1955-67ж. Қазақ мемлекеттік Көркем әдебиет баспасының, «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, 1967-71ж. «Жазушы» баспасының директоры, 1971-75ж. Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының II-хатшысы қызметтерін атқарған. І.Есенберлин поэзия,*

проза, драматургия, кинодраматургия саласында жемісті еңбек етті. Алғашында ақын ретінде танылған. 1945ж. «Сұлтан», «Айша» дастандары жарық көреді. Одан кейінгі кезеңдерде «Адамгершілік туралы жыр» өлеңдер жинағы, «Большевик туралы поэма», «Біржан сал трагедиясы» дастандары жарияланды. 1960-жылдары проза жарына қалам тарта бастады. «Өзен жағысында», «Толқиды Есіл», орыс тілінде жазылған «Адам туралы ән» повестері жарық көрді. Жазушы қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпты игеруге елеулі үлес қосты. Дүниетанымдық көзқарастар тартысын шынайы бейнелеген «Айқас» романы үшін жазушыға 1968ж. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілген. І.Есенберлиннің «Көлеңкеңмен қорғай жүр», «Маңғыстау майданы», «Аманат» романдарында жұмысшылар өмірі суреттелген. 1977ж. «Жұлдыздар» атты поэмалар жинағы жарияланды. І.Есенберлин 40 астам әндердің авторы. Жазушының шығармалары орыс, украин, латыш, литва, өзбек, венгр, поляк, ағылшын, француз, қытай, неміс, араб, испан т.б. тілдерде жарияланған. Олардың ішінде «Көшпенділер оралғанда», «Адам туралы ән», «Қатерлі өткел», «Ғашықтар», «Айқас» романдары бар. І.Есенберлин «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдарымен марапатталады. Атбасар қаласы мен Алматыдағы мектептерге, көшелерге І.Есенберлиннің есімі берілген.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы *(1904, Павлодар обл. – 1985, Алматы) –академик, Қазақстан археология мектебінің негізін қалаушы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы.*

1921-25ж. Семей педагогикалық техникумында, 1925-29ж. Ленинградтағы Шығыстану институтында оқыды. Ә.Марғұлан Абай шығармалары туралы дипломдық жұмыс қорғап, Орыс география қоғамы мұрағатындағы Абай қолжазбалары негізінде ғылыми жұмыс жазды. 1931-38ж. Ленинградтағы мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты, Шығыстану институтының оқытушысы, Мәскеудегі материалдық мәдениет тарихы институтының, 1939-41ж. КСРО ҒА Қазақ бөлімі Тарих институтының ғылыми қызметкері болды. Бұл кезеңде оның «Мәшһур Жүсіп мұрасындағы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

түркі эпосы», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар- тарихшы», «Шоқан Уалиханов және Орта Азия тарихы» т.б. еңбектері жарық көрді. «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясында көне қыпшақ тарихына байланысты құнды зерттеулер жасады. 1945ж. «Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары» тақырыбында қорғаған докторлық диссертациясы қазақ әдебиеті мен тарихындағы іргелі зерттеулерінің нәтижесі б.т. К.Ақышев, М.Қадырбаев, М.Оразбаевтармен бірге Орталық Қазақстанда жүргізілген археологиялық зерттеулер негізінде «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» атты еңбегі жарық көрді.. Ә.Марғұлан – қорқыттанушы. Ол оғыз қыпшақ тайпасынан шыққан жырау, күй атасы Қорқыт мұрасын зерттеді. Оның пікірінше, қазақ музыкасы мен философиясында «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Тәңір биі» дейтін рухани дәстүрлер қалыптасқан. «Тамғалы тас жазуы» атты зертеуінде әдеби-тарихи деректер молынан кездеседі. Ол қырғыз халқының [illegible] туралы зерттеулерге де өз үлесін қосты. 1957-67ж. Ш.Уалихановтың ғылыми мұраларын жинайтын топқа (М. Әуезов, С.Бәйішев, С.Мұқанов, А.Нүсіпбековпен бірге) басшылық етіп, оның таңдамалы және 5 томдық жинағын жарыққа шығарды.

Ғалым 1940-жылдары бірнеше рет саяси құдалауға түсті. Ғылыми ортаның қисынсыз сындарына ұшырады. Ол тарих, археология, этнография, әдебиет, қолданбалы және сәулет өнері, металлургия саласына қатысты 300 астам ғылыми-зерттеу жұмыстарын жариялаған. Ә.Марғұлан Ш.Уалиханов атындағы сыйлық пен Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері. 1991ж. Ә.Марғұлан ат. Археология институты құрылды. С.Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университетінде ғалымның мұражайы ашылған. 2004ж. ғалымның 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында әлемдік деңгейде аталып өтті.

7.5 *Қазақстанның халықаралық байланыстары*

Халықаралық байланыстың негізгі бағыттары. 1975 жылғы Хельсинки шарты. Кеңес-ауған соғысының қазақстандықтарға әсері.

1970-1980 жылдары Қазақстанның халықаралық байланыстары *мәдени* және *экономикалық* бағытта ғана жалғасын тапты. Халықаралық байланыстар сол шектеулі күйінде қала берді. Шет елдермен халықаралық қатынастар КСРО Сыртқы істер министрлігінің үйлестіруімен жүргізілді. Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі формальді түрде ғана жұмыс істеді. 1977 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстанның халықаралық мәдени–экономикалық байланыстары әлемнің 96 елімен орнатылған.

Экономикада Қазақстан экспортын негізінен шикізат өнімдері құрады: түсті металл, хром, темір балқытпалары, жұқа болат тақталары, мұнай т.б. Бұл өнімдер әлемнің 80 еліне жіберілді. Елімізге келген импорт түрлері: техникалық жабдықтар, жол құрылысы жабдықтары, автобустар, электровозда[illegible]

Бұл кезеңде Қазақстанның мәдениеті және ғылыми өмірінде халықаралық маңызы бар елеулі оқиғалар болды. Мәдениет саласындағы халықаралық байланыстардағы маңызды оқиға - Алматыда Азия мен Африка елдері жазушыларының V –конференциясының өткізілуі болды.

Кеңес-сирия достығының күндері Қазақстанда ұйымдастырылуы еліміздің халықаралық байланыстарының көкжиегін кеңейтті. Еуропа, Азия, Африка, Америка елдерінде қазақ мәдениетінің үздік жетістіктері халықаралық фестивальдер мен көрмелерде көрсетіліп, әлемге паш етілді. Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік халық аспаптар оркестрі, Қазақтың мемлеттік классикалық би ансамблі, «Отырар сазы» оркестрі халықаралық гастрольдік сапарларда болды.

Ғылым саласындағы байланыстар жандана бастады. Бұл кезеңде Алматыда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының халықаралық конференциясының өткізілуі Қазақстан медицинасына берілген жоғары баға еді. Аталмыш конференцияны ұйымдастыруда академик

Төрегелді Шармановтың үлесі зор болды.

Сол кезеңде Қазақ КСР Ғылым Академиясы шетелдердің ғылыми мекемелерімен бірлесіп көптеген ғылыми жобалар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген. АҚШ, Франция, Италия ғалымдарымен байланыс орнатылды. Чехословакия, Болгария ғалымдарымен Қазақстанның Химия институты тығыз байланыста жұмыс істеді. Сондай ақ, Ирак, Египет, Үндістан, Монғолия, Финляндия, Ауғанстан, Алжир, Морокко сияқты елдерде жүздеген қазақстандық мамандар еңбек етті. Аталмыш елдермен студент алмасу тәжірибесі жолға қойылды. Мәдениет пен ғылым саласындағы қатынастар нәтижесінде қазақстандықтар үшін халықаралық деңгейде тәжірибе алмасу мүмкіндіктері кеңейді.

Бірақ әлемдік сыртқы саясат пен халықаралық жағдайды КСРО мен АҚШ арасындағы қарым-қатынас айқындап отырды. Екі әлемдік алпауыт елдің арасындағы текетірес «*қырғи-қабақ соғысын*» ушықтырып жіберді. Сол себепті екі ел қаруланауға жұмсалатын қаржысын үнемі арттырып отырды. Ол, бірінші кезекте халықтың әлеуметтік [illegible] тигізді. 1975 жылы әлемдік қауымдастықта бейбітшілікті қалыптастыруға бағытталған халықаралық маңызды оқиға болды. Хельсинкиде жалпыеуропалық Кеңес өткізіліп, онда халықаралық шиеленістерді реттеудің жаңа тұжырымдамасы жасалды. Бұл құжат бойынша халықаралық қатынастарды бейбіт жолмен шешу және адам құқықтарын қорғау туралы келісім шарт жасалды. Оған Еуропаның 33 елі мен АҚШ, Канада басшылары қол қойды. 1975жылғы Хельсинки келісімін Кеңес Одағы да қолдайтынын мәлімдеді. Соған қарамастан 1979 жылы әлемдік саясатта тағы бір шиеленіс туындады. Оның себебі, 1979 жылы желтоқсанда Кеңес үкіметінің басшылығы Ауған жеріне кеңес әскерін енгізу туралы шешім болатын. Бұл шешімге зиялы қауым өкілдері қарсы шықты. Әсіресе, академик А.Д.Сахаров Кеңес Одағының бұл әрекеті әділетсіз әрі бұл шара халыққа зардабын тигізеді деген азаматтық көзқарасын ашық білдірді. Ол Л.Брежневтің атына, КСРО Жоғарғы Кеңесіне Ауғанстанға кеңес әскерлерін енгізудің қателігі туралы хат жолдады. Академик А.Сахаров СОКП ОК басшылығына мынадай ұсыныстар жасады:

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

- Ауғанстан мәселесін БҰҰ шеңберінде шешу;
- Кеңес үкіметінің әскери және ядролық тұжырымдарын қайта қарау;
- Ауған жеріне енгізілген кеңес әскерін дереу шығару.

Өкінішке орай, партия басшылығы А.Сахаровтың ұсыныстарын қабылдаған жоқ. Керісінше, оған саяси қысым жасала бастады. Академикке психикалық ауруға шалдыққан деген жалған айып тағылды. Нәтижесінде А.Сахаровты Мәскеуден Горький (қазіргі Төменгі Новгород) қаласына жер аударды. Кеңес әскерінің ауған жеріне енгізілуі әлем елдері тарапынан да қатаң айыпталды. Әлемнің жетекші елдері бұл басқыншылыққа қарсы ашық наразылықтарын білдірді. Ол КСРО ның халықаралық беделіне зор нұқсан келтірді. Соған сәйкес 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасы халықаралық бойкот жағдайында өткізілді.

Ауған соғысынан қазақстандықтар айналып өте алмады. Ауған қасіреті бірінші кезекте мыңдаған ата-ананың қайғысына айналды.

Ауған соғысының қорытындысы мен салдары осындай *статистикалық мәліметтер*:

- 21979 қазақстандық қатысты;
- 780 қазақстандық қаза тапты;
- 393 адам мүгедек болып оралды;
- 22 адам хабарсыз кетті.

Кеңес әскерінің соғыс қимылдары КСРО экономикасына жыл сайын 5 млрд сом шығын әкеліп отырды.

Нәтижесінде Кеңес үкіметі 1988 жылы кеңес әскерлерін Ауған жерінен шығару шараларын бастады. Ал, 1989 жылы 15 ақпанда Ауғанстаннан кеңес әскерін әкету толық аяқталды. Дегенмен, кеңес әскерінің ауған жеріндегі соғысы мен шығындары жәйлі тарихи шындық толық ашылған жоқ. Ол әлі күнге дейін зерттелуде.

Кеңес Одағының сыртқы саясатындағы тағы бір саяси қателік, ол – орта қашықтықтағы зымырандарды Еуропаға орналастыруы еді. Бұл КСРО сыртқы саясатына деген әлемдегі сенімсіздікті ұлғайта түсті. Әрі КСРО-ның халықаралық беделіне зор нұсқан келді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Түсіндірме сөздік

Экспорт – сыртқа шығарылатын тауар.

Импорт – сырттан әкелінетін тауар.

Хельсинки шарты – Хельсинкиде өткізілген жалпы еуропалық Кеңестің нәтижесінде халықаралық қарым қатынастарды жаңа сапалық тұрғыда реттеу тұжырымдамасын бекітілді. Онда бірінші кезекте әлемдегі бейбітшілік пен адам құқықтарын қорғалуын қатаң қадағалау туралы шарт жасалды. Бұл шартқа АҚШ, Канада және Кеңес Одағы да қол қойды.

«Қырғи қабақ соғыс» - капиталистік жүйе мен социалистік жүйенің жетекші елдері АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы ядролық соғыс қаупін туғызған текетірес, ақпараттық соғыс.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақстанның шет елдермен байланыстары қандай бағыттарда дамыды?
2. Қазақстанның мәдени саладағы байланыстары қандай елдермен жасалды?
3. «Қырғи-қабақ соғысының» шығу себептері неде болды?
4. Кеңес Одағының себепті әскерін Ауған жеріне кіргізді және бұл шешімге қарсы болған адамдар болды ма?
5. Ауған соғысының Қазақстан үшін қандай зардаптары болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Қазақстанның 1960 жылдардағы халықаралық байланыстары мен 1970 жылдардағы халықаралық байланыстарының ерекшеліктерін ашып көрсететін кесте жасаңдар.

Ә) Әлемдік карта бойынша сол кезеңде Қазақстанмен халықаралық мәдени-экономикалық байланыс жасаған елдерді анықтаңдар.

8-тарау: Қазақстан қайта құру мен түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде

8.1 *Дағдарыс алдындағы қоғамның жағдайы және қайта құру саясаты*

Кеңестік қоғамдағы дағдарыстың тереңдеуі. Билік басындағы өзгерістер. Қайта құру саясатының мәні және негізгі бағыттары. Қайта құру бағытының қарама – қайшылығы.

1980–жылдардың басында кеңестік қоғамдағы тоқырау тереңдей берді. Кеңес Одағы саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс алдында тұрды. Әкімшіл-әміршіл басқару әдісі сол заманның талабына сай келмеді. Әсіресе, жоспарлы экономика халықтың материалдық сұраныстарына жауап бере алмады. Бұл бүкіл кеңестік жүйенің дағдарысы еді. Сол себепті, қоғамның экономикалық негізін, саяси жүйесін, рухани саланы реформалау қажеттілігі айқын аңғарылды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Дағдарыс

Саяси жүйеде

1. Компартия жетекшілерінің демократиялық реформа жүргізуге қабілетсіздігі.
2. Қоғамдық өмір мен экономикалық саланың бір орталықтан басқарылуы.
3. Партиялық және мемлекеттік қызметтің бірігуі.
4. Конституция мен жеке адам құқықтарының бұзылуы.
5. Қоғамда жариялылық пен демократияның болмауы.

Экономикалық жүйеде

1. Экономиканы жоспарлау әдісі арқылы басқарудың тиімсіздігі.
2. Өндіріске жаңа технологияларды енгізуде артта қалушылық.
3. Мемлекеттік меншік монополиясы.
4. Материалдық ынталандыру тәсілдерінің ескіруі, тауар тапшылығы.
5. Әскери өнеркәсіп кешендерге басымдылық беру мен жаппай қаруланудың зардаптары.

Әлеуметтік жүйеде

1. Тұрмыс деңгейінің төмендеуі.
2. Еңбекақы төлеудегі теңгермешілік.
3. Әлеуметтік әділеттіліктің қадағаланбауы.
4. Мемлекеттік мүліктің талан таражға салынуы.
5. Қоғам өмірін коррупция мен парақорлықтың, маскүнемдіктің жайлап алуы.

1982 жылы қарашада КОКП ОК Бас хатшысы Л.И.Брежнев қайтыс болды. Ол елді үздіксіз 18 жыл басқарған еді. КОКП ОК Бас хатшысы болып *Юрий Андропов* сайланды. Ол КСРО ны 1982–1984 жылдары басқарды. Оған дейін кеңес қоғамындағы құзырлы орган Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы қызметін атқарған еді. Сондықтан Ю.Андроповтың жұмыс әдісі соған сәйкес болды. Ол елдегі қалыптасып отырған жағдайдың күрделілігін түсінді. Сол себепті қоғамдық тәртіп мәселесін бірінші кезекке қойды. Ю.Андроповтың жүргізген алғашқы саяси шаралары мыналар болды:

- Партиялық биліктің қз ішінде қатаң тәртіп орнату;
- Өндіріс пен шаруашылықтағы тәртіпті жолға қою;
- Қоғамды жайлап алған парақорлық пен маскүнемдікке қарсы күрес жүргізу.

Бұл шаралар кеңестік қоғам үшін өте қажет болған еді. Бірақта оны жүзеге асыруда жергілікті әкімшіліктер заңдылықтың өрескел бұзылуына жол берді. Қабылданған шешімдер аяқсыз қалды. Өйткені, 1984 жылы ақпанда Ю.В.Андропов қайтыс болды. КОКП ОК Бас хатшысының *Константин Черненко* келді (1984–1985). Ол Ю.Андроповтың қоғамда тәртіп орнату саясатын жалғастыра алмады. К.Черненко партиялық әміршіл-әкімшіл әдістерді қайта жаңғыртты. Түсініксіз жағдайда Сталиннің серігі әрі оның қылмыстарына тікелей қатысы бар Молотов ақталды. Ал, 1984 жылы КОКП ОК-нің ғылыми–техникалық саясаты талқыланатын пленумы өткізілмей қалды. Бұл Кеңес үкіметінің ғылыми-техникалық саясатқа қатысты ұстанған көзқарасын айқындап тұрса керек.

1985 жылы наурызда К.Черненко қайтыс болып, КОКП ОК Бас хатшысы қызметіне *Михаил Горбачев* сайланды. Ол КСРО-ны 1985–1991 жылдар аралығында басқарды. М.Горбачев елді басқаруға реформаторлық көзқараспен келді. 1985 жылы сәуірде КОКП ОК пленумы өткізілді. Пленумда М.Горбачев әлеуметтік–экономикалық және қоғамдық-саяси жүйеге түбегейлі реформа жүргізетінін жариялады. Оны *қайта құру бағыты* деп атады.

Қайта құру дегеніміз не? Бұл - өндірісті ғылыми-техникалық тұрғыда жаңарту, адамдардың материалдық

және руханы жағдайын жақсарту. Бұл – демократияны, халықтың өзін-өзі басқаруын тереңдету деген сөз деп анықтама берілді.



1985 жылы сәуір пленумында *әлеуметтік–экономикалық дамуды жеделдетуге* көшу туралы шешім қабылданды. *Жеделдетудің* мәні - өндіріске жаңа технологиялар енгізу арқылы экономиканы қарқынды дамыту. Кооперацияға, шаруашылық есепке, жеке меншік түрлеріне еркіндік беру арқылы бірте бірте нарықтық қатынастарға көшу. Нәтижесінде халықтың тұрмыс сапасын көтеріп, әсіресе тегін және тұрғын үй мәселелерін шешу.

Жеделдету саясаты барысында бүкіл елде кооперативтік шаруашылықтар құрылып, тиімді жұмыс істей бастады. Алайда, жеделдету бағытының кемшіліктері де айқындалды. Біріншіден, жеделдету бағыты ғылыми тұрғыда негізделмей, асығыс қабылданды. Екіншіден, партия басшылығы экономикалық дағдарыстан қаулылар қабылдау арқылы шығуға болады деп есептеп, қоғам дамуының заңдылықтарын ескермеді.

Қайта құру бағытының қарама – қайшылығы

1987 жылы қаңтарда КОКП ОК кезекті пленумында "Қайта құру және партияның кадр саясаты туралы" мәселе талқыланды. Ал, сол жылғы маусым пленумында басқару жүйесін түбегейлі қайта құру мәселелері қарастырылды. Пленум әзірленген құжаттар негізінде "Мемлекеттік кәсіпорын туралы заң" қабылданды. Бұл заң бойынша мемлекеттік кәсіпорындар дербес тауар өндіруші болып танылды. Енді ұзақ мерзімді жоспарлау орнына мемлекеттік тапсырыстар тәртібі енгізілді.

Дегенмен, бұл шаралар да экономиканы дағдарыстан шығара

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

алмады. Экономикадағы жағдай ауырлай түсті. Күнделікті тұтынатын тауарлар тапшылығы айқын сезіле бастады. Азық–түлік түрлері азайып кетті. Мұның бәрі, қоғамның саяси жүйесін жаңартпайынша экономиканы басқарудың жаңа әдістері нәтиже бермейтіндігін дәлелдеді.

1987 жылы қазанда КОКП ОК пленумында Мәскеу қалалық партия комитетінің І-хатшысы Борис Ельцин қайта құру реформаларының баяулығын қатты сынға алды. Бірақта оның сөзі баспасөзде жарияланбады. Б.Ельциннің баяндамасы 1988 жылдың көктемінде ғана жарық көрді.

1987 жылы қарашада Қазан төңкерісінің 70 жылдық мерекелік мәжілісі болып өтті. Онда М.С.Горбачев кеңестік қоғам дамуының тарихи кезеңдеріне саяси баға берді. Бас хатшының баяндамасында сталинизм қылмысты құбылыс деп танылды. Ал тарих "ақтаңдақтары" объективті түрде қайта қаралуы тиіс деген қорытынды жасалды.

1988 жылы маусымда КОКП XIX Бүкілодақтық конференциясы өткізілді. Конференцияда қоғамның әлеуметтік–экономикалық дамуына терең талдау жасалды. Онда мынандай шешімдер қабылданды:

- Саяси жүйеге реформа жүргізу;
- Демократия мен жариялылықты одан әрі дамыту;
- Әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарын жүзеге асыру.

Қоғамның саяси және әлеуметтік өміріндегі қайшылықтар

Қайта құруды жүзеге асырудағы кемшіліктер қоғам өміріндегі қайшылықтарға әкеп соқтырды. Олар мынандай жағдайлардан көрініс берді. Мысалы, мемлекеттік жоспарлауда республика мүддесі әлі де болса ескерусіз қалып отырды. Ал қазба байлықтан түскен табыстар республикаларға аз мөлшерде ғана беріліп, жергілікті халық оның игілігін көре алмады. Тұтыну тауарларының 60 % шеттен тасымалданды. Ғылым мен мәдениет, білім беру салаларын қаржыландыруда «бюджеттік қалдық» ұстанымы сақталып қалды. Мәдениет ұлттық келбеті мен дәстүрлерінен айырыла бастады. Қазақ тілі қоғамдық маңызын жойып, тұрмыстық тіл деңгейіне түсті. Нәтижесінде 1954-1986 жылдары 600 астам қазақ мектептері жабылды. Маңызды саяси шешімдер Мәскеуде қабылданды. Ал одақтас республикаларға оларды орындау үшін бұйрық

ретінде жіберіліп отырды. Орталықтың шешімдерімен келіспеу, оған сын айту «ұлтшылдық» ретінде бағаланды. Қазақстан халқының көз алдында Арал мен Семей экологиялық қасіреті қалыптасып жатты. Қоғамда адамдардың әлеуметтік немқұрайлылығы күшейді.

1986 жылы ақпан-наурызда Қазқстан Компартиясының XVI съезі болып өтті. Съезде әлеуметтік–экономикалық дағдарыстың жекеленген кемшіліктерін сынаумен ғана шектелді.

Түсіндірме сөздік

Жариялылық – қоғам өмірінің барлық саласында шынайы ақпарат алу мүмкіндігін жасау .

«Ақтаңдақтар» – зерттелмеген немесе идеологиялық себептерден жабық болған тақырыптар.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1980 жылдың басында Кеңес Одағының партия басшылығында қандай өзгерістер болды?
2. Қоғам өміріндегі дағдарыстың қандай белгілері болды?
3. Қайта құру саясатын кім ұсынды және оның қандай бағыттары белгіленді?
4. Әлеуметтік экономикалық дамуды жеделдетудің мәні неде болды?
5. Қайта құрудың қайшылықтары неден көрінді?

Дамытушылық тапсырма:

1960 жылдардағы Н.Хрущев реформалары мен 1980 жылдардағы М.Горбачев реформаларына салыстырмалы талдау жасап, ортақ және ерекше белгілерін ашып көрсетіңдер

Тарихи тұлғалар

Горбачев Михаил Сергеевич *(1931, Ресей, Ставрополь өлкесінде туған) – мемлекет және қоғам қайраткері, реформатор. СОКП ОК Бас хатшысы (1985-90), КСРО-ның алғашқы және соңғы Президенті (1990-91ж), Нобель сыйлығының лауреаты. Мәскеу мемлекеттік университетінің заң факультетін (1955) бітірген. 1955-66ж. Ставрополь қалалық және өлкелік комсомол ұйымдарында қызмет еткен. 1966-67ж. Ставрополь қалалық партия комитетінің ІІ-хатшысы, 1970ж. 1-хатшысы, 1978-85ж. КОКП ОК хатшысы, 1980ж. Саяси Бюро мүшесі, 1985-91ж. КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды. 1990ж. 15- наурызда халық*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

депутаттарының кезектен тыс өткен III-съезінде КСРО Президенті болып сайланды. Ол әміршіл жүйені сақтай отырып, қоғамдық өмірді демократияландыруды ұсынды. Бұл идеяның кеңестік империя жағдайында жүзеге асуы мүмкін еместігін 1986ж. Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі және одан кейін өріс алған Тбилисидегі, Бакудегі, Вильнюстегі оқиғалар көрсетіп берді. М.Горбачевті биліктен босатып, кеңестік империяны қайта нығайтуды көздеушілер 1991ж. Тамыз бүлігін ұйымдастырды. М.Горбачевтің Кеңестік республикалар арасында жаңа одақтық шарт жасап, КСРО ны сақтап қалуға, КОКП ны реформалауға ұмтылған әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. Тамыз бүлігінен кейін Ресей Федерациясының Президенті Б.Ельциннің Жарлығымен КОКП қызметі шектелді. Беловеж келісімі (1991, 8 желтоқсан) КСРО ның ыдырағанын рәсімдеп берді. Осыған орай М.Горбачев өз қызметінің тоқтатылғанын ресми түрде жариялауға мәжбүр болды.

КСРО тарағаннан кейін М.Горбачев Халықаралық әлеуметтік–экономикалық және саяси зерттеулер қорының («Горбачев қоры») президенті ретінде Ресейдегі саяси және әлеуметтік оқиғаларға белсене араласып келеді.

8.2 *1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі*

Желтоқсан көтерілісінің себептері. Қазақ жастарының бейбіт наразылығының басталуы. Кеңес үкіметінің көтерілісті қатыгездікпен басуы және құғын-сүргін шаралары. Көтеріліске әділ баға беру жолындағы саяси күрес. Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы.

Республиканы ұзақ уақыт басқарып, еліміздің дамуына зор үлесін қосқан Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев болды. Ол Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің және Жоғарғы Кеңес төрағасы, 1960-62 және 1964-1986 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясы ОК I-хатшысы қызметтерін атқарды. Д.Қонаев саясаткерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті арқылы үлкен беделге ие болды. Ол билік басында болған уақыт қаншалықты күрделі болғанымен елдің экономикасын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамытуға

елеулі еңбек сіңірді. Орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесіне қызмет етті. 1960ж. басында Н.С.Хрушевтің озбырлығымен Өзбекстанға беріліп кеткен қазақ жерінің біраз бөлігін қайтарып алуы соның айғағы. Д.Қонаевтың қайраткерлігі мен адамгершілік қасиеттері халыққа кеңінен мәлім болатын. Сондықтан да елімізде Қонаевтың жеке басына табынудың да өзіндік белгілері қалыптасты. Республика жетекшісі ретінде Д.А.Қонаев сол әміршіл-әкімшіл жүйенің өкілі еді. Сол себепті Д.Қонаевтың саяси тағдыры Мәскеуде шешілді.

1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің V пленумы шақырылды. Пленумда ұйымдастыру мәселесі қаралды. Ол небәрі 18 минутқа созылған. Пленумның қаулысы бойынша КОКП ОК өкілі Г.Разумовскийдің ұсынысымен Қазақ КСР КП ОК I хатшысы Д.А.Қонаев қызметінен алынды. Қазақ КСР КП ОК I-хатшысы болып Геннадий Колбин тағайындалды (1986-1989). Оған дейін ол Ульяновск облыстық партия комитетінің жетекшісі болған.

Орталықтың өктемдігі қазақ халқының наразылығын туғызды. Ол заңды еді. Өйткені, қоғамда демократия мен жариялылық орнатамыз деп ұрандаған партия басшылығының бұл әрекетіне халық бірден қарсылық білдірді. 1986 жылы 17 желтоқсанда Алматыда қазақ жастарының жаппай толқуы басталды. Студент жастардың наразылықтары Қарағанды, Жезқазған, Арқалық, Талдықорған, Өскемен, Алға, Целиноград, Көкшетау қалаларында да болды. Желтоқсан көтерілісінің *сылтауы* Г.В.Колбиннің республика басшысы болып тағайындалуы еді.

Желтоқсан көтерілісінің басты себептері:

- Орталықтың ұлт саясатындағы әділетсіз әрекеттері;
- Кеңес үкіметінің ұлттық мәдениет пен халықтың салт дәстүрлеріне қысым жасауы;
- Ашық түрдегі орыстандыру саясаты;
- Қазақ тілінде білім беретін мектептердің жаппай жабылуы әрі жоғары оқу орындарында қазақ тілінде білімнің берілмеуі;
- Орталықтың өктемдігі мен Горбачев жариялаған демократия талаптарының орындалмауы.

Жастардың наразылығы бейбіт түрде басталды. Олар

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

басқа ұлт өкілдері мен мемлекеттік құрылысқа қарсы үндеулер көтерген жоқ. Жалпы, Конституцияға қайшы келетін саяси талаптар қойылмаған еді. Мәскеуге Алматыдағы оқиғаға баға берген алғашқы құпия ресми құжатта: *«1986 жылы 16 желтоқсанда таңертеңгі сағат 9 да Алматыдағы Брежнев атындағы алаңда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үйі алдында мал дәрігерлік, ауыл шаруашылық, политехникалық институттарының ұлты қазақ екі жүзге тарта студенті жиналды. Олар қолдарына қазақ және орыс тілдерінде: «Әр халыққа өз көсемі», «Ленин идеялары жасасын», «Күшпен қосу емес, ерікті, еркін қосылу үшін», «Езу мен қанаусыз еркін, ерікті даму үшін» деп жазылған транспорант ұстаған. Жекелеген студенттер «1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бесінші пленумында болған республика Компартиясы Орталық Комитеті бірінші хатшысының сайлау шешімі бұзылып, қызметке жергілікті ұлт өкілі сайлансын деп айқайлады. ...»* деп, сол кездегі Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы В.Мироненко мәлімет берген. (Табеев К. 1986. Желтоқсан.(Үш күннің дерекнамасы).- Алматы, 1991 жыл, 9-бет) Өкінішке орай, Компартия басшылығы саяси наразылықты өкімет билігіне төнген қауіп деп бағалады. Сол себепті, бірден Алматы гарнизоны әскери дайындыққа келтірілді. КСРО Ішкі істер министрі А.Власов Челябинск, Новосибирск, Ташкент, Уфа, Тбилиси т.б. қалалардан Алматыға арнайы әскери бөлімдер жіберу туралы шешім қабылдады. Бұл билік тарапынан жасалған Конституцияға қайшы келетін заңсыз әрекет болатын.

Бейбіт шеруді тарату үшін КСРО ішкі істер министрінің № 0385 бұйрығымен «Құйын-86» («Метель-86») операциясы басталды. Сол кездегі Республика ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Э.Басаровтың мәліметтері бойынша: операцияға милиция мен ішкі әскерлердің жеке құрамының 3200 адамы, 11 өрт сөндіруші машина, әскери округтың 15 БТР қатыстырылған. Ал, бұл операцияға қатысқан Алматы шекарашылар училищесінің курсанты И.Румянцев: «Бізді көпке дейін тамақтандырмады, сондықтан біз ашынып тұрдық» деп, үкіметтің

жауынгерлерді әдейі қатігездікке итермелегенін атап көрсетеді. (Табеев К. 1986. Желтоқсан.(Үш күннің дерекнамасы).- Алматы, 1991 жыл, 20-бет) Бұл операцияға Г.Колбиннің өзі жетекшілік етті. Кеңес әскері халыққа қарсы мынадай қару түрлерін: *сойылдар, саперлік күректер, арнайы үйретілген иттер, су шашатын машиналар* пайдаланды. 18 желтоқсанда бейбіт шеруді қуып тарату үшін жаппай ұрып соғу басталды. Жастарды сапер күректерімен, резеңке сойылмен соққыға алып, қыз балаларды шашынан сүйреп, аязды күні жерге отырғызып, аланды қан жоса қылды. Мысалы, ауруханаға бас сүйегі мен миынан ауыр жарақаттанған Алматы энергетика институтының студенті *Ербол Сыпатаев* 23 желтоқсанда есін жимастан дүниеден өтті. Ал, оның ата анасы жалғыз баласынан айырылды. Осылайша, Кеңес үкіметі халыққа қарсы жасалған қылмыстың басты ұйымдастырушысына айналды.

Соңғы деректерге қарағанда:

- 17-19 желтоқсанда алаңға 60 мыңдай адам алаңға шықты.
- 8 мыңнан астам адам ұсталып, қаланың сыртына әкетілді.
- 103 азаматқа айып тағылып, бас бостандығынан айрылды. 2 азамат (Қ.Рысқұлбеков пен Мырзағұл Әбдіқұлов) ату жазасына кесілді, кейін жаза 20 жылға ауыстырылды;
- Жүзден астам адам 1,5 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айрылды.
- 52 адам партия қатарынан шығарылды.
- 787 адам комсомол қатарынан шығарылды.
- Жоғарғы оқу орындарының 12 ректоры қызметінен алынды.
- Ішкі істер министірлігінен 1200 адам, денсаулық сақтау және көлік министрлігінен 309 адам жұмыстан шығарылды.

Төлеуғали Ташенов (СМУ – 37 ағаш шеберi), Лаззат Асанова (Чайковский ат. музыка училищенің 1-курс студенті),

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қайыргелді Күзембаев (СМУ – 40 жұмысшысы), Сәбира Мұхаметжанова, Жамбыл Тайжұмаев (Электротехникум студенті), Жансая Сабитова (Алматыдағы №19 мектептің физика пәнінің мұғалімі) сынды мыңдаған жас жігіттер мен қыздар Желтоқсан көтерілісінің құрбандарына айналды. Л.Асанова мен С.Мұхаметжанова қаза тапса, 1987 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Т.Ташенов пен Ж.Тайжұмаевты 15 жылға, Қ.Күзембаевты 14 жылға, Ж. Сабитованы 5 жылға соттаған. Желтоқсан құрбандарының бірі - Алматы архитектура құрылыс институтының студенті *Қайрат Рысқұлбеков* еді. 1988 жылы КСРО Жоғарғы Соты оған берілген ату жазасын 20 жыл бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырды. Бірақ, ол 1988 жылы мамырда белгісіз жағдайларда түрмеде қайтыс болды. Ол небәрі жиырма екі ақ жыл ғұмыр кешсе де, артында ерлік ісі мен азаматтық асқақ даңқын қалдырды. Оның түрмеде жазған «Ақтық сөз» деген өлеңінде Желтоқсан көтерілісінің себептері нақты ашылып көрсетілген:

«...Қаймана қазақ қамы үшін
Қарусыз шықтық алаңға
Алыстан әскер алдырып,
Қырып салды-ау табанда.

Сөйлесем даусым жетпейтін
Кез болдық мынау заманға.
Шовинизм еді ғой
Басты себеп жанжалға.

... Салт санадан айрылып,
Арақтан ұрпақ азбасын.
Ел көркейтер азамат
Қызғаныштан тозбасын.

Абай туған жерінде
Бомбасын атом жармасын.
Құлпытасты қиратып,
Өлігіңді қазбасын.
Өз ұлтының басшысын
Орнынан сүйреп алмасын...

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

(Қапаста жазылған хаттар (жала құрбандарының жырлары). – Алматы: «Жалын», 1992, 31-32 б.)

1996 жылы 9 желтоқсанда Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қ.Рысқұлбековке *Халық қаһарманы* атағы берілді.

1987 жылы шілдеде КОКП Орталық Комитеті «Қазақ республикалық партия ұйымдарының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие берудегі жұмыстары туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулыда Желтоқсан көтерілісі *«қазақ ұлтшылдығының көрінісі»* деп бағаланды. Орталық қазақ халқының саяси наразылығының маңызын төмендету мақсатымен оған қатардағы оқиға ретінде баға берді. Бірақ, ол шын мәнінде, қазақ халқының отарлық саясатқа қарсы ғасырлар бойы үздіксіз жүргізіп келген ұлт-азаттық күресінің заңды жалғасы еді. Сондықтанда, *қазақ жастарының тоталитарлық жүйеге қарсы саяси наразылығы көтеріліс деңгейіне жеткен құбылыс болды.*

1990 жылы қыркүйек–мамыр айларында КСРО Жоғарғы Кеңесі халық депутаттарының I съезі өтті. Онда съезд депутаты М.Шаханов СОКП басшылығынан «Желтоқсан көтерілісіне» әділ баға беруді талап етті. М.Шахановтың талабына алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері қолдау білдірді. Олардың қатарында батыл қолдау білдірген академик А.Сахаров болатын. Осындай талаптың нәтижесінде Желтоқсан көтерілісіне түпкілікті баға беру жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия төрағасы болып КСРО халық депутаты М.Шаханов сайланды. *Комиссия құқықтық тұрғыда жан жақты сараптан өткізгеннен кейін қаулыдағы «қазақ ұлтшылдығы» деген айып қате деп мойындалды.* Бұл Желтоқсан көтерілісіне қатысты тарихи шындықты қалпына келтірудің бастамасы еді.

1990 жылғы 24 қыркүйекте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысында бейбіт шерудің жаппай тәртіпсіздікке ұласып кетуінің себептері көрсетілді:

- Республика басшылығының саяси дәрменсіздігі және қиын жағдайда бейбіт жол көрсете алмауы;
- Компартия жетекшілерінің қарулы күшке сүйенуі;

Өйткені, арнайы әкелінген әскери бөлім жауынгерлерінің қатыгез әрекеттері қазақ жастарына да жауап қайтаруға мәжбүр еткен болатын.

1991 жылы желтоқсанда 1986 жылғы 17-19 желтоқсан көтерілісіне қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығы шықты. Жарлық бойынша қылмыстық жауапқа тартылған жастар ақталды. Сонымен бірге, Ішкі істер бөлімі мен құқық қорғау органдары қызметкерлерін мемлекеттік наградалармен марапаттау жөніндегі Жарлықтың күшін жою жүзеге асырылды. Ал, 17 желтоқсан - *Демократиялық жаңару күні* деп жарияланды. 2006 жылы Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығына орай Алматыда «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші орнатылып, республика бойынша ғылыми конференциялар, еске алу кештері өткізілді.

Желтоқсан көтерілісінің саяси және тарихи маңызы:

- Желтоқсан көтерілісі Кеңес Одағындағы демократиялық өзгерістерге жол ашып берді;
- Желтоқсан көтерілісі қазақ халқының ұлттық санасының өрлеуіне серпін берді;
- Әлемге өркениетті қазақ деген халықтың бар екенін паш етті;
- Тоталитарлық жүйенің ыдырауын жеделдетті.
- Қазақстанның тәуелсіздігіне ашылған жол болды.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің басты себептері неде болған еді?
2. Қазақ жастары Кеңес Одағы басшылығына қандай саяси талаптар қойды?
3. Бейбіт шеруге шыққан жастарды тарату үшін үкімет қандай шаралар қолданды?
4. Желтоқсан көтерілісіне партия басшылығы қандай саяси баға берді?
5. Желтоқсан көтерілісінің қаһармандары жәйлі не білесіңдер?
6. Желтоқсан көтерілісіне әділ баға берілуіне көп еңбек сіңірген қоғам қайраткері кім және ол қандай мәселелерді көтерді.
7. Желтоқсан көтерілісінің саяси және тарихи маңызы қандай болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) «Қазақ халқының ұжымдастыруға қарсы көтерілістері» - «Ақмола оқиғалары» - «1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі» дерек көздерін пайдаланып, анықтап, талдау жасаңдар.

Ә) Желтоқсан қаһармандары туралы қысқаша энциклопедиялық анықтама жасаңдар.

Тарихи тұлғалар

Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы *(1966, Жамбыл обл., Мойынқұм ауд., Бірлік а. – 21.05.1988ж, Семей қ.) – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны, "Халық қаһарманы" (1996). 1986ж. Алматыдағы Сәулет–құрылыс институтына (қазіргі Сәулет–құрылыс академиясы) оқуға түскен. Осы жылы 16–18 желтоқсанда болған қазақ жастарының отаршылдық және әміршілдік жүйеге қарсы көтерілісіне белсене қатысады. Көтеріліс қатігездікпен жаншылғаннан кейін 1987ж. қаңтарда тұтқындалды. 1987ж. 16–маусымда өлім жазасына кесілді. Халықаралық қауымдастықтың КСРО басшылығынан Рысқұлбековтің жазасын жеңілдету туралы өтініштерінен кейін Қ.Рысқұлбековке берілген өлім жазасы 20 жыл бас бостандығынан айырумен ауыстырылды. Бірақ оның өміріне Семей түрмесінде құпия жағдайда қастандық жасалған. Қ.Рысқұлбеков Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылы 21 ақпандағы шешімімен толық ақталды.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Алматыда Қазақтың Сәулет-құрылыс академиясы орналасқан көшеге Қ.Рысқұлбеков есімі берілген. Таразда Қ.Рысқұлбеков атындағы демалыс бағы бар. Оның орталық алаңында Қ.Рысқұлбеков ескерткіші орнатылған. Бүгінгі күні Қ.Рұсқылбековты еске түсіруге арналған республикалық спорттық жарыстар ұйымдастырылып тұрады.

8.3 *Елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың тереңдеуі*

Әлеуметтік экономикалық дағдарыстың тереңдеуінің себептері. «Жаңа Өзен оқиғасы». Қазақстан ауылдарының жағдайы

Желтоқсан көтерілісі Кеңес үкіметінің елдегі саяси және әлеуметтік мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздестіруге итермелеуі тиіс еді. Бірақ, олай болмай шықты. Кеңес Одағының барлық саладағы дағдарысы күн өткен сайын тереңдей берді. Әсіресе, СОКП ОК Бас хатшысы М.Горбачевтің саяси дәрменсіздігі айқын көріне бастады. *Оның қызметіне сөз бен істің алшақтығы тән болды.*

1989 жылы республика басшылығы туысты Т.Кобиннің орнына Қазақстан Компартиясы ОК I хатшысы болып *Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев* сайланды. Бұған дейін Н.Назарбаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған еді. Ол Қазақстандағы билікті терең дағдарыс жағдайында қабылдап алды. Қазақстандағы дағдарыстың көрінісінің бірі 1989 жылғы маусымдағы Маңғыстау облысындағы *Жаңа өзен оқиғасы* болды. Жаңа өзендегі оқиға елдегі әлеуметтік қайшылықтар нәтижесінде туындаған халық наразылығы еді. Наразылықтың себептері:

- Жергілікті тұрғындар арасындағы жұмыссыздық.
- Әкімшіліктің жұмысшы күшін сырттан әкелуі.
- Азаматтардың әлеуметтік құқықтарын пайдаланудағы қиындықтары. Тұрғын үй бөлудегі заңсыздықтар;
- Сауда мен тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінің жұмысындағы ірі кемшіліктер. Аазық-түлік және өнеркәсіп тауарларын бөлуде әділдіктің жиі бұзылуы.

Әлеуметтік саладағы заңсыздықтар сол өңірдегі ұлтаралық қақтығыстарға әкеп соқтырды. Жергілікті тұрғындар мен сырттан келген кавказдықтар арасындағы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

қақтығыстар көбейді. Өйткені, жергілікті әкімшіліктегі парақорлықтың салдарынан сырттан келген жұмысшылардың артықшылықтарға ие болуы халықтың ашу-ызасын туғызды. Билік органдары жергілікті халықтың жағдайына немқұрайды қарағандықтан олар мәселені күшпен шешуге мәжбүр болды. Сондықтанда, сырттан келген жұмысшыларға қысым жасау арқылы заңсыз әрекеттерге барды. Бұл жанжал арнайы әскери күшпен тоқтатылды. Бірақ, әлеуметтік мәселе бұрынғыдай қиын жағдайда қала берді.

1989 жылы шілдеде Қарағандыда 15 мыңға жуық кеншілер қатысқан ереуіл ұйымдастырылды. Ереуілде үкіметке әлеуметтік және экономикалық талаптармен бірге саяси талаптар да қойылды.

- Еңбек ақыны арттыру, азық–түлік түрлерін көбейту;
- Шахталардағы жұмыс жағдайы мен техникалық қауіпсіздікті жақсарту;
- Семей ядролық полигонын жабу;
- одақтық министрліктердің монополиясын шектеу.

Ереуілді тоқтатуы ушін КСРО Көмір өнеркәсібі министрі М.Шадовтың келуі де кеншелерді тоқтатпады. Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаев Қарағанды кеншілермен бірнеше рет кездескеннен кейін ереуіл тоқтатылды. Кеншілер мен Республика жетекшісінің көзқарастары бір жерден шықты:

- Орталықтағы министрліктердің монополиясына наразылық;
- Өндірістен түскен пайданың бір бөлігін кешілердің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттау;
- Экономикалық дербестікке қол жеткізу.

Сол себепті республика басшысы кеншілердің талаптарын орындауға уәде берді. Берілген уәдені орындауда республика басшысы қажырлы еңбек етті. Бұл оқиғалар жұмысшылардың елеулі саяси күшке айналғанын көрсетіп берді. Алайда, КСРО басшылығы одақтас республикалардың экономикалық дербестігіне жол бермейтіндігін ашық білдірді.

1980 жылдары басталған әлеуметтік-экономикалық дадарыс тереңдей берді. Республика бюджетіне экономиканың шикізаттық бағытының тиімсіздігі айқын

көрінді. Мысалы, 1988 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша республикадан сыртқа 6,7 млрд сомның өнімі шығарылса, сырттан – 13,8 млрд сомның тауары әкелінді. Қазақстан экспортының 97% шикізаттар, менералдар, жартылай дайын өнімдер құрады. Кеңес Одағындағы экспортындағы сары фосфордың 90%, мыстың 72%, барлық хром, қорғасын, мырышты Қазақстан дайындады. Сол кезеңдегі республика басшылығының маңызды жетістігі - Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігін құруға қол жеткізуі еді. Сонымен бірге, республикалық Сыртқы экономикалық банкі құрылды.

Бұл шаралар сыртқы экономикалық байланыстардың жандануына мүмкіндіктер ашты. 1990 жылы қарашада алғаш рет «Аль–Барака Банк Қазақстан» банкі Сауд Арабиясымен бірлесе құрылды. Оңтүстік Кореяның «Самсунг», «Голд Стар» (қазіргі LG) сияқты ірі корпорацияларымен байланыс орнатылды. 1991 жылы сыртқы сауда 1,5 есеге өсті. 1991 жылы республикада 24 елдің қатысуымен 35 біріккен кәсіпорын және халықаралық коммерциялық банк қызмет істеді. Экономиканы дағдарыстан шығару үшін республикада еркін экономикалық аймақтар құру тәжірибесі жүзеге асырылды. Олар: Жәйрем – Атасу, Қарағанды, Маңғыстау, Алакөл және Жәркент еркін экономикалық аймақтары еді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени–экономикалық қарым қатынастарға жол ашылды. Екі ел арасындағы сауда айналымы 1986 жылы 4 млн сомды құраса, ол 1990 жылы 21,7 млн сомға дейін өсті. Сондай ақ, екі ел арасындағы тұрақты байланыс орнатылды. Мысалы, Алматы – Үрімші – Алматы әуе қатынасы және автобус байланыстары ашылды. Ғылыми – техникалық салада да өзара тиімді қатынастар орнатылып, 1990 жылы қазақстандық студенттер алғаш рет Қытайға оқуға жіберілді. Бірақта, ішкі экономикада одақтас республикалар кәсіпорындарының келісім–шарт міндеттемелерін орындамауы қиыншылық туғызды. Мысалы, 1991 жылы қарашада Қазақстанға жеткізілмеген тауар көлемі 273 млн сомнан асты. Сол жылы республикадағы 553 кәсіпорын жылдық қорытындысын шығынмен аяқтады. Халықтың күнделікті тұтынатын

тауарлар көлемі күрт азайып кетті. Өнеркәсіп тауарларының бағасының қымбаттауы аграрлық саланың жағдайын нашарлатты. 1991 жылы 1990 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылық өнімі 8% төмендеді. Мемлекетке 3,2 млн тонна астық сатылып, бұл барлық жиналған астықтың тек 27% ғана құрады. Мал саны күрт азайды. Экономикалық тұрғыда тиімсіз, шығыны көп шаруашылықтар көбейді.

Мал шаруашылығындағы дағдарыстың себептері мынада болды:

- Совхоздардағы ауыл шаруашылық техникалары ескірді;
- шаруашылықты жүргізудің ескі әдістері сақталып қалды;
- Ауыл шаруашылығын жаңаша басқара алатын мамандар аз болды.

Соның салдарынан ет, сүт, жұмыртқа сияқты негізгі азық-түлік тауарлары тұрақты түрде жетіспеді. Дүкендердегі ұзын сонар кезектер сол кездің үйреншікті құбылысына айналды. Қалаларда азық–түлік тауарларына карточкалық жүйе енгізілді. Мұндай карточкалық жүйе Ұлы Отан соғысы кезіндегі қиын кезеңдерде болған еді.

1990–1991 жылдардағы Қазақстан ауылдары

1990 жылдардың басында ауылдық жерлерде 7.124,6 адам тұрды, яғни олар республика халқының 42,4% құрады. Ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік жағдайы қала тұрғындарына қарағанда едәуір артта қалды. Оның өзіндік себептері болды. Олар ауыл шаруашылығының материалдық – техникалық негізінің нашарлауы мен қаржы тапшылығынан еді. Тұрғын үймен қамтамасыз ету де жылдан жылға қиындай берді. Ауыл еңбеккерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінен Қазақ елі көптеген республикалардың соңында қалды. Қазақстан ауылдарындағы жолдар мен көлік қатынасы 1970-1980 жылдар деңгейінде қалды. Жолдарды күрделі жөндеуден өткізу мен жаңа жолдар салу мүлде тоқтатылды. Еліміздің шалғай ауылдарына радио тораптары, телефон, тас жол жетпей қалды. 1970-жылдардан бастау алған «болашағы жоқ» шағын ауылдарды жою саясаты жүргізілді. Ондағы мектептер, дәрігерлік және мәдени мекемелер қысқартылды. Нәтижесінде көптеген ауылдарда типтік жобамен салынған мектептер, мәдениет үйлері, бала бақшалары қысқартылды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

400 астам ауыл-селолардың тұрғындары тасымал сумен күн көрді. Сауда мекемелері қысқартылғандықтан, оның орнына келген жеке сауда кәсіпкерлері халықтың сұранысына жауап бере алмады. Олар алыпсатарлық саудамен айналысқандықтан тауарлардың бағасы өте қымбат болды. Күнделікті өмірге қажетті тауарлар мен балалар бұйымдарының тапшылығы күшейді. Бұндай саясат ауыл халқының әлеуметтік жағдайын күрт төмендетіп жіберді. Бағаның өсуі, тауар тапшылығы ауылдағы көп балалы отбасыларға, зейнеткерлерге, соғыс және еңбек мүгедектеріне өте ауыр тиді. Сол себепті, ауыл тұрғындары қолдағы бар малын арзан бағаға сатуға мәжбүр болды. Нәтижесінде колхоз-совхоздар мен жеке меншіктегі мал басы азая бастады. Мұның бәрі ауылды жерлердегі рухани саланың құлдырауына алып келді. Ауыл мектептеріндегі білім беру сапасы төмендеді. Өйткені, ауылдарға білікті жас мамандар баруын тоқтатты. Оқу орындарын бітірген жастар қалаларда қалып қоюға тырысты. Жаңа мектеп салу мен күрделі жөндеуден өткізу тоқтатылды. Кейбір ауылдарда мектеп бөлмелерінің жетіспеуінен балалар ауысым бойынша оқыды. Кәсіби білім беретін оқу орындарындағы арнайы кабинеттерді жабдықтау мәселесі шешімін таппады. Ауыл-селолардағы денсаулық сақтау саласы да құлдырап кетті. Көптеген елді-мекендердегі ауруханалар мен дәрігерлік бөлімдер қысқартыла бастады. Ауыл-селоларға жоғары білімді медицина мамандары бармайтын болды. Өйткені, оларға әлеуметтік қамқорлық жасау тоқтатылды. Ауылдардағы халыққа қызмет көрсету мекемелері азая бастады. Облыс және аудан орталықтарымен байланыстыратын қоғамдық көліктер, монша, ательелер саны күрт кеміп кетті. Халыққа қызмет көрсету салалары бойынша артта қалған аймақтар көбейе бастады.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қайта құру саясатының жүзеге аспауының қандай себептері болды?
2. Бұл кезеңдегі шиеленіскен әлеуметтік қайшылықтар қай қалаларда көрініс берді?
3. Қазақстанның шет елдермен экономикалық байланыстары

қай бағыттарда жандана бастады?
4. Қазақстан ауылдарының экономикалық жағдайы қандай дәрежеде болды?
5. Қазақ ауылдарының әлеуметтік және мәдени жағдайы қандай дәрежеде болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Қазақстанның 1960-1970 жылдардағы әлеуметтік жағдайы мен 1980-1990 жылдардағы әлеуметтік жағдайы туралы салыстырмалы талдау жасаңдар.

Ә) Картадан сол кезеңде әлеуметтік себептерге байланысты еруілдер болған қалаларды көрсетіңдер.

Арнайы тапсырма: Сол тарихи кезеңде ауылда немесе қалада өмір сүрген адаммен сұхбат жүргізіп, ауыл адамының күнделікті тұрмыс-тіршілігі туралы баяндап беріңдер.

8.4 *Мәдени өмір*

Мәдени өмірдегі жаңа үрдістер. Ұлттық мәдениеттің өрлеуі. «Қазақ КСР-дегі тіл туралы» Заң қабылдануы және оның маңызы. Алаш қайраткерлерін ақтау науқаны.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қайта құру саясатына байланысты қоғам идеологиялық қысымнан босай бастады. Оған күшті әсер еткен Желтоқсан көтерілісі мен басқа республикалардағы демократиялық қозғалыстар болды. Халықтың ұлттық тарихқа, жеке тұлғаларға қызығушылығы артты. Сондай ақ, сталинизм шындығын білуге ынтасы күшейді. Бұл заңды құбылыс еді. Өйткені, ол ұлттық рухани ваккумнан шыға бастаған халықтың табиғи сұранысы болатын.

Сондықтанда, халықтың сұранысына орай қазақ халқының ауыр тағдыры туралы Әбіш Кекілбаев («Елең алаң», «Үркер»), Сәкен Жүнісов («Аманай мен Заманай», «Ақан сері»), Қабдеш Жұмаділов («Соңғы көш»), Мұхтар Мағауин («Аласапран», «Бес ғасыр жырлайды») сынды жазушылардың тарихи шығармалары жарыққа шыға бастады. Қазақ халқының қилы тағдыры жайында Жұбан Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Мұхтар Шаханов сияқты т.б. ақындар поэзиялық шығармаларын халыққа ұсынды. Халықтың дәстүрлі айтыс өнері қайта жаңғыра бастады.

Айтыс өнерін халыққа насихаттауда М. Көкенов, Ә. Беркенова, Ә. Қалыбекова, Қ. Әбілов, С.Құсанбаев сынды т.б. суырып салма ақындар ерекше үлес қосты. Алматы жасөспірімдер театры Шерхан Мұртазаның "Сталинге хат", М.Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театры Жүсіпбек Аймауытовтың "Ақбілек" пьесаларын көрермен назарына ұсынды.

1988 жылдан бастап Шығыс халықтарының жыл басы болып саналатын дәстүрлі "Наурыз" халықтық мерекесін өткізу дәстүрге айналды. Әр облыстарда ұлттық мәдениет күндері мен фестивальдар ұйымдастырыла бастады. Өзгеріс кезеңінде қазақтың өнер саласы А.Мұсақожаева, Қ. Ахмедияров, Ж. Әубәкірова, Е. Құрманғалиев сияқты т.б. талантты есімдермен толықты. Ал, ұлттық дәстүрлі музыканы өркендетуде «Отырар сазы», «Сазген», «Адырна» ұлт аспаптар оркестрі, «Алтынай», «Салтанат» ән-би ансамбльдері сияқты өнер ұжымдар көп еңбек етті.1980-жылдардың соңында ұлттық киноға өзіндік идеясы бар кинорежиссерлар буыны келді. Қоғамның әлеуметтік шындығын нақты бейнелеген фильмдер көрермендер назарына ұсынылды. Олардың ішінде: Серік Апырымовтың «Соңғы аялдама», Талғат Теменовтың «Адамдар арасындағы бөлтірік» Фуат Мансұровтың «Сұлтан Бейбарыс» фильмдері көрермендердің үлкен қызығушылығын туғызды.

Сол кезеңде ең күрделі мәселе, ол – қазақ тілі мен басқа да ұлт тілдерін дамыту қажеттілігі еді. Орталықтың үстемдігі салдарынан қазақ тілінің жағдайы үлкен дағдарысқа ұшырады. Қазақ тілінің қолданыс аясының тарылып, ресми іс-қағаздарын жүргізуден ығыстырылды. 1960-1990 жылдары Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында қазақ мектептерінің саны күрт қысқарды. Қала жастары ана тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. *Ұлттық тілдің мұндай дәрежеге жетуіне біріншіден, отарлық саясат кінәлі десек, екіншіден, оған кінәлі қазақ зиялы қауымының өздері болды. Олар балаларына ана тілін үйретуге көңіл бөлмеді. Ең болмаса, отбасында ана тілінде сөйлеуге мүмкіншілік жасамады. Қазақ мәдениеті мен зиялы қауымның ордасы Алматыда қазақ тіліндегі мектеп пен*

UNREGISTERED COPY OF SCAN PAPYRUS

бала бақша ашу үшін күрес жүргізген Шона Смаханұлы сынды азаматтар жетіспеді. Өкінішке орай, бұл үрдіс осы күнге дейін жалғасып келе жатыр.

Тілге деген мұндай теріс көзқарас қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдебиетіне, тарихына және салт-дәстүріне үлкен зардабын тигізді. Қайта құру жағдайында рухани өмірдің келеңсіз құбылыстарын ашық талқыға салу мүмкіндігі туды. Сол себепті, ең алдымен, «Тіл туралы» Заңның жобасы жасалып, бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Нәтижесінде 1989 жылы 22 қыркүйекте «Қазақ КСР-дегі тіл туралы» Заң қабылданды. Заң бойынша қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі болып жарияланды. «Тіл туралы» Заңның қабылдануы мен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтуға зор үлес қосқан Мұхтар Шаханов болды. Қазақ тілінің жанашыры М.Шаханов ақын әрі қайраткер депутат ретінде де бүгінгі күнге дейін күрес жүргізіп келе жатыр. Заңға сәйкес елімізде қазақ тілін қайта жаңғырту жөніндегі шаралар жүзеге асырыла бастады. Мәселен, 1990-1991 жылдары қазақ тілінде [illegible] бала бақша салынған. Олардың саны республика бойынша барлығы 1677 жетті. Қазақ тілінде білім беретін 155 мектеп, 4 кәсіптік–техникалық училище ашылды. Сондай ақ, іс қағаздарын қазақша жүргізетін мамандар даярлау жұмысы да қолға алына бастады. Елімізде тек қазақ тіліне ғана көңіл бөлумен шектелген жоқ. Алматы қаласы мен Қарағанды, Ақмола облыстарында татар және неміс тілдерінде оқытатын мектептер ашылды. Республикалық теледидар мен радио 6 тілде хабар тарататын болды.

1988 жылы Қазақстан Компартиясы ОК қаулысымен 1920-1950 жылдары сталиндік жаппай қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбаны болған Алаш зиялылары ақталды. Олардың қатарында: Ә.Бөкейханов, Ш Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, Халел мен Жаһанша Досмұхаметовтар, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов сынды көптеген зиялы азаматтардың есімдері халыққа қайтарылды. Қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ісінде 1989 жылы құрылған *«Әділет» тарихи-ағарту қоғамы* маңызды роль атқарды. Бұл қоғам тарихи шындық пен әділеттілікті

қалпына келтіру жолында бүгінгі күнге дейін жемісті қызмет етіп келеді. Сонымен бірге, республика ғалымдарының жан-жақты зерттеулері нәтижесінде 1980 ж. соңы мен 1990 ж. басында А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, М.Дулатовтардың еңбектері жарық көре бастады. Ал, сәл кейінірек Ә.Бөкейханов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамбетов және т.б. еңбектері жарыққа шықты. Олардың ғылыми шығармашылық мұрасы қазақ халқының руханиятына қосылған өте маңызды құндылық болып табылады.

Түсіндірме сөздік

Ұлттық рухани вакуум – ұлттық өнер мен мәдениеттің дамуына еркіндік берілмеуінен туындаған бос кеңістік.

Айтыс – қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі ерекше құбылыс. Суырып салу дарыны бар ақындардың сөз жарысы. Айтыс ақындары қоғам өмірінің барлық саласындағы келеңсіз құбылыстарды өз жырларында қатты сынап отырған.

Наурыз мейрамы – парсы тілінде «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді, яғни жыл басы. Шығыс халықтарында 22 наурызда күн мен түннің теңелуіне байланысты мерекеленетін жаңа жыл мейрамы.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақтың қандай ақын жазушылары тарихи тақырыптарға қалам тарта бастады?
2. Қазақстанның театр және кино өнерінде қандай жаңа туындылар халыққа ұсынылды?
3. Қазақ тілін қайта жандандыруға байланысты қандай іс шаралар жүзеге асырылды?
4. «Тіл туралы Заңның» қандай маңызы болды?
5. Алаш зиялыларын ақтау шаралары қашан жүзеге асырылды?

Дамытушылық тапсырма:

«Ана тілім арым бұл...» тақырыбына эссе жазыңдар

Тарихи тұлғалар

Шаханов Мұхтар *(02.07.1942 жылы туған) – ақын, қоғам қайраткері. Шымкент педагогикалық институтын бітірген (1969). 1960-75 жылдары «Оңтүстік Қазақстан», «Лениншіл жас»газеттері мен республикалық телерадио редакцияларында қызмет жасаған. 1976 жылдан Қазақ*

КСР Министрлер Кеңесінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитетінде бөлім бастығы болған. М.Шахановтың тұңғыш өлеңдер жинағы «Бақыт» 1966 жылы жарық көрген. Оның «Балладалар», «Ай туып келеді», «Қырандар төбеге қонбайды», «Сенім патшалығы» атты кітаптары жыр сүйер қауымға кеңінен мәлім. «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», «Сократты еске алу түні» атты спектакльдері республикалық театр сахналарында қойылған. М.Шахановтың сөзін де, әнін де өзі жазған «Жұбайлар жыры», «Туған күн кешінде», «Гүл дәурен», «Мен саған ғашық едім» атты әндері халыққа кеңінен мәлім.

Ол Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының хатшысы, «Жалын» журналының бас редакторы қызметтерін атқарған. М.Шаханов қоғам қайраткері ретінде де танымал тұлға. КСРО және Қазақ КСР халық депутаты болды. Халық қалаулысы ретінде ол «Желтоқсан көтерілісінің» әділ бағалануы мен оның құрбандарының ақталуына, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің көтерілуіне өлшеусіз еңбек сіңірді. Бұл мәселелерді әлі де қоғам алдына өткір қойып келеді. 1993-2003 жылдары Қазақстанның Қырғызстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі қызметін атқарды. Қазіргі кезде әлем ойшылдарының басын біріктіретін «XXI ғасыр және Руханият» халықаралық элита клубының президенті. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды. М.Шахановтың еңбектері әлемнің 20 астам тілдеріне аударылған. Оның Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы мен «Сократты еске алу түні» деген драмалық шығармасына әлем жұртшылығы жоғары бағасын берді. Оның «Шыңғысханның пенделік құпиясы» атты туындысы бойынша Украинаның Довженко атындағы киностудиясы екі сериялы телефильм шығарған. М.Шаханов Қазақстан Халық жазушысы, Қырғыз халық ақыны, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының, Қырғызстан халықаралық «Руханият», Түркі дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының иегері. 2002 жылы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

«Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі, Түркияның «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығы берілген.

8.5 *Республика егемендігінің жариялануы. «Тамыз бүлігі» және Кеңес Одағының ыдырауы*

Республика егемендігін жариялаудың алғышарттары. «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның қабылдануы. «Тамыз бүлігі» және Кеңес Одағының ыдырауы

Желтоқсан көтерілісінен кейін республика егемендігіне батыл қадамды зиялы қауым өкілдері жасады. Қазақ жерінде ядролық сынақтардың толассыз жасалуы зиялы азаматтар мен ғалымдарды бей жай қалдыра алмады. Олар ядролық сынақтардың қазақ халқының болашағына аса зор қауіп төніп тұрғанын жақсы түсінді. Сондықтанда, 1989 жылы ақпанда халықаралық антиядролық «Семей-Невада» қозғалысы құрылды. Жетекшісі Олжас Сүлейменов болды. Қозғалыстың негізгі мақсаты ядролық сынақтарға қарсы күресу. Бұл ізгілікті шараға әлем қауымдастығы тарапынан үлкен қолдау білдірілді. 1989 жылы 6 тамызда Қарауыл ауылында (Семей облысы) «Семей –Невада» қозғалысының бастамасымен үлкен митинг өткізілді. *Митингте КСРО мен АҚШ арасында ядролық сынаққа бірлесіп мораторий жариялау туралы үндеу қабылданды.* Халықтың зор қолдауына ие болған қозғалыстың талаптары нәтижесінде 1989 жылға жоспарланған 19 ядролық сынақтың 11 тоқтатылды. Кеңес үкіметі Семей полигонында сынақтар жасауға мораторий жариялады. 1990 жылы мамырда – Алматыда «Дүние жүзінің сайлаушылары ядролық қаруға қарсы» атты халықаралық конгресс өткізілді. Ал 1991 жылы 28 тамызда Президент Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды. Семей полигонының жабылуының әлем қауымдастығы үшін де тарихи маңызы зор болды:

- Алғашқы рет әлемдегі ең ірі полигондардың бірі жабылды;

- Әлемдегі ядролық қарусыздану үрдісіне бастама болды;
- Ресей, АҚШ, Францияның ядролық полигондарында мораторий жарияланды.

1990-жылдардың басында Кеңес Одағындағы саяси дағдарыс өзінің шарықтау шегіне жетті. Әсіресе, партиялық биліктің дәрменсіздігі анық байқалды. Елдегі идеологиялық біріктіруші күш ретіндегі Коммунистік партияның беделі төмендеп кетті. 1990 жылы республикада «Азат», "Бірлік" қозғалысы сияқты т.б. қоғамдық ұйымдар саяси сахнаға шықты. Осы кезеңнен бастап Кеңес Одағы құрамындағы республикалар егемендіктерін жариялай бастады. Бұл үрдісті алдымен Балтық жағалауы елдері бастады. Осы тарихи кезеңде Одақ құрамындағы елдер бірінің үлгісін екіншісі қайталап отырды. 1990 жылы сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі елімізде Президенттік басқаруды енгізу туралы шешім қабылдады. Жоғарғы Кеңес мәжілісінде Қазақ КСР Президенті болып Н.Назарбаев сайланды. Бұл кезеңде Кеңес Одағының болашағы туралы өткір пікірталастар жүріп жатқан еді. Республика басшылығына келген Президент Н.Назарбаев жаңа Одақтық шарт жасауға, яғни жаңа тұрпатты конфедерация негізінде Кеңес Одағын сақтап қалу идеясын қолдады.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі *«Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация* қабылдады. Егемендік туралы Декларацияның қабылдануы қазақ халқының заңды талабы еді. Деларацияда Қазақ КСР-і территориясына, жер қойнауы мен суына мемлекеттік меншік құқығын жариялады. Халықаралық қатынастарды еркін жүргізетінін айқындады. Бірақ, декларацияда одақты сақтауды жақтайтын баптары да болған еді. Қалай болғанда да, егемендік туралы Декларация мемлекеттік тәуелсіздікке салынған іргетас болды. *Бүгінгі күні 25-қазан Республика күні болып белгіленген мемлекеттік мейрам.*

Кеңес Одағы құрамындағы республикалардың «егемендік шеруі» 1991 жылы 19 тамыздағы ***«тамыз бүлігіне»*** алып келді. Мемлекет басшылары КСРО Президенті М.Горбачевті биліктен кетіру әрекетін жасады. Бұл кезде Қырымда демалып жатқан М.Горбачев байланыс жасау мүмкіндігінен айырылды. Бірақ, бүлікті ұйымдастырушылар

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

денсаулығының нашарлауына байланысты КСРО Президентінің өкілеттігі вице-президент Г.Янаевтың қолына көшетіндігі туралы мәлімдеме жариялады. Елді басқару үшін *Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет* (ТЖМК) құрылды.

Комитет төмендегідей құрамда бекітілді: Г.Янаев – КСРО вице-президенті (төраға), В.Павлов – КСРО премьер-министрі, Д.Язов – КСРО Қорғаныс министрі, Б.Пуго – КСРО Ішкі істер министрі, В.Крючков – КСРО МХК төрағасы және т.б.

ТЖМК құрудағы негізгі мақсат: Кеңес Одағында қалыптасқан саяси және әлеуметтік-экономикалық ауыр жағдайды пайдаланып, саяси билікті қолдарына алу арқылы КСРО ның ыдырауына жол бермеу еді. Соған сәйкес КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.Лукьяновтың қолы қойылған «Кеңес халқына үндеу» жарияланды. Ал, КСРО Президенті міндетін атқарушы Г.Янаев бүкіл елге төтенше жағдайды 6 ай мерзімге енгізу туралы шешім қабылдады. Және де БҰҰ-на ТЖМК-ға түсіністікпен қарау жөнінде мәлімдеме жасалды.

ТЖМК қаулылары бойынша саяси [illegible] ұйымдардың қызметі тоқтатылды. Шерулер, демонстрациялар, ереуілдер өткізуге тиым салынды. Бұхаралық ақпарат құралдарына цензура енгізілді. Мысалы, Демократиялық бағыттағы «Комсомольская Правда», «Московские новости» газеттерінің басылуы тоқтатылды. «Известия», «Труд», «Рабочая жизнь» газеттерін шығару шектелді.

ТЖМК мемлекеттік төңкеріс жасауда МҚК мен КСРО Қарулы Күштерін пайдаланды. Осылайша, бүкіл елге азаматтардың құқықтарын шектейтін төтенше жағдай енгізілді. ТЖМК қызметіне ел азаматтары мен әлемдік қауымдастықтың көзқарасы әртүрлі болды. Ресей Федерациясы Президенті Б.Ельцин, РКФСР Жоғарғы Кеңесі төрғасы Р.Хасбулатов сияқты саяси тұлғалар ТЖМК-ға қарсы саяси ұстанымда болды. Олар КСРО-да Конституциялық жүйені қалпына келтіру үшін күрес жүгізетін мәлімдеді.

Кеңес Одағында қалыптасқан саяси жағдай әлем жұтшылығын да бей-жай қалдыра алған жоқ еді. Мысалы: АҚШ Президенті Д.Буш РФ Президенті Б.Ельциннің демократиялық ұстанымына қолдау білдірді. Еуропа

Экономикалық Кеңесі М.Горбачевтің қайтып оралуын талап етті. Бұл талап орындалмаған жағдайда КСРО-ға берілетін экономикалық көмек тоқтатылатыны жөнінде мәлімдеді. Ал, Ирак пен Қытай басшылары ТЖМК қолдау білдіретінін жариялады.

Қазақстан халқы Мәскеудегі тамыз бүлігіне әр түрлі көзқараста болды. Мәселен, «Азат», «Желтоқсан» қоғамдық қозғалыстары мен Қазақстанның социал-демократиялық партиясы ТЖМК ға үзілді-кесілді қарсы шықты. Олар халықты бұл комитетті мойындамауға үндеді. Қазақ КСР Президенті Н.Назарбаев қалыптасқан саяси жағдайды талқылау үшін ККП ОК арнайы мәжіліс өткізді. Қазақстан Компартиясы ОК II хатшысы В.Ануфриев бұл мәселеге аса сақтықпен қарауды және ТЖМК-ны айыптамауды ұсынды. Ал, Республика жетекшісі Н.Ә.Назарбаев теледидардан сөйлеген сөзінде халықты тыныштық пен сабыр сақтауға шақырды. Ел басшысының талаптары мынаған сайып келді: біріншіден, демократиялық ұстанымдарды сақтау мен республика егемендігін нығайта беру; екіншіден, Қазақстан аумағында төтенше жағдайды енгізбеу саясатын ұстану болды.

Кеңес Одағындағы беделді саясаткерлердің берік демократиялық ұстанымдарына байланысты ТЖМК кеңес халқынан жаппай қолдау таба алмады. 21 тамызда КСРО Президенті М.Горбачев Мәскеуге қайта оралып, елде Конституциялық билік қалпына келтірілді. Ал, КСРО Бас прокуроры ТЖМК мүшелері үстінен мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырғаны үшін қылмыстық іс қозғады.

Тамыз бүлігінің *жүзеге аспауының себептері:* біріншіден, Кеңес халқының қайтадан тоталитарлық жүйе тәртібімен өмір сүруді қаламауы; екіншіден, Конституциялық билік пен егемендік жағдайы ғана халықты қанағаттандырды.

Тамыз бүлігінің сәтсіз аяқталуы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының кеңес халқы мен әлем алдындағы беделіне үлкен нұқсан келтірді. *Тамыз бүлігінен кейін* Кеңес Одағының біржола күйреуіне жол ашылды. 1991 жылы 20-тамызға жоспарланған жаңа Одақтық келісім–шарт жасалмай қалды. Сол себепті КСРО құрамындағы одақтас республикалар тәуелсіздік жолына нық қадам басты. Қазақ КСР Президенті Н.Назарбаев *"Қазақ КСР-інің Қауіпсіздік Кеңесін құру туралы"* Жарлыққа қол қойды. 1991 жылы 23 тамызда

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қазақ КСР Президенті Н.Ә.Назарбаев КОКП ОҚ Бюросынан шығатынын мәлімдеді. 1991 жылы 7 қыркүйекте Қазақстан Коммунистік партиясы тартылды. Елдегі болып жатқан саяси өзгерістер қоғамның барлық саласына әсер етті. Коммунистік партияның ізбасары болып саналған жастардың комсомол ұйымы да беделінен айырылды. Сондықтанда, 1991 жылы қазанда Қазақстан ЛКЖО (Лениндік Комсомол Жастар Одағы) кезектен тыс XVIII съезі өткізіліп, бұл ұйымның таратылатыны жарияланды. Оның орнына жастар ұйымы ретінде *Қазақстан Жастар Одағы* құрылды. Бұдан басқа кеңестік идеологияға қызмет еткен көптеген ұйымдар да қызметін тоқтатты. Олардың ішінде оқушылардың пионер ұйымы қызметін тоқтатып, кәсіподақтар жекелеген тәуелсіз ұйымдарға бөлініп кетті. Осылайша, қоғам өміріндегі демократиялық өзгерістер жалғаса берді.

Түсіндірме сөздік

Декларация – мемлекеттің немесе партия мен қоғамдық ұйымдардың көздеген бағытын жариялайтын құжат.

Бүлік – мемлекеттің конституциялық билігін басып алуға әрекет жасау.

Авторитаризм – саяси биліктің барлық бағытын өзіне бағындыру арқылы жеке адамның шексіз билігін орнату. Авторитаризм демократияның шектелуіне, диктатура мен тоталитаризмге алып келеді.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Тамыз бүлігінің себептерін атап беріңдер.
2. Бүліктен кейін қандай мемлекеттік билік органы құрылды және оның алғашқы қаулыларының мәні неде болды?
3. ТЖМК ға әлемдік қауымдастықтың көзқарасы қандай болды?
4. Қазақстан жетекшілері мен қоғамдық қозғалыстар ТЖМК ға қатысты қандай саяси ұстанымда болды?
5. ТЖМК ның ұстанған саясаты неліктен халықтан қолдау таба алмады?

Дамытушылық тапсырма:

1917 жылғы Қазан төңкерісі мен 1991 жылғы Тамыз бүлігінің ортақ және ерекше белгілеріне сипаттама беріңдер.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

IV-бөлім. Тәуелсіз Қазақстан

9-тарау: Қазақ мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы

9.1 *Қазақ елінің тәуелсіздік алуы*

Қазақ елінің тәуелсіздік алуы және оны нығайту жолындағы алғашқы қадамдар. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы. ТМД құрылуы және оның тарихи маңызы.

Қазақ елінің егемендігін нығайту үшін республикада Президенттік биліктің құқықтық статусын шешіп алу қажет болды. Сол себепті 1991 жылы 20 қарашада «Қазақ КСР – де мемлекеттік өкімет билігі мен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» Заң қабылданды. Осы заңға сәйкес Республика Президентін бүкілхалықтық сайлау қажеттігі туындады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясында «Президент сайлауы туралы» Заң қабылданып, Президенттіке Н.Ә.Назарбаевтың кандитатурасы ұсынылды. 1991ж. 1-желтоқсанда өткен бүкілхалықтық президенттік сайлауда Н.Ә.Назарбаев республика азаматтарының 98,78% дауысына ие болды.

1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР–і ***Қазақстан Республикасы*** деп өзгертілді. Ондағы «Кеңестік» және «Социалистік» деген идеологиялық атаулар алынып тасталды. 12 желтоқсанда Елбасы «*1986 жылғы17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы*» Жарлық шығарды. Бұл Жарлық жазықсыз сотталған жастардың ақталуымен бірге, жастардың саяси белсенділігіне жол ашып берді.

Республика Жоғарғы Кеңесі *1991 жылы 16 желтоқсанда* қазақ халқының тарихындағы ең маңызды тарихи құжатты қабылдады. Ол ***«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы»*** Конституциялық Заң еді. Бұл Конституциялық Заңның 1-бабында Қазақстан Республикасы – *тәуелсіз, демократиялық және құқықтық*

мемлекет болып жарияланды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде:

- Ішкі және сыртқы саясатты өз бетінше жүргізеді.
- Барлық елдермен халықаралық құқық негізінде қарым–қатынас орнықтырады.
- Территориясы біртұтас, бөлінбейді және қол тигізуге жатпайды.

Құжаттың 2-тарауында республика азаматтары тең құқылы деп көрсетілген. *Егемендіктің бірден – бір иесі және мемлекеттіліктің қайнар көзі – республика азаматтары.* Басқа мемлекеттерде тұратын қазақтарға өздері тұратын елдің заңы қайшы келмесе Қазақстанның азаматтығын қоса алу құқығы берілді. Республикадан тыс жерге кеткен қазақтардың елге оралуына қолайлы жағдай туғызылды.

Мемлекет алдындағы маңызды міндеттері:

- Ұлттық мәдениетті, дәстүр мен тілді қайта жаңғыртып, дамыту.
- Қазақтар мен басқа да халық өкілдерінің ұлттық қадір–қасиетін, достығын нығайту.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

Қазақстан Республикасынның тәуелсіздігін әлемде ең бірінші Түрік Республикасы таныды. 1991 жылдың соңына дейін Қазақтанның тәуелсіздігін әлемнің 18 елі таныды. 1992 жылдың ортасына қарай республика тәуелсіздігін әлемнің 30 астам елі мойындады. Олардың қатарында АҚШ, Қытай, Иран, Пәкістан, Канада, Швейцария сияқты әлемнің жетекші елдері болды. Ал, 1999 жылы әлемнің Қазақстанды 150 мемлекеті танып, олардың көпшілігімен дипломатиялық қатынас орнтылды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының шет елдерде дипломатиялық өкілдіктері ашылды. Алматы мен Астанада шет елдік елшіліктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері жұмыс істейді.

1991 жылғы тамыз бүлігінен кейін Кеңес Одағының ыдырайтыны толық айқындалған еді. Күн тәртібінде енді оны заңды түрде рәсімдеу мәселесі ғана тұрды. 1991 жылы 8 желтоқсанда Минскіде Беларусь, Ресей, Украина басшыларының келіссөзі өткізілді. Онда 1922 жылғы КСРО – ны құру туралы шарттың күшін жою және осы үш славян елінің тәуелсіз одағын құру мәселелері бойынша *Беловеж*

келісімі жасалды.

Ал, 1991 жылы 13 желтоқсанда Ашхабадта Орта Азия республикалары мен Қазақстан басшылары кездесу өткізді. Кездесуде тәуелсіздік жағдайындағы даму жолдары талқыланды. Кездесудің нәтижесінде Беловеж келісімін қолдау және Алматы кездесуін жоспарлау туралы мәлімдеме жасалды.

Осындай саяси қадамдардан кейін Қазақ елінің Президенті Н.Назарбаевтың ықпалымен 1991 жылы 21 желтоқсанда жоғары деңгейдегі Алматы кездесуі ұйымдастырылды. Бұл кездесуге Қазақстан, Ресей, Украина, Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Молдава, Әзірбайжан, Армения басшылары қатысты. Грузия бақылаушы ретінде қатысты. Ал, Балтық жағалауы елдері өздеріне тән даму жолдарын таңдады. Кездесуге КСРО Президенті М.Горбачев шақырылған жоқ.

Кездесудің қорытындысында Алматы Декларациясына қол қойылды. Бұл тарихи құжат бойынша:

- Кеңес Одағы ресми түрде өмір сүруін тоқтатты;
- Әлем Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды.
- Ядролық қаруға ие Қазақстан, Ресей Федерациясы, Украина ТМД ға мүше барлық елдердің ұжымдық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге келісті.

Алматы кездесуінен кейін 1991 жылы 25 желтоқсанда М.Горбачев КСРО Президенті қызметінен босатылды. Ал, 26-желтоқсанда Кеңес Одағын тарату туралы Декларация жарияланды.

Осылайша, Еуразия кеңістігіндегі орасан зор аумақты алып жатқан Кеңестік империя құлады. Мұндай зорлық зомбылыққа сүйеніп құрылған мемлекеттің ерте ме, кеш пе құлауы заңды құбылыс б.т. Өйткені, оның құрамындағы өзіндік тарихы мен мәдениеті, мемлекеті болған халықтар азаттық үшін күрес жүргізуді ешқашан тоқтатқан емес. Соның ішінде, империялық өктемдікке қарсы ғасырлар бойы үздіксіз күрес жүргізген қазақ халқының да орны ерекше. Кеңестік империяға үлкен соққының 1986 жылы Желтоқсан көтерілісінде берілуі кездейсоқ құбылыс емес еді. Сондықтанда, Кеңес Одағының құрамында болған елдердің ұлттық

тәуелсіздікке қол жеткізуін тарихи әділеттілік деп түсінген жөн.

Алайда, Кеңес Одағының ыдырауы оның құрамында болған елдер үшін үлкен қиындықтар туғызды. Ондаған жылдар бойы қалыптасып қалған байланыстар үзіліп, жаңа экономикалық дағдарыстарға әкеліп тіреді.

ТМД-ға деген саяси көзқарас әр түрлі қалыптасты. Балтық бойы елдері, Молдова, Грузия оның өміршеңдігіне сенімсіздікпен қарады. Кеңес Одағынан мұраға қалған мүлікті бөлісуде республикалар арасында қайшылықтар туындады. Әсіресе, Кеңес Одағының ортақ қару-жарағы мен әскери техникасын бөлісуде пікірталастар көп болды. Қазақстан, Украина, Беларусь аумағындағы Ресейдің әскери кешендерін әкетуде келіспеушіліктер туындады. Ал, 1992 жылдан бастап Ресей мен Украина арасында Қара теңіз флоты үшін талас басталды. Қазақ жеріндегі Байқоңыр ғарыш кешенінің мәртебесіне қатысты Ресей тарапынан негізсіз талаптар қойылды.

ТМД құру себебін Президент Н.Назарбаев осындай келіспеушіліктерді бейбіт келіссөздер арқылы шешу үшін жасалған қадам екенін атап көрсеткен болатын. Қазақстан Президенті бүгінгі күнге дейін ТМД қызметінің тиімділігін арттыру бағытында зор еңбек сіңіріп келеді.

Жалпы, ТМД өзінің тарихи миссиясын орындап келе жатқан ұйым. Өйткені, біріншіден, бұрынғы Кеңес Одағының аумағындағы бейбіт өмір мен тыныштықты сақтап қалуға үлкен ықпал жасады;

екіншіден, бұл аумақта жүздеген жылдар бойы қалыптасып қалған этникалық, мәдени, экономикалық байланыстардың үзілмеуіне септігін тигізді.

Түсіндірме сөздік

Қоғамдық қауіпсіздік – мемлекет азаматтарының өмірін саяси құқықтық, рухани әлеуметтік тұрғыда қорғау және қоғамдық құндылықтарға зиян әкелуі мүмкін қауіп қатерлерден қорғау.

Республика – мемлекетті басқару түрі. Ол сайлау негіздері бойынша басқару түрі болып табылады.

Құқықтық мемлекет – адам құқықтары мен бостандықтары

басты ұстаным болып танылатын мемлекет.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. 1991 жылы желтоқсанда Қазақстан халқы қандай тарихи оқиғаларға куә болды?
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңның біз үшін қандай тарихи маңызы бар?
3. Қазақ елінің тәуелсіздігін қай ел бірінші болып таныды және оған неге мүдделі болды?
4. ТМД қашан және қайда құрылды? ТМД ның қалыптасып дамуында Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың ықпалы қандай болды?
5. ТМД құрудың қандай қажеттілігі болды?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заңының қандай айырмашылықтары болды, соған талдау жасап беріңдер.

Ә) Мәтінде берілген айтулы даталардың хронологиялық тізбегін жасаңдар.

Б) Сіздің ойынызша, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алғашқылардың қатарында мойындаған елдерді көрсетіңдер.

Тарихи тұлғалар

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы *(1940, Алматы обл. Қаскелең ауд., Шамалған а.) - мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Экономика ғылымдарының докторы. 1958ж. Днепродзержинск қаласындағы (Украина) техникалық училищені, 1967ж. Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірген. Еңбек жолын Теміртаудағы Қарағанды металлургия комбинатында шойын құюшыдан бастап республика жетекшісі деңгейіне көтерілді. Бұндай дәрежеге қажырлы еңбегі мен терең білімінің, ізденімпаздығы мен талапшылдығының нәтижесінде жетті. Өндірістік еңбек пен мемлекеттік басқарудың барлық сатыларынан өтіп, нағыз көшбасшыға айналды. 1984ж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, 1989ж. Қазақ КСР КП ОК І-хатшысы болып сайланды. 1990ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1990ж. сәуірде Н.Назарбаевты Қазақ КСР Президенті етіп сайлады.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Н.Назарбаев Қазақстанның тәуелсіздігінің бастауында тұрған тарихи тұлға. Оның ішкі және сыртқы саясаттағы салиқалы қадамдары, көрегенді іс әрекеттері Қазақ елінің бейбіт түрде дамуына, тәуелсіздіктің қалыптасуына негізгі кепіл болды. Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде қысқа мерзім ішінде ұлттық қауіпсіздік құрылымы, қарулы күштер, мемлекеттік рәміздер, мемлекеттік басқару жүйесі сияқты жаңа Қазақ мемлекеттілігінің негіздері қаланды. Егемен Қазақстанның алғашқы күндерінен бастап мемлекет басшысы елде нарықтық экономиканы қалыптастыру, демократия, саяси тұрақтылық, ұлтаралық және дінаралық келісімді нығайтуға бағытталған кең көлемді шараларды іске асырды.

Н.Ә.Назарбаев кеңестік жоспарлы экономикадан кейін үлкен дағдарысқа ұшыраған Қазақстан экономикасын түбегейлі реформалауға баса назар аударды. 1992ж. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалаптасуы мен дамуы стратегиясын әзірлеп, елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыт-бағдарын айқындады. Сол жылдардағы қаржылы еңбектің нәтижесінде [illegible] төмендету, өнеркәсіпті жандандыру, жекешелендіру, макроэкономиканы тұрақтандыру, қаржы, бюджет және салық жүйесін, жинақтаушы зейнетақы жүйесін құру, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылықтарды реформалаудың кешенді іс-шараларын жүзеге асырды. 1997ж. елде реформалалар жүргізу барысында қол жеткізген нәтижелер мемлекеттік Стратегиялық мақсат-міндеттердің жаңа сапалық деңгейіне шығуына мүмкіндік берді.

Осындай жағдайда Н.Назарбаевтың жетекшілігімен «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы» әзірленіп, мемлекет дамуының басым бағыттары айқындалды. «Қазақстан-2030» даму стратегиясының іске асырылуының нәтижесінде 1999ж. қарай Қазақстанда экономиканың тұрақты өсімі, өндіріс көлемінің ұлғаюы, қаржы ресурстарын жинақтау үрдісі белгіленді. 1997ж. 20 қазанда Н.Назарбаев Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы Жарлыққа қол қойды. Бүгінгі Астана Қазақ елінің тәуелсіз

дамуының символына айналды.

Н.Назарбаев экономист әрі саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына, көптеген мемлекеттермен және халықаралық қаржы институттарымен ынтымақтасуға игі ықпал етті. Экономиканың қарқынды өсуі мемлекет басшысына ауылды дамыту, кедейшілікпен күрес, тұрғын үй құрылысын дамыту шараларын көздейтін ірі әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға мүмкіндік берді. Елде тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, сыртқы қолайсыз факторларға тәуелді болмау үшін «Ұлттық қор» құрылды. Республика экономикасын одан әрі дамыту мақсатында Президенттің тапсырмасы бойынша Индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы әзірленіп, инвестициялық және инновациялық қорлар құрылды. Тәуелсіздіктің он бес жылы ішінде Н.Назарбаевтың жетекшілігімен жүзеге асырылған экономикалық реформалардың қазақстандық моделі жасалды. Қазақ елінің даму болашағы үшін Н.Назарбаевтың [illegible] бастамасымен президенттік «Болашақ» білім бағдарламасы жүзеге асырылып, өз жемісін беруде. Бүгінгі күні осы бағдарлама бойынша әлемнің үздік университеттерінде білім алған жастар ел игілігі үшін қызметке оралуда.

Елдің ішкі саясатында Н.Назарбаев Қазақстан қоғамын демократияландыру мәселесіне ерекше мән береді. Оның бастамасымен республикада жүгізілген саяси реформалар мынадай нәтижелер берді: елде көппартиялық жүйе орнықты; тәуелсіз сот жүйесінің негіздері қаланып, сөз бостандығы қамтамасыз етілді, мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары құрылды; адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласында маңызды қадамдар жасалды; Қазақтанда діни сенім бостандығын қамтамасыз етіп, конфессияаралық келісім мен діни тең құқылық орнатты.

Н.Назарбаев ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттілікті нығайту ең басты мақсат деп санайды. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың ядролық қаруы бар ел мәртебесінен бас тартуы, ғаламдық және аймақтық

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ізгі қадамдары әлемдік қауымдастықтан зор қолдау тапты. Президенттің халықаралық аренадағы абыройы да Қазақстанның әлемдік қауымдастықтан лайықты орын алуына игі әсерін тигізуде. Оның бастамасымен ұлттық қауіпсіздікті нығайту мақсатында лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрестің мемлекеттік Бағдарламалары бекітіліп, ТМД мемлекеттерінің лаңкестікке қарсы орталығы құрылды. Қазақ елінің көрші елдермен мемлекеттік шекаралары Н.Назарбаевтың дипломатиялық белсенділігінің нәтижесінде толығымен айқындалып, бекітілді. Н.Назарбаев қазіргі заманғы әлемдік өзгерістерді ескере отырып, бейбітсүйгіш Қазақ елінің сыртқы саясатының стратегиялық міндеттері мен бағыттарын айқындады.

9.2 *Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. Астана-тәуелсіздік символы*

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы. Ұлттық валютаның – теңгенің енгізілуі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары. Астана-тәуелсіздік символы

Қазақстан тәуелсіз ел болып жарияланғаннан кейін *мемлекеттік рәміздерін* қабылдады. 1992 жылы 4 маусымда Қазқстан Республикасы мемлекеттік *Туы* мен *Елтаңбасы* бекітілді. Тудың авторы - суретші *Шәкен Ниязбеков.* Елтаңба авторлары – сәулетшілер *Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.* Ал, 6 маусымда Жоғарғы Кеңес сессиясының салтанатты мәжілісінде тәуелсіз елдің мемлекеттік рәміздері ресми түрде халыққа жария етілді. 1992 жылы 11 желтоқсанда Қазақ елінің мемлекеттік Әнұраны бекітілді. Әнұран авторлары *Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева.* Әуенін жазғандар: *Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди.* Яғни, 1944 жылғы нұсқасы сақталып қалды. 15 желтоқсанда Әнұран баспасөзде жарияланып, халыққа таныстырылды. (2006 жылы қаңтарда Қазақстан Парламенті еліміздің жаңа

Әнұранын бекітті. Мемлекеттік Әнұран ретінде *«Менің Қазақстаным!»* әні қабылданды. Бұл өзгерісті енгізбес бұрын бірінші кезекте Қазақстан халқының пікірі ескерілген болатын. «Менің Қазақстаным!» әніне халықтың басым бөлігі қолдау білдірді. Оған дейін 50 жыл бойы бұл ән халық арасында ресми емес әнұранға айналған еді. *Әнұранның мәтінін жазғандар Жұмекен Нәжмиденов пен Нұрсұлтан Назарбаев, әуенінің авторы Шәмші Қалдаяқов.)*

Тәуелсіздік толыққанды болу үшін әр бір елдің ұлттық валютасы болуы тиіс. Сондықтанда, *мемлекеттік рәміздердің қатарына ұлттық валюта да кіреді.*

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бұрынғы кеңестік валюта - сомды Ресей мен ТМД кейбір елдері айналымнан шығара бастады. Сол себепті, біздің елімізге осы банкноттарды заңсыз енгізу фактілері жиілеп кетті. Ал, оның экономикалық зияны зор болды:

біріншіден, елдің қаржы жүйесі құлдырады;

екіншіден, ақша құнсызданып кетті;

үшіншіден, халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеді.

Осындай қиын жағдайға байланысты Елбасы дереу ұлттық валютаны енгізу туралы шешім қабылдады. 1993 жылғы 5 қарашада *«Ақша жүйесін тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы»* Президент Жарлығы шықты. Ұлыбританияда аса құпия жағдайда басылған ұлттық валютада Қазақ елінің тәуелсіздігін айқындайтын: елтаңбасы, қазақтың ою-өрнегі мен қазақ елінің қайраткерлерінің суреті бейнеленді.

Үкімет ақша айырбастау тәртібін жариялап, ол былайша белгіленді:

- 1 теңгенің құны кеңестік 500 сомға тең болды.
- 16 жастан асқан Қазақстанда тұрақты тұратын әр азаматқа 100 мың сомға дейін айырбастау құқығы берілді.

1993 жылы 15 қарашада Елбасының Жарлығымен *ұлттық валюта – теңге айналымға енгізілді.* Ұлттық валюта теңгенің енгізілуінің тарихи маңызы зор болды:

- Қазақстан толық экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізді;
- Экономика мен оның аса маңызды саласы қаржы жүйесін реформалауға негіз жасалды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

1993 жылы 1 сәуірде Жоғарғы Кеңес сессиясында *«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы»* Заң жобасы талқыланды. *«Халық қаһарманы»* атағы, «Отан», «Даңқ», «Парасат», «Құрмет» орндандері, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдары, көп балалы аналарға «Алтын алқа», «Күміс алқа» құрметті атақтарын тағайындау ұсынысы қабылданды. Ал 1995 жылғы 12 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградалары туралы» Заң күші бар Жарлыққа Елбасы қол қойды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайту бағытында Елбасы мемлекеттің астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру идеясын ұсынды. Бірақ, Елбасының қиын да жауапты ұсынысына байланысты әр түрлі көзқарас қалыптасты. Депутаттар арасында қарсы шыққан азаматтар да болды. Дегенмен, 1994 жылы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қабылдады. Ал, 1995 жылы 15 қыркүйекте Президенттің республика астанасын Ақмола қаласына көшіру туралы Жарлығы шықты.

Елбасы астананы ауыстырудың стратегиялық маңызын айқындап берді. Оның саяси, экономикалық және демографиялық себептері ашып көрсетілді:

- *Географиялық тұрғыда Ақмола республикамыздың орталығында орналасқан; - Экономикалық тұрғыда тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан байланыс жүйелерін дамытуға қолайлы;*
- *Ақмола еліміздің стратегиялық геосаяси мүдделері мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс;*
- *Солтүстік аумақтағы демографиялық ахуалды ұлттық мүддеге сай өзгерту.*

1997 жылдың қазан–желтоқсан аралығында Президент әкімшілігі, Үкімет, Парламент қызметкерлерінің көші басталды. Ал, сол жылы 9 желтоқсанда Ақмолаға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағы жеткізілді. 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап *Ақмола ресми астана* болып белгіленді. 1998 жылғы 6 мамырда Елбасы Ақмола қаласын ***Астана*** деп атау туралы Жарлыққа қол қойды. Ал, 1998 жылы 10 маусымда жаңа

астананың ресми тұсаукесері өткізілді.

Бүгінгі күні Елбасының республика астанасын ауыстыру туралы саяси шешімі өзінің өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Қазіргі Астана еліміздің ғана емес, бүкіл Еуразия кеңістігіндегі саяси, экономикалық және мәдени рухани орталықтардың біріне айналды. Астанада әлемдік деңгейдегі түрлі халықаралық форумдар, конференциялар, фестивальдер тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Астананың сәулеті дүниежүзі туристері мен саяхатшыларының қызығушылығын туғызуда. Астана тәуелсіздігіміздің символына айналды.

Түсіндірме сөздік

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің тәуелсіздігі мен басқа елдерден ерекшелігін айшықтап тұратын белгілері.

Парламент – мемлекеттің заң шығарушы органы.

Валюта – мемлекеттің ақша жүйесі, ақша бірлігі

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Мемлекеттік рәміздердің қандай қажеттілігі бар?
2. Қазақстан Республикасы Туы қашан бекітілді және Тудың авторы кім?
3. Елтаңба авторлары кімдер және мемлекеттік Әнұранға қандай өзгерістер енгізілді?
4. Ұлттық валюта теңге қашан енгізілді және оны енгізу қалай жүзеге асырылды?
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы не білесіңдер?
6. Еліміздің астанасын ауыстырудың қандай стратегиялық маңызы болды?
7. Бүгінгі Астананың дамуы жәйлі не білесіңдер?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне сипаттама беріңдер.

Ә) «Астана Қазақстан тәуелсіздігінің символы» деген тақырыпқа эссе жазыңдар

Тарихи тұлғалар

Нәжімеденов Жұмекен *(1935,Атырау обл. – 1983,Алматы) – белгілі ақын. Құрманғазы ат. Алматы консерваториясын,*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Мәскеуде Әдебиет институты жанындағы жоғары курсты бітірген. 1959-83ж. «Жазушы» баспасында редактор, «Лениншіл жас» (қазіргі "Жас алаш") газетінде әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, Жазушылар Одағында әдеби кеңесші т.б. қызметтерін атқарған. Тұңғыш кітабы «Балауса» деген атпен 1961ж. жарық көрген. «Жоқ, ұмытуға болмайды!» поэмалар жинағы үшін 1967ж. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына ие болады. Ол поэзияға көркемдік тұрғыда жаңалығымен, өзіндік үнімен келді. Ақын пенделік пен адамгершілікті салғастыра отырып адамның психологиялық-философиялық портретін жасады. Күрделі ойын қарапайым өлең жолдарымен оқырманға сыналап сіңіруді мақсат тұтты. «Келін», «Көзсіз батыр», «Қанды сүт», «Соңғы махаббат» поэмаларында соғыс кезіндегі халық өмірін суреттей отырып, өмірдегі нағыз майдан мен ар-намыс майданындағы миллиондар тағдырын, адам рухының жеңісін жырлады. Ол проза саласында да жемісті еңбек етті. «Кішкентай» (1975), «Ақ шағыл» (1983) романдарында соғыстан кейінгі ауыл тіршілігі мен сол сәттегі адам психологиясының ауытқуларын, жан арпалысын шебер көрсеткен. «Даңқ пен дақпырт» романын, бірнеше повестер жазған. Бірқатар шығармалары шетел тілдеріне аударылды. Ақынның «Менің Қазақстаным!» атты халыққа кеңінен танымал өлеңі 2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ретінде қабылданды.

Қалдаяков Шәміші *(1930,Оңт.Қазақстан обл. - 1992,Алматы) – композитор, Қазақстанның халық артисі. Шымкент, Тараз, Жетісай қалаларының құрметті азаматы. 1951-1954ж. Қиыр Шығыста әскери борышын атқарады. 1955ж. Ташкенттегі музыка училищесінің музыка теориясы факультетіне қабылданады. 1956-62ж. Алматы мемлекеттік консерваториясында оқыған. Қазақ ұлттық музыка өнерінің ән жанырына аса айқын, соңғы леп ала келген сазгер. Оның әндері құлаққа жағымды жүрекке жылы қабылданып, жұртшылықтың сүйіпеншілігіне бөленді. Елге, жерге, Отанға, ата-анаға, жарға, дос–жаранға деген сүйіспеншілік Шәміші шығармашылығындағы басты тақырып. Оның республикамыздың кең байтақ жерін жырға қосатын: «Ақерке–Ақ Жайық», «Сыр сұлу», «Қарқаралы», «Байқоңыр», «Теріскей», «Мойынқұмда», «Өмір өзен» т.б. туындыларын жұртшылық ерекше ықыласпен қабылдады. Композитордың «Менің Қазақстаным!», «Теңізде-толқында», «Бақыт құшағында», «Бәрінде сен сұлу» сияқты әндері халық арасында кеңінен тарады.*

1992ж. бастап сазгерлер мен әншілер үшін Ш.Қалдаяқов атындағы халықаралық фестиваль дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Оңтүстік Қазақстан облыстық филармониясы, Алматыдағы көше, композитор туған өлкесі - Шәуілдірде музыка мектебі Ш.Қалдаяқов есімімен аталады. Шымкентте Ш.Қалдаяқовқа арналған ескерткіш орнатылған. 1991ж. Ш.Қалдаяқов жайлы ғұмырнамалық «Жылдарым менің, жырларым менің» (режиссері Т.Ахметов) деректі фильмі түсірілген. «Шәмшігұмыр» естеліктер мен мақалалар жинағы жарық көрген. Ш.Қалдаяқов Ж.Нәжімеденовтың «Менің Қазақстаным!» атты өлеңіне әнін жазды. Ол 2006 жылдан бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны ретінде қабылданды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

9.3 *Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс Комитеті мен Ішкі істер әскері құрылуы. Көппартиялық жүйенің қалыптасу эволюциясы. Қазақстан халықтары Ассамблеясы. Әкімшілік-аумақтық реформалар. Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары.

Егемендіктің қалыптасу барысындағы маңызды тарихи оқиға - 1991 жылы 2 қазанда тұңғыш рет қазақ ғарышкері *Тоқтар Әубәкіровтің* ғарышқа ұшуы еді. Байқоңыр ғарыш айлағы Қазақ жерінде орналасқанымен, Кеңес Одағының жетекшілері қазақтар арасынан ғарышкер даярлау ісіне көңіл бөлмей келген болатын. Бұл мәселеге Республика басшылығына келген Н.Назарбаев ерекше маңыз беріп, орталықтың қазақ ғарышкерлерін даярлауға қол жеткізді. Ол *Қазақ елінің шын мәнінде ғарышты игеруші елге*

айналуының бастамасы болатын. Осы саясаттың нәтижесінде 1994 жылы шілдеде екінші қазақ ғарышкері - «Союз ТМ-19» ғарыш кемесінің борт инжинері *Талғат Мұсабаев*__ғарышқа ұшты. Екі ғарышкер де арнайы дайындалған қазақстандық ғарыштық бағдарламаларды жүзеге асырды.

1992 жылдың басында еліміздің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін *Қазақстан Республикасы Қорғаныс Комитеті мен Ішкі істер әскері* құрылды. Қорғаныс Комитеті елімізде орналасқан бұрынғы Кеңес Одағының Қарулы Күштерінің әскери кешендерін өз құзырына қаратты. Осылайша еліміздің Қарулы Күштерін құруға алғышарттар жасалды. Әскер қатарына шақырылған жастар өз елінің аумағында Отан алдындағы борышын өтеуге мүмкіндік алды. 1997 жылы 7 мамырда Елбасы Жарлығымен Қорғаныс Комитеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі болып қайта құрылды. *7-мамыр Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің күні болып жарияланды.* ҚР тұңғыш Қорғаныс министрі болып Кеңес Одағының Батыры, генерал лейтенант Сағадат Нұрмағамбетов тағайындалды. Ал Қызметтік бойынша Президент ҚР Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы болып табылады. Осы кезеңнен бастап ҚР Қарулы Күштері жалпы міндеттерді орындайтын, әуе кеңістігі мен мемлекеттік шекараны қорғайтын әскери жүйеге көшіріле бастады.

1995 жылы 1 наурызда Мемлекет басшысы жанындағы қоғамдық негіздегі кеңесші орган - *Қазақстан халықтары Ассамблеясы* құрылды. Ассамблеяның негізгі мақсаты: Қазақ жерінде мекендейтін әрбір халықтың даму мәселелерін келісе отырып шешу, ұлтаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты насихаттау. Елімізде көп ұлтты мәдениеттің дамуына Ассамблея зор үлес қосуда. Ол 27 республикалық және 360 астам аймақтық ұлттық-мәдени орталықтарды біріктіріп отыр. Ұлттық-мәдени орталықтардың жұмысы ерекше даму үстінде. Олардың дамуына Қазақстан үкіметі үлкен маңыз беріп отыр. Мәселен, елімізде 12 тілде газеттер мен журналдар шығарылып, 11 тілде хабар тарататын телерадио қызмет етеді. Бұл ұйымның тәжірибесімен бүгінгі күні бірқатар әлем

елдері танысуда. Елімізге жасаған ресми сапарында БҰҰ бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстан халықтары Ассамблеясы қызметіне «кіші БҰҰ» деген баға берген-ді. 1995 жылы 24 наурызда Қазақстан халықтары Ассамблеясының I сессиясы ашылды. Сессияда талқыланған мәселе: Президент Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2000 жылға дейін ұзарту мақсатында бүкілхалықтық референдум өткізу туралы ұсыныс енгізу болды. Бұл ұсыныс қабылданғаннан кейін 1995 жылы 26 сәуірдегі Елбасының Жарлығына сәйкес *бүкілхалықтық референдум* өткізілді. Сайлаушыларға: «Сіз 1991 жылы 1 желтоқсанда бүкіл халық сайлаған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың өкілетті мерзімін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзартуға келісесіз бе?» деген сұрақ қойылды. Референдум нәтижесінде сайлаушылардың 95,4% Н.Ә.Назарбаевтың өкілеттігін ұзартуға қолдау білдірді.

Қазақстандағы әкімшілік - аумақтық реформалар

Қазақстан Республикасы тәуелсіз даму жағдайында 1993 жылдан бастап әкімшілік-аумақтық реформалар жүргізуді бастады. Реформалардың басты мақсаты: басқару органдарын қысқарту және аумақтарды оңтайландыру саясатын жүзеге асыру еді. Әкімшілік басқару жүйесін реформалау барысында әкімдер қызметі енгізілді. Әкімдерді тағайындау және қызметінен босату Президенттің құзырына берілді. Әкімдердің міндеттері: Президент пен үкімет шешімдерін ел ішінде жүзеге асыру; Жергілікті жерлерде экономикалық, мәдени-әлеуметтік мәселелерді шешу.

Кеңес Одағы кезінде мемлекеттік органдарға бақылау жүргізуге тиісті Кеңестер жаңа кезеңнің талаптарына жауап бере алмады. Сондықтанда, 1993 жылдан бастап Қазақстанда жергілікті *Кеңестер жаппай таратыла* бастады.

Сонымен бірге, кейбір халық депутаттары Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің де өзін-өзі таратуы туралы мәселе көтерді. Қалыптасқан жағдайға байланысты 1993 жылы 8 желтоқсанда Жоғарғы Кеңестің XI сессиясы шақырылды. Жоғарғы Кеңес өзін-өзі тарату туралы шешімді жариялamас бұрын Кеңестің өкілеттігін Президентке берді. Ал, 1993 жылы 10 желтоқсанда Президент Республика Жоғарғы Кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

шешім қабылдады.

Реформа барысында Министрлер Кабинеті де әкімшілік тұрғыда қайта құрылды. 1997 жылы министрліктер мен әкімшілік органдары (комитеттер, агенттіктер) 50 ден 25 дейін қысқартылды. Республикадағы облыстар саны 19 дан 14 азайды. 1997 жылы сәуір-мамыр айларында Торғай, Талдықорған, Көкшетау, Жезқазған, Семей облыстары таратылды. Ақмола облысының орталығы - Көкшетау, Алматы облысының орталығы болып Талдықорған қаласы белгіленді. Бұл әкімшілік басқаруды оңтайландыру және мәдени экономикалық жағдайы құлдырап кеткен қалаларыд қайта жаңғыртуға бағытталған өте маңызды шаралар болды.

Тәуелсіздік жағдайында еліміздегі елді мекендер, жер су, көше атаулары қайта қалпына келтіріле бастады. Бұрынғы патша заманы мен кеңестік атауларды қайта өзгерту шаралары бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Тарихи атауларын қайта алған елді мекендер ішінде: Гурьев қаласы-Атырау, Целиноград қаласы-Ақмола (Астана), Шевченко қаласы-Ақтау, Ермак қаласы Ақсу, Ленинск қаласы-Байқоңыр және т.б. Алайда, осы бағытта Қазақстанның кейбір әкімшілік аймақтарында әлі де көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс. Мысалы: Павлодар, Петропавл қалаларының аты тәуелсіздігімізге сай өзгертілуі қажет.

Кезінде Патша үкіметі мен Кеңес үкіметі қазақтың елді-мекен атауларына орысша атаулар беруге үлкен мән берген. Ол да отарлау саясатының бір бағыты болатын. Мақсаты: халықтың санасынан тарихи атауларды өшіріп, оның Ресей империясына жататынын санаға сіңіру еді. Сондықтанда, тарихи атауларды қайта қалпына келтіру немесе тәуелсіздік талабына сай жаңа атаулар беру тарихи әділеттілік болар еді.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары

1992 жылы қыркүйек–қазанда Алматыда *дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы* өтті. Әлемнің 13 елінен келген отандастарымыз қатарында үлкен қазақ диаспорасы бар Қытай, Монғолия, Өзбекстан мен Ресейден келушілер көп болды. Сондай ақ, Түркия, Иран, Германия, Франция елдерінен де өкілдер келді. Делегаттар саны 800 адам болды. Құрылтайда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 26 маусымда қабылдаған «Көші қон туралы» Заң негізінде

қандастарымыздың елге оралуына мүмкіндік жасалғаны айтылды. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайына қатысушылардың Қазақ халқына Үндеуі жарияланды. Үндеуде бүкіл әлемдегі отандастарымызды Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік, мәдени-интеллектуалдық мүмкіншілігін молайтуға, бар қабілеті мен еңбегін туған ел игілігіне жұмсауға шақырды. 1993 жылы 17 желтоқсанда *«Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығы»* құрылылды. Сол 1992-1995 жылдары Қазақстанға Қытай, Монғолия, Түркия, Иран және ТМД елдерінен 182 мың қазақтар көшіп келді.

2002 жылы 23 қазанда Түркістанда *дүние жүзі қазақтарының II құрылтайы өтті.* Құрылтайда шеттегі отандастарды елге оралту мәселесі бойынша көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайту жоспары қарастырылды: 2003 жылы -15 мың отбасы, 2004 жылы -10 мың отбасы, 2005 жылы – 15 мың отбасы, ал жылына – 50-60 мың отандастарымыз көшіп келеді.

2005 жылы *дүниежүзі қазақтарының III құрылтайы* Астанада өткізілді. Бұл құрылтай шет елдердегі қазақтармен байланыс жолдарын дамытуға, қазақтардың тарихи отанына оралуына кең жол ашу туралы мәселелер талқыланды. Қазіргі таңда Үкімет шет елден келген отандастарымыз үшін Қазақстан азаматтығын алу тәртібі жеңілдетті.

Кеңес Одағында бірпартияның диктатурасы, яғни Коммунистік партияның жеке дара билігі жүргізілгені белгілі. Ал, демократиялық қоғамның негізгі белгілерінің бірі көппартиялық жүйенің қалыптасуы б.т. Қазақстан егемендігін алғаннан кейін көппартиялық жүйенің қалыптасып дамуына мүмкіндіктер жасалды. 1993 жылы Қазақстанда 4 саяси партия заңды түрде тіркеуден өткен. Олардың қатарында: Социалистік партия, Республикалық партия, Қазақстанның халық конгресі, Қазақстанның коммунистік партиясы болды. 1991 жылы 7 қыркүйекте *Қазақстанның социалистік партиясы* құрылған болатын. Бұл партия бұрынғы Коммунистік партияның орнына келді. Алғашқы кезде қатарында 47 мың мүше болды. Төрағасы-Ануар Әлімжанов, кейін Петр Своик болды. Партияның алдына қойған мақсаты: қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік орнату және меншік түрлерінің теңдігін қорғау.

UNREGISTERED COPY OF SCANAPYRUS

1991 жылы күзде *Қазақстанның коммунистік партиясы* (ҚКП) қайта құрылды. Бұрынғы Компартия мүшелерінің көпшілігі партияның социалистік болып өзгертілуіне наразалық ретінде ҚКП-ның XIX съезін өткізіп, коммунистік атауын қалпына келтірді. Оған мүше болып 55 мың адам енді.Төрағасы болып Б.Төлепбаев, кейін С.Әбділдин сайланды. Партияның негізгі бағдарламасы:

- Ғылыми социализмге негізделген әлеуметтік әділетті қоғам орнату.
- Коммунистік идеялар жолында күрес жүргізу.

1991 жылы қыркүйекте «Азат» қоғамдық қозғалысы негізінде *Қазақстанның Республикалық партиясы* өмірге келді. Жетекшісі болып Сәбетқазы Ақатаев сайланды. Бұл партияның мақсаты: қазақ ұлтын өркендету және ұлттық-патриоттық күштерді біріктіруге бағытталды. «Азат» қозғалысы мен Қазақстанның Республикалық партиясы Қазақстандағы билікке оппозициялық ұстанымда болды. 1991 жылы 5 қазанда *Қазақстанның Халық конгресі* деген атпен жаңа саяси партия дүниеге келді. Халық Конгресі құрамына алғашқыда 30 мың адам кірген. Төрағаның тең төрағалары болып қоғам қайраткерлері әрі белгілі ақындар Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шаханов сайланды. Халық Конгресі қоғамдағы демократиялық құндылықтарды қалыптастыру бағытында жұмыстар атқарды. Партия мәслихаттар мен Жоғарғы Кеңеске депутаттар сайлауда белсенділік танытты.

1993 жылы ақпанда *Қазақстанның халық бірлігі* одағы құрылды. Жетекшісі Қуаныш Сұлтанов болды. Қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялар арасында бұл одақ беделді болды. Өйткені, оның қандайда болмасын саяси оқиғаларға өзіндік көзқарасымен танылып отырды. Мәселен, Мәскеудегі 1993 жылғы мемлекеттік төңкеріске және Қытай әкімшілігіне «Лоб-Нор» полигонында жасалған ядролық сынақ үшін ашық наразылық білдірді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары республикада 300 астам қоғамдық-саяси ұйымдар, 68 қоғамдық қорлар, 11 ұлттық мәдени орталықтар тіркелді.

1995 жылы елімізде жаңа партиялар дүниеге келді. Олар: *Қазақстанның өрлеу партиясы* (төрайымы- Алтыншаш

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Жаганова), *Қазақстанның аграрлық партиясы* (төрағасы Ромин Мадинов), *Қазақстанның демократиялық партиясы* (төрағасы Төлеген Жөкеев). 1998 жылы Ақтөбе қаласында өткізілген құрылтай съезінде *Азаматтық партия* құрылды. Төрағасы болып А.Перуашев сайланды. Сол жылы қарашада *«Ақ жол»* қоғамдық қозғалысы ұйымдастырылды. Жетекшісі Нұрлан Оразалин болды. Мақсаты: ел Президенті Н. Ә. Назарбаевтың саяси бағытын қолдау және зиялы қауым өкілдерінің мүдделерін қорғау болды.

1999 жылы қаңтарда республикалық *«Отан»* партиясы құрылды. Алғашқыда төрағасы болып С.Терещенко тағайындалды. Бұл партия президенттікке үміткер Н.Ә.Назарбаевты қолдау қоғамдық штабы негізінде құрылды.

1999 жылы республикада барлығы 14 саяси партиялар мен 30 жуық қоғамдық қозғалыстар жұмыс жүргізген. Ал, 2000 жылы республикадағы ресми тіркелген партиялар саны 15 жетті. Бұл кезеңге дейін саяси партиялар едәуір саяси тәжірибе жинақтап қалған болатын. Сондай ақ, олардың билікті жақтаушы және оппозициялық болып бөлінуі айқын аңғарылды. Бұл қоғам өмірінің заңдылығы б.т. Яғни, Қазақстандағы көппартиялық жүйенің қалыптасуының эволюциялық даму жолы болатын.

Жалпы, Қазақстанда көппартиялық жүйенің орнығуы қоғамның демократияландуына, реформаның тереңдеуіне, экономика мен халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына ықпал етеді.

Түсіндірме сөздік

Дипломатия – мемлекеттің халықаралық саясатты бейбіт әдістерге сүйене отырып жүргізуге бағытталған іс әрекеті.

Референдум – мемлекеттегі маңызды мәселе бойынша халықтың пікірін сұрау. Халықты мемлекетті басқару ісіне қатыстырудың бір түрі.

Ассамблея – бірігу, жалпы жиналыс деген мағынаны білдіреді. Бұл жерде Қазақстан халықтарын біріктіруші ұйым ретінде берілген.

Партия – белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесі үшін саяси күрес жүргізетін ұйым.

1. Қазақстанның [illegible] маңызы болды?
2. Қазақстан Республикасының ғарыштық саясаты бар ел екенін неден көреміз?
3. Қазақ елінің Қарулы Күштерінің негізі қалай салынып еді?
4. Қазақстан халықтары Ассамблеясының негізгі міндеті қандай?
5. Еліміздегі әкімшілік аумақтық реформалары қандай мақсатта жүргізілді?
6. Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайы қашан өткізілді және оның қандай маңызы болды?
7. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қандай партиялар құрылды?
8. Көппартиялық жүйенің қалыптасуының қоғам үшін қандай маңызы бар?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Бірпартиялық жүйеден көппартиялық жүйенің қоғам үшін қандай артықшылықтары бар екенін айқындап беріңдер.

Ә) Мәтінде берілген айтулы даталардың хронологиялық тізбегін жасаңдар.

Б) Карта бойынша Қазақстанда жүргізілген әкімшілік-аумақтық реформалардың нәтижелерін баяндап беріңдер.

Тарихи тұлғалар

Әубәкіров Тоқтар Оңғарбайұлы *(1946ж. Қарағанды обл.) - қазақтың тұңғыш ғарышкері, техника ғылымдарының докторы. Кеңес Одағының еңбек сіңірген ұшқыш сынақшысы, авиация генерал майоры, Кеңес Одағының батыры, Қазақстан Республикасының Халық Қаһарманы. 1969 ж. Ресейдегі Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін бітіріп, 1969-1975 жылдары Кеңес Одағы Әскери әуе күштерінің Қиыр Шығыс әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары болған. 1976 ж. Мәскеу ұшқыш сынақшылар мектебін, ал 1979 ж. Мәскеу авиация институтын бітірген. 1976-1992 ж. Мәскеудегі А.Микоян ат. Тәжірибелік*

болды. [illegible] әуеде ұшаққа екі рет жанармай [illegible] Полюске ұшу сапарын ерлікпен орындаған. 1989 ж. тұңғыш рет авиа тасушы крейсердің алаңына «МиГ-29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырған. Сондай ақ, ол реактивті ұшақтың елуден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 ж. ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі Жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Т.Әубәкіров 10 қазанда Жерге оралды, яғни ғарышта сегіз күн болды. Т.Әубәкіров Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. Ол 1992-93 ж. ҚР Қорғаныс министрінің I орынбасары, 1993-94 ж. ҚР Ұлттық Аэроғарыштық агентігінің бас директоры, Ғылым және жаңа технологиялар министрінің орынбасары, 1994-95 ж. ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. 1996 жылдан ҚР Президентінің кеңесшісі қызметін атқарды. 2004-2007ж. Т.Әубәкіров ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болды.

Мұсабаев Талғат Амангелдіұлы *(1951 ж., Алматы обл.) – Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының ұшқыш-ғарышкері.*

Рига азаматтық авиация инженерлері институтын (1974) және Ақтөбе Жоғары ұшқыштар училищесін (1993) бітірген. Алматы облысындағы азаматтық авиация әуе қатынастарының Боралдай авиа тобында инженер болып жұмыс істеген. 1986ж. азаматтық авиацияның оқу-жаттығу дайындығын бітіріп, азаматтық авиация пилоты мамандығын алды. 1987 жылдан АН-2 ұшағының 2-пилоты, командирі болды. 1989ж. Ульяновск (қазіргі Тольятти қ.) қаласындағы ұшқыштар, диспетчерлер және инженер-техник кадрлар дайындау орталығын бітіріп, Алматы біріккен авиа тобының 1-ұшу отрядында ТУ-134 ұшағының 2-пилоты болды. 1990ж. Ю.Гагарин атындағы

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына қабылданады. Ал,1991ж. Т.Мұсабаев «Ғарышкер-сынақшы» деген мамандыққа ие болып шықты. 16-негізгі бағдарлама бойынша 1994ж. 1 маусымнан 4 қарашаға дейін «Союз-ТМ» ғарыш кемесінде борт-инженер ретінде ғарышта болды. 25-негізгі экспедиция бағдарламасы бойынша 1998ж. 29 қаңтар мен 25 тамыз аралығында «Союз-ТМ» және «Мир» ғарыш кемелерінің командирі ретінде ғарышқа ұшты. 2001ж. 28 сәуір - 6 маусым аралығында «Союз-ТМ-32» ғарыш кемесімен Халықаралық ғарыштық станциясына барған I-экспедицияның экипаж командирі болды. Т.Мұсабаев ұшақ спортынан Қазақстан құрама командасы құрамында өнер көрсетіп КСРО чемпионы атанған. Гимнастикадан Латвия құрама командасының құрамында түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысқан. Гимнастикадан және ұшақ спортынан КСРО спорт шебері. Т.Мұсабаев Қазақстан Республикасының «Халық қаһарманы» және Ресей Федерациясының Батыры, «Отан», «Халықтар достығы», III-дәрежелі «За заслуги перед Отечеством» (Ресей) орденлерімен, NASA-ның «Ғарышқа ұшқаны үшін» медалімен марапатталған. 2000 ж. Ю.А. Гагарин атындағы Ғарышкерлер дайындау орталығының топ жетекшісі. Бүгінгі күні Т.Мұсабаев Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының бірлескен «Бәйтерек» атты кешенді ғарыштық жобасының жетекшісі ретінде еліміздің ғарыштық болашағы үшін еңбек етуде.

9.4 *Қазақстандағы конституциялық құрылыс және құқықтық реформалар. Омбудсмен институты*

1993 және 1995 жылғы Конституциялар және олардың тарихи маңызы. Құқықтық жүйедегі реформалар. Омбудсмен институтының енгізілуі.

1993 және 1995 жылғы Конституциялар

1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасы *тұңғыш Конституциясын* қабылдады. *Конституцияда айқындалған негізгі мәселелер:*

- Республика жері – біртұтас, ол бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайды;
- Қазақстан халқы –мемлекеттік өкімет билігінің бірден – бір қайнар көзі;
- Қазақ тілі – мемлекеттік,орыс тілі – ұлтарлық қарым – қатынас тілі;
- Конституцияның ең жоғарғы заңдық күші бар мемлекеттік билік Конституция және республика заңдары негізінде жүзеге асырылады;
- Конституцияның орындалуына Республика Президенті кепіл болады;
- Қазақстан Республикасы барлық азаматтарға құқық теңдігін қамтамасыз етеді;
- Қазақстан азаматтары Конституцияны, республика заңдарын сақтауға, әр адамның ар-намысын, абыройын құрметтеуге тиіс;
- Отанды қорғау – республиканың әрбір азаматының абыройлы міндеті, қасиетті борышы, парызы;

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасының негізгі ұстанымдары:

- *Қоғамдық татулық және саяси тұрақтылық.*
- *Халық игілігін көздейтін экономикалық даму.*
- *Қазақстандық патриотизм.*
- *Мемлекеттің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу.*

1993 жылғы еліміздің тұңғыш Конституциясының тарихи маңызы зо болды. Өйткені, бұл Конституция еліміздегі ұлтаралық келісімді сақтауға негіз қалады; адам құқығы мен бостандығына басымдық беру үлгісі жасалды; Қазақстан халқын әлемдік қауымдастықтың құрамдас бөлігі ретінде таныты.

Қоғамдағы саяси өзгерістер кеңестік сайлау жүйесі бойынша жасақталған Жоғарғы Кеңеске түрлі көзқарастың қалыптасуына әкелді. Бұл 1993 жылғы Конституцияға өзгерістер жасауға алғышарт жасады.

Демократиялық талаптарға сай жаңа Конституция жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. *Ал, 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум өткізіліп, еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды.*

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Жаңа Конституцияда Қазақстан Республикасы *тәуелсіз, демократиялық, құқықтық, зайырлы, унитарлы, әлеуметтік мемлекет* болып жарияланды. Онда халықтың әлеуметтік топтарына берілетін кепілді құқықтарға басымдық берілді.

Бұл Конституция бойынша:

- Демократиялық Президенттік басқару түрі бекітілді;
- Екі палаталы: Сенат пен Мәжілістен тұратын Қазақстанның кәсіби парламентінің негізі қаланды;
- Қазақстан мемлекеті ұлтына қарамастан барлық азаматтардың мүдесін қорғайды;
- Республикада қос азаматтыққа жол берілмейді;
- Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, ал орыс тілі - ұлтаралық қарым қатынас тілі және ол мемлекеттік тілмен қатар қолданылатыны жарияланды.

1995 жылғы Конституцияның тарихи маңызы:

Тәуелсіз Қазақ елінің адам құқықтары мен демократиялық құндылықтарға басымдық берілген тарихи құжат болды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатындағы басты бағыттың бірі - *құқықтық мемлекеттің іргетасын берік орнату*. Біздің еліміз Конституцияға сәйкес құқықтық мемлекет. Бұл бағытта мемлекет өте маңызды шаралар жүзеге асырылуда. Мемлекетте жүргізілген құқықтық реформалардың нәтижесінде сапалық тұрғыда үлкен өзгерістер өмірге енгізілді. Екі палаталы заң шығару органы мен жаңа сот жүйесі қалыптасты. Сот жүйесінде алқа билер соты тәжірибеге енгізілді. Қарулы күштер мен Ішкі істер министрліктерінің басшылығына азаматтық министрлердің тағайындалуы да құқықтық реформадағы тәжірибелердің бірі болып табылады.

Сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктің шешімдерінің күшін жоя алатын өкілеттілікпен күшейтілді. Қоғамда көппартиялық жүйе мен саяси оппозиция пайда болды. Олардың саяси құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етілген. Сөз және баспасөз еркіндігіне сәйкес тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары қалыптасты. Олар мемлекеттік биліктің ішкі және сыртқы саясатын сынауға ерікті.

Құқықтық реформадағы маңызды сапалық жетістік – елімізде омбуцмен институтын енгізу бағытында жасалған нақты іс-шараларды атап көрсетуге болады. Қоғам үшін өте

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

қажет құқықтық институтты енгізу үшін жан-жақты даярлық жасалды. Мұның алдында Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Адам құқықтары жөніндегі Комиссия құрылған еді. Бұл қызметті енгізуде әлемдік тәжірибе негізгі басшылыққа алынды. Оның еліміздегі адам құқықтарының қорғалуына тигізетін оң әсері мен тиімділігіне ерекше көңіл бөлінді. Әсіресе, Қазақстанның құқық саласының мамандары БҰҰ Даму Бағдарламасы, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Бас Комиссары Басқармасы, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы сияқты беделді халықаралық ұйымдармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізді. Олармен тәжірибе алмасты. Осылайша Қазақстанда Омбудсмен туралы халықаралық талаптарға жауап беретін заң жобасын жасау ісі жүргізілді. Бұл істе Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Адам құқықтары жөніндегі Комиссия маңызды рөл атқарды. Мұндай ұлттық мекемені енгізуге даярлық барысында ірі халықаралық конференциялар мен «Дөңгелек столдар» өткізілді. Бұл жиындарда Омбудсмен қызметін Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып енгізу жөнінде нақты ұсыныстар жасалды. Омбудсмен институтының заңдық негізін жасауда, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнатуда және ұйымдастыру жұмыстарын атқаруда Жабайхан Әбділдин (ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі Комиссия төрағасы), Болат Байқадамов (ҚР Президентінің жанынан Адам құқықтары жөніндегі Комиссия хатшысы), Өмірбек Байгелді, Игорь Рогов, Мақсұт Нәрікбаев, Евгений Жовтис сынды т.б. қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен құқық саласының мамандары көп еңбек сіңірді. Әлемдік тәжірибеде Омбудсмен институтының дәстүрі мен тарихи тамыры тереңде жатыр. Сол себепті әлемнің дамыған елдерінде Обудсмен қызметі мемлекеттегі ең лауазымды әрі ықпалды қызмет б.т.

Омбудсмен институтының басты қызметі:

- адам құқықтарын мемлекеттік қызметкерлер тарапынан бұзылуын қорғау;
- заң шығару жүйесі мен құқықтық тәжірибені дамытуға ықпал ету;

- құқықтық ағарту бағдарламаларын жасап, оларды өмірге енгізу

Омбудсмен қызметінің басты ұстанымы жариялылық пен объективтілік. Омбудсменнің барлық қызметі Қазақстан бекіткен халықаралық конвенцияларға сай жүргізілуі керек. Сонымен бірге, ол үкіметтік емес ұйымдармен, БАҚ-мен, халықаралық ұйымдармен тығыз қарым-қатынаста қызмет атқаруы тиіс. Қазақстан заңдарына сәйкес Омбудсменді Парламент комитеттерімен кеңесе отырып Президент тағайындайды. Оның қызмет мерзімі 5 жылға белгіленеді. Сондай-ақ, заң бойынша Омбудсмен тәуелсіз қызмет жүргізеді және оның жұмысына ықпал ету әрекеттеріне тиым салынады. Омбудсмен адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен ынталандыруда үлкен өкілеттілікке ие. Ол тек Қазақстан азаматтарының ғана емес, Қазақстандағы азаматтығы жоқ немесе шет елдік азаматтардың құқықтарын қорғайды. Өзінің қызметі барысында Омбудсмен:

- мемлекеттік лауазымды тұлғаның тарапынан адам құқықтарын бұзу әрекеттері анықталған жағдайда тергеу жүргізуге құқылы, тергеу орыз түспеген жағдайда да жүргізіле береді.
- Адам құқықтарының бұзылуы жөніндегі тергеудің дұрыс жүруін қадағалауға, мемлекеттік қызметтің барлық деңгейіндегі лауазымды тұлғалармен кез келген уақытта кездесуді талап етуге, қажетті ақпарат алуға, мемлекеттік мекемелерге, әскери мекемелер мен тергеу орындарына еркін кіруге құқылы.
- Бұқаралық ақпарат құралдарында өзінің ресми қорытындыларын жариялауға құқылы.
- Қажет болған жағдайда Омбудсмен тікелей Президентке, Парламентке, Үкіметке өтініш жасауға құқылы.
- Қазақстан Республикасының заңдық негіздерін дамытуға және оны халықаралық нормаларға сәйкестендіруге ықпал етуге құқылы.
- Халықаралық ынтымақтастықты дамытуға құқылы;
- Адам құқықтарын қорғау бағытында білім бағдарламаларын, ақпараттық шараларды және т.б. дамытуға және ынталандыруға құқылы;
- Эксперттік кеңестер құруға, оларға мамандар мен үкіметтік емес және халықаралық ұйымдарды

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

қатыстыруға құқылы.

Омбудсмен институты Қазақстан Президентінің Жарлығымен 2002 жылы 19 қыркүйекте енгізілді. Омбудсмен институты Қазақстанда тек алғашқы қадамдарын ғана жасап жатыр. Оның қызметі нақты атқарған істерімен бағаланбақ. Бұл институттың қоғамға берері құқықтық мәдениет қалыптастыру және оны ұлттық мекеме ретінде мемлекеттік органның маңызды жүйесіне айналдыру б.т.

Түсіндірме сөздік

Зайырлы мемлекет – діннің мемлекеттен бөлінуі, мемлекеттік саясатқа араласпауы.

Унитарлы мемлекет – территориясы бөлінбейтін, біртұтас мемлекет.

Омбудсмен – адам құқықтары жөніндегі өкіл

***Сұрақтарға жауап беріңдер*:**

1. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы туралы не білесің?
2. 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы қандай жолмен қабылданды?
3. Құқықтық мемлекет деген ұғымды қалай түсінесің?
4. Қазақстандағы құқықтық реформалардың басты бағыттары қандай?
5. Елімізде Омбудсмен институты не үшін енгізілді?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Қазақстан Республикасының 1993 және 1995 жылғы Конституцияларына салыстырмалы талдау жасау арқылы ортақ және ерекше белгілерін айқындаңдар.

Б) Омбудсмен институтының қажеттілігін ашып көрсетіңдер

9.5 *Қазақстан және әлемдік қауымдастық*

Қазақстанның БҰҰ қабылдануы. Қазақ елінің сыртқы саясатының негізгі бағыттары. Қазақстанның халықаралық шарттарға қол қоюы. Қазақстанның әлем елдерімен саяси дипломатиялық байланыстарының басым бағыттары. Шанхай ынтымақтастық ұйымының қызметі.

Қазақстан тәуелсіз ел ретінде бүгінгі күні әлемдік қауымдастықтан лайықты орын алып отыр. Елімздің тәуелсіздігін әлемнің 120 астам елдері таныды. Олардың көпшілігімен дипломатиялық қатынас орнатты. Қазақстан 1992 жылы 2-наурызда әлемдегі ең мәртебелі ұйым - Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданды. Бүгінгі күні еліміз ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) және басқа да халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі.

Қазақстан 1992 жылы 8 шілдеде өте маңызды халықаралық құжат- *Хельсинки шартына* қол қойды. Бұл шарт 1975 жылы Хельсинкиде Батыс Европа елдері, АҚШ, Канада басшыларының келіссөздерінен кейін қабылданған болатын. Шарттың негізгі мазмұны мынау болды: Ү дүниежүзілік соғыстан кейінгі қалыптасқан келіспеушіліктерді жою, шекаралардың мызғымастығын қамтамасыз ету, бейбітшілікті сақтап, соғыстарды болдырмау. Ал, 1993 жылы Президент Н.Ә.Назарбаев *Лиссабон хаттамасына* қол қойды. Хаттама негізінде Қазақстан ядролық қарудан еркін аймақ болып жарияланды. Бұл Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде демократиялық даму жолына түскенінің дәлелі болды.

Әлемдік қауымдастықтан лайықты орын алу елімізге оңайшылықпен келген жоқ. Ол мемлекетіміздің сыртқы саясатын дұрыс жолға қоюының нәтижесі еді. *ҚР сыртқы саясаты бейбітсүйгіштікке және өзара сенімге негізделді. Басқа елдің ішкі ісіне қол сұқпау, шекараларын құрметтеу басты ұстаным б.т.* Ал, сыртқы саясаттың ең басты мақсаты ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қазақстан бейбітсүйгіш ел ретінде өз еркімен Кеңес Одағынан мұраға қалған ядролық қарудан бас тартты. Ядролық сынақ полигондарын жапты. 1991 жылы 29 тамызда Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен әлемдегі ең ірі ядролық сынақ

полигонының бірі Семей полигоны жабылды. Қазақ елінің мұндай өркениетті қадамдары әлемдік қауымдастықтың жоғары бағасына ие болды.

Қазақ елін әлемге танытуда ҚР Президенті Н. Назарбаевтың сіңірген еңбегі зор болды. Дүниежүзінің жетекші саясаткерлерінің алдындағы Елбасының жеке абыройы мен халықаралық беделі шешуші роль атқарды.

Қазақстанның халықаралық байланыстарының негізгі бағыттары:

ТМД елдері. Достастық құрамына енетін елдер бұрынғы байланыстарды сақтау арқылы экономикалық дағдарыстан тезірек шығу үшін маңызды болды. Солардың ішінде, тарихы тамырлас Орталық Азия елдері және Әзірбайжанмен қарым қатынас жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Қазақстан басшылығы ТМД қалыптасып, дамуына көп үлес қосты. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен бірқатар маңызды іс шаралар жүзеге асырылды. Н.Ә. Назарбаев 1994 жылы Еуразия Одағы туралы идеясын жариялады. Бұл идеяның негізгі мәні Еуразия кеңістігіндегі елдердің интеграциясын кеңейту, тұрақтылық пен қауіпсіздік жүйесін нығайту, экономикалық және мәдени байланыстарды дамытуға арналды.

Ресей мен Қытай. Бұл екі көрші алпауыт мемлекетпен қарым қатынас тарихы тереңде жатыр. Қазіргі таңда олармен саяси-дипломатиялық, мәдени-экономикалық және әскери байланыстар жаңа сапалық деңгейге көтерілді. 1992 жылы 25 мамырда Қазақстан мен Ресей арасында достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт жасалды. 1996 жылы 27 сәуірде Алматыда Қазақстан мен Ресейдің бірлескен Декларациясына қол қойылды. *Декларацияда екі ел бір бірінің тәуелсіздігін құрметтеу және ішкі істеріне араласпау ұстанымы бекітілді.* 1998 жылы 6 шілдеде Мәскеуде XXI ғасырға бағдарланған *«Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы»* Декларация жарияланды.

Қазақстан ресми түрде 1992 жылдың қаңтарынан бастап Қытаймен саяси-дипломатиялық қатынас орнатты. Оның нәтижесінде Қазақстан мен ҚХР арасындағы мемелекеттік шекара заңды түрде бекітілді. Бірнеше жылға созылған екі жақты келіссөздерден кейін шекаралық мәселелер шешімін тапты. Сарышелді өзені мен Шағын Оба асуы аймақтарындағы даулы болып келген жерлер бойынша екі

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

жақты ортақ келісім жасалды. Жалпы көлемі 1000 шаршы шақырымды құрайтын даулы жерлердің 43 % Қытайға, 57 % Қазақстанға енетін болды. Бұл екі көрші елдің дипломатиясындағы ең басты жетістік болды.

Европа Одағы. Бұл одаққа енетін елдермен байланыстардың Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар. Өйткені, Батыс Еуропа елдері әлемдік саясатты айқындаушы күш болғандықтан олармен саяси, экономикалық, әскери, мәдени салалар бойынша жан жақты байланыстар орнату тиімді болмақ. Ал, Шығыс Еуропа мемлекеттері дамушы елдердің алдыңғы қатарында келеді. Бұл елдерде жүзеге асырылған реформалардың тәжірибесі Қазақстан үшін өте маңызды. Сондықтанда, Қазақстан басшылығы ЕҚЫҰ қарым қатынастарға басымдық беріп отыр.

АҚШ. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бері АҚШ пен саяси экономикалық қарым қатынастары жүйелі түрде дамып келеді. АҚШ - әлемдегі жетекші алпауыт мемлекет.Бұл елдің ірі компаниялары Қазақстан экономикасына үлкен көлемде инвестиция салды. 1999 жылы Қазақстан мен АҚШ арасындағы серіктестікті дамыту [illegible] құжатқа қол қойылды. АҚШ пен Каспий, Қарашығанақ мұнай көздерін игеру туралы ұзақ мерзімге арналған шартқа қол қойылды. Біздің елімізбен ынтымақтастықты дамыту АҚШ-тың Орталық Азиядағы сыртқы саясатының басым бағытарының бірі. Ол стратегиялық әріптестікке және өзара сенімге негізделген. Әлемдік саясатқа ықпалы күшті болғандықтан Қазақстанның АҚШ пен байланысының маңызы зор.

Ислам елдері. Қазақстан зайырлы мемлекет болғанымен халқының негізгі бөлігі мұсылман дінін ұстанады. Сондықтан да Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірлігі, Иран, Иордания, Египет сияқты елдермен қарым қатынас жоғары деңгейде қалыптасып отыр. Аталмыш елдермен саяси, сауда экономикалық байланыстардың тиімділігімен қоса, аса үлкен жетістік - еліміздің мұсылман қауымы Меккеге қажылыққа бару мүмкіндіктері шешілді. Ал, қажылыққа бару Кеңес Одағы тұсында мүлде тоқтатылған еді.

Азия елдері (Жапония, Оңт. Корея, Сингапур, Малайзия, Үндістан т.б.)
Бұл елдер бүгінгі күні жоғары қарқынмен дамып келе

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

жатқан елдер. Олар XX ғасырдың екінші жартысынан бастап сәтті жүргізілген экономикалық реформалардан кейін әлемнің дамыған елдерінің құрамына қосылды. Әсіресе, озық технологияларды игеруде жетекші рольге ие болды. Сондықтанда, бұл елдердің үздік тәжірибесі жас тәуелсіз Қазақстан үшін аса маңызды.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев БҰҰ мыңжылдық саммитінде сөз сөйлеп, онда әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған аса маңызды мәселелерді көтерді. Президент өз сөзінде әлемдегі қарулы жанжалдар, кедей елдер мен дамыған елдер арасындағы қайшылық, экологиялық және басқа да қауіп қатерлердің адамзатқа қаупі туралы мәселелерді көтеріп, оларды шешу жолдарын баяндады.

Қазақстанның бастамасымен *Азиядағы өзара сенім және ықпалдастық шаралары жөніндегі кеңес* құрылды. Бұл кеңестің негізгі мақсаты: Азия аймағында, соның ішінде бүкіл әлемде жанжалдарды болдырмау, өзара түсіністікке шақыру, келіспеушіліктерді бейбіт жолдармен шешуді қамтамасыз ету. Бұл ұйымға Қытай, Үндістан, Иран, Пакистан, Израиль сияқты елдер қызу қолдау білдірді. Осы елдердің [illegible] ұйымдастырылған шараларына бақылаушы ретінде қатысып келеді. Қазақ елінің осынау бейбітсүйгіш бастамасын БҰҰ өте жоғары бағалады.

Қазақстан әлемдегі аса беделді ұйымдардың бірі *Шанхай ынтымақтастық ұйымының* (ШЫҰ) белсенді мүшесі. Бұл ұйым 1996 жылы сәуірде Шанхай қаласында шекаралары шектесетін Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Қытай, Тәжікстан басшылары кездесуінен кейін құрылды. Ол алғашында «Шанхай бестігі» деп аталды. 1998 жылы Алматыда өткізілген саммитте ШЫҰ басым бағыттары айқындалды. *Ол шекараларға құрмет, аймақтық қауіпсіздік және өзара тиімді байланыстарды дамытуға бағытталатыны атап көрсетілді. ШЫҰ саяси экономикалық қарым қатынаспен бірге, адамзатқа қауіп төндіріп отырған лаңкестікке, есірткі саудасына, экстремизмге қарсы бірлесіп күресу шараларын үйлестіреді.* Ұйымның әлемдік саясатта үлкен салмағы бар. Өйткені, ұйымға кіретін бес елдің жалпы аумағы Еуразия кеңістігінің бестен үш бөлігін, ал, тұрғындарының үлесі дүниежүзі халықтарының төрттен бір

бөлігін құрайды. Бұл экономикалық және әскери-саяси ынтымақтастықтағы маңызды фактор болып табылады. Сондықтанда, осы ұйымға кіруге Иран Ислам Республикасы да ынталы болып отыр.

Сонымен бірге, Қазақстан қауіпсіздік мәселесінде Солтүстік Атлантикалық әскери-саяси Одағымен (НАТО) серіктестікке маңызды орын береді. Бұл ынтымақтастық НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы негізінде жүзеге асуда.

Бүгінгі күні әлемдік қауымдастықта беделді орны бар Қазақстанның сыртқы саясатының басым бағыттары айқындалған. Олар: әлемдегі ядролық қауіпті жоюға, лаңкестік пен діни экстремизмге, есірткі саудасы мен басқа да қатерлерге қарсы күреске негізделген.

Түсіндірме сөздік

Сыртқы қауіпсіздік – мемлекеттің ұлттық мүддесін шет ел азаматтары, ұйымдары мен мемлекеттері тарапынан төнетін қауіп қатерден қорғау.

Әскери қауіпсіздік – мемлекеттің территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігін әскери сипаттағы қауіп қатерлерден қорғау.

Елшілік – бір елдің басқа елдермен байланыстарын жүзеге асыратын дипломатиялық өкілдігі. Бұған қарсы мемлекетпен елші басқарады.

Геосаясат – әрбір ел өзінің географиялық орналасу ерекшелігіне орай халықаралық саясатқа ықпал ете алу мүмкіншіліктерін негіздейтін теория.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін қандай халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды?
2. Қазақстан тәуелсіз ел ретінде қандай халықаралық құжаттарға қол қойды?
3. Қазақ елінің сыртқы саясатының басты ұстанымдары қандай бағытқа негізделген?
4. Әлемдегі бейбітшілікті насхаттауда Қазақстан қандай бастамаларға ұйтқы болды ?
5. ШЫҰ халықаралық саясатта алатын орны қандай?
6. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының бүгінгі таңдағы негізгі бағыттары туралы не білесің?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Қазақстанның халықаралық ұйымдармен қарым қатынасының негізгі бағыттарын айқындайтын кесте жасаңдар.

Ә) Әлемдік картадан Қазақстанның сыртқы саясатындағы стратегиялық әріптес елдер мен ШЫҰ құрамына енетін елдерді көрсетіңдер.

Арнайы тапсырма: Егер сен БҰҰ Бас хатшысы болсаң әлемдегі бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін қандай іс шараларды жүзеге асыратын едің? Бірнеше топқа бөлініп *«Әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздік»* мәселесіне қатысты өзіндік жобаларыңды әзірлеңдер.

10-тарау: Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы

10.1 *Нарық экономикасына көшудің қиындықтары мен әлеуметтік салдары*

Жоспарлы экономикадан нарық экономикасына көшудің қиыншылықтары. Әлеуметтік реформалардың негізгі бағыттары. Ауыл шаруашылығының жағдайы.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Кеңес Одағының ыдырауы барысында елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың себептері айқындалған-ды. Экономика дамуына басты кедергі болған факторлар: еңбек пен материалдық игілікке деген ынталылықтың жойылуы, қоғамдық меншікке немқұрайдылық және теңгермешілік психологиясы жатқызылды. Сол себепті, 1990 жылы мамырда Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңесінің III-сессиясында халық шаруашылығын нарықтық қатынастарға көшіру мәселелері талқыланды. Онда нарық экономикасын қалыптастырудың тұжырымдамасы негізделді. Бұл тұжырымдама бойынша мемлекеттік меншік монополиясынан бас тартып, меншіктің көп түрлілігін енгізу көзделді. Сөйтіп, Қазақстанда нарықтық қатынастардың алғышарттары жасала бастады. Республикада кооперативтік және шаруашылық есептегі өндіріс орындары, жеке меншік фирмалар пайда болды. Алайда, кеңестік жоспарлы экономикадан нарық экономикасына көшу өте күрделі жағдайда

жүрді. Ол халықтың тұрмыс жағдайын қиындатып жіберді. Бұрынғы Кеңес Одағы елдерімен экономикалық қатынастар үзілгендіктен тұтыну тауарларымен қамтамасыз ету қысқарды. 1992 жылы қаңтарда бағаның босатылуы тауарлардың бағасын күрт өсіріп жіберді. Алғашқы кезеңде баға 186,4 есеге өссе, 1992 жылғы сәуірде 554,5 есеге өсті. Оның нәтижесі *инфляцияға* алып келді. Тұрмыстық техника, күнделікті тұтыну тауарлары мүлде азайып кетті. Оған қоса еңбекақы төлеу жүйесі бұзылды. Еңбекшілер жылдап еңбекақы алмайтын жағдайлар орын алды. Сол себепті халықтың әлеуметтік жағдайы әбден нашарлады. 1997-1998 жылдары Кентау және Жаңатас тау-кен өнеркәсібі жұмысшыларының ереуілге шықты. Жұмысшылар жалақысын талап етіп, аштық жариялауға мәжбүр болды. Ереуіл жасаудың ең басты себебі: шетелдік инвесторлардың еңбекақыны уақытында төлемеуі болды.

Нарық экономикасына көшу барысында халықты еңбекпен қамту басты әлеуметтік мәселелердің бірі еді. Экономиканың құлдырауы, көптеген өндіріс орындарының тоқтауы салдарынан жұмыссыздық көбейді. Бұл кезеңде елдегі жұмыссыздар саны жылдан жылға өсе берді.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Статистикалық мәліметтер:
- 1995 жылы еңбекпен қамту мекемесінде ресми түрде тіркелгендер – 153 мың; - өндірістің тоқтауы салдарынан ақысыз демалысқа шыққандар – 192 мың адам;
- 1997 жылы халықты жұмыспен қамту 1996 жылмен салыстырғанда 11,8% кеміген;
- 1990 жылдардың аяғында жұмыссыздар саны 643 мың адамды құраған;
- еңбекпен қамту мекемелеріне есепке тұрмағандарды қосқанда республикадағы жұмыссыздық деңгейі 9-11% құрады.

Еңбекпен қамту мәселесі ерекше ауыр аймақтар, ол шағын қалалар еді. Текелі, Кентау, Арқалық, Жаңатас сияқты қалалар жұмыссыздық салдарынан қаңырап бос қалды. Бұл қалалардың тұрғындары ірі қалаларға жаппай қоныс аудара бастады. Соның салдарынан мәдени мекемелер, қоғамдық

ғимараттар талан таражға ұшырады. Үкімет жоғарыда аталған қиыншылықтардан шығудың мынандай жолдарын ұсынды: біріншіден, жұмыссыздыққа қарсы күрес жүргізу; екіншіден, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу; үшіншіден, кіші кредиттер жүйесін енгізу. Көп ұзамай бұл шаралар өзінің жемісін бере бастады. 2000 жылға қарай Қазақстан экономикасының тұрақтануына байланысты шағын қалалардың қайта жандануына көңіл бөлініп келеді.

Әлеуметтік саясат

Еліміздің нарық экономикасына көшу жағдайында *әлеуметтік реформалар* жүргізілді. Бұл реформалар бойынша халықты әлеуметтік тұрғыда қорғау жүйесі қайта қаралды. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып әлеуметтік жүйе нарық экономикасының талаптарына сәйкестендірілді. Қазақстан Республикасы Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет болып табылады. Бұл әрбір азаматтың өмір сүру үшін мемлекеттен лайықты жағдайлар жасауды талап ету құқығын қамтамасыз ету деген ұғым. Оны қамтамасыз ету үшін мемлекет әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асырады. Бұл бағыттағы мемлекеттің жүзеге асырған алғашқы шараларының [illegible] жылы Қазақстан Республикасында көпбалалы отбасын қорғау туралы; Әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік қоры туралы; Семей ядролық қару сынағынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы заңдардың қабылдануы жатады. Бұл заңдарға сәйкес көп балалы және жалғыз басты аналарды, зейнеткерлерді, мүгедектерді әлеуметтік қорғау жүйесі іске асырыла бастады. Ал, 1995 жылы 19 желтоқсанда «Қазақстан Республикасы тұрғындарының әлеуметтік тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы» Президент Жарлығына қол қойылды.

Әлеуметтік саладағы басты өзгерістердің бірі - *жаңа зейнетақы реформасы*. Бұл реформа әлемдік тәжірибеге сүйеніп жасалды. 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заң күшіне енді. Ондағы басты өзгеріс: жинақтаушы зейнетақы қорларын құру арқылы әрбір азамат өзінің болашағын қамтамасыз ететін жүйеге негізделді. Ол

кеңестік жүйеден мұраға қалған теңгермешіліктен бас тартудың бастамасы болды.

Қазақстан экономикасының тұрақтануы мен даму үрдісінің басталуы әлеуметтік реформаларды жаңа сапалық деңгейге көтерді. Соған сәйкес 2001 жылы сәуірде *«Қазақстан Республикасында халықты әлеуметтік қорғау Тұжырымдамасы»* қабылданды. Бұндай мемлекеттік іс-шаралардың барлығы Қазақстанда әлеуметтік мемлекет қалыптастыру бағытындағы нақты қадамдар б.т.

Ауыл шаруашылығының жағдайы

1992-1994 жылдары республикада ауыл шаруашылығын қайта құру саясаты басталды. Осы кезеңнен бастап колхоз-совхоздарды тарату науқаны жүргізілді. Ауыл шаруашылық кәсіпорындары жеке шаруа қожалықтары болып қайта құрылды. Аграрлық салаға меншіктің жаңа түрлерінің енгізілуі өте күрделі жағдайда жүргізілді. Сондықтан да, аграрлық салада тұрақсыздық пайда болды. Оның себептері мынада еді:

- Бұрынғы шаруашылық байланыстар бұзылды әрі халық жеке шаруашылығын жүргізуге [illegible] даяр болмады.
- Ауыл шаруашылық және өнеркәсіп тауарлары арасындағы баға теңсіздігі. Ауыл шаруашылық өнімдеріне баға төмен болды. Ал өнеркәсіп өнімдері сырттан әкелінгендіктен оның бағасы да жоғары еді.
- Аграрлық реформаны жүргізуде кешенділік пен жүйеліліктің болмауы.

Өнеркәсіп өнімдеріне еркін баға қойылғанымен, ауыл шаруашылық өнімінің көптеген түрлеріне мемлекет тұрақты сатып алу бағаларын белгіледі. Бұл ауыл шаруашылығының еркін дамуына бөгет болған факторлардың бірі еді.

Баға қайшылығының салдарынан 1992-1996 жылдары баға деңгейі 6,8 есеге өсті. Ауыл шаруашылық техникасы мен электр қуатының бағасы 40%, жанар-жағармай бағасы 25% артты. Осындай баға тұрақсыздығы салдарынан агроөнеркәсіп кешені 21 млрд теңге жоғалтты. Сол себепті табыссыз шаруашылықтар саны күрт көбейді. Ауыл шаруашылық өндірісі өте қымбатқа түсетін несие есебінен ғана жүргізе алатын болды. Аграрлық салаға қаржы салу

қауіпті болғандықтан 1995-1996 жылдары банк несиелері қысқарды. Мысалы, ол көрсеткіш 1996 жылы 44% азайған.

Ауыл шаруашылығындағы дағдарыс пен реформалар жүйесіздігінің салдарынан халықтың тұрмысы күрт төмендеп кетті. Егістік көлемі азайды: 1994 жылы 35 млн га жетсе, 1996 жылы 25,6 млн га құрады. Мал мен құс саны да күрт төмендеп кетті. 1991 жылы 16,6 млн болса, 1997 жылы 8,1 млн құрап, 51% кеміді. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық негізін жаңартуға қаржы жетіспеді. Жеке шаруа қожалықтары өз жұмысшыларына еңбекақыны бірнеше есе қымбат тауарлармен төлейтін тәжірибені енгізді. Өнім өткізу қиындап кетті. Өйткені, мемлекеттік қолдау қысқарды. Әсіресе, ауыл селолардың әлеуметтік-мәдени жүйесі бұзылды. Ауруханалар мен медициналық бөлімдер, бала бақшалар, кітапхана, клуб үйлері жаппай жабылды. Көлік пен байланыс қызметі нашарлап кетті.

Әлеуметтік қиыншылықтар демографиялық ахуалға да өз әсерін тигізбей қоймады. Нәтижесінде ауыл халқының өсімі төмендеп [illegible] кетті. *Урбанизация* үрдісі күшейді.

Бүгінгі таңда еліміздің ауылдық аумақтарын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асырылуда. Бұл бағдарламалар ауыл тұрғындарының әлеуметтік ахуалын, білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларын жақсартуды одан әрі дамытуға бағытталған. «Ауыз су» бағдарламасы да осы шараның аясында жүзеге асырылуда.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

Түсіндірме сөздік

Әлеуметтік қауіпсіздік – мемлекеттегі әлеуметтік саланың тұрақты дамуына, жеке адамның мүддесі мен әл ауқатына қауіп туғызатын ішкі және сыртқы факторлардан қорғау.

Инфляция – ақшаның құнсыздануы.

Инвестиция – қандайда бір өндіріс орынын дамытып өркендету мақсатында сол өндіріске қомақты қаржы салу немесе тарту.

Урбнизация – ауылдан жаппай қалаға көшу.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Нарық экономикасына көшудің алғашқы кезеңіндегі қиыншылықтар неден көрініс берді?

2. Еліміздегі жұмыссыздықтың көбеюіне қандай факторлар әсер етті?
3. Ауыл шаруашылығындағы дағдарыстың себептері қандай болды?
4. Қазақстандағы шағын қалалар мәселесінің шығу себептері неде еді?
5. Елімізде жүзеге асырылған зейнетақы реформасының мәні неде?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) Жоспарлы экономика мен нарық экономикасының кемшіліктері мен артықшылықтары бойынша салыстырмалы талдау жасаңдар.

Ә) Картадан Қазақстанның шағын қалаларын көрсетіп, олардың қазіргі жағдайы туралы баяндап беріңдер.

10.2 *Экономикалық реформалардың жүзеге асырылуы*

Экономикалық реформаның негізгі мақсаты. Қазақстанда экономикалық реформаларды жүзеге асырудың негізгі кезеңдері.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі экономикалық реформалардың ең басты мақсаты нарықтық қатынастарды орнату болды. Жоспарлы экономиканы түбегейлі қайта құру жолына түсті. Үкіметтің ендігі міндеті экономикалық мүмкіндіктерді тиімді басқару б.т. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздегі экономикалық реформалардың жүзеге асырылуын II кезеңге бөлуге болады:

I кезең: 1992-1995 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде экономикалық жүйені нарықтық экономика бағытына көшіру мен оған көшудің заңдық негізін жасау және шет елдік инвестиция тарту шаралары жүзеге асырылды. 1992 жылы қаңтарда елімізде *алғашқы сом алтыны* өндірілді. Осылайша, мемлекеттің *алтын қоры* қалыптаса бастады. *Нарық экономикасын қалыптастыруда үкіметтің жүзеге асырған ең маңызды шараларының бірі жекешелендіру саясаты.* 1993 жылы сәуірде Қазақстан Республикасында меншікті мемлекеттен ажырату мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасы қабылданды. Бұл саясаттың көздеген мақсаты: біріншіден, меншік түрлерін

көбейту және олардың еркін дамуын қамтамасыз ету; екіншіден, жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін өндіріс орындарын мемлекет меншігінен алып жеке меншікке беру; үшіншіден, нарықтық еркін баға орнату және бәсекелестік ортаны қалыптастыру.

Мемлекет тарапынан нарықтық экономиканы қалыптастырудың заңдық негізі жасалды. Соған сәйкес *«Қазақстан Республикасындағы меншік туралы», «Қазақстан Республикасындағы шет елдік инвестиция туралы», «Қазақстан Республикасындағы шаруашылық жүргізу еркіндігі және кәсіпкерліктің дамуы туралы», «Қазақстан Республикасындағы Банктер және банк қызметі туралы» «Монополиялық қызметті шектеу туралы»* т.б. экономикалық жүйені реттейтін заңдар қабылданды.

II кезең: 1995-2000 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезеңде нарықтық қатынастарды тереңдету, экспорт өнімдерін өндіретін кәсіпорындарды дамыту және ішкі рынокқа бағытталған өнім шығаратын кәсіпорындардың қызметін тұрақтандыру мен кіші және орта кәсіпкерлікті дамыту жұмысы жүргізілді. Банк және қаржы жүйесінің дамуына қолайлы жағдайлар жасалды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

Қазақстан экономикалық салада дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, өзіндік экономикалық даму моделін қалыптастырды. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджеті табиғи байлықты сатудан тәуелсіз құрауды мақсат етіп отыр. Ал, мұнай, газ сияқты шикізат өнімдерін сатудан түскен өнім арнайы «Ұлттық қорға» жинақталады. Бұл экономикалық реформалардың ең басты нәтижесі болса керек. Сонымен бірге әлемдегі дамыған елдер Қазақстанды нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде мойындады. Ал, экономикалық реформалардың қазақстандық моделінің түпкі мақсаты: *«парасатты экономика»* мен *«әлеуметтік жауапкершілік экономикасын»* қалыптастыру болып табылады.

Түсіндірме сөздік

Экономикалық қауіпсіздік – мемлекеттің тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қауіп төндіретін ішкі және сыртқы факторлардан ұлттық экономиканы қорғау.

Жекешелендіру – мемлекеттік меншіктен жеке меншікке беру.

Инновация – жаңалық енгізу деген мағынаны білдіреді, яғни жаңа әрі үздік технологияларды енгізу.

Импорт алмастыру – отандық кәсіпорындарды қолдау мақсатында жүзеге асырылатын экономикалық әдіс. Бұл әдіс бойынша өз ішімізде өндіруге мүмкіндігі бар тауарлардың импортын қысқарту немесе мүлде тоқтату.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақстандағы экономикалық реформалардың ең басты мақсаты неде болды?
2. Экономикалық реформалар неше кезеңде жүзеге асырылды?
3. Елімізде кіші және орта кәсіпкерлікті дамытуға неге ерекше көңіл бөлініп келеді?
4. ҚР Индустриалды инновациялық Стратегиясының мәні неде?
5. Экономикалық реформалардың қазақстандық моделінің басты ерекшеліктері қандай?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) «Экономикалық реформалардың қазақстандық моделін жетілдірудің жолдары» деген мәселе бойынша арнайы жоба даярлаңдар.

Ә) Мәтінде берілген айтулы даталардың хронологиялық тізбегін жасаңдар.

10.3 ***Тәуелсіз Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстары*** **Қазақстанның ТМД елдерімен экономикалық қарым-қатынасы. Қазақстанның экономикалық интеграцияны дамыту жолындағы бастамалары. Шет елдермен экономикалық байланыстардың қалыптасуы мен дамуы.**

Қазақстанның ТМД елдерімен экономикалық қарым-қатынасы

Кеңес Одағы ыдыраған соң республикалар арасындағы бұрынғы экономикалық байланыстар жүйесі бұзылды. Сол себепті мәдени-рухани қарым қатынастар да үзіле бастады. Бірақ ол уақытша үзіліс болатын. Өйткені, Кеңес үкіметі одақтас республикаларды экономикалық жағынан бір біріне тәуелді етіп қойған еді. Әр мемлекет өзінің тәуелсіз экономикалық жүйесін құра бастады. Дегенмен, бұрынғы байланыстар қайта қалпына келмесе, даму болмайтынына көздері жетті. Оған Грузия, Қырғызстан, Украина, Тәжікстан сияқты елдердегі экономикалық дағдарыстар нақты дәлел болды. Сондықтан ТМД ға сенімсіздікпен қараған елдер экономикалық қатынасты жақсартуға ынталы болды. ТМД елдері арасындағы саяси-экономикалық және гуманитарлық ынтамақтасты дамыту жөнінде белсенді жұмыстар үнемі ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асырылып келеді. ҚР Президенті Н.Назарбаев ТМД елдері арасындағы қарым-қатынасты кеңейту мен түрлі шектеулерді жою туралы *«Қарапайым адамдарға бағытталған 10 қарапайым қадам»* деген бастама көтерді. Бұл бастама ТМД елдері тарапынан кең қолдау тауып отыр. Соның нәтижесінде экономикалық интеграция жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Экономикалық интеграцияларды тереңдету жөніндегі Қазақстан үкіметінің бастамалары өз нәтижелерін бермей қойған жоқ. 1994 жылы *Орталық Азия экономикалық қауымдастығы* құрылды. Оған Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, кейін Тәжікстан енді.

Экономиканың барлық саласындағы дағдарыс ТМД басшыларын интеграцияның жаңа жолдарын іздеуге итермеледі. 1994 жылы Қазақстан Президенті Еуразиялық

UNREGISTERED COPY OF SCANPARYRUS

Одақ құру идеясын ұсынды. Бұл идеяның негізгі мәні: біріншіден, еуразия кеңістігіндегі елдердің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету; екіншіден, әлеуметтік экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы қатынастарды жаңарту.

Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан басшылары 1996 жылы наурызда *экономикалық және гуманитарлық салада интеграцияны тереңдету туралы шартқа* қол қойды. Шарт бойынша бұл елдер арасындағы кедендік жеңілдіктердің енгізілуі сауда қатынасына жаңа серпін берді. Бұл Еуразиялық экономикалық қауымдастықты (ЕЭҚ) құрудың бастамасы болды. Кейін қауымдастық құрамына Өзбекстан енді.

Қазақстан мен Ресейдің экономикалық қатынасы ТМД-ғы интеграцияның негізін құрап отыр. Екі ел стратегиялық серіктес ретінде экономиканың барлық салалары бойынша өзара тиімді байланыстар орнатқан. Әсіресе, мұнай газ және энергетикалық салаларды, ғарышты бірлесіп игеру бағытында келісімдер жасалған. Екі ел басшылары шекаралас облыстар арасындағы сауда байланыстарына да ерекше мән беруде. Мұндай қарым-қатынастардың нәтижелері:

- Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесін шешуді алға жылжытты.
- Қаржылық келіспеушіліктер реттелді;
- Байқоңыр ғарыш кешенін бірлесіп пайдалану мәселесі шешілді;
- Мұнай газ және энергетикалық салаларды бірлесіп игеру бағытында келісімдер жасалды;
- Шекаралас облыстар арасындағы сауда байланыстары кеңейтілді.

Беларусьпен сауда экономикалық байланыстар жоғары деңгейде жүргізіліп келеді. Беларусь экспорты: ауыр машина мен трактор, құрал-жабдық, минералды тыңайтқыш, жиһаз, жеңіл өнеркәсіп өнімдері. Қазақстан Белоруське негізінен мұнай, көмір, газ, астық, химия, түсті және қара металл өнімдерін шығарады.

Украина мен Қазақстан экономикасының дәстүрлі байланыстары орнатылған. Украинаның өнеркәсіп және аграрлық мүмкіндіктері жоғары ел. Сондықтанда, Украина

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қазақстанның мұнай және химия өнімдерін, түсті металл, автомобиль аккумуляторларын, кабель, астық өнімдерін, мал терісі мен жүнді қажет етеді. Ал, Қазақстан ол елден ауыл шаруашылық техникаларын, автобустар, тамақ және жеңіл өнеркәсіп өнімдерін алады. Сонымен қатар, Украина энергетикалық ресурстарға мүдделі. Жеке аумақтар арасында да тікелей экономикалық қатынастар қалыптасты. Мысалы, Днепретровск, Харьков, Донецк облыстары мен Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары арасында тікелей экономикалық қарым-қатынастар орнатылған.

2000 жылы 26 сәуірде «Еуразия–2000» экономикалық саммиті өтті. Сол жылы қазанда Астанада Кедендік Одақ елдері: Қазақстан, Беларусь, Қырғыстан, Ресей, Тәжікстан Президенттерінің мемлекетаралық Кеңесі өткізілді. Келіссөздер нәтижесінде Еуразиялық экономикалық қауымдастық құру туралы құжат қабылданды. Н.Назарбаевтың бастамасымен Ресей, Қазақстан, Украина, Белорусь арасында Ортақ экономикалық ынтымықтастығы құрылды. Бұл одақ 2004 жылдан бастап күшіне енді. Қазақстан ТМД шеңберінде Әзербайжан, Армения, Молдовамен экономикалық байланыстарын қалыптастырды. Әлемдегі аса ірі экономикалық жобалардың бірі - Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырына Қазақстанның да тікелей қатысы бар.

Грузия ТМД құрамына кірмесе де Қазақстанмен байланысқа мүдделі ел. Қазақстан мен Грузия арсындағы жаңа дипломатиялық байланыстар негізі 1993 жылдан бастап қаланды. Ол Грузия Президенті Э.Шевернадзенің Қазақстанға ресми сапары барысында жасалды. Ал, 1996 жылғы қыркүйек айында Н.Ә. Назарбаев Грузияда ресми сапармен болды. Солардың барысында экономикалық қатынас, инвестицияны қорғау, жүк тасуға жол ашатын транзит тәртібі туралы маңызды келісімдерге қол қойылды.

Қазақстанның шет елдермен экономикалық қарым-қатынасы

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан әлемдік экономикалық интеграцияға мүдделі елдердің бірі. Қазақстанның экономикалық реформаларының бір бағыты шет елдермен сауда–экономикалық қатынастарды дамыту. Өйткені, озық елдердің тәжірибесі көрсеткендей бір де бір ел өз

мүмкіндігімен экономикалық дамуға әлемдік интеграциясыз жете алмайды.

Тәуелсіз Қазақстанның алыс шет елдермен экономикалық байланыстарының географиясы кеңейе түсті. Бүгінгі таңда АҚШ, Германия, Франция, Ұлыбритания, Жапония, Қытай сияқты дамыған елдер Қазақстанның экономикалық серіктестеріне айналды. 1997 жылы 28 ақпанда «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заң қабылданды. Нәтижесінде Қазақстанға тартылған инвестициялық қаржы көлемі - 10 млрд долларға жетті.

Қазақ елінің экономикалық байланысы ерекше дамыған ел, ол көрші Қытай Халық Республикасы. 1990 жылы Қазақстан мен Қытай арасында алғашқы келісім жасалып, сауда және темір жол байланысына жол ашылды. Қазақстан Тынық мұхит жағалауына ең қысқа жолмен шығу мүмкіндігіне ие болды. 1992 жылы тамызда ҚР Президенті Н.Назарбаев ҚХР тұңғыш ресми сапарын жасады. Бұл маңызды сапардың қорытындысында саяси-дипломатиялық және экономикалық байланыстарға кең жол ашылды. 6 шекаралық бекет ашылып, шекара маңындағы сауда өрістеді. Темір жолдың жүк тасу көлемі ұлғайды. 1994 жылы сәуірде Қазақстан мен Қытай арасындағы 1768 шақырымды құрайтын шекара аумағын заңдастыру (делимитация) туралы келісімге қол қойылды. Ляньюнган теңіз портын пайдалану туралы Қытай мен Қазақстан арасында келісім жасалды. Достық–Алашанқай темір жол өткелі арқылы жүк тасмалдауды арттыруға келісім жасалды. Қазақстан Қытайға жылына 2,5 млн тонна жүк жіберу мүмкіндігіне ие болды.

1997 жылы 25 қыркүйекте Алматы келіссөзі жүргізілді. Келіссөз нәтижесінде Батыс Қазақстан мен Батыс Қытайды жалғастыратын мұнай құбырын жүргізу туралы шартқа қол қойылды. Қытай үкіметі бұл жобаға 9,5 млрд доллар қаржы жұмсауға келісті. 2005 жылы аса ірі бұл экономикалық жобаның негізгі бөлігі аяқталды. Сөйтіп, Атасу - Алашанқай мұнай құбыры іске қосылды. Ал, Ақтөбемұнай мен Құмкөлмұнай кәсіпорындары Қытайдың ұлттық мұнай компаниясының иелігіне берілген. Қазір Жібек жолы аймағының экономикалық мүмкіндіктерін пайдалануға,

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

әсіресе, көрші жатқан аудандардың экономикалық қарым қатынасына ерекше мән берілуде.

Түркия – Қазақстанның ең маңызды аймақтық серіктесі. Бұл елмен экономикалық қана емес, мәдени-рухани қатынастар да жақсы дамуда. Тауар айналымы жөнінен Түркия Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды алады. Негізгі экспорт: қара және түсті металдар, тыңайтқыш, мал терісі, жүн сияқты шикізат өнімдері. Түркиядан халық тұтынатын тауарлар, тамақ өнімдері, дәрі-дәрмек, автобустар, тоқыма тері өнімдері, автоматтық телефон станциялары, химия өнімдері импортталады. Ауыл шаруашылығы, тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларында қазақ-түрік біріккен кәсіпорындары құрылған. Түркия құрылыс индустриясында да маңызды орын алады. Алматадағы бес жұлдызды «Анкара» қонақ үйін, Астанадағы әуе жай және бірқатар әкімшілік нысандарын түрік құрылыс компаниялары салды.

АҚШ пен Қазақстан арасында Каспийшельф пен Қарашығанақ мұнай көздерін игеру туралы 40 жылға арналған шартқа қол қойылды. Ол «ғасыр келісімі» деген бағаға ие болды. Сөйтіп, АҚШ тың «Шеврон», «Тексако», «ЕксонМобил» сияқты ірі компаниялары ел экономикасына көлемді инвестиция салып отыр. Қазақстан Үкіметі ұзақ мерзімді экономикалық стратегияны жүзеге асыруда Еуропа Одағы елдеріне ерекше маңыз беруде. Әсіресе, Германия, Франция, Ұлыбритания, Италия, Австрия сияқты озық елдермен тікелей сауда-экономикалық қарым-қатынас туралы шарттар жасалынды. Германия біріккен кәсіпорындар саны жөнінен Қазақстанда жетекші орын алады. Өйткені, Қазақстаннан тарихи отаны Германияға кеткен азаматтар экономикалық байланыстарға жаңа серпін беруде.

Ұлыбританияның «БритишПетролиум», «БритишГаз», «ТрансУорлдГрупп», «Миттал Стил» компаниялары Қазақстан экономикасына инвестиция жасауда. «ТрансУорлдГрупп» иелігіне Соколов-Сарыбай тау-кен комбинаты, Ақтөбе, мен Ақсу темір қорыту зауыттары берілді. Компания осы өндіріс орындарына жаңа технологиялар енгізіп, тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуде. Ал, Қарағанды металлургия комбинаты

мен Қарағанды көмір бірлестігі «Мттал Стил» компаниясының басқаруына берілген.

Қазақ елінің Оңтүстік Кореямен экономикалық байланысы жоғары деңгейде жүргізіліп келеді. Бұл елдің Қазақстанға салған инвестициясы да жетекші орында. Оңтүстік Кореяның «Samsung», «LG», «Daewoo» компаниялары еліміз тәуелсіздік алғаннан бері біздің рынокты игеруде. Мәселен, «Samsung» компаниясы «Қазақмыс» акционерлік қоғамын құрды. Оған Жезқазған, Балқаш және Сәтбаев қалаларындағы бірқатар өндіріс нысандары берілді. Бұл өндіріс орындарында 50 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылып отыр. «Қазақмыс» бүгінгі күні әлемдік нарықтағы көшбасшылардың біріне айналды.

Оңтүстік Корея компаниялары сан алуан тұрмыстық және компьютерлік техникаларымен, автомобильдерімен Қазақстан нарығын жаулап алды десе де болады. Ал, қазіргі кезде қазақ-корей біріккен кәсіпорындары негізінде тұрмыстық техника өндіру бағытына басымдық берілуде.

Қазақстанның Жапониямен тауар айналымы 1995 жылы 63,4 млн доллар құраса, 2003 жылы 142,5 млн жетті. Қазақстан экспорты негізінен түсті және қара металдар, химия өнеркәсібінің өнімі, ал импорты автокөліктер, өндірістік және тұрмыстық техникалар. Жапонияның 30 аса компаниялары Қазақстан нарығында жұмыс істейді. Экономикалық интеграция үш бағытта дамып отыр: сауда, инвестиция және инновациялық жобалар. Жапония инвестициясы негізінде Семейдегі Ертіс көпірі, Астанадағы бірқатар нысандар, Ақтау порты, Батыс Қазақстан облысында автожол салынды. Сонымен бірге, темір жол саласына да инвестиция тартылуда. Ол төрт жоба бойынша іске асырылуда: Алматы- Шу темір жол бөлігін электрлендіру, Достық темір жол торабын дамыту, «Достық-Госграница» кешенін қайта құру, «Ақтоғай-Дружба» темір жол бағытын күшейту.

Қазақстан Канада, Израиль, Үндістан, Малайзия, Сингапур, Тайланд, Сауд Арабиясы сияқты дамыған елдермен де өзара тиімді сауда–экономикалық қатынас орнатқан. Қазақстан Малайзия, Сингапур сияқты қарқынды дамып келе жатқан елдердің тәжірибесін зерттеу үстінде.

Шет елдік инвестициялардың Қазақстан экономикасын жандандырумен бірге, бірқатар әлеуметтік мәселелердің шиеленісуіне алып келді. Ол мына мәселелер бойынша туындады: біріншіден, еңбекақы төлеудегі әділетсіздік және әлеуметтік мәдени жағдайлардың ескерілмеуі; екіншіден, жергілікті маман кадрларды ескермеу және сырттан жұмысшы күшінің заңсыз әкелінуі; үшіншіден, экологиялық қауіпсіздік пен өндірістегі техникалық қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы.

Жалпы, Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатындағы ең басты жетістік - әлемдік интеграцияға еркін енуі және заңдардың халықаралық құқық талаптарына сәйкестігі. Сонымен бірге, әлемнің жетекші елдері Қазақстанды нарықтық экономикасы қалыптасқан мемлекет ретінде мойындады. Бүгінгі күнгі Қазақстан үкіметінің ең басты мақсаты: әлемдік бәсекеге қабілетті ұлттық экономика құру және экономикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету.

Түсіндірме сөздік

Саммит – халықаралық жиналыс, мәжіліс, кездесу маңызды.

Интеграция – етене жақын қарым қатынастар жасау, тығыз байланыстар орнату.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Қазақстанның ТМД елдерімен экономикалық байланыстарда алатын орны мен ролі қандай?
2. ТМД шеңберінде экономикалық интеграцияны жандандыру бағытында қандай құжаттар қабылданды?
3. Ресей мен Қазақстан арасындағы экономикалық байланыстар қандай бағыттарда жүзеге асырылып жатыр?
4. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Еуразиялық одақ идеясының мақсаты не?
5. Қазақстан үшін шет елдермен экономикалық байланыстың маңызы қандай?
6. Қазақстан экономикасына шетелдік инвестицияларды не үшін тартуда?
7. Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстар қандай бағыттарда жүзеге асырылуда?

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

8. Қазақстан үкіметі елімізде жұмыс істейтін шетелдік компанияларға қазіргі кезде қандай талаптар қойып отыр?

Дамытушылық тапсырмалар:

А) ТМД елдерімен экономикалық байланыстардағы Қазақстанның экспорты мен импорты бойынша кесте құрып, оған талдау мен қорытынды жасаңдар.

Ә) Ежелгі Ұлы жібек жолы мен қазіргі Ұлы жібек жолының ортақ және ерекше белгілерін айқындап, сипаттама беріңдер.

Б) Әлемдік картадан Қазақстанмен тығыз экономикалық байланыстар орнатқан Азия елдерін көрсетіңдер

Арнайы тапсырма: Өзің тұратын өлкедегі әсем табиғаты немесе тарихи мәдени-сәулет ескерткіштері бар жерлерде ішкі және халықаралық туризмді дамыту мүмкіндіктерін көрсететін экономикалық жоба әзірлеңдер.

10.4 *Мәдениет саласындағы түбегейлі өзгерістер мен жетістіктер*

Мәдениет саласындағы өзгерістер. Ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуі. Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы мәдени байланыстар. Мәдениет пен өнер саласындағы жетістіктер.

Қазақстан тәуелсіз елге айналғаннан кейін халықтың мәдени құндылықтары қайта жаңғыру үстінде. Қазақ халқының мәдениетінің өзіндік терең дәстүрі бар.

Ғасырлар бойы қалыптасқан халқымыздың мәдени құндылықтары тоталитарлық жүйе кезеңінде жойылып кете жаздады. Коммунистік идеология ұлттық мәдениет пен дінге қарсы күрес жүргізді. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда мәдениетті дамытудың тұжырымдамасы айқындалды. Оның басты ұстанымы: идеологиялық қысымнан бас тарту және шығармашылық еркіндікті қамтамасыз ету болатын. Елімізде 1995 жылға дейін мәдени салада қиыншылықтар кезеңі болды. Әсіресе, «оңтайландыру» саясатынан кейін ауылдарда мәдениет үйлері, кітапханалар жабылып қалды. Көптеген мәдени мекемелердің ғимараттары арзан бағамен жекешелендірілді. Өнер ұжымдарының гастрольдік сапарлары қысқарды. Мұның ең басты себебі еліміздегі экономикалық дағдарысқа

байланысты еді. Нарықтық экономикаға бейімделу мәдениет саласында күрделі жағдайда өтті. Осы кезеңнен бастап жеке меншік өнер студиялары, галереялар, дизайн және сән орталықтары мемлекеттің қолдауынсыз жұмыс істей бастады. 1990-жылдардың басында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ш.Құдайбердиев, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов Х. Досмұхамбетов, Ж.Күдерин сынды зиялылардың еңбектері жарық көрді. Олардың еңбектері мектеп және жоғары оқу орындарының бағдарламаларына кеңінен енгізілді.

1995 жылдардан бастап елімізде бірқатар маңызды мәдени шаралар өткізіле бастады. 1995 жылы 3 шілдеде Қазақ елінің тәуелсіздігін мәңгі есте қалдыру мен отансүйгіштікті насихаттау мақсатында Алматыда *Тәуелсіздік ескерткішін* орнату туралы Елбасы шешім қабылдады. Бұл ескерткіште қазақ халқының тәуелсіздік үшін жүргізген үздіксіз күресін бейнелеу арқылы ата бабаларымызға тағзым ету идеясы берілген.

Мәдениет саласындағы маңызды оқиғалардың бірі Қазақстанның халықаралық ЮНЕСКО ұйымына енуі. *Оның тарихи маңызы мынада еді: біріншіден, Қазақ елінің рухани тәуелсіздігі қамтамасыз етілді; екіншіден, қазақ халқының мәдениеті әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде мойындалды.* Қазақстан халықтарының мәдениетін бүкіл әлемге таныту мақсатында ЮНЕСКО ауқымында Қазақстан Республикасының мерекелері аталып өтуде.

1995 жылы Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО шеңберінде атап өтілді. Мерейтой аясында Семейде Абайдың республикалық мемориалдық мұражайы ашылды. Қарауылда Абай мен Шәкәрімге арналған кесене орнатылды. Сонымен бірге, Абай шығармалары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, Мәскеу, Париж, Лондон т.б. қалаларда Абай мұрасын насихаттауға арналған ғылыми конференциялар ұйымдастырылды. Абайдың туған жерінде өткізілген негізгі шараға сол кездегі ЮНЕСКО Бас хатшысы Ф.Майор қатысып, жалпы қазақ халқының мәдениетіне жоғары баға берді. Абай ілімі әлемдік мәдени мұралардың қазынасына енгізілді.

1996 жылы Жамбылдың 150 жылдық мерейтойы да

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

ЮНЕСКО шеңберінде ұйымдастырылды. Осы жылы 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілістің 80 жылдығы мен 1986 Желтоқсан оқиғасының 10 жылдығына арналған ғылыми конференциялар өткізілді. Ал, Атлантада өткен XXYI жазғы Олимпиадалық ойындарда В.Жиров (бокс), Ю.Мельниченко (грек рим күресі), А.Парыгин (бес сайыс) чемпион атанды. Бұл тәуелсіз Қазақстанның спорт өнеріндегі алғашқы олимпиадалық жетістіктер болатын.

1997 жылы Мұхтар Әуезовтің 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО бойынша халықаралық деңгейде аталып өтті. Кемеңгер жазушы М.Әуезовтің еңбектері әлемнің 72 елінде жарияланды. 1997 жыл ҚР Президентінің Жарлығымен *«Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы»* деп жарияланды. Бұл шараның аясында 1930-1933 жылдардағы нәубеттің 65 жылдығы және сталиндік қуғын-сүргінге түскен ұлт зиялылары қасіретінің 60 жылдығы атап өтілді. Сол жылы 13 желтоқсанда Ақмолада саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық кешен ашылды.

1998 жыл Президент Жарлығымен *«Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылы»* деп жарияланды. Елбасы жарлығына сәйкес халық бірлігі мен ұлттық тарихты насихаттауға байланысты елімізде ғылыми конференциялар мен форумдер өткізілді. Соның ішінде, Аңырақай шайқасының 270 жылдығы мен Қазақ хандығының 550 жылдығы атап өтілді. Республиканың барлық облыстарына ғылыми экспедициялар жіберіліп, 74 ауданды аралады. Мантуя (Италия) қаласында «Алтын адам». Қазақстан далалары қола дәуірінен халықтардың Ұлы қоныс аударуына дейін» атты көрме ұйымдастырылды.

1999 жылы көрнекті ғалым, академик Қаныш Сәтпаевтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде өткізілді. Парижде Қ.Сәтпаевтың ғылыми мұрасына арналған халықаралық ғылыми симпозиум ұйымдастырылды. Сондай ақ, 1999 жыл ҚР Президентінің Жарлығымен *«Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы»* болып жарияланды. Елбасы Жарлығы бойынша жүзеге асырылған іс шаралар:

- М. Дулатидің 500 жылдығына арналған мерейтой ұйымдастырылып, «Тарих-и-Рашиди» еңбегі қазақ тіліне аударылды;
- Мұстафа Шоқай шығармаларының екі томдық жинағы Стамбулда басылып шықты;
- Қытай мұрағаттары бойынша Қазақ тарихына арналған 5 кітап жарық көрді;
- «Алпамыс батыр» жырының 1000 жылдығына арналған ғылыми-теориалық конференция ұйымдастырылды;
- «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы басылып шыға бастады.

Бұл кезеңдерде саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бағытындағы кешенді жұмыстар жалғасты. Нәтижесінде 19.144 адам толықтай ақталды.

2000 жылды еліміз Президент Жарлығына сәйкес *«Мәдениетті қолдау жылы»* аясында өткізді. Соған сәйкес республикадағы мәдени нысандар қайта қалпына келтіріліп, күрделі жөндеуден өткізілді. Мысалы, республика бойынша 4687 кітапхана, 238 клуб, 5 мұражай ашылды. Бұрын жабылып қалған мыңнан астам мәдени ошақтар қайта қалпына келтірілді. Мәдени мекемелерді жаңарту мен жөндеу жұмыстарына Үкімет бюджеттен 3,5 млрд теңге қаржы бөлді.

Сонымен бірге, ЮНЕСКО деңгейінде Түркістан қаласының 1500 жылдық және көрнекті жазушы Сәбит Мұқановтың 100 жылдық мерейтойлары атап өтілді. Сиднейде өткен XXYII жазғы Олимпиадалық ойындарда Ермахан Ибрайымов (бокс), Бекзат Саттарханов (бокс), Ольга Шишигина (жеңіл атлетика) чемпион атанды.

Қазақ елі көп конфессионалды мемлекет. Қазақстан зайырлы ел болғанымен сенім бостандығы және діни ұйымдардың еркіндігі қамтамасыз етілген. Бүгінгі таңда республикада 1300 діни бірлестіктер мен 30 астам конфессиялар жұмыс істейді. Бүкіл республикада мешіттер, шіркеулер, ғибадатханалар салынуда. Алматыдағы Орталық мешіт, Павлодарда Мәшһүр Жүсіп атындағы мешіт, Астанада «Нұр Астана» мешіті, Алматыда Синагога салынды.

Нарық экономикасының қиындықтарына қарамастан тәуелсіздік жылдары Көкшетауда қазақтың музыкалық

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

драма театры, Ақтөбе драма театры, Астанада К.Байсейітова атындағы опера және балет театры ашылды. Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театры күрделі жөндеуден өткізілді.

Қазақстан жазушыларының аса құнды туындылары осы кезеңде жарық көрді. Ә.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романы, Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» романы, М.Мағауиннның «Мен» атты философиялық толғауы, О.Сүлейменовтың «Жазу тілі» зерттеу еңбегі, М.Шахановтың «Өркениеттер адасуы» атты өлеңмен жазылған романы, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, Т.Медетбеков сынды ақындардың өлең-жырлары рухани құндылыққа қосылған үлес б.т. Елімізде талант иелерінің өнерін насихаттауға барлық жағдай жасалған. Айман Мұсақожаева «Солистер академиясы» оркестрімен әлем сахналарында өнерімен танылуда. 2000 жылы ЮНЕСКО А.Мұсақожаеваны «Әлем артисі» деп таныды. Сондай ақ, Жәния Әубәкірова, Гаухар Мырзабекова, Алан Бөрібаев, Майра Мұхамедқызы, Нұржамал Үсенбаева халықаралық сахналарда мойындалған талант иелері.

Шет елдердің жетекші өнер ұжымдарында: М.Бейсенғалиев (скрипка, Лондон), А.Серкебаев (пианино, Нью Йорк), Л.Әлпиева (балет, Санкт Петербург), [illegible] (балет, Мәскеу), А-Студио (эстрада, Мәскеу), «Ұлытау» тобы (этноэстрада, Мәскеу) т.б. еңбек етеді.

Елбасы Н.Назарбаев мәдениет, өнер және ғылым қайраткерлеріне арналған Президент степендиясын тағайындауы өнерге деген қамқорлықтың белгісі. Сондай ақ, мәдениет, өнер, ғылым қайраткерлері үшін қазақстандық кәсіпкерлердің «Меценаттар клубы» тағайындаған «Тарлан» сыйлығының да маңызы зор.

Соңғы жылдары дәстүрлі ұлттық мәдениеттің ерекше дамыған саласының бірі ақындар айтысы. Жыл сайын республикалық, жергілікті деңгейдегі сан алуан айтыстар ұйымдастырылып тұрады. Айтыс өнерін халыққа насихаттауда ақын Жүрсін Ерманов, меценаттар А.Ермегяев, Н.Сабилянов зор үлес қосуда. «Жас қанат», « Дәстүрлер жүлдесі », «Шығыс маусымы» «Үкілі домбыр» «Шәкен жұлдыздары» сияқты өнер фестивальдерін өткізу дәстүрге айналды.

Тәуелсіздіктің аса құнды жетістіктерінің бірі - тарихи сананың жаңғыруы. Республикамыздың барлық елді мекендерінде хандар мен билерге, батырлар мен жырауларға, зиялылар мен өнер қайраткерлеріне ескерткіштер орнатылып, көше аттары берілуде. Еліміздегі экономикалық жағдай тұрақталғаннан бері мәдениетке деген көзқарас жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Рухани салада маңызы зор бағдарламалар жасалып, жүзеге асырыла бастады.

Астананың ел ордасына айналуы оның мәдени мүмкіндіктер көкжиегін кеңейтіп отыр. Жаңа театрлар, Президенттің мәдениет орталығы, заман талабына сай жабдықталған кітапханалар мен мұражайлар, спорт сарайлары, «Бейбітшілік пен келісім пирамидасы» және т.б. мәдени орталықтар рухани өрлеудің айғағы. Астана бүгінгі күні тек әкімшілік орталық қана емес. *Астана - Еуразияның ғылым, білім, мәдениет орталықтарының біріне айналды.*

Түсіндірме сөздік

Симпозиум – маңызды ғылыми мәселе бойынша халықаралық деңгейде өткізілетін жиын.

Спартакиада – спорттық ойындардың барлық түрі қамтылып ұйымдастырылатын жарыс. Ол жазғы және қысқы болып бөлінеді.

Конфессия – діни бірлестіктер.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Тәуелсіз Қазақстан халықтарының мәдениетін дамыту қандай ұстанымға негізделген?
2. Қазақстан халықтарының мәдени жетістіктерін ЮНЕСКО деңгейінде атап өтудің қандай маңызы бар?
3. Тәуелсіз Қазақстан өнерінің басты жетістіктеріне қандай оқиғаларды жатқызуға болады?
4. Тәуелсіз ел болғалы бері Қазақстан спортшылары қандай табыстарға қол жеткізді?
5. Соңғы жылдарда ақын жазушылардың қандай құнды шығармалары жарық көрді?

Дамытушылық тапсырма:

Қазақ халқының тарихи санасын жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік шараларды анықтап, олардың маңызына талдау жасаңдар.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

10.5 Білім беру мен ғылым саласындағы реформалар. Қазақстанның ғарышты игеру саясаты

Қазақстандағы білім беру саласындағы реформалар. Орта және жоғары білім беретін оқу орындары. Ғылымның дамуы. Қазақстанның ғарышты игеру саясаты

Тәуелсіздік дәуірі кезінде еліміздің білім және ғылым саласы да түбегейлі реформаланды. Реформалар әлі де жалғасып келеді. Бұдан Қазақстанның білім беру мен ғылым саласының деңгейі бұған дейін төмен болды деген пікір қалыптаспауы керек. *Қазіргі реформалардың ең басты мақсаты: білім беру мен ғылым саласындағы жақсы дәстүрлерін сақтай отырып, әлемнің озық тәжірибесін енгізу.*

Қоғамдағы демократиялық өзгерістерге сәйкес білім және ғылым саласының құқықтық негізі қайта жасалды. Қазіргі таңда бұл жүйелерге қойылатын басты талап: білім мен ғылымды өмірлік тәжірибеде қолдану, жалпы білім мен кәсіби білімнің арақатынасын сәйкестендіру.

1991 жылдан бастап елімізде жаңа үлгідегі: лицей, гимназия, кәсіби техникалық лицей, колледж және мектептер жүйесі қалыптасты. Тәуелсіздіктің басты жемісі – қазақ тілінде білім беретін оқу орындарын ашу еркін жүзеге асырыла бастады. Осы кезеңнен бастап қазақ тіліндегі бала бақшалар мен мектептер саны көбейді.

Конституция бойынша елімізде міндетті тегін орта білім беру негізі қалыптасқан. Орта білім беру жүйесінде «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Осы бағдарлама негізінде Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы құрылған. Бұл бағдарламаның мақсаты: әр аймақтан дарынды балаларды анықтап, олардың білімін шыңдауға, сапалы білім алуға мүмкіндіктер жасау. Соған сәйкес облыс орталықтарында дарынды оқушыларға арналған мамандандырылған мектеп интернаттар жұмыс істейді.

1996 жылы шет елдегі қазақтарға қолдау көрсетуге бағытталған мемлекеттік бағдарлама қабылданды. Оның ішіне тарихи отанына оралған азаматтардың білім алуына мүмкіндіктер жасау жұмысы да ескерілген.

Қазіргі заман ақпарат ғасыры. Сондықтанда, білім берудің

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

әлемдік стандарттарына сай болу үшін мектептер де ақпараттандырылуы керек. Сол себепті 1997 жылы Қазақстан Үкіметі орта білім беру жүйесін ақпараттандыру туралы Мемлекеттік бағдарлама қабылдады. Бағдарлама бойынша мектептерді компьютерлік сыныптармен жабдықтау мақсаты қойылды. Бүгінгі күнге дейін ауыл мектептерінің барлығы дерлік компьютермен жабдықталып, Интернет желісіне қосу жұмысы жүзеге асырылуда.

1999 жылы маусымда Қазақстан Республикасының *«Білім туралы»* Заңы қабылданды. Заңда білім берудің басты міндеті*: ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау деп атап көрсетілді.*

Заңға сәйкес республика бойынша «Қазақстан балалары» атты Мемлекеттік бағдарлама іске асырылуда.

Нарық заманының талабымен білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер пайда болды. Мемлекеттік мектептермен бірге, жеке меншік оқу бақшалар мен мектептер ашыла бастады. Мысалы, 2000 жылы республика бойынша 199 жеке меншік мектеп жұмыс істеген. Жеке меншік мектеп ашудағы алғашқы тәжірибе Алматыда Архимед Искаков мектебі болған еді.

Статистикалық мәліметтер:

- 2003 жылғы мәлімет бойынша Қазақстанда 8160 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеген. Олардың 2016 қалалық, 6144 ауылдық мектептер.
- Бүгінгі таңда елімізде жүзге жуық лицей, 600 колледж жұмыс істейді. Оларда 348 мың оқушы оқиды. Колледждер көлік пен байланыс жүйесіне, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен құрылыс, экономика мен құқық, медицина, спорт және өнер салаларына мамандар даярлайды.
- 500 астам жетім балалар мен дамуы шектелген және көпбалалы отбасы балаларын оқытуға арналған мектеп-интернаттар жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі демократиялық құндылықтарға негізделген. Әр халықтың өз ана тілінде білім алуына жағдай жасалған.

- Еліміздегі мектептердің 42% білімді қазақ тілінде, 32% орыс тілінде, 2138 мектеп аралас тілде, 77 мектеп өзбек тілінде, 13 мектеп ұйғыр, 6 мектеп тәжік, украин, неміс тілінде беріледі.
- Мәдени-ұлттық орталықтарда жексенбілік мектептер ашылған. Оларда оқу 15 тілде жүргізіледі.

Білім беру саласындағы басты қиыншылық мектеп оқулықтары сапасының төмен болуы мен жетіспеуі болатын. Әсіресе, қазақ тіліндегі оқулықтар жәйі өте күрделі еді. Дегенмен, бұл қиыншылықтарды жою бағытында бірқатар шаралар жүргізілді. Үкімет «Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулықтар мен әдістемелік оқу кешендерін даярлау және басып шығару» бағдарламасын жүзеге асырды. Оқулықтар жазуда оқытудың жаңа технологияларын енгізу және электронды оқулықтар дайындау міндеті қойылды. Сонымен бірге, мектеп оқулықтарын даярлау тәжірибесіне баламалық ұстанымы енгізілді. Осы бағдарлама негізінде мектептерге арналған жаңа буын оқулықтары даярланды. Олар қазір мектептерде қолданылуда. Жаңа буын оқулықтары мен 12 жылдық мектептер үшін даярланатын оқулықтарға сараптама жасайтын Республикалық «Оқулық» ғылыми-әдістемелік орталығы маңызды орын алады.

Қазақстандағы жоғары білім беру саласы да сапалық өзгерістерге ұшырады. Еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің іргетасы кеңестік дәуірде қаланған болатын. Соның нәтижесінде Қазақстан білікті ғылыми педагог мамандарының әлеуеті жоғары елге айналған еді. Ал, тәуелсіздік жағдайында жүргізілген реформалардың мақсаты: осы саладағы әлемдік тәжірибені игеру және халықаралық талаптарға сай кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлау.

1990 жылдардың ортасынан бастап жоғары білім саласында университеттік жүйе қалыптаса бастады. Нарықтық экономика талаптарына сәйке жеке меншік жоғары оқу

орындары ашыла бастады. Сонымен бірге, Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігімен интеграциялануына байланысты елімізде халықаралық университеттер ашылды. Мысалы: Түркістанда А.Иассауи атындағы Қазақ-түрік халықаралық университеті, Алматыда С.Димерел атындағы университет, Қазақ-американ университеті, Қазақ-неміс университеті, Қазақ-британ техникалық университеті, Астанада Мәскеу Мемлекеттік Университетінің филиалы ашылды. Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындары құрылды.

Қазақстан тәуелсіз ел болғаннан кейін ғана барлық жоғары және арнаулы орта оқу орындарында қазақ тілінде оқу бөлімдері ашылды. Қазіргі кезде қазақ тілінде білім берудің сапасы жақсарып, қажетті оқу әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету мәселесі шешіліп келеді.

1999 жылдан бастап талапкерлердің бәріне бірдей мүмкіндік жасау үшін мемлекеттік оқу гранттары бөліне бастады. Талапкерлердің білімі тестілеу қорытындысы арқылы анықталды. (Жоғары білім беру жүйесін жетілдіру барысында 2004 жылы бірыңғай Ұлттық Тестілеу әдісі енгізілді)

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін білім беру жүйесінің халықаралық байланыстары кеңейді. Елімізде кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды даярлау бағытында жастарды шет елдердің жетекші оқу орындарына жіберу іске асырыла бастады. 1993 жылы 5 қарашада ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен халықаралық «Болашақ» степендиясы белгіленді. Бүгінгі күні президенттік «Болашақ» бағдарламасы өз жемісін беруде. Қазір «Болашақ» халықаралық степендиясымен шет елдің жетекші оқу орындарында білім алып келген жастар қоғамның барлық саласында еңбек етуде.

Ғылымның дамуы. Қазақстанның ғарышты игеру саясаты

1991 жылдан бастап тәуелсіз Қазақстан ғылымы дамуының жаңа кезеңі басталды. Қазақстан ғылымының да негізі Кеңес

UNREGISTERED COPY OF SCANDAPYRUS

Одағы кезінде қалыптасып, дамып келген болатын. Ол кезде ғылымның барлық саласын толығымен мемлекет қаржыландыратын еді. Қазақстан ғылымы Ғылым Академиясы жанындағы ғылыми зерттеу институттары негізінде дамыды.

Тәуелсіздік жағдайында отандық ғылымға нарықтық экономика талаптарына сай бейімделу қажет болды. Алғашқы кезеңде елдегі экономикалық қиыншылықтарға байланысты ғылым саласына қаржы аз бөлінді. Сол себепті Ғылым Академиясының ғылыми-зерттеу институттарындағы қызметкерлер қысқартыла бастады. Ал, ғылым саласындағы талантты жастар жеке кәсіпке немесе сауда саласына кетуге мәжбүр болды. Ғылыми зерттеулер жүргізу аясы тарылғаннан кейін ғылым мен өндіріс арасы алшақтап кетті. Бұл өз кезегінде ғылым саласындағы тоқырауға алып келді.

Қазақстандық ғылымның даму бағыты 1992 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының ғылым және ғылыми техникалық саясаты туралы» Заң бойынша айқындалды. Осы заңға сәйкес Үкіметте Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі құрылды. Бұл заң ғылым саласындағы реформалардың бастамасы болды. Реформа бойынша ғылым мен жоғары білімді интеграциялау жұмысы жүргізілді. Ал, Ғылым Академиясы ғылыми техникалық бағдарламаларды сараптамадан өткізу қызметіне кеңінен тартылды. 2003 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен Ұлттық Ғылым Академиясы қоғамдық бірлестік болып қайта құрылды.

Тәуелсіздік әсіресе, қоғамдық ғылымдардың дамуына қолайлы жағдайлар туғызды. Өйткені, қоғамдық ғылымдар идеологиялық қысымнан босап, еркін ғылыми зерттеулер жүргізуге жол ашылды. Еліміздің жетекші ғалымдарымен бірге жастар да халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға қатысуға мүмкіндік алды. Әсіресе, тарихшылар мен қоғамтанушылар жаңа тарихи сананың қалыптасуына зор үлес қосты. Академик Манаш Қозыбаевтың басшылығымен көне заманнан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы қайта сараланып, бес томдығы жарыққа шыға бастады. Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны

болған азаматтарды ақтау ісімен айналысты. Қазақ тарихының бұрын ашылмаған немесе бұрмаланған тұстары зерттеле бастады. Сонымен бірге, қазақ халқының философиясы қайта қалпына келтірілді. Заң ғылымы саласында адам құқығы, конституциялық құқық сияқты аса өзекті мәселелер ғылыми тұрғыда жан жақты зерттелу үстінде. Осы кезеңнен бастап кеңес дәуірінде еркін дами алмаған әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология, демография ғылымдары қалыптасып, дамып келеді.

Нарық экономикасына бейімделіп, дамудың жаңа жолдарына түскен ғылым салалары да болды. Олар негізінен жаратылыстану ғылымдары еді. Қазақстанда бүгінгі таңда химия, геология, ядролық физика, микробиология, медицина, ғарышты зерттеу ғылымдары қарқынды дамып келеді.

Экономикада мұнай-газ саласына басым бағыт берілгендіктен ол геология және химия ғылымдарының дамуына әсер етіп отыр. Ал, ядролық физика ғылымын дамыту бағытында Алматыда Ядролық физика институты мен Курчатов қаласында Ядролық ғылыми зерттеу орталығы ашылды.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAYRUS

1990 жылдардың басында Қазақстан Үкіметі ғарыштық зерттеулерге басымдық бере бастады. Ғарышты игеру Ресей ғалымдарымен серіктестік негізінде жүзеге асырылуда. Ғарышты игеру Қазақ елінің дамуының аса маңызды стратегиялық бағыттарының бірі. Республика аумағында ерекше құрылыс нысаны - Байқоңыр ғарыш кешені орналасқан. Оны Қазақстан Ресеймен бірлесіп пайдаланады және ол 2050 жылға дейін Ресей Федерациясына жалға берілген. Байқоңыр Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың алтын көпірі болып табылады.

Бүгінгі күні Қазақстанда Ғарыштық агенттік пен Ғарыштық зерттеулер институты жемісті жұмыс істеуде. Ғарыштық зерттеулер институтының негізін салып, оның дамуына ерекше үлес қосқан академик Өмірзақ Сұлтанғазин болды. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров 1991 жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғарышқа ұшты. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал

теңізінің аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұздың пайда болу үдерісі айқындалды. Сонымен бірге, сол зиянды аэрозольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай ақ, Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстары жүргізілді. Т.Мұсабаевтың Қазақстанға тиісті ғарыштық бағдарламаларын Ғарыштық зерттеулер институты жасаған еді. Ол 1994ж. 1 маусымынан 4 қарашаға дейін (ұзақтығы 127 тәулік) «Союз-ТМ» ғарыш кемесінде борт-инженер ретінде ғарышта болды; 2 рет ашық ғарыш кеңістігіне (жалпы ұзақтығы 11 сағ 06 мин) шықты. Ұшу кезінде қазақстандық ғылыми-зерттеулердің 2-бағдарламасын орындады. 1998жылы 29 қаңтар - 25 тамыз аралығында (ұзақтығы 208 тәулік) «Союз-ТМ» және «Мир» ғарыш кемелерінің командирі ретінде ғарышта болды. Ұшу кезінде 5 рет (жалпы ұзақтығы 30 сағ 08 мин) ашық ғарыш кеңістігіне шықты. Мұнда ғылыми зерттеулер мен тәжірибелер кезінде қазақстандық 3-бағдарламаны жүзеге асырды. 2001жылы 28 қазан күні ғарышқа «Союз-ТМ-32» ғарыш кемесімен Халықаралық ғарыштық станциясына барған І-экспедицияның экипаж командирі болды. Бұл ғарыш сапары кезінде қазақстандық 4-бағдарламаны орындады.

Қазақстан ғарыштық мүмкіндігі жоғары ел болғандықтан бұл ғылым саласы қарқынды дамып келеді. Ресеймен бірлескен ғарыштық жобалардың жүзеге асырылуы Қазақстан ғылымы үшін өте маңызды б.т. Бүгінгі таңда ТМД елдері бойынша Ресей мен Қазақстан ғана ғарыштағы дербес жер серіктерін пайдалану мүмкіндігіне ие болып отырған мемлекеттер.

Елімізде ғылымның барлық саласы бойынша диссертация қорғайтын Ғылыми Кеңестер құрылды. Ал, қорғалған диссертацияларды ҚР Білім және ғылым министрлігі жанындағы Жоғары Аттестациялық Комитет ғылыми сараптамадан өткізіп, бекітеді. Жалпы, бүгінгі Қазақстан ғылымының даму бағыттарын қоғамның рухани

өрлеуі мен индустриалды-инновациялық стратегиясы айқындайды.

Түсіндірме сөздік

Диссертация – ғылыми атақ алу үшін дайындалатын зерттеу жұмысы.

Бакалавриат – білім беру бағдарламасына сәйкес жоғарғы білім беретін сатысы. Бұл сатыны бітірген адам «бакалавр» дәрежесіне ие болады.

Магистратура – жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беретін саты. Бұл сатыны бітірген адам «магистр» дәрежесіне ие болады.

Докторантура – кәсіби білім берудің жоғарғы сатысы. Бұл сатыны бітірген адам «доктор» дәрежесіне ие болады.

Инновация – жаңашылдық, қандайда бір салаға жаңа технология енгізу.

Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Тәуелсіз Қазақстанның білім саласындағы реформаларының ең басты мақсаты қандай?
2. Реформаларды жүзеге асыру барысында орта білім беру саласында қандай өзгерістер болды?
3. Мектеп оқулықтарының сапасын арттыру бағытында қандай шаралар қолданылуда?
4. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде қандай сапалық өзгерістер енгізілді?
5. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің ғылым саласында қандай қиыншылықтар болды?
6. Қоғамдық ғылымдар саласында қандай жетістіктерді атап өтуге болады?
7. Ғарышты игеру бағытында Қазақстан қандай шараларды жүзеге асырды?

Дамытушылық тапсырма:

Кеңестік білім беру мен қазіргі білім беру жүйесіне салыстырмалы талдау жасаңдар. Олардың артықшылықтары мен олқылықтарын белгілеңдер.

Арнайы тапсырма: Кеңестік дәуірде білім алған адамдармен сұхбат жүргізіңдер. Ол берген мәліметтерді қазіргі мектеп жүйесімен салыстырып, өз қорытындыларыңды жасаңдар.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

10.6 Қазақстанның даму болашағы мен мәселелері

Бүгінгі күнге дейін Қазақ елі тәуелсіз даму кезеңінің 15 жылдық межесінен өтті. «Өтпелі кезең» деп аталатын экономикалық дағдарыс, әлеуметтік қиыншылық дәуірі бірте бірте артта қалды. Республика басшылығы қоғам өмірінің барлық саласына түбегейлі реформалар жүргізді. Ғылыми тұрғыда сарапталған, әлемдік тәжірибенің үлгілері ескеріліп жүйелі түрде жүзеге асырылған реформалар өз нәтижесін бере бастады. Сондықтан да Президент Н.Назарбаев енді Қазақстан халқының алдына биік межелерді бағындыру міндеттерін қойып отыр.

1997 жылы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Н.Ә. Назарбаев *«Қазақстан–2030» Стратегиясын* жариялады. Онда экономикалық дағдарыстан шығу, реформаларды аяғына дейін жеткізу және алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылу жолдары ұсынылды. Жолдауда ішкі-сыртқы саясаттың негізгі бағыттары айқындалды және болашаққа болжам жасалды.

Стратегияда ұзақ мерзімді 7 басымдық белгіленді:

1.Ұлттық қауіпсіздік. *(«Сақтықтан құрлық жоқ». Халық мақалы)*

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. *(«Бірлік жоқ жерде-тірлік жоқ». Төле би)*

3. Шетел инвестицияларының деңгейі жоғары, дамыған нарықтық қатынастар негізделген экономикалық өсу. *(«Экономика неғұрлым еркін болса, соғұрлым әлеуметтік болады». Эрхард)*

4. Қазақстан азаматтарының денсаулығын, білімі мен әл-ауқатын арттыра беру. *(«Тазалық-саулық негізі, саулық-байлық негізі». Халық мақалы)*

5. Энергетика ресурстарын тиімді пайдалану. *(«Байлық-байлыққа ие болуда емес, оны ұқсата білуде». Сервантес)*

6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс салаларын жетілдіру. *(«Адамға абырой әперетін үш іс бар: құмда қазылған құдық, өзенге салынған көпір, жол жағасына отырғызылған саялы ағаш». Шығыс мақалы)*

7. Негізгі міндеттермен ғана шектелетін кәсіпқой мемлекет қалыптастыру. *(«Бастығы көп ел заңнан таяды». Соломон)*

(Назарбаев Н. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.- Алматы, 1997.-176 б.)

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қазіргі реформалардың барлығы *«Қазақстан – 2030» Стратегиясы* аясында жүзеге асырылуда.

Елбасы Н.Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру» Стратегиясын жариялады. Бұл маңызды стратегияның да жеті басымдығы белгіленді.

Бірінші басымдық: Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі– елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі.

Екінші басымдық: Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту мен әртараптандыру.

Үшінші басымдық: Халықтың неғұрлым "әлжуаз" топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат. *Төртінші басымдық:* Осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды үдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің өркендеуі.

Бесінші басымдық: Демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту.

Алтыншы басымдық: Осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы бара-бар ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру".

Жетінші басымдық: Қазақстанның мүдделерін, өңірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру.

XXI ғасырға Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып енді. Елімізде тиімді экономикалық реформалар жүзеге асырылды. Қазақ елі бейбіт сүйгіш ел ретінде халықаралық беделге ие болып отыр. Ал, жаңа кезеңдегі еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті экономикасы дамыған 50 елдің қатарына қосылуға деген ұмтылысы жай ғана қойылған мақсат емес. Ол–тәуелсіз елдің реформалар тәжірибесінен туындаған ***жалпыұлттық*** *мақсаты. Бұл Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасу жолында жасалған алғашқы нақты қадамдардың бірі ғана. Осындай қадамдарды Қазақстан халқы бірлік пен ынтымақта жүзеге асырған жағдайда ғана еліміздің болашағы жарқын болмақ.*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Абдиров М.Ж. Завоевание Казахстана царской Россией.- Астана, 2000

Абенов Е.М., Арынов Е.М., Тасмагамбетов И.Н. Казахстан: эволюция государства и общества. Алматы, 1996.

Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана XX века. Алматы, 1997

Алматы. 1986. Желтоқсан. 3 кітап.- Алматы, 1992

Антология истории Казахстана. Алматы, 2001, Т.1, Ч.1

Алаш-Орда: Сб.док./ Сост. Н.Мартыненко. Алма-Ата, 1992.

Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық.- Алматы: «Атамұра», 2005

Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби

зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев.- Алматы, 1991

Бөкейхан Ә. Таңдамалы.- Алматы, 1995

Депортированные в Казахстан народы. Алматы: Арыс-Казахстан, 1998

Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, проза, очерктер, мақалалар.- Алматы, 1991

Желтоқсан. Айғақ-кітап, Алматы, 1991

Зауал: Мақалалар, естеліктер / Құраст. Б.Қойшыбаев.- Алматы, 1991

История Казахстана в лицах. Вып. 1.- Акмола, 1993

Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Алматы,1993

Кан Г.В. Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы.- Алматы: «Алматыкітап», 2007

Кан Г. История Казахстана: Учеб. пособие.- Алматы, 2005

«Қазақ» газеті.- Алматы, 1998

Қазақ қалай аштыққа ұшырады: (Қасіретті жылдар хаттары).- Алматы, 1991

Қазақтар. 9 томдық анықтамалық.- Алматы, 2003

Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. (Очерк) Алматы, 1993

Қазақстан тарихы. Хрестоматия./Құраст. Қозыбаев М., Қозыбаев І.- Алматы, 1994

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 томдық. Алматы, 1997-2007 жж.

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

Қазақстан Республикасының Конституциясы.- Алматы, 1995

Қазақстан Республикасы. 10 жыл шежіресі. - Алматы, 2001

Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1-т. - Алматы, 1998

Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбына арналған оқулық.- А., 1997

Қаһарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы).- Алматы, 1997

Қозыбаев М Ақтаңдақтар ақиқаты - Алматы , 1994

Қозыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажұманов К.С., Қазақстанда ауылшаруашылығын ұжымдастыру. Шаруалар қасіреті.- Алматы, 1992.

Қойгелдиев М, Омарбеков Т. Тарих тағылмы не дейді?- Алматы, 1993

Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.- Алматы,1995

Қонаев Д. А. Өтті дәурен осылай.- Алматы, 1994

Мария Шоқай. Мұстафа Шоқай туралы естеліктер // Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай. Естеліктер.- Istanbul.- 1997

Материалы [illegible] Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие.- Алматы, 1997

Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы.- Алматы, 1992

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан–2030: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.- Алматы, 1997

Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында.- Алматы. 1999

Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл.- Алматы, 2003

Назарбаев Н.Ә. Қазақстандық жол.- Алматы, 2007

Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда.- Алматы, 1996;

Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті.- Алматы, 2002

Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу.- Алматы, 1975

Шаяхметов Н.У. «Ел - бүгіншіл, менікі - ертеңгі үшін»: Оқу құралы.- Алматы, 2001

Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры.- Алматы: Жалын, 1992.- 184 б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....3
I-бөлім. XX - ғасыр басындағы Қазақстан. Қазақстандағы ұлттық автономия құру жолындағы күрес (1900-1920 жылдар).....5
I-тарау: XX – ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жағдайы.....5
1.1 XX – ғасыр басындағы Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық жағдайы. Қоныс аудару саясатының күшеюі. 5
1.2 1905-1907 жылдардағы I-орыс революциясы және оның Қазақ өлкесіне әсері.....9
1.3 Қазақ халқының азаттық қозғалысындағы ұлттық зиялы қауымның қызметі 20
II-тарау. I- дүниежүзілік соғыс пен 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жылдарындағы Қазақстан.....29
2.1 I дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан.....29
2.2 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.....31
2.3 Көтерілістің барысы, нәтижелері мен тарихи маңызы....40
III-тарау. Қазақстан Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан революциясы мен Қазан төңкерісі тұсында 47
3.1 Қазақстанның 1917 жылғы Ақпан революциясынан кейінгі қоғамдық-саяси өмірі.....47
3.2 Қоғамдық ұйымдар мен партиялардың құрылуы. Алаш партиясының мақсаты мен қызметі.....55
3.3 Қазақстан 1917 жылғы Қазан төңкерісі мен Кеңес өкіметінің орнауы кезеңінде.....64
3.4 Түркістан (Қоқан) автономиясы мен Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы.....71
3.5 Алаш автономиясы және Алашорда үкіметі: құрылуы мен қызметі.....83
3.6 Қазақстанның Ресейдегі азамат соғысына тартылуы 91
II-бөлім. Қазақстан кеңестік жүйенің қалыптасуы мен нығаюы кезеңінде (1920-1950 жылдар).....101

4-тарау: Қазақ автономиялы кеңестік Республикасының құрылуы және тоталитарлық жүйенің қалыптасуы.....101
4.1 Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасының құрылуы (Қазақ АКСР) және Қазақ жерлерінің Қазақ АКСР құрамына қайта бірігуі 101
4.2 Қазақстандағы алғашқы кеңестік реформалардың жүзеге асырылуы және қоғамдық-саяси ахуал 111
4.3 Қазақстандағы индустрияландыру саясаты.....122
4.4 Қазақстанда ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру.....130
4.5 Күштеп ұжымдастыруға қарсы қазақ халқының көтерілісі.....139
4.6 1930 жылдардағы республиканың қоғамдық-саяси жағдайы.....147
4.7 Мәдени саладағы өзгерістер: жетістіктері мен қайшылықтары.....160
5-тарау. Қазақстан дүниежүзілік соғыс пен соғыстан кейінгі кезеңде.....178
5.1 II дүниежүзілік соғыстың басталуы. Халықтың еңбектегі ерліктері.....178
5.2 Қазақстандық жауынгерлердің майдандағы қаһармандығы.....184
5.3 Қазақстанның соғыс жылдарындағы мәдениеті.....198
5.4 Қазақстан соғыстан кейінгі кезеңде.....209
5.5 Қазақстанның соғыстан кейінгі мәдени өмірі.....217
III-бөлім. Қазақстан кеңестік жүйенің дағдарысы мен ыдырауы кезеңінде (1960-1991 жылдар).....227
6-тарау: 1950-1960 жылдардағы Қазақстан.....227
6.1 Қоғамдық-саяси жүйедегі реформалар.....227
6.2 Экономикалық реформалар және халықтың әлеуметтік жағдайы.....234
6.3 Ауыл шаруашылығының дамуы.Тың игеру.....245
6.4 Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесінде.....251
7-тарау: 1970-1980 жылдардағы Қазақстан.....254

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

7.1 Қоғамдық өмір және кеңестік ұлттық саясат.....254
7.2 Экономикадағы жетістіктер мен қайшылықтар.....261
7.3 Халықтың әлеуметтік жағдайы
және экологиялық ахуал.....268
7.4 Мәдени өмір.....274
7.5 Қазақстанның халықаралық байланыстары.....282
8-тарау: Қазақстан қайта құру
мен түбегейлі бетбұрыстар кезеңінде.....286
8.1 Дағдарыс алдындағы қоғамның
жағдайы және қайта құру саясаты.....286
8.2 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі.....292
8.3 Елдегі әлеуметтік-экономикалық
дағдарыстың тереңдеуі.....300
8.4 Мәдени өмір.....305
8.5 Республика егемендігінің жариялануы.
«Тамыз бүлігі» және Кеңес Одағының ыдырауы.....310
IV-бөлім. Тәуелсіз Қазақстан.....315
9-тарау: Қазақ мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы.....315
9.1 Қазақ елінің тәуелсіздік алуы.....315
9.2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік
рәміздері. Астана-тәуелсіздік символы.....322
9.3 Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси дамуы.....327
9.4 Қазақстандағы конституциялық құрылыс және
құқықтық реформалар. Омбудсмен институты.....336
9.5 Қазақстан және әлемдік қауымдастық.....342
10-тарау: Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-
экономикалық және мәдени дамуы.....347
10.1 Нарық экономикасына көшудің
қиындықтары мен әлеуметтік салдары.....347
10.2 Экономикалық реформалардың
жүзеге асырылуы.....352
10.3 Тәуелсіз Қазақстанның
сыртқы экономикалық байланыстары.....355
10.4 Мәдениет саласындағы түбегейлі
өзгерістер мен жетістіктер.....362
10.5 Білім беру мен ғылым саласындағы
реформалар. Қазақстанның
ғарышты игеру саясаты.....368
10.6 Қазақстанның даму болашағы мен мәселелері.....376

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

19697 К

UNREGISTERED COPY OF SCANPAPYRUS

19 Toraigyrov st. Almaty, 050043, Kazakhstan
Tel: (727)-229-7700, Fax:(727)-229-7772
info@sdu.edu.kz, www.sdu.edu.kz